


# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

ОҚУЛЫҚ



nur-print  
Алматы 2013

**ҚҰЛМАНОВА Гүлжан  
БЕРКІНБАЙ Омархан  
ӘБЕУОВ Хайрулла  
АҚОЕВ Мұхит**

# **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ**

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ  
ҚҰРАЛДАРЫ**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті  
жоғары оқу орындарына оқулық ретінде ұсынады

Алматы 2013

ӘОЖ 379. 8 (075.8)  
ББК 75.81я73  
К72

Рецензенттер:

Таңатаров А.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;  
Шілдебаев Ж.Б., педагогика ғылымдарының докторы, профессор;  
Мухамеджанов Б.К., педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

**Құлманова Г.Ә., Беркінбай О., Әбеуов Х.Б., Ақоев М.** Экологиялық туризм // Оқулық. Редакциясын басқарған академик О.Беркінбай. – Алматы, 2013. – 380 бет.

Үшінші басылым, түзетілген, толықтырылған.

ISBN 978-601-241-181-2

Оқулық келесі: алғысөз; кіріспе; аңшылықтануда, балық шаруашылығында, туризмде және экологияда қолданылатын негізгі түсініктер мен терминдер; Қазақстандағы туризмнің қазіргі кездегі жай-күйі және даму проблемалары; туризмнің және туристтік қызметтің нормативтік-құқықтық базасы; туристтік өнімнің жарнамасы мен маркетингі; аңшылық турды ұйымдастыру және жүзеге асыру; Іле-Алатау ұлттық табиғи бағының биологиялық алуан түрлілігі; Қазақстандағы экологиялық туризм; аңшылық туризмдегі менеджмент; Қазақстандағы экологиялық туризмнің дамуы; Қазақстандағы аңшылық туризм; атты туризм; туризм және қонақ үйі ісі; «Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану туралы; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы»; «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік қадағалау туралы» заңдары мен олжаны алғашқы өңдеу және оны шетелге шығару тәртібі бөлімдерінен тұрады.

Оқулық «Аңшылықтану және аң шаруашылығы», «Балқы шаруашылығы және өнеркісіптік балық аулау», «Экология», «Туризм», «Георгафия», «Биология», «Химия» мамандықтары студенттеріне, сондай-ақ бакалаврларға, магистранттарға, PhD докторанттарға, аңшылықтанушыларға, зоологтарға, мал дәрігерлеріне, медиктерге, зоотехниктерге, орманшыларға, кинологтарға және табиғатты сүйетін кең ауқымды қауымға арналған.

ӘОЖ 379. 8 (075.8)  
ББК 75.81я73

ISBN 978-601-241-181-2

© Құлманова Г.Ә., Беркінбай О., 2012

## АЛҒЫ СӨЗ

**Туризмнің мақсаты мен міндеттері.** Аңшылық туризмнің мақсаты – туристердің рухани және эстетикалық қажеттілігін қамтамасыз ету және аңшылық олжа табу мақсатында аңшылық жайылымдар аймағында олжалық аңшылықты жүргізу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі менеджмент-міндеттер орындалуы тиіс:

1. Турист-аңшыларды аң аулау орнына жеткізу;
2. Жақсы түнеу жағдайын, сапалы тамақтануды, жоғары деңгейдегі серіктес, аудармашы және қызмет көрсетуші тұлғаларды ұйымдастыру арқылы оларды аңшылық үйлеріне орналастыру;
3. Аңшылық шаруашылығы аумағында аң аулауды ұйымдастыру;
4. Турист-аңшыға нысандар мен олжаны табуды таңдау мүмкіншілігін ұсыну;
5. Аңшылық олжаны алғашқы өңдеу және консервілеу;
6. Аңшылық мерзімі аяқталғаннан кейін турист-аңшыны өз отанына қайтару.

Егемендік алғаннан бері Қазақстанда туристік қызметті реттеудің және халықтың табиғи, тарихи және мәдени болмысын қайта жаңғыртудың негізі қаланды.

Қазіргі кезде мемлекетіміздегі туризмнің дамуы 1992 жылы 3 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының (ҚР) «Туризм туралы» №1508-ХІІ Заңымен, «Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын жүзеге асыруы туралы» ҚР Президентінің Жарлығымен, Жібек жолында туризм инфрақұрылымын дамытуы жөніндегі ЮНЕСКО мен бүкіл әлемдік туристік ұйымдардың 1997 жылы 30 сәуіріндегі №3476 жобасымен және 1998 жылы 27 ақпанындағы №3859 «Жібек жолындағы тарихи орталықтарды жаңғырту, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және оларды жалғасымды дамыту туралы» ҚР Мемлекеттік бағдарламасымен қамтамасыз етіліп отыр.

Туризм – мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін толтырудың маңызды көзінің бірі болғандықтан, негізінде бүкіл зайырлы әлем туристік ағынды өзіне қаратқысы келеді. Осы себепті Қазақстанға да шетел туристерінің келуінің көлемін арттыру қажет болып отыр. Осы мақсатта туристік ұйымдардың қызметтерін елімізге келетін туризм бағытына бұру қажет, бұл өз кезегінде көліктердің, тасымалдау құралдарының және мамандармен қамтамасыз етілу жағдайына тікелей байланысты.

Пәнді оқу нәтижесінде студенттер келесілерді **білуі қажет:**

1. Туризм және қонақжайлылық негіздері; экологиялық туризм түрі ретінде атпен, жаяу, аңшылық, су туризмі және әуесқойлық балық аулау туралы;
2. Аңшылық туризмнің нормативтік-құқықтық базасын; аңшылық туризмді жүргізуді бақылау және ұйымдастыруға қатысты ҚР заңдары мен

ҚР Үкіметінің Қаулыларын, аңшылық туризм саласындағы орталық атқарушы орындарының бұйрықтарын;

3. Аң шаруашылығында аңшылық туризмі шараларын жүргізу мен ұйымдастыруда нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдану тәртібін;

4. Іс қағаздарын жүргізу. Соның ішінде аңшылық туризмінің есеп беру құжаттарын, туристтік өнімнің маркетингі мен жарнамасын, аңшылық туристтік өнімді, аңшылық туризм менеджментін, аңшылық турларды жүргізуді ұйымдастыру, туристтік қызметті лицензиялау ережесін, қоршаған ортаны қорғау және ұлттық табиғи бақтардың биологиялық алуан түрлілігін білу керек.

Сонымен қатар пәнді оқу кезінде студент:

1) Нормативтік құжаттармен, заңдармен және қаулылармен жұмыс жүргізуді;

2) жануарлар дүниесін қорғау бойынша мемлекеттік бақылау органдарының; ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және аң шаруашылығы салалары бойынша Министрліктермен, орталық және жергілікті органдармен, сонымен қатар аңшылық туризмді ұйымдастыру және жүргізудің ғылыми және туристтік мекемелермен хат-хабар алмасу жөніндегі құжаттарды сауатты толтыруды;

3) аңшылық туризмін ұйымдастыру бойынша құжаттар айналымын жүргізуді;

4) аңшылық турларын жүргізу жөніндегі аң шаруашылығындағы бұйрықтар мен турист-аңшыларға өкілеттілік ететін делдал фирмаларының келісім-шарт жобаларын дайындауды;

5) туристтік өнім жарнамасын, нақты аң шаруашылығының аңшылық-туристтік мүмкіншілігінің серіктестік жарнамасын жүргізуді ұйымдастыруды;

6) ауланатын жануарлар санын есепке алудың нәтижесін тәжірибеде қолдануды;

7) аңшылық турды жүргізудің сметасын есептеп шығаруды;

8) түздік аңшылық кемпинг-лагерін ұйымдастыруды;

9) аңшы-туристтерге арналған аңшылық турларын жүргізу мен ұйымдастыру бойынша нақты мәселелерді шешуде және менеджмент әдісіне бағытталуды;

10) туристтердің келу кестесін құрастыруды;

11) аңшылық аяқталғаннан кейінгі құжаттарды, аңшылық хаттамаларын және аңшылық олжаны шетке шығарудың реттілігін толтыруды;

12) аңшылық турдың нәтижесі бойынша есеп беру құжаттарын уақытылы және сауатты толтыруды меңгеруді **үйренуі қажет**.

## КІРІСПЕ

Туризм әлемдік экономикада басты рөлдің бірін атқарады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Туризмнің заманауи индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. 1999 жылы халықаралық туризмнің үлесі экспортқа шығарылатын дүние жүзілік табыстың 8 пайызын, қызмет көрсету секторы экспортының 37 пайызын құрады. Туризмнен түскен табыс мұнай, мұнай өнімдері және автокөлік экспортының табысынан кейін тұрақты үшінші орынды иеленіп отыр. Мұндай оң үрдіс жаңа мыңжылдықтың бастапқы кезеңінде де сақталады деп күтілуде. Әлемдік туристік нарықтық дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристтер баратын жаңа аумақтар есебінен басым дамитын болады. Осыған байланысты, Қазақстанның әлемдік туристік рынокта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі бар.

Заманауи туризм еңбекшілерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берілуімен байланысты болды, мұның өзі адамның демалуға және бос уақытын өткізуге негізгі құқығын тану болып табылады. Ол жеке тұлғаның, адамдар және халықтар арасындағы өзара түсіністіктің дамуының факторына айналды.

Демалыс – шаршаудың салдарынан қызмет көрсетуді тоқтату жағдайында өтетін ойлау және физикалық жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру үрдісі. Демалыс пассивтік және активті демалу түрлері болып екіге бөлінеді. Пассивтік демалыс деп алдыңғы қызмет көрсету тоқтатылып, организмнің толық физикалық тынышталуын айтады, ал активті демалыс – организм белсенділігінің басқа қызмет көрсету түріне ауысуы.

Демалыс денсаулық сақтаудың, оны күшейтудің, жоғары еңбек ету қабілеттілігінің және ұзақ жыл бойы белсенділікке қол жеткізудің маңызды жағдайлардың бірі болып саналады. Толық көлемді демалыс салауатты өмір салтының бөлінбейтін бір бөлімі ретінде есептеледі және ол бос уақытты тиімді ұйымдастырумен, сонымен қатар еңбек ету режиміне енгізілген арнайы қалпына келтіру шараларымен қамтамасыз етіледі. Курорттарда, демалыс үйлерінде және т.с.с. демалу адамның жұмыс істеуін қалпына келтіруге көмектеседі. Осындай демалудың бір түрі ретінде туризм саналады.

Туризм (французша *tourisme*, *tour* – серуендеу, бару), бос уақытта сапар шегу (көлікпен бару, жаяу жүру). Туризм – сауықтыру, танымдылық,

адамның өндіруші күшін қалпына келтіру сияқты рекреациялық қызметтің бірқатар түрлерін біріктіретіндіктен, рекреациялық қажеттілікті қамтамасыз ететін адамға ең қажетті құрал деп саналады. Туризм – денсаулық сақтаудың, дене шынықтырудың негізгі құрылымдық бөлімі, жеке тұлғаның рухани, мәдени және әлеуметтік дамуының құралы.

Қазіргі кезде кез келген адам жер шарының кез келген жеріне баруына мүмкіндігі бар: ұшақ, поезд, автокөлік, жылдам жүзетін теңіз лайнері сізді қайда бет бұрсаңызда баратын жеріңізге апарып қайтадан алып келе алады. Бірақ кейбіреулер демалу мен барып қайтудың басқа жолдарын таңдайды.

Туризм бойынша, сонымен қатар мемлекеттің туризмді дамыту саясатына қарай мамандандырылған халықаралық ұйымдарды сараптаудың БСҰ зерттеулеріне талдауға сәйкес туризм деп мемлекеттің әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайына тікелей әсер ететін қызмет түрі ретінде түсінуге болады.

Заманауи туризм – бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін бір саласы. Мамандардың есептеулері бойынша, орташа алғанда, бір шетелдік туристтің беретін кірісі әлемдік рынокқа шамамен 9 тонна тас көмірді, немесе 15 тонна мұнайды, немесе 2 тонна жоғары сұрыпты бидайды шығарып сатумен пара-пар келеді екен. Бұл жағдай барысында шикізаттарды сату мемлекеттің энергия тасымалдаушылығын төмендетсе, ал туристік индустрия саласы болса керісінше мемлекет қорын байытуға жұмыс істейді. Шетел экономисттерінің есептеулері бойынша, орташа алғанда қалада екі сағат уақыт жүргенінде 100 мың турист 350 мың долларға дейін ақша жұмсайды екен, немесе бір адамға шаққанда әр сағат сайын 17,5 доллар жұмсалады. Осы себептерді ескерсек, шикізатты сату дегеніміз экономикалық шектелуге алып келсе, ал туризмді дамыту – ұзағынан экономикалық кірісті тиімді болашағы бар сала деп тануға болады.

## 1 ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

Материалды ұсынбастан бұрын аңшылықтануға және жабайы жануарлар биологиясына қатысты бірқатар атаулар мен түсініктерді анықтауымыз қажет.

**Акваөсіру** – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жасанды өсімін молайту және өсіру.

**Аншлаг** – балық шаруашылығы су айдындары учаскелерінің және (немесе) учаскелердің атаулары мен шекараларын, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарды белгілейтін маңдайша жазу.

**Аңшы** – ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен аң аулауға құқық алған жеке тұлға.

**Аңшы куәлігі** – жеке тұлғаның аң аулау құқығын куәландыратын белгіленген нысандағы құжат.

**Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қоры** – жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығының су айдындары және (немесе) учаскелері.

**Аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап (бұдан әрі - аңшылық минимумы)** – ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы бойынша арнайы бағдарлама.

**Аңшылық шаруашылығы** – аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын сақтау, оларды қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі.

**Аңшылық шаруашылығы субъектісі** – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын жүргізетін жеке немесе заңды тұлға.

**Аңшылық шаруашылығының санаты** – аңшылық шаруашылықтарына шаруашылықаралық аңшылық ұйымдастыру негізінде берілетін, аңшылық шаруашылықтарының аңшылық алқаптары өнімділігінің, күзет және өсімін молайту іс-шаралары сипатының белгілері бойынша сыныптамалық бөліну бірлігі.

**Балық аулау** – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

**Балық аулаушы** – ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен әуесқойлық (спорттық) балық аулау құқығын алған жеке тұлға.

**Балықтың қырылу қаупі бар су айдыны және (немесе) учаскесі** – балық шаруашылығының әлсін-әлсін қырылуға ұшырайтын су айдыны және (немесе) учаскесі.



**Балық өсіру** – сирек кездесетін және құрып бара жатқан балық түрлерін сақтау үшін және (немесе) кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың өсімін жасанды түрде молайту және өсіру жөніндегі акваөсіру бағыты.

**Балық ресурстары және басқа да су жануарлары** – сулы ортада мекендейтін барлық жануарлардың жалпы жиынтығы.

**Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын мемлекеттік басқарудың бассейндік принципі (бұдан әрі - бассейндік принцип)** – уәкілетті орган әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарамастан қолданатын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мен өріс аудару ерекшеліктері ескерілген, балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі балық ресурстарын және басқа да су жануарларын басқарудың біртұтас жүйесі.

**Балық шаруашылығы** – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғаумен, өсімін молайтумен, акваөсірумен, балық өсірумен, балық аулаумен, сондай-ақ қайта өңдеумен және өткізумен байланысты шаруашылық қызмет түрі.

**Балық шаруашылығын ұйымдастыру** – балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бергенге дейін жүргізілетін, балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін түгендеу, паспорттандыру жөніндегі іс-шаралар кешені, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алдын ала бағалау, сондай-ақ олардың негізінде балық шаруашылығын жүргізу жоспары, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректеріне жыл сайынғы түзету жасалатын балық-су-мелиорациялық, қорғау және өсімін молайту іс-шараларын әзірлеу.

**Балық шаруашылығы субъектісі** – қызметінің негізгі бағыты балық шаруашылығын жүргізу болып табылатын жеке және заңды тұлға.

**Балықтың қырылуы** – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының су айдынының және (немесе) учаскесінің гидрохимиялық және өзге де режимінің бұзылуынан туындаған жаппай қырылуы.

**Балықшы** – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде өз еңбек міндеттемелеріне қарай балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектісінің қызметкері.

**Балықшы куәлігі** – жеке тұлғаның балықшы функцияларын жүзеге асыру құқығын куәландыратын, балық шаруашылығы субъектісі беретін белгіленген нысандағы құжат.

**Биологиялық негіздеме** – жануарлар дүниесін пайдалануға, балықтардың жалпы жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға және жануарлар дүниесінің басқа да объектілерін алып қоюға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал

етуге қабілетті шаруашылық және өзге де қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

**Биологиялық-экономикалық тексеру** – жануарлар дүниесі объектілерін жол берілетін алып қоюды айқындау әрі аңшылық және балық шаруашылықтарын ұтымды жүргізу мақсатында аумақ пен акваторияны биологиялық және экономикалық бағалау.

**Жалпы жол берілетін ауланым** – жылдық кәсіпшілік қорынан алып қоюдың ағымдағы жай-күйіне және осы қор үшін қабылданған пайдалану стратегиясына сәйкес келетін оның ғылыми негізделген мөлшері.

**Жануарлар** – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары)

**Жануарлар дүниесі** – ҚР-ның аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ ҚР-ның құрылықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы.

**Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою** – жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың негізінде табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін жануарларды мекендеу ортасынан айыру (ұстап алу, аулау, атып алу, жинау, соғып алу).

**Жануарлар дүниесі объектілерін жасанды өсіру** – жануарлар дүниесі объектілерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру.

**Жануарлар дүниесін қорғау** – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені.

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган)** – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**Жануарлар дүниесін орнықты пайдалану** – жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесінің түрлік сан алуандығының таусылуына әкеп соқпайтын және оның өсімін молайту мен қазіргі және келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті сақталатын тәсілдер арқылы пайдалану.

**Жануарлар дүниесін пайдалану** – жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың пайдалы қасиеттерін мекендеу ортасынан айырып немесе айырмай-ақ пайдалану.

**Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат** – жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін арнайы пайдалану құқығын беретін белгіленген нысандағы құжат.

**Жануарлар дүниесін пайдаланушылар** – осы Заңға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар.

**Жануарлар дүниесі ұшырамай қалмайтын зиян** – жануарлар дүниесіне немесе оның мекендеу ортасына табиғи-климаттық және антропогендік әсер ету салдарынан пайда болатын факторлардың қолайсыз әсерінен келтірілген және (немесе) келтірілетін, алдын алу шараларымен жойылмайтын қалдықты зиян.

**Жануарлар дүниесінің биологиялық сан алуандығы** – жануарлар дүниесі объектілерінің бір түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы сан алуандығы және экологиялық жүйелердің сан алуандығы.

**Жануарлар дүниесінің мекендеу ортасы** – жануарлар дүниесінің объектілері табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін табиғи орта.

**Жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау** – табиғи еркіндік жағдайында жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет.

**Жануарлар дүниесі объектісі** – жануарлардың дара нұсқасы немесе популяциясы.

**Жануарларды будандастыру** – озық шаруашылық пайдалы белгілері немесе қасиеттері бар дара нұсқаларды алу мақсатында жануарлардың алуан түрлерінің немесе тұқымдарының дара нұсқаларын шағылыстыру.

**Жануарларды интродукциялау** – жануарлар түрлері дара нұсқаларының ареалдардан (таралу саласынан) тысқары, бұл түрлер бұрын мекендемеген немесе өзінің шаруашылық маңызын жоғалтқан, олар үшін жаңа орындарға әдейі тарату немесе олардың кездейсоқ таралуы.

**Жерсіндіру** – жануарлар дүниесі объектілерін олар бұрын мекендемеген немесе өзінің маңызын жоғалтқан мекендеу орындарындағы тіршілік ету жағдайларына бейімдеу.

**Жолдама** – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға немесе балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жануарлар дүниесі объектілерін алу мақсатында бару үшін жеке тұлғаға берілетін құжат.

**Зоологиялық коллекция** – жануарлар дүниесі объектілері тұлыптарының, жұмыртқаларының, криоконсервіленген жыныс клеткаларының, препараттары мен бөліктерінің, оның ішінде жабайы жануарлар зоопарктерінің, зообақтардың, цирктердің, зоологиялық

питомниктердің, аквариумдердің, океанариумдердің ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы бар жинағы.

**Ихтиофауна** – қандай да бір су айдынындағы немесе оның бөлігіндегі балықтар және дөңгелек ауыздылар түрлерінің жиынтығы.

**Кәсіпшілік қоры** – өз бетінше кәсіпшілік маңызы бар популяция немесе уақыт жағынан орнықты оның кеңістіктегі оқшауланған бөлігі.

**Кездейсоқ ауланым** – рұқсаттамаларда көрсетілмеген балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерінің дара нұсқалары және (немесе) белгіленген кәсіпшілік мөлшерден кішірек балық түсетін ауланымның бір бөлігі.

**Криоконсервіленген жыныс клеткалары** – жануарлардың жыныс клеткаларының (гаметаларының), эмбриондары мен әртүрлі тіндерінің оларды одан әрі ұрпақ алу, геномдар бөлу мақсатында немесе басқа да ғылыми-зерттеулер үшін пайдалану мүмкіндігін беретін төмен температуралы жағдайда және өзге де консервациялау нысанында тұрған үлгілері.

**Қорықшы** – бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыратын қорықшылық қызмет қызметкері.

**Қорықшы куәлігі** – жеке тұлғаның қорықшы қызметі қызметкерінің функцияларын жүзеге асыру құқығын куәландыратын белгіленген нысандағы құжат.

**Қорықшылық қызмет** – бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функцияларын жүзеге асыратын аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің құрылымдық бөлімшесі.

**Өзен (теңіз, көл) бассейні** – су айрықтарымен шектелген, олардан су өзенге (теңізге, көлге) ағып келетін жерүсті бетінің және топырақтың қалың қабатының бөлігі.

**Паспорттандыру** – аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, алаңдарын, жай-күйін, жануарлар дүниесінің түр құрамын, ластану көздерін және өзге де сипаттамасын айқындауға мүмкіндік беретін олардың есебі.

**Рекреациалық балық аулау аймағы** – әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен уәкілетті орган айқындайтын балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесінің және оған іргелес жағалау белдеуінің учаскесі.

**Сервитут** – аңшылық және балық шаруашылығының қажеттері үшін бөгде біреудің жер учаскесі мен су объектісін, оның ішінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін шектеулі түрде мақсатты пайдалану құқығы.

**Су айдындарына балық жіберу** – өз өсімін өзі молайтатын популяцияларды жасау, сирек кездесетін және құрып бара жатқан

балықтардың түрлерін сақтау және (немесе) тауарлы өнім алу мақсатында су айдындарына және (немесе) учаскелеріне балық өсіру материалы мен балықтарды жіберу.

**Су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау** – су айдындарының балық өнімділігін сақтауға және арттыруға, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының мекендеу және көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шаралар кешені.

**Сүзу** – жағалау аймағында, сол сияқты ашық су кеңістігінде де балық аулау мақсатында сүзетін аулау құралдарымен (жылымдармен) су айдындары акваториясының белгілі бір бөлігін сүзу жолымен жүзеге асырылатын кешенді процесс.

**Ұйық (ұйықтық учаске)** – кәсіпшілік балық аулау мұқтажына арналып, бейімделген су айдынының және оған іргелес жағалау белдеуінің шектеулі су акваториясы бар өзен және өзге де ағынды су айдыны учаскесі;

**Шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру** – аңшылық алқаптарын бекітіп беруге дейін жүргізілетін жануарлар дүниесі мен олар мекендейтін ортаның шекараларын белгілеу, алаңын есептеу, жай-күйін анықтау.

**Шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру** – аңшылық алқаптарын түгендеу, сапасын бағалау, табиғи және экономикалық жағдайларын зерттеу, жануарларды есепке алу, олардың негізінде аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары әзірленетін биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жобалау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы.

Туризмде, соның ішінде аңшылықта келесі негізгі терминдер мен түсініктер қолданылады:

**гид (гид-аудармашы)** – туристтерге уақытша келген елдегі (жердегі) туристтік ресурстармен таныстыру жөнінде экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдық қызмет көрсететін кәсіби даярланған жеке тұлға;

**туристтік қызмет көрсетуге жасалған шарт** – өтелмелі туристтік қызмет көрсету бойынша туроператордың немесе турагенттің және туристің арасындағы келісім;

**туризм нұсқаушысы** – тиісті біліктілігі және туристік маршруттармен жүріп өту тәжірибесі бар кәсіби даярланған жеке тұлға;

**туристтерді орналастыру орындары** – мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристтік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристтердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар;

**туристтік өнімді ұсыну** – туристтік қызмет көрсетуге (жарнама, арнаулы көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, туристік өнімді өткізу жөніндегі туристтік ақпарат орталықтарын ұйымдастыру, каталогтар, буклеттер шығару және тарату) бағытталған шаралар кешені;

**тур** – белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені;

**туризм** – жеке тұлғалардың ұзақтығы жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін, не жиырма төрт сағаттан аз, бірақ уақытша болған елде (жерде) ақы төлейтін қызметпен байланысты емес мақсатта түнеп өтетін саяхаты;

**өз бетінше туризм** – туристтер өз бетімен ұйымдастыратын, жүріп-тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхат;

**турист** – жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі мерзім кезеңінде уақытша болатын елді (жерді) аралап көретін және ақылы қызметпен айналыспай сол елде сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнеп шығатын жеке тұлға;

**туристік агенттік қызмет (турагенттік қызмет)** – қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі турагент) туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі қызметі;

**туристік қызмет** – жеке және заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі қызметі;

**туристік операторлық қызмет (туроператорлық қызмет)** – қызметтің осы түріне лицензиясы бар заңды тұлғалардың (бұдан әрі – туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристтерге өткізу жөніндегі қызметі;

**туристік жолдама** – туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат;

**туристік ұйымдар** – қызметінің негізгі түрі туристік қызмет болып табылатын заңды тұлғалар;

**туристік ресурстар** – туристік көрсету объектілерін қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру объектілері, сондай-ақ туристтердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіріп, дамытуға жәрдемдесетін өзге де объектілер;

**туристік ваучер** – турдың құрамына кіретін қызметтерге туристің құқығын және олардың ақысы төленгенінің фактісін растайтын құжат;

**туристік өнім** – саяхат барысында туристің қажетін қанағаттандыру үшін жеткілікті туристік қызмет көрсетулер жиынтығы;

**туристік рынок** – туристік қызмет саласында тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) және ақша айналысы;

**туристік қызмет көрсету** – өзінің туристік саяхаты кезеңінде және осы саяхатқа байланысты туристің қажеттерін қанағаттандыру үшін берілетін қажетті қызмет көрсетулер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) қызмет көрсетулері және сапар мақсатына байланысты басқа да қызмет көрсетулері);

**уәкілетті орган** – туристік қызмет саласында мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыру үшін ҚР-ның Үкіметі белгілейтін орталық атқарушы орган;

**экскурсант** – бір жерге, елді мекенге, аумаққа немесе сол жердегі басқа елге туризм мақсатында жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа уақытша келген жеке тұлға;

**экскурсиялық қызмет** – азаматтардың уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта аралап көруін ұйымдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көздемейді және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды;

**экскурсовод** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристтерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдық қызмет көрсетуге лайықты біліктілігі бар, кәсіби даярланған жеке тұлға.

## 2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қазақстандағы туризмнің тарихи алғы шарттары үшінші мың жылдықта (б.д.д.) қалыптаса бастаған Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуы болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін туризм басқа да экономика салалары сияқты орталықтан қатаң шектеуде болды. Туристік қызметтегі Кеңестер одағының негізгі аймақтары Кавказ, Қырым, Балтық өңірі, Ресейдің, Орта Азияның тарихи орталықтары болды.

Егемендік алғаннан бері Қазақстанда туристік қызметті реттеудің және халықтың табиғи, тарихи және мәдени болмысын қайта жаңғыртудың негізі қаланды.

Туризм саласындағы халықаралық қатынастарды дамытуға жасалған қадамдардың бірі – Қазақстанның 1993 жылы дүние жүзі туристік ұйымына (ДТҰ) толық мүше болып қабылдануы, туризм саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық келісімді жасауы болды. Бірқатар келісімдер бойынша шет мемлекеттердің Қазақстанды туристік әлеуметі мол перспективалы серіктес ретінде тану бастамасының болғандығын атап өту керек.

ҚР-ның статистика жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы дерегі бойынша елде 425 туристік ұйымдар болды, солардың қатарында 6 мемлекеттік кәсіпорын, 405 жекеменшік нысаны және 14 шетелдік туристік агенттік жұмыс істеді. Қазақстандық кәсіпорындар 80 елдің туристік фирмаларымен шарттық қатынастар орнатқан. Алматылық – 4, және облыстық – 13 турфирма 8 мемлекетке чартерлік әуе рейстерін жүзеге асырды.

Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларындағы туристік фирмалар желісі неғұрлым дамыған болып табылады. Осы облыстардың және қалалардың туристік ұйымдары жыл сайын туристтердің және экскурсанттардың 88 пайызына дейін қызмет көрсетеді.

Тұтастай алғанда, 1999 жылы барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар 2410,5 млн. теңге сомасында, оның ішінде мемлекеттік туристік кәсіпорындар 57,3 млн. теңге, жеке меншіктегілері 2298,5 млн. теңге, шетелдік фирмалар 54,7 млн. теңге сомасында өнім сатты, жұмыстар орындады және қызметтер көрсетті.

Республика бюджетінен түсетін жалпы түсімдердегі туристік қызметтен түскен салық пен алымдардың үлесі 1998 жылы 0,1 %-ды құрады. 1999 жылы статистикалық есеп беру үлгісі бұл мәліметтердің жинауды көздемеген. 1999 жылы 1998 жылмен салыстырғанда елдегі жалпы ішкі өнімінің туризмдегі үлес салмағының өсу үрдісі байқалады, ол 1,1 %-ды құрады.



Қазіргі кезде мемлекеттік, жеке және ресейлік оқу филиалдарын қосып есептегенде Қазақстанда барлығы 28 жоғары оқу орны (ЖОО) туризм менеджерлерін оқытып дайындайды. Қазақстанда осындай мамандарды дайындау 1992 жылдан бастау алса да, туристтік саланың мамандармен қамтамасыз етілуі әлі де қанағаттанарлықсыз деп есептеліп отыр. Көптеген ЖОО-ғы оқытушылар құрамының Қазақстанның туристтік потенциалы және туристтік саладағы жұмыстар тәжірибелері туралы білім деңгейінің жеткіліксіздігі негізгі себепкер болып есептеледі. Соның нәтижесінде, мамандарды даярлау отандық туристтік-рекреациялық ресурстарды ұстап тұру, туристтерді қабылдау үшін оларды пайдалану технологиялары мен ықтимал клиенттер арасында туристтік қызмет көрсетулерді тікелей жарнамалау әдістемесі жеткіліксіз есепке алу түрінде жүргізілуде. Сондықтан, ЖОО түлектерінің едәуір бөлігінің туроператорлық қызметті толық атқаруға шамасы жетпейді.

Қазақстандық туристтік өнім және оның әлеуметі.

Халық шаруашылығының саласы ретінде туризм сұраным мен ұстаныстың нарықтық санаттарына сәйкес өнім шығаруы тиіс. Осыған қатысты шетелдік тұтынушыға бағытталған халықаралық нарықпен Қазақстан азаматтарына арналған ішкі нарықтың ара жігін ажырата білу қажет.

Бүгінгі күні халықаралық туристтік нарық миллиардтаған ақша айналымы және қатаң бәсекелестікке күресуге бейімділігі бар орасан зор механизм ретінде танылып отыр, сондықтан, бірінші кезектегі міндет Қазақстанға ғана тән ерекшелігі бар және сұранысқа ие болатын туристтік өнімді анықтау болып отыр. Осы жағдайлардан рыноктың қандай сегменттерінде қазақстандық турөнімнің жарқын болашағы бар екені байланысты екені анықталады.

ДТҰ-ның ұсыныстарын ескере отырып, жүргізілген талдау мен қолда бар тәжірибенің негізінде, қазақстандық турөнімнің екі базалық құрама бөлігін көрсетуге болады: Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени туризм (зиярат ету және дәстүрлі) және онымен тығыз байланысты экооқиғалы туризм (сафари, рафтинг, орнитологиялық, тренинг, аңшылық, балықшылық). Бұл ретте экооқиғалы туризм үшін Ұлы Жібек жолы бағытымен өтетін ресурстары бар аймақтарды: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарын атап өткен орынды.

Көрсетілген басымдықтарға сәйкес бірінші кезекте игерілетін мынадай аудандар мен тірек орталықтары анықталды:

1. Іле сырты – Алматы қ., Түрген с., Есік қ., Талғар қ., Қаскелең қ., Ұзынағаш с., Қапшағай қ.

2. Солтүстік Тянь-Шань – Кеген с., Нарынқол с., Жалаңаш с., Шонжы с., Көлжат с.

3. Жаркент-Талдықорған – Жаркент қ., Көктал с., Басши с., Текелі қ., Талдықорған қ., Жаркент-Арасан курорты.

4. Балқаш – (Балқаш көлі., Балқаш өңірі с.).

5. Солтүстік Жоңғар – Достық с., Алакөл көлінің маңы, Лепсі с., Лепсі өзенінің маңы, Жарбұлақ с., Төктұма с., Сарқант қ., Арасан-Қапал курорты.

6. Жамбыл – Тараз қ., Мерке с., Мойынқұм ауданы.

7. Түркістан – Түркістан қ., Тұрбат с., Отырар с., Шәуілдір с., Баба-ата с., Кентау қ., Шаян с.

8. Сайрам-Шымкент – Шымкент қ., Арыс қ., Шардара қ., Сарыағаш қ., Леңгір қ., Ванновка с.

9. Жоғары Бұқтырма – Қатон-Қарағай с., Беріл с., Рахманов бұлақтары курорты, Марқакөл көлінің маңы.

10. Маңғыстау – Фетисово с., Ақтау қ., Ералиев-Құрық а.п.

Туризмді дамыту саясатының мақсаттары мен қағидаттары.

Туризмді дамытудың мақсаты:

1. Халықаралық туристтік рынок жағдайында бәсекелестікке төтеп беретін мүмкіндігі бар, әрі сапалы туристтік өнімді өндіруге және сатуға қабілетті рентабельділігі жоғары туризм индустриясын құру жолы арқылы туризмді экономиканың табысы жоғары саласына айналдыру;

2. Республиканың туристтік әлеуетін арттыру;

3. Тарихи-мәдени және табиғи-рекреациялық ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану;

4. Халықтың барлық жіктерінің туристтік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, туристтік қызмет көрсетуге деген сұранысты барынша қанағаттандыру;

5. Тұрғындардың жұмыспен қамтылуын ынталандыру;

6. Мемлекеттік және жеке құрылымдардың туризм саласындағы өзара бірлескен іс-қимылдарының тиімділігін арттыру;

7. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Республикада саланы дамыту мынадай қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1. Демалуға және бос уақытқа адам құқығын жүзеге асыру;

2. Халықтар мен мемлекеттер арасындағы өз ара түсіністік пен ынтымақтастықтың ізгілік сипатын, бейбітшілік пен сыйластық, нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау;

3. Әділеттілік пен егемендіктің тепе-теңдігі, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйесіне қарамастан мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау;

4. Қоршаған ортаға және мәдени игіліктерге ұқыпты қарау;

5. Әлеуметтік тепе-теңдік пен даму, жеке адам мен қоғамның игілігін арттыру;

6. Туризмді тұрақты дамыту.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жандандыру;
2. Туристік қызметті ретке келтіру жүйесін жетілдіру;
3. Туризм индустриясының құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін одан әрі дамыту;
4. Демпингке қарсы және мемлекеттік қолдаудың басқа да шараларын қабылдау арқылы туристік рынокты қорғау;
5. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. Тартымды туристік нысан ретінде Қазақстанның беделін қалыптастыру;
7. Туризм саласындағы ғылыми зерттеулерді тереңдету;
8. Туризм саласындағы қызмет көрсетудің статистикалық есебінің әдіснамасын халықаралық стандартқа сәйкестендіру;
9. Туристік нысандарды қайта жаңғырту мен салу үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту жолымен туризм инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру;
10. Туристік қызметті стандарттау, сертификаттау мен лицензиялау негізінде туристерге қызмет көрсетудің сапасын арттыру;
11. Туризм саласындағы мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттырып, жүйесін дамыту;
12. Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
13. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;
14. Туризм саласындағы теріс әлеуметтік келеңсіз үрдістерден арылу.

Туризмді дамытудың негізгі бағыттары.

Мақсаттары мен міндеттерге сәйкес туристік саланы дамытудың мынадай негізгі бағыттары белгіленеді:

1. Туристік қызметті мемлекеттік ретке келтіру.
2. Туризм инфрақұрылымын дамыту.
3. Маркетингтің стратегиясын жасап шығару.
4. Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру.
5. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
6. Мамандарды даярлау және ғылыми қамтамасыз ету.

### **Бақылау сұрақтары және тапсырма**

1. Экологиялық туризм пәнінің мақсаты мен мәні қандай және оны ұйымдастыру?
2. Қазақстандағы туризмнің қазіргі жағдайы және оны дамытудың проблемалары?
3. Қазақстандық туристік өнім және оны ұсыну.
4. Туризмнің даму жолдарын атап бер.

### **3 ТУРИЗМНІҢ ЖӘНЕ ТУРИСТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ**

Спорттық аңшылық, Қазақстандағы аңшылық туризмнің заңды түрі ретінде. Спорттық аңшылықтың заңдылық және нормативтік базасы. Аңшылық туризммен айналасатын ұйымдар мен мекемелер. Қазақстан мен шетелдерде аңшылық турларын жүргізетін арнайы аңшылық шаруашылықтар. Аңшылық турларды жүргізуге қауіпсіздік талаптарын қолдану. Туризм, аңшылық және аңшылық шаруашылық салаларындағы өкілетті мемлекеттік органдар және ведомстволар. Рұқсат беру жүйесі. Халықаралық ұйымдар.

ҚР аңшылық туризмді жүргізуді қарастыратын нормативтік-құқықтық базасын ҚР Заңдары, ҚР Үкіметінің қаулылары, ҚР Ауыл шаруашылық Министрлігі (АШМ) орман және аңшылық шаруашылықтары Комитетінің бұйрықтары, облыс Әкімдерінің шешімдері, бұлармен қатар аңшылықты қолданушылардың бұйрықтары, өкімдері, келісім-шарттары құрастырады (1-ші кесте).

ҚР Үкіметі өзінің қаулыларымен еліміздегі жануарлар әлемін пайдалану бойынша ҚР азаматтарына және олжалық аңшылықпен айналысу үшін республикаға келетін шетел азаматтарына төлемдердің ставкасын бекітеді. Бұнымен қатар ҚР Үкіметінің құзырына Қызық кітапқа енгізілген жануарларды аулауға арнайы рұқсат беру, шетел азаматтарының аң аулауды өткізу ережелерін және ҚР аң аулау ережелерін бекіту жатады.

Нормативтік актілердің келесі блогын орман және аңшылық шаруашылықтары Комитетінің құжаттары құрастырады. Комитет жыл сайын аңшылықтың мерзімін және аңшылық рұқсат етілетін нысандарын ретке келтіретін спорттық-әуесқойлық және олжалық аңшылықтың ашылуы туралы бұйрықтарды жарыққа шығарады. Бұлармен қатар аңшылыққа қатысты басқа да бұйрықтар мен өкімдерді шығарады.

Облыс Әкімінің шешімдері облыс аумағындағы аңшылықтың ашылуына, жабайы жануарларды қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды күшейту бойынша шараларға, облыс аумағында шетел азаматтарының аң аулауды өткізуі ретіне байланысты болады.

Сондай-ақ, нормативтік құжаттардың соңғы блогына Іле-Алатау Ұлттық табиғи саябағында аңшылық жүргізуге келісімді қызметіне байланысты бұйрықтар мен өкімдер жатады.

Сонымен, аңшылық мерзімінің алдында аңшылық өткізу орны көрсетілген мекендері бар Іле-Алатау Ұлттық табиғи саябағында олжалық аң аулауды өткізу бойынша бұйрық шығарылып аңшылықты және басқа әрекеттерді жүргізуге жауаптылар белгіленеді. Саябақ аңшы туристтерге аңшылық туризмді өткізуді ұсынуға құқығы бар турфирмалармен келісім-

шарт жасасады. Бұнымен қатар саябақ аңшылық туризмді өткізуге қатысы бар сәйкес өкімдерді жарыққа шығарады.

1- кесте. Аңшылық туризмнің нормативтік-құқықтық базасы

I	ҚР Заңдары	«Жануарлар әлемін пайдалану, қалыптастыру және қорғау туралы». «Ерекше қорғалынатын табиғи қорықтар туралы». «ҚР туристтік қызмет туралы». «Қару-жарақтың кейбір түрлерін мемлекеттік қадағалау туралы»
II	ҚР Үкіметінің қаулылары	«Жануарлар әлемін пайдалану үшін төлем ақысының мөлшерін бекіту туралы». «ҚР-да шетел азаматтарының аң аулауды өткізу тәртібі туралы». «ҚР Қызыл кітабына енгізілген аңдардың түрлерін аулауға арнайы рұқсат туралы». «ҚР аң аулау ережелері».
III	ҚР АШМ орман және аң шаруашылығы Комитетінің бұйрықтары	ҚР аң аулау мерзімінде жабайы аңдарды аулау тәртібі туралы. Шетелдік аң аулау және спорттық-әуесқойлық аң аулау мерзімінің ашылуы.
IV	Облыс Әкімдерінің шешімдері	Жануарлар әлемін қорғауды мемлекеттік бақылауды күшейтуге арналған шаралар туралы. Облыс аумағында шетел азаматтарының аң аулау тәртібі. Аңшылық пайдаланушыларға аң аулау аумақтарын бекіту туралы.
V	Аңшылықты пайдаланушылардың бұйрықтары, өкімдері, келісім-шарттары	Шаруашылық аумағында аң аулау өткізу туралы бұйрық. Жануарлар әлемін пайдалану туралы турфирмамен шаруашылықтың келісім-шарты. Шетел азаматымен турфирманың келісім шарты (контракт). Жабайы аңдарды аулауға уәкілетті органның туристке берілген рұқсаты.

Аңшылық туризмді, соның ішінде аса қорғалатын аймақтарда жүргізуді қарастыратын Заңдылыққа алдымен ҚР бірқатар заңдары мен ҚР Үкіметінің қаулылары, олардан кейін ҚР орман және аңшылық Комитетінің

бұйрықтары, Алматы облысы Әкімінің шешімдері, сонымен қатар аңшылық туризмге қатысы бар ұлттық бақтарды ретке келтіру бойынша өкімдер енгізілген. «ҚР-ғы туристтік қызмет туралы» Заңының 8-ші бабы туристтік қызметті мемлекеттік реттеуді, соның ішінде жеке алғанда туристтік қызметке жәрдемдесу және оның басым бағыттарына қолайлы жағдайлар жасауды қарастырады. Осы Заңның 9-шы бабында ҚР-ның аумағында келу туризмімен және ішкі туризммен айналысатын туристтік ұйымдарды қолдау және дамыту қарастырылған.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңы ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар, сондай-ақ ұлттық, өңірлік және дүниежүзілік экологиялық желінің құрамдас бөлігі болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін құру, кеңейту, қорғау, қалпына келтіру, орнықты пайдалану және басқару жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Заңның 4-ші бабында аңшылықтың көзі болып табылатын нысандар ретінде саналатын жануарлардың түрлері айқындалады, ал осы Заңның 13-ші бабында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға бағытталған, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту үшін гранттар, қаржылай және техникалық көмек беруге маманданған заңды тұлғалар ҚР-ның Үкіметі айқындайтын гранттар беретін үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесі келтірілген.

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» ҚР Заңы азаматтық, қызметтік, жауынгерлік атыс қол қаруы мен суық қарудың айналымы кезінде туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді және азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншікті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған орта объектілерін, ресурстарды күзетуге, қылмысқа және қарудың заңсыз таратылуына қарсы күресте халықаралық ықпалдастықты дамытуға бағытталған. Заңның 12-ші бабын негізге алсақ, қаруды, оның ішінде жарақат салатын және газбен әсер ететін патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге уәкілеттік берілген заңды тұлғалардың құқығы бар.

Жоғарыда келтірілген Заңға сәйкес ҚР Үкіметі республикамызда тұратын және елімізге олжалық аңшылық ету мақсатымен келген шетел азаматтарына жануарлар әлемін қолдану үшін төлем ставкасын бекітеді. Мысалы, сібір таутекесін олжалау үшін 116,0 мың теңге, ал кекілікті ұстау үшін 0,33 мың теңге төлемақы қарастырылады. Сонымен қатар, ҚР Үкіметі өзінің қаулысымен жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат ету ережелерін бекітеді. Аңшылық жануарларды аулаудың бекітілген лимитіне сәйкес осындай рұқсатты «Алтын Емел» ұлттық бағы иеленген. Аулау нысаны болып саналатын жануарлар түрлерін алудың нормативтері ҚР Үкіметінің 2005 жылдың 15 желтоқсанында шыққан №1250 қаулысымен бекітілген. ҚР АШМ орман және аңшылық шаруашылықтары Комитеті ҚР Үкіметінің

2004 ж. 31 қаңтарындағы №1458 қаулысымен бекітілген қаулысының аясында шетелдіктердің қатысуымен ҚР аймағында кәсіпқойлық (спорттық) аңшылықты ұйымдастыру ережелерін бекітті.

Экскурсиялық-ағартушылық қызмет. Қорықтардағы экскурсиялық-ағартушылық қызмет ғылыми-танымдық және экологиялық, сонымен қатар оқу-ағартушылық, көрмелік, мұражайлық, мәдени-ағартушылық экскурсияларды және табиғат пен қорық ісін қорғаудың мәселелері бойынша басқа жұмыс түрлерін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Экскурсиялық-ағартушылық қызмет бөлімі бойынша қорықтардың қызметкерлерінің міндеттеріне мыналар жатады:

1) баспа беттеріндегі, радиодағы және теледидарлар арқылы шығарылымдар, сонымен қатар табиғат және қорық ісін қорғаудың мәселелері бойынша дәрістер оқу, сұхбаттар өткізу,

2) табиғат пен экологиялық жаяу жол мұражайларына келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

3) қорықтардың экскурсиялық нысандарын ұстап тұру және рәсімдеу бойынша шаралар кешенін құрастыру және жүзеге асыру.

Экскурсиялық-ағартушылық жұмысты тиімді ұйымдастыру және қажетті материалдық және қаржылық құралдарды тарату үшін қорық қызметін басқару органмен келісу арқылы мемлекеттік қорықтар басқа ұйымдармен келісім-шарттар жасасады.

Экскурсиялық-ағартушылық қызметті қорықтың өкілетті қызметкерлері жүргізеді.

Экскурсиялық-ағартушылық қызметте қолданылатын бағалар келісімді түрде алынады.

ҚР-ның туристік қызмет туралы Заңдылығы.

ҚР-ның туристік қызмет туралы Заңдылығы ҚР Конституциясына негізделеді және ҚР Азаматтық кодексіне, осы Заңнан және ҚР-ның басқа да нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

Егер, ҚР-мен бекітілгендерден басқа халықаралық келісіммен анықталған басқа да туристік қызмет туралы өзге ережелер бар болса, онда халықаралық келісім бойынша оларды қолдану үшін басқа заңды қажет етілмеген жағдайда ғана, халықаралық келісімдеме ережелері қолданылады.

Туристік қызметтің субъектілері мен объектілері.

1. Туристік қызмет субъектілеріне:

1) туристік операторлар (туроператорлар);

2) туристік агенттер (турагенттер);

3) гидтер (гид-аудармашылар), туризм нұсқаушылары, экскурсоводтар;

4) туристтер және олардың бірлестіктері;

5) экскурсанттар;

6) туристік қызмет саласындағы өзге де бірлестіктер;

7) туристтік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар жатады.

2. Туристтік қызмет объектілері – табиғи объектілер және табиғи-климаттық аймақтар, көрікті орындар, тарихи және әлеуметтік-мәдени көрсету объектілері және саяхат кезінде туристтердің қажеттерін қанағаттандыра алатын өзге де объектілер.

Туристтік индустрия – туристтерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.

Туристтік индустрия – туристтерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.

Туристтік индустриядағы қызмет көрсету түрлері:

- 1) турлар ұсыну жөніндегі қызмет көрсету;
- 2) тұратын орындар беру жөніндегі қызмет көрсету;
- 3) тамақтандыру жөніндегі қызмет көрсету;
- 4) ақпараттық, жарнамалық қызмет көрсету;
- 5) көлік қызметін көрсету;
- 6) ойын-сауық;
- 7) өзге де туристтік қызмет көрсетулер.

ҚР-ның туристтік ресурстарын сыныптау мен бағалау, олардың қорғалу режимі, қоршаған ортаға түсетін ауыртпалықтың жол берілетін шегін ескере отырып пайдалану және ҚР-ның туристтік ресурстары тұтастығының сақталу тәртібі, оларды қалпына келтіру жөніндегі шаралар ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Туризмнің ұйымдық нысандары мен түрлері.

Халықаралық және ішкі туризм туризмнің ұйымдық нысандары болып танылады.

Халықаралық туризм:

1) келу туризмін – ҚР-ның аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың ҚР шегіндегі саяхатын;

2) шығу туризмін – ҚР-ның азаматтары мен ҚР-да тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхатын қамтиды.

Ішкі туризм – ҚР-ның азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың ҚР-ның шегіндегі саяхаты.

Туризмнің түрлері:

- 1) әлеуметтік;



- 2) экологиялық;
- 3) шытырман оқиғалы;
- 4) спорттық;
- 5) іскерлік;
- 6) конгрестік;
- 7) емдеу-сауықтыру;
- 8) мәдени-танымдық;
- 9) діни;
- 10) және басқа туризм.

Туристік индустриядағы көрсетілетін қызметтер экспорты мен импорты.

ҚР-ның аумағына келу туризмін ұйымдастырумен байланысты туристік қызмет көрсету туристік қызмет көрсету экспорты және басқа елге шығуға байланысты туристік қызмет көрсету импорты болып табылады.

Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің принциптері.

ҚР-да туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- 1) туристік қызметке жәрдемдесу және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 2) туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау;
- 3) Қазақстан туралы туризм үшін қолайлы ел деген түсінікті қалыптастыру;
- 4) ҚР-ның туристтері мен туристік ұйымдарының және олардың бірлестіктерінің қауіпсіздігін, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың мүдделері мен мүлкін қорғау.

Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаттары, басым бағыттары және тәсілдері

Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары:

- 1) азаматтардың туристік қызмет саласында демалу, еркін жүріп-тұру құқықтарын қамтамасыз ету;
- 2) қоршаған ортаны қорғау;
- 3) туристтерге тәрбие, білім беруге және оларды сауықтыруға бағытталған қызмет үшін жағдайлар жасау;
- 4) саяхат жасау кезінде азаматтардың қажеттерін қамтамасыз ететін туристік индустрияны дамыту;
- 5) туристік индустрияны дамыту есебінен жаңа жұмыс орындарын құру, мемлекеттің және ҚР азаматтарының табыстарын молайту;
- 6) халықаралық туристік байланыстарды дамыту болып табылады.

Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің басым бағыттары:

- 1) туризмді ҚР экономикасының жоғары рентабельді саласы ретінде қалыптастыру;

2) туристтік ресурстарды пайдаланған кезде ҚР-ның мемлекеттік мүдделерін ескеру, табиғи және тарихи-мәдени мұраларын қорғау;

3) балалардың, жасөспірімдердің, жастардың, мүгедектер мен халықтың күн көрісі төмен топтарының арасында туристтік және экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру үшін жеңілдікті жағдайлар енгізу;

4) туристтік индустрияны инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

5) ҚР-ның аумағында келу туризмімен және ішкі туризммен айналысатын туристтік ұйымдарды қолдау және дамыту;

6) ішкі және халықаралық туризм қажеттерін қамтамасыз ету үшін туристтік қызметтің тиімді жүйесін құру болып табылады.

Туристтік қызметті мемлекеттік реттеу:

1) туризм индустриясын, туризмге инвестицияларды дамыту жөніндегі саясатты айқындау;

2) туристтік қызмет саласындағы қатынастарды жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

3) ҚР-ның лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес туристтік қызметті лицензиялау, туристтік қызмет саласындағы стандарттау;

4) бюджеттік заңдарға сәйкес туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға бюджет қаржыларын бөлу;

5) туристтік қызметті кадрмен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

6) отандық туристердің, туроператорлар мен турагенттердің және олардың бірлестіктерінің халықаралық туристтік бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесу;

7) ішкі және дүниежүзілік туристтік рыноктарда туристтік өнімді ұсынуға жәрдемдесу;

8) елдің туристтік ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды, есепке алу және қорғауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің құзыреті.

1. ҚР-ның Үкіметі:

1) ҚР-да туризмнің дамуы мемлекеттік бағдарламасын әзірлейді және оның орындалуын бюджет заңдылығына сәйкес қаржыландырады;

2) туристтік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

3) туристтік қызметті лицензиялау ережелерін және туристік қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

4) туристтер аралауға тыйым салынған объектілер мен аумақтарды белгілейді;

5) туристтік қызмет саласындағы мемлекеттік инвестициялық саясатты айқындайды;

6) туристтік қызмет саласындағы ғылыми қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін құрады;

7) осы Заң және ҚР-ның басқа да заңдылық актілерімен оның құзырына белгіленген басқа мәселелерді шешеді.

Уәкілетті органның құзыреті.

Уәкілетті орган:

1) туристтік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асырады;

2) туристтік қызмет мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

3) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, заңдарды қолдану практикасын жинақтап, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) ҚР-да туризмнің дамуы мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

5) туристтік рынокқа зерттеу жүргізеді, халықаралық туристтік рынокта және мемлекет ішінде Қазақстан туралы және оның туристтік мүмкіндіктері туралы ақпаратты әзірлеп таратады;

6) өз құзыреті шегінде туристтік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасасады және орындайды, халықаралық туристтік ұйымдарда және туризм жөніндегі халықаралық іс-шараларда Қазақстан атынан өкілдік етеді;

7) атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан туристтік және басқа да ұйымдардың туристтік қызмет саласындағы қызметін үйлестіреді;

8) туристтік қызмет көрсету рыногында бәсекені дамытуға жәрдемдеседі, онда меншік нысанына қарамастан барлық туристтік қызмет субъектілері үшін тең жағдайлар жасайды;

9) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелерін реттейді;

10) турагенттік, туроператорлық қызметті және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялауды жүзеге асырады;

11) туристтік қызмет саласындағы мамандарды дайындау, қайта дайындау және олардың біліктіліктерін арттыруға қатысады;

12) туристтік қызмет субъектілерінің жұмысын ұйымдастыруға байланысты мәселелерде туристтік қызмет субъектілеріне әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

13) ҚР заңдылығына сәйкес басқа қызметтерді жүзеге асырады.

Облыстық атқарушы органдардың құзыреті:

1) туристтік қызмет саласында халықты жұмыспен қамту шарасы ретінде кәсіпкерлікті дамытып, қолдайды;

2) туризмді дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеп, орындайды;

3) жергілікті туристтік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеп, енгізеді;

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің туристтік қызмет көрсету рыногына талдау жасайды;

5) әкімшілік-аумақтық бірліктердегі туризмнің дамуы туралы талдау жасап, қажетті мәліметтерді уәкілетті органға береді;

6) турагенттік, туроператорлық қызметті және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялауды жүзеге асырады;

7) туристтік қызмет көрсетулерді және туризм объектілерін жарнамалайды, туристік ақпаратты береді, туристтік ақпарат орталықтарын құрады;

8) балалар мен жастар лагерьлерінің қызметіне жәрдем көрсетеді;

9) туристтік қызмет субъектілеріне олардың қызметін ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

10) ҚР заңдылығымен белгіленген тәртіппен лицензияның әсерін тоқтату туралы құзіретті органға ұсыныс береді;

11) ҚР заңдылығына сәйкес басқа қызметтерді жүзеге асырады.

Туризм жөніндегі кеңес консультациялық-кеңесші орган ретінде ҚР-ның Үкіметі жанынан құрылады. Туризм жөніндегі кеңес он бес мүшеден құралады, оның жетеуін уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар ұсынады, сегіз мүшесін қауымдастықтар және туристтік ұйымдардың өзге де бірлестіктері ұсынады.

Туризм жөніндегі кеңес:

1) Туризмді дамыту, экономиканың осы саласына инвестициялар тарту, ҚР-на келудің қолайлы режимін қамтамасыз ету және туристтердің шетелге шығуы үшін жағдайлар жасау, республиканың туристтік имиджін қалыптастыру, туристтік қызмет саласында мамандар даярлау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) туристтік қызмет көрсетуді тұтынушыларды қызмет көрсету сапасы туралы хабардар ету мақсатында өзі бекіткен тәртіп бойынша туристтік ұйымдардың рейтингін жүргізеді.

Туризм жөніндегі кеңес туралы ережені туризм саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша ҚР-ның Үкіметі бекітеді.

Туристтік ақпарат орталығы. Туристтік ақпарат орталығы Қазақстан және оның туристтік әлеуеті туралы ақпаратты қалыптастыру және тарату үшін, туристтік өнімді халықаралық туристтік рынокта және мемлекет ішінде ұсыну үшін ҚР-ның Үкіметі белгілейтін тәртіппен құрылған ұйым болып табылады және ол өз қызметін уәкілетті орган бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Туристтердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында ҚР-да туроператорлық, турагенттік, қызмет, туризм нұсқаушысы көрсететін қызметтер лицензияланады.

Туроператорлар мен турагенттер лицензия алу үшін туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуы қажет. Сақтандыру тәртібі мен шарттары ҚР-ның заң актілерімен айқындалады.

Құзыретті орган туроператорлық, турагенттік, қызметті, туризм нұсқаушысы көрсететін қызметтерді жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын сот тәртібінсіз алты ай мерзімге дейін мынадай негіздер бойынша тоқтата тұруға құқылы:

1) берілген лицензияға негіз болған ақпараттың дұрыс болмауы;

2) туристік ұйымның туристік қызмет көрсету шарттары бойынша міндеттемелерін орындамауы, не тиісінше орындамауы (күнтізбелік үзіліссіз он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдай);

3) лицензиар белгілеген нормативтерді және туристік ұйымдар орындауға міндетті басқа да нормаларды бұзу (күнтізбелік үзіліссіз он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдай);

4) лицензия берілгеннен кейін алты ай өткеннен соң сәйкестік сертификатсыз турагенттік, туроператорлық қызметті жүзеге асыру;

5) заңсыз көші қон мақсатында туроператорлық, қызметті жүзеге асыру;

6) ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерін бұзу.

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, бұрын жасалған шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, туристік қызмет көрсетуге тыйым салуға әкеп соғады.

Лицензияны қайтарып алу сот тәртібімен облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органымен жүзеге асырылады. Лицензияны қайтарып алуға төмендегілер негіз болады:

1) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органымен белгіленген лицензия күшінің тоқтатылған мерзім ішінде себептерді түзегенде;

2) ҚР заңдылығымен қарастырылған басқа да негіздер.

Туристік қызметке берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім атқарушы биліктің мүдделі органдарының назарына жеткізіледі және облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы орган белгілеген мерзімді баспа басылымдарында жарияланады.

Құзыретті органның лицензияны тоқтата тұру туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Лицензиялар туралы, туроператорлар мен турагенттер туралы деректер туристік саланың мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Туристік қызмет саласындағы стандарттау

Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптары ҚР-ның заңнамасына сәйкес айқындалады.

Туристтік қызмет саласындағы сертификаттау жұмыстары бойынша құқығы бар ұйымдарды аккредитациялауды туристік қызмет саласындағы өкілетті органның ұсынысы бойынша стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі өкілетті орган жүзеге асырады.

Туристтік қызмет көрсету шарт негізінде жүзеге асырылады. Туристтік қызмет көрсету шарты жазбаша нысанда жасалады және ҚР-ның заңдарына сәйкес болуға тиіс.

Шарттың елеулі талаптарына мыналар жатады:

1) туристтік қызметті жүзеге асыруға берілетін лицензия туралы деректерді қоса алғанда туроператор немесе турагент туралы ақпарат, оның атауы, тұрған жері және банктегі деректемелері;

2) туристтік өнімді өткізу үшін турист туралы қажетті көлемдегі мәліметтер;

3) барлық болатын пункттерді көрсете отырып, болатын елдегі (жердегі) саяхаттың бағдарламасы мен маршруты туралы, туристтердің қауіпсіздігі жағдайлары туралы ақпаратты қоса алғанда, туристтік өнімнің тұтынушылық қасиеттері туралы дұрыс ақпарат;

4) саяхаттың басталу және аяқталу күні мен уақыты;

5) туристтерді күтіп алу, шығарып салу және оларға ілесіп жүру тәртібі;

6) туристтік өнімнің бағасы және оны төлеу тәртібі;

7) тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

8) шартты өзгерту және бұзу жағдайлары;

9) баратын жеріне туристтің жүгін жеткізу мәліметтері мен талаптары және шарттың осы тармағының тиісінше орындалмауының құқықтық салдары;

10) шарттың тараптар келісімі бойынша белгіленетін өзге де ережелері.

Шартты жасасу кезінде басшылыққа алынған мән-жайдың елеулі түрде өзгеруіне байланысты тараптардың әрқайсысы шартты өзгертуді немесе бұзуды талап етуге құқылы.

Мән-жайлардың елеулі түрде өзгеруіне мыналар жатады:

1) саяхат жағдайларының нашарлауы, саяхат мерзімінің өзгеруі;

2) көлік тарифтерінің ойламаған жерден өсуі;

3) салықтар мен алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жаңа ставкаларын енгізу немесе олардың қолданыстағы ставкаларының артуы;

4) тараптардың келісімі бойынша белгіленетін өзге де негіздер.

Туроператор немесе турагент шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте турист ҚР-ның заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

Турист туроператорға немесе турагентке шартты орындаудан бас тарту туралы хабардар етілгенге дейін көрсетілген қызметтері үшін

олардың іс жүзінде шығарған шығындарын төлеген жағдайда, саяхат басталғанға дейін шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Туристтік жолдаманың сатып алынуы туристтік қызмет көрсету шарты жасалуының растамасы болып табылады.

Турдың құрамына кіретін туристтік қызметтер көрсетілуін сатып алған жағдайда туристтік ваучер туристің тиісті қызмет көрсетуді пайдалану құқығын растайтын құжат болып табылады.

Туристтің кінәсінен туристтік қызмет көрсету шартын орындау мүмкін болмайтын жағдай туындаған ретте, егер заң актілерінде немесе өтелмелі қызметтер көрсету шартында өзгеше көзделмесе, көрсетілген қызметтерге толық көлемде ақы төленуі тиіс.

Туристтік қызмет көрсету шартын орындаудың мүмкін болмауы тараптардың бір де бірі жауап бермейтін мән-жайлар бойынша туындаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, турист туристтік ұйымға іс жүзінде шығарған шығындарын өтейді.

Туристтің кінәсінен болған жағдайды қоспағанда, туроператор немесе турагент тапсырыс берушіге шартты бұзудан келтірілген залалдарды толық өтеген жағдайда ғана шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Басқа елге келген жері бойынша, не жүру барысындағы маршруты бойынша шарт талаптарына сәйкес келмеген жағдайда туроператор немесе турагент шарт талаптарының тиісінше орындалмағаны үшін жауапты болады.

Туристтерге келтірілетін залалдар мен моральдық зиянды өтеу ҚР-ның заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Туристтік ұйым саяхат жасау кезінде дүлей күштің ықпалы салдарынан туристке келтірілген залал үшін жауап бермейді.

Жолаушыларды көліктің кез келген түрімен тасымалдаған кезде туристтік ұйым туристке жөнелтілетін және баратын пункттер атаулары, жолаушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілген жеке немесе топтық (туристер тобына қызмет көрсету кезінде) тасымалдау құжатын (билетін) беруге міндетті.

Туристтік ұйым жазатайым оқиға (ауру, жарақат, қаза) туралы туристің отбасын өз есебінен хабардар етуге міндетті.

Өлшеуге берілмеген жүкті тасымалдау, оның сақталу жауапкершілігі туристке жүктеледі. Егер туристтік ұйым билет, жүк түбіртегін немесе тасымалдауға қабылданған жүктің жөнелтпе құжатын берсе, бірақ олар дұрыс рәсімделмеген болса немесе жоғалса, немесе оларды қандай да бір басқа себептермен ұсыну мүмкін болмаса, тасымалдау шарты күшінде қалады.

Туроператор мен турагент, шартпен көзделген мән-жайлар өзгерген жағдайда және шарттың талаптарын елеулі түрде өзгерту қажет болған жағдайда туристке жазбаша нысанда осындай өзгерістердің сипаты және ықтимал залалдары туралы дереу хабарлауға міндетті.

Туристтік қызмет туроператорлар мен турагенттер үшін қызметтің негізгі түрі болуға тиіс.

ҚР-ның заңды тұлғалары ғана туроператорлық қызметпен айналысуға құқылы.

Туристтік ұйымдар өз филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

ҚР-ның аумағында құрылған және турагенттік қызметті жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалар мен олардың филиалдары, өкілдіктері, ҚР-ның туристтік ұйымдары сияқты жағдайда және сондай тәртіппен лицензиялануға жатады.

Туристтік ұйымдар әділет органдарында тіркелген басқа туристтік ұйымдардың атауларын пайдалана алмайды.

Заңды тұлғалар болып табылатын туроператорлар мен турагенттер, туристтік индустрияның өзге де ұйымдары өздерінің кәсіптік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерді білдіру және қорғау мақсатында ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен қауымдастықтар (одақтар) нысанында бірлестіктер құра алады.

ҚР-ның азаматтары туристтердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, туризмді дамытуға жәрдемдесу мақсатында қоғамдық бірлестіктер құра алады.

Туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды білім беру саласындағы уәкілетті органның тиісті лицензиялары бар білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

Туристтік ұйымдардың қызметкерлерін аттестаттау туристтік қызмет саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

ҚР-ның азаматы ғана гид (гид-аудармашы), туризм нұсқаушысы, экскурсовод бола алады.

Туристтің құқықтары мен міндеттері, туристтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Туристтің құқықтары.

Транзитті қоса алғанда, саяхатқа әзірленген, саяхат жасаған кезде туристтің:

1) өзінің жеке басына немесе мүлкінің қауіпсіздігіне қол сұғылған жағдайда консулдық, дипломатиялық, өзге де мемлекеттік, сондай-ақ туристтік өкілдіктерге өтінішпен жүгінуге;

2) уақытша болатын елге (жерге) бару, сондай-ақ уақытша болған елден (жерден) шығу және сонда болу ережелері туралы, жергілікті халықтың әдет-ғұрпы туралы, діни салт, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристтерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы қажетті және дұрыс ақпарат алуға;

3) еркін жүріп-тұруға, уақытша болатын елде (жерде) қабылданған шектеу шараларын ескере отырып, туристтік ресурстарға еркін қол жеткізуге;



4) туроператор немесе турагент туристік қызмет көрсету шартын орындамаған жағдайда келтірілген залал мен моральдық зиянның ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен өтелуіне;

5) шұғыл медициналық жәрдем алуға;

6) шетелдік туристтердің құқықтық көмек және көмектің өзге де түрін алуына ҚР-ның мемлекеттік билік органдарының жәрдемдесуіне;

7) туристтердің қолда бар байланыс құралдарына кедергісіз қол жеткізуіне құқығы бар.

Туристтердің өзге құқықтары болатын елдің (жердің) заңдарымен айқындалады!

Туристтің міндеттері.

Саяхат жасаған кезде, транзитті қоса алғанда, турист:

1) уақытша болатын елдің (жердің) заңдарын сақтауға;

2) уақытша болатын елдегі (жердегі) қоршаған ортаны сақтауға, табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға;

3) уақытша болатын елге (жерге) келу және онда болу, сондай-ақ уақытша болатын елден (жерден) кету ережелерін және транзиттік жүріп өтетін елдердегі ережелерді сақтауға;

4) саяхат кезінде жеке өзінің қауіпсіздігі ережелерін сақтауға міндетті.

Туристтің өзге міндеттері болатын елдің (жердің) заңдарымен айқындалады.

Туристтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ҚР-ның аумағында туристтердің қауіпсіздігіне ҚР кепілдік береді. ҚР ҚР-ның турист-азаматтарына оның шегінен тыс жерлерде қорғау және оларға қамқорлық жасау кепілдігін береді.

Туристтердің қауіпсіздігі деп туристтердің жеке қауіпсіздігі, олардың мүлкінің сақталуы және саяхат кезінде қоршаған ортаға залал келтірмеуі, сондай-ақ туризмді заңсыз көші-қон мен үшінші елдерге транзит, азаматтарды сексуалдық, еңбек және өзге де мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге бағытталған шаралар кешені түсініледі.

Уәкілетті орган туроператорларды, турагенттерді және туристтерді уақытша болатын елдегі (жердегі) ықтимал қауіптер туралы хабардар етеді.

Туроператорлар мен турагенттер туристке саяхаттың ерекшеліктері туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде оларға кездесуі мүмкін қауіптер туралы толық мәлімет беруге және туристтердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыруға міндетті.

Туроператорлар мен турагенттер атқарушы органдар мен мүдделі адамдарға саяхат кезінде туристтер душар болған төтенше жағдайлар туралы, сондай-ақ саяхаттан қайтпай қалған туристтер туралы дереу хабарлауға міндетті.

Өзі уақытша болатын елге (жерге) саяхат жасағысы келетін туристтер халықаралық медицина талаптарына сәйкес профилактикадан өтуге міндетті.

ҚР-ның аумағында қасіретке душар болған туристтерге қажетті көмекті ҚР-ның Үкіметі белгілеген мамандандырылған қызметтер жүзеге асырады.

Уәкілетті орган мүдделі министрліктермен және басқа да атқарушы органдармен бірлесіп, туристтерді қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеп, оның орындалуын ұйымдастырады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органы туристтерді қорғаудың және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің аймақтық бағдарламасын әзірлеп, оның орындалуын ұйымдастырады.

Туристтік қызметті жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру.

Халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің (жердің) заңдарында көзделген реттерде, туроператор немесе турагент, турист өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы куәлікті табыс еткен жағдайда шетелге шығу көзделетін туристтік жолдаманы сатады.

Сақтандыру шартында туристке медициналық көмек көрсету ақысы және сақтандыру жағдайы тікелей уақытша болатын елде (жерде) туындаған кезде олардың шығынының орнын толтыру көзделуге тиіс.

ҚР-ның Үкіметі ҚР-ның аумағына келетін туристтерге өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы куәлігі болуы жөнінде талап белгілеуге құқылы.

Туроператор мен турагент туристтік қызмет көрсетуге жасалған шарттардан туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға міндетті.

Туристтік қызмет туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік.

Табиғи экологиялық жүйені бүлдіруге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін құртуға, сондай-ақ заңсыз аң аулауға және балық аулауға бағытталған қызмет үшін туризмді пайдалануға тыйым салынады.

ҚР азаматтарының шетелге тұрақты тұру үшін заңсыз кетуін не шетелде жұмысқа орналасуын, сондай-ақ ҚР-на шетелдік жұмыс күшін әкелуді ұйымдастыру мақсатында туристтік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Туристтік қызмет туралы заңдарды бұзуға кінәлі тұлғалар ҚР-ның заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

- 1) Туризм терминіне анықтама беріңіз?
- 2) Туристтік қызмет субъектілеріне не жатады?

- 3) Туристтік қызмет объектілеріне не жатады?
- 4) Туристтік индустриядағы қызмет түрлері?
- 5) Туристтің құқықтары мен міндеттері.
- 6) Туристтік қызмет туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.
- 7) Туроператорлар мен турагенттердің жауаптылығы, азаматтық және құқықтық жауапкершіліке, сақтандырудың мақсаты мен міндеттері.

#### 4 ТУРИСТТІК ӨНІМНІҢ ЖАРНАМАСЫ МЕН МАРКЕТИНГІ

Турфирманың офисі, бұқаралық ақпаратат құралдары (БАҚ), интернет және де аңшылық көрмелер ұйымдастыру арқылы хабарламалар беру. Аңшылық туристтік өнімнің маркетингі. Аңшылық туризмнің ішкі және шетелдік нарықтық талдауы: өнімнің сұранысы-ұсынысы, баға деңгейі, Қазақстанда және шетелдерде аңшылық турларды ұйымдастыру мен өткізудің ерекшеліктері.

Барлық дерлік турфирмалар өздерінің ұсынып отырған туристтік өнімдерін жарнамалаумен және хабарламалаумен айналысады.

Жарнама – сатылуын жеделдету мақсатында тауарлар мен қызметтер туралы хабарламаларды тарату, тұтынушы және тауар арасындағы байланысты тұрақтандыру, тауарды насихаттау және оны сатып алу әдісі туралы хабарлау, сатып алушының қызығушылығын тудыру және сол тауарды сатып алу ықыласының пайда болуына әсер беруші құрал, сату жарнамасы – тауарларды және қызметтерді алуға байланысты іс-әрекетті жүзеге асыру үшін нақты сатып алушыға (тұтынушыға) бағытталған эмоциональды боялған қысқаша хабарлама.

Жарнаманың негізгі қағидаттары:

1. Клиенттерге бағытталған және олардың назарын аударатын көркем суреттерді, иллюстрацияларды, басқа да жарнамалау әдістерін тиімді қолдану арқылы тұтынушыларды қызықтыру.

2. Сіздің ұсынысыңыздың ұтымдылығын баса көрсету арқылы қызығушылықты қолдау.

3. Өзіне пайдалы екенін түсіндіру арқылы клиенттің ықыласын немесе соған ұқсас пейілін тудыру.

4. Мына артықшылықтарды көрсету: бағасының төмен болғанынан емес, оған жақсы қызмет көрсеткенінен және сапасының жоғары болуынан тауардың бағасы байланысты болады; клиенттің өзінің адамгершілігін сезінуіне көңіл бөлу қажет, осыған сәйкес пейілді тудыру керек.

5. Сатып алуды ұйымдастыру (жеңілдендіру) қажет: нақты ұсыныстарын (өнімге немесе қызметке байланысты) қайда және қалай жүзеге асыратыны туралы клиенттерге хабарлама жеткізуі керек.

6. «Уақытыңды бос өткізбе», «Жеделдет», «Бақытты кезең» сигналдарын іске қосу қажет, яғни басқа іске көңіл бөлместей клиентке ұсыныстарды жедел орындауға қызықтыру.

Жарнама – тұтынушы мен туристік өнімдердің тікелей емес байланыс түрі. Жарнамалау үшін БАҚ (баспасөз, радио және т.б.) және әсіресе баспасөз материалдары (каталогтар, брошюралар, афишалар) қолданылады.

Туризмде мына жарнама түрлерін қолданады:

1) Бастапқы түрі – алдын ала анықталған туристтер қауымына сапасы, бағасы, тұтыну жолы, туристтік акцияның өткізілуі орны туралы

толық деректер хабарлау жолымен осы рынокқа арналған туристік өнімнің немесе қызметтің жаңа түрімен таныстыру.

2) Бәсекелестік – бәсекелес басқа туристік фирмалардың ұсынатын тура сондай өнімдерінің арасынан жарнамалатын өнім түрін бөліп алу.

3) Сақтаулық – бұрынырақ жарнамаланған туристік өнімнің сұранысының жоғарғы деңгейін ұстап тұру.

Жарнаманың мақсаты – тұтынушының назарын аудару, қызығушылығын тудыру, оған хабарламаларды жеткізу және оны белгілі мақсатта іске кірісуін мәжбүрлеу.

Туризм индустриясындағы жарнаманың ерекшеліктеріне мына төмендегідей анықтамалар беріледі:

1) туризмдегі жарнамаға оның көмегімен ұсынылатын хабарламалардың шынайылығына және нақтылығына зор жауапкершілік жүктеледі;

2) дәстүрлі тауарлармен салыстырғанда, туризм қызметінің тұрақты сапасы, дәмі, пайдалылығы болмайды, сондықтан да ҚР бойынша хабарламалар сияқты жарнаманың алдыңғы қатарлы басқа да функцияларын дамытуды қажет етеді;

3) туристік қызметтің өзгешілігі тур нысандары мен қызықтарын нақтылап айқындайтын көзбен көретін көрнекі құралдарды қолдануды қажет етеді, сондықтан осы мақсат үшін фотосуреттер, картиналар және т.с.с қолдану ұсынылады,

4) жарнама туризмнің тұрақты серіктесі болып табылады және саяхатқа дейін, саяхат кезінде және саяхаттан кейін де адамға қызмет етеді, осы себептен туризм жарнамасына ерекше жауапкершілік және басқа тауарлар мен қызметтерге салыстырғанда сипаттар беріледі.

Жарнаманы әзірлеудің негізгі қағидаттары:

1) жарнама қысқаша түрде болу керек, әйтпесе соңына дейін ұғыну мүмкін болмайды;

2) жарнама тұтынушыға түсінікті болу керек, себебі түйсікке қабылданғаннан кейін жадыда ұзақ уақыт сақталуы тиіс;

3) берілген хабарламалардың орта тұсына қарағанда басында және соңында берілген мәліметтер көбірек түсінікті болады. Жарнамалық хабарламаның жобасы мен мәтінін құрастыру кезінде ең басты мәліметтерге алдын ала көңіл бөліп, соларды қолданып жарнаманың басы мен соңын құрастыру қажет;

4) мағлұматтар әр түрлі және ерекшелеу болуы керек, сонда ғана олар жадыда жақсы сақталады;

5) хабарлама әдеттегі түсініктерге, нанымдарға және көзқарастарға қарама-қайшы келмесе жеңіл қабылданып жақсы есте қалады;

6) қоғамдық өмірдің дамудың негізгі бағыттарын еске ұстаған жөн. Бұл үшін әлеуметтік сауалнама, яғни маркетингтік зерттеулер жүргізу қажет.

Жарнамаларды орналастыру қағидаттары:

1) туристтердің саяхатын өткізуге жоспарланған мемлекеті, аймағы, туристік орталығы немесе курорттары туралы хабарламаларды алатын ақпарат көздерін мұқият зерттеу қажет;

2) жарнамалау құралдары әртүрлі: баспасөз, тақталар, теледидар, радио, бейнероликтер және сату орындары арқылы болуы керек.

3) таңдалып алынған жарнамаларды алып жүрушілердің мүмкіндікті тиімділігі мен қажеттілігін анықтау керек.

Жарнамаларды орналастыру тиімділігін қатаң қадағалау қажет. Бұл турфирмалардың кеңселеріне келушілер мен клиенттеріне фирма және оның турөнімдері туралы ақпараттарды қайдан алғаны туралы сауалнама жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Маркетингтік зерттеулер арқылы жарнамалық кампанияның тиімділігін зерттеу медиажоспарлаудың ажырамайтын бір бөлігі болып табылады.

Идеялар үндеуін құрастыру.

Алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырылған, идеяларды жалпылап жинақтау үшін шығармашылық қызметкерлер әр түрлі әдістерді қолданады. Көптеген идеялар тұтынушылармен, делдалдармен, сарапшылармен және бәсекелестермен әңгімелесіп сұхбат құру нәтижесінде пайда болады. Идеялар үндеуін құрастыру кезінде тұтынушының ықыласымен қайтарымды жауабын тудыратын тартымды күй-жайлар ескеріледі.

Үндеуге баға беру және нұсқасын таңдау.

Үндеуге баға беру және нұсқасын таңдау көбіне төмендегілерді негізге ала отырылып жүргізіледі:

- 1) олардың қажеттілігі;
- 2) ерекшелігі;
- 3) шындыққа сәйкестігі.

Үндеуде алдымен тұтынушыға тауар туралы қажеттілік пен қызығушылық ақпараттар болуы керек. Сонымен қатар, ұсынылған тауардың осы санатында кездесетін, бірақ басқа маркаларға тән емес бірегейлік пен ерекшелікті көрсету керек. Ең соңында үндеу шындыққа жанасымды немесе дәлелді болуы қажет.

Үндеуді орындау.

Үндеудің әсер ету деңгейі тек онда айтылғанға байланысты ғана емес, ол қалай айтылды соған байланысты болады. Күрделі тауарлар туралы сөз болған кезде үндеудің орындалуы шешуші маңызға айналады.

Стильдік жағынан үндеу төмендегі түрлі вариациялармен орындалуы мүмкін:

- 1) түпнұсқадан көшіру;
- 2) өмір сүру үлгісіне баса назар аудару;
- 3) қиял-ғажайып жағдайларды құрастыру;

- 4) көңіл күй мен образды құрастыру;
- 5) мюзикл;
- 6) символдық персонажды қолдану;
- 7) техникалық немесе кәсіби тәжірибеге баса назар аудару;
- 8) ғылыми сипаттағы деректерді қолдану;
- 9) тауардың пайдасындағы куәліктерді қолдану.

Ақпарат тарату құралдары туралы шешім қабылдау. Жарнама беруші белгілі бір уақытта өзінің жарнамалайтын компаниясымен қанша адам танысу керектігін анықтайды. Мысалы, алғашқы жылы жарнама беруші аудиторияның 70 пайызын қамтитынын қанағат ету керек. Жарнаманың жиі шығуы, жарнама беруші белгілі бір уақытта аудитория алдында қанша рет жарнамалау керек екенін анықтайды. Ақпарат таратудағы негізгі түрлердің таңдау келесі көрсеткіштер арқылы жүргізіледі:

- 1) қамту;
- 2) белгілі мерзімдегі жиілік;
- 3) әсер ету күші;
- 4) айқындалған хабарлама құралдарына мақсатты аудиторияның бейімділігі;
- 5) құны.

Нақты жарнама тасымалдаушыны таңдау.

1. Тура жарнама:
  - 1) пошта арқылы;
  - 2) жеке;
2. Үрдістегі жарнама:
  - 1) газеттер;
  - 2) журналдар;
  - 3) арнайы журналдар;
  - 4) фирмалық бюллетендер;
  - 5) телефон кітаптары және т.б
3. Басылымдық жарнамалар:
  - 1) фирманың престиж жарнамасы;
  - 2) проспекті;
  - 3) каталогтар;
  - 4) буклеттер;
  - 5) плакаттар;
  - 6) листовкалар, ашықхаттар, күнтізбелер;
4. Радио.
5. Көгілдір экрандағы жарнамалар:
  - 1) кино;
  - 2) теледидар, видео;
  - 3) слайд, проекция;
  - 4) полиэкран;
6. Сахнадан жарнамалау.

7. Сыртқы жарнама:
    - 1) үлкен көлемді плакаттар;
    - 2) мультивизерленген плакаттар;
    - 3) электрлік бекемделінген жарнамалар;
    - 4) еркін тұрған сөрелер.
  8. Көліктегі жарнамалар:
    - 1) көлік құралдарының сыртындағы;
    - 2) көлік құралдарының салонында;
    - 3) бекеттердегі, станциялардағы, метродағы, әуежайлардағы және т.б. жарнамалар.
  9. Сату орындарындағы жарнамалар.
    - 1) сөрелер;
    - 2) ілініп тұрған плакаттар, планшеттер;
    - 3) орамдар;
    - 4) жаңадан шығарылғандардың нағыз үлгілері.
  10. Кішірек пішінді – сувенирлік жарнама (автоқалам, папкалар, сызғыштар, сағаттар, бюворалар және т.б.).
  11. Арнайы жарнама:
    - 1) көк аспандағы жазулар;
    - 2) ұшақтармен мен тікұшақтар соңындағы плакаттар;
    - 3) арнайы қондырғылар;
    - 4) жануарлар (аттар, түйелер және т.б.) жабуындағы жарнама.
- Жарнама бағдарламасын бағалау:
- 1) коммуникативтік тиімділігін өлшеу;
  - 2) сауда тиімділігін өлшеу арқылы жүргізіледі.

Тұтынушылардың туристтік өнімді маркетингтік зерттеуінің мақсаты және міндеттері.

Тұтынушылардың туристтік өнімді маркетингтік зерттеуі – клиенттердің арнайы тұтынушылығын анықтауға арналған қызметтерді ойлап шығару, алға жылжыту және жүзеге асыру үрдісі. Бұл зерттеу клиенттерге сервистік қызметті ұйымдастыруда және дұрыс таңдау жасауға көмектесуге ықпал етеді.

Маркетингтің эволюциялық даму кезеңі ғасырдан астам уақыт созылып келеді. Ірі ауқымды өндіріс қалыптасып, бәсекелестіктің күрт шиеленіскен жағдайларында өндірісті басқару және өнімді өткізу әдісі ретінде ол, ең алғаш Америка құрама штаттарында (АҚШ), содан кейін Еуропа елдерінде де пайдалана бастады. XX ғасырдың 60-шы жылдары маркетинг ғылымы негізделді және толыққан нарық жағдайында өнімді сатудың тиімді әдісі ретінде кең қолданылды, ал 80-ші жылдары қызмет көрсету саласына және коммерциялық емес іс-әрекетке де енгізіле бастады.

«Маркетинг» ұғымы ағылшынның «market» (нарық) сөзінен шыққан, ал «инг» жалғауы нарық жасаушы немесе нарық аумағындағы қызмет дегенді сипаттайды. Маркетинг ірі ауқымды өндірістің қалыптасуы және



бәсекелестіктің күрт шиеленіскен жағдайында өнімді өндіру мен өткізуді басқарудың әдісі ретінде бөлініп шықты.

Маркетинг дамуының бірінші кезеңі XX ғасырдың басынан бастап 40-шы жылдардың соңына дейін созылды. Бұл кезеңдегі маркетингтің мақсаты – тауарларды ұтымды өткізу, тездетіп сату және коммерциялық іс-әрекеттің тиімділігін арттыру болды.

Маркетинг дамуының екінші кезеңі 1960-1970 жылдарды қамтиды, осы кезеңде маркетинг тұтынушылардың сұранысына бейімделген басқару теориясы мен тұжырымдамасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Бұл компаниялардың қызметін басқаруды маркетинг қағидалары негізінде жүзеге асыру ғылымының негізін қалады, ол «басқарудың нарықтық теориясы» деп атала бастады.

70-ші жылдардың екінші жартысында маркетинг эволюциялық дамуының үшінші кезеңіне аяқ басып, бизнестің пәлсафасына айналады. Нарық құрылымындағы орасан зор өзгерістердің болуы, оның қызмет түрлері мен тауарларға толуы, бәсекелестіктің өршуі, ғылыми-техникалық прогрестің өсуі, маркетинг мәнінің түрленуіне әкелді – оны бәрінен бұрын сыртқы ортаны зерттеу мен оған бейімделудің жолын іздейтін және фирманың барлық қызметін біріктіретін корпоративтік стратегияның элементі ретінде қарастыра бастады.

Маркетинг теориясы экономикалық ғылым жүйесінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Маркетингті тереңдетіп зерттеу тек нарық, айырбас, тауар, сұраныс, қажеттілік сияқты экономикалық категорияларының мәнін түсіну негізінде ғана болуы мүмкін. Бұл түсініктер маркетингтің прагматикалық теориясының даму негізі болып табылды.

«Нарық» түсінігі экономикалық санаттардың кең тараған түрінің бірі екеніне қарамастан, оның бірыңғай түсініктемесі жоқ. Алғашқы кездерде «нарық» базар, сату орны ретінде қарастырылды. Маркетинг жүйесіндегі нарық – нақты және әлеуетті тұтынушылардың жиынтығы. Нарықты өзінің тауарды сатып алу мүмкіндігі және қажеттіліктері бар тұтынушылар құрайды. Сондықтан маркетингтің басты міндеті тұтынушылардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін айқындау және қанағаттандыру болып табылады.

Тауар маркетингтік бүкіл іс-әрекеттің қозғаушы күші, оның төңірегінде маркетингтің саясаты мен стратегиясы жасалады. Тауарға маркетингтік тұрғыдан келу үшін ең алдымен оны тұтыну ерекшелігінің маңызы мен нақты бір қажеттілікті қанағаттандыратын мүмкіндігін ескеру керек.

Тауар – бұл адамдардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыратын және айырбасқа түсетін өнім. Тауарлар материалды және материалды емес сипатта болады. Тауардың пайдалылығы және оны жасаушылардың барлық жұмсалған күш-жігері маркетинг теориясында маңызды орын алатын айырбас барысында айқындалады.

Айырбас – өндірушілер мен тұтынушылардың баламалы негізде жүзеге асырылатын қоғамдық байланыс түрі. Айырбас жүргізу үшін екі немесе одан да көп жақтардың қатысуы керек, олардың әр қайсысында құндылығы бар тауар және сонымен қатар айырбастауға деген ниет болуы тиіс. Екі немесе одан да көп жақтың құндылықты айырбасқа салуы трансакция немесе мәміле деп аталады.

Мәміле – белгіленген шартқа байланысты тауар мен қызметті іске асыру үшін екі немесе бірнеше жақтардың өзара келісімі.

Маркетинг жүйесінде сұранысты зерттеу – нарықты кешенді зерттеудің басты кезеңі, ол нарықтық жалпылама сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Сұраныс – сатып алу қабілеті бар қажеттілік. Сұраныс адамның қажеттілігін ғана емес, ең басты оның қажетті тауар сатып алуға қаржылық мүмкіндіктерін де білдіреді. Сұраныстың екі деңгейі бар: жалпы нарықтағы сұраныс және фирма өніміне сұраныс.

Нарықтағы сұраныс – бұл фирма және тауар маркаларының жиынтығына арналған нақты кезең мен нақты мекендегі тауар нарығында қолданылатын жалпы сату көлемі.

Өнімге сұраныс – фирманың нарықтағы үлесіне сәйкес келетін, тауар нарығындағы сұраныс бөлігі.

«Сұраныс» пен «қажеттілік» түсініктері арасында тығыз байланыс, айырмашылық және қарама-қайшылық бар екенін атап өтуіміз қажет.

Қажеттілік – мағынасы кең ұғым. Сұраныс қажеттіліктің бір бөлігі және ол тұтынушының сатып алу қабілетін сипаттап қана қоймай, сонымен бірге олардың тауарға талғамы мен талабын да білдіре алады.

Өзінің эволюциясы кезінде маркетинг тұжырымдамасы көптеген өзгерістерге ұшырады, соған сәйкес маркетинг мәніне деген көзқарастар өзгерді, оның көптеген анықтамалары туындады. Германия Федеративтік Республикасының (ГФР) Маркетинг институтының мәліметтері бойынша, бүгінгі күні маркетингтің 2000-нан астам анықтамасы бар. Ресейлік ғалым М. Валоваяның пікірінше, маркетинг сөзі құбылмалы, не айтқысы келсе, соны білдіре алады, сондықтан бір ғасырдан астам уақытта ғалымдар оған әр түрлі сипаттағы анықтамалар беруде.

Маркетинг теориясында анықтамалардың екі тобын бөліп көрсетеміз, ол: классикалық және осы заманғы. Классикалық түсініктемеде тауарлар мен қызметтерді жылжыту процесіне баса назар аударылады.

Маркетингтің дамуына қарай, ғалымдар мен мамандардың көзқарастары өзгеріп отырады. Ф. Котлер алғашында маркетингті «Фирмаға ұзақ мерзімді ең үлкен шамадағы пайданы қамтамасыз ететін, тұтынушыға бейімделген өндірістік-өткізу әрекеті» деп сипаттаған болса, соңғы еңбектерінде оны «тауарды өндіру, оны тұтынушыға ұсыну және айырбас жолдарымен жеке және топталған тұтынушылардың

мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік және басқару үрдісі» деп көрсетті.

Маркетингтің шетелдік және отандық ғалымдар ұсынған неғұрлым жиі кездесетін анықтамаларын талдай келе, олардың мазмұнына қарай былай топтастыруға болады.

1. Маркетингі тауарлар мен қызметтерді өткізу және сату ретінде қарастыратын анықтамалар.

2. Маркетинг менеджменттің маңызды міндеті ретінде қарастырылады, мұнда ол фирманың өндірістік-өткізу әрекетінің басқару жүйесі деп беріледі.

3. Маркетинг – қазіргі бизнес пәлсафасы, ойлау стилі және тұтынушылардың мұқтаждықтары мен тілектерін қанағаттандыруға бағытталған мақсат.

4. Маркетингі адамдардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін зерттеуге және қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік үрдіс ретінде қарастырылатын анықтамалар.


Маркетингтің қағидалары мен әдістері тек өндіріс пен коммерциялық қызметте ғана емес адамзаттық қызметтің барлық өрістерінде қолданылады. Сондықтан маркетинг объектілері тек қана тауарлар мен қызметтер ғана емес, коммерциялық емес ұйымдар (Қызыл Ай және Қызыл Крест қоғамы), жеке аймақтар (Ыстық көл), идеялар (қоршаған ортаны қорғау) және адамдар да (әртістер, саяси көшбасшылар) бола алады.

Маркетингтің қызметтік және тұжырымдамалық екі жағы бар:

Қызметтік тұрғыдағы маркетинг – ол бұл кәсіпорынның қазіргі нарық жағдайында фирманың маркетингтік қызметін ұйымдастыру және оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін жүзеге асырылатын қызметтер жүйесі.

Маркетингтің классикалық теориясының негізгі маркетинг – микс тұжырымдамасы болып табылады, оны алғаш рет Америка ғалымы Н. Борден ұсынған, кейіннен Дж. Ховард, Б. Фрей, Е. Маккарти, Ф. Котлер дамытқан. Оның негізінде қазіргі кездегі маркетинг тұжырымдамалары қалыптасқан, сондықтан ол классикалық деп аталады.

Мичеган университетінің профессоры Е. Маккарти «маркетинг – микс» тұжырымдамасын дамыта отырып, 1960 жылы төрт элементтен тұратын «4 Р» моделін ұсынды, ол ағылшынша «р» әрпінен басталатын өнім, баға, орын және жылжыту деген ұғымдардан тұрады. Бұл модельдің ықшамдылығы және сыйымдылығы, оны қабылдаудың қарапайымдылығы, құрылуының логикасы оны теорияда және тәжірибеде маркетингтік өзгермелілерді анықтаудың әйгілі түрі ретінде қолдануға мүмкіндік берді (1-сурет).



1-сурет. Маркетингтік төрттік «P».

Бұл тұжырымдаманы алғаш рет «Дженерал Электрик» компаниясы пайдаланған. Көптеген ғалымдардың ойынша, бұл модель шектеулі, объективті экономикалық жағдайлар мен өзгерістерді 4 «P» моделіне біріктіру мүмкін емес. Сондықтан шетел ғалымдары маркетинг ұғымын дәстүрлі кешенге ағылшын тіліндегі P әрпінен басталатын (people – адамдар, personal – қызметкерлер, package – орама, purchase – сатып алу, probe – зерттеу, мақұлдау, анықтап қабылдау, public relations – көпшілікпен байланыс) басқа элементтерді енгізіп, осылайша «5P», «6P», «7P», «9P» тұжырымдамаларын ұсынды.

Бұл үлгі элементтерінің санын көбейту қажет емес өйткені жоғарыда атап өткен параметрлер «4 P» үлгісі фирманың маркетингтік қызметінде, әсіресе қаржы-қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты фирманың мақсатына жетуге мүмкіндік беретін маркетинг-микстің тиімді құрылымын анықтау маңызды тәжірибелік орын алады. Бұл үлгінің жеке элементтерінің салыстырмалы мәні ұйым типіне, тауар түріне және оған сұранысқа, тұтынушы мінез-құлқына тығыз байланысты.

Маркетинг тұжырымдамалары. Маркетинг нарықтық экономикалық жүйеде орны бар, ойлау стилі, іргетасты қалайтын қондырғы немесе басқару пәлсафасы сияқты кәсіпкерліктің де ең негізгі тірегі болмақ. Маркетинг тұжырымдамасы фирма қызметінің басты мұраты – сатып алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және осының негізінде оның өсу мен мол пайда табу мақсатына жетуді көздейді.

Маркетингтің теориясы мен тәжірибесінде мынадай тұжырымдамалар белгілі:

1. өндірістік;
2. тауарлық;
3. өткізу немесе саудалық;
4. маркетингтік;
5. қоғамдық немесе әлеуметтік-этикалық маркетинг тұжырымдамасы.

2-кесте. Маркетингтік тұжырымдамалар

<b>Тұжырымдамалар</b>	<b>Қолдану шарттары</b>	<b>Мақсаттар</b>
Өндірістік	Сұраныс ұсыныстан елеулі түрде артық; үлкен және тұрақты нарықтың болуы.	Өнімді өндірудің жоғары тиімділігіне жету, бағаларды төмендету.
Тауарлық	Тұтынушының тауар сапасына қоятын талаптары.	Тауарды жетілдіру және оның сапасын арттыру.
Өткізушілік немесе саудалық	Монополия және тауар тапшылығы жағдайы; өнімдерді өткізудің шектелген нарығы.	Өндірілген тауарды сату, өткізу бойынша жоспарды орындау.
Маркетингтік	Тұтынушылардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін білу; мақсатты нарықтың болуы; біріккен маркетинг жүйесін құру.	Бәсекелестермен салыстырғанда тұтынушы мұқтаждықтары және қажеттіліктерін неғұрлым жақсырақ қанағаттандыру.
Қоғамдық (әлеуметтік-этикалық маркетинг)	Экология мәселелері; әлеуметтік және этикалық мәселелерді есепке алу қажеттілігі.	Фирманың пайда табуы; сатып алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; қоғам мүддесін ескеру.
Өзара әрекеттесу маркетингі	Тұрақты сатып алушылар мен бизнес-серіктердің бар болуы.	Сатып алушылар мен бизнес-серіктер арасындағы ұзақ мерзімді өзара қатынастарды орнықтыру мен қолдау.

Бұл тұжырымдамалар американдық экономиканың дамуының белгілі бір кезеңдерін, сонымен қатар әлемнің дамыған елдерінде болып жатқан экономикалық және саяси өзгерістерді сипаттайды. Оларды практикалық іс-әрекетте қолдануға фирманың мақсаттары, тауар түрлері, бәсекелестік артықшылықтардың шығу көздері, маркетингтің шоғырлану дәрежесі нарықтағы бәсекелестік деңгейі сияқты көптеген факторлар әсер етеді.

Маркетингтің өндірістік тұжырымдамасы жаппай өндіріс және жаппай тұтыну дәуіріне сәйкес келеді. Бұл тұжырымдаманың қолдануы мынадай шарттарды талап етеді:

1. Сұраныс ұсыныстан жоғары;

2. Халықтың көп бөлігінің табысының төмендігіне байланысты шығарылатын тауарлардың өзіндік құнын төмендету қажеттілігі;

3. Компания тауарын тұтынушылар саны ұлғайған сайын, өндірістік шығындар төмендейді, ол өз кезегінде нарықтың үлкен үлесін жаулап алуға мүмкіндік береді;

4. Үлкен және тұрақты нарықтың болуы.

Маркетингтің тауарлық тұжырымдамасы – тауарды жетілдіру және оның сапасын жақсартуды негізгі мақсат деп қояды. Бұл тұжырымдаманың негізгі қағидасы – тұтынушыны өзінің сапалық сипаттамалары бойынша бәсекелестердің ұқсас тауарларынан асып түсетін тауарлар мен қызметтерге бейімдеу.

Өткізу немесе сауда тұжырымдамасы ұйымдарды мынадай мақсаттарды орындауға бейімдейді: өндірілген тауарды сату, сатып алушыларды табу, өткізу бойынша жоспарды орындау. Өндірушілер және сатушылар өз қызметін, маркетингтің барлық құралдары мен тетіктерін қолдана отырып, тауарды өткізуге және сатуға бейімдейді. Осы тұжырымдаманы қолданатын өндірушілер тауарлар тапшылығында және монополия жағдайында жұмыс істейді.

Маркетингтік тұжырымдама қазіргі таңдағы жаңа тұжырымдама ретінде өткен ғасырдың 50-жылдары қалыптасты. Оның мәні мынада: ұйымның табысты қызмет етуінің шартты тұтынушының қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын анықтау және оларды қанағаттандыру есебінен фирма мен компаниялардың өз мақсаттарына жету. Басты объект – фирманың мұқтаждықтары мен қажеттіліктері бар мақсатты клиенттері. Демек, маркетингтік тұжырымдама – клиенттердің мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін өтеуге бағытталған фирма жұмысын бір арнаға біріктіру және оларды бәсекелестермен салыстырғана тауармен тиімді қамтамасыз ету. Маркетингтік тұжырымдаманы «Тұтынушы – король!»; «Клиенттің айтқан сөзі әрқашанда дұрыс!» деген сияқты ұрандар бейнелейді.

Көптеген компаниялардың мақсаты – пайда табу, ал маркетинг тұжырымдамасы клиенттерді қанағаттандыру арқылы осы мақсатқа жетуге көмектеседі. Тұтынушыларға сатып алған тауары мен қызметтің құндылығы білініп тұрғаны керек және олар сатып алған тауарының сапалы болғанын қалайды.

Қоғамдық немесе әлеуметтік-этикалық маркетинг тұжырымдамасы 80-ші жылдардың басында экологиялық және тұтынушылық қозғалыстардың күшеюіне байланысты дамыған. Бұл тұжырымдама мынандай сәйкестендірілген үш факторды пайдалануды талап етеді: олар фирма пайдасы, тұтынушылар қажеттілігі және қоғам мүдделерін қанағаттандыру.

Маркетинг түрлері және олардың Қазақстанда даму тенденциялары. Тәжірибеге сүйенетін болсақ, маркетингтік үрдіс тігінен де, көлденеңінен

де жүзеге асырылады. Осының негізінде маркетинг түрлерін жіктеу белгілері арқылы жүйелендіруге болады.

Ғылыми-теориялық негіздерді талдау және синтездеу негізінде сонымен қатар маркетинг тәжірибесіне сүйеніп, біз жіктелу белгілерін қолдана отырып, маркетинг түрлерін жүйелендірдік.

Экономикада пайдалану деңгейіне байланысты маркетингті макро-және микромаркетинг деп бөлуге болады.

Микромаркетинг теориясының эволюциясын талдаған Дж. Шит, Д. Гаррет сияқты америкалық ғалымдар оның пәні ретінде фирманың маркетингтік қызметі мен қоғамның өзара қарым-қатынасын есептейді, ал 60-80-ші жылдары аралығында оған көп назар аударылуы себебін сол кездегі қоғамның әлеуметтік және экономикалық өмірінде кәсіпкерлік пен бизнес рөлінің артқандығымен түсіндіреді.

Микромаркетинг қажеттіліктерді қоғам деңгейінде талдауға және олардың тауарлық нарықтардың дамуына ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті макромаркетинг мәселелері микромаркетингке қарағанда, қоғам мүдделеріне негізделіп және жалпы экономикалық жүйе деңгейінде қарастырылады.

Маркетингтің макродеңгейде дамуын тауар және қызмет маркетингі деп, екі бағытта ажыратып көрсетуге болады. Маркетингтің қолдану аумақтарын жүйелей отырып, оның қолданатын негізгі салаларына сәйкес: өнеркәсіптік, тұтыну, қызмет көрсету және коммерциялық емес деген түрлерін бөліп көрсетуге болады. Осылардың әрқайсысына сәйкес нарықтардағы маркетингтік қызметті сипаттайды.

Нарықтық экономика жүйелеріндегі маркетингтің ең дамыған түріне тұтыну маркетингі жатады. Ол тұлғалар мен отбасыларынан тұратын түпкі тұтынушылар және фирмалар арасындағы қызмет өрісін қамтиды.

Қазақстан экономикасындағы қызметтердің келешегі шағын және орта бизнестің, қоғамдық тамақтану мен қонақ үйі шаруашылығы саласындағы бірлескен кәсіпкерліктің, делдал- коммерциялық қызмет, көтерме және бөлшек сауданың жаңа нышандарының, халықаралық туризмнің дамуына байланысты. Осыған байланысты қызмет секторы кәсіпорындарының саясаты мен стратегиясын әзірлеп, іс жүзіне асыру құралы ретінде қызмет көрсету маркетингінің рөлі арта түсуде.

Қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы және осы нарықтағы бәсекелестіктің өршуі қызмет көрсету маркетингінің пайда болуына әсер етті. Оның тәсілдері мен әдістері, қағидалары тауарлар маркетингімен ұқсас болғанымен кейбір айырмашылықтары да бар.

Жүзеге асыру шекараларына байланысты маркетингтің ұлттық, халықаралық, ғаламдық деген түрлері бар.

Әр мемлекеттің экономикасының даму тиімділігінің шарты – бұл маркетингті ішкі және сыртқы нарықтарда қолдану. Ішкі маркетинг екі аспектіде қарастырылады: ұлттық нарыққа мемлекет ауқымында және

фирма ішіндегі жүзеге асырылатын маркетинг. Соңғысы фирманың клиенттерін және өз қызметкерлерін нарық субъектісі ретінде қарастырып бейімдеуін көздейді. Қазіргі кезде қазақстандық кәсіпорындарда өз қызметкерлері ішкі маркетинг бөлігі ретінде қарастырылып жатқан жоқ.

Әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында халықаралық маркетингтің әдістері мен қағидаларын пайдалану өзекті мәселе болуда. Ішкі маркетингке қарағанда, халықаралық маркетингтің әр елдің ұлттық, экономикалық және саяси ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру өзгешелігі бар.

Тұлғалық немесе эго-маркетинг – нақты тұлғаға қоғамның оң көңілін тудыру және оны демеуге бағытталған қызмет. Саяси қайраткерлер, әртістер, спортшылар және бизнесмендер өзінің танымалдылығын және имиджін көтеру мақсатында маркетинг әдістерін қолданады.

Қазіргі кезде маркетингтің маңызды түрі – идеялар маркетингі. Маркетинг жүйесінде идея тауар ретінде қарастырылады және «әлеуметтік маркетинг» түсінігімен тығыз байланысты болады.

Өндірушінің тұтынушымен байланысына қарай тікелей және желілік сияқты маркетингтің екі түрін айқындаймыз.

Маркетингтің қағидалары және қызметтері. Фирманың өндіру-өткізу қызметі басқару жүйесі ретінде маркетинг нақты қағидаларға негізделеді. Оларды білу, тәжірибеде дұрыс қолдану фирма басшыларына тұтынушының сұранысын өз уақытында айқындап, тауарларын олардың қажеттіліктері мен талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қағида – теория мен ғылымнан шығатын ұйғарымдардың негізі немесе кез келген жүйенің негізгі ережесі болып табылатын тұрақты заңдылық. Маркетингтің қағидалары – маркетинг дамуының тұрақты заңдылығын сипаттайтын негізгі ережелер.

Маркетингтің мынадай қағидаларын бөліп көрсетуіміз керек:

1. Тұтынушылардың мінез-құлқын және талаптарын үнемі зерттеу;
2. Сұраныс пен қажеттіліктің өзгермелі серпініне өндірістің тәуекелділігі немесе өндірушінің тұтынушылық сұранысқа бейімделуі;
3. Сұранысты қалыптастыру және ынталандыру;
4. Түпкілікті нәтижеге жетуге ұмтылу.

Маркетингке жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру мен бақылау сияқты кез келген басқарудың функцияларымен толықтырылып, нақтыланып отырылады:

1. Нарықты маркетингтік тұрғыдан зерттеу;
2. Маркетингті жоспарлау;
3. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастыру;
4. Тауарлық саясаттың жүзеге асуы;
5. Баға саясатының қалыптасуы;
6. Кәсіпорынның сату саясаты;



7. Өнімнің жылжуы мен коммуникациясын ұйымдастыру;

8. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін бақылау.

Маркетингтің негізгі мақсаттары. Экономикалық субъектілердің маркетингтік қызметінің табысты болуы үшін дұрыс таңдалған қысқа, орта және ұзақ мерзімді маркетинг мақсаттары маңызды орын алады. Бұл мәселенің маңыздылығын баса атай отырып, Сенеканың «Қай айлаққа жүзетінін білмегенге қуалай соққан жел де жоқ» деген сөздерін келтіруге болады.

Менеджменттің негізін салушыларының бірі Г. Эмерсон өзінің «Өнімділіктің он екі қағидасы» атты еңбегінде ең басты қағида нақты қойылған мақсаттарды келтіреді.

Маркетингтік мақсаттар фирманың өз мақсатына жетуін қамтамасыз етеді. Бұл мақсаттар сан арқылы көрсетіледі және нақты, уақыты шектеулі, икемді болып келеді, әр түрлі жағдайларға қарай түзетуге келетін мақсаттар болуы мүмкін.

Мақсаттар сатысында, әрине, алғашқы орын фирманың табиғи мақсаты болып саналатын – үнемі пайда түсіру және оны көп шамалау болып табылады.

Қазақстандағы маркетингтің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері. Нарықтық қатынастардың дамуына орай, экономикалық субъектілердің қызметін басқарудың нарықтық тұжырымдамасы ретінде маркетингті қолданудың объективтік қажеттілігі туындады. Маркетинг қағидаларын терең пайдалану үшін, оның теориясы мен әлемдік маркетинг тәжірибесін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, ұлттық, аймақтық және тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, қайта пайымдау қажет.


Әкімшілік-жоспарлы экономика кезеңінде отандық ғалымдар маркетингті өнімді мөлшерден көп өндіріп, оны өткізумен ғана айналысатын капиталистік қоғамға ғана тән экономикалық санат ретінде қарастырған.

Маркетинг қағидаларын елемей, көптеген өнімнің өткізу нарықтарының және тұтынушылардың төлем қабілеттілігінің болмауы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоймаларында дайын өнімнің ірі қорларының жинақталуына әкеліп соқтырды. Мұндай экономикалық жағдай өтпелі экономиканың дамуының алғашқы кезеңіне тән. Егер 1998 жылдың 1 қаңтарында ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша республикамыздың өндіруші кәсіпорындарында дайын өнім қорлары 10 млрд теңгеден астам болса, ал 2000 жылдың 1 қаңтарында – 5 млрд теңгеге жетті. Мұндай жағдайдың басты себептерінің бірі – кәсіпорындардың нарықты зерттемеуі, тұтынушылардың сұранысына маркетингтік зерттеулер жүргізбеуі болып табылады.

Қазақстан экономикасында маркетингті қолданудың ерекшеліктері мен серпіні және экономикалық субъектілердің қоршаған орта факторларының қағидаларын пайдалану барысына ықпал ету сипаты

көбіне өтпелі кезең жағдайына орай анықталады. Маркетинг дамуына маңызды факторы – нарықтық шартын сатып алушы белгілеп, билік жүргізетіндей, ұсыныс сұраныстан жоғары болатындай жағдай жасау.

Маркетингтік ақпарат жүйесі (МАЖ) және маркетингтік зерттеу. Маркетингтік ақпарат жүйесі – бұл маркетинг саласында шешімдер қабылдау үрдісінде қолданылатын, ақпаратты жүйелі, жоспарлы жинаудың, талдаудың және таратудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы (2-ші сурет).



2-сурет. Маркетингтік зерттеулердің сызба үлгісі.

МАЖ ішкі ақпарат, маркетингтік зерттеулер, ағымдағы сыртқы ақпарат, ақпаратты өңдеу және талдау секілді салыстырмалы ерекшеленген төрт жүйеден тұрады (2-ші сурет).

Маркетингтік ақпараттың міндетті ұйымды, фирманы тауардың жылжу жүйесіндегі қандай да болса ауытқуларға жедел жауап қайтаруға дайын күйінде ұстау болып табылады.

Маркетингтік қызмет бөлімдерінің жалпы қажеттіктері маркетингтік зерттеулерді үзбей бақылау мен деректер жинауды қамтитын маркетингтік ақпараттық торап арқылы қанағаттандырылады.

Маркетингтік зерттеу зерттелген проблемаларды шешуге жеткілікті ақпарат береді.

**Үзбей бақылау** – бұл айналаны қоршаған ортаны ретті талдауға арналған тәсілдеме. Ол мыналардан тұрады: іскерлік және салалық басылымдарға жазылу, жаңалықтар бюллетенімен танысу, қызметтерден және тұтынушылардан ретті түрде ақпарат алып тұру, іскерлер отырыстарына қатысу және бәсекелестердің әрекеттері мен қимыл-құлықтарын бақылау.

**Деректерді сақтау** – бұл барлық маңызды деген ішкі фирмалық ақпараттың, осы секілді маркетингтік зерттеу және үзбей бақылау арқылы алынған ақпараттардың қорын жию.

Маркетингтік ақпараттың қолда барлығы бәсекелестік күресте үстемдік алуға, қаржылық қауіп-қатерді, тұтынушылардың көңілін анықтауға, сыртқы ортаны бақылауға, жарнамаға деген сенімді, тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Маркетингтік зерттеу үрдісі төмендегі кезеңдерден тұрады: проблемаларды зерттеу мақсаттарын анықтау; қолдағы ақпаратты талдау проблемаларды әрі қарай талдап-білудің қажеттігін бағалау; ақпарат жинаудың әдістері мен мүмкін деген көздерін және қаржылық, еңбектік ресурстарды бағалау, ақпарат жинау; нәтижелерді талдау; зерттеу нәтижелері туралы баяндама дайындау және басқармаға тапсыру.

Зерттеулерді жіктеу түрлері зерттеу мақсаттарына, ақпараттың көздеріне, зерттеудің объектісіне және көлеміне байланысты аталынады.

Зерттеудің мақсаты әдетте фирманың басқарушылары шешуге тиіс проблемаларға сәйкес келеді. Бәрінен бұрын зерттеудің түрін анықтайтын ең басты үш проблемаға назар аударылады. Бұлар – басқарушылардың көңілі шаруашылық және нарық конъюктурасының дамуына түскенде, конъюктураны зерттеу. Мұның мақсаты – сұранысы бар тауарларға қай уақытта жаңа қаржылар салуды бағалау. Нарықты зерттеу фирманың тауарларының түрлері көп болған және кейбіреуін белгілі рынокта сатуға болатын жағдайда жүргізіледі. Мұның мақсаты осы нарықтың маркетингтік қоршамына қандай факторлар бар және олар қалай әсер ететінін анықтау. Фирма тауардың белгілі бір көлемін өткізуді, нарықтық үлесін айқындауды, жаңа өнім дайындап және оны нарыққа енгізуді, тауарлық, өткізулік, сервистік, бағалық және жарнамалық саясатын жетілдіруді өзіне мақсат етіп қойған жағдайларда маркетинг үрдісінің элементтері зерттеледі.

Ақпарат алудың көзіне байланысты зерттеу кабинеттік, «қырдағы» және қосынды болып бөлінеді. Кабинеттік зерттеуде тек қана екінші ақпаратпен шұғылданады, ал «қырдағы» зерттеу бірінші ақпарат жинауға арналады.

Екінші ақпарат – бұл қандай да болса мақсатпен жиналған және қандай да бір материалдық жинағыштарда (кітаптар, журналдар, статистикалық басылымдар, бейнефильмдер, слайдтар, дискеталар және т.б.) сақталған деректер. Екінші ақпараттың көзі ішкі және сыртқы мағлұматтар көзі бола алады.

Ішкі (қайнар) көздері – бұл фирманың нарықтық, бағалық және валюталық ақпараты: өткен, ағымдағы және болашақта түсуі мүмкін шығындардың себептерін аша жазылған есептер мен анықтамалар, ұйымның даму жоспарлары, ақпараттың және маркетингтік қызмет бөлімшелерінің хабарлары, каталогтар, проспектілер, бағалық парақтар және т.б.

Сыртқы (қайнар) көздеріне кедендік статистикаларды сауда-өндіріс палаталарының, белгілі бір өндірушілер ассоциацияларының статистикалық басылымдарын, салалық бюллетеньдерді, сауда қызметтерінің және шетелдегі өкілдерінің баяндамаларын, фирмалардың мекен-жай анықтамаларын және т.б. жатқызады.

Бірінші ақпарат болып анық мақсатпен бірінші (қайнар) көздің өзінен немесе басқа бір жеткілікті түрде ақпаратты иеленіп отырған ортаңғы буындардан жиналғандар саналады.

Бірінші ақпарат жию қашан да қымбатқа түседі, ұзақ уақыт және білікті мамандарды қатыстыруды талап етеді.

Объекті мен көлеміне қарай зерттеулерді жаңа өнім талдаумен (жасаумен, қолдағы тауарлардың жетілдіруін және номенклатурасын оңтайлаумен, тиімді жарнамалық саясат жүргізумен және т.б. байланысты зерттеулерге бөлуге болады.

Бірінші ақпарат жинау үшін, негізінен үш әдіс қолданылады: бақылау, пікір білу (интервью алу), бақылау сынақ. Бақылау әдісі бірінші ақпарат (деректер) жинау мәнінде ең оңайы. Бұл жағдайда бір фирманың маркетинг мамандары тұтынушылардың өндіріліп және сатылып жатқан тауарларға деген көңілін, көзқарасын, жауап-қимылын көріп және тыңдау үшін әлденеше фирмалардың сату орындарына баруы керек.

Пікір білу әдісі жеке беттесуде, интервью алуда, сол секілді пошта және телефон арқылы, техникалық құралдардың көмегімен тілдесулерді қамтиды.

Бақылау-сынақ әдісі тесттерге жауап алудан тұрады.

Әдетте маркетингтік ақпараттар жинағы басқару шешімдерін дайындау және қабылдау міндеттеріне жатпайды. Көбінесе сұраныс және ұсыныстың өзгерулерінің болжамы керек.

Мұндай болжам (жобалама) «ой шабуылы» («мозговая атака») әдісі, «Дельфа» әдісі, морфологиялық талдау, экономикалық және имитациялық моделдер, ойындар теориясы және статистикалық шешімдер әдістерін қолдану арқылы алынады.

Қазіргі заманғы маркетинг жақсы тауар өндіріп, оған мақсатты нарықтың қолы жетерлік өтімді баға қоюмен ғана шектелмейді, оның талабы әлдеқайда жоғары. Фирмалар тапсырыс берушілермен коммуникацияны жүзеге асыра білу керек, коммуникация термині болуы үшін кездейсоқ еш нәрсе болмауы тиіс:

1. Фирмалар әсерлі хабарландырулар жасау үшін жарнамалық агенттіктерді;
2. Тауар өткізуді ынталандыратын мамандар;
3. Тауар туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруды ұйымдастыратын мамандарды жолдауы керек.

Көпшілік фирмалар үшін мәселе коммуникациямен айналасуда емес, бұл салаға қанша қаражат және оны қалай жұмсау керектігінде.

Қазіргі заманғы маркетингтік коммуникация жүйесі мынандай: Маркетингтік коммуникация жүйесіндегі коммуникация және кері байланыс: Маркетингтік коммуникация кешені жарнамадан, өнім өткізуді ынталандырудан, насихаттан, дербес сатудан тұрады. Жарнама-аты мәлім демеушінің тікелей қатысуы.

**Өнім өткізуді ынталандыру** – тауарды сатуға және сатып алуға болатын қысқа мерзімді мадақтау шаралары. Насихат-демеуші тарапына, қызметіне сұранысты ынталандыру үшін ол туралы коммуникациялық маңызы бар мәліметтерді БАҚ арқылы, не болмаса радио, теледидар арқылы тарату. Дербес сату – бір немесе бірнеше әулетті сатып алушылармен ауызба-ауыз сөйлесу, әңгімелесу кезінде сатып алуға көтермелеу мақсатында тауар ұсыну. Тауардың сыртқы безендірілуі, оның бағасы, орауының пішіні мен түсі, сатушының киімі мен өзін ұстау мәнері – сатып алушыға көп мәлімет беретін мәселелер. Әр санат үшін коммуникацияның мынандай өзіндік ерекше тәсілдері тән: сауданың таныстыру шаралары, экспозиция, кәдесыйлар көмегімен жарнамалау, мамандандырылған көрмелер, жәрмеңке, көрсету, каталогтар, сауда-жарнама әдебиеті, плакаттар, конкурстар, сыйлықтар, купондар, жарнамалық-ақпарат сұрыптамалары. Жоғары коммерциялық тиімділікке қол жеткізу үшін өзінің маркетингтік кешенін үйлестіре білу керек.

Коммуникация үрдісі басқару үрдісінің маңызды, мәнді бөлігі болып табылады. Маркетингте коммуникация үрдісі тұтынушыларға бағытталған, демек ол барынша тиімді болуы үшін әбден ойластырылып, жүйелі сипатта болуы керек. Коммуникациялық үрдіс тұтынушы секілді санаттың барлық ерекшеліктерін, оның жас мөлшерін, білімін, қызушылығын, нені ұнататынын ескеру қажет. Сондай-ақ БАҚ-ның тиімділігін, басылымның

көпшілікке жетуін, хабардың эфирге шығу уақытының қолайлығын және т.б. назарға алу тиіс. Тиімді маркетингтік коммуникация үрдісінің мынадай кезендері бөлінеді. Бірінші екі элементі – коммуникацияның негізгі қатысушылары, яғни, жіберуші мен алушы. Содан кейінгі екеуі – коммуникацияның негізгі қарулары, яғни ақпарат тарату құралдары. Төрт элемент негізгі атқарушылық құрамдас бөліктер болып табылады: кодтау, шешу, жауап әрекеті, кері байланыс. **Ең соңғы элемент** – жүйедегі кездейсоқ кедергілер. **Жіберуші** – басқа жаққа жолдау жіберуші тарап. **Кодтау** – ойды бейнелеп беру процесі. **Ақпарат тарату құралдары** – жолдау жіберушіден алушыға жеткізетін коммуникация арналған. **Шешу** – алудың жіберушіге таратқан символдарға мән беру үрдісі. **Алушы** – басқа тарап таратқан жолдауды қабылдаушы тарап. **Жауап әрекеті** – алушының жолдауды назарына ұсынған жауап әрекет. **Кері байланыс** – алушының жіберуші назарына ұсынған жауап әрекетінің бөлігі. **Кедергілер** – коммуникация үрдісі барысында орын алатын тосыннан араласу немесе бұрмалау салдарынан жіберуші таратқан жолдаудан өзгеше жолдау келіп түсуі. Олар жолдауды мақсатты аудиторияның жететіндей етіп тиімді БАҚ арқылы жіберуі керек. Олар өздерінің жолдауына аудиторияның жауап әрекетін біліп отыру үшін кері байланыс арналарын жасауы керек. Үлгі тиімді коммуникация үрдісі барысында басты факторларын тауып береді. Жіберуші қандай аудиторияның жауабын алғысы келетінін білу керек.

а) Маркетингтік коммуникация үрдісі. Мақсатты аудиторияның анықтауы қажет мәселе – **нені айту, қалай айту, қашан айту, кімнің атынан** айту керектігі туралы мәселе шешімге әсер етеді. Қалаулы жауап әрекетті анықтау мақсатты аудиторияның сатып алуа дайындығының 6 түрлі жағдайында өтеді; **Хабардарлық** – тауар не ұйым туралы мақсатты аудиторияның қаншалықты дәрежеде хабардар екенін анықтау қажет. Аудиторияның мүлдем хабарсыз болуы, тек атауын ғана білуі не атауынан басқа да нәрселерді білуі мүмкін. Егер аудиторияның басым бөлігі хабарсыз болып шықса, коммуникатордың міндеті – қажетті хабарды жеткізу, ең болмаса атауын білетіндей, танитындай жағдай туғызу. **Білім** – мақсатты аудитория фирма не оның тауары жайында хабардар болуы, бірақ мағұламаттардан хабарсыз болуы мүмкін. **Ізгі ниетті ықылас**. Егер мақсатты аудитория тауарды білсе, ол жайында қандай пікірде болмақ? Алдымен кемшіліктерін ашып алып, содан соң барып артықшылықтарын әңгімелеу керек. **Жоғары бағалау**. Мақсатты аудитория тауарға ізгі ниетпен қарауы және оны басқаларға қарағанда жоғары бағалауы мүмкін. Мұндай жағдайда коммуникатор тұтынушының жоғары пікірін қалыптастыруға тырысып бағады – ол тауардың сапасын, оның құндылығын, жұмыс сипаттамасын, басқа да қасиеттерін мақтай бастайды.

Коммуникатор өзінің осы науқанының табысты болғаны жайында ол аяқталғаннан кейін тұтынушының жоғары пікірін қайта салмақтау нәтижесі бойынша айта алады. **Сенім** – мақсатты аудитория нақты тауарды

жоғары бағалауы мүмкін, бірақ оны сатып алу қажеттігіне сенімі болмайды. **Сатып алуды іске асыру** – мақсатты аудиторияның кейбір мүшелері қажетті сенімге ие болғанымен, сатып алуды іске асыруға дайын болмайды. Бәлкім, олар сатып алуды іске асыруға кейінірекке жоспарлап, қосымша ақпарат алуды тосатын болар. Коммуникатор осы тұтынушыларды олардан талап етілетін соңғы қадамды жасауға жетектеуге тиіс.

Сатып алуды іске асыруға жетелейтін тәсілдер ішінде тауарды төмен бағамен ұсыну, сатып алғаны үшін сыйлық беру, шектеулі мерзім ішінде тауарды сынап көруге ұсыну немесе таяу арада бұл тауарға қолы жетпей қалуы мүмкін екендігін тұспалдап жеткізу тәсілдері болуы керек.

Жолдауды таңдау, жолдауға назар аударту, қызығушылығын жоғалтпай, талап-тілегін күшейту, іс-әрекет жасауға түрткі болу керек. Жолдау жасау мынадай 3 мәселені шешуді көздейді. – не айту – жолдаудың мазмұны үш себепке негізделеді. Орынды себеп, әсерге сүйену себебі, көңіл-күйге сүйену себебі; - қалай жүйелі айту, жолдаудың құрылымын әзірлеу, негіздеуді, тұжырымды пайдалану; - қалай мазмұнын беру, қандай символдарды, жолдау түрлерін – теледидар, радио, баспасөзді, т.б пайдалану барынша тиімді болмақ. Ақпарат тарату құралдарын таңдау, коммуникация арналарын анықтау жеке коммуникация арнасы (түсіндіру, насихат, сараптамалық баға, қоғамдық – тұрмыстық арна, қауесет пікірлер) ; -жеке меншік емес коммуникация арнасы (бұқаралық және таңдаулы әсер ету құралдары); - ерекше арнайы ахуал; - оқиғалық сипаттағы іс-шаралар; - жолдаудың түпнұсқасын сипаттайтын қасиеттерді таңдау; - Кәсіби біліктілік; - тартымдылық; - кері байланыс ағымын есепке алу.

ә) Ынталандыру құралдарына қысқаша сипаттама. Ынталандырудың әрбір құралына өзіндік бірегей сипаттама, өзіндік шығын түрлері тән. Ынталандыру құралын таңдаушы нарық қайраткері бұл сипаттар мен ерекшеліктерді тани білуі керек.

б) Жарнама. Жарнаманы қолдану әдістері мен түрлері сан алуан, ынталандыру кешенінің құрамды элементі ретінде оның ерекшелік қасиеттері жөнінде жалпы қорытынды жасау қиындық келтіреді. Бір жағынан алғанда жарнаманы ұзақ мерзімді, тұрақты түрде тауар бейнесін жасау үшін, ал басқа жағынан алғанда, тез өткізуге ынталандыру үшін қолдануға болады. Жарнама – жағрафиялық жағынан тарыдай шашылған көптеген сатушылардың бір жарнамалық байланыс арқылы аз шығын жұмсап, мол пайда табуының жолы. Қоғамдық сипат. Жарнама коммуникацияның қоғамдық түрі болып табылады. Оның қоғамдық табиғаты тауардың заңды болуын және оны көпшіліктің мақұлдауын талап етеді. Өйткені бір жолдауды көптеген адамдар алады, сатып алушы тауарды сатып алу кезінде басшылыққа алатын шарттарды жұрттың түсінетіні белгілі. Жарнама бұқаралық қаржыландыру көзін нақты

3-кесте. Ынталандыру тәсілдерінің үлгісі.

<b>Жарнама</b>	<b>Жеке дербес сату</b>	<b>Насихат</b>	<b>Өнім өткізуге ынталандыру</b>
Қоғамдық сипат	Тұлғалық сипат	Анықтық (мәліметтің)	Тартымдылық, хабардарлық
Үгіттеу қабылеті	Қатынастық қалыптасуы	Сатып алушыларды кеңінен қамту	Сатып алуды жүзеге асыруға түрткі болу
Мәнерлілік бейнелілік	Жауап әрекетке түрткі болу	Көзге бірден түсу	Сатып алуды жүзеге асыруға шақыру
Ерекшелігін жоғалту			

көрсеткен ақылы ақпаратты тарату құралдары арқылы жүзеге асырылатын жеке емес түрі болып табылады. Жарнаманың қолданылу аясы сан алуан. Оны ұйымның ұзақ мерзімді бет-бейнесін қалыптастыруда нақты белгілі тауарды ұзақ мерзім ұстау үшін, сату, қызмет көрсету немесе әрекет жасау туралы ақпаратты тарату үшін, бағамен сату туралы нақты ойларды қорғау үшін пайдаланады. Жарнамалық қызмет бағдарламасын әзірлеу үрдісінде маркетинг қызметінің басшылығы бес принципті маңызы бар шешімді қабылдайуы тиіс. Жарнамалық бағдарламаны әзірлеу үрдісінде алғашқы қадам жарнама міндеттерін қою болып табылады.

в) Ынталандыру кешенің құрамын айқындайтын факторлар.

**Тауар немесе нарықтың тұрпаты.** Тұтынушылар нарығында және өнеркәсіп тауарлары нарығында ынталандыру құралдарының тиімділігі әр түрлі. Кеңінен тұтынылатын тауарлар фирмалары қаражатын негізінен жарнамаға, тек содан соң ғана өткізуді ынталандыруға, жеке сатуды ұйымдастыруға, соңғы кезекте насихатқа жұмсайды. Өнеркәсіптік тауарлар фирмасы қаражатының негізгі бөлігін жеке сауданы ұйымдастыруға, ал қалғаны ақшаны өткізуді ынталандыруға, жарнамаға және насихатқа бөлді.

**Тұтынушыларды тауарға тарту, ынталандыру стратегиясы.** Ынталандыру кешенінің құрамы көбіне фирманың сатуды қамтамасыз етудің қандай стратегиясын, тауарды ынталандырудың қандай стратегиясын немесе тұтынушыларды тауарға тартудың қандай стратегиясын пайдалануына байланысты.



4-кесте. Жарнаманың қисынды мақсаттары

Жарнаманың түрі	Жарнама міндеттері
Ақпараттық	Нарыққа жаңалық туралы немесе қолда бар тауардың жаңаша қолданылуы туралы әңгімелеу + нарыққа бағаның өзгергені туралы ақпарат беру + тауар әрекетінің принципін түсіндіру + көрсетілген қызметті суреттеу + тұтынушы қаупін сейілту немесе теріс түсінігін түзету + фирманың бет-бейнесін қалыптастыру
Үгіттік	Марканы жоғары бағалауды қалыптастыру + сізді маркаға көшуге көтермелеу + тұтынушының тауар қасиеттерін қабылдауын өзгерту + тұтынушының тауар сол затты сатып алуды кейінге қалдырмауға сендіру + тұтынушы коммивояжерді қабылдау қажеттігіне сендіру.
Еске салушы	Тұтынушыға тауар оларға жақын арада қажет болып қалуы мүмкін екендігі ескерту + тұтынушыға тауарды қайдан сатып алуға болатынын ескерту. Маусымаралық кезеңде тұтынушының тауарды есінде сақтауына қол жеткізу + тауар туралы жоғары деңгейде хабардар болуын қолдап отыру.

**Сатып алушының даярлық деңгейі.** Осыған байланысты ынталандыру құралданың пайдалығы да әр түрлі болады. Хабардар болған кезеңде жарнама және насихат негізгі рөл атқарады. Тұтынушы сеніміне бірінші кезекте жеке дербес сату техникасы және одан аздау мөлшерде – жарнама ықпал етеді.

**Тауардың өмірлік циклы кезеңі.** Ынталандыру құралдарының тиімділігі тауардың өмірлік циклы кезеңіне байланысты әр түрлі болады. Тауарды нарыққа шығару кезеңінде жарнама мен насихат ең тиімді құрал болып табылады, бұл арада өнім өткізуді ынталандыру тұтынушыға тауарды байқап көруге тұту тұрғысынан алғанда пайдалы. Өсу кезіңінде жарнама мен насихат өздерінің мәнін одан әрі сақтай береді. Толысқан кезеңде өнім өткізуді ынталандыру маңызы жарнамамен салыстырғанда арта түседі. Марканы сатып алушыға белгілі жарнама көмегімен еске салу қажет. Құлдырау сатысында жарнама тек есте түсіру үшін керек, насихат жоқтың қасы, коммивояжерлер тауарға тым аз көңіл бөлді. Алайда өнім өткізуді белсенді болып қала береді.

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

- 1 Туризмдегі жарнаманың маңызы?
- 2 Жарнамалардың түрлерін атаңыз?
- 3 Жарнаманың негізгі мақсаты?
- 4 Маркетинг деген ұғымға анықтама беріңіз?

## 5 АҢШЫЛЫҚ ТУРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Аңшылық турды жүзеге асыру. Туристердің келуі графигін құрастыру. Түздік аңшылық лагерлерге туристтерді қабылдау. Олжа нысандарын аулауды ұйымдастыру. Аң аулаудан кейін хататамаларды, олжа қағазын және ветеринариялық құжаттарды олжалық аулау.

Трофейлік аң аулау. Трофейлік аң аулаудың тарихы терең, мол. Палеолит кезінен адамдар өздерінің тұратын жерлерін мүйізбен, бас сүйекпен және ауланған аңдардың терісімен көркемдеген. Бар кезде ең ірі аңды аулауға бет бұрған.

Аңшылық турдың ағасы өте жоғары: мысалы тау және қарлы қошқардың бағасы (20000-50000), ал суретке тартуы – 36-38 доллар, сібір елігі – 500-2500, қабан – 500-2000, аю – 1500-8000, қасқыр – 500-1500 доллар. Кейбір мемлекеттерде аңшылық туризм негізгі табыс табатын жолы болып табылады. Мысалы: Венгрияда, бұл кәсіптен түсетін қаржы 60 млн евро, ал африкалының көптеген мемлекеттерінде аңшылық кәсіп – 3-5 орында. Ресейде аңшылық туризмнен алынған қаржы бірнеше млн. доллар, бірақ жүздеген млн. доллар алуға болады.

Қазіргі кезде трофейлік аң аулауда келесі түсініктер кездеседі:

«Дұрыс аң аулау» – трофейлік аң аулауда әуесқойлықтар бұл аң аулауды басқа бағыттардан ерекше шығарды. Нормативті-құқық базасын қолдана отырып аң аулау ережелеріне сүйене дұрыс аңшылық өткізуді көрсетеді.

«Қара сафари» – деген ұғым керісінше заң бұзушылықты білдіреді.

«Мәдени аң аулау» бұның бір бағыты ретінде трофейлік аң аулау болып табылады.

Ресей аңшылық туризмінің дамуы. Аңшылық арасында біздің сала жөнінде объективті көз қарас қалыптастыру үшін, Ресейдегі аңшылық туризмнің даму тарихын қысқаша айтып өтуді жөн көрдік. Барлығы 80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдардың басында басталды. «Темір перде» ашылып, Ресейге шетелдік аңшылар ағыла бастады. Әрине формальды түрде аңшылық туризм одан ертеректе де бар болған. Негізінде рюгзагын асып қала сыртына шыққан әр бір аңшы автоматты түрде турист саналатын. КСРО-да трофейлік аңшылық қалыптасқан еді. Бірақ оғанда, басқа да өркениетті қоғам жақсылықтарына секілді тек партиялық элита немесе номенклатуралы жұмысшылардың ғана қолдары жететін. Осы жүйе бойынша Кеңес одағына шет елден де аңшылар келетін. Былайша айтқанда барлық керекті компоненттер бар, аңшылық туризм индустриясы яғни аутфиттерлері, туристтік агенттіктері, кәсіпқой гиттер, шетелдік агенттер Кеңес одағында болған емес. Сонымен бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттерге бүкіл әлемнен трофейлік аңшылары, алғашында баяу, артынша активті ағыла бастады.

Алғашқы жекеменшік туристік агенттер құрылды, олар шетелдік аңшының елдегі уақыт өткізуінің барлық логистикаларымен айналысты. Ол кезде бұл оңай болған жоқ: авиабилеттерге алдын ала сатып алу, бүкіл маршрут бойынша қонақ үйлер және автокөлікпен қамтамасыз ету, аңшылық жүргізілетін жерде туристі қабылдау жөнінде келісім жасау, тур уақыты бойынша туриспен бірге жүру-оларға максималды сатыдағы сервисті ұсыну, аңшылық кезінде туриспен жұмыс істеу ережелеріне персоналды оқыту әрине оңай шаруа емес, және осының барлығы қазіргі байланыс құрылғыларысыз, интернетсіз, ұялы және кәдімгі телефонсыз жүзеге асырылды. Тек телекс бойынша немесе факс бойынша хат алмасу арқылы ғана өтті.

Солтүстік Американың аутфиттерлерінің, еуропалық аңшылық шаруашылықтарының тәжірибесіне сүйеніп, біз Ресейдің аңшылық шаруашылығының болашағы жарқын екеніне сендік. Әлемнің қай бұрышында, қай құрылықта биологиялық түрлердің неше түрін кездестіруге болады? Архарлар мен таутекелер, асыл тұқымды бұғы мен маралдар, турлар мен ешкімүйіздер, бұландар мен солтүстік бұғылары, аюлар және басқа да жыртқыш аңдар. Оған тағы құстардың да түрлерін қосыңыз. Тек киік, қабан, қырғауыл және үйрек қана кездесетін Венгрияның өзі жыл сайын 30 мыңға дейін шет елдік аңшыларды қабылдай алады, бұл саладан түсетін пайда 35-40 млн евроны құрайды, сонда Ресейге түсетін пайда қанша болмақ? Біздің ойымызша қалпына келетін биологиялық ресурстарды пайдаланудың бабын, ыңғайын тапқанда біздің аңшылық шаруашылығымыз басқа елдерді қуып жетіп қана қоймай, оларды шаңына ілестірмей кетері сөзсіз. Венгрлер өздерінің тұрақты туристтері біздің елге ұмтылғанда не жыларын, не күлерін білмей қалады!

Басында бәрі жақсы басталған, еліміздің барлық аудандарының аңшылық шаруашылықтары аяқтарынан тік тұрып, жағдайлары жақсара түсті. Өздерінің базаларын құрды, жаңа техниканы иемденді. Осы сәтте жекелеген келеңсіздіктер де болмай қалған жоқ. Мәселен, бір тұзы жеңіл турист үш есе қымбат жолдама алып, түкке тұрғысыз шаруашылыққа тап болды – демек, барлық туристік агенттіктер мен аңшылықты ұйымдастырушылар, ұры-қарылар! Мен Камчаткадан Тверь облысына дейін Кавказдан Алтайға дейінгі ұлан-байтақ атырапта тұратын егерлердің өмірі мен тұрмысының өзгергенін өз тәжірибемнен білемін. Мұның бәрі мұнай барлаудағыдай жылдам болған жоқ. Бірақ мұнай бір кезде таусылады ғой, ал табиғи ресурстар болса дұрыс пайдалана білсе таусылмайды, тіпті көбейеді. Мәселен, америкалық аққұйрық бұғы мен тамирлік Марко Поло архары, әрине бұл кезде «мүйіздер мен тұяқтар» есебінен көп қаржы табуды көздеген. Бір күндік агенттіктердің көбі құрылып, сосын тарап кетіп жатты. Ресейдің экономикасының кез келген саласы сияқты, аңшылық туризмді де «ақшаны алдын ала ал да тайып тұр» қағидасы бойынша жұмыс істейтін алдамшылар мен ұры-қарылар толқыны

да айналып өткен жоқ. Мен әуежайларда өздерін ешкім қарсы алмаған аңшылардың топтарын кездестіріп жүрдім. Олар кімге барарын, қайда барарын, аң аулауды білмейтін, алайда аңшылық қызмет нарығы бірте-бірте тазартыла бастады. Онда тек тәжірибелі атақты операторлар ғана қалды. Бұл кез-келген салада болатын жай ғой. Жұрт тек аты шыққан жақсы мінездемесі барларға ғана сенеді.

Құжаттама мен аңшылық бақылау саласында бәрі онша жаман болған жоқ. Қару-жарақты алып келу, алып кетуге рұқсат беру жүйесі, аң атуға лицензия беру, аңшылардың олжасын тасымалдауға қажетті ветеринариялық құжаттар толтыру жұмыстары жылдан-жылға дамып, жақсы жолға қойылды. Бұрын аңшылық туризм мәселелерімен бірінші рет бетпе-бет келген мемлекеттік қызметкерлердің тәжірибесіздігінің салдарынан бір аптаға созылып кететін жұмыс бірте-бірте ыңғайланып, жүйенің жұмысы жақсара түсті.

Жерді арендаға алдың, шаруашылықтың инфрақұрылымын, биотехниясын, аң өсіруді ұйымдастырып, құрып қойдың, аңдарға санақ жүргіздің, аңшылық шаруашылық басқармасымен келісіп, экологиялық сараптау мәліметтерді растадың, аңшылық бақылаудың бекіткен нормаларына сәйкес аң атуға шектеуді алып тастауға қол жеткізудің, аңшы-туристі – шет елдік болсын, ресейлік болсын – қабылдап алуға келісім-шарт жасадың, оны қабылдап, саят құрдың да, түскен қаржыны шаруашылықты дамытуға жұмсадың: – түкте қиындығы жоқ. Сондай-ақ, әуе, теміржол тасымалдаушыларына, қонақ үй бизнесіне, басқа да көптеген жергілікті және федералды мемлекеттік шенеуніктерге ақша табуына жағдай жасадың. Мұнда алдымен – визалар, тіркеуден түсетін қаржы, лицензиялар, рұқсатнамалар мен ветеринариялық құжаттар, кедендік төлемдер, басқа да төлемдер – туристті қабылдауға қатысушылардың бәрінен түсетін салықтар. Ортақ істен түсетін пайдадан әр қайсысы өз үлесін алады. Аңшылық туризмнің жақсы жұмыс істей бастаған жүйесі ресейлік аңшыларды көптеп қызықтыра бастады. Әрине, бұдан басқа да «жаңа буынның» көптеген аңшылары да бар. Олар туралы азамат Гаврисовтың мақаласында жазылған.

Кез келген жаңа буын жаңалық енгізеді. Мысалы, кезінде «Биттлзді» де жек көретін, ал қазір аңызға айналды. Мұндай беталыс жалғыз аңшылық туризмінде ғана пайда болған жоқ. Адамдар жылдамдай бастады. Олар дәстүрлер емес, мекен-жайлар, машиналар, көркемсурет туындыларын сатып алып жатты. Сіздікі дұрыс: 100 жылдық шалғынында поло ойнаған оңай. Бірақ мені мыңжылдық ұлан-байтақ далада ашық аспан астында желмен жарысып шабу одан да қызықтырақ. Жұрттың санасында мұның түбірі бар. Оны жұлып тастағанша, оның тереңіне бойлап үңілу керек. Мәселен, менің клиентім Михаил П. оқиғасы осыны дәлелдейді. Мәскеуде жұртты таңқалдыратын ол – қолындағы жүзіктерден саусақтары бір-біріне тимейтін, қымбат машиналары бар, қалтасы толған ақша, – ол Сібірде,

Памирде қарапайым егерлермен аң аулау барысында табиғатты жақсы көретін, оның мекендеушілерінің, жергілікті аңшылардың салт-дәстүрін бағалайтын адамға айналды. Ол мәскеулік шенді-шекпенділер арасында жоғары беделді болса да, егерлердің бұйрықтарын бұлжытпай орындайтын. Адам тез түсініп кетпейді. Бірақ бірте-бірте түсінеді. Ол үшін табиғат аясында жиі-жиі болу керек.

Сөйтіп, жүйе жұмыс істеп жатты, алда жарқын болашақ күтіп тұрған еді. Оның үстіне экономикалық дағдарыстар бәсеңдеп, рубль қатайып, елдің қожайыны пайда болды. Бірақ кенеттен бірдеңе болып, аң шаруашылық туризм жүйесінің жұмысы ақсай бастады.

Жоғарыда айтылған тізбектің қатысушыларының көбісі өздеріне белгіленген үлес сомасына келіспеуін білдіре бастады. Екі мағынада жазылған заңның арқасында енді жергілікті экологиялық сараптаудың шектеулері алып тастауға күші жетпейтін болды. Енді федеральдық сараптау қажет. Оны қазір Мәскеудегі ғалымдар жүргізеді. Олар Якутияға солтүстік бұғыларының жай-күйі мен Камчаткадағы қоңыр аюды қай мезгілде аулауды – көктемде ме, күздеме – шешетін болды. Аң шаруашылық басқармасы да керек болмай қалды. Жұмысты жандандыру үшін ветеринариялық қызмет пен аңшылық шаруашылықты біріктіру туралы шешім қабылданды. Осылай Россельхознадзор құрылымы дүниеге келді. Жаңа құрылымның міндеттері де жылдам анықталды. Алайда, аңдарға санақ жүргізу бұл міндеттерге келмепті. Жүйенің жұмысы ақсады. 2005 жылы федералдық экологиялық сараптаудың уақытында жүргізілмегендіктен көктемгі аңшылық мүлде жүргізілмей қалды. Ал 2006 жылы аңшылық жүргізілді. Бірақ лицензияларды басып шығару мен көптеген облыстарға таратудың кешіктірілуі салдарынан аңшылық бірнеше аптаға кешіп жүргізілді. Кейбір облыстарда аң аулауға квота кәдімгідей қысқартылды.

Осы кездерде РФ аймағына қару-жарақ алып кіру тәртібі қатаң болды. Аңшысын ба, спортсменін бе, бәрі-бір Ресейге келгенде сен өзіңнің аңшылық не спорттық қаруыңды Ресейдің жауапты азаматына беруің керек. Мәселен, неміс аңшысы Мәскеуге ұшып келді де, қаруын әлгі адамға өткізді. Олар Камчаткаға аң аулауға кетті. Әлгі адам Камчаткаға барып, қайта келеді. Оған кететін шығынның бәрін турист төлейді. Мұндай ереже әлемнің бірде-бір елінде жоқ. Тіпті бауырлас көрші елдер: - Қазақстан мен Қырғызстанда да мұндай тәртіп енгізілмеген. Осының бәрі жоспарланған турлар мен аңшылардың келуіне кедергі келтіреді. Ресейлік аң аулаудың имиджі де жойылды. Бізді тағы да тәуекел тобына жатқызды. Ресейге келу жоспарын енді заңдық оқылықтардың салдарынан аңшылыққа тыйым салудан сақтандыру керек.

Енді туристтерді өз аңшылық шаруашылықтарымызға тартудан гөрі, шетелге, мысалы, Венгрияға жіберу тиімді болды. Сөйтіп тұрғанда қуантарлық хабар келді: Ауыл шаруашылық Министрі аңшаруашылық

саласының маңыздылығын түсініп, АШМ-нің жанынан аңшылық Департаментін құру туралы шешім қабылдады. Ал Аңшылық Департаменті аң шаруашылығының табиғат қорғаудағы рөлін қалпына келтіріп, РФ субъектілерінде аң шаруашылығын басқару құрылымдарының жұмысын жақсартып, жануарлар әлемінің аулауға жататын өкілдеріне мемлекеттік санақ, кадастр, мониторинг жүргізіп, аң аулаушылық заңнамасын қайта қарап, аң шаруашылығына инвестиция тартып, аңшылық туризмді дамытып, жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, Қиыр Солтүстік пен Қиыр Шығыстың аз халықтарының әл-ауқаты мен оларды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерін шешетін болды.

Осы мәлімет көңіл жұбатып, біраз қайраттандырды. Естуімше Аңшылық Департаментінде Федерация субъектілерінде аймақтық өкілдер қарастырылмағанмен, бұл жаңа (немесе ұмытылған ескі) жүйеге жақындаған қадам еді, бұл осы қалыптасқан қиындықты жеңілдетуі мүмкін еді.

Экономикалық реформалардың басталуымен және Қазақстанға шекараның ашылуымен шетел туристтерінің, олжаға қызығушылардың, ағылып келуі байқалды. Олжалық іс жануар әлемін тиімді қолдану және оның қорғау органынан пайдаланушыға айналған аңшылардың қоғамдық бірлестіктерін де қызықтырды. Элиталы жануарларды олжалау құштарлығы күшті, көбінесе орта жастағы, ең бағалы өндірушілердің элиминациялануына әкеледі. Аңшылық шаруашылықта жақсы генофонд құрып барады, өсудің құрылымы тұрақсыздануда, ол аңдардың санының азаюына әкеледі.

Маралдың көбеюі жойылу қаупінде тұр, олардың саны тек қана олжалық жолмен ғана емес, сонымен қатар брокенерлік аңшылықтың әсерінен төмендеп барады, өйткені оның мүйізі ҚХР өте үлкен сұранысқа ие болып отыр. Жануарлардың негізгі түрлерін тіркеу мәліметтері бойынша мекен етуге қолайлы жердегі көптеген аңдар мен құстардың саны мүмкін мөлшерінен төмен болып отыр.

Аңшылық – түз жануарларын аулау кәсібі. Қазіргі Қазақстан жерінде адамдар аңшылықпен ежелгі палеолит дәуірінен айналысқан. Мысалы, Үшбұлақ қойнауында (Қаратау қаласының солтүстік-батыс жағында 36 км жерде) мустье дәуірінде өмір сүрген аңшылардың шағын топтарының қысқа мерзімді тұрақтарының ізі сақталған. Ондай тұрақтар суатқа келетін аңдарды (бизон, бұғы, киік, жылқы) аңдуға қолайлы бұлақ түбіне салынған. Соңғы палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау, адам қорегінің басты негізі болды. Мысалы, адамдар Жайық өзенінің бойынан мамонттар мен жүндес мүйізтұмсықтарды аулап, олардың сүйектерінен әр түрлі кескіштер, қырғыштар, найзалар мен сүнгілердің ұштары, шанышқылар, лақтырылатын найзалар, сүйек инелер, біздер жасаған. Сонымен қатар адамдар аң терісінен киім тігуді де үйренген. Аң аулау дәстүрлері мен

тәжірибелері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, аң аулау шаруашылығы дамыған. Соған байланысты қазақтар арасында аңшылықты жақсы меңгерген мамандар – аңшы (аңды аулаушы), аңкөс (аң аулаудың сырларын жетік меңгерген аңшы), құсбегі (қырандарды түрге, топқа жақсы ажырататын), бүркітші (бүркітті баптай алатын) және қағушы (бүркітшілерге қолғанат болатын) пайда болды. Олар аң аулаудың айла-шарғыларын (ор қазып, ұшпалардан ұшырып, қарға омбылатып аулау, тасқақпанмен, тормен, құмқақпанмен, тұзақпен ұстау, құспен, итпен қуу, түгін, жемтік салу, мұзға отырғызу, т.б.) жетік меңгерген. Аңшылық мақсатына қарай кәсіптік, спорттық-әуесқойлық және ғылыми болып бөлінеді. Кәсіптік аңшылықтың мақсаты – аңдар мен құстардан ет, тері, мамық, қауырсын, мүйіз, т.б. өнімдерін алу. Өнімнің сапасы аңның түлеуіне, балалау мерзіміне байланысты белгіленеді. Спорттық-әуесқойлық аңшылық аңдар мен құстарды белгілі тәртіппен аулап, табиғат саясында дем алу. Әуесқой аңшыға мемлекет тарапынан шек қойылады. Ғылыми аңшылықтың құрамына: аң шаруашылығының экономикасы, кәсіптік аңдар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу, олардың сан мөлшерін көбейту, алынатын өнімді арттыру және сапасын жақсарту, аң аулау әдістерін, құралдарын жетілдіру мәселелері жатады.

Адамзат алғаш әлемде пайда болған кезден-ақ өзін қоршаған ортаға үйлесе өмір сүруге талпынған. Күн көріс қарекетімен әуелден әртүрлі табиғаттағы жабайы жеміс-жидекті теріп жей келе, аң-құс аулауға машықтана бастады. Мұны дала мәдениетінде сақталып қалған көне жәдігерлер дәлелдеуде. Әсіресе тасқа «қашалған» аң-құс аулаудағы бейнелер соның айғағы іспетті.

Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі бір түріне айналды. Тарихи даму барысында табиғат ананың қорының, дәлірек айтсақ аң-құс фаунасының қатарының сиреуі, адамзат баласының санының күрт өсіп, экологиялық апаттың қылаң беруі мен технократтық өркениеттің кең қанат жаюы аңшылықты тежеуге мәжбүрледі. Әрі діни фактордың күшеюі, адамдардың ақыл-парасатының арта түсуі, өркениетті қоғам элементтерінің дамуы табиғатқа деген қамқорлықты арттырды.

Сондықтан аң-құстарды жөн-жосықсыз, шектен тыс аулауға, құртуға шек қойыла басталды. Әсіресе, адамдардың санасындағы мифтік түсініктері мен байырғы дүниетанымындағы табиғат ананы қастерлеу, оның аң-құсын, әсіресе қазақтар «Құдайдың малы», «қоңыр аң» деп қастерлеген бұғы, қарақұйрық, тауешкі, құлжа қатарлы аңдарды және киелі құстарды шектен тыс аулауға, жөн-жосықсыз қыруға жол берілмеді. Осы кезден аң аулаудың көптеген тәсілдерінің бірі алға шықты, ал қайсыбірі екінші қатарға ысырылды.



Аңшылық тәсілдерінің анды қыран құспен алу, құмай тазымен аулау, ату қаруларымен (садақ, мылтықпен), түрлі жабдық-саймандармен (тұзақ, абақ, шаншу, қақпан, атқы), әр алуан тәсілдермен (құм қақпан, орға жығу, қысаңға қамап, сойылмен ұру) аулау деген негізгі түрлері бар. Осылайша табиғи тәсілдермен аң аулаудың өрісі тарылып, оның кейбір түрі, айталық құсбегілік пен тазы баптау кәсіптен гөрі, өнер сипатына ие болды. Ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай: «Аңшылықтың үміт, қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Бұл – салқындап кеткен кәрі ақылдың өмірі емес, сүйген ғашығынды сағынып келіп, күліп-ойнап өткізген күндіз-түніндей ыстық сезім өмір. Өйткені бір минуттың ішінде қуантатын да, жүдететін де сәттерді басынан кешіреді. Соның бәрін айтып жүргендіктен аңшының тілі шешен, қиялы жүйрік. Бүркіттің ұшқанына, түлкінің құтылмақ болған айласына, құсшының ебіне арналған талай шешен сөздер бар.

Аңшылық өмірінен ілгері-соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелер көп». Шынымен-ақ құсбегіліктің адамды ақындық деңгейге жеткізетін «өнер», әрі халықтың көне дәстүрінің мәйегін сақтап, насихаттайтын, ел арасындағы «еркелері» - салдар мен серілердің жан жолдасы, жұрттың ермегі ғана емес, кие тұтар құндылығы болып қалды. Оның дәлеліндей, аушы құстарға қатысты толып жатқан ырым-тыйымдар жұқанасы (реликтері) күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Құсбегілікте олжа алу негізгі мәселе емес, керісінше тұз тағысын қолға үйретіп (дрессировка) жуасыту арқылы бейне бір құс тілін білетін орнитолог-этолог мамандай немесе цирк өнерпазындай тұз тағысына өз «әмірін» жүргізу маңызды, әрі адамның өзі баптаған аушы құсының көкте самғауы мен оның аспанда қалықтап, шүйіле келіп аңға түсуін тамашалау жанға ғанибет, саятта құсбегіге еріп жүрген жұртқа рахат сыйлайтын көрініс. Өйткені, аспанда қалықтап ұшу адамзаттың бағзыдан бергі арманы, оны қолға үйреткен құсы арқылы тамашалау үлкен ләззат.

Саятқа топ-тобымен шыққан жұрт бұл тамаша көріністің куәсі ғана болып қоймай, оған өзінің сақадай-сай әзірлігін сынайды. Өйткені жылы киім, дұрыс қайырылып үйретілген құс, тазының ұшқырлығы, бапты ат, мықты денсаулық бәрі-бәрі саятта сыналады. Сондай-ақ серуендеген серілер «ақ қар, көк мұз» аязды шақта табиғаттың екінің бірі бажайлай бермейтін қыр-сырына тереңірек үніле түседі...

Дегенмен, қазірге дейін мәлім болғандай сұңқаршылыққа қатысты дерек бағзы дәуірдегі мысырлықтарға барып тіреледі. Көне Мысырдың XVIII династиясы дәуірінде, яғни б.д.д. 1580-1350 жылдары жазылған магиялық мәтіндер арасындағы бір кестеде басына томағаға ұқсас «бірдеңе» кигізілген, тұғырға ұқсас бөрене үстінде отырған, қарақұйрық жотасына «қонған» бірқатар сұңқардың бірнеше бейнесі салынған. Мысырлықтарда сұңқар патшалық биліктің рәмізі, Хорус құдайының бейнесі, иероглиф таңбасы орнына жүрді.

Түркия жеріндегі Богазқап қалашығы қиратындылары арасынан саздан жасалған барельефте бірі қолына сұңқар ұстаған (балақбау тәрізді бауы төмен салбыраған) қолдарына шабатын қару ұстаған екі жігіт бейнеленген. Ескерткіш б.з.д. XIII ғасырдікі, хеттер мәдениетінікі, сұңқаршылықтың 3300 жылдық тарихын көрсетеді. Ал Саргон II патша заманындағы (б.з.д. 722-705 жылдары) Ассирия барельефінде осыған ұқсас деректер бейнеленген ескерткіш Лувр музейінде сақтаулы. Бұлардан шығатын қорытынды сұңқаршылықтың ежелгі мекені туралы мағлұмат береді. Адамзат тарихындағы аушы құстарға қатысты заттық айғақ б.з.д. 2400 жыл бұрын Месопотамия жерінен Нойон ула тауынан табылған атақты ғұн қазынасы арасындағы кілем, сырмақтарда тауешкіге түсіп жатқан жыртқыш аңның айқасы, Есіктегі сақ обасынан табылған «Алтын адам» қазынасының жәдігерлерінде дәл сондай көріністі бейнелеген алтын тоға – Орта Азиялықтарда аушы құс культінің аса көнеден келе жатқандығының айғағы.

Ертедегі қазақтар тұлпарды ғана емес, сонымен бірге құсты да кие тұтып, мәйітпен бірге жерлейтін болған. Қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері орта ғасырда адам мүрдесімен бірге қыран бүркітті қоса жерлегендігін келтіріп отыр. Айталық, Атырау облысы Құлсары кентінің солтүстік шығысындағы атақты Бекет Ата-Ақмешіт культтік-жерлеу кешенінен алты шақырым жердегі Аралтөбе қорымындағы үш – қорғанның бірінен еркек пен әйел мүрдесімен аң стилінде жасалған алтын бұйымдар, бүркіт пен протомалары бірге.

Үш бөліктен тұратын кеңістікке киелі құс бүркіт адам жанын көкке алып шығады деген танымнан туған. Шығыс Қазақстан облысындағы Маңырақ, Тарбағатай арасындағы Шілікті жазығындағы ерте темір дәуіріне жататын аттас қорғандарынан табылған алтын әшекейлер арасынан бастары артқа қайырылған шеңгелі мен жанары перуза тастармен көмкерілген 36 дана жыртқыш құс (бәлкім бүркіт) кескініндегі құйма алтын қапсырмалары ұшырасады.

Ал Алтайдағы әйгілі Берел қорымында жерленген көсемнің табытының төрт бұрышында «мүрдені күзететін» грифон бейнесі ертедегі далалықтар өмірінде жыртқыш құсқа қатысты танымның (бәлкім олардың өмірінде құсбегіліктің) қаншалықты маңызды болғандығын аңғартады. Өскемен қаласынан қырық шақырымда Құрық қорғанының (б.д.д. IV-I ғғ.) бірінен мәйітпен бірге жерленген 4 бүркіт қаңқасының табылуы, атақты Есік «Алтын адамының бас киіміндегі стильденген құс бейнелі фигуралар тәрізді көне археологиялық жәдігерлердің көптеп ұшырасуы – жыртқыш құстардың қазақ жеріндегі тарихи тамырының тереңге жайылғандығын көрсетеді... Бұл қазақтарда қыран құс культінің ерекше дамығандығының көрінісі. Мұндай культтің жоғары деңгейін қазақ мемлекет тілігінің

рәміздерінде және халық санасында, ауыз әдебиет пен тілдік деректерде өміршендікпен жалғасқандығынан байқауға болады.

Шығыс халықтарының аңыз-ертегілерінде феникс, грифон, сенмурв, самұрық, шойынқара т.б. ертегілік «арыстан денелі, бүркіт басты» алып құбыжықтар туралы мәліметтер жиі кездесіп жатады. V ғасырда Сасанид патшасы V Баһрам Гурдің ермегі сұңқармен аң аулау болғандығын және қытайлықтардың оған сұңқарды сыйға тартқандығын жазады.

Еуропаға жасаған жойқын жорықтарында қолданған қару-жарақтар мен қалқан бетінде хандық белгі (таңба) ретінде ақсұңқар бейнеленген. Ежелгі Қытайда да сұңқаршылық екі мың жылдық тарихы бар дегенімен бұлтартпас айғақ VI ғасырдың еншісінде. Лианг әулеті (502-557 жылдары) заманында мұрагердің бірі тазымен бірге үйретілген сұңқарды қырғауылға салған деген. Осындай деректер ежелгі Эллада, Үнді, Парсы жұрттары көптеп кездеседі. Тіптен 720 жылдары аяқталған жапон жылнамасы «Нихон Шохи» императордың сұңқар ұстағаны туралы баяндайды.

Ал батыс елдеріндегі құсбегілік туралы мәлімет эпикалық «Нибелунга туралы жырда» Кримгильд патшайымның сүйікті сұңқарын басқа екі су бүркіт өлтіріп тастағаны айтылса, Сигурд жырында екі ақсұңқардың тырнаға жарысып түскенін жазады. Екі дерек те ғұндардың Бургундиялықтарды жаулап алған кезіне дөп келеді. Батыс ғұндарының қолбасшысы Еділдің (Атилла) Еуропаға жасаған жойқын жорықтарында қолданған қару-жарақтар мен қалқан бетінде хандық белгі (таңба) ретінде ақсұңқар бейнеленген.

Немістердің заң жинағында ұядан өз бетімен балапан алса, құсты ұрласа үлкен айыппұл салынады делінген. Тіптен аушы құс ұя салған ағаш арнайы таңбаланған. VI-VIII ғасырлар тазы мен құс, оның құрал-жабдық, киімдері немістердің ажырамас атрибутына айналған. Құс бейнесі көне түркі дәуіріндегі ескерткіштер, тас мүсіндерде молынан көрініс тапқан. Айталық:

1. Күлтегіннің бас тас мүсініндегі құс бейнесі.
2. Күлтегін, Білге қаған ескерткіш кешені маңындағы тас қорғанындағы құс бейнесі.
3. Алтын тамған тархан бітіктасындағы құс бейнесі.
4. Күлі-чүр ескерткіш кешені тас қоршауындағы құс бейнесі.
5. Жетісу тас мүсініндегі құс бейнесі және т.б. жүздеген деректерді келтіруге болады.

Көне түрік таным түсінік Тәңірлік ұғым бойынша құс көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы әлемнің елшісі, қанаттылардың төресі саналады. Аталған құс бейнелерін зерттеушілер бүркіт, көгершін, самұрық тәрізді деп жорамалдайды. Демек, байырғы түріктердегі таным-түсінік бойынша төрелік билік мәңгілік көк аспаннан жаратылады.

Ал Тәңір жарылқаушының киесі де, иесі де құс деп таныды. Соның ішінде қыран құстың қырағылығы мен алғырлығына ерекше қастерлеп,

биліктің рәмізі ретінде көшпелілер ту-байрақтарын да қыран құстардың бейнесімен әшекейлеген.

Түркі халықтарында саятқа салатын құстарды аушы (аңшы, аң алатын) құс немесе қысқартып құс деп атайды. Атаудың ілкі тұлғасы баба түрік тіліндегі qut «құт» болып, одан тілдік даму заңдылығымен құт > qus құс болып өрбіді деуге саяды. Құт тұлғасы құс, құр, қыр+ғи, құз+ғын, қаз, сұң+қар, кезкүйрық т.б. атаулардағы ұқсас құрылымдармен түбірлес, тектес осы семантикалық өрісіне «құс, қос, қыз, қыр+қын» т.б. сөздері де төркіндес. Басқаша айтқанда осы атаулардың морфемалық мағынасы «екі, қос, жұп қанатты, қос қанатты» дегенді білдіреді. Қыр+ан, қыр+ғи, қар(а)+ға, қар+ға, қар+шыға, қар+лығаш, қыр+ғауыл, сұң+қар деген атауларындағы қар, қыр тұлғалары да осы құт, құс түбірлерімен бір желілес, ұқсас дүниелер.

Әбілғазы Баһадүрханның «Шежіре-и Түрк» еңбегінде Оғұз қаған аңызына байланысты оның 24 ұл немересінің құстары, таңбалары жайлы да осы құт, құс танымымен сабақтастырып айтуға болады. Мысалы, шежіреде аталатын құстардың атауы: сұңқар, күйгенек, көбек сары, тұрымтай, қыр+ғұ, қыз+ыл қар+жығай, көж+ген, жере лажын, сарыша, баһари (қарға), су бүр+кіт, ала тұғанақ, бұғдайнақ, құмай, енчары, йағалбай, біқұ, қар+шығай, ителгү, тұйғұн, чере қар+чығай. Махмұт Қашғаридың «Түрік тілдерінің жинағы» (Диуани-лұғат-ат-Түрік) сөздігінде «ым білсе ер өлмес» деген сөз бар. Мұның себебін, М.Қашғари былай түсіндіреді.

Ордадағы қолбасшылардың жауынгерлігіне жасырын ым белгілері (пароль) ретінде қару-жарақ немесе құс аттары (!) қолданылады. Егер түнде екі жауынгер кездесе қалса бір-біріне сол ым-белгіні сұрасады. Ым біліссе өз адамы деп жолымен жүре береді... VI-XI ғасырларда оғыздардың және IX ғасырда Моңғолия, Қытай ортағасырлық Орта Азия аумағында халықтар құсбегілікпен айналысқаны бізге тарихтан белгілі. X ғасырда селжүктерде көптеген құсбегілердің болуы және селжүк әулетінен шыққан бір көсемнің Тоғрұл есімді (Тоғрұл мағынасы Алтай сұңқары дегенді білдіреді) болуы құсбегіліктің селжүктер кезеңінде де маңызы арта түскендігін байқатады.

Ал сол әулеттің 1194 жылы қайтыс болған Тұйғыншах атты билеушісінің де есімі құсбегілікке қатысты ұғымнан туған, яки ақ қаршыға деген мағынаны береді. Кіші Азияны иеленген селжүк, оғыз, қыпшақ бектері мен бағыландары Босфор бұғазында қаршыға, сұңқарларды теңіз жағасындағы су құстарына салып, олардың «қырғидай тиген» көрінісін тамашалайтындықтары туралы деректер көнеден жеткен. 1032-1083 жылдар аралығында жазылған «Қабуснаме» еңбегінің бір тарауында құсбегілік туралы егжей-тегжейлі жазылған мәлімет бар. Онда ақсүйек, хандардың асыл тұқымды атқа мініп, қолына сұңқар ұстап, саятшылық құрып, қабыланмен аң аулауы туралы баяндалады.

Мұндай өнер тек ақсүйектердің ғана кәсібі болған, ал қарапайым адамдарға онымен айналысуға рұқсат берілмейтіні жазылған. Көз тойғысыз қызығы мол құсбегілік өнер сол кездегі хан, патшалардың сән-салтанатына айналған еді. Әлемді дүр сілкіндірген әмірші Шыңғыс хан сұңқар салғандығы туралы парсы жылнамашысы Ата Малик Жувейни жазады. Оның тұстасы Керей Тұғырыл хан, Шыңғыс мұрагерінің бірі Құбылай хан, сондай-ақ Әмір Темір сияқты адамзат тарихындағы атақты тұлғалардың сүйікті ермегі, пір тұтқан киесі құс салу болғандығын тарихи жазбаларда хатталған.

Шыңғыс ханның құсбегілік өнерді жоғары бағалағаны соншалық, ол бұл өнерді мемлекет деңгейіне дейін көтерген болатын. Қызықты да тамаша құсбегілік өнері моңғолдардың Орта Азияға жасаған шапқыншылығы кезінде әскери жаттығудың ең маңызды мәртебесіне ие болды. Қағанға қыран құстар, соның ішінде ақсұңқарлар көбінесе сый ретінде келіп отыратын болса, кейбір сұңқарлар салық ретінде алынатын. Орта ғасырда құсбегілік өнері көшпенділер арасында тоқтаусыз дами берді. Себебі ең алдымен, саятшылық көшпенділер үшін тіршіліктің өзекті бір саласы болып келген; сондай-ақ ол әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болған.

Марко Поло хан ордасында қыран құстардың көптігі және олардың барлығы құсбегілікке қолданылатындығы жайлы қызықты күнделіктер жазған. Гильом де Рубруктың 1253-1255 жылдары саяхат күнделігінде «Оларда (көшпенділерде) ителгі және сұңқар құстары өте көп. Олар құстарын оң қолдарына отырғызады және сұңқарлардың мойындарында құс кеудесінің ортасына дейін салбырап тұратын жіңішке қайыс тағады», – деп жазады. Күйік ханның ордасында 4 айға жуық өмір сүрген, табиғат аясында құсбегілік өнерінің қызықты сәттерінің куәсі болған жиһанкез Марко Поло жазбасы өте қызық.

Ұлы ханның Баян және Минган атты екі ағайын бектерін жергілікті халық Куничи деп атайды. Себебі олар ханның қол астындағы 20 мың құсбегілер мен аңшыларды басқаратын. Минган басқарған 10 мың адам қызыл, Баян басқарған 10 мың адам көк түсті киім киіп ханмен бірге саятқа шығады. Бөлінген 10 мыңдықтың 2 мың адамының әрқайсысы көп тазы мен төбет иттер жетектеген. Екіге бөлінген аңшы-құсбегілер күншілік жерді шеңбер тәрізді етіп қоршап, аң-құстарын үркітіп қыспаққа алады. Дәл осы сәтте аңшылардың да, иттердің де өте шеберлігін көру тамаша көрініс еді... Тобымен саят құру – салбурын аталатын бұл оқиғаны жиһанкез автор ары қарай былай өрбітеді: «Ұлы хан өз ордасында үш ай болып наурыз айында ол нөкерлерімен екі күншілік жерге аттанады. Ол өзімен бірге 10 мың құсбегісін және 500 ақсұңқарын алып жүреді.

Әр жерге бір-екіден аралары алшақ тұрған құсбегі мен тосқауылшыларда құс шақыратын ысқырық және түрлі үлгіде тігілген томағалар бар. Ал ұлы хан қолынан ақсұңқарын ұшырған кезде тосқауылда

тұрған құсбегілер сұңқардың қай жерге олжасын алып түсетінін бақылап тұрады». Алты мың сұңқаршысы болған Түрік сұлтаны I Баязид (1354-1403) тәрізді болуға өз заманының тұстастары тек армандаған деседі. Ұлы Моғол империясының негізін қалаған Темір әулетінің ұрпағы Захир-ад-дин Мұхаммед Бабыр (1483-1530). «Бабырнама» еңбегінде: Жұт жылы азық-түліктен тарықпайтындай, ал жау қоршауда ұстаған жағдайда аштықтан әлсіремейтіндей жерде болуымыз оңды деген мақсатпен Рабате-и Урчини ауданында қыстағаны айтылады.

«Бұл өлке аң аулауға таптырмайтын жер. Айламыш өзенінің маңындағыну толған бұғы, марал, қабан шошқа; қамысы сиректеу жерінде қырғауыл, қоян жыртылып айырылады. Қыс бойы екі-үш күнде бір рет аң аулауға шығып тұрады. Қалың жынысты өртеп бұғы, марал ауласақ, қамысты жерден киік аулап, құс ұшырып, қырғауылға қаршыға салдырдық. Мұнда қырғауылдың көптігі соншалық, осында қыстаған жылы қырғауылдың етіне қарық болдық», — деп жазған. Мұнан құсбегіліктің қоғамдық маңызының нендей дәрежеде болғандығын болжаймыз. Сондай-ақ осы еңбектің «Кабул» атты екінші бөлімінің «Сұлтан Құсайын мырзаның әкімдері» деп аталатын тақырыбында былай деп жазады: «Мұхаммед Бұрындық білгір, ұлы басшы бол атын. Ол қыран құс салуға құмар еді. Егер қырандарының бірі жоғалып, немесе өліп қалса, Мұхаммед Бұрындық мырза ұлдарын ауызға алып: «Қыран жоғалғанша, қыршындардың неге желкесі үзілмейді» деп қарғанатын.

Сұлтан Құсайын мырзаның Хасан Әли Жалайыр деген әкімі де болды. Оның шын аты-жөні Құсайын Жалайыр, бірақ жұртқа Хасан Әли деген есіммен көбірек танымалды. Оның әкесі Әли Жалайырға Бабыр мырза қамқорлық көрсетіп, бек дәрежесін берді, содан кейін Жәдігер Мұхаммед Гератты алған кезде Әли Жалайырдан жоғары адам жоқты. Хасан Әли Жалайыр құсбегі, әрі ақын еді. Өлеңді жазғанда Тахаллус Туфеил тәсілін пайдаланатын», — деп жазды. Мұндағы Жалайыр (Жалайыр Шора) қазақ құсбегілерінің пірі екендігі тарихи сабақтастықты аңғартады.

Орта ғасырдан бастап шарықтау шегіне жеткен сұңқаршылық туралы Генрих IV патшаның ұлы Фридрих II Гогенштауфен (1195-1250) «Die Arte Venandi Cum Avibus» (Сұңқармен аң аулау өнері) атты көлемді еңбек жазған. 30 жыл бойы автор аса құнды деректермен мәселені егжей-тегжейлі жазған еңбек XVIII ғасырда баспадан шыққан 6 бөлімнен тұратын кітап антикалық дәуірден бергі аушы құстарға, құсбегілікке қатысты мәліметті өз тәжірибесімен сараптай отырып жазған көлемді еңбек. Ағылшындарда аушы құспен шұғылдануға көп шектеу болмаған әр, адам өз еркінше шұғылданған. 1486 жылы хатқа түскен «Қасиетті періні үйрету» деген еңбекте тоғыз түрлі құсты атап, онымен қандай әлеуметтік топ шұғылдануға болатындығын былай келтіреді: императорға бүркіт, корольге ақсұңқар, принц пен графқа лашын, рыцарға ителгі, әйелге тұрымтай, бозбалаға жағалтай, шаруа мен діндарға қырғи дейді...

Атақты Шекспир сұңқаршылықты ұнатса, француз королі XIII Людовиктің 99 құсы болған екен. Сұңқар, бүркіт салудың Орта Азияда пайда болып, әлемнің басқа өңіріне – Еуропаға, Азияға таралғандығын әлем зерттеушілері бір ауыздан мойындайды. Бұл өнерді Еуропаға Азиядан барған жұрт мадиярлар (венгрлердің) өзімен бірге ала барып, дамытып қана қоймай күні бүгінге дейін ардақтап келеді... Қазақ хандығы дәуірінде аң-құсқа бай Ібір-Сібір өлкесі мен қазақ даласы әлемдегі саят ісін жабдықтайтын қазыналы өңірге айналған. Онда өсірілген бапталып қайырылған қыран құстар қолдан-қолға өтіп Хорезм мен Иранға кетеді, орыс князьдері мен батыс бекзадаларына жетеді. Көне Русияда Киевте алғашқы сұңқар үйі IX ғасыр соңында дүниеге келген. Князь Олег, Избасары Игорь Рюрикович, оның ұлы Святослав барлығы мықты құсбегілер болған. Ярослав Мудрый (1019-1054 жылдары билеген) құсбегілік туралы заң қарарлар қабылдады...

Қыпшақтар тұсында күшейе түскен сұңқаршылықты дамыту үшін 1318 жылы Мәскеу төңірегінде сұңқар бекеті ұйымдастырылған. Оның бүгінгі ізі Сокольник аталатын аумақ баршаға таныс. Құсбегіліктің дипломатия өмірінде жоғары маңызға ие болғаны соншалық, Мәскеу князьдері мен бекзадалары жақсы үйретілген құсты Еуропа патшалары мен шығыстың бекзадаларына тарту ретінде жіберіп тұрған. Тіптен патша құсханасынан тыс жерде құс қайырып, саятқа шыққан адам өлім жазасына кесілсін деген жарлық та шыққан екен. Еуропада үлкен қызығушылыққа ие болған құсбегілік өнер аристократтардың ермегі орнында жүргенімен жалпы-халықтық қолдауға ие болып, XVI ғасырда шарықтау шегіне жетті дейді венгр ғалымы Ласло Дьюла.

XX ғасырда адамзаттың технократтық өркениеті мен ату қару түрінің көптеп өндірілуі және жалпы адамзат санасының қатыгезденуі салдарынан көптеген құстармен бірге жыртқыш, аушы құстар оққа ұшып, олардың қатары сиреп кетті. Бұл тенденцияны экологиялық факторлар мен табиғатты игеру, қалалану (урбанизация) үрдісі де ушықтырып жіберді. 1905 жылы бір ғана Венгрияда 6115 бүркіт, 57923 сұңқар тектесті, 11 мыңдай үкіні атып құртқан екен. Құсбегілік хан, би, төре, батыр, сал-серілердің саятының сәні, саяхатының ермегі, құмарлық түрі болса, орташалар мен жарлылар үшін күнкөріс көзі болған.

Кішірек қыран құстармен аққу, қоңыр қаз, сары ала қаз, үйрек, ұлар, бұлдырық, шіл, кекілік, ақ құр, қоян сияқты еті адал аң-құстарды аулап, ауыл болып кәсіп еткен. Бұлардың қатарында ұлар, ақ құр, шіл тектестерді «хан тамағы» ретінде құрметтеген. Жаугершілік, аштық-жұт жылдары кішірек қыран құстармен дүйім елді асыраған құсбегілердің болғанын тарихи деректер айқындайды.

Қиян-кескі соғыс кездерінде әскерлердің азық қорын аң-құс етімен толықтырып отырған. Аңшы құсбегілерден елінің қамын жеп, саяткерлікпен «алпыс үйлі арығын, тоқсан үйлі тобырын» құс етін беріп

асыраған, еліне жау тисе еңіреп шығып, елін, жерін қорғаған Қамбар батыр баршаға белгілі. Ерте кездерде қазақ даласына саяхаттап немесе елшілік қызметін атқарып келген адамдарға әрқашан қонақжайлылық көрсетіп, иығына шапан жауып, қолына қыран құс қондырып, астына жүйрік ат мінгізіп еліне сый-сыяпатпен қайтарып отырған. XVI ғасырдың соңында қазақ мемлекетінің саяси құрылымында, басқару жүйесінде болған үлкен реформалар барысында дүниеге келген, ұлттық мүддеге үйлесетін жаңаша заңдар ережесі - әйгілі «Жеті Жарғыда» қазақтың аңшылығына ерекше ден қойып, оны бұзғандарды жазаға тарту туралы арнайы бап енгізген. «Жеті Жарғының» 19-бабында «Аңға салатын итті, құсты (бүркітті) өлтірген адамнан олардың иесі бір құл немесе бір күң беруді талап ете алады», – делінген.

Халқымыз ұзақ уақыт бойы «төренің иті бір күндік» деп төренің итін де құрметтеген. Көкге самғаған түз тағысын қолға үиретіп, өз кәдесше жарату – аң аулауға бағыттау, адамзатқа ортақ құбылыс болғанымен, оның тамаша үлгісі далалық көшпенділердің арасында - қазақ, кырғыздарда жақсы сақталған. Тек сақталып қана қоймай оның нақты үлгісі аз да болса табиғи түрде өмір сүреді, ең бастысы құсбегілікке қатысты таным-ырым, тыйым, бейнелі сөз, поэтикалық метафора, теңеу қазақтардың санасында берік орын алғандығы сонша, құсбегіліктегі кең тараған түрі – қыранмен аң аулау, бүркіт баптауды бүгінгі әлем «қазақтардың төл мұрасы» деп түсінетіндігі ұлт үшін мақтаныш.

Бүгінгі егемен еліміздің мемлекеттік рәміздерінде қыран құс соның айқын дәлелі. Сонымен қатар елдің бейресми рәміздерінде барыс, бабыр, бөрі, қабылан сияқты жыртқыштармен әспеттелу сол тамыры терең тарихи сабақтастықтан бастау алған үрдістің жалғасы деуге тұрады. Ұлы Абай да құсбегілікті жан-тәнімен ұнатқан адам. Бұл өнерден ләззат алған даланың дүл-дүл ұлдары Біржан мен Ақан, Сегіз Сері мен Қанапия бұл өнерді ұлттық ерекшелік деңгейінде жырлады. Саяттың денсаулыққа пайдалы спорттық қасиеттері де бар. Кең сахараның бойын шүйіп, таза ауасында серуен құрып, сәйгүлікпен заулатып қансонарда із қуып, сан қилы қызықты көзбен көргенде шаршағаның сейіліп, жақсы тынығасың. Саят дертке шипа, бойға қуат беретін өнер, әрі спорт.

Аңшылық – түз жануарларын аулау кәсібі. Қазіргі Қазақстан жерінде адамдар аңшылықпен ежелгі палеолит дәуірінен айналысқан. Мысалы, Үшбұлақ қойнауында (Қаратау қаласының солтүстік-батыс жағында 36 км жерде) мустье дәуірінде өмір сүрген аңшылардың шағын топтарының қысқа мерзімді тұрақтарының ізі сақталған. Ондай тұрақтар суатқа келетін аңдарды (бизон, бұғы, киік, жылқы) аңдуға қолайлы бұлақ түбіне салынған. Соңғы палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау, адам қорегінің басты негізі болды. Мысалы, адамдар Жайық өзенінің бойынан мамонттар мен жүндес мүйізтұмсықтарды аулап, олардың сүйектерінен әр түрлі кескіштер, қырғыштар, найзалар мен сүңгілердің ұштары, шанышқылар,



лақтырылатын найзалар, сүйек инелер, біздер жасаған. Сонымен қатар адамдар аң терісінен киім тігуді де үйренген. Аң аулау дәстүрлері мен тәжірибелері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, аң аулау шаруашылығы дамыған. Соған байланысты қазақтар арасында аңшылықты жақсы меңгерген мамандар – аңшы (аңды аулаушы), аңкөс (аң аулаудың сырларын жетік меңгерген аңшы), құсбегі (қырандарды түрге, топқа жақсы ажырататын), бүркітші (бүркітті баптай алатын) және қағушы (бүркітшілерге қолғанат болатын) пайда болды. Олар аң аулаудың айла-шарғыларын (ор қазып, ұшпалардан ұшырып, қарға омбылатып аулау, тасқақпанмен, тормен, құмқақпанмен, тұзақпен ұстау, құспен, итпен қуу, түтін, жемтік салу, мұзға отырғызу, т.б.) жетік меңгерген.

Аңшылық мақсатына қарай кәсіптік, спорттық-әуесқойлық және ғылыми болып бөлінеді. Кәсіптік аңшылықтың мақсаты – аңдар мен құстардан ет, тері, мамық, қауырсын, мүйіз, т.б. өнімдерін алу. Өнімнің сапасы аңның түлеуіне, балалау мерзіміне байланысты белгіленеді. Спорттық-әуесқойлық аңшылық аңдар мен құстарды белгілі тәртіппен аулап, табиғат саясында дем алу. Әуесқой аңшыға мемлекет тарапынан шек қойылады. Ғылыми аңшылықтың құрамына: аң шаруашылығының экономикасы, кәсіптік аңдар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу, олардың сан мөлшерін көбейту, алынатын өнімді арттыру және сапасын жақсарту, аң аулау әдістерін, құралдарын жетілдіру мәселелері жатады.

Қазақтың кең-байтақ және жомарт жері әрдайым қонақжайлылығымен әйгілі.

Ежелгі мәдениеттер қиылысында орналасқан ол, әрқашан Еуропа секілді Азиядан да қонақтарын қарсы алып отырған. Бай қазыналы мәдениеті Атилла, Аль-Фараби, Заратуштра, Шыңғыс хан секілді тарихи тұлғалардың мұраларын қойнауына сіндірген. Бүгінгі күнде де мұнда да жүзден астам ұлт пен халықтар бейбіт өмір сүріп отыр.

Тарихи деректерге сүйенер болсақ Тараз, Отырар, Испиджаб, Яссы, Алматы секілді Жібек Жолы бойында орналасқан ежелгі заман қалалары мен Орта ғасырда басты сауда және діни орталықтар болған.

Қазақстан халқы баяғы замандағыдай өзінің әйгілі қонақжайлылығымен бөлісіп, құшақ жая «Байқоңыр» айлағын, жоғарғы таулы мұз айдыны «Медеуді», Тамғалының көне таңбалары, Алтын Емел ұлттық бағының әнші құмдары, Көкшетаудың көлдері мен ормандары, Түркістандағы орта ғасырлық Ахмед-Яссауи кесенесін көрсетуге дайын.

Еліміздің туризмінің дамуында туристтік-рекреациялық потенциалдың рөлі үлкен. ҚР-ның туристтік-ресурстарын – табиғи рекреациялық, мәдени-тарихи рекреациялық және экономикалық-элеуметтік рекреациялық ресурстар деп бөлуге болады. Табиғи рекреациялық ресурстары:

Оңтүстік және оңтүстік-батысын және шығыстан елімізді қою-жасыл және көгілдір Тянь-Шань, Тарбағатай, Алтай секілді ақ шыңды мозайкалар қоршайды.

Батысында Каспий теңізі Қазақстанның бекіре балығы мен мұнай кендерінің асыл қазынасы құшақ жаяды. Елдің көп бөлігін дала, Қарақұм құмды массивтері және кең байтақ Қызылқұм шөлі алып жатыр. Сары-Арқа даласында ерекше көл, Балқаш орналасқан. Оның ерекшелігі шығыс бөлігінің ащы сулы болуында.

Солтүстікте Көкшетаудың қарағай ормандары арасында орналасқан 80-ге жуық көркем көлдер жан елітеді. Ұшы-қиыры жетпес дала кеңістігі төбешіктер және таулармен ауысады. Бұл жерден Сырдария, Орал, Іле, Тобыл, Ертіс, Іле және Шу өзендері ағып өтеді. Қазақстанның ең биік шыңы Хан-Тәңірі шыңы. Ал ең төмені теңіз деңгейінен 132 м төмен орналасқан Қарақия ойысы.

Қазақстан климаты шұғыл континентальді. Ауытқуларды жұмсартып, ылғалдандырып тұратын Алтай мен Тянь-Шань тау жоталары. Қаңтарда температура тұрақсыз, солтүстікте  $-20^{\circ}\text{C}$  болса, оңтүстікте  $-1^{\circ}\text{C}$ . Қаңтардың орташа температурасы Норвегияның солтүстігімен ұқсас. Шілденің орташа температурасы, Шри-Ланка аралдарындағыдай. Саяхат үшін ең керемет мезгілі – кеш көктем, жаз және ерте күз.

**Талайды таңқалдырған көрікті де қасиетті Алтын Емел.** Қазақстандағы туризмнің тарихи алғышарты біздің д.д. үшінші мыңжылдықта қалыптаса бастаған Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен дамуы болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін туризм экономиканың табыс әкелетін саласы ретінде қаралмады. Қазақстанның сәулет, археологиялық, мәдени ескерткіштері мен табиғи көрнекті жерлерінің тарихи мәніне іс жүзінде жарнама жасалмады. Қазақстанда туризм өндірісінің дамымай қалуының бір себебі экономика саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде тікелей айналыспады.

Туризмді аумақтық ұйымдастыру және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады.

Алтын-Эмель Ұлттық табиғи бағында аңшылық турды ұйымдастыру. «Алтын-Эмель» атауы Монғол сөзінен шыққан, ол «алтын ер» (золотое седло) дегенді білдіреді. Бұл жайында халық арасында таралған аңыз бар: 1219 жылы жазда Шынғысхан Орта Азияны жаулап алуға осы алқап арқылы өткен екен дейді. Сарғая бастаған шөп басқан таудағы батқан күнді көрген қолбасшы мынау «алтын емел ғой» деп таңғалыпты, содан бері, сол таулар «Алтын-Емел» деп аталып кетіпті.

Жетпіс сегіз түрлі сүтқоректілердің сегізі республиканың Қызыл кітабына енгізілген. Олар – ала жертесер (пегий путорак), тас сусар (каменная куница), шұбар күзен (перевязка), кәмшат (речная выдра),

сабаншы (манул), құлан (кулан), қарақұйрық (джейран), және арқар (архар).

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында Арал теңізіндегі Барсакелмес аралынан осы жерге 27 туркмен құланы әкелінген болатын, қазірде олардың саны екі мыңға жетті.

Ең әдемі киік – қарақұйрыққа келсек, оларды бүгінде бүкіл Қазақстан бойынша осы жерден ғана көптеп кездестіруге болады. Қарақұйрықтардың жалпы саны алты мыңнан асады.

Табиғи бақта әртүрлі аңшылық алқаптары және аңдардың көптеген түрлері бар, олардың ішінде олжалық аң аулау нысандары. Олар: сібір тау текесі; сібір елігі; қабан; қасқыр; қырғауыл; кеклік.

Аңдардың және құстардың саны, оларды қорғау, қалпына келтіру шараларына көп көңіл бөлінеді.

Бұл мәселелер аңшы туризмді жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді және туризмнің инфрақұрылымы тұрақталған (аңшы-үйлер, инспектор персоналы, және аңшылық туризмнің маркетингі және менеджменті).

Бақ аумағы 5 инспекторлық участкаға (37 айналыммен) бөлінген, 60 инспектор күзетеді. 33 қардон, және 10 бақылау өткізу пункті жұмыс істейді. Бұдан басқа оперативтік топ, бүкіл бақ аумағын қадағалайды.

Туризмнің инфрақұрылымына тоқтайтын болсақ, 7 қонақ үй туристік классқа сәйкес 60 орынға арналған және аңшылық үйлері бар.

Бақ аумағында демалатын күркелер, автотұрақтар, сауыттар т.б. бар.

Аңшы-турист бақта өзіне ұнайтын олжаны аулап алуы мүмкін, және туристтерге көрсеткен қызмет (сервис) халықаралық деңгейде өткізіледі.

Нормативті-құқық базасы ҚР негізгі заңдарына, мемлекеттік қаулыстарына бұйрықтарына сүйене отырады да оларды орындайды.

Орман және аңшылық шаруашылығының комитеті 2004 жылыдың 31 желтоқсанында спорттық аң аулау ұйымдастырудың ережелерін бекітті (ҚР-да шетелдік аңшы-туристердің қатысуымен). Бұл құжат 2005 жылы 7 желтоқсанда жарыққа шықты. Бұл құжатта Ұлттық бақпен аңшы-туристің құқық ара қатынастары көрсетілген.

Келісім-шарт толтыру тәртібі аң аулауды өткізу, ұйымдастыру және ауланған олжаны шегарадан өткізу тәртіптері көрсетілген.

Ұлттық бақ типтік келісім шарт толтырғаннан кейін орман және аң шаруашылығы облыстық территориялық басқармасынан аңдарды пайдалануға рұқсат алады.

Олжалық аң аулау біткен соң хаттама толтырылады және ветеринариялық куәлік толтырылады.

Аң аулау мерзімі алдында аң аулау өткізу туралы бұйрық шығады, турфирмалармен келісім шарттарды дайындайды.

Аңшылық туризм келесі менеджмент мақсаттарын шешеді:

1. Аңшы-туристтерді аң аулау орнына жеткізу;

2. Аңшы үйлерде орналастыру (демалу, тамақтану, гидтердің көмегін ұйымдастыру);

3. Аңшылық шаруашылықта аң аулау өткізу;

4. Аңшы-туристке олжаны (трофейді) таңдауға мүмкіндік беру;

5. Олжаны алғашқы өңдеу және консервілеу;

6. Аңшылық тур аяқталған соң туристті еліне қайтару.

Алтын-Емел бағында маркетингке және жарнамаға көп көңіл бөлінеді, және ерекше орын алады. 2003-2005 жылдары аңшылық туризмнің жағрафиясы – 12 мемлекеттен (Батыс және Шығыс Еуропадан, және Солтүстік Америкадан) туристтер келді. Барлығы – 73 адам. Олар сібір таутекесінен – 72 бас; сібір елігін – 8 бас және кекліктің – 80-н олжа ретінде аулаған.

Келесі турфирмалармен бірігіп олжалық аң аулауға шетелдік туристтерді қабылдайды: «Қазақстан», «Ақмарал-Сервис», «Фортуна» және «Anas».

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін туристік қызметті реттеу мен халықтың мәдени мұрасын қайта өркендету үшін негіз қаланды. Халықтың мәдени мұрасы сақталған облыстардың бірі Алматы облысы. Алматы облысы территориясындағы аумақта тамаша рекреациялық аймақтар орналасқан. Солардың ішінде ерекше тоқталатын «Алтынемел» Ұлттық Мемлекеттік Табиғи бағы деп айтуға әбден болады.

Алматы қаласынан небәрі 150 км қашықтықта орналасқан бұл бақ өзінің тамаша табиғатымен, өсімдіктер әлемімен, жануарлар дүниесімен талай саяхатшыны таңқалдыруда. Осы бір табиғаттың тамаша тартуын көруге әлемнің түпкір-түпкірінен саяхатшылар келіп жатады. Бұл Алтынемел Ұлттық Мемлекеттік бағы 1996 жылы 10 сәуірде ҚР Үкіметінің арнайы қаулысымен құрылған.

Негізгі құрылу мақсаты бақ аумағында жойылып бара жатқан аң-құстарды және туристік нысандарды сақтау, оны болашақ ұрпаққа сол күйінде жеткізу. Бақ аумағы бүгінгі күні 520 мың га жерді құрайды. Алтынемел деген сөздің өзінің шығу тегі ерекше. Халық арасында таралған аңызға сүйенсек, 1219 жылы атақты қолбасшы Шыңғысхан өзінің Орта Азияға жорығындағы жолда, сарғайған шөп басқан тауды көріп мынау Алтынемел ғой деп таңқалған көрінеді, содан бері сол таулар Алтынемел аталып кетеді.

Ал Алтынемелдің табиғатын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Солтүстігін Жоңғар Алатауының оңтүстік сілемдерін құрайтын Алтынемел, Шолақ, Дегерес, Матай таулары алып жатса, оңтүстікте Республикамыздағы ең ірі өзендердің бірі Ілемен шектескен. Шығысында ежелгі таулар Ақтау және Қатутау таулары жатыр (5.1-сурет).

Ал мұнда өсетін өсімдіктер де ерекше. Мұнда тауда кездесетін өсімдіктен бастап, шөлді-жазықта өсетін өсімдікке дейін кездеседі. Өсімдіктің 1800 түрі кездессе, соның ішінде сирек кездесетін атақты Темір

ағаш, Іле бөріқарақаты, кавказ таудағанын айтуға болады. Өсімдікпен қатар жүретін жануарлар әлемі де өте бай, саяхат барысында парк территориясынан дүние жүзінде жайылуға айналған құландарды, арқар, тауешкілерді, қарақұйрықтарды көруге болады.

Мұнда сүтқоректілердің 78 түрі, бауырмен жорғалаушылардың 25 түрі, құстардың 200 ден астам түрі, қосмекенділердің 4 түрі және балықтардың 33 түрі кездеседі. Бұдан басқа омыртқасыздардың 6000 түрі бар. Осындай жануарлар мен өсімдіктердің бай түріне қарай паркте орнитологиялық, зоологиялық және ботаникалық турлар ұйымдастырылуда.

Бақтағы ең негізгі айтылатын мәселе туризмі. Бүгінгі күні бақ туризмі жақсы қарқынмен дамып келе жатыр, оның ішінде су, экологиялық, ғылыми туризмді айтуға болады. Туристерге ұсынылатын тур маршруттар да саяхатшыға қолайлы етіп жасалған. Келген туристерге қызмет көрсету деңгейі де жоғары және тамаша жағдайлар жасалған, олар туристтердің демалуы үшін қонақ үйлерге орналастыру, туристік объектілерге саяхат жасау, олардың шығу тарихымен таныстыру үшін қажет экскурсовод-гид мамандардың болуы.

Алтынемел Мемлекеттік Ұлттық Табиғи бағы Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Басши селосында орналасқан.

Бақтың солтүстік шекарасын салыстырмалы түрде алғанда онша биік емес Шолақ, Дегерес, Матай, Алтынемел таулары алып жатыр. Олар теңіз деңгейінен 3000 метр биіктікте. Оңтүстігінде одан да аласа Үлкен және Кіші Қалқан, Ақтау таулары алып жатыр. Олардың биіктігі 800-ден 1500 метрге дейін жетеді. Дегенмен де бақ – негізінен жазықтықта орналасқан. Оңтүстігінде Қапшағай су қоймасы және Іле өзені, шығысында Ақтау және Қатутау таулары орналасқан.

Бүкіл таулы аймақ оңтүстік шығысынан өзгеше терең сайлар және терең тік құздармен ершеленеді. Ал орта деңгейлі Дегерес тауы тік құз жартастарымен айрықшаланады. Ақтау, Қату, Үлкен және кіші Қалқан таулары рельефі төмендегі тауларға жатады. Таулы және жазық аймақтары аккумуляциялық рельеф түріне жатады. Олар су құбырларымен кескінделіп жатыр. Таудан алыстаған сайын тау кескіндері кішірейеді.

Рельефтің жалпы көрінісі құмды алқаптың ғаламды түріне жатады. Бул биіктігі 10 метрлік құмды төбелер мен құмды жағалаулар. Негізгі қызықтыратын Аққұм, Құмқала және Үлкен қалқан мен Кіші қалқанның ортасында орналасқан атақты Айғайқұм қалашығы.

Алқаптың ені оңтүстік жазықтықта орналасып 2 құм қалашығынан тұратын биіктігі 500-560 метрде жатыр. Құм шатқалында ешқандай өсімдік өспейді. Құм төбесінің жоғарғы бұрышының иіні табиғи құмның ағу деңгейіне 32 градус, ал ортаңғы бөлігі 20 градусқа дейінгі көлемді алып жатыр. Ұлттық парктің оңтүстік шеткі шекарасы Іле

өзенінің жағасындағы биіктігі 0,5 метрден 7 метрге дейінгі биік жар қабақтармен шектеледі. Алтынемел бағының құрылуына келетін болсақ, Алтынемелдің құрылуы қазір бақтың ең басты кардонына айналған Қызылауыз кардонынан басталады. Кейіннен Қапшағай аң шаруашылығы құрылады. Шаруашылықтың статусын көтеру мақсатында 1996 жылы Алтынемел Мемлекеттік Ұлттық Табиғи бағы деген ат ҚР Үкіметінің Қаулысымен берілген болатын. Қазіргі кезде ол республикадағы ең ірі парктің бірінен саналады. Бақтың аумағы 520 мың гектарға жетеді.

Бақтың табиғаты – бірегей шөлді кешені. Осында тұрып, Африканың сафарасын немесе Майн Ридтің қызық оқиғалы романындағы көгалды шалғынын еріксіз еске түсіресіз. Бақтың флорасы мен фаунасы жүздеген өсімдіктер мен жануарлар түрлеріне бай. Оңтүстік таулы аймақтарда ұлттық Бақтың солтүстік бағытынан тұрақсыз кішігірім өзендер, ағып өтеді, бұлардың ішіндегі ең ірісі батыстан шығысқа қарай Тайғақ 25 км, Қызылауыз 14 км, Талды сайы 19 км және т.б. Бұлардың көбісі қардың еруінен пайда болып, жазға қарай құрғап, Қапшағай су қоймасына жетпейді. Матай, Үлкен қалқан, Қату тауларының арасында орналасқан кең жазықта кішігірім қайнарлар мен бастаулардан бастап ағатын ағыс сулар бар. Осылардың ішіндегі үлкен ағын сулардың кейбіреуі Іле өзеніне барып құяды (5.2-сурет). Алтынемел бағындағы Іле өзені мемлекетіміздегі аса ірі транзиттік қызмет атқарады. Тамыз айында Іле өзені ең жоғарғы деңгейіне жетіп, ал қыркүйек айында судың төмендегені байқалады. Қапшағай су қоймасы Іле өзенінің шығысынан келіп құятын жерінен басталып батысқа қарай жалғасып жатыр. Судың тереңдігі 14 метрге дейін, Қапшағай су электр станциясының су қоймасында тереңдігі 60 метрге дейін жетеді. Ұлттық бақ аумағындағы су қоймасы, теңіз жағалауларын елестетеді. Ұлттық бақтың климаты тез өзгеретін жазы-ыстық, қысы-суықтардан туратын аумақ. Бірақ оңтүстік аумақтың экопозициялық деңгейі мен ашық жазық болғандықтан бұл аумақта көктемнің ерте келетіндігін көрсетеді.

Аумақтың солтүстік бағыты таулармен шектелгендіктен, суық ауаның өтуіне кедергі болып, жаздың шілде айындағы ауа температурасы орта есеппен +20 С° көрсетеді. Жоңғар Алатауына қарағанда, бұл жерде жылы ауаның әсерлігінен, және жауын шашынның аздығынан Іле ойпатынан келетін ауаның ылғалдылығы шамасы 200 мм. Ұлттық бақтың рельефі жергілікті аумақты орналасуына байланысты ауа-райы тез өзгергіш және бұл құбылыстар жылдық әр мезгілде байқалады. Жазыққа қарағанда таулы аймақ салқындау келеді.

Алтынемел тауы Іле өзенінің деңгейінен 2000 метр биіктікте болғандықтан, әр 100 метр биіктеген сайын ауа температурасы төмендейді. Қыс мезгілі суық ауаның, төмендігі температурада пайда

болатын ашық түндермен ерекшеленеді. Қаңтар айының орташа температурасы шамамен – 10 °С суықтықты көрсетеді, ал қыстың ашық күндері 24 °С-ке дейін жетеді.

Қардың жамылыуы парктің тек солтүстік аумақтарында ғана байқалып 50 күнге дейін сақталады Іле өзені Қапшағай су қоймасының мұз қатуы желтоқсан айының орта шенінде жүреді. Мұздың наурыз айында еруі басталады. Парк аумағында топырақтың тығыздығынан және жердің тастақ келуіне байланысты солтүстік-батысынан соққан желден шаң көтерілмейді. Картада келер жергілікті жердің рельефі, климаты әртүрлі болғандықтан аңғарымен өсімдіктердің құбылысын топтастырып өмірге әкеледі. Алтынемел түп нұсқасы өзінің осындай табиғи ерекше көріністерімен қызықтырады.

Мұндағы климат шұғыл континенталды. Жазы ыстық, қысы суық. Көктем мен күз ерте түседі. Солтүстік жақтан таулы тосқауылдың болуынан, суық жел мен шаңды бораннан қорғайды. Дегенмен де, мұнда тау баурайында жазыққа қарағанда әлдеқайда салқындау болады. Қорыта айтқанда, әртүрлі формалы рельефтің үйлесуі, жергілікті климаттың ерекшелігін және оған сәйкес өсетін өсімдіктердің және тіршілік ететін жануарлар түрлерін анықтайды.

Жергілікті топырағы – сан алуан түрлі болып келеді. Оның негізгі себебі – тау етегі және сол етектегі жазықпен таулы рельефтің бір-бірімен ретімен алмасып орналасуынан. Топырақ спектрі парктің солтүстік шығысындағы альпілік таулы-шалғындықтан оңтүстік батысқа қарай далалы және тұнық қызғылт түсті болып келеді. Тау бөктеріндегі жазықтар мен ескі шөгінділер жатқан жерлердегі топырақтар сұр-қоңыр және тақыр тәріздес. Жайылма шалғынды және орман-шалғынды топырақтар Іле өзенінің жайылмасында кең таралған. Құмды жерлер бақтың оңтүстік-шығыс бөлігі мен Кіші және Үлкен Қалқан таулары арасында жатыр. Топырақ жамылғысының осындай әртүрлі болуы «Алтынемел» Ұлттық бағындағы өсімдіктер мен жануарлардың түрлеріне де әсерін тигізеді.

Табиғат жағдайының әр түрлілігі «Алтынемел» Ұлттық бағындағы өсімдіктер мен жануарлардың биологиялық түрліліктерінің жоғары деңгейін анықтайды. Бақтың флорасы, таулы қылқан жапырақтылардан бастап, жазықтық шөлді өсімдіктерге дейінгі 1800 түрден тұрады. Бақ ерте көктемнен кеш күзге дейін гүлдеп тұрады, бір қызығы мұнда өсімдіктер бір-бірін кезекпен ауыстырып отырады. Биік таудың шалғындары гүлі ашылған шегіргүл, сарғалдақтардың түрлі түстеріне малынып жатады. Біраздан кейін гүлді шөптер, бұталар, қызғалдақ, боз, алқызыл гүлдерден кілем тоқып, сәнді розарийда сары және аппақ бұлттар пайда болады. Күз жақындағанда таудың селдір тоғайындағы шетен шоқтары қызарады.

Ал шөлді жерде қыркүйекте тіпті қазан айларында да гүлдеген жусан мен бір жылдық сораңдарды көре аласыз. Және де бұл жерде Қазақстанның Қызыл

кітабына енгізілген, сирек кездесетін өсімдіктер - әйгілі темір ағаш, кавказ таудағаны, қызғалдақ және Іле бөріқарақаты кездеседі.

Ұлттық бақтың фаунасы – айырықша әңгіме. Тек омыртқалы жануарлардың өзінің ғана 260 түрі кездеседі. Жағалаудың ихтиофаунасы онша бай емес. Бақ аумағындағы өзендерде 32 түрлі балық мекен етеді, оның сегізі басқа су қоймаларынан арнайы әкелінген. Ал мұндағы Ілелік қарабалық пен балқаш алабұғасы Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген. Қосмекенділер мұнда аз, бірақ та данатин құрбақасы мен сібір бақасы сияқты қызыл кітаптықтар кездесіп те қалады. Су қоймалары үйректерге толы, ал тоғай мен тауларда жыртқыштар өте көп. Мұнда қара дегелек, ақбас үйрек, ақбас тырна, жорға дуадақ, қыран, қарақұр, дала бүркіті, үкіні жиі кездестіре аласыз.

Жетпіс сегіз түрлі сүтқоректілердің сегізі республиканың Қызыл кітабына енгізілген. Олар ала жертесер, тас сусар, шұбар күзен, кәмшат, сабаншы, құлан, қарақұйрық, арқар. Дегенмен де, қабылданған шаралардың арқасында, бүгінде паркте сирек кездесетін жануарларға қауіп жоқ. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында Арал теңізіндегі барсакелмес аралынан осы жерге 27 түрікмен құланы әкелінген. Қазірде олардың саны екі мыңға жетті. Ең әдемі жануар қарақұйрыққа келсек, оларды бүгінде бүкіл Қазақстан бойынша осы жерден ғана кездестіруге болады. Қарақұйрықтың жалпы саны алты мыңға жетеді. Көктем мезгілінен - күз мезгілі арасы.

Ұлттық бақтың туристік объектілеріне тамаша табиғат ескерткіштерін айтуға болады. Олар Әнші құмдар, Бесшатыр қорғандары, Шоқан бұлағы, Ақтау мен Қату таулары, Үңгіртас және Қарлы сарқырамасы және т.б.

Біз енді ең тамаша таулардың бірі Ақтау және Қату тауларынан саяхатымызды бастаймыз.

**Қатутау** тауының да қызықтырарлық жерлері өте көп. Ол ұлттық бақтың шығысында жатыр. Космоста түсірілген суреттерге ұқсайтын, марсиандық, тіршіліксіз көріністі жартастар көптеп кездеседі. Таулары жанар тау құбылыстардан пайда болған, жанар таудан атқылаған лавалар сол күйінде қатып, алып бейнелер жасаған. Кейде мұнда кейбір сақ туристер арқарды да көріп қалады. Бұл тауларда таста салынған суреттер табылған. Одан әрі біз саяхатымызды Ақтаумен жалғастырамыз.

**Ақтау борлы тауы** Қатутауға қарай батыстау орналасқан. Олар әртүрлі жыныстардың сығымдалуынан түзілген. Аппақ бор сияқты құмдар, қызыл саз, жартасты қызыл күрең топырақ.

Тас жарықтарында жойылып біткен субтропикалық өсімдіктердің ізі, ертедегі жануарлардың, жер бетінде 20-50 млн жыл бұрын мекендеген алып мүйізтұмсықтардың тасқа айналған сүйектері табылды. Осындай сүйектерге қарап, біз бұл тауларды ашық аспан астындағы мұражай деуімізге де болады. Шатқалдардың биіктігі 1000 м дейін жетеді, ал жалпы аумағы 50 кв/км құрайды. Ақтаудың ең негізгі ерекшелігі әртүрлі кезеңдердегі эоциннен бастап осы заманға дейінгі жануарлар қалдығының табылуы. Мысалы: Ең алғашқы сүйек қалдықтары бұл



жерден 50-ші жылдары табылған, ол сүйек қалдықтары әртүрлі кезеңге жатады. Табылған сүйектің бірі алып мүйізтұмсыққа ұқсайды. Ал төменгі қабаттан бұдан 40-45 млн. жыл бұрын мекен еткен орта немесе кейінгі эоцен кезеңіне жататын жануар табылған. Бұл сүйектер бұрын бұл жерде алып мүйізтұмсықтардың мекен еткенін айғақтайды. 1995-1997 жылдары Қазақстан мен Американдықтардың біріккен зерттеуі нәтижесінде бронтоотерия алып мүйізтұмсығының қалдығы табылған. Ал жоғарғы олигоцен кезеңіне жататын мүйізтұмсықтар қалдығы 23-25 млн. жыл бұрын өмір сүрген болып шықты. Бұл 1988 жылы Орталық Қазақстаннан табылған сүйекке ұқсайды екен. Алып жануарлардың биіктігі 5 м, ал ұзындығы 8 м жеткен. Ал ертедегі миоцен кезеңіне жататын мүйізтұмсықтар болса бұдан 20-23 млн. жыл бұрын өмір сүріпті. Осы қабаттан ертедегі субтропикалық өсімдіктердің қалдығы табылған. Қазірде бақтың осы бөлігінде Қазақстандағы алғашқы ашық аспан астындағы палеонтологиялық мұражай ашылмақшы.

Бұдан әрі біз саяхатымызды Әнші құмдармен жалғастырамыз. Бұл тауларға бармас бұрын екі тау ерекше көзге түседі. Қалқан таулары. Үлкен және Кіші Қалқан таулары бақтың оңтүстік шығысында орналасқан, алыстан ол таулар жерде жатқан екі үлкен қалқанға ұқсайды, сондықтан оны қазақтар қалқандар деп атап кеткен.

Бұл таулар Үлкен және Кіші Қалқан таулары деп аталады. Осы таудың ортасында талай саяхатышыны өзіне тартқан атақты әнші құмдар жатыр. Әнші шағылдардың тамаша құпиялары әлі ашылмай келеді.

**Әнші құмдар** ландшафты табиғат ескерткіші туристтерді қызықтыратын жерлердің бірі (5.3-сурет). Ол Кіші және Үлкен Қалқан тауларының ортасында орналасқан. Оның көлемі 240 га, және екі үлкен барханнан тұрады, оңтүстігінде 150 м, солтүстігінде 120 м биіктігі бар бархандар. Ұзындығы 3 км, ені 2 км, теңіз деңгейінен биіктігі 600-650 м құрайды. Табиғаттың мұндай таңғажайыптары әлемде оннан аса жерде, яғни алпауыт мемлекеттерде кездеседі. Олар: Қытайда, Аравия мен Америкада, Ресейде, Англияда, Канадада, Гавай аралдарында, Риж теңізінде, Коль түбегінде кездеседі. Міне, көп жылдардан бері, географтар осындай тас жердегі құмды төбенің шығу тегі туралы жұмбақтың шешімін таба алмай келеді. Біреулері бұл құм Іле өзенінен келген десе, басқалары оны жел өтінің таңқаларлық құбылысы дейді. 150 м биіктігі бар құм төбенің ауа райының құрғақ күндерінде шығаратын дыбыстары, ғалымдар үшін әлі жұмбақ болуда.

Дыбыс орган аспабында ойнайтын әуенге де, реактивті самолеттің гуіліне де ұқсайды. Физиктер болса құм төбеден шыққан дыбысты қиыршық құмның желдің әсерінен бір-біріне үйкелісуінен және кристалдық электрленуден деп түсіндіруге тырысады. Бірақ та бұл туралы жергілікті халықтың өз болжамы бар. Олардың бірінде құмның ішін жын-шайтан жайлаған десе, ал кейбірі-онда

дуаланған қыз бар дейді. Тіпті де, сусылдаған құмның төбесіне шыға алған адамның бар тілегі орындалады, ал егер ол құмда адасса ол өте құнахар адам болғаны. Өңші құмдарды тамашалап біз енді 800 м алыста жатқан Шоқан бұлағына тоқтаймыз.

Құм төбенің дәл етегінде суы мөлдір таза бұлақ осылай аталады. Халық арасында оны емдік қасиеті бар, көптеген ауруларға ем болатын киелі су дейді. Дәл осы жерге, Ресейден Қашғарияға сапарында Ш. Уалиханов дем алуға аялдаған екен.

Ол осы бір ғажап жазира туралы жазбаларында қалдырған, кейіннен ол жер Уәлихановтың атымен аталады. Ал алдарыңыздағы кордон Мыңбұлақ деп аталады, мұндай көп бұлақ әрине бұл жерде болмаған, бірақ ертедегі біздің аталарымыздың өмірі судан көп тапшылық көргендіктен осылай атаған. Мыңбұлақ кордонынан өтіп біз 1219 жылы Шыңғыс хан өз әскерлеріне тамақ пісірген тарихи жерге келеміз. Биіктігі 2 м, Шыңғыс ханның бұйрығы бойынша қойылған екен. Ал Бесшатыр қорғандары парктегі ең ерекше туристік объектілердің бірі (5.4-сурет).

Біздің эрамызға дейінгі VII -IV ғасырларда осы аймақта өмір сүрген шығыс скифтерінің немесе сақ тиграудтардың зират-қабырлары, әйгілі Бесшатыр қорғандары бақтың қақ ортасында жатыр. Қабыр әртүрлі көлемдегі отыз қорғандардан және жүздеген салттық менгирлерден тұрады. Қабырлардың мөлшерінен сақ қоғамының топтарға бөлінгендігін болжауға болады. Оның ішінде ең үлкені, биіктігі 17 метр болатын алып қорған белгісіз сақ патшасына жасалған. Оны айнала текті сақтар мен көсем нөкерлерінің зираттары қоршап жатыр. Одан әрі ерлік көрсеткен әскерлер, полк басшыларының майда қорғандары орналасқан. Осы жерден ұлттық парк қызметкерлері Қазақстандағы алғашқы тарихи-этнографиялық сапар орталығын ашпақшы. Алыс замандарда өткен бабаларымыздың өмір тіршілігі жайлы қазіргі түсінігіміз олар тұрған үңгірлер мен үңгіме қуыстарды зерттеп білуге негізделген, сол үңгірлер мен қуыстарда адам еңбегінің белгісі тас құралдар, соларды дайындаудан қалған қоқыстар, тамақ қалдықтары - жануарлардың сүйектері сақталған. Қазіргі заманның артта қалған халықтары дейтін жұрттар өмірінен алынған этнографиялық мәліметтердің де маңызы аз емес. Мұндай мәліметтер ежелгі адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің біраз қырлары мен сырларын анығырақ түсіндіруге мүмкіндік жасайды.

Көне деректерге жүгінсек, бактериялықтар, соғдылар мен хорезмдіктердің теріскей жағын желдей жүйрік атты көшпелі турлар мекендеген. Парсы деректерінде турлар – сақтар деп аталады, бұл еңіреген ерлер деген сөз, ал грек авторларының туындыларында олар скифтер деген атпен белгілі. Бұл көшпелілердің екінші аты, бейнесі ретінде айтылып, әдетке айналған. Біздің ұлттық бақтың территориясында табылған қорымдарда осы сақ тайпалары жерленген. Біздерге жеткен деректерге қарағанда, сақтар малшылар болған, олар жылқы, мүйізді ірі

қараны, уақ малдарды өсірген. Шеттерінен ат құлағында ойнайтын шабандоздар, құралайды көзге ататын садақшы мергендер болған.

Басқа бір авторлар: «Соғдының ар жағында, Яксарттың бойын қуалай сақтар Қоныс тепкен» – деген сияқты мәліметті келтіреді.

Парсының сына жазуларында сақтардың үш тобы туралы сөз болады: парадарья (теңіздің арғы бетіндегі сақтар), хаомаваргасақтар (хаома сусынын жасайтын сақтар), тиграхауд-сақтар (шошақ бөрікті сақтар).

Тау етегіндегі жазықтан көптеген қорғандар көрінеді. Бұл қорғандар ертедегі осы территорияны мекен еткен, ең мықты аттың қожайыны, ең мықты мергендер саналған және шығыс тайпаларының ішіндегі ұлы және жұмбақ мемлекет скифтер сақтарға арналған. Алыстан тек қана бес үлкен қорған көрініп тұрады. Сондықтан Қазақтар оны Бесшатыр қорғандары деп атайды.

Ұлттық бақ территориясында Қазақстан тарихын қалыптастыратын көптеген нысандар мен қоныстар табылған. Бақ территориясынан қола дәуіріндегі мекендер табылмаған, бірақ тастағы жазулардың көптеген жинағы табылды.

Бұл жазулар бақ аумағында 2 мыңжылдықта андронов тайпалары мекен еткенін білдіреді.

Бұл тайпалар өзінің алғашқы атауын ең алғаш Сібірде, Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосы мекеніне жасалған археологиялық жұмыстар нәтижесінде қол жеткізді. Бірақ олардың алғашқы қоныстанған жері Қазақстан болған, яғни, Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан. 20 ғасырдың 80-ші жылдарында Қазақстан территориясынан көптеген қорғандар және мекендер табылды. Олар көбінесе Көксу өзенінің бойында, Баянжүрек тауларында, Іле Алатауы баурайында табылды. Қола дәуірінің тайпалары кішкентай өзендердің жағасында қоныстанды, өздерінің үйлерін салды, егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысты. 1-ші мыңжылдықтың басында олар көшпелі шаруашылыққа көшті. Егер үлкен қорғандарды зерттейтін болсақ, олар Іле өзенінің бойында өте аз, көбінесе олар Шелек, Кеген өзендерінің бойында көп кездеседі. Көбінесе олар шөбі мол, суы бар, теңіз деңгейінен 1000-1600 м биікте орналасқан жерлерге қоныстанған. Мұндай жерлер шаруашылық үшін қолайлы болған. Парк территориясындағыдай қорғандар Ыстықкөлдің маңында да, Ферғанада да кездеспейді. Сондықтан Жетісу шаруашылық үшін қолайлы жер болған. Бақтың батыс жағындағы әсем таулар Шолақ, Матайда таңбалы тас суреттері табылған.

Бұл жерде сіздер ежелгі қазақ халқының мәдениетін, сурет өнерінің осыдан 2000 жыл бұрын дамығанын көре аласыздар. Жоңғар Алатауының оңтүстік сілемдері мысалы Шолақ, Матай, Дегерес, Матай таулары Қазақстанның көрікті жерлері болып саналса, бұл аймақта ертедегі біздің арғы бабаларымыз өздерінің өмірі мен тұрмыс тіршілігі туралы із

қалдырған. Петроглифтерді ұлттық бақтың кез келген жерінен кездестіруге болады. Әсіресе олар Теректісай шатқалында көп. Қола дәуірі шеберлерінің жартастағы суреттерінде аң аулау кездерін, жабайы және үй жануарларын, ғұрыптарды және де күн пішінді тәңір бейнеленген. Теректі жартастарындағы суреттердің бірін қазақстандық зоолог Павел Мариковский зерттеді. Оның пікірінше, ертедегі суретшілер жартастарда осында мекендеген жануарларды суреттеген. Әсіресе белгісіз жұмбақ аңның бейнесі ерекше қызықтырады. Бұл аң баяғыда-ақ құрып біткен және де ол осы кезге дейін ғалымдарға белгісіз болып келеді.

Алтынемел бағындағы тамаша туристік объектілер өзінің тамаша тарихымен және әсемдігімен талай саяхатшыны таңқалдыруда. Территория аумағында туризм саласын дамытуға қажетті көптеген туристік объектілер орын алған. Оларды атап айтсақ дүниежүзінде өте сирек кездесетін Айғайқұм, бұдан 20-50 млн. жыл бұрын өмір сүрген алып мүйізтұмсықтардың отаны Ақтау және Қатутау, бұрынғы заманғы ата-бабаларымыз мекен еткен жерлер Үлкен Бесшатыр қорғандары, Шоқан тоқтаған бұлақ, атақты көне қолбасшы Шыңғысханның іздері қалған орындар, 700 жылдық ағаш пен Ошақтас объектілері, қарлы сарқырамасы, Үңгіртас.

Осы жерде тоқталатын болсақ Айғайқұм құмдары тамаша туристік объекті болып табылады. Орналасқан орны кіші және Үлкен Қалқан таулары арасында, бұл таулар алыстан үлкен соғыста кездесетін қалқандарға ұқсағандықтан ертедегі адамдар Қалқандар деп атаған, қалқан атауы өте ескі ұғым болса да осы күнге дейін жеткен. Бұндай құм төбелер Америкада, Англияда, Қытайда, Ресейде, Аравияда кездеседі. Құм төбенің көлемі 240 га алып жатыр, биіктігі 150-180 метрді құраса, теңіз деңгейінен биіктігі 600-650 метрді құрайды. Көптеген жылдар бойы ғалымдар осы құм төбенің шығуы туралы жұмбақтың шешуін таба алмай дал болуда. Біреулері бұл құмдар Іле өзенінен келген десе, басқалары оны жел өтінің таңқаларлық құбылысы дейді. Қанша жел болса да бұл құмдар өз қалпын жоғалтпайды, біз үшін бұл құбылыс жұмбақ болып қала береді. Бұл құмның ең негізгі ерекшелігі ауа-райының құрғақ күндерінде шығаратын дыбыстары, ол дыбыс алып ұшақтың гуіліне немесе музыка аспабында ойналған әуенге де ұқсайды. Сусылдаған құм төбенің үстіне шыға алған адамның бар арманы орындалады даген де халық арасында аңыз бар. Осы құмның етегінде 800 метр алыста және Іле өзенінің оңтүстігінде 1856 жылы қазақтың ағартушы ғалымы, саяхатшы Шоқан Уәлиханов өзінің Қашқарияға кетіп бара жатқан саяхатында тоқтаған деседі. Бұл бұлақ халық арасында қасиетті және суы көптеген ауруларға ем болады деседі. Осы бұлаққа жақын аймақта және Мыңбұлақ шатқалында Шыңғыс ханның үлкен жорықтарының бірінде аялдаған, ас әзірлеген алып қазан қойылып, от жағылған орын Ошақтас мекенін көруге болады. ал Мыңбұлақ атауының шығуын ежелгі көшпелі бабаларымызбен үйлестіруге болады.

мұндай көп мөлшердегі бұлақтар әрине мұнда болмаған, бұл атау біздің бабаларымыздың суға өте тапшы болғанда айтқан сөзі болуы әбден мүмкін. Ал Қосбастау мекенінде орын алған 700 жылдық жасы бар делінетін алып үйеңкі ағашта Шыңғыс хан өз әскерлерімен 1219 жылы Орта Азия жерін жаулап алуға бара жатқан жолында аялдаған деседі. Бұл ағаш өте қасиетті және оның жапырағын немесе бұтағын сындырған адамды үлкен бақытсыздық күтеді екен.

Бақ территориясында Қазақстанның тарихи мәдениетін құрайтын объектілер көптеп табылған. Олардың ішінде қорғандар және таста салынған суреттер. Біздің заманымыздан бұрғы 2 ғасырда бұл территорияны өз заманында ең жүйрік аттың иесі мен ең жүйрік садақшылар болған сақ тайпалары мекен еткен. Бұған куә осы жерден табылған алып қорғандар. Бұл қорғандар Үлкен Бесшатыр қорғандары деп аталады. Бесшатыр атауының шығу тегіне үңілсек, алыстан көрінген бес төбеге Бесшатыр деген атау бергенге ұқсайды, бұл атау бүгінгі күнге дейін біздің заманымызға жетті. Бұл территориядан 30-дан астам қорған табылған. Табылған қорғандардың ішінде ерекше көзге түсетіні биіктігі 20 метрді, ал диаметрі 104 метр құрайтын сақ патшасы жерленген алып қорған. Өз заманында сақтар патшаларына осылай құрмет көрсеткенге ұқсайды. Қорғаннан табылған қабір үш бөлмеден тұрады, ал тұрғызылған қабір Тянь-Шань шыршасынан жасалыпты, ал бұл шырша ешқашан Алтынемел және Шолақ тауларында өспеген, оны 300 км алыстан Тянь-Шань тауларынан, ал тастарды 2-3 км алыстан Алтынемел тауларынан тасыған. Осыған қарап бұл қорғанның иесі тегін адам емес екенін байқау қиын емес. Ал парктің батысында орналасқан Шолақ тауларындағы Қаракеспе және Тайғақ сайларында кездесетін тастағы суреттер де өз кезегінде туристерді таңқалдырмай қоймайды. Осы тауларда мекен еткен арқар, тауешкі және бұғы, садақшылар, түйе, аңшылардың тас бетіндегі суреттері осы күнге дейін жеткен. Осындай тарихтың тамаша беттерін көруге алыстан туристер көптеп келеді.

Заманалар тоғысынан сыр шертіп келе жатқан, көненің көзі болып табылатын ғасыр мұралары мен табиғат ананың адамзат баласына сыйға тартқан әсем табиғат сырларын, ата-бабаларымыздың таңғажайып өнер туындыларын жазып, олардың туризм саласындағы маңызын айтуымыз керек.

Ғасырдан ғасырға жалғасып, заман мен заманды жалғастырып, бұрынғы ата-баба дәстүрінен мағлұматтар беретін, біздерді солармен жалғастырып, ғаламның ерекшелігін анық байқатып, азамат баласының қай кезде болмасын өздеріне тән мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болатынына дәлел болыпкеле жатқан обалар мен тасқа қашап жазылған жазулар осының бұлтартпас айғағы. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасында туризмнің дамытылуын, әр бір ауданда туризмге қажетті объектілерді қорғау, ел экономикасын жақсарту

айтылған. Сондықтан туризмді дамытудың негізгі нысаны Республика экономикасының дамуына туризм арқылы кіріс кіргізу және халықаралық туризм деңгейіне сай сапалы қызмет жасау болып табылады. Мұндай қызметтер Алтынемел Ұлттық бағында бар деп айтуға толық мүмкіндік бар.

Туризмнің дамуы қоғамдық мәселелердің шешімін табуға, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне, тағы басқа мәселелердің шешілуіне түрткі болды. Сонымен қатар дұрыс ұйымдастырылып, дұрыс жоспарланған туризм – экологияның таза сақталуына, қоршаған ортаның бүлінбеуіне, адамдардың денсаулығының мықты болып қалыптасуына, айта келгенде жоғары дәрежедегі қоғамды қалыптастырады. Осының бәрін өз көзімізбен көріп, әсем табиғатты тамашалағыңыз келсе, қасиетті де көрікті Алтынемелге келіп қайтыңыз.

Алматы қаласындағы туристік өнімнің сапасы. Туризм қала экономикасында өз орнын алу үшін және экономикасында өз орнын алу үшін және экономикалық өрлеуді нақты қамтамасыз етсе, Алматы қаласындағы туристік өнімнің сапасын көтеруге жағдай жасау қажет, халық аралық және ішкі туристік рыноктарда оның бәсекелестігін анықтайды

Алматы қаласының туристік өнімінің сапасын көтерудегі маңызды стратегиялық тапсырмалар болып мыналар табылады:

- қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту;
- халық аралық стандарттарға сәйкес келетін қазіргі заманға сай туристік инфрақұрылымын құрастыру;
- қонақ үйі қызметі жүйесін көркейту;
- туристік және қонақүй бизнесіне дәрежелі мамандар даярлау

Алматылықтар мен оңтүстік астана қонақтарына қазіргі заманға сай қонақ үй және туристік қызмет көрсету, ол профессионалдық қарым-қатынастық деңгейін анықтайды

Бүгінгі таңда тек туристік әрекеттің қатысушыларының келісім шарттарының мазмұнын унификациялау қажеттігімен қоса, оның жұмысшылар келісім-шарт талабын қою, ал жұмыс берушімен жұмысшылар арасында қалыпты қазіргі заманға сай негізінде қарым-қатынас құруға болады

Қонақ үйі бизнесін көркейтудегі негізгі шаралар:

- орташа кластағы отелдерді көркейту мен реконструкциялау, оларды ішкі инвесторлардың көмегімен халықаралық стандарттарға келістіре отырып қолдану;

- қала жекеменшігіндегі арзан қонақ үйлерді көркейту (менеджмент деңгейін жақсарту арқылы);

- қаланың көне бөліктерінде жаңа қонақ үйлер салу және ғимараттардың жабдықтарын өзгерту құнды орынды Алматы қаласының туристік-қонақ үй индустриясының инфрақұрылымын көркейтудегі

адресі бағдарламасы алу керек, әр түрлі аудандардағы объектілерде салынатын қонақ үйі ғимараттарын есептеу әр түрлі сыйымдылықта (30-дан 400 дейін немесе көп бөлме), сол сияқты қала мен қала сыртынан жаңа қонақ үй салатын аудандарды есептеу.

Адресі бағдарламаны іске асыру қалаға 10-15 мың қонақ үйі орындарын бере алды, сонда 1000 тұрғыны бар қалада 12 қонақ үйі орыны болады және бұл көрсеткіш туризмнің орталығы Прага, Берлин сияқты деңгейге жете алады (Алматыда қазіргі уақытта 1000 тұрғынға әр санаттағы 4 қонақ үйі орыны бар)

Адресі бағдарламаны іске асыруға керекті инвестицияның орташа көлемі – 1 млрд долл көлемінде, оның ішінде қонақ үйі ғимаратын реконструкциялауға – 350 млн доллар керек; жаңа құрылысқа – 650 млн доллар керек

Ең бірінші кішірек қонақ үйлер салатын объектілерді анықтау қажет (15-тен 60 нөмірлі). Бұлар қосымша орындар береді, бұл орындарға іскерлік туризмді көркейтуде қолдануға болады.

Қала стратегиясын жаңа қонақ үй кешендерін көркейту қызметінде талдау және өзімізде бар қонақ үй мүмкіншіліктерін толығымен қолдану негізінің келесі бағыттары:

- реконструкция жобаларына жеке инвестицияларды тарту және инвестициялық конкурстарға қатысу арқылы қонақ үйлерді көркейту;

- Алматы қонақ үйлерін халықаралық туристік рынокқа жылжыту;

- қалалық туристік хабарлар мен сервистік орталықтың көркейту жобасын кезең бойынша іске асыру;

- Алматыдағы қонақ үйлерді халықаралық қонақ үйлерді басқару тізбесіне кіргізу;

- Приватизацияланған қонақ үйлер бар қала бөліктерін басқару (акцияланған) 5 компаниясын құру

Алға қойылған негізгі мақсат Еуропа деңгейіне сай камфортабельді көп функциональді курортты-рекреациялық кешен құру.

Сол сияқты қазіргі заманға сай әлеуметтік реабилитацияланған курортты кешен құру қарастырылған, ол Алматы тұрғындарына және басқа мемлекет тұрғындарына да арналады, есте сақтайтын жайт, ол Алматыдағы курортты-рекреацияланған кешеннің модернизациясы мен эксплуатациясына салынған қордың жоғары айналымын көздеу болып табылады.

Осы стратегиялық мақсаттарды орындау Алматы қаласындағы осы заманға сай қонақ үй – туристік кешендерді құруға әсер етеді, әлемдік және ішкі туристік рыноктағы қызметте жоғары сапа және бәсекелестік көрсетуге икемді, сол сияқты қалаға келген қазақстандық және шетелдік қонақтарға қонақжайлылық көрсету, бұның негізі қалалық қорға түскен ақшаны көбейту, соның ішінде шетелдік валютаны, қосымша жұмыс

орындарын құру, сол сияқты аймақтық табиғи және мәдени мұраларды қолдану және сақтау.

Қазақстандық туристік өнім. Туризмнің өнімі, ол рыноктың санаттар сұранысында және ұсынысына сай келеді. Бұл жағдайда халықаралық рынокқа шекара құру керек, Қазақстан азаматтарына арналған ішкі рынокта және шетелдік тұтынушыларды бағытқа алу. Халықаралық туристік рынок қазіргі күнде көп миллиардты айналымы бар және бәсекелестік күрестің орасан механизмі болып ситап алған, сондықтан алғашқы туристік өнімді анықтау есебі болып Қазақстанға ғана тән ерекшеліктер мен талаптар болып саналады. ҚР-ның спорт және туризм агенттігінің жүргізген талдамасы және БСҰ есебінің ұсынысымен Қазақстанның түрөнімінің екі базалық компонентіне бөлінді: Жібек жолында мәдени туризм (қажылық және әдет-ғұрыптық) және осымен тығыз байланыстағы экооқиғалық туризм (сафари, рафтинг, құс аулау, треккинг, альпинизм, аңшылық, балық аулау). Осыған байланысты экохикаялық туризм ресурстары бар арнайы аймақтар бөлінді, олар жібек жолы арқылы өтеді.

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары жарлықтың басымдығымен байланыса отыра, келесі аудандармен алғашқы тірек орталықтары анықталды: 1) Іле аймағы (Алматы, Түрген с., Есік қаласы, Қаскелен қаласы, Талғар қаласы, Ұзынағаш ауылы, Қапшағай қаласы); 2) Солтүстік Тянь-Шань (Кеген, Нарынқол, Жалаңаш, Чунджа, Құлжат ауылдары); 3) Жаркент - Талдықорған (Жаркент қаласы, Көктал ауылы, Басши ауылы, Текелі қаласы, Талдықорған қаласы, Жаркент-Арасан курорты); 4) Балқаш (Балқаш көлі, Прибалхашье ауылы); 5) Солтүстік Жоңғар (Дружба ауылы, Алакөл көлі, Лепсі қаласы, Жарқұлақ ауылы, Көктұман ауылы, Сарқант қаласы, Арасан-Қапал); 6) Жамбыл (Тараз қаласы, Мойынқұм ауданы); 7) Түркістан (Түркістан қаласы, Турбат, Отырар, Шәуілдір, Ата-баба ауылдары, Кентау қаласы, Шаян ауылы); 8) Сайран-Шымкент (Шымкент қаласы, Сайрам ауылы, Арыс қаласы, Шардара қаласы, Сарағаш қаласы, Леңгір қаласы, Ванновка ауылы); 9) Жоғарғы Бұқтырма (Қатон-Қарағай ауылы, Берел ауылы, курорт «Рахмановские ключи» ауданы, Марқакөл); 10) Маңғыстау (Фетисов ауылы, Ақтау қаласы, Ералиев-Құрық ауылы).

Онымен қоса ең жоғарғы тартымдығымен және территориясының ыңғайлылығымен туризмді құру жоспары мемлекеттік ұлттық табиғи бақтарын орасан зор сипат береді, қазір бар және болашақта құрылатын, сол сияқты оларды иемденудің басымдылық объектілеріне жатқызуға болады Іле-Алатау, Алтын-Емел (Алматы облысы), Ақсу-Жабағылы, (Оңтүстік Қазақстан), Баянауыл (Павлодар), Қарқаралы (Қарағанды) Бурабай және Көкшетау, Щучинск, Бурабай курорты базасында мемлекеттік табиғи қорық, Қорғалжын (Ақмола облысы).



Туризм агенттігінің сарапшыларының ойынша, Қазақстан туристік өнімінің ерекшелігі ол оның мерзімдік сипаттамасында, ал мерзімдік емес туризмнің альтернативті түрін құруын анықталған шараларын қабылдауды талап етеді.

Жоғарыда көрсетілген сегменттерге сәйкес инфрақұрылымның анықталған талаптары бар. Бұлар қарапайым, үлкен және арзан (25-100 орындық) орналастыру объектілері, олар экологиялық таза жерлерде орналасқан туристік бағыттар, келген жолаушыларға бір орында тұруға есептелген орындар болуы тиіс.

Туризм және спорт агенттігі төрағасы Евгений Никитинскийдің айтуы бойынша, Алматы және Астана қалаларының әуежайларында виза жасауға рұқсат етілген, 54 саяси-экономикалық тұрақты елдерден келген қонақтарға виза жасауда жеңілдік шаралары қарастырылған, онымен қоса кім Қазақстан арқылы транзитпен ұшса, оған келіп кету визасы 3 күннен 5 күнге дейін созылған. Никитинский мырзаның болжауларына келісе отыра 2-3 жыл ішінде ҚР-да туристтердің келуі 80 мыңнан 150 мың адамға көбейді жыл сайын өсуі 17,5 мың турист. Туристік агенттен түсетін кіріс 111 млн 300 мың долларды құрайды. Туристік ұйымдардың әрекетінен салық түрінде жыл сайын бюджетке түсетін қаржы 2005 жылы 692 млн, 2010 жылы – 761,2 млн құраған.

Туристік дамыған елдерде ішкі туристік нарыққа туризмнің ортақ кірісінен 30% және 50% түседі. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан жақсы орын алады. Қазіргі кезде ішкі туризм негізінен ұйымдастырылмаған, ол біраз курорттар, шипажайлар мен туристік базалар жұмыстарынан құралады.

Қазақстан туристік ассоциациясының орындаушы директоры (КТА) Рашида Шайкенованың айтуы бойынша, есеп ішкі туризмнің 10 жыл бұрынғы жағдайын қазіргі жағдаймен салыстырсақ онда ішкі туризмнің көркейгенін көреміз. Қазіргі кезде (экстремизм, теракт) әлемде саяхаттау барысында өте қауіпті, сондықтан туристтерді өз елінде қалуға мәжбүрлейді. Жақында Мәскеуде өткен ұлттық туризм әкімшілігінің семинарында Германияның атынан келген қонақтың айтуынша мемлекет ішіндегі саяхатшылар саны өсіп отыр және ауыл шаруашылық туризмінің ашылғанын айтты (фермалар мен егін алқаптарын аралау).

Шайкенова ханымның орналастыру орындарына қарай қазіргі уақытта қонақ үй бизнесінің тез өсуі байқалғанын атады. Осыған қарағанда 90 жылдардың басынан 60%-дай барлық қонақ үйлер жабылып немесе қайта мамандандырылған, ал кейінгі 3 жылда жаңа қонақ үйлер ашылып жатқандары байқалған. Осы үрдіс Шучинск-Бурабай зонасында және Қазақстанның Оңтүстігі мен Батысында байқалған. Бұл жерлерде 15-17 нөмірлік қонақ үйлер салынған, негізінен олар жанұялық бизнес принципімен жұмыс істейді. Әзірге туристтерге арналған қымбат қонақүй қызметтері клиенттік базаларды бас кезінде дұрыс таңдамаған. Көптеген

қонақ үйлер тура экономикалық есепсіз салынууда, жай ақша салу үшін, көбіне бизнес аудиториялар салынууда. Шайкенова ханымның айтуы бойынша ас қымбат емес қонақ үйлердің салынуын ұсынып отыр, былайша айтқанда эконом немесе туристік класстарды, мұндай қонақ үйлерде қымбат импортты материалдарсыз да жұмыс істеуге болады, қызметтерде ресторанға баруға және интернетке шығуға болады. Мысалы, Түрген шатқалында туристтерді қызықтыратын орын жасалған, ол Бахташ шаруашылығы, ол жерге қымбатты қонақ үй салу немесе бұрынғы қонақ үйді қайта жөндеу ұсынылған, кейін эксплуатацияға бюджетті вариантпен қонақ үй салу ұсынылған.

Туризм аумағындағы атақты мамандар, Тұран университетінің туризм факультетінің деканы Михаил Казарчук байқағандай, қазіргі кезде Қазақстанда ішкі туризм көрсеткіштері 50 %, 1994 жылға қарағанда, мұнымен қоса сыртқы туризм көрсеткіштері әлемдегі жағдайға байланысты Ирактағы әскери әрекеттер осы сала жағдайына әлемдік масштабта кері әсерін тигізді, туристік аймақтардың толық жабылуына әкеп соқты. Биылғы жылы БАӘ-де, Туркияда, Египетте, Пәкістанда дем алу сұрақтары үлкен мәселе болып тұр. Назарчук мырза қиыншылықтарды ескере отыра, кадрлар дайындау керектігін атады. Оның сөздері бойынша тек менеджерлерді дайындап қою емес, сол сияқты қызмет көрсететін жұмысшыларды дайындау, және қазақандықтардың қонақ жайлылығын тәрбиелеу керек. Оның анықтауынша, таулы және су бағыттарында Шу жұмысының лицензиялары 10 есеге өскен. Бұл салада интелегенттер жұмыс жасайды, олар өздерінің дем алыс уақытында жылына бір рет (1 ай) инструктор болып жұмыс істей алады. Инструктордың тәулігіне еңбек ақысы 10 долларды құрайды. Еңбек демалысында 10 күндік саяхат жасауға болады, одан түсетін қаржы көлемі 100 доллар, сол қаржыдан 18,5 мыңды лицензияға төлейді. Бұл жағдайда мемлекет гидтерді заңсыз жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Назарчук мырзаның айтуынша ішкі туризм өз тұрғындарына қарап, Қазақстандағы туризмнің өсуіне сенімді бола алады. Туристік кешендерді салу қазақстан туристтеріне экономикалық тиімді болады, өйткені өз туристтеріміз Қазақстан сыртында болып жатқан саяси жағдайларға қарамастан өз елімізде демалуға мүмкіндік алады.

Қазақстанның туристік форумдарының бірінде Алматы облысының туризм әкімшілігінің бөлім басқармасы Т. Бекбергеновтың айтуы бойынша туристік объектілердің ақылы қызметтерінен түскен қор көлемі 11 млрд теңгені құрайды. Кейінгі 3 жыл ішінде барлық туризм объектілеріне жақсы есеп жүргізілген, олардың барлық кірістері мен төленетін салықтары бақыланып отырды. Инвентаризация қорытындысы бойынша, облыста 100-ден аса туризм объектілерін санаған, бірақ олардың көбі ескіріп, соңғы жылдарда жаңарту жұмыстары жүргізілмеген. Мысалы, Алакөл жағалауында тәулігіне 1300 теңгеге демалуға болады, бірақ ол жерлерде жағдай жоқтың қасы, сондықтан жағдайын көтеру керек.

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Алтынемел мемлекеттік ұлттық табиғи бағына қысқаша сипаттама беріңіз?
2. Аңшылық туристік өнім туралы түсінік беріңіз.
3. Ұлттық паркте омыртқалы жануарлардың қанша түрі кездеседі?
4. Қазақстандық туристік өнім.

## 6 ІЛЕ-АЛАТАУ ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІ

1. Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы Солтүстік Тяньшань физика-жағрафиялық провинциясының құрамына кіретін Іле-Алатау жотасының солтүстік беткейінде орналасқан. Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы орналасқан.

Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы 1996 жылы 22 ақпанда құрылған және 200 мың гектардай жерді алып жатыр. Саябақтың басты көрнекті жері табиғаттың тазалығы қалтқысыз сақталуы. Дегенмен, соңғы 80 жылда Алматы қаласына тиіп тұрған ойпатының табиғаты индустриалды өркениеттің және қоршаған ортаның ластауына байланысты өзгерді. Осы мәселе қазіргі таңда, саябақ экологиялық жүйесінің тұтастығын сақтауда қауіп келтіріп тұр.

Орташа тау рельефі теңіз деңгейінен 1700 м-ден 3000 м-ге дейінгі биіктікте. Климаты қоңыржай жылы, жауын-шашыны мол күз-көктем-жаз. Төменгі тау айағындағы жаз ұзақ және ыстық. Парк аумағында көлемдері әртүрлі көлдер бар. Шығу тегіне қарай олар мұздық, мореналық, бөген және опырылу-тектоникалық болып бөлінеді. Бақ аумағында республикалық маңыздағы 15 табиғат ескерткіштері бар. Олардың арасынан ең тартымдысы – Шынтүрген мүкті шыршы орманын атап кеткен жөн. Бақтың тарихи-мәдени мұра ескерткештерінің арасында археологиялық нысандар, петроглифтер, ғибадат жасайтын нысандар жиі кездеседі. Экологиялық туризмнің ландшафтан басқа ең негізін аса бай жануар және өсімдік әлемі құрайды.

Дегенмен, өзінің қайталанбас көркемдігімен, мәңгі мұз басқан шындары, биік таулары, көк-жасыл ормандары, альпі шалғындарымен ерекшеленген саябақ, адамдарды еріксіз өзіне тартады. Бұл жерде көгерген Шренка шыршалары 45 метрге дейін бой көтеріп 2 метрлік диаметрге дейін жетеді. Бұл сымбатты шыршалар 205-300 жылға дейін өмір сүрсе, тау биігінде өскен шыршалар 600 жылға дейін өмір сүреді. Қылқанды орманның төменгі бөлігінде араласқан орман бой көтерген. Бұл жерде кәдуілгі өрік, Семенов аққайыңы, Янчевич кара қарақат, Сиверс алмасын кездестіруге болады. Саябақтағы барлық өсімдіктің түрі 1000 жуық. орналасқан.

Жануарлар әлемі де бай, 300-ге жуық аңдар мен құстардың түрі мекен етеді. Бұл жерде қарлы барс, ортаазиялық сілеусін, тянь-шандық аю, ортаазиялық тас сусары, тау текесі, бүркіт және көк құстар мекен етеді. Биік таулары белдеу теңіз деңгейінен 3000 метрден аса биіктікте жатыр. Орташа тау рельефі теңіз деңгейінен 3500 м-ге дейінгі биіктікте. Ауа-райы қоңыржай жылы, күз-көктем-жазда жауын-шашыны мол. Төменгі тау аймағындағы жаз ұзақ және ыстық болады. Саябақтың аумағында көлемдері әр түрлі көлдер бар. 2000 жыл алдын пайда болған үлкен

Алматы көлі және 1887 жылы пайда болған Ақсай шатқалындағы Ақжар ойпатын айтуға болады, олар қатты жер сілкінісінің қаіпті ескертуі болып табылады. Шығу тегіне қарай олар мұздық, мореналық, бөген және опырылу-тектоникалық болып бөлінеді. Саябақта республикалық маңызы бар 15 табиғат ескерткіші бар. Олардың арасынан ең тартымдысы – Шынтүрген мүкті шырша орманын атап кеткен жөн.

Бақтың тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің арасында археологиялық нысандар, петроглифтер, ғибадат жасайтын нысандар жиі кездеседі. Экологиялық туризмнің ландшафты соңына дейін зерттелмеген. Ғалымдардың айтуынша, таулардың, көлдердің, өзендердің, шатқалдардың атаулар ежелгі халықтармен беріліп, бұл жерлер құрмет пет іззетке ие болған. Хан-Тәңірі шыңы – «құдай мекені», Ыстық көлі – «киелі көл», Майбұлақ өзені – «киелі бұлақ». Саябақтың бірегей табиғаты және оның мәдени ландшафтарды бар адамзатқа қадірлі. Саябақты, тұрғындар мен болашақ ұрпаққа сақтау үшін ҚР-ның Үкіметі 2001 жылы саябақтағы объектілердің тізімін Әлемдік мұралар тізіміне енгізді.

Топырақ және топырақ жабыны. Іле-Алатаудың үстінгі және ортаңғы бөлігіндегі топырақты-биоклиматтық аймағында мыналар:

1) Биіктаулы – жартасты аймағының ұзындығы 3300м және құздары мен мұздықтары орналасқан.

2) Таулы – шалғынды – далалы аймақ 1200 ден 2400м биіктікте таулы – орманмен қоңыр түсті таулы орманды қара – қоңыр түсті жабынмен жабылған. 3 түрлі топырақпен байланысқан

3) Таулы жоталы және далалы аймағының топырағының түсі қоңыр топырақты және қоңыр – қызғыш түсті.

Ланшафтық ерекшеліктері. Іле-Алатау табиғаты мынандай ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Табиғи өсімдіктердің орналасуымен, жылылығы мен ылғалдылығы, топырақты өсімдіктері және т.б.

Іле-Алатаудың табиғи кешенін таулы ландшафтық 3 сыеыпқа бөлінеді: аласа жоталы, орта жоталы және биік жоталы. Кластармағы таудың орналасуында қабатты тудырады. Гипсометриялық жағдайы және геоморфологиялық ерекшеліктері.

Ландшафты сынып тармағы бір немесе бірнеше типтермен сипатталады, 2800м биік тауды ландшафты сулы алқапты алып жатыр.

Бұл сулы алқаптар буланып және төменгі t-да кристалданады да қарға айналады. Бұдан төмен биік таулы өсімдік алқабы орналасқан. Жылтыр және нивальды ландшафтың құзды және мұзды өңірінде 3500 м биіктікте су бұзған жарлар пайда болады. Бұл жердің климаты қатаң, арктикалық климатқа сәйкес келеді және орган/ң әлемінің дамуына қолайсыз. Шілдедегі ауаның орташа температурасы 8С. Қар жыл бойы жауады.

Өсімдіктер құрамынан қатпаршақтар түзіледі. Альпілік және супальпілік белдеулер 3000-3200 м биіктікте орналасады.

Бұл белдеудегі тектоникалық емес үлкен аблитулалардың көтеруімен және жыл бойы жауатын ылғал мөлшерінде жер бедері эрозияға ұшырайды. Бұл жерлер терең алқапты және құзды, жарлы болып келеді.

Қысқы және көктемді мезгілінде аталған тасты жарлардың қар көшкіні болып тұрады. Бұл өңірдің климаты суық, жазы-қысы қатаң және ылғалды, кейде жауын қармен аралас келеді. Көленкелі телімдерде кішкентай алқаптарда қар жамылғысы сақталады.

Бұл өңірдің өсімдік дүниесі ұсақ шөпті алқап болып келеді және криофиоттан құралады.

Аса биік жартастардың арасында топырақ эрозиясы айқын көрінеді, себебі жыл бойы жауған қардың әсерінен органикалық дүниелер үсіп, тек ұсақ тасты жер бедерін құрайды. Рельфтің төменгі бөлігі саз топырақтан болады.

Сүтқоректі жануарлардың әлемі мен фаунасы. Іле-Алатау ұлттық саябағының территориясының жер бедері әр текті болып, оның аңдүниесінде әр түрлі болып келеді. Таудың етегінен ең ұшына дейін 47 түрлі сүтқоректілер мекендейді. Әсіресе көп таралғаны: кеміргіштердің 15 түрі, жыртқыштардың 12 түрі, қолқанаттылардың 7 түрі, тұяқтылардың 5 түрі қоян тәрізділердің 2 түрі болып табылады. Бірақ бұлардың арасында су егеуқұйрығы мен жайрандардың сан мөлшері ұлттық бақ территориясында соңғы 25-30 жылда байқалмаған тек біріншісі шелек өзенінің жоғарғы ағысында, ал екіншісі Іле Алатауының батыс бөлігінде қазіргі кезге дейін кездеседі. Іле Алатау ұлттық бағының сүтқоректілері жайлы төменде көрсетілген.

1) Құлақты кірпі (*Brinaceus auritus*) Шөлдің және жартылай шөлдің, құрғақ даланың типтік өкілі. Ол теңіз деңгейінен 800000 м-лік таулы алқапта кездеседі.

2) Тянь- Шань қоңыр түсті аңы (*Sorex asper*) оның таралу аймағы орманды далалы, таулы белдеу болып

3) Кіші қоңыр түсті Тянь- Шань аңы типтік тарлау ауданы болып орта таулы белдеу болып саналады.

4) Кәдімгі құр. Бұны жертескіш өкілдеріне жатқызуымызға болады. Ол жартылай суда мекендейтінаң. Құр 2800-3000 м таулы биіктікке көтеріледі.

5) Кіші ақкіс. Таулы төменгі белдеуінде кең таралған. Таудың жоғарғы белдеуін шыршалы, қарағайлы орманда таралған 2500-2600 м биіктікте таралған.

6) Түнгі саққұлақ – ол таудың төменгі алқапты ауданының төменгі бөлігінде таралған, биік тауға көтерілмейді. Көшіп қонып жүретін түрге жатады.

7) Кешкі саршұнақ – кәдімгі көп тараған меграция жасаушы аң түрі.

8) Ергежейлі тышқан – көп тараған түр синантроптың түрі. Көбінесе құздарда, жартастарда таралған. Популяцияның жартысы жылдық, ал қалған жартысы тұрақты өмір сүреді.

9) Солтүстік кожан – бұл қылқанжапырақты орман зонасын мекендейді.

Осыған орай Іле-Алатау ұлттық табиғи бағында Қазақстанға тән сүтқоректілердің 6 отряды кездеседі. Биік таулы алқапқа орта Азиялық түрлердің тегі (суыр, борсық, қызыл қасқыр, тауешкі, архар және субальпілін белдеудің төменгі бөлігін мекен етеді. Тянь-Шань эндемиктер қатарын атап өткен жөн. (қызыл шиқылдақ, тянь-шань тышқаны). Сонымен қатар таулы белдеуде мекендейтін түрлердің формасымен қоса құрғақ далалы және жартылай шөлді жерде мекендейтін аңдар кездеседі. Бұл шөлді далалы түрлерде (сұр аламан, ашық күзен және т.б.).

Орманды далалы белдеудің фаунасында қарағайлы орман түрлеріне тән (тянь-шань жертесері, кіші жертесер, су жертесері) болып келеді. Қылқанжапырақты ормандардың сүтқоректілерде орман қарақасқырын атап өткен жөн.

Аталып өткен аңдардың ішінде ұлттық саябақта бұдан басқа ақкістер, борсықтар, түлкілер, еліктер, қабандар, үй және орман тышқандары кең таралған. Түнгі саққұлақ, жарғанаттар, қызғылт жарқанаттар тән. Сирек кездесетін және ҚР қызыл кітабына енгентүрлерге 9 түр жатады: қызыл қасқыр, Тянь-шань қоңыр аюы, тас сусары, су егеуқұйрығы, мәләм, түркістан сілеусіні, тау барысы, қар барысы. Аңшылық кәсіптік маңызы бар жануарларға 14 түрі жатады, оның ішінде көп таралғаны тиынды жатқызуға болады және ақтиын, түлкі ақкісі, борсық, тау ешкісі, елік жатады. Аңдардың таралуына әсер ететін негізгі фактор болып броконерлік саналады.

Құстардың фаунасы мен таралуы. Іле-Алатауды бағы беткейінде және солтүстік құзды таулы алқаптарында жазғы уақытта 104 түрлі (14 отряд және 43 туыс) құстар мекендейді. Таудың етегіне тән құс түрлеріне 29 түр жатады, солардың қатарында қасқалдақ, барылдауық, тырна, су тартар, кіші су тартар, өзен көл шағаласы және т.б. бар.

#### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Іле-Алатау Ұлттық табиғи бағының биологиялық алуан түрлілігі.
2. Іле-Алатау бағындағы сүтқоректі жануарлардың әлемі мен фаунасы.
3. Іле-Алатау Ұлтық бағындағы құстардың фаунасы мен таралуы.

## 7 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

ҚР-да әртүрлі меншіктегі 430 туристік ұйымдар, фирмалар, бюролар жұмыс жасайды. Оларда 6000 адам, 1500 білгір гид-экскурсоводтар қызмет істейді.

Қазақстандық туристік фирмалар әлемнің 80 мемлекетімен қарым-қатынаста.

Алматы қаласының 25 туристік фирмасы және облыс орталықтарында орналасқан 5 фирма Үндістан, Туркия, БАӘ, Пәкістан, Оңтүстік Корея, Греция, Польшаға чартерлік рейстерді жүзеге асырады.

Қазақстан туризмнің барлық түрлерін, яғни танымдық, ойын-сауық, этникалық, экологиялық сауықтыру, спорттық, аңшылық, жылқы саласын да ұсына алады.

Туристер үшін Қазақстанның барлық аймағына 700-ден аса саяхат бағыттары ұсынылады. Жылдан жылға туризмнен түсер пайда артып келеді. Егер 1995 жылы ұсынылған туристік қызметтен түскен пайда 2.019.450.000 теңге болса, 1996 жылы бұл көрсеткіш 3.312.924.800 теңгені құрады. Туризмнен ұлттық кіріске түскен пайда 1991 жылмен салыстырғанда 0,06 пайыздан 0,23 пайызға артқан.

Қазақстанда бір мезгілде 32.876 адам сыйғыза алатын әр түрлі деңгейдегі 372 қонақүйлері бар. Алматы қаласында 4.950 орындық 25 қонақүй бар.

Шетелдік Қонақтар «Алатау», «Қазақстан», «Достық», «Иссык», «Астана», «Анкара», «Hyatt Regency Almatu», «Интурист» және тағы басқа толық сервистік қызмет көрсететін қонақүйлерге тоқтайды.

ҚР өзіндік табиғи-жағрафиялық жағдайларымен ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстан (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) – ортағасырлық атақты ескерткіштерге, атап айтсақ Тараз қаласында АйшаБибі, Қарахан, Бабаджи-Хатун, Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи кешені, Алматы өңірінде Жетісулық скифтердің қайталанбас қорғандары секілді ежелгі тарих пен мәдениет аймағы болып табылады. Бұл аймақта Байқоңыр айлағы орналасқан. Сондай-ақ бұл аймақта демалуға, емделуге, аңшылық жасауға, альпинизммен шұғылдануға, коньки тебуге ауа райы өте қолайлы.

Батыс Қазақстан (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары) – Каспий теңізі, Жайық, Еділ өзендері бассейндері Еуропа мен Азия континенттерінің қиылысында орналасқан. Бұл аймақта жершарының екінші ең терең нүктесі – Қарағи ойпаты теңіз деңгейімен есептегенде 132 м тереңдікте орналасқан. Аңшылық жасауға, барлық аң түрін аулауға, су спортын дамытуға өте қолайлы аймақ. Манғышлақ және Үстірттің ежелгі тарихи ескерткіштері ғылыми тұрғыдан зор қызығушылық туғызады.



Солтүстік Қазақстан (Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары) – аймақтық автомобиль, велосипед, су секілді әртүрлі көлік түрлерімен шұғылдануға мүмкіндік береді.

Көкшетау, Баян ауыл, Мойылды курорттары емдік демалыс ұсынса, Қорғалжын және Наурызым қорықтары ғылыми тұрғыдан қызығушылық туғызады.

Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) жер бетіндегі ең үлкен көлдердің бірі – Балқаш көлі, қайталанбас Қарқаралы таулы-орманды оазисі орналасқан. Бұл өңірде археологиялық және этнографиялық құндылықтары маңызды ескерткіштер көптеп сақталған.

Шығыс Қазақстан – Алтай аймағы, оның таулы-орманды аймақтары, Ертіс өзені, Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Сауысқан көлдері. Аймақтың өсімдіктері сан алуан түрлі. Семей өңірі – қазақтың ұлы ағартушы-ақыны Абай Құнанбаевтың, біртуар жазушы Мұхтар Әуезовтың туған жері.

Ұлы Жібек Жолы. Ұлы Жібек Жолы – әлемдік өркениеттегі қол жеткізілген өте маңызды жетістіктердің бірі. Керуен көштері Еуропа мен Азияны Жерорта теңізінен Қытайға дейін жолды жалғастырған, ежелгі кездегі және орта ғасырдағы Шығыс пен Батыс мәдениетін дәнекерлеуші, әрі сауда байланыстарының маңызды құралы болған. Жібек Жолының көп бөлігі Орта Азия және Қазақстан аймағы арқылы өткен. Қытай жібегі, үнді тәттілері, ирандық күміс бұйымдар, византиялық суреттер, түрік құлдары, керамикалар және көптеген бұйымдар артылған керуендер Қарақұм және Қызылқұм шөлдері, Мерва және Хорезм оазистері, сары арқа даласы, Памир мен Тянь-Шянь өткелдері, Алтай және Қаратау таулары арқылы өткен.

Қырғызстан, Қазақстан және Тәжікстанда тауешкіге аңшылық жасау. Орталық Азиялық тауешкіге тауда аңшылық жасау үшін шыдамдылық қажет. Аңшылық жасауға арналған құрал саймандар: жақсы оптикалық иір оқпанды мылтық, ұзындық өлшегіш, дүрбі, тауға арналған ыңғайлы аяқ киім, желден қорғайтын камуфляждық киім, жылы кеудеше, күнқағар көзілдірік және крем, ұйықтауға арналған қап қажет. Атка міне білу керек. Аңшылық әдетте 5-7 күнге созылады.

Қазақстан жыл бойы көптеген алыс-жақын шет елдерден туристтерді тартады. Қазақстан бойынша турлар, әсіресе экологиялық турлар өте көп, сондықтан сізге ең алдымен қайсысы керегін, қайсы турды келесі жолға қалдыратыныңызды бірден шешіп алған жөн.

Егер сіз белсенді демалыстың, жабайы табиғаттың қарлы тау шатқалдарын, иірлі тау шаңғы трассаларын, құпияға толы үңгірлерді және таудың көгілдір өзендерін ұнатсаңыз, демек Қазақстанға саяхат сізді таңқалдырады, әрі Сіздің өміріңіздегі ұмытылмас саяхат болады! Ogeth C.A. com Сіздерге Қазақстанның әсем қалаларына Астана, Алматы, Түркістан: экологиялық турлар, қызықты экскурсиялар, аңшылық вертолетпен ұшу тіпті «Байқоңыр» айлағына да апара алады.

Шөл далада және биік тауларда автотренинг. Автотренинг бағдарламасы бойынша қиындықтар жоқ, бұл денсаулығы мықты адамның ғана қолынан келеді.

Іле өзенінен өтер кезде сіздер жеке құтқарушы кеудешесі секілді қауіпсіздік ережелерімен гид сізді таныстырады. Халықаралық классификациялау бойынша Іле өзені қиындықтың бірінші дәрежесіне жатады, демек бұл тыныш, әрі жай ағысты өзен болып табылады. Жазда көп жауын-шашын болады, 2200 мм дейін жетеді.

2600 метр биіктікте қар тамыз айының үшінші жартысында да жатады. Жауын-шашын кезінде, күн бұлттанып, өткелдер мен шыңдарды тұман басады.

Байқоңыр айлағына экскурсия (7.1-сурет). Тарихи старттар жүзеге асқан

Байқоңыр айлағын тамашалауға шақырамыз, айлақта құрал-жабдықтар жер бетінде жалғыз дана, әрі тек осында орналасқан. Құжаттар тексеріліп болған соң, біз «Протон» (55 км, 1 сағат) старттық кешеніне бет аламыз «Протон» старттық кешенінің аумағы 200 км.

Ат және түйемен саяхаттау (қыдыру). Бұндай саяхатты Алматы облысы мен Алматы маңында жүзеге асыруға болады, бұл аймақта экскурсияның бұл түрінен таңдауға мол мүмкіндік бар.

Қазақстандағы альпинизм. Қазіргі таңда альпинизм жер бетіндегі ең танымал экстремалды спорт түрінің бірі болып табылады. ҚР-да альпинизммен айналысуға өте қолайлы жерлер көп олардың ішінде солтүстік Тянь-Шянь таулары (7.2-сурет), олар Алматы облысында орналасқан. Бұл аймақты Жетісу деп те атайды. Жетісу – Қазақстанның жер жаннаты. Бұл өте әдемі және қайталанбас сұлу аймақ. Ежелгі кезде бұл аймақта көптеген ұлттар мен тайпалар өмір сүрген.

Маңғышлаққа турлар. Маңғыстау облысы маңғышлақ жартылай аралы жер көлемінен басқа Үстірт жазығының көлемді аумағын Каспий жанындағы Бұзашы жартылай араларының оңтүстік бөлігін қамтиды. Демек, табиғи шөл және жартылай шөлді аймақтың 16 миллион гектарынан аса аймақты қамтиды. Бұл аймақта бірнеше борлы, әкті жерлер, құрғап кеткен өзендердің орындағы батпақты, емдік батпақты жерлер бар.

Бекет-Ата, Қараман-Ата, Қошқар-Ата, Сұлтан-Ата, Масат-Ата, Қараман-Ата, Ханға-баба, Үштам, Ақшора және көптеген тарихи жерлер зор қызығушылық туғызады.

Сөгеті жазығында бүркітпен аңшылық жасау. Бүркіт – жыртқыштар отрядының өкілі. Қазақстанда ормансыз дала мен шөлді жерлерден басқа аймақтың барлығында мекендейді. Бүркітпен аңшылық жасау көне заманнан бері өзіндік ерекшелігі бар, қазіргі кезді бүркітші мамандар арқылы қолға алынған. Бүркітпен аңшылық жасау білімділік пен

шыдамдылықты қажет ететін іс. Аң аулағыш құстарымен аңшылық жасау үшін арнайы саймандарды – жапқыш, қалпақ, жатақ пайдаланады.

Бардақ – құсты қолда қондырып отыру үшін арнайы жасақталған сайман. Бұл саймансыз 6-7 кг салмақты құсты созылған қолдың үстіне қойып алып жүру мүмкін емес (7.4-сурет).

Жабайы өзендер өлкесі. Қала сыртына шығысымен біраз жерге дейін күнбағыс алқабы жалғасып жатады, содан соң асфальтталған жол жоталы таулар арасында өскен тоғайдың арасында жоғалып кете барады. Үш кішігірім Шешек, Тарғын және Үшіш өткелдерін және осы жердің табиғат әрін кіргізіп тұрған Қызылқұм шөлінің солтүстік бөлігін кесіп өтеміз. 8 километр өткен соң Бұқтырма су қоймасынан өткізетін паромдар өткеліне келіп жетеміз.

Ұшақтар мен тікұшақтар экскурсиялық ұшу. Әртүрлі ұшақтар мен тікұшақтар экскурсиялық ұшудың түрлерін ұсынамыз. Сіз Қазақстанның ұмытылмас әдемі табиғатын биіктіктен тамашалауға, әрі ұшудың қуанышына бөлене аласыз. Сіздің тапсырысыңыз бойынша біз кез келген күні ұша аламыз.

Іле өзені. Жүзудің көлемі – 23 км. Жүзу уақыты – 4 сағат, 1-1,5 сағаттан кейін бірінші белгі – сол жақ жағалауда сегіз метрлік цилиндрлік белгі «Шайтан саусақ» кездеседі. Өзен ағысында кішігірім аралдар бар. Оң жақ жағалауда «Күзді қала» көрінеді, онда құзды маршруттардың нөмірлері жазылған.

Бұл жерде Алматы қаласының құтқару қызметінің қызметкерлері тауға шығып жаттығады.

Қызғалдақтар патшалық пен бірліктің символы. Қызғалдақтар туралы жазбалар 1050 жылы парсы жырларында кездескен. Көптеген жүзжылдықтар бойы Тянь-Шянь тауында осы ғажайып гүл өседі. Түркістандық қызғалдақ, Альберт Қызғалдағы, Грейг қызғалдағы (7.7-сурет). Қауырман қызғалдағы, екі түсті қызғалдақ секілді түрлер өседі. Сіз қызғалдақтардың сирек кездесетін әдемі түрлерін тамашалауға мүмкіндік аласыз.

Алматы және Алматы облысы бойынша қыдырулармен экскурсиялар ұсынамыз.

Арал теңізіне саяхат. Кемелер моласын көру. Ескі тот басқан катерлер мен кемелердің жанында алып тұзды алқап жатыр, оның жанында үлкенді-кішілі шөлдердің жанында түйелер жайылып жүр. Арал теңізінің жағалауымен қыдыру Қызыл Орда қаласына шағын экскурсия жасауға, ғасыр басында салынған темір жол вокзалына, «Қорқыт-Ата» мемориалды тарихи кешеніне баруға болады. Тянь-Шянь тауларына велосипедпен саяхаттау.

Біздің жолымызда қойшылардың киіз үйі, палаткалары және жайылып жүрген жылқылар мен қойлар жиі кездеседі. Жол Асса үстірт арқылы өтеді. Оң жақта күнгеі алатаудың шыңдары көрінеді. Бұл Солтүстік Тянь-

Шяньның оңтүстік жоталары болып табылады. Әсем табиғат аясында орманшының үйі орналасқан. Орманшының үйіне жақын жердегі Асса өзенінен жоғарыға қарай өтеміз, бұл жердің жолы тегіс болып келеді. Содан кейін жол төмендей бастайды. Шатқал тарыла келе, біз төменнен Бартоғай субүркегін көруге болады.

Қазақстан бойынша турға және Ұлы Жібек жолына турға жеке тапсырыс беру.

Біз сіздерге жеке тапсырыс бойынша Ұлы Жібек жолына Тур жоспарлауға мүмкіндік беруге қуаныштымыз.

## 8 АҢШЫЛЫҚ ТУРИЗМДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ

Аңшылық туризмде – маркетинг өте қажет. Туристтік өнімдерге сұраныс жыл бойы өзгеріп тұрады. Кейде туристтік фирмалардың ұсыныстары «өте көп» болады, ал сұраныс кейбір саяхаттарға аз болады.

Аңшылық туризмдегі маркетингтік стратегия келесі сұрақтардан тұрады:

1. ҚР жақын орналасқан мемлекеттердің маркетингін зерттеу әртүрлі даму дәрежесінде туризм, мәдениет және табиғи жағдайларын.

2. ҚР дүние жүзіндегі туристтік рыноктағы орны және аңшылық туризмдегі қызметке зерттеу жүргізу сұранысын анықтау үшін.

3. Аңшы-туристтерді – қонақ жайлылығымен, табиғат ресурстармен және жеке қауіпсіздігімен қызықтыру.

4. Аңшылық туризмінің инфрақұрылымын дамыту үшін шетелдерден инвестиция, ғылыми және мәдени қорлардың назарын аудару.

5. Аңшылық туристтердің көңілін табу үшін жаңа немесе өзгеше шешім табу: жаңа аңшылық туристтік ресурстарды іздеу, ұлттық аң аулау түрлерін еңгізу.

Жарнама жолдары немесе түрлері. Теледидар жарнамасы- аңшылық туризмді жаранамалауда бірінші көшбасшысы болып саналады. «Қазақстан», «Рахат ТВ», «Таң» телеарналарында аңшылық туризмнің жарнамасын береді.

Баспа жарнамасы – жарнаманың екінші түрі болып табылады.

Әр түрлі буклеттерді – аңшылық туризмге арналған, журналдар, каталогтар, ашық хаттар.

Интернет. Бұл жарнаманың түрі өте пайдалы. Қонақ үйлерінде, немесе әуе жайларда – билет орын тағайындау. Веб сайттары бар ғаламтор жүйесі.

Радио. 2005 жылы Іле-Алатау Ұлттық бағы екі аңшылық туризм туралы жарнама берді.

Жәрмеңкелер және көрмелер. Жәрмеңкелер ірі қалаларда болып тұрады. Мысалы: Астанада, Алматыда, Мәскеуде – (60000 кв.м.), Берлинде – (83500 кв.м.), Лондонда – (125850 кв.м.).

Аңшылық туризмдегі менеджмент жүргізу.

Аңшылық туризмдегі менеджмент келесі мәселелерді шешеді:

1. Аңшы-туристтерді қабылдау;
2. Олжалық аң аулауды ұйымдастыру;
3. Аң аулау біткесін туристтерді елдеріне қайтару;
4. Жоғарыда көрсетілген үрдістерінің басқару жүйесін.

Стратегиялық менеджмент:

1. Аңшы – туристтерді ұлттық бағымен таныстыру;
2. Жалпы аңшылық туризмді ұйымдастыру,
3. Туристтерді орналастыру үшін жағдай жасау;
4. Аңшылық турды өткізу.

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Жарнама жолдарын немесе түрлерін атаңыз?
2. Аңшылық туризмдегі менеджмент қандай мәселелерді шешеді?
3. Стратегиялық менеджментке қандай сұрақтар кіреді?

## 9 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

1. Аңшылық туризм – экологиялық туризмнің бір түрі. Туризмнің түрлері – әлеуметтік, экологиялық, шытырман оқиғалы, спорттық, іскерлік, конгресстік, емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни және басқа туризм.

Туризмнің ұйымдық нысандары мен түрлері.

1) Халықаралық және ішкі туризм туризмнің ұйымдық нысандары болып танылады.

2. Халықаралық туризм:

1) Келу туризм – ҚР-ның аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың ҚР шегіндегі саяхатын;

2) Шығу туризмнің – ҚР-ның азаматтары мен ҚР-да тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхатын қамтиды.

3. Ішкі туризм – ҚР-ның азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың ҚР-ның шегіндегі саяхаты.

4. Туризмнің түрлері:

1. Қазақстандағы экотуризмді дамытуға бастау болатын – ekoturizm.

Табиғаттың ұштасып жатқан, ұмытылмас әсер қалдыратын таңғажайыптары, егер релаксация мен қызық оқиғаларды қаласаңыздар, онда қарлы тауларда, қалың ормандарда, салқын өзендерде, кең байтақ жазық дала мен бай жабайы табиғатта болып қайтыңыздар. Қазақстанға келіп, қуанышты, әдеміліктің көріністерін, жергілікті тұрғындардың кең пейілділігі мен қонақжайылылығын бастан өткізіп, күнделікті өмір үрдісі сол мезетте-ақ жоғалып кетеді.

[www.ekoturizm.kz](http://www.ekoturizm.kz) ғаламтор сайты және Алматыдағы экотуризм орталығы қазақстандық табиғи және мәдени құндылықтарды тамашалауға арналған ең жақсы бастау нүктесі болып табылады. Мұнда экотуризмнің және жасалып жатқан бірнеше жұмыс жасап жатқан объектілері туралы ақпараттар ала аласыздар, бұл – көрсетіліп жатқан қолдаулар, жергілікті ұйымдар, және де қоршаған ортаны қорғау жұмыстары.

Біздің ел әр қайсысының өзгеше экологиясы, жағрафиясы және мәдениеті бар Қазақстанның Оңтүстік, Шығыс, Солтүстік аймақтарында бар.

Қазақстан шөлейтті жерлердегі құстарды, Карқаралының кішкене қаладағы ауылдық өмірде кешуді, жол салынған Лепсіде болып қайтуды ұсынады.

Алматыдағы Экотуризм ақпараттық қорларының орталығы 2005 жылы сәуір айында «Эксон мобил Казахстан Инк» және АҚШ-тың ВСО және КТА-мен әріптес бола отырып халықаралық даму Агентігі қаржысымен құрылған болатын. Орталық Қазақстандағы еркін экотуризм туралы ақпараттар мен материалдар және түсіндірме береді. Алдыңғы бастамадағы жобалармен қаржыландырылған орындар және төрт жана Карқаралыдағы орындар, ландшафт, Қорғалжын және Көкшетау назар

аударарлық орындар болып табылады. Сонымен қатар, орталық болып өткен және алда болатын қызмет көрсетулерді практикум және семинарлар арқылы қолдап отырады, сондай-ақ іскерлік консультативтік қызметтері және желілік қызмет көрсетулерде қолдау көрсетеді.

Біздің мақсатымыз саяхатшыларға Қазақстан арқылы біздің ел және экотуризм туралы ақпараттар беру және Қазақстандағы экотуризмді дамыту арқылы ұйымдарды дамыту болып табылады.

Медеу: Оңтүстік астанада бес стадион және теңіз деңгейінен 1700 м биіктікте орналасқан Медеу мұз айдыны бар (9.1-сурет). Мұнда конькиден әлемдік рекордтар жаңартылған болатын.

Демалыс күндерінде Медеу – тұрғындар мен сырттан келгендер сырғанайтын орын. Алматының Орталық стадионы 32000 адамды сыйдыра алады және қыста да жұмыс жасайтын бассейн бар.

Көк төбе: Алматының айналасын қоршап жатқан тауларды теңіз деңгейінен 1130 м биік жерде орналасқан және оған аспалы жолмен бара алатын Көктөбеден көруге болады. Бұл жерден түнде Әсем қаланың түнгі жарқыраған бейнесін көре аласыз.

Көлсай: Алматыдан Күнгей Алатауға қарай Қырғызстанмен шекараласатын жерде Көлсай өзені бар (9.2-сурет). Олар – үшеу, біріншісі – теңіз деңгейінен 1818 м биіктікте, екіншісі біріншісінен 600-дей биік жерде орналасқан, ал үшіншісі Сарыбұлақ өткізу постының жанында орналасқан.

Ауылда Homestay мен зенге жақын жерлерде шатырлар құрылған. Бағасының ішіне экскурсияға бару жолы мен қайту жолы, басқарушы, жатын орын мен тамақ кіреді.

Ұзақтығы: 2 рет бару (жұма кешке – жексенбі кешке). Бағасы бір адамға 6000 теңге.



## 10 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ ТУРИЗМ

Қазақстандағы аңшылық туризм төменде көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесіне сәйкес жүргізіледі. Қазақстан аңшылық туризмінің дамуы. Соңғы жылдары бүкіл әлемде Қазақстанның туристік бағытына қызығушылық артып отыр, сондықтанда көптеген саяхатшыларды тарту үшін Қазақстандық туристік компаниялар көрсеткіштік туристік қызметтер аясын кеңейтіп келеді.

Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында аң аулауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін регламенттейді.

2. Аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алу жүзеге асырылатын жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі.

Олжалау мақсатымен жануарлар дүниесі объектілерін іздеу, аңду және ізіне түсу, олжалауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда адамдардың қабынан алынған аңшылық атыс қаруымен және аң аулаудың басқа құралдарымен немесе олжаланған аңшылық өнімімен, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттермен және аушы жыртқыш құстармен не осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген аң аулаудың басқа құралдарымен белгіленген аң аулау мерзімнен тыс кезде жүруі аң аулауға теңестіріледі.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты (бұдан әрі – рұқсат) жоқ болған кезде көлік құралдарындағы және аялдау орындарындағы жануарлар немесе олардың бөліктері мен дериваттары заңсыз олжаланған өнімге теңестіріледі.

3. Аң аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік аң аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау.

4. Кәсіпшілік аң аулау - кәсіпкерлік қызмет мақсатында аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

5. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау – спорттық, эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында және олжаланған өнімді жеке пайдалану үшін аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

Ұлттық аң аулау – аушы жыртқыш құстарды және аң аулайтын иттердің ұлттық тұқымдарын пайдаланып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін олжалау.

6. Аңшылық алқаптар – бұл аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы

мүмкін аң аулау объектісін білдіретін жануарлар түрлерінің тіршілік ортасы болып табылатын аумақтар мен акваториялар.

7. Аңшылық алқаптар:

1) аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілген;

2) аңшылық алқаптардың резервтік қорындағы аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын жүргізуге және аң аулауға жол берілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан жерлер болып бөлінеді.

8. Егер жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзгеше белгілемесе, аң аулау бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жүргізіледі.

9. Қазақстан Республикасында оның аумағында тұратын немесе келетін, он төрт жасқа толған жеке тұлғалар (бұдан әрі – аңшы) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төленгені туралы белгісі бар аңшы куәлігі мен рұқсаты болған жағдайда осы Ережеде рұқсат етілген олжалау құралдарын, аң аулайтын иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолданып аң аулау құқығына ие болады. Бұл ретте аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулау құқығына он сегіз жасқа толған жеке тұлғалардың аңшылық атыс қаруын сақтауға және алып жүруге рұқсаты болған жағдайда ие болады.

10. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында бекітіп берілген аңшылық алқаптарда ғана аң аулауға және аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының болған кезде және тұрғылықты елінде берілген олардың аң аулау құқығын куәландыратын құжаты және рұқсаты, сондай-ақ аңшылық атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге ішкі істер органдарының рұқсаты болған жағдайда құқығы болады.

11. Жануарларды олжалау құралдары аңшылық атыс қаруы, аушы жыртқыш құстар, аң аулайтын иттер және аң аулаудың түріне байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған барлық техникалық құралдарды қолдана отырып жануарлар олжаланатын құралдар болып танылады.

12. Аң аулау өнімдері болып жануарлардың терілері (мамық жүнді тері, тері шикізаты, құстардың терісі), олардың еті, майы, қауырсыны мен мамығы, бұғы мүйізі, жұпары, өті, бас сүйектері, мүйіздері (табиғи жолмен тасталған немесе мерт болған жануарлардан басқа), азу тістері

және жануарлар денесінің басқа да бөліктері, құстар мен бауырымен жорғалаушылардың жұмыртқалары, сондай-ақ ауланған жануарлардың өздері танылады.

13. Аң аулау кезінде аңшылық алқаптарды тұрмыстық және кәсіпшілік қалдықтарымен, тастанды заттармен ластауға жол берілмейді.

## 2. Аң аулау тәртібі

14. Аң аулау уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері беретін аң аулауға тиісті **рұқсаттың** негізінде жүргізіледі.

Көктемгі аң аулауды жүргізу кезінде аталық үйректер олжалауға аңшыда алдамшы үйрек немесе тұлыптар болған жағдайда жол беріледі.

15. Кәсіпшілік аң аулауға аңшыда мынадай құжаттар:

1) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік бажды төлегені туралы белгісі бар аңшы куәлігі;

2) рұқсат;

3) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсаты;

4) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – белгіленген тәртіппен берілген оларды тіркеу туралы құжаттар;

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасалған шарттар;

6) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;

7) кәсіпшілік журналы болған кезде жол беріледі.

Кәсіпшілік аң аулаудың ұжымдық (топтық) нысаны кезінде аңшылық шаруашылығы субъектісі рұқсатты пайдалану үшін жауапты тұлға тағайындайды.

16. Әуесқойлық (спорттық) аң аулауға аңшыда мынадай құжаттар:

1) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік бажды төлегені туралы белгісі бар аңшы куәлігі;

2) рұқсат;

3) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;

4) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсаты;

5) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – белгіленген тәртіппен берілген оларды тіркеу туралы құжаттар болған кезде жол беріледі.

Тұяқты жануарлар мен аюды әуесқойлық (спорттық) мақсатта аулаудың ұжымдық (топтық) нысаны кезінде рұқсатты пайдалануға жауапты аңшының деректері рұқсаттың бет жағына, ал қалған

қатысушылардың деректері олардың аңшы куәліктерінің нөмірлері көрсетіліп, сырт жағына енгізіледі.

17. Тұяқты жануарлар мен қоңыр аюды олжалау қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен жүргізіледі.

18. Тұяқты жануарлар мен қоңыр аю олжаланғаны туралы белгіні өкілетті адамдар атып алғаннан кейін, жануарлардың басқа түрлері олжаланғаны туралы белгіні аң аулау аяқталғаннан кейін күн сайын не келесі аң аулау орнына ауысқан кезде сол күні қорықшы немесе ол болмаған кезде аңшының өзі рұқсатқа, егер бұл рұқсат нысанында көзделген болса, жолдамаға, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде – кәсіпшілік журналына белгі жасайды.

19. Қасқырларды, шибөрілерді және сұр қарғаларды олжалауға:

1) жануарлар дүниесін қорғауды уәкілетті органның және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды тұлғалары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдаланып және авиа, автомото, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы пайдаланып жүзеге асырған;

2) жануарлардың басқа түрлерін аулауды аң аулауға берілген рұқсат қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жүргізілген (авиа, автомото, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы пайдаланбай) кезде рұқсат талап етілмейді.

20. Аң аулау:

1) тегіс ұңғылы аңшылық атыс қаруын;

2) ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын (құстардан басқа);

3) қолдан жасалған құралдарды (қапқандарды, тұзақтарды, салмақты қысқышты, қаусырманы);

4) аң аулайтын иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолданып жүргізіледі.

21. Ірі жыртқыш жануарларды және саны реттелуге жататын жануарларды аң аулау мерзімінен тыс кезде олжалау Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының негізінде жүргізіледі.

22. Жолдаманың қолданылу аумағынан тыс жерде аң аулайтын иттерді іздеп, шақыру кезінде аңшы аңшылық атыс қаруының оғын алып, бөлшектейді.

23. Жолдаманың қолданылу аймағынан тыс жерде жараланған тұяқты жануарлардың, аю мен қасқырлардың ізіне түсуге және оларды жинап алуға жараланған жануар аңшылық алқаптарында жүрген аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасының келісімімен жол беріледі.

24. Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау аралығындағы үзілістерде, бір жерден екінші жерге көшкен кезде, сондай-ақ уәкілетті

тұлғалар аңшының аң аулауының заңдылығын тексеруі кезінде аңшылық атыс қаруы оғы алынған күйге келтіріледі.

Мылтық қарудың оқ ұясында және оқшантайында оқ болмаған кезде оғы алынып тасталған болып есептеледі.

25. Ен салынған (сақина, микрочип салынған) құстарды немесе сүтқоректілерді олжалау кезінде олжалаудың күні мен орны көрсетілген ақпарат, сақина, микрочип және басқа да белгілер кейіннен ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға одан әрі беру үшін аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасына немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

26. Мына жағдайларда:

1) аңшы куәлігінсіз;  
2) аңшы куәлігінде тиісті жылға аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгілеген мемлекеттік баждың төленгені туралы белгісіз;

3) ішкі істер органдарының аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген рұқсатынсыз, ал шетелдік азаматтарға - ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге аңшылық атыс қаруын әкелуге және әкетуге берген рұқсатынсыз;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізілмеген аушы жыртқыш құстармен;

5) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;

6) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта;

7) қолданылуы осы Ережеде көзделмеген олжалау құралдарымен;

8) тегіс ұңғылы аңшылық қаруын қолданып, елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда, олардың айналасында екі шақырым және ойық ұңғылы аңшылық қаруын қолданып үш шақырым радиуста;

9) уәкілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;

10) өнім жинау аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақтарды қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

12) қозғағышын іске қосып, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы (қасқыр аулауды қоспағанда), шағын көлемді кемелерді, әуесқойлық (спорттық) мақсаттарда;

13) алкогольмен немесе есірткі заттармен масаю немесе өзге де түрдегі интоксикация жағдайындағы адамның;

14) мүшкіл және дәрменсіз күйге ұшыраған (дауылдан, су тасқынынан, өрттен бас сауғалаған, су айдындары арқылы жүзіп өту кезінде, көктайғақта, аштықтан тұралаған, жылым суларды паналаған суда жүзетін құстарға) жануарларға;

15) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне (оларды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес олжалау жағдайларынан басқа);

16) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, су тышқанына аңшылық қаруды қолданып;

17) кейіннен қалпына келтіре отырып, аң аулайтын иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;

18) өзен құндызы тұрғызған бөгеттерді бұзып;

19) түнгі көздеуіштерді және дыбыссыз атуға арналған құрылғыларды, лазерлік нысана көрсеткіштерді қолданып;

20) жарықтандыру аспаптарын қолданып;

21) дыбыс шығарғыш электрондық құрылғыларды қолданып;

22) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін имобилизациялауға және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

23) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;

24) тегіс ұңғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған иір ойықты салмалы (қосалқы) ұңғыны қолданып;

25) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;

26) өздігінен атылатын қаруды, қысқышты, қаусырманы, қапсырманы, кескішті қолданып, құлама, аулау орларын құрып, адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, найзаларды, сүңгі құс желімін орнату жолымен, түтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған қамысқа айдап шығарып, аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

27) торларды қолданып; су құю арқылы інінен шығарып (уәкілетті органмен келісім бойынша жабайы жануарларды мекенін ауыстыру немесе оларды қолда ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

28) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолданып, уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша тышқан тектес кеміргіштерді (саршұнақтарды, сұр егеу

құйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда;

29) жануарлар түрлерін рұқсатта көрсетілген мөлшерден тыс және рұқсатта көрсетілмеген жануарлардың басқа түрлерін олжалау жолымен;

30) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;

31) басқа елдерден әкелінген аушы жыртқыш құстарды пайдалана отырып аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлеріне;

32) бүйірден (сақинадан) от алатын оққа арналған бес бүтін оннан алты миллиметр калибрлі иір ойықты қаруды қолданып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта суырға;

33) қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектор бастап жүрмей тұяқты жануарлар мен қоңыр аюға;

34) көктемгі аң аулау кезінде аталық үйректі алдамшы үйрексіз немесе тұлыпсыз аулау;

35) тыныштық аймақтары мен өсімін молайту учаскелерінде аң аулауға тыйым салынады.

### 3. Аң аулауды жүргізу мерзімдері

27. Жануарлардың таралымдарын сақтау, олардың өсімін молайтуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және шаруашылық пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасында аң аулау мерзімдері белгіленді.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері аң аулауды ашу туралы және өңірдің табиғи-климаттық жағдайларына байланысты осы Ережеде белгіленген мерзім шегінде көктемгі аң аулаудың басталуын күнтізбелік 15 күнге дейін неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру туралы да шешім қабылдайды.

## Шетелдіктердің қатысуымен аң аулауды ұйымдастыру туралы ҮЛГІ ШАРТ

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
(елді мекеннің атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «аңшылық ісін пайдаланушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ аңшылық шаруашылығы субъектісі бір тараптан және бұдан әрі «аңшы» деп аталатын шетелдік азамат \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

### 1. Шарттың нысанасы

1. Осы Шарттың нысанасы аңшылық ісін пайдаланушыға бекітіп берілген \_\_\_\_\_ аңшылық алқаптар аумағында

(аңшылық \_\_\_\_\_ шаруашылығының \_\_\_\_\_ атауы)

Аңшылық ісін пайдаланушының аңшының қатысуымен аң аулауды ұйымдастыруы болып табылады.

## 2. Тараптардың міндеттері

2. Аңшылық ісін пайдаланушы:

1) шетелдіктердің қатысуымен аң аулау үшін рұқсат алуға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтінім (бұдан әрі – өтінім) беруге;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуға;

3) аңшыны аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге ішкі істер органдарының рұқсатымен қамтамасыз етуге;

4) аңшы аңшылық шаруашылығына келгенде оның Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығын беретін құжаттарының бар-жоғын тексеруге;

5) аңшымен аң аулау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде нұсқама өткізуге;

6) аңшыға ол тиісті ақысын төлегеннен кейін жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруге;

7) аңшылық ісін пайдаланушының қызметкерлерінен аң аулаудың басшысы мен жолсеріктер тағайындауға, аң аулаудың Қазақстан Республикасының аумағында аң аулаудың қолданыстағы нормалары мен ережелерін сақтай отырып жүргізілуі үшін барлық қажетті шараларды қолдануға;

8) аң аулауды өткізу шарттарын (аң аулауды өткізу орыны мен уақыты) айқындауға;

9) аңшыны санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, қажет болған жағдайда – медициналық көмек көрсетіп, аңшылық үйшіктеріне немесе дала қостарына орналастыруды, олардың тынығуын, тамақтануын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

10) әрбір аңшылық сапардың нәтижелерін аң аулаудың басшысы мен аңшы қол қоятын аң аулау хаттамасында көрсетуге және қажет болған жағдайларда әрбір ауланған олжаға олжалау парағын толтыруға;

11) аңшыға қажет болған жағдайда шарттық ережелермен автотокөлік, салт аттар беруге;

12) аңшыны олжаланған өнімге берілетін ветеринариялық куәлікпен қамтамасыз етуге;

13) олжаны бастапқы өңдеуден өткізуге;

14) қаруды сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Аңшы:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы аң аулау ережесінде (бұдан әрі – Аң аулау ережесі) көзделген құжаттарды өзімен бірге алып жүруге;



2) Аң аулау ережесімен, қауіпсіздік шараларымен және аңшылық ісін пайдаланушының ішкі тәртібімен танысуға және сақтауға;

3) жануарлар дүниесін пайдалану және көрсетілетін қызметтер үшін төлемақыларды дер кезінде төлеуге;

4) өзі аулаған олжаны оның сапасына қарамастан (мүйіздерінің, бас сүйегінің, азу тістерінің мөлшері мен салмағына, терісінің көлеміне және т.б.) қабылдауға міндеттенеді.

### **3. Тараптардың қаржылық қатынастары**

4. Аңшылық ісін пайдаланушының аңшы пайдаланатын үй-жайларды, көліктерді, аттарды бергені үшін төлемақы тараптардың жеке келісімімен айқындалады.

5. Аңшылық ісін пайдаланушы аңшымен шарт ережелері бойынша бөлек төлемақыға осы шартта айтылмаған қосымша қызметтерді көрсете алады.

6. Аң аулаудың әрбір сапарына немесе маусымына қызметтер мен олжалардың құны осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша түрінде көрсетіледі.

7. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлеу қамтамасыз етілгеннен кейін аңшы аң аулауға жіберіледі және олжа аңшының меншігі болып қалады.

### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

8. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9. Тараптардың жауапкершілігі осы шартқа қол қойылған сәттен басталады.

10. Аңшы өзі тапқан олжадан бас тартқан жағдайда аңшылық сапардың құнын аңшы осы шартқа сәйкес толық төлейді.

### **5. Ерекше жағдайлар**

11. Осы шарт қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді, 20\_\_ жылғы «\_\_»\_\_\_\_\_ дейін қолданылады және тараптардың өзара келісімі бойынша қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бұзылуы мүмкін.

12. Осы шартқа барлық қосымшалар, толықтырулар мен өзгерістер жазбаша түрде ресімделеді және оларға екі уағдаласушы тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

13. Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөз арқылы, ал келісімге қол жетпеген жағдайда – заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

### **6. Форс-мажор**

14. Осы шарт бойынша міндеттемелерді тараптардың кез келгенінің толық немесе ішінара орындауын мүмкіндік бермейтін еңсерілмейтін күш жағдаяттары, атап айтқанда - өрт, табиғи апаттар, жұқпалы аурулар, індеттер, соғыстар, кез келген сипаттағы әскери операциялар, қоршауға

алу орын алған кезде, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық актілерінде көзделген тыйым салу шаралары шыққанда, осы шарт бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындау мерзімі рұқсат етілген аң аулау мерзімдері шегінде, осындай жағдаяттар орын алатын мерзімге ұзартылады.

Осы шарт бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуы мүмкін болмаған жағдайда тараптардың әрқайсысының шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар және бұл жағдайда тараптардың бірде бірінің басқа тараптан осы шартты бұзу келтірген залалдарды өтеуін талап етуге құқығы жоқ. Міндеттемелерді орындауы мүмкін болмайтын жағдай орын алған тарап бұл жайында басқа тарапты жазбаша түрде 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге тиіс.

#### Тараптардың заңды мекенжайлары

Аңшылық ісін пайдаланушы	Аңшы
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

(толық атауы, заңды мекенжайы (Т.А.Ә. тұратын еліндегі мекенжайы, және деректемелері) (Т.А.Ә. тұратын еліндегі мекенжайы, құжаттық және басқа деректері)

М.О.

Қолы

#### Ескертпе:

Шартқа тараптардың өзара келісімі бойынша тараптардың әрқайсысының құқықтарын кемсітпейтін басқа да міндеттемелер енгізілуі мүмкін.

Төлем жасау шарттары орындалмайынша аң аулау жүргізілмейді.

Аңшымен шарт бірдей ұқсас баптар бір біріне ілестіре орналастырылып, «тіл» мәтіндерін сол бір бетке қатар бағаналар түрінде қою арқылы екі (үш) тілде жасалады.

Қазақстанда мынадай аң және құстарды аулауға рұқсат етілген. Оның әрқайсысынан қысқаша тоқталып өтеміз.

#### **Қазақстанның кәсіби-аңшылық құстары**

#### **Отряд Маймаққаз тәрізділер - Гагарообразные – Gaviiformes**

#### **Тұқымдастық - Семейство: Маймаққаздар - Гагаровые – Gaviidae**

#### **Қызылжемсаулы маймаққаз - Краснозобая гагара – *Gavia stellata* (Pontoppidan, 1763).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *G. s. stellata* (10.1-сурет). Елімізден ұшып өтетін, мүмкін елімізде қыстап шығатын құстар. Қазақстанның батыс бөлігіндегі суқоймаларында кездеседі

(Сырдарьяға және Телікөлге дейін). Салымында 1-3, әдетте 2 жұмыртқа болады; жұмыртқадан шығуы 29,7 %, қанатына 19,8% балапан көтеріледі. Әдетте жылына бір рет жұмыртқалайды, егер олары қираса қайта жұмыртқалауы мүмкін. Негізінен балықтармен, сондай-ақ моллюскалармен, шаянтәрізділермен және су жәндіктерімен, сиректеу өсімдіктермен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Қаражемсаулы маймаққаз - Чернозобая гагара – *Cavia arctica* (Linnaeus, 1758).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *G. a. arctica* (10.2-сурет).

Ұя салуға келіп қайтатын құстар. Республикамыздың орталық, солтүстік және шығыс аудандарында ұялайды (Торғайдың төменгі ағасына және Балқашқа дейін), ал басқа аумақтарда ұшып бара жатқандары кездеседі. Сиректеу оңтүстік аудандарда қыстайды. Су қоймаларында мекендейді. Салымында 1-3, әдетте 2 жұмыртқа бар; жұмыртқадан шығуы 45%, қанатына 21,0% балапан көтеріледі. Әдетте жылына бір рет жұмыртқалайды, егер олары қираса қайта жұмыртқалауы мүмкін. Негізінен балықтармен, сондай-ақ моллюскалармен, шаянтәрізділермен және су жәндіктерімен, сиректеу бақалармен, өсімдіктермен және дәндермен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Отряд Қаз тәрізділер – Гусеобразные – Anseriformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Үйректер - Утиные – Anatidae**

**Қарашақаз - Черная казарка - *Branta bernicla* (Linnaeus, 1758).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *B. b. bernicla* (10.3-сурет). Қазақстан аумағына кездейсоқ енеді. Солтүстік Қазақстанда, Зайсан ойпатына, Селетті көліне, Наурызымға және Алматы маңынағы Сорбұлаққа енгені байқалған. Павлодар облысының көлдерінде жүйелі күзде ұшып өтеді. Шөптесін өсімдіктермен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Сұр қаз - Серый гусь - *Anser anser* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді (10.4-сурет). Жыл құстары. Тянь-Шаньның көптеген таулы қыраттарынан басқа барлық сулы-батпақты алқаптарында ұялайды және ұшып бара жатқаны кездеседі. Салымында 3-10, әдетте 4-5 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан басып шығарады, егер салымдары жойылса онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Тек өсімдік тектес азықтармен қоректенеді: су және жер беті өсімдіктерінің өсімдіктерімен және ұрықтарымен (соның ішінде астық тұқымдастарының өсімдіктерімен және егін жиналғаннан кейінгі алқаптарда қалған дәндермен). Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Ақмаңдайлы қаз - Белолобый гусь – *Anser albifrons* (Scopoli, 1769).**

4 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *A. a. albifrons* (10.5-сурет). Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар. Республикамыздың жазық аудандарының сулыбатпақты алқаптарында кеңінен кездеседі, шығысқа қарай Семей-Шымкентке дейін. Салымында 3-7, әдетте 5 жұмыртқа бар. Сол жылғы құстар қыстайтын құстардың орташа есеппен 28,0% құрайды. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің өсімділерімен және дәндерімен, соның ішінде астық тұқымдастарымен, қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Шикылдақ қаз - Пискулька – *Anser erythropus* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар (10.6-сурет). Республикамыздың жазық аудандарының сулыбатпақты алқаптарында кеңінен кездеседі, шығысқа қарай Семей-Қарағанды-Түркістанға дейін. Салымында 2-8, әдетте 4-6 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің өсімді бөлігімен қоректенеді, негізінен құрғақ жердегі. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Қырманқаз - Гуменник - *Anser fabalis* (Latham, 1787).**

4 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *A. f. fabalis* және *A. f. sibiricus*. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін және Қазақстанда қыстайтын құстар (10.7-сурет). Қазақстанның жазықтарындағы сулыбатпақты алқаптарда кеңінен кездеседі, Ілектің төменгі жағынан Зайсан ойпатына дейін; қыстауда Түркістан мен Шымкенттің оңтүстігінде болады. Алтайдада ұялауы мүмкін. Салымында 3-12, әдетте 4-6 жұмыртқа бар. Сол жылғы құстар қыстайтын құстардың орташа есеппен 26,5% құрайды. Жылына бір рет балапан шығарады. Егер салымдары жойылса онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Негізінен өсімдіктердің өсімділерімен, дәндерімен және жемістерімен қоректенеді. Жасыл және жинап алынған астық алқаптарында жайылады. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Ақ қаз - Белый гусь - *Chen hyperboreus* (Pallas, 1769).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *C. h. hyperboreus* (10.8-сурет). Кездейсоқ ұшып келетін құстар. Қазақстанның жазық бөлігінің сулы-батпақты алқаптарында Ордадан Зайсан ойпатына дейін кездеседі. Жапырақтармен, дәндермен, жидетермен және жемістермен қоректенеді, күздік егістерге жайылады.

**Ақбас қаз - Горный гусь - *Eulabeia indica* (Latham, 1790).**

Түршелерге бөлінбейді. Кездейсоқ ұшып келетін құстар (10.9-сурет). Зайсан ойпатының және республикамыздың оңтүстік-шығысындағы сулы-батпақты алқаптарында кездеседі. Жағалау

өсімдіктерінің өсінділерімен және дәндерімен, сондай-ақ балдырлармен, шаянтәрізділермен және басқада омыртқасыздармен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгіілген.

**Қытай қазы - Сухонос – *Cygnopsis cygnoides* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.10-сурет). Зайсан ойпатында ұялайды, ұшып бара жатқандары Іле алабында және Сырдарьяның орта ағысындағы алабтарда кездеседі. Сулы-батпақты алқаптарды мекендейді. Салымында 5-8, әдетте 5-6 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің өсінділерімен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сыбырлақ аққу - Лебедь-шипун - *Cygnus olor* (Gmelin, 1789).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.11-сурет). Қазақстанның жазық аудандарындағы су қоймаларының бәрінде ұялайды және ұшып бара жатқаны кездеседі. Солтүстік Каспийде, Маңғыстауда, сиректеу Түркістан мен Шымкенттің оңтүстігінде қыстайды. Салымында 3-12, әдетте 5-7 жұмыртқа бар. Эмбриональдық өлім 0,9 %, балапандардың өлімі 10-15, ал кейбір жылдары 65,0 %-ға жетеді. Көбею жетістігі 70-85 %. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Негізінен өсімдіктерді су асты бөліктерімен, сондай-ақ алдырлармен қоректенеді. Шағын мөлшерде жануар тектес азықтарды пайдаланады. Экологиялық және эстетикалық маңызы бар. Кәсіби ауланатын құс болуы мүмкін.

**Сұңқылдақ аққу - Лебедь-кликун – *Cygnus cygnus* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.12-сурет). Қазақстанның солтүстік бөлігінің су қоймаларында, оңтүстікке қарай Торғайдық төменгі ағысына және Балқаш-Алакөл ойпатына дейін ұялайды. Ұшып бара жатқандары жазық аудандардың бәрінен көрінеді, Солтүстік Каспийде, кейде Түркістан мен Шымкенттің оңтүстігінде қыстайды. Салымында 4-7 жұмыртқа бар. Эмбриональдық өлім 26,0 %-ға жетеді, қанатына 90,0% балапан көтеріледі. Жылына бір рет балапан басады. Өсімдік (тамырсабақтары және су өсімдіктерінің жасыл бөлігі) және жануар тектес (майда омыртқасыздар) азықтармен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Кіші аққу - Малый лебедь - *Cygnus bewickii* Yarrell, 1830.**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар (10.13-сурет). Орталық Қазақстанның су қоймаларында кездеседі, басқа жазық аудандарда кездесіп қалуы мүмкін. Салымында 2-6, әдетте 3-5 жұмыртқа бар. Қыстайтын топтың 7-44%-ы сол жылғы туған құстар. Жылына бір рет балапан шығарады. Су

және жер беті өсімдіктерімен (жапырағы, сабағы, тамырсабағы) қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сарыалақаз - Огарь - *Tadorna ferruginea* (Pallas, 1764).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.14-сурет). Барлық аумақта кездеседі және ұшып бара жатқанда көрінеді. Шымкенттің оңтүстігінде, кейде Жаркент маңында және Шарынның төменгі ағысында қыстайы. Жазықтағы және таудағы су қоймаларында мекендейді. Салымында 6-12, әдетте 8-9 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдік тектес (астық тұқымдастарының, су өсімдіктерінің сабағы, тары, бидай дәні) және жануа тектес (шегіртке, шаянтәрізділер, жәндіктердің дернәсілдері) азықтармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Италақаз - Пеганка - *Tadorna tadorna* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.15-сурет). Қазақстанның жазық аудандарының бәрінде кездеседі және ұшып бара жатқандары көрінеді. Кейде Сырдарьяның бойында Келес пен Арыстың құятын жерінде қыстайды. Су қоймаларында мекендейді. Салымында 3-18, әдетте 8-10 жұмыртқа бар. Жұмыртқалардың және балапандардың өлімі 73,0%-ға жетеді. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Шаянтәрізділермен, хирономид дернәсілдерімен, сондай-ақ бір жасушалы балдырлармен оректенеді. Питается ракообразными, личинками хирономид, а также одноклеточными водорослями. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Барылдауық үйрек - Кряква - *Anas platyrhynchos* Linnaeus, 1758.**

7 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *A. p. platyrhynchos* (10.16-сурет). Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады. Қазақстанның барлық сулы-батпақты алқаптарында ұялайды және ұшып бара жатқандары көрінеді. Оңтүстікте, кейде республикамыздың оңтүстік-шығысында қыстайды. Салымында 4-18, әдетте 9-13 жұмыртқа бар. Ұядан қанатына орташа есеппен 5-7 балапан көтеріледі. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің өсінділері, олардың пиязшықтары, тамырсабатары, дәндері, сұлы, бидай, тары дәндері) және жануар тектес (шаянтәрізділер, қоңыздар, инеліктердің дернәсілдері, моллюскалар, бұлақшылар) азықтармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Ысылдақ шүрегей - Чирок-свистунок - *Anas crecca* Linnaeus, 1758.**

3 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *A. c. crecca* (10.17-сурет). Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады. Қазақстанның солтүстік бөлігінің су қоймаларында оңтүстікке қарай Оралға, Атбасарға және

Зайсан ойпатына дейін ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық жерден көрінеді, республикамыздың оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында қыстайды. Салымында 7-15, әдетте 8-11 жұмыртқа бар. Ұясында 3-8 үйрек балапаны болады. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің ұрықтары және жасыл бөліктері) және жануар тектес (су шаяндары және жәндіктер, инеліктердің және бұлақшылардың дернәсілдері, моллюскалар) азықтармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Қырылдақ шүрегей - Клоктун - *Anas formosa Georgi, 1775.***

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстанға кездейсоқ келетін құстар (10.18-сурет). Ертісте, Зайсан ойпатының сулы-батпақты алқаптарында және Сырдарьяның Келес өзенінің құятын жерінде кездеседі. Салымында 6-9 жұмыртқа бар. Өсімдік тектес (дәндері) және жануар тектес (планктон) азықтармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Қоңыр үйрек - Серая утка - *Anas strepera Linnaeus, 1758.***

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.19-сурет). Барлық аумақтың сулы-батпақты алқаптарында ұялайды және ұшып бара жатқандай көрінеді. Қазақстанның оңтүстігінде қыстайды. Салымында 6-15, әдетте 9-11 жұмыртқа бар, орташа есеппен ұядан қанатына 6 балапан көтеріледі. Ұяның қирауы 57,0%-ға жетеді, ұясы қирағандары қатадан жұмыртқалай бастайды. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің жапырақтары және сабақтары, астық тұқымдастары және олардың дәндері, тамыр сабақтары, пиязшықтары, бидай, тары, күріш дәндері) және жануар тектес (қалытқылар, бұлақшылар, тіқанаттылар) азықтармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Сарыайдар үйрек - Свизь - *Anas penelope Linnaeus, 1758.***

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.20-сурет). Солтүстік аудандарда оңтүстікке қарай Оралға, Қарағандыға және Марқакөлге дейін ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық аумақтан көрінеді. Сулы-батпақты алқаптарда мекендейді. Салымында 6-12, әдетте 6-9 жұмыртқа бар. Ұялардың қирауы 45,0%-ға жетеді. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Негізінен су өсімдіктерінің жапырақтарымен, тамырсабақтарымен, пиязшықтарымен, сондай-ақ жемістермен, тіқанаттылармен, моллюскалармен, жамбас жүзгіштермен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Бізқұйрық - Шилохвост - *Anas acuta Linnaeus, 1758.***

3 түршесінен Қазастанда кездесетіні *A. a. acuta* (10.21-сурет). Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады. Қазақстанның солтүстік бөлігінің сулы-батпақты алқаптарында, оңтүстікке қарай Қамыш-

Самар көлдеріне, Торғайдың төменгі ағыстарына және Зайсан ойпатына, бірлі-жарымы Алматы маңында ұялайды. Ұшып бара жатқан құстар барлық аумақтардан көрінеді, кейде Шымкенттің оңтүстігінде қыстайды. Салымында 6-12, әдетте 7-9 жұмыртқа бар. Ұядан орташа есеппен 5 балапан қанатына көтеріледі. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің жасыл бөлігі, олардың ұрықтары, бидай, тары дәндері) және жануар тектес (инелік дернәсілдері, шегірткелер, моллюскалар) азықтармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Даурықпа шүрегей - Чирок-трескунок - *Anas querquedula* Linnaeus, 1758.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.22-сурет). Каспий, Арал және олардың маңындағы шөлдерден басқа барлық аумақтарда ұялайды. Ұшып бар жатқандарын барлық аумақтан көруге болады, Ары пен Келестің төменгі ағыстарында қыстайды. Салымында 6-15, әдетте 8-10 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің сабақтары, жапырақтары және олардың ұрықтары) және жануар тектес (моллюскалар, су жәндіктері және олардың дернәсілдері, шаян тәрізділер) азықтармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Жалпақтүмсықты үйрек - Широконоска – *Anas clupeata* Linnaeus, 1758.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.23-сурет). Маңғыстау мен Үстүрттен басқа барлық аумақтардың сулы-батпақты алқаптарында ұялайды, барлық аумақтан ұшып бара жатқандары көрінеді. Кейде Келестің Сырдарьяға құйған жерінде қыстайды. Салымында 6-14, әдетте 9-11 жұмыртқа бар. Ұяның қирауы 46,0%-ға жетеді. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Негізінен жануар тектес азықтармен (планктонды шаянтәрізділер, моллюскалар, хирономид, инелік, бұлақшы дернәсілдері, өсімдік биттері, қоңыздар, өрмекшілер, шабақтар) қоректенеді, сондай-ақ су өсімдіктерінің жасыл бөліктерін және ұрықтарын жейді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Мәрмәр шүрегей - Мраморный чирок - *Anas angustirostris* Menetries, 1832.**

Түршелерге бөлінбейді. Елімізде болу сипаты белгісіз. Солтүстік Каспийде, Қамыс-Самар көлдерінде, Сырдарья алаптарында және Телікөлде ұялаған сияқты (10.24-сурет). Салымында 7-12 жұмыртқа бар. Су жәндіктерінің дернәсілдерімен, моллюскалармен, шөптердің дәндері мен сабақтарымен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.



**Қызылтұмсық сүңгуір - Красноносый нырок – *Netta rufina* (Pallas, 1773).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.25-сурет). Қазақстанның оңтүстік бөлігінің сулы-батпақты алқаптарында, солтүстікке қарай Қамыс-Самар көлдеріне, Ілеке, Қостанайға, Көкшетауға, Семейге және Қара Ертіске дейін ұялайды. Қоныс аударғанда және ұшып бара жатқанда барлық аумақтардан көрінеді, кейде Түркістанның оңтүстігінде қыстайды. Салымында 5-14, әдетте 8-10 жұмыртқа бар. Ұядан орташа есеппен 4-5 балапан қанатына көтеріледі. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Тек өсімдіктердің жасыл бөліктерімен, сондай-ақ ұрықтармен және моллюскалармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Көк сүңгуір - Голубая чернеть - *Aythya ferina* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.26-сурет). Қазақстанның солтүстік бөлігінің сулы-батпақты алқаптарында, оңтүстікке қарай Қамыс-Самар көлдеріне, Торғайдың төенгі ағысына және Зайсан ойпатына дейін ұялайды; бірлі-жарымы оданда оңтүстікке таман Іле және Сырдарья атырауларына дейін ұялайды. Барлық аумақтарда ұшып бара жатқандары көрінеді, республикамыздың оңтүстігінде қыстайды. Салымында 4-15, әдетте 8-10 жұмыртқа бар. Ұядан орташа есеппен 4,5 балапан қанатына көтеріледі. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің жасыл бөлігімен, тамырсабақтарымен және ұрықтарымен) және жануар тектес (хириноид, бұлақшылар дернәсілдері, қоғыздар, өрмекшілер, моллюскалар, сүліктер) азықтармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Алакөз сүңгуір - Белоглазая чернеть - *Aythya nyroca* (Guldenstadt, 1770).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.27-сурет). Қазақстанда кеңінен ұялайды; солтүстік шекарасы толық анықталмаған, Күшім, Ілек, Селетті, Семей маңы және Қара Ертіс атыраулары арқылы өтетін сияқты. Ұшып бара жатқандары барлық аумақтардан көрінеді, кейде Шымкенттің оңтүстігінде және Шарынның төменгі ағысында қыстайды. Сулы-батпақты алқаптарда мекендейді. Салымында 6-14, әдетте 8-10 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Тек өсімдіктердің жасыл бөліктерімен (су өсімдіктерінің жапырақтары, ұрықтары және қабықтары), сондай-ақ инеліктердің, бұлақшылардың, хирономитердің дернәсілдерін, су қоңыздарын жейді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Айдарлы сүңгуір - Хохлатая чернеть – *Aythya fuligula* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.28-сурет). Қазақстанның солтүстік бөлігінде ұялайды, оңтүстікке қарай Өзен, Бірғыз, Торғай, Кеңгір сағасы, Өскемен маңы және Марқакөлге дейін. Ұшып бара жатқандары барлық аумақтан көрінеді, кейде Іле алабында және Келестің төменгі ағысында қыстайды. Сулы-батпақты алқаптарда мекендейді. Салымында 6-13, әдетте 8-11 жұмыртқа бар. Ұяның қирауы 40,0%-ға жетеді. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Негізінен жануар тектес азықтармен қоректенеді (моллюскалар, су жәндіктерінің дернәсілдері, шаянтәрізділер, шабақтар), сондай-ақ су өсімдіктерінің тамырларын және өсінілерін жейді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Теңіз сүңгуірі - Морская чернеть – *Aythya marila* (Linnaeus, 1761).**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар (10.28-сурет). Өзеннің төменгі ағысынан Іле атырауларына дейінгі су қоймаларында кездеді. Өсімдік тектес (су өсімдіктерінің жапырағы, тамыры, ұрықтары) және жануар тектес (инелік, бұлақшы, хирономид дернәсілдері, моллюскалар, балықтар) азықтармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Ұшқыр үйрек - Морянка – *Clangula hyemalis* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар (10.30-сурет). Қазақстанның батыс бөлігінде кеңінен кездеседі, шығысқа қарай Көкшетауға және Түркістанға дейін жетеді. Жануар тектес азықтармен (хирономид, бұлақшы дернәсілдері, шаянтәрізділер, моллюскалар, шабақтар). Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Шақшақайша - Каменушка – *Clangula histrionicus* (Linnaeus, 1758).**

Қазақстан аумағына кездейсоқ енеді. Құстар ертеде оңтүстік далаларында кездесетін (10.31-сурет).

**Сусылдақ - Обыкновенный гоголь - *Vucephala clangula* (Linnaeus, 1758).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *V. c. clangula* (10.32-сурет). Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады. Жайық пен Ілек өзенінің ортаңғы ағысындағы, Көкше тауларындағы, Семей маңындағы су қоймаларында, Қара Ертісте және Алтайда ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық аумақтан көрінеді. Республикамыздың оңтүстік, оңтүстік-шығысында қыстайды. Салымында 5-13, әдетте 8-11 жұмыртқа бар. Ұядан орташа есеппен 5 балапан қанатына көтеріледі. Ұялары қираса қайта жұмыртқалай

бастайды. Жануар тектес азықтармен (хириноид, бұлақшы, инелік дернәсілдері, қоңыздар, шаянтәрізділер, моллюскалар, шабақтар) қоретенеді, кейде өсімдіктердің паязшықтарын және тамырсабақтарын жейді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Мамыққаз - Гага-гребенушка – *Somateria spectabilis* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстанға кездейсоқ енетін құстар (10.33-сурет). Жайықта кездескен. Жануар тектес азықтармен (жәндіктердің дернәсілдері, шаянтәрізділер, моллюскалар, тікентерілілер). Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Қара тұрпан - Синьга - *Melanitta nigra* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар (10.34-сурет). Қостанай маңындағы су қоймаларында, Шуда және Сырдарья бойында кездескен. Инелік, хириноид дернәсілдерімен, моллюскалармен, шабақармен қоректенеді. Кейде су өсімдіктерінің тамырсабақтарын жейді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Дөңтұмсық тұрпан - Горбоносый тұрпан - *Melanitta deglandi* (Bonaparte, 1850).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *M. d. stejnegeri* (10.35-сурет). Жыл құстары. Рахманов бұлақтары маңында Оңтүстік Алтайдың су қоймаларында ұялайды. Салымында 6-8 жұмыртқа бар. Бұлақшылардың дернәсілдерімен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Кәдімгі тұрпан - Обыкновенный тұрпан – *Melanitta fusca* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.36-сурет). Орталық және Солтүстік Қазақстанның көлдерінде бірлі-жарымы ұялайды (Қорғалжын, Саумалкөл, Бурабай). Ұшып бара жатқандары Маңғыстау жағалауларынан және Ілектің төменгі ағысынан Сырдарьяның ортаңғы ағысына және Семей маңына дейін көрінеді. Салымында 5-10 жұмыртқа бар. Моллюскалармен, бұлақшылардың дернәсілдерімен, шабақтармен қоректенеді, кейде өсімдіктердің жасыл бөліктерін жейді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Ақбас үйрек - Савка – *Oxyura leucoccephala* (Scopoli, 1769).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.37-сурет). Қазақстанның бүкіл жазықтарындағы су қоймаларында кездеседі және ұшып бара жатқандары көрінеді. Салымында 5-10, әдетте 6 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығады. Су өсімдіктерінің өсімдіктерімен және ұрықтарымен, хириноид дернәсілдерімен, шаянтәрізділерен және моллюскалармен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Кіші бейнарық - Луток - *Mergus albellus* Linnaeus, 1758.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады (10.38-сурет). Қара Ертістік алабтарында және, мүмкін, Жайықта, ұялайды. Ұшып бара жатқандары Қазақстанның барлық су қоймаларына кездеседі; Іле алабында, Сырдарьяның ортаңғы ағысында, мүмкін, Каспийде қыстайды. Салымында 5-11, әдетте 7-9 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Бұлақшылардың, хирономидтердің, инеліктердің дернәсілдерімен, су қоңыздарымен, кандалалармен, шабақтармен қоретенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Секпілтөс бейнарық - Длинноносый крохаль - *Mergus serrator* Linnaeus, 1758.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.39-сурет). Балқашта, Көкше тауларының су қоймаларында, мүмкін Алтайда, ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық ауатан көрінеді, кейде Түркістанның оңтүстігінде қыстайды. Салымында 6-14, әдетте 8-10 жұмыртқа бар. Ұяның қирауы 40,0%-ға жетеді. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Жұмыртқадан балапан шығуы 60-80%, балапандардың өлімі өте жоғары. Балықтармен, су жәндіктерімен, кейде бақалармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Үлкен бейнарық - Большой крохаль - *Mergus merganser* Linnaeus, 1758.**

3 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *M. m. merganser* және *M. m. somatus*. Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады (10.40-сурет). Іле және Талас Алатауларынан басқа Алтайдың, Сәуірдің, Тарбағатайдың, Жетісу Алтауының және Тянь-Шанның су қоймаларында ұялайды. Ұшып бара жатқандары республикамыздың барлық аумақтарынан көрінеді; Ертісте, Іледе, Сырдарьяда және Солтүстік Каспийде қыстайды. Салымында 4-15, әдетте 8-11 жұмыртқа бар. Ұядан қанатына 6-7 балапан көтеріледі. Жылына бір рет балапан шығарады, ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Негізінен балықтармен қоректенеді, сондай-ақ су жыландарын, сужәндіктерін және олардың дернәсілдерін, моллюскаларды жейді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**О т р я д Тауық тәрізділер – Курообразные – Galliformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Құр тәрізділер - Тетеревиные – Tetraonidae**

**Аққұр – Белая куропатка – *Lagopus lagopus* (Linnaeus, 1758).**

16 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *L. l. major* және *L. l. brevirostris*. Тұрғылықты құстар (10.41-сурет). Қазақстанның солтүстік бөлігінде ұялайды, солтүстікке қарай Наурызымға, Бурабайға, Семейге, сондай-ақ Алтайға дейін. Ағаш-бұталы далада, бұталар жайлаған биік тауларда мекендейді. Салымында 6-15, әдетте

10-12 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің өсінділерімен және дәндерімен қоректенеді. Әуесқй аңшылық нысанасы.

**Тундра аққұры - Тундряная куропатка - *Lagopus mutus* (Montin, 1776).**

23 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *L. m. nadezdae* (10.42-сурет). Тұрғылықты құстар. Алтайда және Сәуірде ұялайды. Шағыл тасты альпі шалғындарында мекендейі. Салымында 3-12 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Шөптермен және бұталармен, олардың ұрықтарымен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Құр - Тетерев - *Lyrurus tetrix* (Linnaeus, 1758).**

6 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *L. t. viridanus* және *L. t. mongolicus*. Тұрғылықты құстар (10.43-сурет). Солтүстік Қазақстанда ұялайды, оңтүстікке қарай Жайықтың төменгі ағысына, Наурызымға, Сарыарқаға және Семейге, сондай-ақ Алтайда, Тарбағатайда, Жетісу Алатауында және Солтүстік Тянь-Шанда ұялайды. Жазықтағы орман аралдарында, орманы өскен тауларда мекендейді. Салымында 4-12 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің өсінділерімен, жемістерімен, дәндерімен қоректенеді, жәндіктерді жейді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Меңіреу құр - Глухарь – *Tetrao urogallus* Linnaeus, 1758.**

4 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *T. u. taczanowskii* (10.44-сурет). Тұрғылықты құстар. Алтайдың, Қалбі Алтайының таулы ормандарында және Көкше тауларында ұялайды. Салымында 5-16 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Қылқан жапырақтармен, жемістермен, емен жаңғағымен және басқаламен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Сұр құр - Рябчик - *Tetrastes bonasia* (Linnaeus, 1758).**

4 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *T. b. sibiricus* (10.45-сурет). Тұрғылықты құстар. Алтайдың және Қалбі Алтайының таулы ормандарында ұялайды. Салымнда 6-15 жұмыртқа бар. Салымында 1 жұмыртқа бар. Өсімдіктердің жасыл бөліктерімен, жемістерімен, жәндіктермен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Қырғауылдар - Фазановые – Phasianidae**

**Гималай ұлары – Гималайский улар – *Tetraogallus himalayensis* Gray, 1843.**

4 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *T. h. sewerzowi* (10.46-сурет). Тұрғылықты құстар. Сәуірдің, Жетісу Алатауының және Тянь-Шанның жартастарға шығатын альпі шалғындарында ұялайды. Салымында 7-16 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Ұялары қирасақайтадан жұмыртқалай бастайды. Өсімдіктердің жасыл

бөліктерімен, пиязшықтарымен, ұрықтарымен, жемістерімен қоректенеді, сиректеу жәндіктерді жейді. Эуеской аңшылық нысанасы.

**Алтай ұлары - Алтайский улар - *Tetraogallus altaicus* (Gebler, 1836).**

Тұршелерге бөлінбейді. Тұрғылықты құстар (10.47-сурет). Алтайда ұялайды, шыңдарға жолы бар альпі шалғындарында мекендейді. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің жасыл бөлігімен (сабақтары, бүршіктері, жапырақтары, тамырсабақтары, пиязшықтары), жемістерімен, ұрықтарымен, сондай-ақ жәндіктермен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Кекілік - Кеклик - *Alectoris chukar* (Gray, 1830).**

15 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *A. ch. shestoperovi*, *A. ch. falki* және *A. ch. dzungarica*. Тұрғылықты құстар (10.48-сурет). Маңғыстауда, Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Сәуірде және Тарбағатайда, Қалбі Алтайында ұялайды. Ксерофитті тауларды, шыңғы жығар жолы бар аласа тауларда және биік тауларда мекендейді. Салымында 6-24, әдетте 9-14 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады; егер ұясы қираса, онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Өсімдік тектес (жапырағы, сабағы, пиязшығы, тамырсабағы, ұрығы, жемістері) және жануар тектес (тікқанаттылар, қоңыздар, моллюскалар) азықтармен қоректенеді. Эуеской және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Дала шілі - Пустынная куропатка - *Ammoperdix griseogularis* (Brandt, 1843).**

Тұршелерге бөлінбейді. Елімізде болу сипаты толық анықталмаан (10.49-сурет). Үстүртте және Қазақстан шекарасына жақын Орталық Қызылқұмда кездескен. Әдетте шөлді таудың төменгі етегінде мекендейді. Салымында 8-16 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Шөптесін өсімдіктердің жасыл бөлігімен және ұрықтарымен, жәндіктермен қоректенеді. Экологиялық маңызы бар.

**Сұр шіл - Серая куропатка – *Perdix perdix* (Linnaeus, 1758).**

8 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *P. p. lucida* және *P. p. robusta*. Тұрғылықты құстар (10.50-сурет). Шөлдерден және Сарыарқадан басқа барлық аумақта ұялайды. Жазықтарда, өзен алабтарында және бұта өскен ксерофитті тауларда мекендейді. Салымында 13-26 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады. Өсімдіктердің жасыл бөлігімен, ұрықтарымен, жемістерімен, сондай-ақ жәндіктермен (қоңыздар, тікқанаттылар, құмырсқалар) қоректенеді. Эуеской аңшылық нысанасы.

**Сақалды шіл - Бородатая куропатка - *Perdix dauuricae* (Pallas,1811).**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *P. d. dauuricae* (10.51-сурет). Тұрғылықты құстар. Бұталы аласа тауларда және Солтүстік Тянь-Шанның, Жетісу Алатауының, Сәуірдің және Алтайдың биік тауларында ұялайды. Салымында 4-15 жұмыртқа бар. Жылына екі рет балапан басады. Өсімдіктердің жасыл бөлігімен және ұрықтарымен, сондай-ақ жәндіктермен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Бөдене - Перепел - *Coturnix coturnix* (Linnaeus, 1758).**

5 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *C. c. coturnix* (10.52-сурет). Жыл құстары. Шөлдерден және Сырдарья алабынан басқа барлық Қазақстан аумағында ұялайды. Ұшып баа жатқандары барлық жерден көрінеді. Биік шөпті және жазықтағы бұталы жалғындарда, қзен алабтарында жәе аласа тауларда мекендейді. Салымында 7-20 жмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады, егер ұялары қираса қайта жұмыртқалауға кіріседі. Өсімдіктердің жасыл бөлігімен және ұрықтарымен, сондай-ақ жәндіктермен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Қырғауыл – Фазан - *Phasianus colchicus* Linnaeus,1758.**

30 түршесінен Қазақстанда кездесетіі *Ph. c. mongolicus* (10.53-сурет) және *Ph. c. turcestanicus* (10.54-сурет). Тұрғылықты құстар. Сырдарья сағаларынан Алакөл ойпатына дейінгі тоғайлы және қамысты су қоймаларында, оңтүстік Қазақстанның таулы ормандарында ұялайды. Салымында 6-20, әдетте 8-11 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан шығарады, егер ұялары қираса қайта жұмыртқалауға кіріседі. Өсімдіктердің жасыл бөлігімен және ұрықтарымен, сондай-ақ жәндіктермен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Отряд Тырна тәрізділер - Журавлеобразные – Gruiformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Сутартарлар - Пастушковые – Rallidae**

**Қасқалдақ - Лысуха - *Fulica atra* Linnaeus, 1758.**

3 түршесінен қазақстанда кездесетіні *F. a. atra* (10.55-сурет). Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады. Сусыз жерлерден және биік таулардан басқа барлық аумақта ұялайды және ұшып бара жатқандары көрінеді; еліміздің оңтүстігінде қыстайды. Су қоймаларын мекендейді. Салымында 5-12, әдетте 7-9 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан өргізеді. Ұялары қираса, онда олар қайта жұмыртқалай бастайды. Су өсімдіктерінің жасыл бөліктерімен және ұрықтармен, сондай-ақ су жәндіктерімен және олардың дернәсілдерімен, моллюскалармен қоректенеді. Әуесқой және кәсіби аңшылық нысаналары.

**Отряд Татрең тәрізділер - Ржанкообразные – Charadriiformes**  
**Тұқымдастық - Семейство: Татреңдер - Ржанковые –**  
**Charadriidae**

**Қызғыш - Чибис - *Vanellus vanellus* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.56-сурет). Сулы-батпақты алқаптарда ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық аумақтан көрінеді. Еліміздің оңтүстігінде қыстайды. салымында 4, сиректеу 3 жұмыртқа болады. Жылына бір екі рет балапан өргізеді. Ұялары қираса, онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Қоңыздармен және олардың дернәсілдерімен, тікқанаттылармен, инеліктердің және хирономид дернәсілдерімен, моллюскалармен, құрттармен және басқалармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Тауқұдыреттер - Бекасовые –**  
**Scolopacidae**

**Күжіркей - Турухтан - *Phylomachus pugnax* (Linnaeus, 1758).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.57-сурет). Еліміздің солтүстік-батысындағы сулы-батпақты алқаптарда оңтүстікке қарай Жайыққа және Торғайдың төменгі ағыстарына дейін ұялайды. Ұшып бара жатқандары жазық аудандардың бәрінде көрінеді. Әдетте салымында 4 жұмыртқа болады. Жылына бір екі рет балапан өргізеді. Ұялары қираса, онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен, жауын құрттарымен, моллюскалармен, сондай-ақ өсімдіктердің ұрықтарымен және жемістерімен қоректенеді, соның ішінде бидай және арпа дәндеріде бар. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Тауқұдірет - Бекас - *Gallinago gallinago* (Linnaeus, 1758).**

3 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *G. g. gallinago* (10.58-сурет). Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады. Жайықтың ортаңғы ағысының, Ілек және Ертіс бойының, Алтайдың, Жетісу Алатауының сулы-батпақты алқаптарында, Тянь-Шанның және оған тіркескен Іле атырауларында ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық жерден көрінеді. Еліміздің оңтүстігінде қыстайды. Салымында 2-5, әдетте 4 жұмыртқа бар. Жылына бір екі рет балапан өргізеді. Ұялары қираса, онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Құрттармен, майжа жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен, моллюскалармен қоректенеді; сиректеу өсімдік ұрықтарын жейді. Әуесқой аңшылық нысанасы. Экологиялық маңызы бар.

**Орман маңқысы - Лесной дупель - *Gallinago megala* Swinhoe, 1861.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.59-сурет). Алтайда ұялайды. Республикамыздың оңтүстік аудандарына да енген. Сулы-батпақты алқаптарда мекендейді. Салымында 2-5, әдетте 4 жұмыртқа



бар. Жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен, құрттармен, моллюскалармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Азиялық таукүдірет - Азиатский бекас –*Gallinago stenura* (Bonaparte, 1830).**

Түршелерге бөлінбейді. Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар (10.60-сурет). Алтайда ұялайды. Ұшып бара жатқанда Жаркент, Алматы және Ташкент маңынан көрінеді. Сулы-батпақты алқаптарда мекендейді. Салымында 1 жұмыртқа бар. Жәндіктермен, құрттармен, моллюскалармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Тау маңқысы - Горный дупель - *Gallinago solitaria* Hodgson, 1831.**

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *G. s. solitaria* (10.61-сурет). Ұя салуға келіп қататын және қыстап шығатын құстар. Алтайда ұялайды, Алтайдың, Тянь-Шанның тауларында және тау етігіндегі жазықтарда, батысқа қарай Семейге және Ташкентке дейін қыстайды. Сарысудың төменгі ағысына енгені белгілі. Сулы-батпақты алқаптарда, өзендерде және бұлақтарда мекендейді. Салымында 4 жұмыртқа бар. Жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен, моллюскалармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Маңқы - Дупель - *Gallinago media* (Latham, 1787).**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.62-сурет). Жайықтың ортаңғы ағыстының алабында, Ілектің төменгі ағысында және Ертісте Семей маңында ұялайды. Сусыз аудандардан басқа барлық жерде ұшып бара жатқандары көрінеді. Сулы-батпақты алқаптарда мекендейді. Салымында 3-5, әдетте 4 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан өргізеді. Құрттармен, моллюскалармен, жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен, сиректеу өсімдік ұрықтарымен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Жылқышы - Вальдшнеп - *Scolopax rusticola* Linnaeus, 1758.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.63-сурет). Алтайда және Тянь-Шанда, бірлі-жарымы – Шу алабтарында, тау етектерінде, ұялайды. Ұшып бара жатқанда барлық жерден көрінеді. Алматы және Ташкент маңында анда-санда қыстайды. Тауда және жазықтағы ағашты-бұталы жерлерде мекендейді. Салымында 2-5, әдетте 4 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан өргізеді. Ұялары кираса қайта жұмыртқалай бастайды. Құрттармен, қоңыз, қосқанаттылар дернәсілдерімен, қанадалалармен, құмырскалармен, өрмекшілермен, сондай-ақ өсімдік ұрықтарымен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Үлкен шалшықшы - Большой кроншнеп - *Numenius arquata* (Linnaeus, 1758).**

2 түршесі бар Қазақстанда екеуіде кездеседі *N. a. arquata* және *N. a. orientalis*. Жыл құстары (10.64-сурет). Еліміздің солтүстік бөлігіндегі далалық және шөлейттік жазықтардағы сулы-батпақты алқаптарда, оңтүстікке қарай Қамыс-Самар көлдеріне, Жем өзенінің жоғарғы ағысына, Ырғыздың төменгі ағысына, Аякөзге және Зайсан ойпатына дейін ұялайды. Биік таулардан басқа жерлерде ұшып бара жатқанда көрінеді. Салымында 2-5, әдетте 4 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан өргізеді. Ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Қоңыздармен, қосқанаттылармен, құрттармен қоректенеді; кейде өсімдік ұрықтарын жейді, бақаларды, кесірткелерді және тышқандарды аулайды. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Қасқа шалшықшы - Средний кроншнеп - *Numenius phaeopus* (Linnaeus, 1758).**

3 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *N. ph. phaeopus* (10.65-сурет). Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар. Жазықтардағы барлық сулы-батпақты алқаптардың бәрінде дерлік кездеседі. Жәндіктермен, өрмекшілермен, моллюскалармен, шаянтәрізділермен, сондай-ақ өсімдіктердің жемістерімен және ұрықтарымен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Үлкен шырғалақ - Большой веретенник - *Limosa limosa* (Linnaeus, 1758).**

3 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *L.l.limosa* (10.66-сурет). Жыл құстары. Еліміздің солтүстік бөлігінің сулы-батпақты алқаптарында, оңтүстікке қарай Қамыс-Самар көлдеріне, Ырғыздың төменгі ағысына, Сарысудың жоғарғы ағысына және Алакөл ойпатына дейін ұялайды. Сусыз және биік таулы аудандардан басқа жерлерде ұшып бара жатқандары көрінеді. Салымында 3-4, сиреуітеу 5 жұмыртқа бар. Жылына бір рет балапан өргізеді. Ұялары қираса қайта жұмыртқалай бастайды. Жәндіктермен, құрттармен, шаян тәрізділермен, өрмекшілермен, моллюскалармен, сондай-ақ өсімдік ұрықтарымен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Кіші шырғалақ - Малый веретенник – *Limosa lapponica* (Linnaeus, 1758).**

3 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *L.l.lapponica* (10.67-сурет). Қазақстан аумағынан ұшып өтетін құстар. Қазақстан жазықтарының сулы-батпақты алқаптарында солтүстікке қарай Селетті-Теңізге және Алматыға дейін кездеседі. Су жәндіктерімен және олардың дернәсілдерімен, құрттармен, моллюскалармен, шөмішбастармен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Отряд Кептер тәрізділер – Голубеобразные – Columbiformes**  
**Тұқымдастық - Семейство: Кептерлер - Голубиные –**  
**Columbidae**

**Дыркептер – Вяхирь – *Columba palumbus* (Linnaeus, 1758).**

6 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *C. p. palumbus* және *C. p. casiotis*. Жыл құстары (10.68-сурет). Жайық алабында, сондай-ақ Тянь-Шань және Жетісу Алатауы тауларында және тау етектерінде ұялайды. Маңғыстау, Үстірт, Көкше таулары, Ертіс маңы және Алтайдан басқа барлық аумақтарда кеңінен ұшып бара жатқандары көрінеді. Тау және жазық ормандарында, ағаш-бұта өскен жазықтарда мекендейді. Салымында 1-2 жұмыртқа болады. Жылына 1-2 балапан өргізеді. Ұялары қираса, онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Жасыл жапырақтармен, дәндермен, гүлдермен, жемістермен, бүршіктермен және тамыр жемістерімен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Түз кептері - Клинтух – *Columba oenas* Linnaeus, 1758.**

2 түршесіде *C. o. oenas* және *C. o. yarkandensis* Қазақстанда кездеседі. Жыл құстары, кейбірі қыстап қалады (10.69-сурет). Жайық алабында Орал қаласынан жоғарыда, Ілектің төменгі ағысында, қостанай маңында, сондай-ақ Алматы облысының Шелек өзенінің ортаңғы ағысында (Бартоғайда) ұялайды. Қазақстан жазықтарында ұшып бара жатқандары көрінеді; қыстаған құстар Қорғалжын маңында, Атырауда, Ташкентте және Бартоғайда кездескен. Жайылма ормандарында және ағаш-бұта өскен жазықтарда мекендейді. Салымында 2, сиректеу 1 жұмыртқа бар. Жылына 4 ретке дейін балапан өргізеді. Ұялары қираса, онда олар қайтадан жұмыртқалай бастайды. Жасыл жапырақтармен, дәндермен, бүршіктермен қоректенеді; кейде омыртқасыздарды жейді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Қоңыр кептер - Бурый голубь - *Columba eversmanni* Bonaparte, 1856.**

Түршелерге бөлінбейді. Жыл құстары (10.70-сурет). Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда Зайсан ойпатына дейін ұялайды және ұшып бара жатқанда көрінеді. Маңғыстауға енгені белгілі. Шөлді жазықтарда және ағаш өскен немесе жыралары бар тау етектерінде мекендейді. Салымында 2 жұмыртқа бар. Жылына 2-3 рет балапан өргізеді. Негізінен өсімдік дәндерімен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Көк кептер - Сизый голубь - *Columba livia* Gmelin, 1789.**

10 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *C.l.livia* и *C.l.neglecta*. Тұрғылықты құстар (10.71-сурет). Негізінен еліміздің оңтүстік бөлігінде, солтүстікке қарай Жемның төменгі ағысына, Қарағанды және Семей маңына дейін, ұялайды. Шыңдарға жолы бар тауларда,

жары бар жазықтарда және тау етектерінде немесе адам жасаған құрылыстарда мекендейді. Салымында 2, сиректеу 1 жұмыртқа болады. Жылына 3-4 мәрте балапан өргізеді. Өсімдік дәндерімен қоректенеді, әуесқой аңшылық нысанасы.

**Құз кептері - Скалистый голубь – *Columba rupestris Pallas, 1811.***

2 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *C. g. turcestanica*. Тұрғылықты құстар (10.72-сурет). Сарыарқада, Жоғарғы Ертістің алаптарында, Қалбі Алтайында, Сәуірде, Тарбағатайда, Жетісу Алатауынад және Тянь-Шанда ұялайды. Шыңдарға жолы бар тауларда мекендейді. Салымында 2 жұмыртқа бар. Жылына бір рет, мүкін екінші рет, балапан өргізеді, өсімдік дәндерімен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Ақтөс кептер - Белогрудый голубь – *Columba leuconota Vigors, 1831.***

Түршелерге бөлінбейді (10.73-сурет). Елімізде болу сипаты белгісіз. Бір рет Іле Алатауында кездескен. Дәндермен, жемістермен, бұршіктермен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сақиналы түркептер - Сақиналы түркептер - Кольчатая горлица - *Streptopelia decaocto (Frisvaldszky, 1838).***

2 түршесінен қазақстанда кездесетіні *S. d. decaocto* (10.74-сурет). Тұрғылықты құстар. Еліміздің солтүстік-батыс, шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарында елді мекендерде ұялайды. Салымында 2, сиректеу 1 жұмыртқа болады. Жылына 6 ретке дейін балапан өргізеді. Дәндермен, жемістермен, сиректеу өсімдіктердің жасыл бөлігімен және омыртқасыз жануарлармен қоректенеді. Экологиялық және эстетикалық маңызы бар.

**Кәдімгі түркептері - Обыкновенная горлица – *Streptopelia turtur (Linnaeus, 1758).***

5 түршесінен Қазақстанда кездесетін *S. t. turtur* және *S. t. agenicola*. Жыл құстары (10.75-сурет). Сусыз аудандардан, сондай-ақ Көкше тауларынан, Ертістің Семейден төменгі жағынан және Алтайдан басқа барлық жерде ұялайды және ұшып бара жатқандары көрінеді. Ағаш-бұта өскен жазықтарда және аласа тауларда мекендейді. Салымында 3-ке дейін, әдетте 2 жұмыртқа бар. Жылына үш ретке дейін балапан өргізеді. Өсімдіктердің дәндерімен және жемістерімен қоректенеді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Үлкен түркептер - Большая горлица - *Streptopelia orientalis (Latham, 1790).***

5 түршесінен Қазақстанда кездесетіні *S.o.meena* (10.76-сурет). Жыл құстары. Солтүстік және Шығыс Қазақстанда, Сарыарқада, Жетісу Алатауында және Тянь-Шанда ұялайды. Ұшып бара жатқандары барлық жерден, батысқа қарай Жайық алабтарына дейін,

көрінеді. Ағаш-бұта өскен жазықтарда және тауларда мекендейді. Ұясында 2 жұмыртқа бар. Жылына екі рет балапан өргізеді. Дәндермен қоректенеді, өсімдіктердің жемісін және майда моллюскаларды жейді. Әуесқой аңшылық нысанасы.

**Кіші түркептер - Малая горлица - *Streptopelia senegalensis* (Linnaeus, 1766).**

5 түршесінен Қазақстанда кездесетін *S. s. ermanni* (10.77-сурет). Жыл құстары. Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы елді мекендерде ұялайды. Ұясында 2, сиректеу 1 жұмыртқа болады. Жылына 5 ретке дейін балапан өргізеді. Өсімдіктердің дәндерімен қоректенеді, кейде қоңыздарды және моллюскаларды жейді. Экологиялық және эстетикалық маңызы бар.

**Отряд Жыртқыштар - Хищные – Carnivora**

**Тұқымдастық - Семейство: Иттер - Псовые – Canidae**

**Жанат тәрізді ит - Енотовидная собака – *Nyctereutes procyonoides* Gray, 1834.**

Қазақстанда бір түршесі бар: *N.p.ussuriensis* (10.78-сурет) - уссурия жанат тәрізді иті. Тұрғылықты аңдар, қыста ұйықтайды. Еділ атырауларында және Каспий жағалауларында Еділден Жайыққа дейін таралған. Батпақталған ойпаттарда және бұта және қамыс өскен су қоймаларының жағалауларында мекендейді. Майда жануарлармен, сондай-ақ өсімдік тектес азықтармен қоректенеді (азық талғамайды). Жылына бір рет 2-ден 15-ке дейін, көбнесе 6-8 күшік туады. Бағалы терілі аң нысанасы. Құстардың ұяларын бұзып аңшылық шаруашылығына зиян келтіреді.

**Шүйбөрі немесе шуылдақ - Шакал - *Canis aureus* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда бір түршесі бар - *C.a.aureus* (10.79-сурет). Азық жеткіліксіз болғанда мерзімдік және алысқа қоныс аударады. Жыл бойы белсенді. Сырдарья, Сарысу, Шу, Іле, Ырғыз, Торғай, Еділ өзендерінің жайылмаларында таралған. Көл. Өзен, канал, арықтардың бойында өскен тоғайларда және қамыстарда мекендейді. Кеміргіштермен, қояндармен, құстармен және басқа майда жануарлармен, өлекселермен, өсімдік тектес азықтармен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді, інінде 4-7, орташа есеппен 5 күшік бар. Кәсіби аңшылық маңызы бар. Ауыл және аңшылық шаруашылығына зиян келтіреді. Эпидемиологиялық маңызы бар.

**Қасқыр - Волк - *Canis lupus* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 4 түршесі бар: *C.l.altaicus* - сібір орман қасқыры - сибирский лесной волк (10.80-сурет); *C. l.campestris* – дала қасқыры - степной волк; *C.l.desertorum* – шөл қасқыры - пустынный волк; *C.l.chanco* - тибет қасқыры - тибетский волк. Тұрғылықты аңдар,

кейбірі тұяқтылардың соңынан қоныс аударады. Жыл бойы белсенді. Еліміздің барлық аумағында таралған. Ормандарда, тауларда, далаларда, шөлдерде мекендейді. Тұяқтылармен, қояндармен, кеміргіштермен, құстармен, үй жануарларымен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді; апанында 2-12, көбнесе 5-6 бөлтірік бар. Кәсіби аңшылық маңызы бар. Мал шаруашылығына зиян келтіреді. Құтырықпен ауырады.

#### **Қарсақ - Корсақ - *Vulpes corsac* Linnaeus, 1768.**

Қазақстанда 3 түршесі бар: *V.c.corsac* – қазақ қарсағы - казахстанский корсақ; *V.c.kalmykorum* – қалмақ қарсағы - калмыцкий корсақ; *V.c.turkmenicus* – түркістан қарсағы - туркестанский корсақ. Азықтары жетіспегенде тұрақсыз және мерзімдік қоныс аударады. Жыл бойы белсенді (10.81-сурет). Таулардан басқа еліміздің барлық аумақтарында таралған. Далаларда, шөлейттерде, орманды далаларда мекендейді. Кеміргіштермен, құстармен, бауырмен жорғалаушылармен, жәндіктермен және өлекселермен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді, індерінде 2-10, көбнесе 4-5 күшік болады. Бағалы терілі аңшылық нысанасы. Құтырықпен және етқоректілер обасымен ауырады.

#### **Түлкі - Лисица - *Vulpes vulpes* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 4 түршесі бар: *V.v.kazakhstanica* – қазақстан түлкісі - казахстанская лисица; *V.v.karagan* – қараған – караганка; *V.v.diluta* – дала немесе құм түстес түлкі - степная, или светлая, лисица (10.82-сурет); *V.v.oschroantha* – тянь-шань түлкісі - тянь-шаньская лисица. Азықтары жетіспенгенде мерзімдік және басқада қоныс аударулары болады. Жыл бойы белсенді. Бүкіл елімізде таралған. Далаларда, шөлдерде, ормандарда, тауларда мекендейді. Кеміргіштермен, қояндармен, құстармен, өлекселермен, сиректеу өсімдік тектес азықтармен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді; інінде 1-12, көбнесе 5-6 жәутік болады. Бағалы терілі аңшылық нысанасы. Құтырықпен, етқоректілер обасымен, топалаңмен және басқалармен ауырады.

#### **Қызыл қасқыр - Красный волк - *Cuon alpinus* Pallas, 1811.**

Қазақстанда бір түршесі бар - *C.a.hespericus* – тянь-шань қызыл қасқыры - тянь-шаньский красный волк (10.83-сурет). кеңінен қоныс аударады; жыл бойы белсенді. Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Алтайда таралған. Таулардың тұрғыны. Негізгі азықтары – жабайы тұяқтылар. Жылына бір рет көбееді, апанында 3-9; көбнесе 5 бөлтірік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Тұқымдастық - Семейство: Аюлар - Медвежьи – Ursidae**

**Қоңыр аю - Бурый медведь - Ursus arctos Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *U.a.isabellinus* – тьянь-шань аюы – тьянь-шаньский медведь (10.84-сурет) және *U.a.jeniseensis* – оңтүстік сібір аюы - южносибирский медведь. Тұрғылықты аңдар. Қыста ұйықтайды. Тьянь-шань аюы Тьянь-Шанда, Жетісу Алатауында, оңтүстік сібір аюы – Алтайда таралған. Тауларда мекендейді. Өсімдік тектес азықтармен: жидектер, жемістер, сиректеу жабайы және үй жануарларымен қоректенеді. Қоңыр аю 2-3 жылда бір рет көбеюге қатысады, көбіне егіз, сирек жалқы және 3-тен қонжық туады. Тьянь-Шань аюы Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген; оңтүстік-сібір аюы әуесқой және кәсіби аңшылық насаналары.

**Тұқымдастық - Семейство: Жанаттар - Енотовые – Procyonidae**

**Жанат - Енот-полоскун - Procyon lotor Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда нағыз жанат түршесі кездеседі (10.85-сурет). Қыста ұйықтайды. Батыс Тьянь-Шанда жерсіндірілген. Өгем және Қаржантау жоталарында мекендейді. Орман тұрғыны. Қос мекенділермен, бауырмен жорғалаушылармен, құстармен, майда сүтқоректілермен, жәндіктермен, моллюскалармен, өсімдік тектес азықтармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-6, көбнесе 3-4 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Сусарлар - Куньи – Mustelidae**

**Тас сусары - Каменная куница - Martes foina Erxleben, 1777.**

Қазақстанда 1 түршесі бар: *M.f.intermedia* - орта азия тас сусары - среднеазиатская каменная куница (10.86-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Тьянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Қалбі және Оңтүстік Алтайда таралған. Тауларда мекендейді. Тышқан тәрізді кеміргіштермен, құстармен, жәндіктермен, сиек жидектермен, жемістермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, інінде 2-3 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Орман сусары - Лесная куница - Martes martes Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.m.uralensis* – оңтүстік орал орман суары - южноуральская лесная куница (10.87-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Жайық өзенінің жайылмаларында және оның бастауларында таралған. Жайылма ормандарда мекендейді. Тышқан тәрізді кеміргіштермен, құстармен, қожақаттың жидектерімен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 2-6, көбнесе 3-4 өсім береді. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

**Бұлғын - Соболь - Martes zibellina Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.z.averini* алтай бұлғыны - алтайский соболь (10.88-сурет). Тұрғылықты аңдар, алайда азық жетіспегенде қоныс аударады, кейде едәуір жерге. Жыл бойы белсенді. Оңтүстік Алтайда тараған. Орманда мекендейді. Кеміргіштермен, шикылдақтармен, қояндармен, сондай-ақ жидектермен, балқарағайдың жаңғағымен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-6 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы. Энцефалитпен ауырады.

**Құну - Росомаха - *Gulo gulo* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *G.g.gulo* еуропа құнуы - европейская росомаха (10.89-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Оңтүстік Алтайда таралған. Орманда мекендейді. Негізгі азықтары –тұяқтылар, әсіресе жас төлдер, сирек – қояндар, қырғауыл тұқымдастары, тоқалтістер; өлекселерді, жидектерді, жаңғақтарды жейді. Екі жылда бір рет көбеюге қатысады, ұясында орташа есеппен 2,5 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Сарғыш күзен - Солонгой - *Mustela altaica* Pallas, 1811.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *M.a.sacana* – түркістан сарғыш күзені - туркестанский солонгой; *M.a.altaica* – алтай сарғыш күзені - алтайский солонгой. Тұрғылықты аңдар, жыл бойы белсенді (10.90-сурет). Солтүстік Тянь-Шанда (Кетпен, Іле Алатауы), Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Қалбі және Оңтүстік Алтайда, Оңтүстік Балқашта, Алакөл және Зайсан ойпаттарында таралған. Тауларда, ормандарда, өзен және көлдердің жағаларындағы тоғайларда және қамыстарда мекендейді. Тышқан тәрізді кеміргіштермен, құстармен және басқада майда жануарлармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-6 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Аққалақ - Ласка - *Mustela nivalis* Linnaeus, 1766.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *M.n.pugmaea* – сібір аққалағы - сибирская ласка, *M.n.heptneri* – шөл аққалағы - пустынная ласка. Кезбешілер (10.91-сурет). Жыл бойы белсенді. Еліміздің барлық аумағында тараған. Далаларда, шөлдерде, тауларда, ормандарда мекендейді. Тышқан тәрізді кеміргіштермен қоректенеді. Жылына 1-3 рет көбеюге қатысады, ұясында 4-8 күшік бар. Елді мекен маңындағы зиянды кеміргіштерді жойып пайда келтіреді.

**Ақкіс - Горностай - *Mustela erminea* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *M.e.tobolica* – тобыл ақкісі - тобольский горностай; *M.e.ferghanae* – ферғана ақкісі - ферганский горностай. Тұрғылықты аңдар (10.92-сурет). Жыл бойы белсенді. Еліміздің солтүстік бөлігінде (оңтүстікке қарай Каспий және Арал теңіздерінің солтүстік жағалауларына, Ұлытауға, Қызыларайға, Аякөз қаласына және Алакөл ойратына дейін), сондай-ақ Тянь-



Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Қалбі және Оңтүстік Алтайда тараған. Тауларда, ормандарда, тоғайларда мекендейді. Тышқан тәрізді кеміргіштермен, шикылдақтармен, жәндіктермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-8 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Сары күзен - Колонок - *Mustela sibirica* Pallas, 1773.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.s.sibirica* (10.93-сурет). Тұрғылықты аңдар, алайда азық жағдайы нашарлағанда қоныс аударады. Жыл бойы белсенді. Алтайда, Ертіс бойындағы таспалы орманда және Солтүстік Қазақстан облысында таралған. Тауларда, орманда, тоғайда мекендейді. Тышқан тәрізді кеміргіштермен, құстармен, майда балықтармен, бақалармен, жидектермен, балқарағайдың жаңғағымен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-12, көбнесе 4-6 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Еуропа қара күзені - Европейская норка – *Mustela lutreola* Linnaeus, 1761.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.l.borealis* (10.94-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Еділ атырауларында, Жайық пен Ілектің жайылмаларында таралған. Су қоймаларында және жағалауларда мекендейді. Өртүрлі майда жануарлармен, өлекселермен, сирек өсімдік тектес азықтармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-7 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сасық күзен - Степной хорек - *Mustela eversmanni* Lesson, 1827.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *M.ev.eversmanni* (10.95-сурет) – петропавл сасық күзені – петропавловский хорек; *M.ev.talassicus* – түркістан сасық күзені - туркестанский хорек. Азық іздеп көшіп жүреді. Жыл бойы белсенді. Еліміздің барлық аумағында таралған. Негізінен ашық ладшафтарда мекендейді. Кеміргіштермен, сирек құстармен, жыландармен, жәндіктермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 7-20, көбнесе 12-14 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Америка күзені - Американская норка - *Mustela vison* Schreber, 1777.**

Түршелерге бөлінбеген. Тұрғылықты аңдар (10.96-сурет). Жыл бойы белсенді. Оңтүстік Алтайда тарған. Өзендерде, жылғаларда, қолдан жасалған су қоймаларында мекендейді. Майда балықтармен, тышқан тәрізді кеміргіштермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-7, көбнесе 4-5 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Шұбар күзен - Перевязка - *Vormela peregusna* Guldenstaedt, 1770.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *V.p.koshevnikovi* – каспийлік шұбар күзен - закаспийская перевязка; *V.p.pallidior* – жетісулық шұбар күзен - семиреченская перевязка. Тұрғылықты аңдар (10.97-сурет). Жыл бойы белсенді. Еліміздің оңтүстік бөлігінде батыс шекарадан шығыс шекараға дейін таралған. Мекендеуінің солтүстік шекарасы мына сызықпен өтеді: Еділ және Жайық аралығы – Аралдың солтүстік жағалауы – Ұлытау – Сарысудың жоғарғы ағысы – Семей қаласы. Шөлдерде, шөлейттерде, далалы тау етектерінде мекендейді. Сарышұнақтармен, тышқан тәрізді кеміргіштермен, құстармен, кесірткелермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-8, көбнесе 4-5 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Итаю - Медоед - *Mellivora capensis* Schreber, 1776.**

Түршелерге бөлінбеген. Тұрғылықты аңдар (10.98-сурет). Жыл бойы белсенді. Батыс Үстіртте және Қарынжарық құмдарында таралған. Шөлдерде, шың жарларында мекендейді. Майда сүтқоректілермен, бауырмен жорғалаушылармен, жәндіктермен, құстармен, жемістермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 1-2 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Борсық - Барсуқ - *Meles meles* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 4 түршесі бар (10.99-сурет): *M.m.severtzovi* – ферғана борсығы – ферганский барсуқ; *M.m.tianschanensis* – Тянь-шань борсығы - Тянь-шаньский барсуқ; *M.m.arenarius* – құм борсығы - песчаный барсуқ; *M.m.sibiricus* – сібір борсығы - сибирский барсуқ. Тұрғылықты аңдар. Қыста ұйықтайды. Кейбір сусыз аумақтардан басқа еліміздің барлық жерінде таралған. Орманда, тауда, шөлде, далада мекендейді. Жәндіктермен, жауын құрттарымен, майда сүтқоректілерімен, құстармен, жемістермен, жидектермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 1-5, көбнесе 2-3 күшік бар. Маңызды кәсіби аңшылық аңдары. Эпидемиологиялық маңызы бар.

**Қамшат - Выдра - *Lutra lutra* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *L.l.lutra* (10.100-сурет) – солтүстік қамшаты - северная выдра; *L.l.seistanica* – орта азия қамшаты - среднеазиатская выдра. Тұрғылықты аңдар, азық жетіспегенде және қыста жусандар жоқ болғанда қоныс аударады. Жыл бойы белсенді. Орта азия қамшаты Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, солтүстік қамшаты Оңтүстік Алтайда таралған. Тұщы сулы өзендерде және жылғаларда мекендейді. Балықтармен, сиректеу майда сүтқоректілермен, құстармен, өсімдік тектес азықтармен қоректенеді.

Екі жылда бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-5 күшік бар. Орта азия қамшаты Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген; солтүстік қамшаты Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Итбалықтар -Тюленьи – Phocidae**

**Каспий итбалығы - Каспийский тюлень, или нерпа - Phoca caspica Gmelin, 1788.**

Мерзімдік қоныс аударады (10.101-сурет). Жыл бойы белсенді. Каспийде тараған. Сулы орта тұрғыны; демалысқа аралдарды, жағалауларды, мұздарды пайдаланады. Негізгі азықтары – кәсіптік емес балықтар, жамбас жүзгіштер, шаяндар, моллюскалар. Ұрғашылары 1, кейде 2 бала табады. Май көзі, тері және мех шикізаты ретінде теңіздің кәсіптік нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Мысықтар -Кошачьи – Felidae**

**Қабылан - Гепард - Acinonyx jubatus Schreber, 1776.**

Қазақстанда 1 түршесі бар: *A.j.raddei* - каспий қабыланы - закаспийский гепард (10.102-сурет). Күшіктерін емізген кезеңде тұрғылықты, ал қалған уақытта көшіп жүреді. Жыл бойы белсенді. Маңғыстауда және Үстіртте таралған. Әртүрлі типті шөлдерде мекендейді. Қарайқұйрықтармен, киіктермен, қояндармен, құм тышқандармен, құстармен қоректенеді. Ұясында 2-4 күшігі бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Шұбар мысық немесе дала мысығы - Пятнистая, или степная, кошка - Felis libyca Forster, 1780.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *F.l.caudata* (10.103-сурет) – ұзынқұйрықты мысық - длиннохвостая кошка және *F.l.matschiei* – түркмен мысығы - туркменская кошка. Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Еліміздің оңтүстік бөлігінде батыста Жайық өзенінен шығыста Зайсан ойпатына дейін таралған. Солтүстік таралу шекарасы мына сызықпен өтеді: Жем өзенінің атыраулары – Үстірттің солтүстік шыңдары – Шалқар-Теңіз – Сарысу өзені (Қаракеңгірге құяр жері) Шу өзені (солтүстікке таман) – Балқаштың оңтүстік жағалаулары – Алакөл ойпаты – Зайсан ойпаты. Шөлде, шөлге айналған тау етектерінде мекендейді. Кеміргіштермен, қояндармен, құстармен, кесірткелермен, балықтармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-5 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Қамыс мысығы - Камышовый кот - Felis chaus Guldenslaedt, 1776.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *F.ch.chaus* (10.104-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жылбойы белсенді. Еділдің атырауларында араған. Тоғайда және қамыста мекендейді. Кеміргіштермен,

қояндармен, құстармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-4 күшік бар. Бағалы терілі аңшылық нысанасы.

**Шағыл мысығы - Барханный кот - *Felis margarita* Loche, 1858.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *F.m.thinobius* (10.105-сурет) – түркістан шағыл мысығы - туркестанский барханный кот. Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Маңғыстауда, Үстіртте және Қызылқұмда таралған. Құмды, сирек сазды шөлдерде мекендейді. Кеміргіштермен, сирек бауырмен жорғалаушылармен, құстармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-5, көбнесе 3 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сабаншы - Манул - *Felis manul* Pallas, 1776.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *F.m.manul* – сібір сабаншысы - сибирский манул (10.106-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Үстіртте, Мұғаджарда таралған, Қызылқұмда Сырдарья Қаратауында, Солтүстік және Орталық Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Оңтүстік Алтайда, Сарыарқада кездестіруге болады. Биік емес шөлді тауларда және биік таудағы жазықтарда мекендейді. Шикылдақтармен, тоқалтістермен және басқада кеміргіштермен, құстармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 2-8, көбнесе 3-4 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Қарақұлақ - Каракал - *Lynx caracal* Schreber, 1776.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *L.c.michaelis* – түркістан қарақұлағы - туркестанский каракал (10.107-сурет). Жыл бойы белсенді. Маңғыстауда, Үстіртте таралған. Шөлде мекендейді. Қояндармен, сарышұнақтармен, құмтышқандармен, жас тұяқтылармен, құстармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-4 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сілеусін - Рысь - *Lynx lynx* Linnaeus, 1785.**

Қазақстанда 3 түршесі бар: *L.l.lynx* - еуропа сілеусіні - европейская рысь; *L.l. isabellinus* – түркістан сілеусіні - туркестанская рысь және *L.l.wardi* – алтай сілеусіні - алтайская рысь. Тұрғылықты аңдар (10.108-сурет). Жыл бойы белсенді. Еуропа сілеусіні Солтүстік және Орталық Қазақстанның ормандарында; алтай сілеусіні Оңтүстік Алтайда; түркістан сілеусіні - Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде таралған. Таулы және жазықтағы ормандарда, кейде ормансыз тауларда мекендейді. Қояндармен, суырлармен, шикылдақтармен, құр тұқымдастарымен қоректенеді, тау текелердің, еліктердің лақтарын аулайды. Жылына бір рет көбеюге қатысады, ұясында 3-4 күшік бар. Түркістан сілеусіні

Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген. Алтай және еуропа сілеусіндері бағалы терілі аңшылық нысаналары.

**Барыс - Снежный барс, или ирбис - *Uncia uncia* Schreber, 1776.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *U. u. uncia* (10.109-сурет). Тұрғылықты аңдар. Жыл бойы белсенді. Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Оңтүстік Алтайда таралған. Тауда мекендейді. Негізгі жемтіктері – тау текелер, арқарлар, еліктер және суырлар. Екі жылда бір рет көбеюге қатысады, ұясында 1-5, көбнесе 2-3 күшік бар. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Отряд Тақтұяқтылар - Непарнокопытные – *Perissodactyla***

**Тұқымдастық - Семейство: Жылқылар - Лошадиные – *Equidae***

**Құлан - Кулан - *Equus hemionus* Pallas, 1775.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *E. h. onager* (10.110-сурет) – түркістан құланы - туркестанский кулан. Нағыз көшпенді жануар. Барсакелмес аралында (Арал теңізінде), Іле өзенінің оң жағалауында («Алтын-Емел» ұлттық табиғи бағының аумағында) және Бетпақдаланың оңтүстік бөлігінде (Аңдысай қорығы аумағында) таралған. Шөлде және шөлейтте мекендейді. Шөппен қоректенеді, сирек бұта, ағаштың сабақтарын жейді. Енесі 1 құлын туады. Жыл сайын  $\frac{2}{3}$  ұрғашысы ұрпақ алып келеді. Халықаралық және Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Түзат немесе Пржевальский жылқысы - Лошадь Пржевальского – *Equus przewalskii* Poljakov, 1881.**

Қазақстанға Мюнхен зоологиялық бағынан алынып келінген. Нағыз көшпенді жануар (10.111-сурет). Іле өзенінің оң жағалауында («Алтын-Емел» ұлттық табиғи бағының аумағында) таралған. Шөлде және шөлейтте мекендейді. Шөппен қоректенеді, сирек бұта, ағаштың сабақтарын жейді. Енесі 1 құлын туады. Ұрғашысы екі жылда бір рет ұрпақ алып келеді. Халықаралық және Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Отряд Жұптұяқтылар - Парнокопытные – *Artiodactyla***

**Тұқымдастық - Семейство: Жабайы шошқалар - Свиные – *Suidae***

**Жабайы шошқа немесе доңыз - Кабан - *Sus scrofa* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *S. s. nigripes* – орта азия жабайы шошқасы - среднеазиатский кабан (10.112-сурет). азық жағдайына байланысты тіктен-тік (тауда) және алысқа қоныс аударады. Жазықта тұрғылықты мекендейді. Еліміздің барлық аумағында таралған. Қамыста және тоғайда, орманда, тауда мекендейді. Шөптесін өсімдіктердің жер асты және жер үсті бөліктерімен, жидектермен,

жемістермен, жәндіктермен, өлекселермен және басқалармен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, мегежіндер 2-10, көбнесе 4-5 торапай табады. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Құдырлар - Кабарговые – Moschidae**

**Құдыр - Кабарга - Moschus moschiferus Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.m.moschiferus* (10.113-сурет). Тұрғылықты аңдар. Оңтүстік Алтайда тараған. Таулы қылқан жапырақты орманда мекендейді. Қыналармен, ағаштардың жаырақтарымен, қабықтарымен және қылқан жапырақтармен, шөппен қоректенеді. Питается лишайниками, листьями, корой и хвоей деревьев, травянистыми растениями. Жылына бір рет көбеюге қатысады, енелері 1-3, көбнесе 2 лақ табады. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Бұғылар - Оленьи – Cervidae**

**Марал - Благородный олень - Cervus elaphus Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *C.e.sibiricus* – марал (10.114-сурет). Азықтың жетушілігі және сапасы бойынша мерзімдік тіктен-тік қоныс аударады. Тянь-Шанда (Талас, Іле, Кетпен, Күнгей және Теріскей Алатауларында), Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Оңтүстік Алтайда таралған. Таулы ормандарда мекендейді. Шөппен, ағаштар мен бұталардың бұтақтарымен және қабықтарымен қоректенеді. Жылына 40-90% ұрғашылары ұрақ береді. Әр сиыр көбіне жалқы бұзау табады, ал егіз табу оларда сирек кездеседі. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Теңбіл бұғы - Пятнистый олень – Cervus nippon Temminck, 1838.**

Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында жерсіндірілген. Орманды далада мекендейді (10.115-сурет). Шөппен, ағаштар мен бұталардың бұтақтарымен және қабықтарымен қоректенеді. Әр сиыр көбіне жалқы бұзау табады, ал егіз табу оларда сирек кездеседі. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Тоғай бұғысы - Тугайный олень – Cervus elaphus bactrianus Lydekker, 1900.**

XIX ғасырда тоғай бұғысы (10.116-сурет) Сырдарьяның ортаңғы және төменгі ағыстарында – Арал теңізінен Қызылордаға дейін әдеттегідей болған, Сарысу өзенінің төменгі жағымен Қаратау жотасына жеткен. Іле өзенінің атырауларында және Балқаш қамыстарында мекендеген. XX ғасырдың бірінші бөлігінде тоғай бұғысы Қазақстанда жойылды, соңғы бұғының Сырдарья бастауында 1956 жылы атып алынған. 1981 жылы ол Іле өзенінің ортаңғы ағысындағы сол жағалауына жерсіндірілді. Су қоймаларының болуы – тоғай бұғыларының мекендеуінің негізгі шарты. Шөлді өзендердің жайылмаларын шаруашылыққа игеруге және оларды

реттеуге байланысты тоғайлар және қамыстар барлық жерлерде жойыла бастады. Шағын жерлерге ғана тиіспеді. Өткен ғасырлардағы Қазақстандағы тоғай бұғыларының саны туралы деректер жоқ. Тоғай бұғылары Қазақстанда тікелей арудың нәтижесінде жойылды. Адамдардың тоғайларды және қамыстарды (орудың) кесуінің және өртеуінің, жайылмаларды жыртуының және шөбін орудың, өзен арнасын реттеудің, шектеусіз мал жаюдың нәтижесінде бұғылардың мекендейтін орындары азып кетті. Тоғай бұғысы Халықаралық Қызыл Кітапқа енгізілген. Бұл аңдарды жерсіндіру үшін Сырдарья жайылмаларынан, Іле өзенінің атырауларынан және Оңтүстік Балқаштан жер іздеу керек, ерекше қорғалатын аумақты ұйымдастыру қажет, сондай-ақ тоғай бұғыларын өсіретін жай салу керек.

**Елік - Сибирская косуля - *Capreolus pygargus* Pallas, 1773.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *C.p.pygargus* және *C.p.tianschanicus*. Азықтың жетушілігі және сапасы бойынша мерзімдік тіктен-тік қоныс аударады (10.117-сурет). Еліміздің солтүстік бөлігінде – батыста Жайық өзенінен бастап шығыста Алтай өлкесіне дейін таралған, сондай-ақ Орталық Қазақстанның, Оңтүстік Балқаштың, Тянь-Шанның, Жетісу Алатауының, Тарбағатайдың, Сәуірдің, Қалбі және Оңтүстік Алтайдың орманды және бұталы жерлерінде тараған. таулы және жазық облыстардың орманында, тоғайларында және қамыстарында мекендейді. Шөппен, ағаштар мен бұталардың бұтақтарымен және қабықтарымен қоректенеді. Әр сөге көбіне егізден лақ табады. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Бұлан - Лось - *Alces alces* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *A.a.alces* (10.118-сурет). Тұрғылықты аңдар, қары мол болса қоныс аударады. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында таралған. Жазықтағы және таулардағы ормандарда мекендейді. Шөппен, ағаштар мен бұталардың бұтақтарымен және қабықтарымен қоректенеді. Аналықтары жылына бір рет көбнесе жалқы, сирекрек егіз бұзау туады. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Қуысмүйізділер - Полорогие – Bovidae**

**Қаракұйрық - Джейран - *Gazella subgutturosa* Guldenstaedt, 1780.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *G.s.subgutturosa* (10.119-сурет). Мерзімдік қоныс аударады. Үстіртте және Маңғыстауда, Арал өңірінде, Қызылқұмда, Мойынқұмда, Бетпақдаланың оңтүстік бөлігінде, Оңтүстік Балқашта таралған. Әртүрлі типті шөлдерде мекендейді. Шөппен, бұталардың және бұташықтардың сабақтарымен, жапырақтарымен, жемістерімен қоректенеді. Жылына

бір рет төлдейді, ешкілері 1-4, көбнесе 1-2 лақ туады. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Ақбөкен немесе киік, жезкиік - Сайгак – Saiga tatarica Linnaeus, 1766.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *S.t.tatarica* (10.120-сурет). Жүйелі түрде алысқа қоныс аударады. Еліміздің батыс шекарасынан шамамен мына сызыққа дейін: шығыста Балқаш көлі - Қарағанды – Астанаға дейін және еліміздің солтүстік шекарасынан оңтүстікте Тянь-Шанның тау етектеріне дейін таралған. Далада, шөлейтте, шөлде мекендейді. Шөппен қоректенеді, сирек бұталардың бұталарымен, қыналармен және басқалармен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді; ешкілері көбнесе егізден, кейде 3 лақта дүниеге алып келеді. Кәсіби аңшылық насанасы.

**Таутеке - Сибирский горный козел - Capra sibirica Pallas, 1776.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *C.s.alaiana* (10.121-сурет) – орта азия таутекесі – среднеазиатский горный козель және *C.s.sibirica* – алтайлық тау теке – алтайский горный козель. Мерзімдік тіктен-тік қоныс аударады. Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында және Оңтүстік Алтайда таралған. Тауда мекендейді. Шөппен, бұталар мен ағаштардың сабақтарымен, жапырақтарымен, қылқан жапырақтарымен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді; ешкілері көбнесе жалқы туады, бірен-саран егізде туады. Кәсіби аңшылық насанасы.

**Жабайы дала қойы немесе Үстірт арқары - Туркменский горный баран, или Устюртский муфлон – Ovis orientalis Gmelin, 1774.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *O.o.arcal* – үстірт арқары - устюртский муфлон (10.122-сурет). Тұрғылықты аңдар. Үстіртте және Маңғыстауда таралған. Шөлді биік емес тауларда және шыңдарда мекендейді. Шөппен (әсіресе сораңдармен), бұта және ағаштардың сабақтарымен және жапырақтарымен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді, қойлардың көпшілігі жалқы, бірен-сараны егіз туады. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Арқар - Архар - Ovis ammon Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 5 түршесі бар (10.123-сурет): *O.a.nigrimontana* – каратау арқары – каратауский; *O.a.karelini* – тяньшань арқары – тяньшанский; *O.a.ammon* – алтай арқары – алтайский, *O.a.severtzovi* – қызылқұм арқары – кызылкумский және *O.a.collium* – қазақстан арқары – казахстанский. Тіктен-тік мерзімдік (биік тауларда) және басқада қоныс аударымдары болады. Қызылқұмда, Сырдарья Қаратауында, Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, Қалбі және Оңтүстік Алтайда, Шу-Іле тауларында және



Сарыарқада таралған. Тауларда мекендейді. Шөпті өсімдіктермен, бұталардың және ағаштардың жапырақтарымен және сабақтарымен қоректенеді. Жылына бір рет көбееді, қойлардың көпшілігі жалқы, бірен-сараны егіз туады. Барлық 5 түршесіде Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Отряд Кеміргіштер - Грызуны – Rodentia**

**Тұқымдастық - Семейство: Ұшарлар - Летяговые – Pteromyidae**

**Кәдімгі ұшар - Обыкновенная летяга – Pteromys volans Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *P.v.betulinus* – семей ұшары - семипалатинская летяга және *P.v.turovi* – ортасібір ұшары - среднесибирская летяга. Жыл бойы белсенді (10.124-сурет). Ертіс бойындағы орманда, Оңтүстік және Қалбі Алтайында таралған. Орманда мекендейді. Қарағайдың бүршіктері мен өркендерін, қайың мен теректің сырғаларын және өркендерін, жидектерді, саңырауқұлақтарды және жәндіктерді жейді. Жылына 1-2 рет көбееді; қуыстарында 1-4 бала бар. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Тиіндер - Беличьи – Sciuridae**

**Кәдімгі тиін - Обыкновенная белка – Sciurus vulgaris Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 3 түршесі бар: белка-телеутка (10.125-сурет) – *S.v.exalbidus* – ақ тиін – белка-телеутка, *S.v. calbinensis* – қалбі тиіні - белка калбинская және *S.v.altaica* – алтай тиіні - белка алтайская. Тұрғылықты аңдар, азықтары жетіспегенде алысқа қоныс аударады. Жыл бойы белсенді. Солтүстік, Орталық, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда таралған. Таулы және жазық ормандарда мекендейді. Ағаштар мен бұталардың тұқымдарымен бүршіктерімен, жемістерімен және өркендерімен, жидектермен, саңырауқұлақтармен және басқалармен қоректенеді. Жылына екі рет көбееді, ұяларында 2-8, көбіне 3-5 бала бар. Кәсіби аңшылық нысанасы. Кейбір жерлерде орман жаңаруына кедіргі келтіреді.

**Таракқұйрық сарышұнақ - Тонкопалый суслик - Spermophilopsis leptodactylus Lichtenstein, 1823.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *S.l.leptodactylus* және *S.l.heptapotamicus*. Тұрғылықты, жыл бойы белсенді аңдар (10.126-сурет). Еліміздің оңтүстігіндегі шөлдерде Арал теңізінен Балқаш көліне дейін таралған. Құмдарда мекендейді. Әртүрлі өсімдіктердің тамырын, түйнектерін, жаушықтарын, өркендерін және жемістерін жейді. Жылына 1, кейде 2 рет көбеюге қатысады 2-6, орташа есеппен 4 өсім береді. Кәсіби аңшылық нысанасы және эпидемиологиялық маңызы бар.

**Борша тышқан - Азиатский бурундук - *Eutamias sibiricus* Laxmann, 1769.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *Eu.s.sibiricus* – сібір борша тышқаны - сибирский бурундук (10.127-сурет). Қыста қазаннан сәуірге дейін ұйықтайды. Оңтүстік және Қалбі Алтайында тараған. қылқан жапырақты және аралас ормандарда мекендейді. Қылқан және жапырақты тұқымдардың жаңғақтарымен және тұқымдарымен, жидектермен, жәндіктермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 4-10, көбнесе 4-6 өсімбереді. Екінші дәрежелі кәсіби аңшылық нысанасы.

**Ұзынкұйрық сарышұнақ - Длиннохвостый суслик - *Citellus (Spermophilus) undulatus* Pallas, 1779.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *S.u.eversmanni* (10.128-сурет) және *S.u.stramincus*. Тұрғылықты аңдар. Қазаннан наурызға дейін ұйықтайды. Алтайда және Жетісу Алатауында таралған. Биік тауларда мекендейді. Шөпті өсімдіктердің тұқымдарымен, дәндерімен, тамырларымен және өркендерімен, бұршіктермен жидектермен, саңырауқұлақтармен және жәндіктермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 2-ден 9-ға дейін, көбіне 4-5 өсім береді. Аңшылық нысанасы.

**Зорман - Желтый суслик - *Citellus (Spermophilus) fulvus* Lichtenstein, 1823.**

Қазақстанда 3 түршесі бар: *S.f.fulvus* - аралдық, *S.f.orlovi* – еділдік және *S.f.oxianus* - түркістандық (10.129-сурет). Маусымнан наурызға дейін ұйықтайды. Еліміздің батыс бөлігінде шамамен 70° ш.қ., солтүстікке қарай 52° с. к. дейін, бүкіл оңтүстік бөлікте – Іле өзеніне дейін және солтүстікке қарай – Балқаш көлінің шетіне дейін таралған. Шөлді және шөлейтті аймақтарда және даланың оңтүстік бөлігінде мекендейді. Өсімдіктердің өркендерімен, сабақтарымен, жапырақтарымен, жуашықтарымен және тұқымдарымен, кейде – жәндіктермен және кеміргіштермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 1-ден 17-ге дейін, көбіне 8-9 өсім береді. Кәсіби аңшылық нысанасы. Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері.

**Балпақ – Рыжеватый суслик - *Citellus (Spermophilus) major* Pallas, 1779.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: *S.m.major* және *S.m.argyropuloi*. Маусымнан наурызға дейін ұйықтайды. Негізінен Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қостанай облыстарында таралған. Орманды даладан шөлейтке дейін кездеседі (10.130-сурет). Топырағы жеңіл жерлерді қалайды. Шөптесін өсімдіктердің сабақтарымен, жапырақтарымен, тұқымдарымен және жемістерімен, жәндіктермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 3-тен 17-ге дейін, көбіне 9-10

өсім береді. Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері, кәсіби аңшылық нысанасы.

**Қызылұрт сарышұнақ – Краснощекий суслик - Citellus (Spermophilus) erythrogeus Brandt, 1841.**

Қазақстанда 7 түршесі бар (10.131-сурет): *S.e.brevicauda*, *S.e.intermedius*. *S.e. saryarka*, *S.e.selevini*, *S.e.brunnescens*, *S.e.heptneri*. Тұрғылықты аңдар. Маусым-шілдеден сәуірге дейін ұйықтайды. Еліміздің шығыс бөлігінде батыс қарай Қостанай облысына дейін таралған. *S.e. intermedius* түршесі еліміздің орталық, шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде өмір сүреді. Селеулі-бетегелі орманды даланың, даланың, шөлейттің және шөлдің тұрғыны. Таулы далаға және шалғынды далаға теңіз деңгейінен 2100 м биіктікке дейін көтеріледі. Шөптесін өсімдіктердің сабақтарымен, жапырақтарымен, тұқымдарымен және жемістерімен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 2-ден 17-ге дейін, көбіне 8-9 өсім береді. Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері, кәсіби аңшылық нысанасы.

**Реликті сарышұнақ - Тяньшаньский суслик - Citellus (Spermophilus) relictus Kaschkarov, 1923.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *S.r.ralli* (10.132-сурет). Тамыз-қыркүйектен наурызға дейін ұйықтайды. Керен, Кеген жоталарында және Қан тәңірі адабының сілемдерінде таралған. Таулы далада мекендейді. Шөптесін өсімдіктердің шырынды жер үсті және жер асты бөліктерімен, жәндіктермен қоректенеді. Екінші дәрежелі аңшылық нысанасы.

**Кіші сарышұнақ - Малый суслик – Citellus (Spermophilus) pygmaeus Pallas, 1779.**

Қазақстанда 6 түршесі бар: *S.p.pygmaeus*, *S.p.mugosaricus*, *S.p.nikolskii*, *S.p.herbicola*, *S.p.septentrionalis* және *S.p.pallidus*. Еліміздің батыс бөлігінде Астанаға, Қарағандыға және Сарысудың төменгі ағысына дейін таралған (10.133-сурет). қазаннан сәуірге дейін ұйықтайды. Өсімдіктері сирек өскен шөлде, далада және шөлейтте мекендейді. Шөптесін өсімдіктердің жер үсті және жер асты бөліктерімен, тұқымдарымен және жемістерімен, жәндіктермен және кесірткелермен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 1-ден 15-ге дейін, көбіне 5-7 өсім береді. Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері, кәсіби аңшылық нысанасы.

**Дала суыры - Байбак, или степной сурок - Marmota bobac Muller, 1776.**

Қазақстанда 1 түршесі бар: *M.b.schaganensis* (10.134-сурет). Шілде-қыркүйектен наурыз-сәуірге дейін ұйықтайды. Еліміздің солтүстік бөлігінде шығысқа қарай Ертіс өзеніне дейін таралған. Аласа шөпті даланың тұрғыны. Шөптесін өсімдіктердің жер үстіндегі шырынды бөліктерімен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге

қатысады, 1-ден 10-ға дейін, көбіне 3-5 өсім береді. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Сұр суыр - Серый, или алтайско-тяньшаньский, сурок - *Marmota baibacina* Kastschenko, 1899.**

Қазақстанда 2 түршесі бар: алтайский - *M.b.baibacina* – алтай суыры – алтайский сурок және *M.b.centralis* - тянь-шан суыры - тянь-шаньский сурок. Тамыз-қыркүйектен наурыз-сәуірге дейін ұйықтайды. Сарыарқаның шығыс бөлігінде, Алтайда, Тарбағатайда, Жетісу Алатауында және Солтүстік Тянь-Шанның жоталарында таралған (10.135-сурет). Таулы далада және биіктаулы шалғында мекендейді. Шөптесін өсімдіктердің жер үстіндегі шырынды бөліктерімен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 1-ден 8-ге дейін, көбіне 4-5 өсім береді. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Көк суыр немесе Мензбир суыры - Сурок Мензбира - *Marmota menzbieri* Kaschkarov, 1925.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.m.menzbieri* (10.136-сурет) - өгем суыры – угамский сурок. Тамыз-қыркүйектен сәуір-мамырға дейін ұйықтайды. Қаржантауда және Өгем жотасында таралған. Ашық биік тауларда мекендейді. Шөптесін өсімдіктердің жасыл бөліктерімен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 2-ден 7-ге дейін, көбіне 3-4 өсім береді. Батыс Тянь-Шанның эндемигі. Халықаралық Қызыл Кітапқа енгізілген.

**Қызыл суыр - Длиннохвостый, или красный, сурок - *Marmota caudata* Geoffroy, 1842.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.c.aurea* (10.137-сурет). Тамыз-қыркүйектен сәуір-мамырға дейін ұйықтайды. Қырғыз және Талас Алатауларында таралған. Шөптесін өсімдіктердің жапырақтарымен және гүлдерімен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 1-ден 9-ге дейін, көбіне 4-5, Талас Алатауында 1-3 өсім береді. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Құндыздар - Бобровые – *Castoridae***

**Құндыз - Речной бобр - *Castor fiber* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *C.f.fiber* (10.138-сурет). Жыл бойы белсенді. Жайық өзенінде және оның бастауларында таралған. Өртүрлі жағаларын орман басқан тұщы су қоймаларында мекендейді. Ағаштардың бұтақтарымен және қабықтарымен, шөппен қоректенеді. Жылына бір рет көбеюге қатысады, 1-ден 5-ге дейін, орташа есеппен 2-3 өсім береді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Тұқымдастық - Семейство: Саз құндыздары - Нутриевые –  
Myocastoridae**

**Саз құндызы - Нутрия, или болотный бобр - Myocastor  
coypus Molina, 1782.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *M.c.bonariensis* (10.139-сурет) - аргентина саз құндызы - аргентинская нутрия. Жыл бойы белсенді. Қолда өсіріледі. Қазақстанда еркіндікке жіберу сәтсіз болды. Өсімдікке бай қатпайтын тұщы және тұздылау су қоймаларында мекендейді. Су және су маңы өсімдіктерінің жұмсақ бөліктерін, су омыртқасыздарын жейді. Жылына екі рет көбеюге қатысады, енелері 1-12, орташа есеппен 5-6 өсім береді. Тері және ет алу үшін өсіреді.

**Тұқымдастық - Семейство: Аламан тәрізділер - Хомяковые –  
Cricetidae**

**Дауыр атжалманы - Барабинский, или даурский, хомячок -  
Cricetulus barabensis Pallas, 1773.**

Қазақстанда нағыз түршесі бар - *C.b.barabensis* (10.140-сурет). Тұрғылықты, қыста ұйықтамайтын аңдар. Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында (Ертістің оң жағалауы) таралған. әртүрлі далалы орманда, далада және шөлейттің бір бөлігінде мекендейді. Азығында тұқымдар басым. Жылына 4-5 рет көбеюге қатысады, енелері 5-7 өсім береді. Кейбір жерлерде ауыл шаруашылық дақылдарына зиян келтіреді. Зертханалық жануар ретінде пайдаланылады.

**Күмістүсті тоқалтіс - Серебристая полевка - Alticola  
argentatus Severtzovi, 1879.**

Тұрғылықты, жыл бойы белсенді аңдар (10.141-сурет). Еліміздің оңтүстігіндегі және оңтүстік-шығысындағы барлық тау жоталарында таралған. Далалы аласа таулардан субальпі шалғындарына дейінгі тас шөгінділері мен күз жолдарына үйренген. Әртүрлі өсімдіктердің өркендерімен қоректенеді, қорға шөп жинайды. Жылына 2-3 рет көбеюге қатысады, енелері 4-6 өсім береді. «Мумия» өндірушілердің бірі.

**Жалпақбасты тоқалтіс - Плоскочерепная полевка - Alticola  
strelzowi Kastschenko, 1899.**

Тұрғылықты, жыл бойы белсенді аңдар (10.142-сурет). Еліміздің орталық және шығыс аудандарында батыста ЕрементAUDAN (Ақмола облысы), Ақтаудан және Шұнақтан (Қарағанды облысы) шығыста Оңтүстік Алтай (Нарым жотасы) және Тарбағатайға дейін мекендейді. Теңіз деңгейінен 450-500 м биіктіктегі тасты беткейлерге, күзға шығар жолға және тас үгінділеріне үйренген. 200-ден аса өсімдіктердің әртүрлі бөліктермен, қыналармен және жануар тектес азықтармен қоректенеді; қысқа қор жинайды. Жылына 2 рет

көбеюге қатысады, енелері 5-7 өсім береді. «Мумия» өндірушілердің бірі. Жайылымдардың екінші дәрежелі зиянкестері.

**Ондатр - Ондатра, или мускусная крыса – Ondatra zibethicus Linnaeus, 1776.**

Қазақстанда нағыз түршесі жерсіндірілген - *O.z.zibethicus* (10.143-сурет). Тұрғылықты, алайда қажетті жағдайда қоныс аудара алатын, жыл бойы белсенді аң. Бүкіл еліміздің ағатын және тұратын су алабтарында таралған. Тұщы және тұздылау, құрғамайтын, қатпайтын жағаларында азық қоры жеткілікті су қоймаларында мекендейді. Су және жағалау өсімдіктерімен, бір жағынан жануар тектес азықтармен қоректенеді. Жылына 1-3 рет көбеюге қатысады, енелері 6-7 өсім береді. Кәсіби аңшылық насанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Бұраубастар - Цокоровые – Myospalacidae**

**Алтай бұраубасы - Алтайский цокор – Myospalax myospalax Laxmann, 1773.**

Қазақстанда 3 түршесі бар: *M.m.myospalax*, *M.m.tarbagataicus* және *M.m. incertus*. Тұрғылықты, жыл бойы белсенді кеміргіштер (10.144-сурет). Еліміздің солтүстік-шығысында таралған: Оңтүстік және Қалбі Алтайы (Зайсан ойпатынан басқа), Тарбағатай, Шыңғыстау. Жұмсақ, мол шөпті топырағы бар жазық, тау етегіндегі және аласа таулы аудандарға үйренген. Негізінен өсімдіктердің жер асты бөліктерімен қоректенеді, қысқа қор жинайды. Жылына 1 рет көбеюге қатысады, енелері 5 өсім береді. Әртүрлі ауыл шаруашылық алқаптарының зиянкестері. Аңшылық нысанасы.

**Отряд Қоянтәрізділер - Зайцеобразные – Lagomorpha**

**Тұқымдастық - Семейство: Қояндар - Зайцы – Leporidae**

**Құм қояны - Заяц-толай, или песчаник – Lepus tolai Pallas, 1778.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *L. t. lehmannii* (10.145-сурет). Тұрғылықты, жыл бойы белсенді аң. Үстіртте, Маңғыстауда, Солтүстік Каспийде, Солтүстік Аралда, Арал Қаракұмдарында, Қызылқұмда, Бетпақдалада, Сырдарья және Шу өзендерінің жайылмаларында, Мойынқұмда, Оңтүстік және Солтүстік Балқашта, Алакөл және Зайсан ойпаттарында, Қара Ертістің алабтарында, сондай-ақ Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Сәуірдің етегінде таралған. Жазық шөлдерде және тауларда мекендейді. Жылына үш рет көбеюге қатысады, енелері 2-ден 8-ге дейін, көбнесе 4-5 көжек тауды. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Ор қоян - Заяц-русак - Lepus europaeus Pallas, 1778.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *L.e.caspicus* (10.146-сурет). Тұрғылықты аңдар, алайда қары мол жылдары қоныс аударады. Жыл бойы белсенді. Еліміздің батыс және солтүстік облыстарында

таралған – батыста Еділ өзенінен шығыста Алтай өлкесіне дейін. Таралымының оңтүстік шекарасы мына сызықпен өтеді: Жемнің атырауары – Сырдарьяның атыраулары – Теңіз көлі – Павлодар қаласы. Шөлдерде, шөлейттерде, далаларда және орманды далаларда мекендейді. Шөптермен, бұталар мен ағаштардың бұтақтарымен және абықтарымен қоректенеді. Жылына 2-3 рет көбеюге қатысады; ежелері көбнесе 5-6 көжек туады, барлығы 10-12 көжек. Кәсіби аңшылық нысанасы.

**Ақ қоян - Заяц-беляк - *Lepus timidus* Linnaeus, 1758.**

Қазақстанда 1 түршесі бар - *L.t.sibiricorum* (10.147-сурет). Мерзімдік қоныс аударады, кейде алысқа көшеді. Жыл бойы белсенді. Солтүстік, орталық және шығыс облыстарда батыста Орал қаласы мен Жем өзенінің жоғарғы ағысынан шығыста және оңтүстік-шығыста Алтай өлкесінің және Қытайдың шекарасына дейін таралған. Таралымының оңтүстік шекарасы мына сызықпен өтеді: Науырзым орманы - Ұлытау – Шонақ тауы – Балқаштың шығыс шеті – Жетісу Алатауы. Орманда, тоғайларда мекендейді. Шөппен, бұталар мен ағаштардың өркендерімен және қабықтарымен қоректенеді. Жылына 2-3 рет көбеюге қатысады; ежелері көбнесе 5-6 көжек туады, барлығы 12-15 көжек. Кәсіби аңшылық нысанасы.

Төменде Қазақстанға рұқсат етілген аң-құс аулау мерзімдерін береміз.

Кесте-5. Қазақстан Республикасының аумағында жануарларды аулауды өткізу мерзімдері

Жануарлар түрлері	Аң аулау мерзімдері
Су тышқан (ондатра)	1 қазан - 15 ақпан
Кәдімгі тиін	20 қазан - 15 ақпан
Жанат тектес ит, қарсақ, түлкі, бұлғын, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, сары күзен, сасық күзен, американдық су күзені, кәмшат (ортаазиялықтан басқасы), Сілеусін (түркістандықтан басқасы), жанат, қоян (құм қоян, ақ қоян, ор қоян)	1 қараша - 15 ақпан (аң аулайтын ит түрлерімен және аушы жыртықшы құстармен қарсақ, түлкі және қоян аулау солтүстік аймақта** 15 қазаннан бастап аулау)
Зорман (сары тышқан)	ұйқыдан шыққаннан бастап - 30 сәуірге дейін
Суырлар*	15 маусымнан бастап ұйқыға жатқанға дейін
Шалшықшылар, жылқышы	1 шілдеден бастап 30 қарашаға дейін (аталық жылқышыны көктемгі аулауға 1 наурыз-30 сәуір

	кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Бөдене, кептер, түркептер	20 тамыздан бастап 30 қарашаға дейін (аң аулайтын иттермен және қыран құстармен 15 шілдеден бастап ұшып кеткенге дейін бөдене аулау)
Маймаққаз, қаз*, қарашақаз, үйрек*, қасқалдақ	қыркүйектің алғашқы сенбісінен бастап 30 қарашаға солтүстік өңірлер бойынша**, 15 желтоқсанға дейін оңтүстік өңірлер бойынша *** (аталық үйректерді көктемгі аулауға 1 наурыз - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Шіл (аққұр, тундралық, сұр, дала шілі, сақалды шіл), шіл	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 15 қарашаға дейін (аулайтын иттермен және аушы құстармен 15 тамыздан бастап)
Құр	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 30 қарашаға дейін солтүстік аймақтар бойынша**, 15 желтоқсанға дейін оңтүстік аймақтар бойынша *** (аталық құрларды көктемгі аулауға 1 наурыз - 5 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Қоңыр аю (тянь-шань аюынан басқа)	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 30 қараша аталықтары мен қысыр қалған аналықтарын көктемгі аулауға 15 сәуір - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Борсық	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 31 желтоқсан
Марал, аскания бұғысы, қабан, құдыр, бұлан	1 қыркүйек - 31 желтоқсан
Сібір елігі	20 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін (аталығына 1 тамыздан бастап)
Сібір тау ешкісі	1 қыркүйектен бастап 31



	желтоқсанға дейін (аталығына 1 тамыздан бастап)
Саңырау құр	1 қазан - 30 қараша аталықтарын көктемгі аулауға 1 наурыз - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Гималай ұлары, кекілік	1 қазан - 15 желтоқсан
Құндыз	15 қазан - 31 желтоқсан
Қырғауыл	15 қазан - 31 желтоқсан (аң аулайтын иттермен және аушы құстармен 1 қазаннан бастап)

Ескертпе:

\* - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа.

\*\* - Солтүстік аймақ: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының Осакаровка, Бұқар жырау, Нұра, Қарқаралы, Абай аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Көкпекті, Катонқарағай, Жарма, Ұлан, Абай, Зырян, Глубокое, Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарағай аудандары, сондай-ақ Семей және Риддер қалаларының әкімшіліктеріне бағыныстағы жерлері.

\*\*\* - Оңтүстік аймақ: Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының Жаңаарқа, Шет, Ақтоғай, Ұлытау аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Тарбағатай, Зайсан, Үржар аудандары.

Көбінесе Қазақстанға Германия, Англия, Жапония, Корея, Қытай мемлекетінен туристтер көп келуде. Немістер мен ағылшындар Қазақстанның туристік маршруттарын барлап шыққан.

Оңтүстік Қазақстан:

- экологиялық туризм;
- таулық;
- бүркітпен аң аулау;
- велотуризм;
- экскурсиялық және тарихи;
- мінажат қылу.

Солтүстік Қазақстан:

- экологиялық туризм;
- шаңғы тебу;
- жаяу;
- экскурсиялық;
- альпинизм.

Орталық Қазақстан:

- экологиялық туризм;
- экскурсиялық;
- су;
- спелеогиялық туризм;
- тарихи туризм.

Шығыс Қазақстан:

- экологиялық;
- тау;
- танымдық;
- су және рафтинг;
- экскурсиялық.

Батыс Қазақстан:

- экологиялық туризм;
- су;
- жаяу;
- экскурсиялық;
- тарихи туризм.

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Аңшылық туризмдегі ұғымдарды атаңыз?
2. Экологиялық туризм түрлерін атаңыз?
3. Экологиялық туризм туралы түсінік.

## 11 ӘУЕСҚОЙ БАЛЫҚШЫЛЫҚ

**Әуесқойлық** - 1) адам бойындағы ұнамды қасиет, белгілі бір іске ерекше құмарту, қызыға шұғылдану; 2) кәсіби маман болмай-ақ кейбір қызмет саласымен ыждағатты түрде айналысу. Әуесқойлық адамның белгілі бір кәсіпке мамандануына, кейбір саладағы мағлұматын байытуына ықпал етеді, кәсіби шеберлікті меңгеруге алғышарттар жасайды.

Елімізде әуесқой аңшылар мен балықшылар ерікті одаққа біріккен.

Әуесқойлық (спорттық) балық аулау – спорттық және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру, спорттық жарыстарды өткізу мақсатында, сондай-ақ ауланған өнімді жеке тұтыну үшін бір-бірлеп алуға ғана мүмкіндік беретін аулау құралдарымен жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау. Балық аулау біреуінің басында 5 данадан көп емес ілмектері бар қармақтардың барлық түрлерімен (жылтырауық, қармақ, спинингтер) жүргізіледі. Басқарманың аумақтық бөлімшесінің рұқсаты болған жағдайда балық шаруашылығы су айдындарының және бөліктерінің резервтік қорында әуесқойлық балық аулау осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Бір балықшыға рұқсат етілген мөлшер – 5 келі. Егер ауланған балық салмағы жоғарыда көрсетілген, тегін аулауға (5 келі) рұқсат етілген мөлшерден асып кеткен жағдайда, балықшы көрсетілген салмақты рұқсаттың артқы бөлігіне енгізеді. Ақы төлеу ҚР Салық заңнамасына сәйкес су жануарларын пайдаланғаны үшін көрсетілген төлемақы есебімен екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

### **Балық аулау ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Балық аулау ережесі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" ҚР Заңына сәйкес әзірленді және ҚР балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) балық аулауды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін регламенттейді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу ережесіне сәйкес уәкілетті орган балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар белгілейді.

3. Осы Ереженің күші сарқынды су жинақтауыштары мен балық питомниктерінің су тоғандарына, сондай-ақ уылдырық шашу-өсіру, тоғандық, көл тауарлық және басқа да балық өсіру шаруашылықтарына, балық аулаудың өзге тәртібі белгіленген ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына қолданылмайды.

4. Балық аулау - балық аулау және балық аулау объектісі болып табылатын басқа да су жануарларын олжалау.

5. Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) кәсіпшілік балық аулау;
- 2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау.

6. Кәсіпшілік балық аулау - кәсіпкерлік қызмет мақсатында балық аулау және балық аулау объектісі болып табылатын басқа да су жануарларын олжалау.

Кәсіпшілік балық аулау балық шаруашылығы ұйымдарына бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) ғана жүзеге асырылады.

7. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау - балық аулаушының олжаланған өнімді жеке тұтынуы, спорттық, эстетикалық қажеттілікті қанағаттандыруы мақсатында балық аулауы және басқа да су жануарларын олжалауы.

## **2. Балық аулау тәртібі**

8. Кәсіпшілік балық аулауға пайдаланушыда мынадай құжаттар болған кезде рұқсат етіледі:

- 1) рұқсат;
- 2) уәкілетті органмен кәсіпшілік балық аулауға жасалған шарт;
- 3) көрсетілген шарт жасалған жағдайда, балық шаруашылығы су тоғаны (учаскесі) бекітіліп берілген пайдаланушы мен жеке және заңды тұлғалардың арасындағы шарт;
- 4) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша толтырылған, уәкілетті органның мөрімен куәландырылған кәсіпшілік журналы (бұдан әрі - журнал).

9. Әуесқойлық (спорттық) балық аулауға пайдаланушыда мынадай құжаттар болған кезде рұқсат етіледі:

бекітіліп берілмеген балық шаруашылығы су тоғандарына балық шаруашылығы ұйымының жолдамасы;

бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында бір шыққанда 5 килограммнан астам балық аулаған кезде уәкілетті органның рұқсаты.

10. Кәсіпшілік балық аулау пайдаланушыларға бекітіліп берілген барлық су тоғандарында (учаскелерінде), Шектеулер мен тыйым салуды белгілеу ережесіне сәйкес қолдануға тыйым салынғандарынан басқа рұқсат етілген аулау құралдарының барлығымен жүргізіледі.

Әуесқойлық (спорттық) балық аулау бір балық аулаушыға 5-тен көп емес ілмектері бар барлық жүйелер мен атаулардағы (жылтырауық, қармақ, жерлицтер, спиннингтер) қармақтармен, сондай-ақ азаматтар демалатын аймақтан тысқары жерлерде су асты аңшылығына арналған мылтықтармен жүргізіледі.

Әрбір балық шаруашылығы бассейні (су тоғаны) үшін балықтар мен басқа да су жануарларының кәсіпшілік мөлшері Шектеулер мен тыйым салуды белгілеу ережесіне сәйкес белгіленеді.

Уәкілетті орган және/немесе оның аумақтық органдары ғылыми ұйымдармен келісім бойынша балық аулауды бастауды неғұрлым ерте немесе кеш, бірақ балық аулау мерзімінің жалпы ұзақтығы шегінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

11. Балық аулау кезінде:

1) елді мекендердің, балық қабылдау пункттерінің жанына бакендер орнату үшін аялдауды және аса қажет жағдайды (дауыл, авария және т.б.) қоспағанда, балық аулауға тыйым салынған шектерде су көлігінің тоқтауына;

2) жарылғыш және уландырғыш заттарды пайдалана отырып, балық және басқа да су жануарларын аулауды жүргізуге, сондай-ақ балық аулау кезінде атыс қаруы мен басқа да тыйым салынған аулау құралдарын қолдануға;

3) аулау құралдарын өзен немесе саға енінің үштен екісінен астам бөлігіне орналастыруға;

4) егер бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша рұқсатта көзделмесе, балық және басқа да су жануарларының жаңадан жерсіндірілген түрлерін, балық және басқа да су жануарларының сирек және жойылып кету қаупі төніп тұрған түрлерін аулауға;

Ескерту. Осы балықтар мен басқа да су жануарлары аулау құралдарына түсіп қалған жағдайда олар дереу тірі күйінде суға жіберілуі тиіс, ал олардың аулау құралына түсу фактісі журналға тіркелуі тиіс. Өлі балық түскен кезде пайдаланушы акт жасайды, ол оның рұқсаттарды пайдалану жөніндегі есебімен бірге уәкілетті органға тапсырылады;

5) балық аулайтын түрлі құралдарды бір балық шаруашылығы су тоғандарынан (учаскелерінен) екіншілеріне арнайы өңдеусіз көшіруге;

6) аулаудың жаңа құралдары мен тәсілдерін, сондай-ақ рұқсатта көзделгендерден ұясы кем мөлшердегі аулау құралдарын қолдануға;

Ескерту. Аулау құралдарындағы ұяның көлемі ширатылған жіптердің 11 түйіні арасындағы қашықтықты өлшеу және алынған санды 10-ға бөлу жолымен айқындалады. Өсімдік талшығынан әзірленген аулау құралын ылғал түрде өлшеу кезінде белгіленген мөлшерді 5 пайызға азайтуға рұқсат етіледі;

7) уәкілетті органның рұқсатынсыз өзендерде жаңа балық кәсіпшілігі учаскелерін, ұйықтар, салдар және қалқымалар ашуға;

8) оларды қолдану осы Ережеде және қолданыстағы заңнамада көзделмеген аулау құралдарымен су тоғандарында немесе оған тікелей жақын жерде болуға;

9) бір мезгілде сҮзу (жауып тастау) жүргізуге;

Ескерту. Аумен сҮзу тек алдыңғы ауды жағалауға толық шығарғаннан кейін басталады;

10) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде), ұйықтарында оларда мұз қатқан кезеңде уәкілетті органның келісімінсіз, ал жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) - тиісті облыстық атқарушы органның келісімінсіз автомобиль көлігінің және өзге де механикалық жылжымалы құралдардың тұруына;

Ескерту. Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ тыйым салынған кәсіпшілік балық аулау су тоғандарында (учаскелерінде) су көліктері қозғалысының тәртібін уәкілетті орган белгілейді;

11) балықтардың қыстайтын шұңқырлары мен уылдырық шашатын жерлерінде балық аулауға;

12) бөгеттерден, шлюздерден және көпірлерден 500 метрден жақын емес қашықтықта кәсіпшілік балық аулауға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген және тіркеу нөмірлерімен белгіленбеген жүзу құралдарымен кәсіпшілік балық аулауға;

14) аулау құқығына рұқсатқа сәйкес ұйымның аты мен аулау құралдарының өлшемдерін көрсете отырып, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жапсырмалары жоқ аулау құралдарымен кәсіпшілік балық аулауға;

15) теңізде және өзендерде бекіре тектес балықтарды аулауға арналған құрмалы аулау құралдарымен кәсіпшілік балық аулауға;

16) құрмалы аулау құралдарын шахматтық тәртіппен құруға;

17) белгіленген лимиттен артық балық аулауға;

18) балықтарды нокталарында сақтауға, ойылған жерден шыққан өлі және ауру балық пен балық аулау құралдарын суға және жағалау белдеуіне лақтырып тастауға;

19) белгіленген кәсіпшілік өлшемнен кем балық аулауға. Балықтың кәсіпшілік өлшемі (аузының жабық кезінде) тұмсығының ұшынан құйрық қанатының орталық жарықшағы негізіне дейін өлшенеді. Шаяндардың кәсіпшілік өлшемі көзінің ортасынан құйрық пластинкасының аяғына дейінгі өлшеммен айқындалады;

20) бір түрдегі балықты басқа атаумен немесе "өзге" және "майда" атауымен тапсыруға және қабылдауға;

21) балық қыстайтын шұңқырлардың және аншлагтардың, уылдырық шашатын жерлердің, балық аулау учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекараларын белгілейтін бағандарды, жүзбелі таным белгілерін жоюға немесе бұлдіруге;

22) көлдерді өзара және негізгі өзендермен қосатын тармақтарда (саяздарда), жеткізгіш арналар мен суландыру жүйелерінің бұрмаларында, олардың құятын тұсының екі жағындағы көлдердің және арналардың сағалары алдынан кемінде 500 м қашықтықта және су тоғанының 500 м

тереңдігінде, сондай-ақ өзен немесе арна бойымен жоғарғы қарай 1500 м қашықтықта кәсіпшілік балық аулауға;

Ескерту. Жайық-Каспий бассейні су тоғандарына қолданылмайды.

23) өзендер мен бастаулардың, құятын арналардың сағасынан 500 м радиуста вентерлер мен секреттер орнатуға;

Ескерту. Аулау құралдарының бұл түрлерін орнатуға қадам сызығы бойынша аулау құралдарының арасы кемінде 1,5 км болғанда және орнату сызықтарының арасы теңізде кемінде 1 км болғанда және өзендер мен басқа да су қоймаларында кемінде 50 м қашықтықта болғанда рұқсат етіледі. Теңізде әр қанатта үштен көп емес кіндік темірлі вентерлерді орнатуға рұқсат етіледі, вентерлік қондырғы қанатының ұзындығы 40 метрден аспауы тиіс;

24) балықтар уылдырық шашатын белгіленген орындарда олардың көбеюі кезеңінде катерлермен, моторлы қайықтармен және басқа да жүзу құралдарымен моторды қосып қойып жүруге;

25) алкогольдік немесе есірткілік масаң немесе өзге де түрдегі интоксикация жағдайында болуға рұқсат етілмейді.

### **3. Пайдаланушыларға балық аулау кезінде қойылатын талаптар**

12. Балық аулау кезінде пайдаланушы:

1) өзіне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) балық ресурстары мен басқа су жануарларын, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төніп тұрғандарын қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды;

2) өзіне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарындағы (учаскелеріндегі) жағалау учаскелерін, аулау орындарын тиісті санитарлық қалыпта ұстауды;

3) уәкілетті органның мемлекеттік инспекторларын (қызметтік куәлігін көрсетуі бойынша) аулау құралдарын, аулау тәсілдерін тексеру және ауланған балықты қарау үшін аулау орындарына, кемеге және басқа да жүзу құралдарына, қабылдау пункттеріне кедергісіз жіберуді және оларға балық аулау жөніндегі есепке алу материалдарын уақтылы беруді;

4) әрбір балық кәсіпшілігі учаскесінде, кемеді, бригадада немесе буында журнал жүргізуді және оны уәкілетті тұлғаның талап етуі бойынша көрсетуді;

5) торлар мен жем салынған қармақты саймандардан басқа, барлық аулау құралдарындағы қолданыстағы заңнамамен кәсіпшілік аулауға тыйым салынған барлық ауланған балықты тірі күйінде дереу суға жіберуді;

6) кәсіпшілік балық аулаумен айналысатын барлық кемелерге (олардың мөлшері мен тиістілігіне қарамастан) тіркеу нөмірін таңбалауды;

7) уәкілетті тұлғаның талап етуімен осы Ереже мен қолданыстағы заңнаманы бұза отырып қолданылған аулау құралдарын өз күшімен судан

іріктеуді, ұсталған аулау құралдарын, жүзу құралдары мен ауланған балықты қабылдау пунктіне дейін жеткізуді;

8) өз қаражаты есебінен өзіне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарындағы (учаскелеріндегі) балық ресурстары мен басқа да су жануарлары санының есебін жүргізуді және олар жөнінде есеп беруді;

9) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың және осы Ереженің бұзылуына жол бермеуді қамтамасыз етеді.

13. Пайдаланушылар:

1) оларға рұқсат етілген пайдалану түрлерін ғана жүзеге асыруды;

2) жолдамалар беруді;

3) өздеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарындағы (учаскелеріндегі) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасуды;

4) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануды қамтамасыз етеді.

**4. Балық аулау ережесінің сақталуын бақылау органдары және оларды бұзғаны үшін жауаптылық**

14. Осы Ереженің сақталуын бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық органдары, балық шаруашылығы ұйымдарының қорықшылық қызметі жүзеге асырады.

15. Осы Ережені бұзу Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

1. Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік балық аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

3) ғылыми-зерттеу үшін аулау;

4) бақылау үшін аулау;

5) мелиорациялық аулау;

6) өсімін молайту мақсатында аулау;

7) эксперименттік аулау.

2. Кәсіпшілік балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын бір мезгілде көп мөлшерде аулауға мүмкіндік беретін және (немесе) су айдынының (кәсіпшілік аулау құралдарымен) бір бөлігін қамтитын, бөліп тұратын аулау құралдарымен мекендеу ортасынан балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қоюды қамтамасыз ететін кешенді процесс.

Кәсіпшілік балық аулау кәсіпкерлік қызмет мақсатында жүзеге асырылады.

Кәсіпшілік балық аулау жағалауда және теңізде аулау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.



Жағалауда аулау – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Теңізде аулау – бекітіліп берілген учаскелер шегінен тыс су айдындарының (теңіздердің, көлдердің) ашық бөлігінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Уәкілетті орган белгілеген рекреациялық балық аулау аймақтарында кәсіпшілік балық аулауға жол берілмейді.

3. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау – бір-бірлеп аулауға ғана (кәсіпшілік емес аулау құралдары) мүмкіндік беретін аулау құралдарымен жүзеге асырылатын, спорттық және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру, спорттық жарыстарды өткізу мақсатында, сондай-ақ аулап алынған өнімді жеке тұтыну үшін балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Әуесқойлық (спорттық) балық аулау ауланған балықты кейіннен тірі күйінде табиғи мекендеу ортасына қайтадан жіберумен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ғылыми-зерттеу үшін аулау – жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Жануарларды аулау лимитінен тыс ғылыми-зерттеу үшін аулауға бұрын жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жүргізілмеген су айдындарында жол беріледі.

5. Бақылау үшін аулау – ихтиофаунаның жай-күйін бақылау, балық ресурстарын және басқа да су жануарларының өсімін молайту тиімділігін, шабақтардың өнімділігін, су айдындарының балық өнімділігін айқындау мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

6. Мелиорациялық аулау – жаппай аулауды, арзан бағаланатын балықтар түрлерін аулауды, қырылу қаупі бар су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі аулауды қоса алғанда, су айдындарының балық өнімділігін арттыруға, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтауға және олардың мекендеу әрі көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Жаппай аулау - су айдынындағы балық ресурстарының және басқа да су жануарларының бүкіл кәсіпшілік қорын алып қою немесе балықтардың жеке түрлерінің кәсіпшілік қорын немесе экологиялық тобын алып қою. Жаппай аулау мелиорациялық аулау ретінде және ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін.

7. Өсімін молайту мақсатында аулау - балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мақсатында оларды аулау.

8. Эксперименттік аулау - балық аулау құралдары мен тәсілдерінің жаңа түрлерінің тиімділігін зерделеу мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

9. Балық аулауды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен балық аулау ережелерінде айқындалады.

**Мемлекеттік табиғи қорықтарда ерекше бағалы экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерде спорттық және әуесқойлық балық аулауды ұйымдастыру және өткізу**

**Ережесі**

1. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ерекше бағалы экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерде спорттық және әуесқойлық балық аулауды ұйымдастыру және өткізу ережесі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже ерекше құнды экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын мемлекеттік табиғи қорықтарда (бұдан әрі - қорықтар) жеке тұлғалардың (бұдан әрі - балықшылар) спорттық және әуесқойлық мақсатта балық аулауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

3. Қорықтарда спорттық және әуесқойлық балық аулауды (бұдан әрі - балық аулау) қорықтар әкімшіліктері ұйымдастырады.

4. Қорықтар өзендері мен су бөгендері учаскелерінің тізбесі осы учаскелерге түсетін рекреациялық жүктемелерді ескере отырып, сондай-ақ балық аулау мерзімі мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен биологиялық негіздеменің негізінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

5. Балық аулау лимиттері мен квоталары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен қорықтар су бөгендерінің балық қорларының табиғи жай-күйі және оларды сақтау жөніндегі биологиялық негіздеменің негізінде заңнамамен белгіленген тәртіппен белгіленеді.

6. Қорықтар әкімшілігі балық шаруашылығы саласындағы аумақтық органның балық аулауға берген рұқсатының негізінде осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдамалар береді және қорықта спорттық және әуесқойлық балық аулауды өткізуге жолдамалар беру журналында белгілеген нысан бойынша тіркейді.

Балық аулауға берілетін жолдамалар нөмірленеді және қатаң есептілік құжаты болып табылады.

7. Балық аулау үшін арнайы бөлінген учаскелерде көрсеткіштер, аншлагтар орнатылады.

8. Осы аумақтарда тірі организмдердің мекен ету ортасының өзгеруіне байланысты балық аулау биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың негізінде қабылданатын қорықтар әкімшілігінің шешімі бойынша немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның нұсқаулығы бойынша шектелуі немесе тоқтатылуы мүмкін.

9. Балық аулау белгілі бір уақытқа (белгілі бір учаскелер мен су бөгендеріне) берілген жолдама болған жағдайда бір балықшыға шаққанда бес ілгектен аспайтын мөлшердегі қармақтармен ғана жүзеге асырылады.

10. Жолдаманың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін немесе жолдамада көрсетілген балық көлемі мерзімінен бұрын ауланған жағдайда балықшы балық аулауды одан әрі жалғастыру үшін жаңа жолдама сатып алуы қажет.

11. Балықшылар балық аулау басталмас бұрын қорықтың бақылау бекетінде тіркеледі. Балық аулау жолдаманың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылады. Ауланған балық бақылау бекетінде қорық аумағын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға көрсетіледі, ол жолдама кестесіндегі тиісті бағандарды міндетті түрде толтырады. Бұл белгі ауланған балықты алып кетуге құқық беретін негіздеме болып табылады.

12. Ауланған балықтың мөлшерін жолдамаға жеке мақсатта тамақтануға пайдаланылған балықты ескере отырып балықшының өзі жазады.

13. Балық аулауға берілетін жолдаманың құнына ҚР Үкіметінің "Жануарлар дүниесін пайдалану үшін ақы төлеу ставкаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген балық шаруашылығы объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалану және балық аулауды жүзеге асыруға қорықтарда учаскелер беруге көрсетілетін қызметтер үшін ақы ставкалары енеді.

14. Жоғалған және пайдаланылмаған жолдама қалпына келтірілмейді және ұзартылмайды, оның құны өтелмейді.

15. Балық аулау кезінде балықшыда:

1) өзімен бірге су бөгенінде жеке куәлігі немесе төлқұжаты, балық аулауға берілген жолдамасы, тұрмыстық таразысы және балықты ұйықтатып тастайтын құрылғысы болады;

2) ол су бөгенінде және жағалау жиегінде тиісті санитариялық жағдайды сақтайды, олардың ластануы мен былғануына жол бермейді. Қоқысты, бос шыны, металл ыдыстарды және полимерлерден жасалған бұйымдарды, тұрмыстық қалдықтарды балық ауланған орында жерге көміп тастамай, өзімен бірге ала кетеді;

3) өрт қауіпсіздігі ережесін сақтайды;

4) түрі мен мөлшеріне тиісті рұқсат болмаған балық, су жануарлары байқамай ауланып қалған жағдайда оларды су бөгеніне қайта босатып жібереді;

5) жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мемлекеттік бақылаудың арнайы уәкілетті органдары қызметкерлерінің бірінші рет талап етуі бойынша: балық аулауға құқық беретін құжаттарды, пайдаланылатын балық аулау құрал-сайманын, ауланған балықты көрсетеді.

16. Балық аулау кезінде:

1) осы су бөгендері үшін жаңа балық түрлері мен су жануарларын жерсіндіруге;

2) жолдамада көрсетілген мөлшерден тыс балық аулауға, жолдаманы басқа адамға беруге, балық аулау орындары мен мерзімдерін сақтамауға, осы Ережеде көзделмеген аулау құралдарын пайдалануға;

3) осы уақытта және орында қолданылуына тыйым салынған аулау құралдарымен, сондай-ақ жарылғыш және улы заттармен су бөгенінде немесе оған тікелей жақын маңда болуға;

4) су бөгендерінде және олармен қатар тұста көлік құралдарын жууға, сондай-ақ су бөгендерінің гидрохимиялық режиміне теріс әсер ететін басқа да іс-әрекеттер жасауға, сулы-сазды жерлердің құстары мен жабайы жануарлар үшін мазалау факторын құруға;

5) моторлы жүзу құралдарын пайдалануға;

6) аквалангтар және басқа да дербес тыныс алу приборларын пайдаланып, ұзын баулы найзаларды және найзалы мылтықтарды қолданып балық аулауға;

7) балық ауланған жерлерде және осы орындарға жақын маңда ауланған балықты сатуға және сатып алуға;

8) жасанды қармақ, тастанды ау және басқа да өзі аулайтын құралдарды, сондай-ақ аулайтын тор аспаптарын, қақпан атаулыны қолдануға;

9) балықтың уылдырық шашуы кезінде балық аулауға;

10) су бөгендері мен аялдау орындарында қоғамдық тәртіпті бұзуға жол берілмейді, жағалаудағы өсімдіктердің сақталуына қамқорлық жасалсын;

11) су бөгендерінің жағалауына орнатылған көрсеткіштердің, қалқандардың, аншлагтардың және басқа белгілердің бүлінуі мен зақымдануына жол берілмесін.

17. Осы Ережені бұзуға кінәлі адамдар заңнамаға сәйкес жауаптылықта болады.

18. Осы Ереженің сақталуына бақылауды қорықтардың әкімшіліктері және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **Әуесқой балықшыға жаднама**

1. Балықшы өзімен бірге балық аулауға берілген жолдамасын, жеке куәлігін немесе төлқұжатын, тұрмыстық таразыны алып жүруге міндетті. Осының бәрі МТҚ мемлекеттік инспекторының және табиғат қорғау қызметкерлерінің бірінші рет талап етуі бойынша көрсетіледі.

2. Жолдаманы басқа адамға беруге тыйым салынады.

3. Күн сайын балық аулау аяқталғаннан кейін әуесқой-балықшы кестенің тиісті бағандарына балық ауланған күнді, ауланған балықтың түрі мен мөлшерін (данамен және килограммен) жазып қояды. Бұл деректердің

болмауы Мемлекеттік табиғи қорықтарда ерекше бағалы экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерде спорттық және әуесқойлық балық аулауды ұйымдастыру және өткізу ережесін бұзу болып табылады.

4. Жоғалған және пайдаланылмаған рұқсат қалпына келтірілмейді және ұзартылмайды, оның құны өтелмейді.

5. Аулау орындарында балық сатып алуға және сатуға тыйым салынған.

6. Осы Ереженің табиғат қорғау режимін бұзған азамат Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен жауаптылықта болады.

Есте сақтаңыздар!

Сіз жоғары санаттағы ерекше қорғалатын табиғи аумақта жүрсіз, сондықтан қорық режимінің барлық талаптарын бұлжытпай сақтауға міндеттісіз.

Төменде Қазақстанад кездесетін балықтарға қысқаша биологиялық-экологиялық сипаттама береміз.

**Дөңгелек ауыздылар - Круглоротые - Cyclostomata**

**Отряд Миногатәрізділер - Миногообразные – Petromyzoniformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Миногалар - Миноговые – Pelromyzonidae**

**Каспий миногасы - Каспийская минога – Caspiomyzon wagneri (Kessler, 1870).**

Каспий теңізі алабанда және Жайық өзенінде кездеседі (11.1-сурет). Өткінші түр. Майда көбееді, уылдырығын өзендердің құмайт және малта тас жерлеріне шашады. Өсімталдығы 38 мың уылдырыққа дейін. Толық өзгеріспен дамиды. Қоректенуі шамамен тоғышарлықпен емес. Ұзындығы 55 см-ге дейін. Кәсіптік түр. Саны азаюда. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Тынық мұхит миногасы - Тихоокеанская минога – Lampetra japonica (Martens, 1868).**

Ертіс және Тобыл өзендерінде кездесуі мүмкін (11.2-сурет). Өткінші түр. Толық өзгеріспен дамиды. Негізінен тоғышарлық етумен қоректенеді. Ұзындығы 43 см-ге дейін. Кәсіптік құны шамалы.

**Сібір миногасы - Сибирская минога – Lampetra kessleri (Anikin, 1905).**

Ертіс өзенінде және оның салаларында мекендейді (11.3-сурет). Жергілікті түр. Судың температурасы 13-15<sup>0</sup>С болғанда мамырмаусым айларында көбееді. 5-6-жылы толық өзгерумен дамиды. Дернәсілдері детриттермен және балдырлармен қоректенеді, ересектері іс жүзінде қоректенбейді. Дернәсілдерінің ұзындығы 25 см-ге дейін, ересектерінікі - одан 2-3 см кем. Кәсіптік түр емес.

**Сүйекті балықтар - Костные рыбы – Osteichthyes**  
**Отряд Бекіре тәрізділер - Осетрообразные – Acipenseriformes**  
**Тұқымдастық - Семейств: Бекірелер - Осетровые –**  
**Acipenseridae**

**Қортпа, құртпа - Белуга – Huso huso (Linnaeus, 1758).**

Жайық өзенінде және Каспий теңізінде кездеседі (11.4-сурет). Өткінші балықтар. Малта тастардағы температура 7-15<sup>0</sup>С болғанда мамыр айында уылдырық шашады. 12 жасында жетіледі. Өсімталдығы 5,7 млн. уылдырыққа дейін, орташа - 0,8 млн. Тез өседі, тұщы су және өткінші балықтардың арасында ең үлкен мөлшерге жетеді. Олардың салмағы 1000 кг-нан асуы мүмкін. Шабақтары омыртқасыздармен қоректенеді, ересектері - жыртқыштар. Құнды кәсіптік түр.

**Орыс бекіресі - Русский осетр – Acipenser guldenstadti (Brandt, 1883).**

Жайық және Ілек өзендерінде және Каспий теңізінде 2 түршесі мекендейді – нағыз орыс бекіресі *A. g. guldenstadti* және персі бекіресі *A. g. persicus* (11.5-сурет). Өткінші балықтар. Майда көбееді, уылдырығын өзендердің құмайт және малта тас жерлерінде 12-20<sup>0</sup>С болғанда уылдырық шашады. 8-10 жылда жетіледі. Өсімталдығы 1 млн. уылдырыққа дейін, орташа есеппен - 0,4 млн. шабақтары омыртқасыздар, ересектері – шаянтәрізділермен, моллюскалармен, балықтармен қоректенеді. Салмағы 60 кг-нан асады. Құнды кәсіпшілік түр.

**Сібір бекіресі - Сибирский осетр – Acipenser baeri Brandt, 1869.**

Ертіс өзенінде және Бұқтарма су қоймасында мекендейді (11.6-сурет). Жартылай өткінші және жергілікті түрлеріде белгілі. Май-шілде айларында өзендердің құмайт және малта тас жерлерінде 12-18<sup>0</sup>С болғанда уылдырық шашады. Өсімталдығы 3 млн. уылдырыққа дейін, орташа есеппен - 0,3 млн. жеті жасында жетіледі. Негізінен бентоспен, кейде балықпен қоректенеді. Салмағы 200 кг-ға жетеді. Құнды кәсіпшілік түр.

**Шоқыр - Севрюга - Acipenser stellatus Pallas, 1771.**

Жайық және Жем өзендерінде және Каспий теңізінде мекендейді (11.7-сурет). Өткінші балық. Көктемде өзендердің малта тас жерлерінде 13-17<sup>0</sup>С болғанда уылдырық шашады. Алты жасында жетіледі. Ең жоғарғы өсімталдығы 0,9 млн. уылдырық, орташа есеппен - 0,24 млн. Салмағы 63 кг-а жеткен балық кездескен. Негізінен бентоспен және балықтармен қоректенеді. Құнды кәсіпшілік түр.

**Пілмай - Шип – *Acipenser nudiventris Lovetzky, 1828.***

Каспий теңізінде және Жайық өзенінде мекендейді (11.8-сурет), Арал алабында жойылды, Балқаш алабына жерсіндірілген. Өткінші түр. Көктемде өзендердің малта тас жерлерінде 10-23°C болғанда уылдырық шашады. 8 жылда жетіледі. Өсімталдығы 1 млн. уылдырыққа және оданда көпке жетеді, орташа есеппен - 0,5 млн. негізінен бентоспен қоректенеді, аздап майда шабақтарменде қоректенеді. Салмағы 50 кг-нан асқан балықтар кездескен. Құнды кәсіпшілік түр. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Сүйрік - Стерлядь – *Acipenser ruthenus Linnaeus, 1758.***

Жайық, Жем, Ертіс, Тобыл өзендерінде мекендейді (11.9-сурет). Жергілікті түр. Көктемде өзендердің құмайт және малта тас жерлерінде 8-18°C болғанда уылдырық шашады. Бес жасында жетіледі. Ең жоғарғы өсімталдығы 145 тыс. уылдырық, орташа есеппен – ондаған мың ғана. Негізінен бентоспен және кейде майда балықпен және уылдырықпен қоректенеді. Салмағы 1,5 кг-ға жетеді. Құнды кәсіпшілік түр.

**Сырдарья тасберекесі - Сырдарьинский лжелопатонос – *Pseudoscaphirhynchus fedtschenkoi (Kessler, 1872).***

Сырдарья өзенінде және оның суландыратын каналдары алабында мекендейді (11.10-сурет). Жергілікті балық. Көктемде уылдырық шашады. Өсімталдығы - 1,5-3,8 мың уылдырық. Құйрықсық жібінен басқа оның ұзындығы 27 см-ге жетеді. Негізінен жәндіктермен қоректенеді. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген. Байырғы түр. Қазіргі кезде Қазақстан ихтиофаунасы тізімінен шығып қалуы мүмкін.

**Майшабақтәрізділер - О т р я д Сельдеобразные – *Clupeiformes***

**Тұқымдастық - Семейство: Майшабақтар – Сельдевые – *Clupeidae***

**Каспий тюлькасы - Каспийская тюлька – *Clupeonella caspia Svetovidova, 1943.***

Сәуірдің ортасынан шілдеге дейін уылдырық шашады (11.11-сурет). Өсімталдығы: 9,5-60 мың уылдырық. Уылдырық шашу өлшемді. Уылдырығы теңіздіктік. Негізінен зоопланктонмен, сондай-ақ бентоспен, сиректеу – уылдырықпен және майда шабақтармен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 15 см-ге дейін, салмағы 20 г-ға жуық. Кәсіптік балық.

**Қарынсау - Пузанок – *Alosa caspia (Eichwald, 1838).***

Қазақстанда қарынсаулар нағыз түршелерімен берілген *A. c. caspia*, бүкіл каспий бойынша кездеседі (11.12-сурет). Сәуірдің соңынан маусымның ортасына дейін дейін көбееді. Өсімталдығы – 116-218 мың уылдырық. Уылдырық шашу өлшемді. Уылдырықтары жартылай теңіздіктік. Негізінен зоопланктонмен және мизидтармен

қоректенеді. Денесінің ұзындығы 28 см-ге дейін, салмағы 220 г-ға жуық. Құнды кәсіпшілік балық.

**Қаражон (қарақаптал) - Черноспинка - *Alosa kessleri* (Grimm, 1877).**

Екі түршемен берілген: *A. k. kessleri* және *A. k. volgensis*, Каспийде және Жайық өзенінде мекендейді (11.13-сурет). Өткінші балықтар. Мамыр-маусымда өлшеммен уылдырық шашады. Өсімталдығы – 100-312 мың уылдырық. Шаянтәрізділермен, жәндіктердің дернәсілдерімен және майда балықтармен қоректенеді. Ұзындығы 50 см-ге дейін, салмағы 1800 г-ға жуық. Құнды кәсіпшілік балық.

**Бадырақкөзді қарынсау - Большеглазый пузанок – *Alosa saposhnikovi* (Grimm, 1887).**

Солтүстік Каспийді тек уылдырық шашу кезінде және көбейгенде мекендейді, содан кейін оңтүстікке қоныс аударады (11.14-сурет). Өзендерге кірмейді. Судың температурасы 14-17°C болғанда теңізде сәуірдің соңынан мамырдың аяғына дейін уылдырық шашады. Уылдырық өлшеммен шашылады. Уылдырықтар жартылай теңіздіктік. Өсімталдығы - 166 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен - 89 мың. Өсімталдығы 3-4-жылы пайда болады. Майда балықтармен және шаяндармен қоректенеді. Ұзындығы 30 см-ге дейін, орташа салмағы 140 г. Кәсіпшілік балық.

**Жұмырбасты қарынсау - Круглоголовый пузанок – *Alosa sphaerocephala* (Berg, 1913).**

Солтүстік Каспийде тұщыландырылмаған аймақтарда тек көктемде ғана емес жаздада мекендейді (11.15-сурет). Судың температурасы 15-20°C 1-6 метр тереңдікте мамыр-маусым айларында уылдырық шашады. Денесінің ұзындығы 23 см-ге жетеді. Онша құнды балық емес.

**Бражников (Долгинк) майшабағы - Бражниковская (долгинская) сельдь – *Alosa brashnikovi* (Borodin, 1898).**

Солтүстік Каспийде нағыз түршесі: *A. b. brashnikovi* негізінен уылдырық шашу және көбею кезінде кездеседі (11.16-сурет). Өзендерге кірмейді. Теңізде сәуірдің соңында мамырдың ортасында 1-3 метр тереңдікте уылдырық шашады. Өсімталдығы - 178 мың уылдырық, орташа есеппен 66 мың. 2-3 жылда жетіледі. Майда балықтармен (килька, бұзаубас) және омыртқасыздармен қоректенеді. Ұзындығы 48 см-ге дейін, салмағы 500 г-ға жуық. Құнды кәсіпшілік балық.



**Отряд Албырттәрізділер - Лососеобразные – Salmoniformes**  
**Тұқымдастық - Семейство: Албырттар - Лососевые –**  
**Salmonidae**

**Албырт - Кумжа – *Salmo trutta* Linne, 1758.**

Солтүстік Каспийде *S. t. caspius* түршесі сирек кездеседі, Арал теңізінде *S. t. aralensis* (11.17-сурет) түршесі белгілі болатын. Өткінші балықтар, алайда жергілікті өзен балықтарыда кездеседі. Судың температурасы 3-13°C болғанда күзгі-қысқы кезде көбееді. Өсімталдығы - 45 мың уылдырыққа дейін. Уылдырықтар су түбінде ұсақ жұмыр тастардың астында жатады. Ересектері майда балықтармен, мизидтармен, су шаяндарымен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 130 см-ге дейін, салмағы 13 кг-ға жуық. Құнды кәсіпшілік балық. Каспий албырты Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Бахтақ (болатбасты албырттың өзенде тіршілік ететін түрі) - Радужная форель (пресноводная форма стальноголового лосося) – *Salmo gairdneri* Richardson, 1836.**

Шелек өзенінің алабында жерсіндірілген және өз алдына өзін-өзі көбететін тобы құрылды (11.18-сурет). 2-4 жылда жетіледі. Судың температурасы 4-5°C болғанда ерте көктемде ақпанның басынан сәуірдің аяғына дейін уылдырық шашады. Уылдырықтарын малта тасты жерлердегі ұяларына салады. Өсімталдығы - 5,6 мың уылдырыққа дейін. Эврифаг: бентоспен, балықтармен, жәндіктермен және басқалармен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 50 см-ден асады, салмағы 6 кг-ға жуық. Құнды кісіпшілік түр. Тоған балық шаруашылығының нысанасы.

**Таймен –Таймень - *Hucho taimen* (Pallas, 1773).**

Ертіс өзенінде және оның оң жағалауының тармақтарында мекендейді (11.19-сурет). Жергілікті балық. Малта тастарда ерте көктемде уылдырық шашады. Өсімталдығы 7-31 мың уылдырық шамасында. Тұщы су албырттарының ішіндегі ең ірісі, салмағы 80 кг-ға жетеді. Қорегінде балықтар басым, сүтқоректілер және құстарда кездеседі, кейде қорегінде бентостық омыртқасыздар да бар. Құнды кісіпшілік түр, оның саны республикамызда жыл азаюда. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Майқап – Ленок - *Brachyrynystax lenok* (Pallas, 1776).**

Нағыз майқап *Br. l. lenok* Оңтүстік Алтайдың өзендерін мекендейді, марқакөлдіккакольский *Br. l. savinovi* – Марқакөлде (11.20-сурет). Ерте көктемде құмдайт және малта тасты таяздарда көбееді. Төртінші жылы жетіледі. Ең жоғарғы өсімталдығы - 5 мың уылдырық, орташа есеппен - 2 мың. Бірдей мөлшерде бентостық омыртқасыздармен және балықтармен қоректенеді. Салмағы 2,4 кг-ға жетеді. Құнды кәсіпшілік түр.

**Ақбалық, сылан - Нельма – *Stenodus leucichthys* (Guldenstadt, 1772).**

Екі түршесімен берілген: сылан *St. l. nelma* Ортаңғы және Жоғарғы Ертістің су қоймаларында мекендейді, ақбалық *St. l. leucichthys* Каспий алабын мекендейді (11.21-сурет). Өткінші балықтар, жергілікті түрлерін құрауы мүмкін. Судың температурасы 1-6°C болғанда тасты-малта тасты жерлерде қазан-қараша айларында көбееді. Өсімталдығы – 90-120, орташа есеппен - 100 мың уылдырыққа дейін. Негізінен майда балықтармен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 100 см-ден асады, салмағы 10 кг-нан асады. Құнды кәсіпшілік балық. Сирек кездесетін балық, қорғауды қажет етеді. Халықаралық және Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Тұқымдастық - Семейство: Хариустар - Хариусовые – *Thyniallidae***

**Сібір хариусы - Сибирский хариус - *Thymallus arcticus* (Pallas, 1776).**

Екі түршесімен берілген: нағыз хариус *Th. a. arcticus* Оңтүстік Алтайдың өзендерінде мекендейді, марқакөлдік - *Th. a. breviscephalus* - Марқакөлдев (11.22-сурет). Жергілікті балықтар. Ерте көктемде майда тастарда көбееді. Өсімталдығы - 2 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен - 1,5 мың. Үшінші жылы жетіледі. Салмағы 1 кг-ға жетеді. Негізінен су түбіндегі омыртқасыздармен және суға түскен жәндіктермен, аздап майда балықтармен қоректенеді. Кәсіпшілік түр.

**Тұқымдастық - Семейство: Шортандар - Щуковые – *Esocidae***

**Шортан - Щука - *Esox lucius* Linnaeus, 1758.**

Балқаш-Алакөл және Талас алабтарынан, сондай-ақ Орталық және Солтүстік Қазақстанның жекеленген көлдерінен басқа барлық суларда кездеседі (11.23-сурет). Жергілікті балықтар. Ерте көктемде көбееді. Бірақ рет уылдырық шашады. Өсімталдығы - 270 мыңға дейін уылдырық, орташа есеппен - 50 мыңға жуық. Нашар желімденетін уылдырық өсімдікке салынады. Нағыз жыртқыш: балықтармен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 110 см-ге жетеді, салмағы 16 кг-ға жуық. Құнды кәсіпшілік түр.

**О т р я д Тұқытәрізділер - Карпообразные – *Cypriniformes***

**Тұқымдастық - Семейство: Тұқылар - Карповые – *Cyprinidae***

**Торта, қаракөз - Плотва, вобла - *Rutilus rutilus* (Linnaeus, 1758).**

Төрт түршесімен берілген, оның екеуі жергілікті балықтар тек тұщы суда мекендейді (*R. r. fluviatilis* – торта-серушка және *R. r. lacustris* - сібір тортасы-сибирская плотва), басқа екі түршесі негізінен жартылай өткінші балықтар (*R. r. aralensis* - арал тортасы-

аральская плотва, арал қаракөзі-вобла және *R. r. caspicus* - каспий қаракөзі-северокаспийская вобла). Барлық жерде таралған (11.24-сурет). Талас және Балқаш алабында жерсіндірілген. Көктемде көбееді. Бір мезетте уылдырығын шашады. Өсімталдығы - 310 мың уылдырыққа дейін, әдетте 100 мыңнан аспайды, олар өсімдікке жабасқан күйі дамиды. Эврифаг: негізінен бентоспен, сондай-ақ фито- және зоопланктонмен, макрофиттармен, детриттермен қоректенеді; уылдырық және балықтардың шабақтары жеуі мүмкін. Ұзындығы 44 см-ге жетеді, салмағы 1000 г-ға жуық. Кәсіпшілік түр.

**Күтім - Вырезуб - *Rutilus frisii* (Nordmann, 1840).**

Каспий алабында мекендейтін түршемен берілген *R. f. kutuni* (11.25-сурет). Жартылай өткінші балықтар. Көктемде бірізгі уылдырық шашады. Уылдырықтар өсімдікке желімденеді, кейде малта тасқа уылдырық шашылады. Өсімталдығы - 280 мыңға жуық, көбнесе - 110 мың уылдырықтан аспайды. Ұзындығы 65 см-ге жетеді, әдеттегі салмағы 1-1,2 кг. Қазақстанда олардың кәсіпшілік маңызы жоқ. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген. Қазіргі кезде өзгергіш түр деп танылуда. Каспий алабының эндемигі.

**Кәдімгі тарақ-балық - Обыкновенный елец – *Leuciscus leuciscus* (Linnaeus, 1758).**

Каспий алабының өзендерінде (Жайық, Саз, Ойыл, Сағыз) кәдімгі тарақ-балық *L. l. leuciscus* мекендейді, Ертіс өзенінің алабында және Орталық Қазақстанның өзендерінде (Нұра, Сарысу, Шу) – сібір тарақ-балығы-сибирский елец *L. l. baicalensis* мекендейді, олар Балқаш алабына енген (11.26-сурет). Жергілікті түр. Бірізгі ерте көктемде уылдырық шашады. Уылдырығын құмай түбіне немесе су түбіндегі өсімдіктерге салады. Өсімталдығы - 30 мыңға дейін уылдырық, су қоймалары бойынша орташа есеппен - 2-10 мың шамасында. 2-3 жылда жетіледі. Негізінен бентоспен, кейде өсімдіктермен қоректенеді. Салмағы 350 г-ға дейін. Құны онша емес балық. Әуесқой балықшалар нысанасы.

**Талас тарақ-балығы - Таласский елец – *Leuciscus lindbergi* Zanin et Eremeev, 1928.**

Талас өзендерінде және Қаратау жотасының су қоймаларында мекендейді (11.27-сурет). Жергілікті түр. Көктемнің басында уылдырық шашады. Өзендердің және көлдердің құмай-майда тастарына, өсімдіктердің тамырларына бірізгі уылдырық шашады. Өсімталдығы - 36 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен 2 мыңнан 23 мыңға дейін. 2-3 жылда жетіледі. Қорегінде балдырлар, планктонды және бентосты омыртқасыздар кездеседі. Салмағы 250 г-ға жетеді. Кәсіпшілік құны оншалықты емес балық.

**Тұрпан – Головлъ – *Leuciscus cephalus* (Linnaeus, 1758).**

Жайық және Шам өзендерінде мекендейді (11.28-сурет). Жергілікті түр. Көктемде құмайт-майда тастарда уылдырық шашады. Өсімталдығы – 193 мың уылдырыққа дейін. Әуе жәндіктерімен, майда балықтармен, қоңыздармен, кейде өсімдіктермен қоректенеді. Салмағы 4 кг-ға жетеді. Кәсіпшілік құны оншалықты емес балық.

**Аққайран, қара-балық - Язь – *Leuciscus idus* (Linnaeus, 1758).**

Екі түршемен берілген: кәдімгі аққайран - *L. i. idus* – Ертіс және Жайық өзендерінің алабтарында, Солтүстік және Батыс Қазақстанның өзенлері мен көлдерінде мекендейді, түркістан аққайраны - *L. i. oxianus* – арал алабында, оның ішінде теңізді есептегенде, Сырдарьяда, Сарысуда, Шуда мекендейді (11.29-сурет). Жергілікті түр. Ерте көктемде көбееді; құмайт қайраңдарда және өсімдік басқан құмайттарда температура 6-9°C болғанда бірмезетте уылдырық шашады. Өсімталдығы - 186 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен су қоймалары бойынша - 15 мыңнан 137 мыңға дейін. 3-4 жылда жетіледі. Қорек ауқымы кең – балдырлардан бентостардың ірі организмдеріне дейін. Салмағы 2 кг-ға жетеді. Кәсіпшілік түр.

**Көл гольяны - Озерный гольян – *Phoxinus phoxinus* (Pallas, 1811).**

Екі түршемен берілген: кәдімгі көл гольяны - *Ph. p. phoxinus* (11.30-сурет) Ертіс алабында және Солтүстік Қазақстанның көлдерінде мекендейді, Игнатов гольян *Ph. p. ignatovi* Селеті, Талды және, мүмкін, Тоқырауда мекендейді. Жергілікті түр. Майда балықтар, ұзындығы 10 см-ге жетеді. Кәсіпшілік түр емес.

**Кәдімгі гольян - Гольян обыкновенный – *Phoxinus phoxinus* (Linnaeus, 1758).**

Төрт түршемен берілген: кәдімгі гольян - *Ph. ph. phoxinus* – Жайық және Шам алабтарында, Ертіс пен Балқашта (Аякөз өзенінде) таралған; зайсан гольяны - *Ph. ph. Sedelnicovi* - Зайсан көлінде (Бұқтарма су қоймасында) және Аякөз өзенінде; балқаш гольяны - *Ph. ph. poljakovi* – Балқаш алабының өзендерінде; жетісу гольяны - *Ph. ph. brachyurus* - Балқаш алабының өзендерінде және Шу өзенінде таралған (11.31-сурет). Жергілікті түр. Көктемде және жазда көбееді. Ұзындығы 3-4 см-ге жеткенде. Уылдырығын өлшеммен шашады. Ең жоғарғы өсімталдығы - 2,1 мың уылдырық, көбнесе - 500 данаға жуық. Балықтың ең ұзындығы 65 мм. Майда әуе және су асты омыртқасыздармен қоректенеді. Кәсіпшілік түр емес.

**Қызылқанат - Красноперка - *Scardinius erythrophthalmus* (Linnaeus, 1758).**

Жайық, Шам, Сағыз, Ойыл өзендерінде және Арал алабының өзендерінде, Сарысу және Шу өзендерін қосқанда, мекендейді (11.32-

сурет). Жергілікті түр. Көктемде-жазда өлшемді уылдырық шашады. Уылдырық жұмсақ су өсімдіктеріне салынады. Өсімталдығы - 213 мың уылдырыққа дейін, су қоймалары бойынша орташа есеппен - 5 мыңнан 100 мыңға дейін. 2-3 жылда жетіледі. Қорегінде өсімдіктер басым, жануар тектес азықтың мөлшері шамалы. Салмағы 450 г-ға жетеді. Кәсіпшілік құны оншалықты емес балық. Әуесқойлық балықшылар нысанасы.

**Ақ амур - Белый амур - *Ctenopharyngodon idella* (Valenciennes, 1844).**

Қазақстанда жерсіндірілген. Өзін-өзі өсіретін топ Іле және Сырдарья өзендерінің алабтарында құрамдасқан (11.33-сурет). Жартылай өткінші және жергілікті балықтар бар. Мамыр-маусым айларында өзендерде бірмезетте немесе мөлшермен уылдырық шашады. Өсімталдығы - 2,5 млн-ға дейін теңіздіктік уылдырық, ағынмен аққанда өсім дамиды. Негізінен өсімдіктермен судағы және жайылмалардағы қоректенеді, алайда ол зообентоспен және майда балықтарменде қоректенеді алады. Денесінің ұзындығы 1 м-ге дейін, салмағы 15 кг-нан асады. Құнды кәсіпшілік түр.

**Шортантәрізді ақмарқа - Щуковидный жерех - *Aspiolucius esocinus* (Kessler, 1874).**

Тек Сырдарья өзені алабының тегістік жерлерінде және каналдарында мекендейді (11.34-сурет), алайда кейінгі кезде олардың кезкені жайлы деректер жоқ. Жергілікті түр. 6-7 жасында көктемде, ұзындығы 45-50 см-ге жеткенде, көбееді. Салмағы 3 кг жеткен балықта кездескен. Бірінші жылдан бастап нағыз жыртқыш. Сирек. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Ақмарқа, ақ-балық - Жерех - *Aspius aspius* (Linnaeus, 1758).**

Екі түршемен берілген: кәдімгі ақмарқа - *A. a. aspius* – Каспий алабының өзендерінде мекендейді, арал ақмарқасы - *A. a. iblioides* – Арал алабында мекендейді (11.35-сурет). Кездейсоқ кәдімгі ақмарқа Балқаш алабында жерсіндірілген. Жартылай өткінші және жергілікті түрлері бар. Температура 5-7°C болғанда ерте көктемде құмайт-майда тасты жерлерге уылдырықтарын бірмезетте шашады. Өсімталдығы - 360 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен шамамен - 80-100 мыңға жуық. 3-5 жасында жетіледі. Негізінен жыртқыштар, кәсіптік және кәсіптік емес балықтардың шабақтарына маманданған. Салмағы 7 кг-ға дейін жетеді. Құнды кәсіпшілік түр.

**Оңғақ - Линь - *Tinea tinea* (Linne, 1758).**

Барлық жерге дерлік таралған (11.36-сурет). Арал және Балқаш алабтарында жерсіндірілген, Шу, Талас және Сары су өзендеріне бейімделе аламады. Жергілікті түр. Көктемде және жазда көбееді, уылдырықтарын мөлшермен су өсімдіктеріне салады. Өсімталдығы - 320 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен - 240 мыңға жуық. 3-4

жасында жетіледі. Қоректі алуан түрлі: оның негізінде су астындағы омыртқасыздар, алайда өсімдіктерде молынан бар. Салмағы 1 кг-ға дейін. Кәсіпшілік түр.

**Қызылкөз - Подуст – Chondrostoma nasus (Linnaeus, 1758).**

Жайық және Шам өзендерінде кездеседі (11.37-сурет). Жергілікті түр. Тасты жерде көктемде көбееді, уылдырығын бір рет бөледі. 3-4 жылда жетіледі. Ең жоғарғы өсімталдығы - 12 мың уылдырыққа дейін. Қорегінде детрит және перифитон басым. Салмағы 1,5 кг-нан асқан балықтар кездескен. Кәсіпшілік құны оншалықты емес балық.

**Амур шабағы - Амурский чебачок – Pseudorasbora parva (Schlegel, 1842).**

Қазақстанда жерсіндірілген (11.38-сурет). Арал, Балқаш, Шу, Талас алабтарында кездеседі. Таралымы әлі толық белгісіз. Жергілікті балық. Көктемде және жазда көбееді, жалпы саны 3 мың уылдырық болатын 10 өлшемнен аса уылдырық салады. 1 жылда жетіледі. Негізінен бентофагтар, екінші дәрежелі қоректері - зоопланктон, өсімдіктер. Балықтың ұзындығы 11 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Теңге-балық - Пескарь - Gobio gobio (Linnaeus, 1758).**

Төрт түршесімен берілген: кәдімгі теңге балық - *G. g. gobio* Каспий алабының өзендерінде мекендейді, сібір теңге балығы - *G. g. suncerphalus* – Ертіс алабында, марқакөл теңге балығы - *G. g. acutipinnatus* - Марқакөлде, түркістан теңге балығы - *G. g. lepidolaemus* – Арал алабында, Сарысу, Шу және Таласты қасқанда, мекендейді (11.39-сурет). Жергілікті түр. Екінші жылы жетіледі. Көктемде-жазда бірмезетте немесе өлшеммен уылдырық шашады. Өсімталдығы - 5,4 мың уылдырыққа дейін. Уылдырықты қатты жерге салады. Негізінен бентоспен, жәндіктермен, детритпен, уылдырықпен қоректенеді. Балықтың ұзындығы 22 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Қытай жалғантеңге балығы - Китайский лжепескарь – Pseudogobio rivularis (Basilevsky, 1855).**

Қазақстанда жерсіндірілген (11.40-сурет). Арал, Балқаш, Шу, Талас алабтарында және басқада су қоймаларында кездеседі. Таралымы әліде толық анықталмаған. Жергілікті түр. Уылдырықты су түбіндегі ұяларға бірнеше жүз шамасында салады. Аталығы салымдарын қорғайды. Қоректерінде кладоцер, копепод, олигохет, жәндіктердің дернәсілдері және имаголары, балдырлар бар. Балықтың ұзындығы 12 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Қаяз - Аральский усач – Barbus brachycephalus Kessler, 1872.**

Екі түршесімен берілген: кәдімгі қаяз - *B. b. brachycephalus* – Арал және Балқаш алабтарында (кейінгісінде жерсіндірілген)

мекендейді және каспий қаязы - *V. b. caspius* – Каспий алабында, негізінен теңіздің оңтүстік бөлігінде мекендейді (11.41-сурет). Өткінші балықтар. 5-8 жасында жетіледі. Өсімталдығы - 1260 мың уылдырыққа дейін. Сәуірдің соңынан тамызға дейін бірмезетте немесе өлшеммен уылдырық шашады. Уылдырық жартылай теңіздіктік. Негізінен бентофаг, алайда өсімдіктермен, жәндіктермен, уылдырықпен және шабақтармен қоректене алады. Денесінің ұзындығы 111 см-ге дейін, салмағы 22 кг-нан асады. Құнды кәсіпшілік түр. Арал қаязы Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Болат май қаязы, шірбіт - Усач булат-май, чанари – *Barbus capito* (Guldenstadt, 1773).**

Сырдарья және Шу алабтарында мекендейтін Түркістан болат май қаязы *B. c. coposcephalus* түршесімен берілген (11.42-сурет), Арал теңізінде олар сирек кездеседі. Негізінен тұщы су балықтары, жергілікті балықтар. 4-5 жылда жетіледі. Өзендерде көбееді, алайда су қоймаларында да уылдырық шашады деген деректер бар. Сәуірдің соңынан шілде бойынша уылдырық шашады. Арал қаязына қарағанда өсімталдығы төмен: 200 мың уылдырық шамасында. Қорегінде өсімдіктер басым (жоғарғы және балдырлар), алайда зообентостыңда көлемі едәуір. Кейде майда балықтарменде қоректенеді. Ұзындығы 70 см-ге дейін, салмағы 5,5 кг-ға жетеді. Қазақстанда оның кәсіпшілік маңызы жоқ. Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Кәдімгі қара-балық, шармай - Обыкновенная маринка – *Schizothorax intermedius* Mc'Clelland, 1842.**

Сырдарья, Талас алабтарында және Қаратау жотасының өзендерінде мекендейді (11.43-сурет). Өткінші және жергілікті балықтар. 3-4 жылда жетіледі. Судың температурасы 5-10°C болғанда сәуір-мамыр айларында бірмезетте уылдырық шашады. Өсімталдығы - 60 мың, көбнесе - 20 мың уылдырыққа дейін. Қорегінде өсімдіктер және зообентос басым, сиректеу шабақтар кездеседі. Ұзындығы 50 см-ге дейін, салмағы 1,5 кг-ға жуық. Ергежей түрлеріде бар. Кәсіпшілік маңызы жоқ. Маңызды әуесқой балықшылар нысанасы.

**Балқаш қара-балығы - Балхашская маринка – *Schizothorax argentatus* Kessler, 1874.**

Балқаш көлі алабында және Шу өзенінде екі түрше мекендейді: кәдімгі балқаш қара балығы - *S. a. argentatus* және іле қара балығы - *S. a. pseudaksaiensis* (11.44-сурет). Жартылай өткінші және жергілікті балықтар. Көктемде көбееді, уылдырық шашу бірмезетте, әдетте тасты жерде. 3-5 жасында жетіледі. Өсімталдығы - 122 мың уылдырыққа дейін. Түршелердің қорегінде айырмашылық бар: балқаш қара балығында өсімдіктер және бентос басым, іле қара балығында - бентос және балық. Салмағы 12 кг-ға дейін жетеді.

Әуесқой балықшалар нысанасы. Іле қара балығы Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Қабыршақты көкбас - Чешуйчатый осман – *Diptychus maculatus Steindachner, 1866.***

Балқаш алабының таулы өзендерінде мекендейді (11.45-сурет). Жергілікті балықтар. 3-5 жасында жетіледі. Көктемнен күзге дейін көбееді. Тасты жерге өлшеммен уылдырық салады. Өсімталдығы - 5 мың уылдырыққа дейін. Қорегінде су түбінің омыртқасыздары басым. Балықтың ұзындығы 30 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ. Әуесқой балықшылық нысанасы болуы мүмкін.

**Қабыршақсыз көкбас (алтын-балық, көкше) - Голый осман – *Diptychus dybowskii Kessler, 1874.***

Балқаш, Алакөл, Сырдарья және Ертіс (Тарбағатайдың терістік беткейлерінде) алабтарының таулы өзендерінде мекендейді (11.46-сурет). Жергілікті балықтар. 2-4 жылда жетіледі. Көктемгі-жазғы кезде уылдырық шашады. Уылдырықты бермезетте және өлшеммен тасты жерге салады. Өсімталдығы - 124 мың уылдырыққа дейін. Нағыз бентофаг. Балықтың ұзындығы 30 см-ге жетеді. Кәсіпшілік түр емес. Әуесқой балықшылық нысанасы.

**Шемей, май-балық - Шемая - *Chalcalburnus chalcoides (Guldenstadt, 1772).***

Екі түршемен берілген. Кәдімгі шемей - *Ch. ch.chalcoides* – Каспий алабанда мекендейді (11.47-сурет). Жартылай өткінші балықтар. Өзендерде уылдырық шашады. Арал май балығы - *Ch. ch. aralensis* – Арал теңізде мекендейді, Сырдарьяның төменгі жағында мекендейді. Екі түршеніңде уылдырық шашуы жазда, өлшеммен, мамыр айынан тамыз айына дейін, тұзды және тұщы сулардада, өтеді. Өсімталдығы - 74 мың уылдырық, орташа есеппен – 30-38 мың. Қорегі әртүрлі: фито- және зоопланктоннан балықтарға дейін. Ұзындығы 31 см-ге дейін жетеді, орташа салмағы 150-250 г. Кәсіпшілік түр.

**Үкі шабақ - Уклея – *Alburnus alburnus (Linne, 1758).***

Каспий алабында мекендейді (11.48-сурет). Жергілікті балықтар. 2-4 жылда жетіледі. Мөлшермен уылдырық шашады, уақыты мамыр-маусым айлары. Уылдырық өсімдіктерге салынады. Өсімталдығы - 5,1 мың уылдырыққа дейін. Эврифаг, ең ашық азықтарды пайдаланады: фито- және зоопланктон, макрофиттер, зообентос, уылдырықтарды және шабақтарды жеп қоюы мүмкін. Ұзындығы 14 см-ге дейін, салмағы әдетте 25 г-нан аспайды. Кәсіпшілік түр емес. Әуесқой балықшылық нысанасы.



**Жолақ үкішабақтектес - Полосатая быстрянка – *Alburnoides taeniatus* (Kessler, 1874).**

Сырдарья мен Шудың ортаңғы ағысында мекендейді (11.49-сурет). Жергілікті балықтар. Екінші жылы жетіледі. Көктемгі-жазғы мезгілде көбееді. Уылдырықты өсімдікке мөлшермен салынады. Өсімталдығы - 9,1 мың уылдырық. Су өсімдіктерімен, зоопланктонмен, жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 11 см-ден аспайды, салмағы көбнесе 5 г-ға жуық. Кәсіпшілік түр емес, су қоймаларын дернәсілдендіруде белгілі рөл атқарады.

**Балпан - Густера - *Blicca bjorkna* (Linnaeus, 1758).**

Жайық, Жем, Ойыл, Сағыз өзендерінде кездеседі (11.50-сурет). Жергілікті балықтар. Мамыр-маусым айларында бірмезетте немесе мөлшерлі уылдырық шашады. Уылдырық өсімдікке салынады. Өсімталдығы - 38 мың уылдырыққа дейін. Өсімдіктермен, детритпен, дернәсілдермен және ересек жәндіктермен қоректенеді. Ұзындығы 34 см-ге дейін, салмағы 700 г-ға жуық. Онша кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Тыран - Лещ - *Abramis brama* (Linnaeus, 1758).**

*A. b. orientalis* (шығыс тыраны) түршесімен берілген, олардың табиғи таралымы Каспий және Арал теңіздерінің алабтары. Ертіс, Балқаш, Талас алабтарында, Солтүстік және Орталық Қазақстанның көлдерінде жерсіндірілген (11.51-сурет). Полупроходной или туводный вид. Көктемде және жаздың басында көбееді. Уылдырықты өлшеммен өсіп келе жатқан және өлген су өсімдіктеріне, тастарға және басқаларға салады. Өсімталдығы - 700 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен 150-200 мың. 3-4 жылда жетіледі. Негізінен бентофаг, кейде азықтарында планктон және өсімдіктер кездеседі. Салмағы 3 кг-ға жетеді. Құнды кәсіпшілік түр.

**Ақкөз-балық - Белоглазка – *Abramis sapa* (Pallas, 1811).**

Кәдімгі ақкөз балық - *A. s. sapa* – Каспий алабында мекендейді, арал ақкөз балығы - *A. s. aralensis* – Арал алабында (11.52-сурет). Жартылай өткінші және жергілікті балықтар. Көктемде көбееді, уылдырығын бірмезетте су асты заттарына салады. Өсімталдығы - 40 мың уылдырыққа дейін. 3-4 жасында жетіледі. Негізінен бентофаг. Салмағы 600 г-ға дейін, ұзындығы 36 см-ге дейін жетеді. Кәсіпшілік маңызы шамалы.

**Көк тыран - Синец – *Abramis ballerus* (Linnaeus, 1758).**

Жайық өзенінде және Еділ мен Жайық аралығындағы су қоймаларында кездеседі (11.53-сурет). Жергілікті түр. Судың температурасы 17-18°C болғанда жаздың басында уылдырық шашады. 3 жылда жетіледі. Өсімталдығы - 25 мың уылдырыққа дейін, оны өсімдіктерге салады. Негізінен зоопланктонмен,

фитопланктонмен, аздап бентоспен қоректенеді. Ұзындығы 35 см-ге және салмағы 0,5 кг-ға жетеді. Екінші дәрежелі кәсіпшілік нысанасы.

**Сүйрікқанат - Остролучка – *Carotobrama kuschakewitschi* (Kessler, 1872).**

Арал алабында мекендейді. Сырдарьяда және оның қосымша жүйелерінде – кәдімгі сүйрікқанат - *C. k. kuschakewitschi*, Шу өзенінде - *C. k. orientalis* – шу сүйрікқанаты (11.54-сурет) мекендейді. Жергілікті балықтар. Сәуірдің ортасынан шілдеге дейін уылдырық шашады. Өсімталдығы Шу өзенінде - 9 мыңға дейін уылдырық, Сырдарьяда – оданда жоғары. Уылдырықтары жабысқақ, әртүрлі субстраттарға салынады. Негізгі қоректері детрит, су асты өсімділері, балдырлар, лай, жәндіктердің дернәсілдері. Ұзындығы 21 см-ге, салмағы 150 г-ға жетеді. Сырдарьяда кәсіпшілігі шамалы балықтар. Шу түршесі Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Қырлықұрсақ - Востробрюшка – *Hemiculter leucisculus* (Basilewsky, 1855).**

Қазақстан су қоймаларында жерсіндірілген (11.55-сурет). Арал, Балқаш, Шу алабтарында кездеседі. Таралымы әліде толық анықталмаған. Жергілікті балықтар. Көктемде және жазда уылдырық шашу өтеді. Уылдырығын мөлшермен шашады, уылдырық теңіздіктік. Зоопланктонмен, бентоспен, майда балықтармен, жәндіктермен, өсімдіктермен қоректенеді. Ұзындығы 25 см-ге, салмағы 220 г-ға жетеді. Кәсіпшілік маңызы шамалы балықтар.

**Қылыш-балық - Чехонь, чехня, сабля-рыба - *Pelecus cultratus* (Linnaeus, 1758).**

Жайық және Сырдарья өзендерінде және олардың жайылма көлдерінде, су қоймаларында мекендейді (11.56-сурет). Жартылай өткінші және жергілікті балықтар. Судың температурасы 12°C-тан асқанда бірізетте (Жайық өзенінде) және өлшеммен (Арала алабында) сәуірден шілде бойынша уылдырық шашады. Өсімталдығы - 152 мың уылдырыққа дейін. Уылдырық теңіздіктік. Эврифаг. Ашық жатқан нысаналармен қоректенеді, оның ішінде өсімдіктер, планктон, бентос және шабақ бар. Денесінің ұзындығы 48 см-ге, салмағы 1,1 кг-ға жетеді. Кәсіпшілік балық.

**Меңке - Золотой карась - *Carassius carassius* (Linnaeus, 1758).**

Каспий, Ертіс алабтарының өзендерінде және Солтүстік және Орталық Қазақстанның бастаусыз су жүйелерінде таралған (11.57-сурет). Жергілікті түр. Судың температурасы 17°C-тан асқанда өлшемді уылдырық шашу жүреді. Өсімталдығы - 450 мың уылдырыққа дейін. 3-5 жылда жетіледі. Эврифаг: қорегінде өсімдіктер, планктон және бентос организмдері кездеседі, кейінгісі басқаларға қарағанда көптеу кездеседі. Балықтың ұзындығы 40 см-ге, салмағы 2 кг-ға жетеді. Кәсіпшілік түр.

**Бозша мөңке - Серебряный карась – *Carassius auratus* (Linnaeus, 1758).**

*C. a. gibelio* түршесімен берілген, Каспий, Ертіс алабтарының су қоймаларында, Солтүстік және Орталық Қазақстанның тұйықталған су жүйелерінде, Сарысу және Сырдарья өзендерінде таралған (11.58-сурет). Балқаш көлі алабының су қоймаларында және Шу өзенінде жерсіндірілген. Жергілікті түр. Судың температурасы 14°C-тан жоғарылағанда көктемнің соңына қарай және бүкіл жаз бойы өлшеммен уылдырық шашады. Уылдырықтарын өсімдіктерге салады. 3-4 жылда жетіледі. Эврифаг: зоопланктонды, детритті, балдырларды, бентосты жейді, дегенмен кейінгісі басым. Балықтың ұзындығы 45 см-ге жетеді. Салмағы 3,2 кг. Кәсіпшілік түр.

**Қалынтыр - Сазан – *Cyprinus carpio* Linnaeus, 1758.**

Екі түршесімен берілген: кәдімгі қалынтыр - *C. c. carpio* – Каспий алабында және арал қалынтыры - *C. c. aralensis* – Арал алабында (11.59-сурет) мекендейді. Республикамыздың барлық су қоймаларында жерсіндірілген, оның ішінде Талас, Балқаш, Алакөл, Ертісте және басқаларда. Жартылай өткінші және жергілікті түр. Судың температурасы 14°C болғанда көктемде өлшемді уылдырық шашу басталады және тамыз бойы жалғасады. Уылдырықты өсімдікке салады. Өсімталдығы - 2,5 млн. уылдырық. 3-6 жылда жетіледі. Қорегі түрі көп: балдырлар, детриттер, зоопланктондар, бентостар, кейде шабақтар. Балықтың ұзындығы 80 см-ге жетеді, салмағы 16 кг. Құнды кәсіпшілік балық.

**Дөңмаңдай, аң дөңмаңдай - Толстолоб, белый толстолоб, толпыга – *Hypophthalmichthys molitrix* (Valenciennes, 1844).**

Оңтүстік Қазақстанның тоған шаруашылықтарында өсіріледі, онда олар Амур алабынан және Қытай өзендерінен алып келінген (11.60-сурет). Іле және Сырдарья өзендеріне енген, онда олар өзін-өзі көбейтетін жағдайға жеткен. Жазда көбееді. Уылдырығы теңіздіктік. Өсімталдығы - 500 мың уылдырықтан асады. Фитопланктонмен және детритпен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 1 м-ге жуық, салмағы 12 кг-нан асады. Құнды кәсіпшілік балық.

**Тұқымдастық - Семейство: Шырма-балықтар - Вьюновые – *Cobitidae***

**Сібір шырма балығы - Обыкновенная щиповка (шинника) – *Cobitis taenia* Linnaeus, 1758.**

Ертіс алабында таралған сібір шырма балығы түршесімен берілген: *C. t. granoei* (11.61-сурет). Жергілікті түр. Тіршілігі әлі толық зерттелінбеген. Өсімталдығы 500 уылдырықтан 1000 дейін. Ұзындығы 7 см болғанда жетіледі. Қорекінде микрофитобентос организмдері, диатомдық балдырлар байқалған. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Алдыңғазиялық шырма балығы - Передне-азиатская щиповка (шиповка) – Cobitis ( = Sabanejewia) aurata (Filippe, 1865).**

Арал шырма балығы түршесімен *C. a. aralensis* берілген, Сырдарья, Шу, Сарысу алабтарында мекендейді (11.62-сурет). Нұра өзенінде мекендейтін балықтардың жүйелік жағдайы әліде анықталмаған. Жергілікті түр. Көбеюі жайлы деректер толық емес. Өсімталдығы 1,5 мың уылдырыққа дейін. Ұзындығы 3-4 см болғанда жетіледі. Уылдырықты қатты жерге салады. Ұзындығы 7 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Каспий шырма балығы - Каспийская щиповка (шиповка) – Cobitis ( = Sabanejewia) caspica Eichwald, 1893.**

Солтүстік каспийдің суларында және Жайық пен Жем өзендерінде болуы мүмкін (11.63-сурет). Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Талма-балық - Обыкновенный голец - Noemacheilus barbatulus (Linnaeus, 1758).**

Үш түршесімен берілген: кәдімгі талма балық - *N. b. barbatulus* – Жайық және Жем өзендерінде мекендейді; сібір талма балығы - *N. b. toni* – Ертіс алабында; марқакөл талма балығы - *N. b. markakulensis* – Марқакөлде мекендейді (11.64-сурет). Жергілікті түр. Уылдырық шашу көктемде, құмайт-майда тастарда өтеді. Өсімталдығы - 9.5 мың уылдырыққа дейін. Ұзындығы 7 см-ге жеткенде жетіледі. Қорегінде бентостар басым. Ең ұзыны 21 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Тибет талма балығы - Тибетский голец – Noemacheilus stoliczkai (Steindachner, 1866).**

Қазақстанда екі түршесі мекендейді: кәдімгі талма балығы - *N. s. stoliczkai* – Іле өзенінің алабында және *N. s. elegans* – Сырдарья және Шу өзендерінің алабтарында (11.65-сурет) мекендейді. Жергілікті түр. Көктемгі-жазғы кезеңде өлшемді көбееді. Уылдырығын құмға салады. Өсімталдығы - 10,6 мың уылдырыққа дейін. 2-3 жылы жетіледі. Қорегінде балдырлар, перифитон басым, жәндіктердің дернәсілдері кәдімгідей. Балықтың ұзындығы 17 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Сұр талма балық - Серый голец – Noemacheilus dorsalis (Kessler, 1872).**

Балқаш алабында (Іле өзені), Шу, Талас және Сырдарья өзендерінде көрсетілген (11.66-сурет). Жергілікті түр. Сәуір-мамыр айларында көбееді, бірнеше уылдырық өлшемін өсімдікке салады. Өсімталдығы - 4 мың уылдырыққа дейін. Екі жасында жетіледі. Негізінен бентос жануарларымен, планктондармен, шаянтәрізділермен қоректенеді және сиректеу балдырлармен қоректенеді. Ұзындығы 163 мм-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Кушакевич талма балығы - Голец Кушакевича – *Noemacheilus kuschakewitschi* Herzenstein, 1890.**

Сырдарьяда және оның салаларында мекендейді (11.67-сурет). Жергілікті түр. Тіршілігі туралы деретер шектеулі. Уылдырықты жазда шашады, өсімталдығы 100-200 уылдырық. Ұзындығы 5 см-ге жеткенде жетіледі. Ұзындығы 11 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Северцов талма балығы - Голец Северцова – *Noemacheilus sewerzowi* G. Nikolsky, 1938.**

Іле өзенінің бастауынан Қаскелең өзенінің сағасына дейін және оның төменгі ағысында таралған (11.68-сурет). Жергілікті балық. Уылдырық шашу, өлшемді, жазда жүреді. Ұзындығы 30 мм болып екі жасқа толғанда жетіледі. Өсімталдығы - 2,7 мың уылдырыққа дейін. Бентофаг. Ұзындығы 47 мм-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Теріс талма балығы - Терский голец – *Noemacheilus conipterus* Turdakov, 1954.**

Талас, Теріс, Арыс, Келес өзендерінде және Қаратау жотасының жылғаларында мекендейді (11.69-сурет). Жергілікті түр. Мамыр-маусым айларында көбеетін сияқты. Ұзындығы 50 мм-ге жеткен балықтардың бәрі жетілген. Қорегі детритті-өсімдіктік. Ұзындығы 96 мм-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Теңбіл салпыерін (талма балық) - Пятнистый губач – *Noemacheilus strauchii* (Kessler, 1874).**

Балқаш, Алакөл алабтарының барлық су қоймаларында, Шу өзенінде және Тарбағатайдың солтүстік бастаусыз өзендерінде таралған (11.70-сурет). Тұқылармен бірге республикамыздың көпшілік су қоймаларында таратылған. Үш түршесі белгілі: кәдімгі теңбіл садпы ерін – Тарбағатай өзендерінен басқа су қоймаларының бәрінде таралған, көл теңбіл салпыеріні - *N. s. ruzskii* – Алакөлде және *N. s. zaisanicus* – Тарбағатай өзендерінде таралған. Жергілікті түр, алайда Іле өзенімен көкені белгілі. Көктемде және жазда көбееді, судың температурасы 5°C-тан 24°C-ға жоғары болғанда уылдырығын құмайт-майда тасты жерлерге және өсімдіктерге өлшеммен шашады. Өсімталдығы - 48 мың уылдырыққа дейін. Көл түршелерінің салмағы 270 г-ға жетеді. Қорегі әртүрлі: өсімдік тектестен жануар тектестерге дейін. Құны шамалы кәсіпшілік түрге жатқызуға болады.

**Біртүсті салпыерін (талма балық) - Одноцветный губач – *Noemacheilus labiatus* (Kessler, 1874).**

Тек Балқаш және Алакөл алабында таралған (11.71-сурет). Тұқы шабақтарымен бірге республикамыздың басқада су қоймаларына таратылған. Жергілікті түр. Көктемгі-жазғы мезгілде көбееді, бірнеше өлшем уылдырықты салады. Субстраттарға индифферентті. Өсімталдығы - 60 мың уылдырыққа дейін. 2-3

жасында жетіледі. Негізінен бентос және планктон жануарларымен қоректенеді. Ұзындығы 24 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Отряд Жайынтәрізділер - Сомообразные – Siluriformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Жайындар - Сомовые – Siluridae**

**Жайын (лаха-майдасы) - Обыкновенный сом – Silurus glanis Linnaeus, 1758.**

Каспий (Жем өзенінен басқа суларда) және Арал алабтарында мекендейді, оның ішінде Шу және Сарысу өзендеріде бар (11.72-сурет). Талас және Балқаш алабтарында жерсіндірілген. Жергілікті және жартылай өткінші балықтар. 3-4 жасында жетіледі. Уылдырық шашу бірмезетте немесе өлшемді, сәуірдің соңынан шілдеге дейін созылады. Фитофил. Өсімталдығы - 1 млн. уылдырыққа дейін. Оның қорегінің негізіне балықтар жатады. Омыртқалы жануарларды пайдаланады (моллюскалар, шаянтәрізділер, жәндіктер), сондай-ақ қосмекенділерді, бауырмен жорғалаушыларды, су құстарын және су түскен сүтқоректілерді жей береді. Ұзындығы 2 м-ден асады, салмағы 200 кг-ға жетеді. Құнды кәсіпшілік балық.

**Отряд Тұқытістітәрізділер - Карпозубообразные – Cyprinodontiformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Пецилилер немесе Гамбузилер - Пецилиевые, или Гамбузиевые – Poeciliidae**

**Гамбузия - Гамбузия - Gambusia affinis (Baird et Girard, 1853).**

Солтүстік Америкадан алып келінген (11.73-сурет). Республиканың оңтүстік бөлігінің жылы суларында бірлі-жарымы таралған. Тірілей туады, жаз бойы бірнеше рет әр туғанында 100 шабаққа дейін туады. Екі айлығында жетіледі. Негізінен жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенеді. Ұзындығы 6 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ. Су қоймаларын дернәсілдендіруде оған көңіл аударуға болады.

**Тұқымдастық - Семейство: Оризилер - Оризиевые – Oryziatidae**

**Медака - Медака - Oryzias (— Aplocheilus) latipes (Temminck et Schlegel, 1846).**

Қазақстан су қоймаларында бірінші рет 1970 жылы Іле өзенінде байқалған, Сырдария, Шу, Балқаш алабтарында жерсіндірілген (11.74-сурет). Қысқа айналымды түр. Ерте жетіледі – жарты жылда. Уылдырық шашу көп өлшемді: сәуірден қазан бойынша. Өсімталдығы – бір өлшемде 50-ге дейін уылдырық болады. Олар әдетте, түйіршек болып жабысып, енесінің сыртқы тесігінде, дернәсілдер шыққанша, салбырап тұрады. Қорегі аралас: балдырлар және зообентос. Ұзындығы 5 см-ге жетеді. Кәсіпшілік түр емес.

Аквариум балық шаруашылығында пайдалануға болады және ғылыми тәжірибе қоюға өте жақсы нысана.

**Отряд Атеринатәрізділер - Атериноподібніе – Atheriniformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Атериналар - Атериновые – Atherinidae**

**Атерина - Атерина - *Atherina mochon* Eichwald, 1838.**

Қазақстанда Каспий атеринасының: *A. m. pontica* табиғи таралымы – Каспий теңізінде (11.75-сурет). Аралда жерсіндірілген. Теңіздік түр, алайда тұщы сулардан қашпайды. Мамыр-маусым айларында көбееді. Уылдырықты өсімдікке салады. Екінші жылы жетіледі. Өсімталдығы - 600 уылдырыққа жуық. Негізінен планктонмен қоректенеді. Ұзындығы 14 см-ге, салмағы 150 г-ға жетеді. Қазақстанда кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Отряд Трескатәрізділер - Трескоподібніе – Gadiformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Трескалар - Тресковые – Gadidae**

**Нәлім - Налим – *Lota lota* Linnaeus, 1758.**

Жайық, Ертіс алабтарында және олардың бастауларында, Нұра өзенінде, Ертіс-Қарағанды каналында және кейбір көлдерде (Үлкен Тарангүл, Зеренді, Майбалық және басқаларда) мекендейді (11.76-сурет). Жергілікті түр. Қыста судың температурасы 0°C-қа жуық болғанда көбееді. Уылдырықты тасты жерге салады. Өсімталдығы - 3,6 млн. уылдырыққа дейін. Екінші-төртінші жылы жетіледі. Негізінен балықтармен, бақалармен, шабақтармен – планктонмен және бентоспен қоректенеді. Балықтың ұзындығы 2 м-ге, салмағы 32 кг-ға дейін жетеді. Кәсіпшілік түр, алайда Қазақстанда оның сан мөлшері аз. Әуесқой балықшылар нысанасы.

**Отряд Шаншарбалықтәрізділер - Колюшкоподібніе – Gasterosteiformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Тікенектілер - Колюшковые – Gasterosteidae**

**Тоғызтіккенді шаншар-балық - Северная девятииглая колюшка – *Pungitius pungitius* (Linnaeus, 1758).**

Ақмола облысының бастаусыз көлдерінде және Тобыл өзенінің алабында белгілі. Жергілікті түр. Жазды өлшеммен уылдырық шашады. Өсімталдығы - 1000 уылдырыққа дейін. Уылдырық ұяға салынады және еркегі қорғайды. Ұзындығы 9 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Оңтүстік (кішкентай) тоғызтіккенді шаншар-балығы, ит-балық - Южная девятииглая (малая) колюшка – *Pungitius platygaster* (Kessler, 1859).**

Екі түршесімен берілген: оңтүстік тоғызтіккенді шаншар балықпен - *P. p. platygaster* және арал тоғызтіккенді шаншар балықпен

- *P. p. aralensis*. Біріншісі Солтүстік Каспийдің алабында мекендейді, екіншісі – Арал алабында және Нұра өзенінде мекендейді, Есіл өзеніне енген. Жергілікті балықтар. Уылдырық шашу көктем-жазда, созылған, өлшемді. Өсімталдығы - 700 уылдырыққа дейін, онысын ұяға салады, еркегі қорғайды. Қорегі әртүрлі: балдырлар, зоопланктон, жәндіктер дернәсілі, жамбас жүзгіштер. Уылдырықтарды және шабақтарды жем қоюы мүмкін. Ұзындығы 7 см-ге жетеді, әдеттегі салмағы - 2 г-ға жуық. Кәсіпшілік маңызы жоқ. Су қоймаларын дернәсілдендіруге белгілі орын алады.

**Тұқымдастық - Семейство: Тебентектес балықтар - Игловые, или Морские иглы – Syngnathidae**

**Тебен-балық - Игла-рыба – *Syngnathus nigrolineatus* Eichwald, 1831.**

*S. n. caspius* түршесі Каспий теңізінде мекендейді, Арал теңізінде жерсіндірілген (11.77-сурет). Теңіз балығы. Тұщы суларға енеді. Уылдырықтар еркегінің құйрығында орналасқан уылдырық шығаратын қалтасында ондағаны дамиды. Планктонмен, нектобентосмен және шабақтармен қоректенеді. Балықтың ұзындығы 18 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Отряд Алабұғатәрізділер - Окунеобразные – Perciformes**

**Тұқымдастық - Семейство: Алабұғалар - Окуневые – Percidae**

**Алабұға - Обыкновенный окунь – *Percia fluviatilis* Linnaeus, 1758.**

Барлық су қоймаларында және Талас өзенінде мекендейді, тек Балқаш-Алакөл алабында ол басқа түрмен ауыстырылған (11.78-сурет). Жергілікті балықтар. 1-3 жасында жетіледі. Көктемде су температурасы 7-15°C болғанда уылдырық шашады. Фитофилдер, уылдырықтарын өсімдіктерге «тізбегімен, алайда кейде жерге салады. Өсімталдығы - 900 мың уылдырыққа дейін. Қорегі аралас: шабақтар және зообентос. Алабұғаларға каннибализм тән, әсіресе көлде басқа балықтар болмаған жағдайда. Ұзындығы 40 см-ге дейін жетеді, салмағы 2 кг-нан асады. Жергілікті кәсіпшілік және әуесқой балықшалар нысаны.

**Балқаш алабұғасы - Балхашский окунь – *Percia schrenki* Kessler, 1874.**

Балқаш-Алакөл алабының эндемигі (11.79-сурет). Орталық және Солтүстік Қазақстанның кейбір су қоймаларына түскен (Нұра, Селетті, Өлеңді өзендерінің алабтары). Жергілікті балықтар, 2 экологиялық топ құрайды: теңіздіктік және қамыстықтық. 2-4 жасында жетіледі. Ерте көктемде бірмезетте уылдырық шашады. Өсімталдығы - 220 мың уылдырыққа дейін. Балықтармен және зообентоспен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 50 см-ге дейін,



салмағы 1,5 кг-ға дейін жетеді. Кәсіпшілік балық. Халықаралық табиғат қорғау ұйымның Қызыл Кітабына енгізілген.

**Таутан - Ерш - *Gymnocephalus* (= *Acerina*) *cernua* (Linnaeus, 1758).**

Оңтүстік алабтардан (Балқаш-Алакөл, Шу, Талас, Сырдарья, төменгі көлдерінен жоғары) және Жем өзенінен басқа су қоймаларының бәрінде мекендейді (11.80-сурет). Жергілікті балықтар. 2-3 жаста жетіледі. Сәуір-маусымда өлшеммен уылдырық шашады. Өсімталдығы - 163 мың уылдырыққа дейін, әдетте - 30 мыңнан аспайды. Нағыз бентофаг, алайда ол өсімдіктерді, уылдырықты және шабақты жеп қоюы мүмкін. Ұзындығы 18 см-ге, салмағы 120 г-ға дейін жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Көксерке, тісті-балық - Обыкновенный судак – *Slizostedion* (= *Lucioperca*) *lucioperca* (Linnaeus, 1758).**

Қазақстандағы табиғи таралымы – Солтүстік Каспий (Жем өзенінде табылмаған) және Арал (Шу өзенінен басқа) (11.81-сурет) алабтары. Талас, Нұра, Ертіс, Іле өзендерінің алабтарында және Балқаш және Алакөл көлдерінде жерсіндірілген. Жартылай өткінші балықтар. 2-4 жасында жетіледі. Судың температурасы 6- 16°C болғанда көктемде уылдырық шашады. Уылдырық бірмезетте қатты жердегі ұяға немесе қамыстың тамырына салады. Уылдырықты еркегі қорғайды. Өсімталдығы 1700 мың уылдырыққа дейін, әдетте 800 мыңға дейін. Қорегі негізінен балықтар: шабақтар, сиректеу ересек балықтарды, сондай-ақ мизидтерді, жамбас жүзгіштерді, креветкаларды, ірі жәндіктердің дернәсілдерін жейді. Денесінің ұзындығы 1 м-ден асады, салмағы 16 кг-ға жетеді. Құнды кәсіпшілік балық.

**Берш - Берш - *Slizostedion* (= *Lucioperca*) *volgensis* (Gmelin, 1788).**

Жайық өзенінде және оның ескі арналарында, сондай-ақ Балқаш көлінде және Іле өзенінде мекендейді, онда олар көксеркемен бірге жерсіндірілген (11.82-сурет). Жергілікті балықтар. 3-4 жасында жетіледі. Көбею жағдайы және мерзімі көксеркенікіндей. Уылдырық шашу өлшемді және бірмезетте болуы мүмкін. Өсімталдығы - 250 мың уылдырыққа дейін, әдетте 150 мыңнан аспайды. Негізінен майда балықтармен және мизидтармен қоректенеді. Ұзындығы 45 см-ге, салмағы 1,4 кг-ға жетеді. Екінші дәрежелі кәсіпшілік нысанасы.

**Тұқымдастық - Семейство: Элеотрлар - Элеотровые, или Головешковые – *Eleotridae***

**Элеотрис - Элеотрис - *Hypseleotris swinhonsis* (Gunther, 1873).**

Сырдарья, Шу (11.83-сурет), Талас және Балқаш алабтарында жерсіндірілген. Қысқа айналымды түр. Екінші жылы жетіледі.

Уылдырық шашу өлшемді. Өсімталдығы – бір өлшемде 150 уылдырыққа дейін. Уылдырық су түбіне салынады және еркегімен қорғалады. Қорекгі зерттелінбеген. Денесінің ұзындығы 5 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ. Маквариумдерде өсірілуі мүмкін.

**Тұқымдастық - Семейство: Жыланбас балықтар - Змееголовые – Channidae, или Ophiocephalidae**

**Жыланбас-балық - Змееголов - Ophiocephalus argus Cantor, 1842.**

Сырдарья алабында амур түршесі - *O. a. wargachowskij* (11.84-сурет) жерсіндірілген. 2-4 жасында жетіледі. Судың температурасы 18-25°C болғанда мамыр-маусым айларында бірмезетте немесе өлшеммен уылдырық шашады. Өсімталдығы - 110 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен – 44-57 мың. Уылдырық ұяға салынады және еркегі қорғайды. Негізінен балықтармен, сондай-ақ өзен шаяндарымен, бақалармен, ірі жәндіктермен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 80 см-ге, салмағы 8,0 кг-ға жетеді. Кәсіпшілік балық.

**Тұқымдастық - Семейство: Бұзаубас балықтар - Бычковые – Gobiidae**

**Бұзаубас-балық - Бычок-бубыр – Pomatoschistus (= Knipowitschia) caucasicus (Kawrajsky - Berg, 1899).**

Каспий алабында мекендейді (11.85-сурет), Аралда жерсіндірілген. Теңіз балығы, алайда тұщы суларға кіре береді. Өмірінде бір рет көктемде көбееді. Уылдырығын, 400 дана, өлген өсімдіктерге салады. Планктонмен және бентоспен қоректенеді. Ұзындығы 5 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Ұзынқұйрықты бұзаубас - Бычок Книповича – Knipowitschia longicaudata (Kessler, 1877).**

Солтүстік Каспийдің барлық су қоймаларына дейін дерлік (11.86-сурет). Тереңдікте және су түбінде жүзеді. Өсімталдығы - 500 уылдырыққа дейін. Балықтың ұзындығы 5 см-ден аспайды. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Ильин бұзаубас балығы - Бычок Ильина – Hircanogobius bergi Pjin, 1928.**

Солтүстік Каспийдің барлық су қоймаларында кездеседі, соның ішінде Еділ, Жайық, Жем сағаларында; мүмкін осы өзендердің атырауларында да бар шығар (11.87-сурет). Өсімталдығы - 410 уылдырыққа дейін. Ұзындығы 4,5 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Амур бұзаубасы - Амурский бычок - Rhinogobius similis Gill, 1800.**

Республикамыздың оңтүстік су қоймаларында мекендейді, онда олар Қиыр Шығыстан келіп түскен (11.88-сурет). Қысқа айналымды түр. Екінші жылы жетіледі. Уылдырық шашу өлшемді. Өсімталдығы -

2 мың уылдырыққа дейін, орташа есеппен - 1 мыңға жуық. Негізінен бентофаг: қорегінің негізі – хирономид дернәсілдері. Сондай-ақ зоопланктонды және балдырларды пайдаланады. Денесінің ұзындығы 5,5 см-ге, салмағы 3,2 г-ға жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Жұмыр-бұзаубас - Бычок-кругляк - *Neogobius* (= *Gobius*) *melanostomus* (Pallas, 1811).**

*N. m. affinis* түршесі Каспий алабында мекендейді (11.89-сурет). Аралда жерсіндірілген. Теңіз балығы, жиі өзендерде өмір сүреді. Сәуірден қыркүйек бойынша көбееді. Уылдырықтар өсімдіктерге және су түбі заттарына желімденеді. Өсімталдығы - 1 мың уылдырыққа дейін. Бентофаг, моллюскаларға, жамбас жүзгіштерге, балық уылдырықтарына маманданған. Ұзындығы 25 см-ге дейін. Құны шамалы кәсіпшілік түр.

**Шырман - Бычок-ширман – *Neogobius* (= *Gobius*) *syрман* (Nordmann, 1840).**

Қазақстан су қоймаларында каспий шырманы - *N. s. euristomus* (11.90-сурет) мекендейді. Аралда жерсіндірілген. Теңіз балығы, кейде тұщы суларға кіреді. Көктемде және жаз басында көбееді. Шаянтәрізділермен, моллюскалармен, шабақтармен қоректенеді. Ұзындығы 20 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Горлап – Горлап - *Neogobius* (= *Gobius*) *gurlap* (Berg, 1949).**

Каспий алабында мекендейді (11.91-сурет). Аралда жерсіндірілген. Теңіз балығы, тұщы суларда мекендей береді. Көктемде және жаз басында уылдырықтарын су асты заттарына салады. Негізінен жыртқыш, шабақтарды жейді, аздап шаянтәрізділерді және моллюскаларды пайдаланады. Ұзындығы 22 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Құмдауыт бұзаубас-балық - Бычок-песочник – *Neogobius* (= *Gobius*) *fluvialilis* (Pallas, 1811).**

*N. f. pallasi* түршесімен берілген, Каспий алабында мекендейді, Аралда жерсіндірілген (11.92-сурет). Теңіз балығы, жиі тұщы суларға кіреді. Мамыр-маусым айларында көбееді, уылдырықтарын ұяға салады. Өсімталдығы - 6000 уылдырыққа дейін. Планктонмен және бентоспен қоректенеді. Балықтың ұзындығы 19 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Хвалын бұзаубас-балығы - Хвалынский бычок – *Neogobius* (= *Gobius*) *caspius* (Eichwald, 1831).**

Каспийде мекендейді (11.93-сурет). Теңіздің солтүстігінде сиректеу. Теңіз балығы, тұщы суларға кірмейді. Мамыр-шілде айларында өлшеммен уылдырық шашады. Өсімталдығы - 2,2 мың уылдырыққа дейін. Шаянтәрізділермен, моллюскалармен, майда балықтармен қоректенеді. Ұзындығы 16 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Тереңнің бұзаубас балығы - Бычок-глубоководный – Neogobius (= Gobius) bathybius (Kessler, 1877).**

Каспий теңізінде мекендейді (11.94-сурет). Уылдырық шашу жазғы, бірмезеттік. Өсімталдығы - 3 мың уылдырыққа дейін. Қорегінде шаянтәрізділер, нереистер, майда балықтар бар. Ұзындығы 25 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Хабаршы бұзаубас балық - Бычок-гонец, лысый бычок – Mesogobius gyinnothraclielus (Kessler, 1857).**

*M. g. macrophthalmus* түршесімен берілген, Каспий теңізінде мекендейді (11.95-сурет). Теңіз балығы, өзендерге кірмейді. Шаянтәрізділермен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 6,5 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Соңғыемес бұзаубас балық - Бычок последний – Mesogobius nonultinius (Pjin, 1936).**

Каспийде мекендейді. Сирек кездесетін теңіз балығы, тереңдікте өмір сүреді. Бірмезетте уылдырық шашады. Өсімталдығы - 1,5 мың уылдырыққа дейін. Балықтың ұзындығы 15 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Мыжырайған бұзаубас балық - Бычок-цуцик – Proterorhinus marmoratus (Pallas, 1811).**

Каспий алабында таралған (11.96-сурет), Аралда жерсіндірілген. Теңіз балығы, тұрақты түрде көлдерде және өзендерде кездеседі. Мамырдан тамыз бойы көбееді, уылдырықтарын су асты заттарына салады. Балықтың ұзындығы 6,6 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Каспий каспиосомасы - Каспиосома – Caspiosoma caspium (Kessler, 1877).**

Каспийдің солтүстік бөлігінде кездеседі (11.97-сурет). Тұщы суларға уылдырық шашуға мамыр-шілдеде кіреді. Өсімталдығы онша емес - 20 уылдырық. Балықтың ұзындығы 4 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Үлкенбасты қарақшы - Каспийская (большеголовая) пуголовка – Benthophilus macrocephalus (Pallas, 1797).**

Солтүстік Каспийдің барлық су қоймаларында таралған (11.98-сурет). Еділ мен Жайықтың сағаларында кездеседі. Мамыр-маусымда өлшемді уылдырық шашады. Шаянтәрізділермен, моллюскалармен, нериес құртымен және балықпен қоректенеді. Денесінің ұзындығы 13 см-ге, салмағы 35 г-ға жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Каспий жұлдызша қарақшысы - Звездчатая пуголовка – Benthophilus sfellalus (Sauvage, 1874).**

Каспий теңізінде *B. s. leobergius* түршесімен, теңіздің барлық су қоймаларында таралған (11.99-сурет), алайда сиректеу, және *B. s. casachicus* түршесімен берілген, 4 данасы сипатталған, олар 29-40 м тереңдікте ауланған. Сәуір-маусым айларында уылдырық шашу үшін

Еділ сағасына енеді. Негізінен моллюскалармен қоректенеді. Балықтың ұзындығы 10 см-ге дейін. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Тікенекті қарақшы - Шиповатая пуголовка – Benthophilus spinosus Kessler, 1877.**

Каспийде мекендейді (11.100-сурет). Теңіздің солтүстік бөлігінде және өзендерде кездеспейді. Маңғыстау түбегінен белгілі. Өсімталдығы - 250 уылдырыққа дейін. Денесінің ұзындығы 4 см-ге жуық. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Түйіршікті қарақшы - Зернистая пуголовка – Benthophilus granulatus Kessler, 1877.**

Каспий теңізінде мекендейді (11.101-сурет), сонымен бірге Еділ мен Жайық сағаларында. Еділде мамыр-шілде айларында уылдырық шашады. Ұзындығы 6 см-ге, салмағы 4 г-ға жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Отряд Скорпентәрізділер - Скорпенообразные – Scorpeniformes**

**Тұқымдастық- Семейство: Керчақтар – Керчаковые, или Рогатковые – Cottidae**

**Кәдімгі тастасалағыш - Обыкновенный подкаменщик – Cottus gobio Linnaeus, 1758.**

*C. g. koshevníkovi* – орыс тастасалағышы түршесімен берілген (11.102-сурет), Жайық алабында кездеседі. Тіршілігі зерттелінбеген. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Сібір тастасалағышы - Сибирский подкаменщик, широколобка – Cottus sibiricus Kessler, 1899.**

Ертіс алабында кездеседі (11.103-сурет). Балықтың ұзындығы 15 см-ге жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Шатқал тастасалағышы - Чаткальский подкаменщик – Cottus jahartensis Berg, 1916.**

Сырдарьяның бастауларында кездеседі (Арыс, Бадам және басқаларында) (11.104-сурет). Көктемгі кезде көбеетін сияқты. Балықтың ұзындығы 6 см болғанда жыныстық жетіледі. Ерсек жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен қоректенеді. Ұзындығы 11 см-ге дейін жетеді. Кәсіпшілік маңызы жоқ.

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Әуесқой балықшылар кімдер?
2. Әуесқой балықшылықта балық аулау үрдісі қандай заңнамалармен реттелінеді?
3. Қазақстанда аумағында қандай балықтарды білесің?

## 12 СУ ТУРИЗМІ

Су туризмі – белгілі бір су объектілері (өзендер,көл жағалары) бойынша ұйымдастырылып өткізілетін,арнайы (қайықтар,салдар т.б.) жүзу құралдары бар жорықтарды ұйымдастыруға байланысты іс-әрекеттер.Су туризмінде қолданатын жүзу құралдары әр түрлі (байдаркалар, балон қайықтар,кильді қайықтар,катамарандар,тегіс табанды қайықтар т.б.) су жорықтары бойынша кездесетін кедергілер де ерекше ( желдер, толқындар, сарқырамалар т.б.).Су саяхаттарының туризмнің басқа түрлері алдында артылықшылықтары бар.Су туризмі палатканың салмағымен де, көлемімен де қысылмайды, ол өзімен бірге киім, балықтар аулау құралдарын, итін, көбірек азық-түлік алады. Су туризмі спорттық туризмнің бір түрі болып табылады, ол су бетінде болатын арнайы маршруттық кедергілерді өтуді қамтиды. Ол да белгілі бір кедергілерден өтуді қарастырады. Су туризмі өзге де спорттық туризм түрлері сияқты дәрежелерді қамтиды. Ол дәрежесі бар және дәрежесіз деген екі топқа ажыратылады. Мысалыға, 1-ден 6-ға жейінгі дәреже түрі болса, 6-сы ең қиыны болып табылады. Су туризмі белгілі бір түрлерге бөлінеді: каякинг, рафтинг, желкенді қайық көмегімен және өзендерге сплав жасау. Аса қиын емес су жорықтары қарапайым үрлегіш қайық арқылы жүзеге асырылады. Су туризмімен айналысу үшін үрленгіш (12.1-сурет), ағаш дуалынан жасалған қайықтар қолданылады. Сонымен қатар, коммерциялық түрде сплав жасау үшін рафт жиі пайдаланады.

Су туризмі жорыққа шыққан адамнан көп төзімділікті қажет етпейді, бірақ саяхатшылардың жүзе білетін қайықты дұрыс бағыттап, ескек есе алатын болуы міндетті. Қайықты бастапқы орнына апарып қою немесе ағаштарды байланыстырып, жүзуге дайындау тәрізді жұмыстар су саяхатының дамуын біршама шектейтіндей. Сумен саяхат өзіңмен бірге көп жүк алуға мүмкіндік береді, дене жүгін азайтады, саяхатшы дүниетанымын тарылтып, өзен жағалауларымен тұйықтайды (12.2-сурет). Сумен күндіз саяхат жасағанда ең бастысы ағыс жылдамдығына өзен бойындағы қатты жыныстар шоғырымен өзен қайранының терең, таяздығына байланысты 0 шақырымнан 80 шақырымға дейінгі қашықтыққа бара аласыз. Біздің елімізде кездесетін көптеген өзен бойындағы қатты жыныстар шоғырының күрделі де қауіпті болатыны мәлім, олар жағаларды жиі жағалап жүруге, қайықтарды сүйреп, жүктерді тасымалдауға мәжбүр етеді.

Су саяхаттарының маршруттары жолың күрделілігіне, ондағы бөгет-кедергілердің сипатына және ондағы қиыншылықты жеңіп өтуіне байланысты бес дәрежеге бөлінеді. 1-ші дәрежеліге туристердің жеңіл өтуіне болатын кедергілері ғана бар ақырын ағыстағы жазықты өзендер жатады. 2-ші дәрежелі күрделілікке ағысы тез ағатын таулы,орманды өзендер тән. 3-ші дәрежелі саяхаттарға күрделірек бөгеттері бар өзендер мен көлдер бойынша маршруттар енгізіледі. 4-ші және 5-ші дәрежелі

маршруттағы саяхаттар анық көрінетін спорттық сипатта келеді, бұндай саяхат әдістемесі арнайы жетекшілікпен болады.

Құрылуы бойынша су саяхаттарының маршруттары мынадай болады:

1) бір немесе бірнеше өзендер ағысы бойынша төмен қарай жүзу;  
2) көл немесе су қоймаларын басып өтетін өзендердің ағысы бойынша төмен қарай жүзу;

3) жарты дөңгелекті маршрут – бұнда маршруттың бастапқы немесе дөңгелекті келетін бөлігін ағысқа қарсы жеңіп өтеді. Егер жарты дөңгелектің басы және соңы құрғақ жолмен біріксе, бұндай маршрут айналмалы (кругосветка) деп аталады;

4) топтың бір өзеннен басқаға қайықтары мен жүктерімен ауысып жүруі;

5) аралас типті маршрут. Маршрутты бастайтын немесе аяқтайтын су плоттарымен бірге болатын жаяу-су саяхаттары ең әйгілі;

6) цептік маршрут – бірнеше кезеңге бөлінген қандай да бір су жолы бойынша өтеді. Маршруттарын аяқтай отырып, топ қайықтарын сақтауға қалдырады, өздерінің саяхаттарын келесі каникулдық мерзімде жалғастырады;

7) цептік маршрутта бірнеше топтың арасында қайықтарды қолдануды бөле және кезеңдерді өту кезектілігін бекіте отырып, оны эстафеттіге айналдыруға болады.

Су туризміндегі жеке жабдықтар

Су туризмінде жеке жабдықтарға рюкзак, гидроқап, спальник, төсеніш, гигиеналық жабдықтар, жеке тасу заттары, құтқару күртешелері, каска т.б. жатады. Егер туристік немесе спорттық жорықтар каякта өтетін болса, каяк жеке жабдық болып табылады. Өз кезегінде мынадай қайықтар, рафттар, катамарандар, плоттар немесе бубельдер қоғамдық жабдықтарға жатады.

**Дайвинг (12.3-сурет).**

**Түркияның атақты суға батып кеткен кемелері мен су асты үңгірлері әлемнің су асты зерттеушілерін күтуде.**

Анталия / Кемер: Бұл бүкіл дүние жүзіне әйгілі туристік орын, мұнда жер асты жүзуінің көптеген мектептері жинақталған, су асты әлемінің әуесқойларына арналған алуан түрлі баламаларды ұсынады. Су асты әлемінің әуесқойлары үшін Анталияның портына кіре берісте 20-32-метр тереңдікте лайлы суға ағып кеткен француз әскери кемесі үлкен қызығушылық тудыруда. 33-метр тереңдікке батып кеткен және құмды түбінде жатқан париждік "Атлантида" барлық аквалангистерге көрінуі тиіс. Текиров ауданына жақын жерде орналасқан үш арал алуан түрлі батуларды жүзеге асыратын жер болып табылады. Бұл аймақтың бай бату каньоны үшін ірі балық-сорғыштар және басқа да балықтардың түрлері енгізіледі. Үш арал су асты үңгірлерін зерттеу үшін тамаша тапсырмас

орын болып табылады. Тамыз бен қыркүйекте бұл жерде тунец балығын, сонымен бірге теңіз мысықтарын кездестіруге болады. Бұл сулар сондай-ақ макро және түнгі суретке түсірулерге де тамаша үйлеседі. Жағалау суларында кез келген уақытта дельфинмен кездесуге болады.

**Калкан:** Advance (тәжірибелі) Дайвер жіктер үшін үйлесімді су, өздерін байыпты шығаруларды ұстағысы келетіндерге тамаша үйлеседі. Күшті ағыстары, қабырғаның бойымен бату, макро өмір, пелогия тұқымдас балықтардың алуан түрлілігі, батып кеткен кемелер – осылардың барлығы осы өңірдегі теңіз түбінің байлықтары. 30 метр тереңдік ағысында искармозалар мен орфозалардың, тасбақалардың, оркинозалардың, жабысқақ балықтардың ағысқа қарай қалац қарсы тұратынын көруге тұрарлық-ақ. Шортандар да осы фаунаның қызық түрлерімен азықтанушылар болып табылады.

Патара теңіз маржандарымен және алуан түрлі теңіз жануарларымен безендірілген. 11 метрден 132-метрге дейінгі тереңдікте төменге қарай түсетін шамшырақтың қабырғасы жеткілікті қызық және көп түсті. Ал Эксюз аралы шортан тұқымдастары лизардтың қоректену ортасы болып табылады.

#### **Батып кеткен америкалық әскери ұшақ Б-24**

Антальи - Манавгата провинциясына жақын жерде, жағадан 200 метр қашықтықта 1944-жылы Румынияны атқылау бойынша тапсырманы орындағаннан кейін Кипрдегі базаға қайтып келе жатқан "Hadley's Harem" атты америкалық әскери ұшақ Б-24 батып кетеді. 1995 жылы ұшақтың қаңқаларын жер бетіне алып шығу үшін жасалған жұмыстардың нәтижесінде ұшқыштың кабинасы шығарылды, ол біраз уақыт Дженгель жандармериясында жатқаннан кейін қазіргі уақытта Стамбулдың жеке меншік мұражайларының біріне жеткізілді. Ұшақтың суда қалған бөлігін көтеріп шығару бойынша жұмыстар әлі де жалғастырылуда. Ұшақтың аумағын алып шығу үшін арнайы рұқсат керек.

Улубурун антикалық қаласының батып кетуі: Каш провинциясынан оңтүстік-шығысқа қарай 8,5 км жерде Улубурун шығыстық жағалауында б.д.дейінгі 14-ғасырда батып кеткен жүк кемесі жатыр. 1984 жылы басталған зерттеулердің нәтижесінде жоғарыға 61 метр тереңдікте болған оның баға жетпес жүгі көтерілді. Жоғары көтерілген олжалар қазіргі уақытта Бодрумның су асты археологиясы мұражайында орналасқан.

#### **Суға батып кеткен антикалық Гелидонья**

Анталия шығанағының батыс бөлігінде қазіргі уақытта Ташлык атын иемденген мүйіске таяу жерде жартасқа соқтығысу кезінде батып кеткен Гелидонья жүк кемесі бар. 1960 жылғы жоғары көтеру кезінде және кемені зерттеуде, 26-28 метр тереңдікте жатқан кеменің б.д.дейінгі 13-ғасырға жататынан бекітілді. Оның ерекшеліктерінің енді бірі құрғақ жерлерде жүргізілетін стандартты қазып алулар жүргізілді, бұл осындай түрдегі қазып алулар жүргізілген алғашқы аяқталған су асты қазып



алулары еді. 1994 жылғы зерттеулер кезінде Гелидоньидің тастан жасалған зәкірлері орта-шығыстықтармен ұқсастығы бары бекітілді. Судың түбінен алынған олжалар Бодрумның су асты археологиясы мұражайында орналасқан.

**Француз (Азаматтық) кемесі** Анталия желкенді айлақтарынан километр қашықтықта тікелей судың астында 1942 жылы әскери әрекеттер кезінде суға батып кеткен "Сан Дидье" атты француз әскери кемесі орналасқан. 1946 және 1974 жылы жүргізілген жұмыстар кезінде кеменің жүгінің үлкен бөлігі жоғарыға көтерілді. Медициналық көмек кемесі деген атпен бүркемеленген кемеден қару-жарақ қоймалары мен шөл дала жағдайында әскери әрекеттер жүргізу үшін қолдануға жарамды машиналар табылды. Толық жасырыну үшін экипаж мүшелеріне униформа кимеуге бұйрық берілген және балықшылардың көмегімен кемедегі адамдардың өздерінің жеке заттарын өздерінің жанында алып жүруге тырысқандары фактілері анықталды, бұл қарапайым халық кемені «азаматтық» ретінде атау үшін жасалған себептер екені нақтыланды. Қазіргі уақытта суға батып кеткен кемеден ештеңе қалған жоқ, бірақ соған қарамастан ол өзіне сүңгірушілерді тартуын қояр емес. Кемені судан шығаруды жүргізу үшін Анталия Мэриясы мен Полиция Теңіз бөлімінен рұқсат алу керек. Тағы бір назар аударалық қызық жәйт, желкенді қайықтың айлағына жақын жерде бұғазда қарқынды қозғалыс жеткілікті.

### **Фаллезлер**

Анталия - Лары мен Коньяалты екі ірі жағажайдың арасында жағадан шығаруға қолайлы нүктелер орналасқан. Олардың тереңдігі 14 метрден 25 метрге дейінгі аралықты құрайды. Бірінші 20 метрі жеткілікті қызық. Құлдилаудың жеңілдігі көзқарасы тұрғысынан Коньяалты жағажайынан төмен түсетін орынға басымдылық беріледі. Бұл аумақта құздар 25 метрге дейін төмендейді, бұл жер асты әлемі мен оның қоректенушілерін бақылауға толық мүмкіндік береді.

### **Сичан аралы**

Анталия портынан бірнеше километр жерде орналасқан шағын ғана арал өзіне көптеген аквалангистерді тартуда. Жағаға қараған батыс бөлігінің ұсақ түбі (максимум 8 метр) әдетте құмды болып келеді. Ең тартымдысы аралдың солтүстік-шығыс бөлігі болып табылады, оның жартастық түбі 22 метрдей төмен кетеді. Бұл уақытта шағын үңгіршік шығыста сүңгігіштер үшін жақсы тарту болып табылады. Аздаған батыс самалы толқын тудырмайды, сонда да желдің күшіне байланысты күшті жоғары ағыстың туындауына себеп болады. Аралған деген жоғары қызығушылықтың әсерінен мұнда теңізге серуенге шыққан желкенді қайықтардың жанды қозғалысы байқалады.

### **Каштағы батып кеткен ұшақ**

Мэис аралына жақын жерде Екінші Дүниежүзілік Соғыс кезінде қазірге дейін белгісіз себептермен батып кеткен үш моторлы итальяндық

әскери ұшақ жатыр. Ұшақ 57-метр тереңдікте жатыр, құмға батып бара жатқандықтан және оның құрығындағы металының кесектері 70-метрге дейін батып кеткен. Оның қалдықтарының айналасында әлі де жарылмаған және шамамен болжағанда әлі де белсенді әскери қару-жарақтар жан-жаққа шашылған.

### **Үш арал**

Текировтан алыс емес жерде шағын аралшықтар көтеру үшін жақсы аймақ болып табылады. Аралдар жоғарыға көтеру үшін орындардың көптігінен, алуан түрлі тереңдіктің болуынан, Анталия үшін түптерінің байлығынан, анық көрінуі мен көтеруге арналған орталықтарының көптігінен танымалды болған. Кемер желкенді қайықтар тоқтайтын айлақтан 45 минут шамасында орналасқан.

### **Гек үңгірі**

Гек үңгірі Финикеді орналасқан, Азиядағы неғұрлым тереңірек зерттелген үңгірлердің бірі болып табылады. Үңгірден 15-метрлік тереңдікте шығатын тұщы су тұзды сумен қосылады. Сталактиттер үңгіріне кіретін кең дәліздің болуы үңгірдің ертеректе құрғақта болғанын көрсетеді.

### **Париж кемесі**

Кемер желкенді қайықтар тоқтайтын айлақтан 25 метр жерде бір жарым километрде құмды түбінде Екінші Дүниежүзілік Соғыс кезінде суға батып кеткен француз жүк кемесі жатыр. Шамамен алғанда 1896-жылы құрастырылған кемелің үш палубасы мен екі трюмы бар. Трюмдерде бір-біріне дәнекерленген қару-жарақтардың қоры бар, оның ортасында орта бөлігі кафельденген қызық бөлшек орналасқан. Соңғы уақытта өзіне сүңгірушілерді көп тартатын осы жер көптеген су астына келушілердің орны болуда.

### **Сулуин үңгірі**

Анталия үстірті туфты үстірт болып табылады, ол су жолдары әк жынысын қайрай бергеннен барып түзілген. Бұл түзілулердің астында теңіз суымен араласқан таза судың көптеген су астылық бұлақтары бар. Қыркғез жеріндегі Сулуин үңгірі ондағы сталактиттер мен сталагмиттердің болуы бойынша үңгірдің бұрын жоғарыда болғанын куәландырады. 1995 жылы жүргізілген зерттеулер үңгірдің тереңдігінің 83-метрге жететінін және қозғалыс кезінде арналардың түбінде шамамен 45-метр жерде кең зал бар екенін бекітті. Осы залдың қабырғалары сталактиттермен, туфтық бассейндермен және басқа да түзінділермен жабылған. Зерттеулер кезінде залға кіретін және залдан шығатын көптеген дәліздер табылған.

### **Балыкесир**

#### **Айвалык**

Айвалык бір аңыз бойынша Атлантиданың жоғалып кеткен жері болып табылады, су астына батуға жақсы мүмкіндіктер ашады. Мұнда су

астына бату үшін негізгі орындар болып табылатындар Гюнеш аралы, Юварлак аралы және Кербела Ташлары орны. Ал ең танымал жерлер деп бір бөлігі теңізге көрініп тұрған Кыз аралы есептеледі. Шын мәнінде 19 метр тереңдіктен басталатын су астының фауналарын көруге болады.

### **Мугла**

#### **Датча**

Датча, ұлы географ Страбон айтқандай, "Құдай сүйікті құлын Датча түбегіне жібереді, өйткені оның өмірі ұзақ болады", шын мәнінде су асты жүзулері үшін таңғажайып орын болып табылады. Кара Инджир жанындағы теңізде аралдардың маңында 10-40 метр жерде шортанды, дельфинді, жер орта теңізінің мысықтарын, тереңі жерінде 3-4 муренді кездестіруге болады. Датчадағы желкенді қайықтардың айлағына жасанды түрде қосылған Эсен аралы су асты жүзулері үшін қолайлы да ыңғайлы орын болып табылады.

#### **Мармарис**

Мармаристегі құлаған қазындылардың көптігі мен жүзуге арналған орындардың 52 орталығы алуан түрлі тереңдігімен кез келген сүңгіушіні бақытты етеді. Сырты шығанақта жер асты жүзулері үшін негізгі орын 33 метрлік Родос, Мыс Кютюк, Остров Дженнет, Маяк Кадырга және Каргы аралы болып табылады. Дженнет аралының жартастарынан қабырғалық жүзу кезінде тереңдікті бақылау қажет. Қабырғаның жоғары жағы өсімдіктер мен макро өмір үшін таңғажайып орын болып табылады.

#### **Бодрум**

Бодрум Түркияның жер асты туризміндегі терезесі болып табылады. Бодрумның шығысындағы Орак аралы аквалангистер үшін әдеттен тыс үңгірлерімен, алуан түрлі теңіз астындағы өсімдіктерімен және жүз метрлік натуралды қабырғасымен нағыз жұмақ болып табылады. Аралға тастан жасалған таяз су ерекше әсемдік көрік береді. Каргы және Кечек аралдарында 20-30 м тереңдікте сондай-ақ ертедегі жер асты қазындылары кездеседі, олар макро және түнгі суретке түсірулер үшін ірі және ұсақ теңіз фаунасының өкілдері де шығады. Кечек аралына барар жолда 19 метр тереңдікте жер асты рифі кездеседі, ол көруге тұралық-ақ. Рифт аңшылық болмағанда ол жерден тірі жәндіктердің небір түрлерін көруге болады. Чатал аралы мен таяз су оның жанындағы Гемиташи бағының жағалаулары су астында жүзуге арналған жақсы орын болып табылады.

#### **Чанаккале**

##### **Сарос**

Сарос, Стамбулға жақын орналасқандықтан сүңгірушілер үшін танымал орын болып табылады, су асты көрнекі жерлерінің көптігінен аквалангистер үшін қызық болуы да мүмкін. Босфор бұғазына кірер жерде батып кеткен "Капитан Франко" кемесі Кемиклиден Сарос бұғазына жақын жерде орналасқан, 30-метрлік тереңдікте жатқан "Ланди" қызық орындардың бірі болып табылады. Бұғазда 15 -тен 30-метрлік тереңдікте

алуан түрлі жаңа және ескі жер асты қазындыларын көруге болады. Жер асты фауналарының бай болғаны соншалықты тіпті қара коралл маржан да кездеседі. Алайда су ағысын қадағаламаса болмайды.

### **Гекчеада және Бозджаада**

Осы екі аралға да тұрақты кеме рейстері бар. Гекчеадада су асты жүзушілерінің мектебінің жоқтығынан айналасында орналасқан басқа мектептерге жүгінуге тура келеді. Кузу Гекчеады айлағында Бірінші Дүниежүзілік Соғыс кезінде батып кеткендердің қалдықтары бар. Егер Мәрмәр шамшырағы мен анатолиялық жағаның арасындағы аумақты қарастыратын болсақ, өте үлкен зәкірлер мен кемелердің қалдықтарын табуға болады. Ешшек аралының айналасында кез келген жануарлардың түрін кездестіруге болады. Мәрмәр мүйісі мен Туз мүйісінің оңтүстік жағалауы жер асты жүзулеріне аса қолайлы болып келеді. Чанак, БаклаТаши и Пынар Дерек порттары Гекчеада жер асты батуларына арналған орындар. Басқа да туристік шаралармен бірге Гекчеадада су астында жүзуге үйрететін мектеп бар. Бозджаада жағасында жер асты зерттеулеріне арналған қолайлы да ыңғайлы орындар аса көп.

### **Мерсин**

Мерсин, таза суы бар, аквалангистер үшін ерекше жағдайлар ұсынады. Батыс мүйісте Дана аралында төңкерілген жүк кемесінің жанында аквалангистер жиі кездеседі. Курт мүйісі, Фок мүйісі, Синджак елді мекенінің Дана аралындағы солтүстік-батысытағы жер асты аралдарынан жер асты сулары үшін қызықты орын болап табылатын үлкен амфоралар табуға болады.

Төменде Қазақстанда су туризмімен айналысатын орындармен таныстырамыз.

**Іле** — Балқаш көлі алабындағы өзен. Қазақстанның Алматы облысында және ҚХР-дың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аудан аумағында, Орталық Тянь-Шань тауларынан (Тәңіртаудан) бастау алатын Текес пен Күнесті өзендерінің қосылуынан пайда болып, Балқаш көліне құяды (12.4-сурет).

Ұзындығы 1001 км (Текес саласымен 1439 км), Қазақстан аумағында 815 км. Су жиналатын алабы 140000 км<sup>2</sup>, Қазақстан аумағында 77400 км<sup>2</sup>. Жоғарғы бөлігі таулық сипатта. Оң саласы Қаш өзені құйғаннан кейін аңғары кеңейеді. Қапшағай қаласына дейін Іле жағасы аласа, кең аңғармен ағады, жайылмаларының кей жерлері батпақтанады. Қапшағай шатқалы тұсында өзен арнасы бөгіліп, Қапшағай бөгені салынған. Төменіректе Күрті өзені құйғаннан кейін аңғары едәуір кеңейіп, Сарыесікатырау және Тауқұм аралығымен ағады. Ірі салалары: Түрген, Талғар, Қаскелең, Күрті, Шілік, Шарын, Үсек (Өсек), Қорғас. Балқаш ауданында өзеннен Шетбақанас, Ортабақанас, Нарынбақанас атты ежелгі құрғақ арналары тарамданады. Сағасынан 340 км жерде Іле салаланып, үлкен атырау

кұрайды. Оның ұзындығы 130 км, енді жері 100 км-ге дейін, ауданы 9000 км<sup>2</sup>. Іле өзені мұздық, жауын-шашын, жер асты суларымен толығады.

Су ресурстарының шамамен 30%-ы Қазақстан, 70%-ы Қытай аумағында қалыптасады. Көп жылдық орташа ағымы Қайырған бекетінде (шекара тұсында) жылына 12,35 км<sup>3</sup>, Балқашқа құятыны 11,85 км<sup>3</sup>. Суының минералдығы 286 мг/л-ден 877 мг/л-ге дейін (шекара маңында) өзгереді, атырау басында (Үшжарма) – 320 – 345 мг/л.

Іленің және оның салаларының суы негізінен суармалы егіншілікке (3,7 – 4,5 км<sup>3</sup>/жыл), өнеркәсіптік-коммуналдық қажеттіліктерге (200 – 500 млн. м<sup>3</sup>/жыл), гидроэнергетикаға пайдаланылады. Балыққа бай, атырауында ондатра ауланады. Құлжа қ-нан төмен (Қытайда) кеме жүзеді. Қазақстан аумағында Бақанас а-на дейін тұрақты кеме қатынасы бар. Арнасы көп жерінде қамысты, тоғайлы.

Жетісу өзендерінің бірі болып саналанады. Іле өзенінде Қапшағай су қоймасы орналасқан.

Ірі салар: Шарын, Қаш

Өзен бойында Қапшағай, Бақанас, Құлжа, Бақбақты елді мекендері орналасқан

#### **Түрген шатқалы**

"Түрген сарқырамасы" – Іле-Алатау ұлттық саябақтың құрамында сұлу шатқалында, Алматы облысының туристер баратын орындарының бірі (12.5-сурет).

Бағыт Алматы қаласының орталығында басталады. Жолы бұрын керуендердің өтетін жолдарында Еуропаға шығыстан – Қытайдан және Үндістаннан келетін болған.

Түрген шатқалында 7 сарқырама бар. Адамдар көп баратыны: біріншісі "Аюлы" және екіншісі "Тескенсу". Алғашқы сарқырама (биіктігі 30 метр) жасыл шыршалар және шыңдар арасындағы бейнелі орында орналасқан. Шатқалда шыңдар жерсілкініс кезінде бөлініп, мұзды кезеңге дейін іздерді сақтаған. "Аюлы" сарқырамасына баратын көпірден жоғары 300 метрде "сұлулық көз" мұзды бұлақты суымен бұлақ орналасқан.

Тескенсу сарқырамасы бұлақтан шамамен 2 сағаттық жерде орналасқан. Негізгі ағынның құлау биіктігі – 40 метрді, ал егер жалпы биіктікті санайтын болсақ – 74 метрді құрайды. Шатқал өзінің Шың-Түргендік жердегі шыршалы алаңды түкті құрайтын шыршаларымен белгілі.

**«Көлсай көлдері»** Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы үкіметінің 2007 жыл 7 ақпандағы № 88 қаулысымен құрылды. Парк территориясында теңіз деңгейінен 1800-3500 метр жоғары өсетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, керемет өзендер мен көлдер, қырлы ландшафттар кездеседі. Әлі де болса адамдардың шаруашылық тіршілігі жүргізілмеген ерекше табиғи орта кездеседі. Тапу өзендері, құздар, көлдер мен өзендер түрлі-түсті бояуларға боялған, бұталы

өсімдіктер осы аумақтың тартымды және көріктілігін көрсетеді. Ауа-райы жағдайы демалу және сауықтыру үшін ыңғайлы, оған сәйкес қысы жұмсақ, ауасы таза, қысқы демалыс түрлері үшін қолайлы. Көлсай көлдеріне жаяу және атты маршруттармен, ал Қайынды көліне дейін автокөлікпен баруға болады. Сонымен қатар, сіздер гидтер мен экскурсовод-нұсқаушылардың қызметін пайдалана аласыздар. Ұлттық парк аумағы біркелкі массивтен құрылған Алматы облысының Талғар және Райымбек территориясында орналасқан. Көлсай өзенінің ағымында үш көл орналасқан: Жоғарғы Көлсай, Ортаңғы Көлсай, Төменгі Көлсай (12.6-сурет).

**Шарын ұлттық табиғи паркі** – Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Райымбек және Ұйғыр аудандарында орналасқан мемлекеттік парк. 2004 жылы ұйымдастырылған. Жер көлемі 93,2 мың га. Ұлттық парк 1964 жылдан бері республикалық маңызы бар табиғат ескерткіші ретінде қорғалып келді.

Шарын ұлттық табиғи саябағы Үлкен Бөгеті тау жотасын, Сөгеті аңғары мен шекаралас шөлді жерлерді Шарын өзенінің бойындағы «Қызғылт қамалдар» аңғарын, сол мандағы далалы алқапты және Торайғыр тауы беткейлерін қамтиды. Саябақ аумағынан Шарын өзені ағып өтіп, Іле өзеніне құяды. Шарын өзеніне тау беткейлерінен басталатын Шалкөдесу, Кеген, Қарқара, Кенсу, Орта Мерке, Шет Мерке, Темірлік, т.б. ұсақ өзендер қосылады. Парк ауа райы құрғақ қоңыржай, жауын-шашынның жылдық мөлшері 150 мм-дей. Шарын ұлттық табиғи саябағында геологиялық ежелгі кезеңдерден сақталып келе жатқан «Қызғылт қамалдар» аңғарының кескін-келбеті өте таңданарлық. Шарын өзенінің миллиондаған жылдар бойы жуып-шаюынан өзен аңғарында ойдым-ойдым қызғылт түсті шатқалдар пайда болған. Дәл осындай табиғаты ерекше шатқал дүние жүзінде Шарыннан басқа тек АҚШ-тағы Колорода штатында ғана кездеседі (Үлкен каньон шатқалы). Паркта өсімдіктердің 940 түрі өседі, оның 60-қа жуық түрі эндемиктер. Ондағы өсімдіктердің 21 түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген. Сүтқоректілердің 60, құстардың 300, бауырымен жорғалаушылардың 20, балықтардың 10 түрі кездеседі. Саябақ аумағынан ерте кездерде тіршілік етіп, кейіннен жойылып кеткен жануарлардың (пілдердің, мастодонттардың, мүйізтұмсықтардың, қорқау қасқырдың, стенон жылқысының, т.б.) қаңқа қалдықтары да табылған.

Оны Үлкен Колорадо каньонының (АҚШ) кіші бауыры деп те атайды. Каньонның «Қызғылт қамалдар» деген тағы бір аталуы бар. Себебі бұл жердегі үнсіз жатқан алып жартастар өздерінің таңғажайып пішіндерімен таңқалдырады.

«Шарын каньоны» – жаратылысында табиғи кешен. Ол Үлкен Колорадоның шағын түрі іспеттес (12.7-сурет).

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Су туризмі дегеніміз не?
2. Дайвинг дегеніміз не?
3. Әлемде және Қазақстанда су туризміне танымал жерлерді ата?

### 13 АТТЫ ТУРИЗМ

Туристтерге ат (жылқы) жайында.

Дүние жүзінде 250-ге тарта жылқы тұқымы мен тұқымдық тобы өсіріледі. Олар бір-бірінен шығу тегі, өнімдік бағыты, дене құрлысы мен тірілей салмағы, зат алмасуы бойынша ерекшеленеді. Жылқы тұқымдарын топтастырып, жіктеу оларды зерттеуді жеңілдетіп, асылдандыру ісін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады. Зоологиялық, экологиялық және зоотехникалық тұрғыдан жылқы тұқымдарын қаңқасының жетілуі мен хронологиялық өзгеруіне байланысты класстарға бөледі. Экологиялық жіктеу жылқы тұқымдарын шығу тегі мен таралған жеріне байланысты негізделген. Бұл жіктеумен үндестік тапқан зоологиялық жіктеу бойынша жылқы тұқымдарын - сүйегі жеңіл де мықты, қырынан қарағанда иіліп тұратын, терісі жұқа Шығыс және сүйегі ірі, терісі қалың, жүндес батыс тобына, шығыс жылқысы типтес жазық және таулық, басы қырынан тік, беті қысқа да кең келетін ормандық, бөкен тұмсықты беті ұзын да жіңішке далалық аймақтық тобына, дөңес маңдайлы және тік маңдайлы солтүстік типтеріне - жатқызады. Бірақ бұл жіктеу жүйелеріне қарағанда іс жүзінде жылқы тұқымдарының шаруашылыққа пайдалы белгілеріне негізделген зоотехникалық жіктеуі кең пайдалынады.

Зоотехникалық жіктеулер ішінде іс жүзінде тиімдісі А.Красниковтың жіктеуі. Ол жергілікті жылқы тұқымдарын - далалық (башқұрт, бурят, қазақ, моңғол), таулық (алтай, гуцул, қарабах, қырғыз, локай, мегрел, тува, тушин), ормандық (вят, карел, мезен, печора, полес, эстон, якут жылқылары) деп үш экологиялық типке бөлсе, ал зауыттық тұқымдарды - мініс (араб, ахалтеке, иомуд, терск, тракен, таза текті салт мініс), міністі - жегісті (дон, буденный, кабардин, қарабайыр, қостанай, көшім, жаңа қырғыз), желісті (орлов, орыс, американ, француз), ауыр жүк тартатын (Владимир, арден, литва, першерон, орыс, совет), жегіс (белорусс, жемайчу, латвия, торий) тұқымдарына бөледі.

Ю.Барминцев шаруашылыққа пайдалану қасиеттері бойынша жылқы тұқымдарын төрт топқа бөлді: жұмыс аттары (жегілетін және желісті жылқының шаруашылықта жұмыс істеуге, жүк теңдеуге, тасымалдауға жарамды типі, экстремальды жағдайға арналған әскери аттар), спорт аттары (ат спорты ойындары мен жарыстарға, сондай-ақ ат туризміне арналған аттар), сүт және ет өндіруге арналған жылқы (өнімді жылқылар), продуценттер (жылқы қанынан сіреспе, гангрена, дифтерия, ботулизм, т.с.с. ауруларды емдеуге арналған қан сарысуын дайындайтын биология өнеркәсібіндегі жылқылар).

Қазақстанда өсірілетін негізгі жоспарлы жылқы тұқымдарына қазақы жылқының жабы мен адай типі, мұғалжар, көшім, қостанай және дон



тұқымдары жатады. Тебінді жылқы шаруашылығында жергілікті жылқы тұқымдары өсіріледі.

**Қазақы жылқы.** Үйірлеп бағылатын қазақы жылқы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге туысқан республикаларда да көптеп өсіріледі.

6-кесте. Тебіндік - далалық жылқылар денесінің орташа өлшемдері

Тұқымдар	Өлшемдері, см				
	Шоқтығының биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы	Тірілей салмағы, кг
Монғол	127	134	164	16,8	250-300
Бурят	132	138	165	17,2	300-350
Забайкал	135	139	163	18,3	320-370
Хакас	143	151	170	19,0	350-450
Қазақ	141	149	178	18,7	380-450
Башқұрт	142	147	178	18,4	370-420
Мұғалжар	145	150	178	19,1	430-470

Қазақы жылқының осылайша көп жерге таралу себебі - олардың денесінің ерекше шымырлығы, ауа-райының қандай қатал жағдайына болса да төзімділігі, жем-шеп талғамайтындығы және жыл бойы жайылымда бағылсада қоңдылығын сақтайтындығы. Қазақы жылқының мұндай қасиеттері оның қанына сіңген басты ерекшелігі.

Қазақы жылқының басы үлкен, сағағы кең, көзі кішілеу дегенмен жіті көреді, мойыны жуандау, тұрқы орташа, шоқтығы онша биік емес, көкірегі кең, қабырғалары ұзын келеді. Оның арқасы берік, шабы тар, аяқтары сіңірлі, жуан, сүйекті болады, сіңірлері мықты, білеуленіп тұрады. Тұяқтары кішілеу, бірақ қатты.

Қазақы жылқының түсі әр түрлі келеді. Әсіресе торы, жирен, қара, көк, құла, бурыл түстілері көп кездеседі. Жүні қалың, суыққа төзімді. Қазақы жылқы биелері онша күтім жасалмағанның өзінде сүтті келеді. Шұрайлы жайылымда бағылған әр сауын биеден құлындағаннан кейінгі алғашқы айларда орта есеппен тәулігіне 12-15 л сүт шығады. Қазақы жылқы тұқымының ішінде республиканың кейбір аудандарының табиғи шаруашылық жағдайының ерекшеліктеріне орай басқа жылқы тұқымдарымен будандастыру арқылы шығарылған жергілікті будандары бар.

Қазақы жылқының негізгі тұқымы - жабы типі. Ол етті, әрі мықты, төзімді жылқы. Жабы жылқысы үшқыр, жүйрік болмағанымен алыс жолға жүруге шыдамды (13.1-сурет).

Қазақтың жабы жылқысы жайылымда жақсы семіреді. Жайылымда семіртілген жабы жылқыларын сойса 53-57%, кейде 60%-ға дейін ет пен май түседі. Биелерін тәулігіне сауса 18-20 л сүт шығады.

Бұл жылқы мейлінше ірі, шомбал, тұрқы ұзын, қарыны жуан, аяқтары қысқа болады. Өте тез қонданады. Қалың қарда тебіндеп шығады. Жабы жылқысы күшті, соған орай жұмысқа да төзімді келеді. Салт мінуге де ыңғайлы, жүрісті жылқы деп есептелінеді.

Ең таңдаулы, таза тұқымды қазақы жылқыларының дене өлшемдері бұл көрсеткіштен асып түседі. Қазақы жылқы мініске де, жұмысқа да төзімді. Жергілікті қазақы жылқы мен Эмбі жылқы зауытында өсіріліп, жақсартылған қазақы жылқылары сыннан өткізіліп, олардың бір тәулікте қанша жер жүретіндігі тексерілді. 60 -80 кг тартатын адамдар салт мінген жылқылар бір тәулікте мынандай көрсеткіштер көрсеткен: Зебр деген айғыр - 222 км 150 м. Бүркіт-2 және Бодрый деген айғыр - 223 км 150 м жол жүрген.

Бүкіл одақтық категориядағы спорт төрешілерінің қатысуымен Ордада өткізілген жарыста Титан деген 5 жасар айғыр 100 км жерді 4 сағат 6 минутта келген. Сөйтіп мұндай қашықтықта Бүкіл одақтық рекорд жасаған.

Бұл тұқымның ішінде Беркут, Писатель, Замок және Заур аталық іздері аса белгілі линиялар қатарына жатады. Жабы жылқыларын асылдандыруда осы жылқылардың маңызы зор. Жабы жылқылары "Мұғажар" және "Құланды" жылқы зауыттары мен 8 асыл тұқымды жылқы фермасында өсіріледі.

Оңтүстік батыс, әсіресе Атырау, Маңғыстау облыстарында үйірлі жылқы шаруашылығы үшін қазақы жылқының бір тарауы болып табылатын адай жылқысының маңызы зор.

Адай жылқысы жабы тұқымының жылқысымен салыстырғанда дене құрлысы жағынан салт мінуге көбірек бейімделген. Оның басы шағын, жеңілдеу келеді, кеуде жағы жинақы, арқасы түзу, шоқтығы шығыңқы болады, сауыр жағы етсіздеу, аяқтары жіңішке, сидаң, етсіз, сіңірлі келеді.

Адай жылқысының тірідей салмағы 420 кг асады. Сойғанда 54-56% таза ет түседі. Биелерінен тәулігіне 11 литрден кем сүт шықпайды. Сүтті биелерінен 15 л дейін сүт сауылады.

Қазақы жылқы Қазақстанның барлық жерінде біркелкі тарамған. Олар түпкі нәсіліне тән қасиеттерін сақтай отырып, ауа-райы, жағрафиялық және тарихи жағдайлардың әр түрлілігіне орай, сондай-ақ басқа жылқы тұқымдары ықпалының тиюіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, Каспий теңізінің жағалауындағы жергілікті адай жылқыларына момуд жылқыларының едәуір әсері тигені байқалады. Сондай-ақ оның тұқымдық сапасына Каспий теңізі маңындағы шөлейт аудандардың ауа-райы, жем-шөбі, табиғаты тікелей әсер еткен. Осындай

жағдайлардың ықпалымен адай жылқысы көбінесе салт мінуге қолайлы жылқы болып қалыптасқан. Жылқының бұл тұқымы жылқыны өсіріп, жетілдірген қазақтың адай руының атымен аталып кеткен.

**Қырғыз жылқысы.** Тарихи жағдайларға байланысты монғол жылқысымен будандасқан деп санайды. Бұл жылқыда шығыс жылқыларының қаны бар. Қырғыздардың негізгі жайылымы таулы өңірде, яғни 2000-3000 км биіктікте орналасқан. Сондықтан жылқы малы жаздан бастап қара күзге дейін тау жайылымында бағылады. Ал қысқа қарай, төмен тау бауырында, яғни етекке түсіріледі.

Қырғыз жылқысының тұлғасы мықты және төзімді, күй талғамайды. Жүк теңдеуге ете қолайлы. Олардың мойны қысқа, тұрқы ұзын, аяқтары берік, жал құйрығы қазақы жылқыға қарағанда сұйықтау болады. Түсі - торы, жирен, қара, көк және құла болады.

**Алтай жылқысы.** Алтай тауы мен Монғолиямен шекаралас таулы аймақтарға тараған. Қазба деректеріне қарағанда біздің дәуірге дейінгі 3-4 ғасырларда Алтайда салт мінілетін ірі жылқыларда өсірілген екен. Осы уақытта бұл жерде тебінге бейімделген уақ алтай жылқылары өсірілген.

Алтай тауының табиғаты жұмсақтау және жылқыларды жел өтінен қорғайтын ормандар бар. Оларды ерте көктемде Алтай тауының оңтүстік беткейіне жаяды, ал жазда таудың биік жайылымдарына көтеріледі. Күзде тау ойпаңдарынатүсіп қонданады (13.2-сурет).

Алтай жылқысы тау жылқыларының ішіндегі ең аласа бойлысы. Басы дөрекілеу, мойны қысқа және түзу, арқасы кең және ұзындау, дене тұрқы ұзын, сауыры етті, аяқтары қысқа және жал құйрығы қою. Негізгі түр-түсі жирен, торы, көк және қара. Шұбар, ала, құла және сары түстері де кездеседі.

Алтай жылқылары жұмысқа өте қабілетті, өзінің салмағының 40%-ға жуығын тең көтере алады. Жайылым жақсы жылдары олар жас кездерінде-ақ қондануға бейім. Биелері жаз айларында тәулігіне 8-10 л сүт береді. Алтай жылқыларын жүк тасуға және әр турлі ауыл шаруашылық жұмыстарына пайдаланады.

**Локай жылқысы.** Тәжікстанның орталық және оңтүстік-батыстағы биік таулы аудандарында тараған. Бұл жылқыны Арал теңізі жағалауынан Көшіп келген өзбек-локайлар әкелген. Жаңа жердің жағдайларына қарай олар көп өзгерген және қарабайыр, иомуд, араб жылқы тұқымдарының әсерінен жетіле түскен.

Локай жылқылары жазда тау жайылымдарында қосымша шөп беріп бағылады. Олар көбінесе салт мінуге және жүк артуға пайдаланылады. Локай жылқылары кең тұлғасымен және қысқа аяқтарымен сипатталады. Бастары үлкен және бүкір тұмсықты, кең маңдайлы, мойындары етті, кеудесі терең, сауыры көбінесе салыңқы, аяқтары жеңіл, тұяқтары берік, жал құйрықтары сұйық. Негізгі түр-түстері торы, көк, жирен және т.б.

Локай жылқыларының қыймылы жұмсақ, сондықтан оларды ұлттық ат ойындары көкпарға пайдаланады. Жүрісі де жақсы жетілген. Таудын киын асуларына және салт мінуге немесе теңдеп жүк артуға төзімді.

**Якут жылқысы**, орман жылқыларының ішіндегі ең кішісі. Якут жылқысы бейімделу қасиеттеріне байланысты екіге бөлінеді: солтүстік (верхоян немесе орталық колыма, шоқтығының биіктігі-135 см). Бойларының тапалдығына қарамастан бұл жылқылар өте салмақты, кең тұлғалы, аяқтары қысқа және сүйекті, басы бүкір тұмсықты, мойындары қысқа әрі жуан, арқасы кең және ұзын, сауыры салыңқы, кеудесі кең әрі терең.

Якут жылқысының негізгі түр-түсі: торы, көк, сары, құла, сұр, арқасында жолақ белдік, жауырында тор көзді сурет байқалады, ал аяқтары тарғыл тартқан. Олардың денесін қыста 7-15 см жететін қалың жүн түктері жабады және түр-түстері қылаңданады. Суыққа өте төзімді, қысы жазы тебіндейді, көбінесе қырық буынмен және бұтақтармен көректенеді. Көктем мен күз мезгілдерінде тез қоңданады. Ет шығымдылығы 58-63%, биелерінің тәуліктегі сүттілігі 6-8 л.

Якут жылқылары әр түрлі жүк тасуға, соның ішінде алтын және алмаз шығаратын кендерде жұмысқа пайдаланылады. Шанаға жеккенде тәулігіне 50 км жерге 300-350 кг жүк тасиды, ал жаз мезгілінде 80-100 кг жүкпен 100 км жол жүреді. Салт мінуге де кеңінен пайдаланылады.

**Ахалтеке жылқысы**. Түркмен жылқысы араб жылқысынан бұрын шыққан. Ал ахалтеке жылқысы түркмен жылқысынан тараған. Шыққан жері - Түркменстанның Ахал шұраты және Өзбекстанның Ферғана аңғары. Арғы тегі - Несей жылқысы. Бұл жылқы тұқымы Түркменстандағы жылқылардың негізгі түрі болып табылады.

Тұлғасы, мүше бітімі жағынан ахалтеке жылқысы күтімді көп тілейтін тұқымдардың қатарына жатады.

Ахалтеке жылқысы өте әсем, басы ашаң, бота көзді, мойыны ұзын, тік, кейде бұғы мойындысы да кездеседі. Шоқтығы биік, тік, ұзын, арқасы жұмсақтау, жоны ұзын, сауыры сәл түсіңкі, аяқтары ұзын, жіліншіктері жіңішке, аяқ жүні тықыр, бақайлары дөңгелек, тұяқтары шымыр болады. Артқы аяқтары көбінесе қайқылау, терісі жұқа, жалы жұмсақ болады.

Ахалтеке жылқысы құла, торы, сары, жирен, көк, қара және қаракер түсті болып келеді. Бұл жылқының Қазақстан жағдайында басқа да елеулі кемшіліктерін байқауға болады. Ол: басқа жылқылардай жайылымда бағуға, қатты суыққа төзімсіз. Сөйтіп мұндай жағдайларда тез арықтай бастайды. Өйткені, шыққан жері - Түркменстанда көбінесе қорада күтіп-бағылады. Суық күндері жабу жабылады. Көбінесе жоңышқамен, арпамен азықтандырылады (13.3-сурет).

Ахалтеке жылқысы шөл және шөлейт жерлерде салт мінуге өте қолайлы. Өйткені, олар ыстыққа тезімді, алыс жолға өте шыдамды және спортқа бейім келеді. Оның бұл қасиетін Қазақстанда Луговой зауытында

туып-өскен Абсент деген сұлу, қара айғыры айқын көрсетті. Ол Римде өткізілген олимпиядада алтын жүлде алды. 1958 жылы Мәскеудегі көрмеде 1 дәрежелі аттестат алып, сол жылы ахалтеке жылқысының арасынан чемпион атанды. Арада бір жыл өткенде Абсент Лейпцигте болған көрмеге қатысып, үш жүлдені де қатарынан жеңіп алды. Абсент 1970 жылы Луговой жылқы зауытына оралып үйірге қосылды.

Одан 70 жуық жақсы ұрпақтар тарады. Соның ішінде әкесі сияқты әлемге аты шыққан Абакан (Абсент-Алупка). Бұл жануармен спортқа еңбегі сіңген шебер Е.В.Петушкова 1977 ж. Швейцарияда Еуропа чемпионатын, 1979 жылы Данияда Еуропа чемпионатын, 1980 жылы КСРО Кубогінің үлкен жүлдесін жеңіп қуанышқа бөленді. Республикада жоғарғы ат спорт шеберлік мектебінде Абсенттің 8 ұрпақтары Алар, Ануфлен, Алакөл, Алагир, Аюдаг, Агдам, Адлер, Ақын ат спортының классикалық түрінде жақсы жетістіктерге жетті. Бұлардың арасында Гаммадан туған Агдаммен ат спортының шебері А. Танков көп жеңіске жетті.

Луговой жылқы зауытының ахалтекелері көптеген әлемдік рекордтар орнатқан. Ең соңғы рекорд – 1000 м 1.03.8 сарғыш түсті Гумми (Гауьар-Мараль) әлі күнге дейін сақталып келеді. Осы зауыттан шыққан 1978 жылғы бүкілодақтық дерби жеңімпазы және 6 дербистердің атасы - Гауһар (Гумми, Гарда, Геонча, Ганчура, атақты Ара, жеңілмес Агнец және т.б.) шықты. Ахалтеке жылқысының Крокет деген айғыры 2400 метрлік қашықтықты 2 минут 42 секундта, ал Пери деген бие 3200 метр қашықтықты 3 минут 5 секундта шауып өткен.

Қазіргі кезде Қазақстанда ахалтеке жылқысын өсірумен 8 шаруашылық және бірнеше тұлғалар айналысады. Соның ішінде Жамбыл облысының "Луговой", "Абсент", Оңтүстік Қазақстанның "Ақтас", Алматы облысының "Ахалтеке" жылқы зауыттары ерекше орын алады.

Қазақстанның 2-ші чемпионатында "Ахалтеке" жылқы зауытында туылған жылқылар торы Айлем 2 жасар айғырлар және қара Арагва 2 жасар биелер ішінде Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алды. Екі жыл қатар Қазақстанның ең таңдаулы бір жасар тайы болып 2000 жылы туған Алиммен 2003 жылы туған Татьяна Текинская танылды.

Қазақстанда ахалтеке жылқысының 29 аталық айғырлары және 107 асыл тұқымды аналықтары тіркелген. Асылдандыру жұмысы негізгі 9 аталық іздер арқылы жүргізіледі. Гелешикили, Факирпельван, Перен, Араб, Кир Сахар, Мелекуш, Посман, Канлан, Ел-совхоз екінші.

**Араб жылқысы.** Бұл жылқы тұқымы әлемдік маңызы бар жануарлардың алдыңғы қатарына кіреді. ХІХ ғ. ортасына дейін барлық елдерде негізгі жақсартқыш жылқы тұқымы болып саналады. Араб жылқысының қатынасуымен тазатектес салт мініс, варвариск, андалуз, стрелецк, орлов-ростончинск, терск, липицианск, шығысбалгар, малопольск және першерон жылқы тұқымдары шығарылды. Араб

жылқысы VII ғасырдың екінші жартысында шөлді Аравийск түбегінде өсіріліп шығарылды. Жылқының аналық тегімен асылдандыру жұмысы жүргізілді. Араб жылқысы дәл өзіне жарасымды дене-бітімімен ерекшеленеді. Басы жеңіл, маңдайы жалпақ, бота көзді, мойны сәнді иілген, шоқтығы орташа, арқасы кең, белі түзу, сауыры бұлшық етті, жауырыны ұзын, қыйғаш орналасқан, тілерсек буыны жетілген, сирақтары түзу, тұлақтары берік, құйрықтары жоғары орналасқан (13.4-сурет).

Айғырларының шоқтығына дейінгі биіктігі-152 см, тұрқының қиғаш ұзындығы-149 см, кеуде орамы-179 см, жіліншік орамы-19,1 см, ал биелерде ол тиісінше 150-148-173-18,4 см.

Сырт-пішіні өте сымбатты, қызу қанды, қайырымды, төзімді. Олардың жүріс-қимылы жеңіл, желісі адымды. Араб жылқысы ат спортында, бәйге жарысында, саяхат құруда, салт мініп демалуда қолданылады.

Тұқым өзара үш топқа бөлінеді: сиглави, кохейлан, хадбан. Көп тараған аталық іздерге Насим, Амурат, Мансур, Пиолун, Кохейлан, Асуан, Корей жатады. Негізгі түр-түстері: жирен, боз, көк және торы болып келеді.

Жоғары бағалы араб жылқысының тұқымдары Терек жылқы зауытында өсіріледі. Оларды Англия, АҚШ, Голландия, Болгария, Польша, Канада, ФРГ, Швеция, Италия, Югославия, Финляндия және басқа шет елдерге сатылған. Осы шаруашылықта өсіріп шығарылған Мускат (Салон-Мальпия) атты айғыры және Пристань (Асуан-Пальмира) биесі 1980 жылы АҚШ-та өткен көрмеде араб жылқысының арасында чемпион атағы берілді. 1981 жылы Песняр (Набег-Песня) атты тобылғы торы айғырды АҚШ-қа 1 млн долларға сатылды. 1983 жылы Менее атты айғыры осы елге 1,2 млн долларға шағылыстыруға жалға берілді.

Бұрын аудандастыру жоспары бойынша араб жылқысы Қазақстанда өсірілмейтін. Еліміздің егемендік алуының арқасында қазіргі кезде "Рахат", Гладиолус жылқы зауыттарында, Ақ-Бура жекеше қожалығында т.б. шаруашылықтарда араб жылқылары өсіріле бастады.

**Таза текті салт мініс жылқысы (ағылшын).** Бүгінгі таза текті салт мініс жылқысы барлық жерде де өсіріледі. Ол XVII-XVIII ғасырларда Англияда өсіріліп, шығарылған. Бұл жылқы тұқымы жергілікті жылқыларды салт мінетін араб, парсы және түркімен жылқыларымен өндіре будандастыру және өз ішінде өсіру әдісімен шығарылған. Олардың сапасы өте қатаң тексеріліп, үнемі іріктеліп, сұрыпталып отырған.

Таза текті салт мініс жылқы тұқымы белгілі үш айғырдан тарайды. Олар: Байерлей-Терек (1680-жылғы), Дарлей-Арабиан (1700 жылғы) және Годольфин Барб (1724 жылы туылған). Бұл жылқы тұқымдары өте жүйрік, әсіресе, жақын қашықтыққа ұшқыр келеді. Ипподромда 1000 метр қашықтықты Рента деген бие 0,58 секундта шауып өткен. 2400 метр қашықтыққа

жасаған ұшқырлық рекорды - 2 минут 27,2 секунд (Заказчик), ал 2300 метр қашықтыққа - 4 минут 22 секунд (Элфаст, 1970 ж.)

Таза текті мініс жылқыларын өсіретін зауыттарда тек ұшқыр айғырларды пайдалану, құлындарды жақсы азықтандыру мен мәдени-тебінде өсіру және де жүйелі түрде жаттықтыру нәтижесінде таза текті мініс жылқылары асқан жүйріктілігімен қатар, өте сымбатты, тұлғасы зор, әрі көркем.

Бірақ таза текті мініс жылқыларының конституциясы нәзік, күтімді көп тілейтін тұқымдар қатарына жатады.

Таза текті мініс тұқымдарында келесі аталық іздері айқымдалады: қысқа қашықтықта: Флорис, Форвор, Сен Стар (спринттерлер) және қашықтыққа жақсы шабатын жылқылар: Тагор, Рабл, Прэнс Роз (стайелер). Бұл аталық іздермен тазатекті мініс тұқымдарындағы жылқылардың ұшқырлығы мен қашықтыққа шабу қарқындылығын бірге үйлестіру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Бұл жылқының асыл тұқымдары біздің елдің Жамбыл облысындағы Луговой, Талдықорған облысының Қызыл-Ағаш жылқы зауыттарында өсірілген болатын. Ал қазіргі кезде Алматы облысындағы "Рахат", "Азем" жылқы зауыттарында және жекеше шаруашылық қожалықтарында өсіріле бастады (13.5-сурет).

Ал осы жылқы тұқымдарын қазақы биелермен будандастырғанда туған бірінші ұрпақтары үйірлеп бағуға көністі, жұмысқа шыдамды болып шықты.

Бұл тұқымның айғырлары жергілікті жылқыларды жақсартуға кеңінен пайдаланады. Таза текті салт мінетін жылқы асқан жүйріктігімен қатар, өте сымбатты, тұлғасы зор, ірі, көркем жылқы. Түсі көбінесе торы, каракер, жирен болып келеді.

Таза текті салт мінетін жылқы бүкіл дүние жүзінде ат спортында кеңінен пайдаланып жүр. Бұл тұқым буденный, қостанай, жаңа қырғыз, көшім, украин сияқты салт мінетін жылқылар шығаруға кеңінен қолданылды.

**Терік жылқысы.** Бұл жылқы тұқымы 1920-1940 жж. Терік және Ставропольск жылқы зауыттарында шығарылған. Терік жылқы тұқымы шығаруда ХІХ ғасырда Украинада араб жылқысына таза текті салт мініс жылқы тұқымының қан жаңарту тәсілімен шығарылған стрелецк жылқысы қолданылып шығарылды. Стрелецк жылқысы мүсін тұлғасымен араб жылқысына ұқсас, бірақта одан ірілеу және шоңбал денелі. Шет ел интервенциясы және азамат соғысынан кейін екі стрелецк айғыры (Цилиндр және Ценитель) және төрт биесі (Цукки, Зара, Цитра, Церара) аман қалған. Сондықтан Стрелецк жылқы тұқымын қалпына келтіру үшін Цилиндр және Ценитель атты айғырларға араб, кабардин, дон, араб-дон, араб-кабардин биелерін таңдап қосты. Селекциялық жұмыстың мақсаты бойынша, алынатын ұрпақтар ірі және қағілез конституциялы араб типтес

болды. Стрелецк және араб айғырларынан алынған биелерді қайтадан Стрелецк және араб айғырларымен қашырған.

Жұп таңдау негізінен "жақсыға-жақсы" принципімен жасалынды. Көп тұқымды будандарды қатал талқыға салып бракталды. Жұмыс мәдени-тебінде күтіп-бағу жағдайында жүргізілді. Терек жылқысы шығыс тұқымдарының сымбаттылығын, төзімділігін, өсімталдылығын көңілдегідей бойға сыйғызған. Олар араб жылқыларынан ірілеу. Айғырларының шоқтығының биіктігі-153,7 см, тұрқының қиғаш ұзындығы-154 см, кеуде орамы-178,7см, жіліншік орамы-19,7см. Ал биелерінде ол тиісінше-150,5-152,2-177,7-18,6 см. Түр-түстері кебінесе боз және жирен. Олардың жүріс қимылы жеңіл, желісі адымды. Сондықтан ат спорты мен цирк ойындарында кеңінен пайдаланады. Тұқымы үш топқа бөлінеді: шығыс, негізгі, шоңбал.

**Дон жылқысы.** Дон жылқысының тұқымдық ерекшелігі-шаруашылыққа қолайлы, сонымен қатар ол әр жердің табиғи жағдайына, бағып-күту ерекшелігіне тез көніп, жақсы жерсініп кетеді. Шыққан жері - Дон өзенінің маңындағы Маныч, Сал, Кагельник өзендерінің бойындағы кең жазық дала. Бұл жерлерде жылқы қысы-жазы ашық далада жайылып үйренген. Оның ауа-райының, табиғат құбылыстарының қандай қиыншылықтарына болса да төзімді бағалы қасиеттері бар. Дон жылқысының арғы тегі - ноғай жылқысы. Дон жылқысын өсіріп шығаруда салт мінілетін жылқы тұқымдары, соның ішінде салт минетін (Орлов, Растончин, Стрелецк) жылқысы пайдаланылған. Дон жылқысына Кавказдың Карабах жылқысының да үлкен әсері тиген. ХІХ ғасырдың орта кезіне дейін Дондағы орыс қазақтардың негізгі әскери аттары есебінде жылқының осы тұқымы ел ішінде көп тараған. Кейін атты әскерлерді көлікпен қамтамасыз ету мақсатымен оған ерекше мән берген. Кеңес өкіметі орнағаннан бері Дон жылқысы негізінен жылқы тұқымын асылдандыру, соның ішінде Қазақстанның және басқа республикаларының жергілікті жылқыларының сапасын жақсарту мақсатында пайдаланып келеді (13.6-сурет).

Дон биелерінің орташа дене өлшемдері мынадай: шоқтығына дейінгі биіктігі -161 см, тұрқының қиғаш ұзындығы -164 см, кеуде орамы -191 см, шіліншік орамы - 21,1 см.

Дон жылқысының сымбаттылығы мынадай ерекшеліктерімен сипатталады: басы сүйекті, сәл ұзындау, маңдайы томпақ, көздері шығыңқы, танаулары делдиген жұқа, құлақтары орташа, жұқа, тік тұрады, мойыны түзу, омыраулы, кейде ұзын, қабырғалары қапталды, арқасы тегіс, бауыры жалпақ, әрі тік, жауырыны қысқа, алдыңғы аяқтары түзу, аралары кең, артқы аяқтары қайқылау болады, тірсектері жақындасып тұрады. Тұяқтары әдетте берік, дөңгелек және үлкен болады.

Дон жылқыларының түсі негізінен жирен, кейде торы, күрең түстілері де кездеседі. Дон жылқысы әсіресе салт жүріске өте қолайлы.



Оның ұзақ жол қиыншылықтарына өте төзімді жылқы екендігі бұрыннан белгілі.

Ипподромдарда сыналған Дон жылқысы 1200 метр қашықтықты - 1 минут 18 секундта, 2400 метрді - 2 минут 43 секундта (Мич, 1971 жылы туған), ал 3200 метрді - 3 минут 37 секундта (Бабит, 1960 жылғы) шауып өткен.

Дон жылқысының бір тәуліктегі жүйріктік көрсеткіші өте тамаша. Мәселен, 1951 жылы Зенит деген айғыр тәулігіне 311 километр жер жүрген.

Дон жылқысы Қазақстанда кеңінен өсіруге болатын жылқылардың қатарына жатады. Жергілікті қазақ жылқыны жақсарту үшін дон жылқысының зор маңызы бар.

Дон және қазақы жылқыларының будандары дон жылқысынан тұлғасының ірілігін, сымбыттылығын, ал қазақы жылқыдан жергілікті жағдайға бейімділігін және тез жерсінгіштігін еншілеген.

**Буденный жылқысы.** Бұл жылқы тұқымы елімізде өсіріліп шығарылған (1920-1948 жылдары) жылқы тұқымдарын ішіндегі ең таңдаулыларының бірі. Ол біздің елімізде жергілікті жылқының сапасын жақсарту және ұжымдар мен жылқы зауыттарында өсіру үшін пайдаланылған.

Бұл тұқымды шығаруға Кеңес одағының маршалы С.М. Буденный бастаған бір топ мамандар мен тәжірибелі адамдар қатысты.

Буденный жылқысы өзінің шыққан жері - Сальск даласында үйірлеп бағылады. Бұл жылқыны шығаруға ең алдымен таза текті салт мінілетін жылқы және елімізде өсірілген жылқы тұқымының бірі - Дон жылқысы пайдаланылды. Жоғарыда айтылған жылқылардың Буденный жылқысына жүйріктігі, әсем жүрістілігі, бұлшық еттілігі, ал Дон жылқысына - тұлғасының сымбаттылығы және ірілігі берілді. Осылайша жүргізілген тәжірибе жұмыстарының нәтижесінде ол салт мінуге де, жегуге де өте қолайлы, ауыл шаруашылығы үшін таптырмайтын жылқы тұқымы болып шықты.

Буденный жылқысы өте сымбатты және ірі келеді. Түгі тықыр, маңдайы жалпақ, көздері отты, мойыны ұзын, етті шоқтығы биік, арқасы түзу, жазық, кеудесі терең, қабырғасы дөңес, белі мықты болады. Буындары жақсы қалыптасқан. Бұл жылқының көпшілігінің алдыңғы және артқы аяқтары тік келеді (13.7-сурет).

Буденный жылқысы салт мінуге қолайлы, алыс жолға төзімді. Осы тұқымның Занос деген айғыры бір тәулікте 304 километр, 15 тәулікте 1800 километр жер жүрген. Бұл тұқымның күшін сынағанда орта есеппен 460 кг жүк тартқан.

Буденный жылқысының ұшқырлығы 1000 метрге -1 минут 0,6 секунд, 2400 метрге - 2 минут 35,9 секунд (Чудесный, 1967 жылы туған), 3200 метрге - 3 минут 38 секунд.

Қазіргі уақытта буденный жылқысының нағыз асыл тұқымдары Ростов облысының жылқы зауыттарында және Дондағы мемлекеттік асыл тұқымды жылқы өсіретін шаруашылықта өсіріледі. Буденный жылқысы Қырғызстанның Ыстықкөл жылқы зауытында, Украинаның кейбір жылқы зауыттарында да және басқа республикаларда да бар.

Бұл тұқымның ішінде Сагар, Саксаган, Свод, Ислам, Имам, Браслет және Кодекс сапалы аталық іздер қатарына жатады.

**Қостанай жылқысы.** Бұл жылқы Қостанай облысының Қостанай және Майкөл жылқы зауыттарында, осы облыстың кейбір ұжымдарында, сонымен қатар Челябині облысындағы Троицк жылқы зауытында жергілікті қазақ жылқыларды қалмақ, дон, стрелецк, орлово-растончинск және таза текті салт мінетін жылқылардың айғырларымен будандастыру арқылы шығарылды. Мұны шығару жұмысы революциядан бұрын басталған.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, 1921 жылы Қостанай жылқы көбейту орталығы және Мемлекеттік ат қорасы негізінде құрылған Қостанай жылқы зауытында бұл тұқымды одан әрі жетілдіру жұмысы жүргізіле басталды. Майкөл учаскесінде жылқы өсіретін бөлімше құрылып, 1930 жылы Майкөл жылқы зауыты болып өз алдына отау тікті.

Қостанай жылқы зауытында қабылданған жылқы өсіру әдісі - қолда, қорада және жайылымда бағып-күту. Оның мәні мынадай: қыста жылқы қорада тұрады, оған ірі азықтармен сұлы беріледі. Ауа-райы ашық күндері өріске немесе базға шығарылады. Жазда биелер құлындармен бірге үнемі жайылымда болады. Бұл кезде де олар сұлымен қосымша азықтандырылады.

Құлын енесін еміп жүрген кезде-ақ, яғни 2-3 айлық кезінде сұлыға үйретіле бастайды. Құлын енесінен күзде бөлініп, бүкіл қыс бойы қорада бағылады. Жылы күндері далаға шығарылып, серуендетіледі. Бір құлынға күніне 2-4 килограммнан шөп және сұлы беріледі. Ұрғашы құлындар еркек құлындардан бөлек бағылады. Жазда жайылымға шығарылады. Бұл кезде де құлындар қосымша азықтандырылады. Жылқы 1,5 жасқа келгенде ат спортына үйретіліп, ипподромға сынауға әзірлене бастайды. Бұл сыннан өткен соң оны зоотехникалық комиссия қарап шығады да ең жақсы дегендері жылқы зауытының асыл тұқымды жылқысының қатарына қосылады (13.8-сурет).

Қостанай жылқысын өсіріп шығаруда басты роль атқаратын Майкөл жылқы зауытында ересек жылқыларды күтудің және құлын өсірудің мәдени-үйірлі әдісі қолданылып келді. Бұл әдіс жалпы алғанда буденный жылқысын өсіру әдісіне ұқсас. Жылқы қысы-жазы бірдей үйірлеп бағылады, тек боранды немесе қатты аязды күндері базда немесе қорада күтіледі. Мұнда бір жылқыға жылына 30 ц шөп және 5-8 ц жем беріледі. Айғырды үйірге салу әдісі қолданылады. Құлын енесінен күзде бөлінеді. Олар алғашқы қыста топтап ұстауға қолайлап салынған қорада күтіледі. Шөп еркінше, ал сұлы бір құлынға күніне 3-4 килограммнан беріледі.

Ашық күні құлындар далаға шығарылып, серуендетіледі. Үйірлеп бағылып, қысы-жазы жайылымда болады. Бірақ ауа-райы қолайсыз сәттерде қорада күтіледі. Жылқы өсірудің осындай әдісі жайылымда бағудың барлық артықшылығын толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Қостанай жылқысын шығарғанда бір нәсілден шыққан жылқыларды шағылыстыру әдісі қолданылған жоқ. Ол жылқының сапасын сақтау үшін биелер түрі (типi) жағынан жақын, бірақ туыс нәсілді басқа айғырлармен шағыстырылып отырылды. Міне осындай жолмен қостанай жылқысы өсіріліп шығарылды. 1951 ж. ол өз алдына тұқым болып бекітілді. Бұл тұқымның басы орташа, мойыны түзу, ұзындығы орташа, шоқтығы етті, тік, арқасы жалпақ, жұмырлау, жауырыны ұзын, алқымы және тынысы кең, аяқтарының сіңірлері шығынқы, шашасы шағын, бақайлары орташа, тұяқтары дөңгелек, әсем келеді. Бұлар өте жүрдек, күшті және төзімді, салт мінуге де, жегуге де қолайлы.

Ипподромда сынағанда қостанай жылқысы асқан жүйріктігімен көзге түсті. Вальс деген айғыр 1948 жылы Львов қаласының ипподромында 1200 метр қашықтықтан 1 минут 14,4 секунд келіп рекорд жасады. Ал Нарта (1969 жыл) деген бие 2400 метр қашықтықты 2 минут 35 секундта өткен. Қостанай жылқысының Червонец деген айғыры 100 километр қашықтыққа 4 сағат 1 минут 5 секунд, осы тұқымның Бедовая деген биесі 1 тәулікте - 286,2 километр жер жүрген. Зевс дейтін айғыр 456 кг жүкті орнынан қозғаған. Мұның өзі қара жолмен тартылатын 9 тонна 120 килограмм жүкке тең.

Қостанай жылқысы соңғы жылдары шаруашылықтардың фермаларында жергілікті жылқы тұқымын жақсарту үшін пайдаланып келеді. Олар Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстарының шаруашылықтарында жоспар бойынша өсірілетін тұқым ретінде қолданылып отыр.

**Көшім жылқысы.** Жылқының бұл тұқымы көп жылғы зоотехникалық жұмыстар нәтижесінде Орал облысының Пятимар және Фурманов атындағы кеңес шаруашылықтарында шығарылған. 1930 жылдардың бас кезінде осы шаруашылықтарда жылқы зауыты болған, сонда қазақы жылқының таңдаулы биелері, таза қанды және аралас салт мінетін жылқы тұқымдарының-орыс және орлов желгіш жылқыларының айғырларымен будандастырылды. Одан туған будан құлындар мен дөнендердің ең жақсылары тұқым үшін қалдырылды да, басқалары піштіріліп, армияның қарамағына берілді. Асыл тұқымға жатпайтын байталдар шаруашылыққа пайдаланды, ал ең таңдаулы деген биелердің 30-35 пайызы үйірге қосылды. Дон жылқысының айғырлары будан бие үйіріне салынды да, үш тұқымдық (дон-салт мінетін-қазақы жылқылар және дон-желгіш-қазақы жылқылар) будандар алынды. Осы сияқты үш тұқымдық будан жылқылардың ішінен бойы, экстерьері жұмысқа

төзімділігі жағынан ең таңдаулылары іріктелініп, олардың өзіндегі бағалы қасиеттерін тұрақтандыру үшін «өз ішінде» өсірілді.

Көшім жылқысын шығару жолындағы барлық жұмыстар оларды жыл бойы жайып-бағу жағдайында жүргізілді. Бұл жылқы қазақы жылқы сияқты төзімді, қыста жайылымға жаюға бейім, әрі ірі және салмақты келеді (13.9-сурет).

Қазақы жылқы биелердің тірідей салмағы орта есеппен 320-360 кг болса, көшім жылқысы биелерінің салмағы 460-480 кг тартады.

Көшім жылқысы жайылымда жақсы семіреді. Бордақылаған жылқыларды сойса 53-55% ет пен май түседі. Ал биелерінен тәулігіне 14-22 литр сүт шығады.

Қазіргі таңда селекционерлер көшім жылқысының 10 аталық ізі мен 12 туыстас тармағын асылдандыру жұмысын жүргізуде.

Бұл тұқымның ішінде Мотив, Ласковый, Светец, Хитрец, Испуг, Каскад, Гром және Золотой аталық іздері аса сапалы аталық із қатарына жатады. 100 биеден алынған құлын саны 75-90%.

Көшім жылқысының басы қазақы жылқының басына ұқсас, бірақ мойыны онша қысқа болмайды, шоқтығы биігірек. Көкірегі кең, төсі алшақ, омыраулы, қабырғалары шеңберлі, арқасы тегіс, жазық, сауыры сом етті, аяқтары сүйекті келеді.

Көшім жылқысының түсі-торы, жирен болады. Олар жұмысқа көнбіс. Мысалы, Дикарь және Могучий деген айғырлар салт мінгенде бір тәулікте 280 км астам, ал жеңіл арбаға жегілген Каток деген ат 294 км жер жүрген. Айғырлар үйірге өте жақсы түседі. Олар Батыс Қазақстан облысының бірсыпыра аудандарында жергілікті жылқыларды жақсарту мақсатында ойдағыдай пайдаланып жүр. Сондықтан бұлар үйірлі жылқы шаруашылығымен айналысатын аудандарда өте бағалы түлік.

**Қарабайыр жылқысы.** Орта Азияның ежелгі жылқы тұқымдарына жатады. Өзбекстанда және солтүстік Тәжікістанда таралған. Оңтүстік жылқы тұқымдары (түрікмен, араб, парсы) тебіндік-далалық жылқылармен (қазақы, монғол) жаппай будандастыру нәтижесінде шығарылған. Қарабайыр жылқысы негізінде салт мінетін әрі жегілетін жылқы тұқымдарының дене бітімдерін сипаттайды.

Қарабайыр жылқылары жыл бойы жайылымда бағылады. Мұнда тек айғырларды, құлындарды және ерте құлындайтын буаз биелерді ғана жақсылап күтіп, азықтандырып қыста сарайда, базда ұстайды. Жазда таулы жайылымдарда, ал қыста өзен бойында және далалы аймақтарда бағылады.

Қарабайыр жылқыларының дене бітімдеріне шығыс және тебіндік далалық жылқылардың әсерлері байқалады.

Тұқым үш топқа бөлінеді: салт мінетін, жегілетін және салт теңделетін. Бірінші және екінші топқа жататын жылқылар суармалы егін шаруашылығы дамыған аудандарда, ал үшінші топ - таулы аймақтарда өсіріледі.

Қарабайыр биелерінің орташа дене өлшемдері мынадай: шоқтығына дейінгі биіктігі -148 см, тұрқының қиғаш ұзындығы -150 см, кеуде орамы - 172 см, жіліншік орамы-18,8 см.

Қарабайыр жылқысының дене бітімі мынадай ерекшеліктерімен сиппатталады: басы сүйекті, мойыны түзу, етті, омыраулы, арқасы тегіс, қысқа, аяқтары сіңірлі, тұлықтары берік, артқы аяқтары қайқылау болады, тірсектері жақындасып тұрады.

Ипподромда сыналған екі жастағы қарабайыр жылқысының айғыры Арал 1000 метр қашықтықты 1 минут 9 секундта, үш жастағы айғыры Бег 1600 метрді - 1 минут 57 секундта шауып өткен. Осы тұқымның Терек дейтін айғыры 75 км қашықтықты 3 сағат 02 минутта өткен.

Қарабайыр жылқысы ұлттық ат ойындары көкпар және бәйгеде өзін жақсы жағынан танытты.

**Орловтың желісті жылқысы.** Бұл ертеден келе жатқан тұқым. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысында, қазіргі Воронеж облысына қарайтын Хреновской жылқы зауытында өсіріліп шығарылған. Орлов жылқысының тұқымын шығаруда граф А.Г. Орлов және жылқы өсіруші шаруа В.И. Шикин көп еңбек сіңірген.

Орлов жылқысын өсіріп шығаруда сол кездегі жылқылардың ең жақсы тұқымдары пайдалынған (13.10-сурет).

Тәжірибе жұмысын жүргізгенде жылқы қорада, әрі жайылымда бағылып, жем-шөп мейлінше мол берілген. Тәжірибенің басты мақсаты бұл тұқымның жұмысқа жарамдылығын сынау болған. Ол үшін жылқы өсірушілер сыналатын жылқыларды жеңіл арбаға жегіп, жақын жерге, сол сияқты ауыр арбаға жегіп, алыс жерлерге (22 км) барып көрген. Зауытта пайдалануға тек өзінің түрі, сымбаты, жұмысқа жарамдылық сапасы жағынан жаңа тұқымға толық сай келеді деген жылқылар іріктеліп алынған.

Орлов жылқысына өсіріп, жетілдіру жөнінде қолданылған осындай тәжірибелер бұдан бұрынғы уақыттарда сақталып келген. Бұл жылқы өсіріле бастаған алғашқы күннен әрқайсысының асыл тұқымдық сапасы есепке алынып, күнделік дәптерге жазылды. Талай әдебиеттерде жарық көрді. Былайша айтқанда, таза қанды орлов жылқысының қай-қайсысы жөнінде болса да тіпті оның ата-тегіне дейін керек кезінде толық мәлімет алуға болады. Міне осындай жұмыстардың арқасында желісті орлов жылқысы дүние жүзіндегі ең жақсы асыл тұқымды жылқылардың қатарына қосылды.

Орлов желісті жылқысының басы үлкен, бірақ түгі тықыр, мойыны ұзын, көбінесе аққу мойынды әдемі болады, шоқтығы биік, етті келеді, арқасы тегіс және жалпақ, сауыры құйылған шойындай тұп-тұтас, аяқ сүйектері жуан.

Денесінің кемшіліктеріне буындарының солқылдақтығы, алдыңғы аяқтарының алшақтау келетіндігі жатады.

Орлов желісті жылқысы ірі келеді. Оның бұл сапасының зор маңызы бар. Өйткені жергілікті жылқының орлов жылқысымен жақсартқанда, жергілікті жылқының бойын өсіру жағына көбірек көңіл белу керек.

Орлов жылқысы өте жүрдек, желісті. Бұдан шыққан Улов және Пилот деген екі айғыр 1600 метр желгенде өз тұқымының арасында рекорд жасады. Бұл рекордтың көрсеткіші -2 минут 2 секунд. Ал кейін Пион деген айғыр 1600 метр жерді 2 минутта желіп өтіп, бұл рекордты жаңартты. Кейін Пионның немересі Ковбой 1,57,2 минутқа жаңартты. Орлов жылқысы ауыл шаруашылығы жұмыстарына, әсіресе ауыр жүк тасуға өте төзімді де күшті екенін көрсетті. Парлап жегілген екі орлов жылқысы 2 тонна жүкті жай жолмен 9,6 км жерге 1 сағат 25 минут 30 секундта жеткізген. Осылай парлап жегілген екі орлов жылқысы 4 сағаттың ішінде 0,71 га жер жыртқан.

Кейінгі кезде бұл жылқының Барчук, Бубенчик, Ловчий, Ветерок, Воин, Отбой және Пилот аталық іздері сапалы болып саналады.

Орлов желгіш жылқысы Көкшетау жылқы зауытында Самар және Щучинск жылқы фермаларында өсірілген.

Атты туризм – адамзат үшін ең жақсы демалыс (13.11-сурет). Ол үшін дені сау, жуас және мықты жылқылар қолда болу керек және олар атты туризмнің арнайы талаптарына сәйкес келу керек. Туристтік саяхат барысында жылқылар мінген адамның ырқына көну керек, әр түрлі табиғи жағдайларда жалғасатын жұмыстарды орындау керек, батыл болып әр түрлі кескінделген рельефтерде дұрыс қозғалу керек және берілген жем-шөптермен қоректенуге үйрену керек. Әр адам атқа мінер алдында, жалпы жылқының анатомиясын білуі тиіс, ат тұқымын, түсін, жүріс түрін, жылқының мінезін және олармен қарым-қатынасын білу керек.

Туристтер ат үстінде немесе экипажбен жорыққа шығарда, жалпы жылқының қарапайым анатомиялық-физиологиялық тұлғасын, экстерьерін білген абзал. Бұл жылқының қандай жағдайда тұрғанын білу үшін қажет. Жылқы жағдайына байланысты ат үстіндегі саяхат жақсы өтеді.

**Турбазалардағы ат саймандары.** Жылқымен саяхатқа шығатын туристтік мекемелер, өз жылқыларын, совхоздар мен колхоздардың, сонымен қоса жылқы шаруашылықтарының жылқыларын жалға алады. Жылқыларды бағып қағу және жағдай жасау тур базаның қызметкерлеріне жүктеледі. Яғни жылқыларды жалға алған мекемелерге жүктеледі. Сонымен қоса туристтердің қалауына байланысты турбазаларды жылқылардың күтілуіне және азықтандыруына жол беріледі. Туристтердің жұмысы арнайы басшылықтың немесе инструктордың басшылығымен жүргізіледі және тек қана техникалық қауіпсіздікті үйренгеннен кейін. Туристтік базалар ветеринариялық емдік қажеттіліктер болады. Жылқыларға ветеринариялық қызмет көрсету жылқыларға мекеменің ветеринариялық қызметкері жүзеге асырады. Егер жылқылар бірнешеу болса – учаскелік мал дәрігері өткізеді, оны шақыру

аудандық ветеринариялық станцияда тіркеледі. Ветеринария қызметкері жылқы жағдайын бірнеше рет тексереді, мерзім басталардан 10 күн бұрын, көп күндік саяхат басталар алдында және біткен соң, ал саяхатқа қолданбайтын жылқыларды ай сайын тексереді.

Жылқыларды жұқпалы аурулардан сақтау үшін облыстың ветеринариялық және санитариялық-эпидемиологиялық қызметпен келісіліп жылқы саяхат жолдарын құрады. Туристтік бағыттарда жылқы жолдары 3 санатқа бөлінеді: жеңіл – жылқы үстіне мініп үйрену, жалға беру, бір күндік саяхат; орташа – көп күндік саяхатта тоқым астында қолдану, жегу; күрделі – қиын асулары бар тау жолдарын қолдану. Жұмыс санатына байланысты жылқыны күніне 8; 6 және 5 сағат қолдануға болады. Әрбір 6 күн жұмыс істегеннен соң жылқылар 1 тәулік демалады, ал ауыр жұмыстан соң әрбір 3 күн демалады.

Резервті жылқылар туристтік базаларда оқу немесе жылқы жалға беру пунктінде қолданылады, ал ұйымның көп күндік бағытында бұл жылқылар көппен бірге жүреді.

Туристтік бағыттарда жергілікті тұқым жылқылары қолданылады көбіне, аттар. Ал айғырларды қолдануға рұқсат етілмейді. Тур базаларда жылқыларды шөппен, сабанмен қоректендіреді, концентратты қоректер (күнжара, кебек, сұлы) және құрамдас жем береді.

Жаз мезгілдерінде турбазада да болған жылқылар жайылымға жіберіледі. Жайылым жағдайына қарай және жылқы құндылығына қарай қосымша қорек беру төмендетіледі. Жайылымдық қорекке өту ақырындап жүзеге асады.

Атты сапарға шығар алдында жылқылардың тұяқтарын тексеру қажет (13.12-сурет).

- 1) Алғашқы танысу;
- 2) Жылқының тұяғымен тағасын тексеру туристтік топтың инструкторының жұмысы
- 3) Туристтерді алдын ала дайындау бағдарламасына үзеңгі мен ертоқымды оқып білу және ерттеу әдістерін білу кіреді.

**Мініп жүру және экипажбен жүру негіздері.** Егер адам атқа мініп жүре алмаса, онда ол адамды туристтік бағытпен атқа мініп саяхаттау қолынан келеді ме деген сұрақ туындайды. Иә, атқа мініп жүру кез келген адамның қолынан келеді.

Егер сіз демалыс күндеріңізді атқа мініп басқа көлікпен бара алмайтын жерлерге барғыңыз келсе, онда сізде 1-ші сұрақ туындайды. Атқа мініп жүре алмайтын адам үшін мұндай саяхат қолынан келеді ме? Біздің жауабымыз – иә, атқа мініп жүруді кез келген адам үйренеді.

2-ші сұрақ: Атқа мініп жүруді үйренуге қанша уақыт керек? Ол сіздің қаншалықты атқа мінуді үйренгіңіз келеді соған байланысты.

3-ші сұрақ: Белгілі туристтік бағытпен жүріп өту үшін қаншалықты білім және атқа мініп жүруді білу керек? Бұл сұраққа жауап беру

қиынырақ. Бірақ атқа мінуді мүлдем білмейтін саяхатшы жуас, әрі дайындалған атпен туристтік трассада жүріп өте алады.

Жылқы үстінде мініп жүруден қанағат алу және оны өзіңе бағындыруды үйрену керек.

Атты туризмде атқа мінудің бірнеше түрі болады:

- ашық алаңда міну – арнайы жасалынған, қоршалған түзу бұрышты жұмсақ топырақ төселген жерде жүру (аудан мөлшері 60x40 м);

- ат үстінде өзін өзі ұстау және жылқыны басқаруды үйрену;

- плацта жүру – қоршалмаған ауданда жылқыны басқаруға және мықты отыруға үйретеді.

- жазық жерде жүру – көп күндік саяхатта жүруге үйретеді;

Бағытта жүру – жылқы үстінде көп күндік саяхат. Жылқы бағыты бар туристтік базаларда 2 тапсырма болады: туристтерді ат үстінде саяхаттауға үйрету жылқы үстіне мінуді үйретеді және сол саяхаттауды жүзеге асырады.

Турбаза бағдарламасында саяхаттаушыларды саяхатқа шығар алдында бірнеше күн дайындау қарастырылады. Бұл уақытта олар жылқының әбзелдерімен танысып, оларды қалай қолдануды үйренеді және қауіпсіздік ережелерімен танысады. Осы тәртіппен таныс болған соң саяхатшылар арнайы журналға қолдарын қояды.

Бұл сабақтарды туризм әдіскері жүргізеді және бір топта 10 адамнан болады. Инструктор ашық немесе жабық алаңда практикалық сабақтарды жүргізеді және туристтік жабдықтары бар арнайы бөлмеде ауызша сабақ жүргізеді.

Саяхат алдындағы дайындықтың 1-ші күні дайындалған туристтерге арналған бағыттарда топ инструкторымен турбаза инструкторы туристтердің атқа мінуге үйренгендігін практика жүзінде тексереді. Егер дайын емес туристтер болса онда турбаза бастығына дайын емес туристі бастауыш топқа ауыстыруын сұрап хабарлайды. Керекті білімдері бар туристер инструктормен бірге атқа мініп жүру жаттығуларын жалғастырады.

Бастапқы жаттығулар кезінде әрбір турист күніне 4 сағат атқа мініп жүре алады. Саяхатқа шығар алдындағы дайындықтың ақырғы күні атқа міну 4 сағатқа жалғасып, топ инструкторы мен турбаза инструкторы олардан емтихан алады. Туристтер бағыттың негізгі бөлігіне емтиханды өте жақсы тапсырғаннан кейін ғана өтеді. Керісінше жағдайда олар оқуларын жалғастырады (егер жағдайлары болса).

Дайындық бағдарламасына міндетті түрде жаттығу саяхаты кіреді, осы уақытты инструктор басшылығымен оқу жалғасады. Оқу біткенде турист атты тез және дұрыс тоқымдай білу керек, ат жүргенде, желігенде және шапқанда оны басқара білу керек, төмендікті жоғары көтерілуді, судан өтуді және де басқа кедергілерден өте білу керек. Бағытты өтіп болған соң турист атқа мініп жүре алады және алғашқы дайындықты өтті



деген белгі жасалады. Ал арба немесе шана жегетін бағыттарды үйренгенде саяхат алдындағы дайындық уақыты азаяды. Туристерге атты жегіп оны қалай бағындыру үйретіледі, база маңайында 2-ден кем емес жаттығулар өткізеді. Әр туристке 6 сағат уақыт беріледі.

Салт атты саяхатшы жабдықтар. Салт атты саяхатшы жабдықтарына – жеке өзінің және топтың жабдықтары кіреді. Соңғысы туралы айтпаймыз, өйткені оған туристік мекеме сіздің топқа беретін жабдықтар кіреді, олардың құны туристік жолдама құнына кіреді (палаткалар, балта, компастар, тамақ дайындайтын ыдыстар, ошақтар, спорт мүліктері, медициналық қобдиша, мүліктерді жөндейтін жиынтық және ат әбзелдері). Жеке жабдықтар – олар көтеріп жүретін заттар, ұйықтайтын және жуынатын заттар және жеке басқа қолданатын заттар. Жабдықтар: рюкзак, ұйықтайтын қап, ұйықтайтын қаптың ішкі бөлігі, үрленетін матрац, спорттық аяқ киім (артық бауымен), атқа мініп жүретін етік, ұлтарақ 2 тал, жүн шұлықтар 2 тал, мақта-мата шұлықтары - 2 тал, спорт шалбары немесе спорттық костюм, спорттық мақта-мата костюмі, жеңіл күрте, жауыннан қорғанатын киім (полэтилен пленкадан), жеңіл свитер, ұзын жеңді жейде, футболка, шорты, бас киім (жеңіл, қатты күн қағары бар, күз кезінде жылысы), кружка, қасық, тегеш, пышақ, фляга (тек термос емес); орамал, жеке бас тазалығының заттары (сабын, тіс щеткасы, пастасы, жөке және т.б.), таза көзілдірік, фонарик, экскурсия мен қалада киетін киімдер.

Туристік мекеме жалға беретін немесе қосымша ақша берілетін заттар 1 жұлдызшамен белгіленген.

**Мінетін аттың әбзелдері.** Саяхатқа шығуға дайындық ат әбзелдерін дайындаудан басталады. Оған жүген, ер, үзеңгі, өмілдірік, құйысқан жатады (13.13-сурет). Турбазаларда әрбір аттың өздеріне тиісті әбзелдері болады. Жүгенге және ерге аттың нөмірі және аты жазылады. Ат әбзелдерін алған кезде оларды түгелдеп қарап алу керек. Әбзелдер байланып қалмау керек. Егер жетіспеушіліктер болып жатса инструкторға айту керек.

**Ер тоқым.** Қазіргі уақытта ат үстіндегі туризмге 2 түрлі ерді қолданады, оның 1 – кавалерлік түрдегі ер (13.14-сурет), 2 – казак типті ер тоқым (13.15-сурет). Кавалерлік және казак типті ер тоқымдардың мынадай тоқымдардан тұрады.

Ат үстінде отыруға үйренуде және жақын жерге атқа мініп барарда спорттық ер тоқымды қолдануға болады, ол өте жеңіл және ыңғайлы. Спорттық ер тоқымды атқа ерттеу өте оңай. Ал алыс және көп күндік сапарларға спорттық ер тоқымды қолдану тиімсіз. Бұл ер тоқым ат арқасын жауыр қылып тастауы мүмкін, өйткені ер тоқымда қосымша жүктерді, сөмкелерде, қоржындарды өңгеретін орын жоқ. Аттарды күту үшін қолданатын құрал-жабдықтар. Оған щеткалар, ат тұяғын тазалағыш, суаратын шелектер және аттарды қоректендіретін дорбалар, үстін тазалайтын құралдар және тағалайтын жабдықтар.

**Атқа міну және дұрыс желдіру немесе жүргізу.** Жылқыға отырар алдында ең алдымен тартпаның дұрыс тартылғанын тексеру керек. Егер де тартпа дұрыс, яғни қатты тартылмаса, ер ат үстінен бір шетіне қарай ауып кетуі мүмкін, ол өте қауіпті. Сол себепті тартпаны үнемі тексеріп отыру керек, атқа мінерде және әр тоқтаған сайын.

Атқа мінетін адам атын сол жақ қапталынан қырымен келіп тұрады, міндетті түрде жүген тізгіні қолында болуы тиіс. Тізгіннің оң жағын ат басынан асырып оны аттың мойын жағына өткізеді, одан кейін тізгіннің оң жағы мен сол жағын біріктіріп тізгінді тепе-теңдікте ұстайды. Сосын сол аяғын үзеңгіге салып оң жақ қолымен ерді ұстап атқа қарғып мінеді. Ерге ыңғайланып отырған соң үзеңгіге оң жақ аяғын дұрыстап салу қажет, сосын тізгінді екі жаққа бөліп оң және сол жаққа атты жүргізуге дайындайды (13.16-13.17-суреттер).

Жылқыны желдіру кезінде сол қолмен тізгінді ұстай отырып аттың мойнына жалын бірге ұстау қажет, ал оң қолымен ердің алдыңғы қасынан ұстап екі аяғын созып үзеңгіге тұру керек. Атты тасты және тұзу емес жерлерде желдіру дұрыс емес (13.18-13.19-суреттер).

Атты жетектеу. Жылқыны дұрыс жетектеу (13.20-сурет) үшін тізгіннің ұшын сол қолға алу керек, ал оң қолмен тізгінді біріктіріп жүгеннің тұсынан мықтап ұстау қажет; сол жақ жағында тұрып оң қолмен алға ұсынып жылқымен бірге жүру керек, ал сол қолмен түсіп тұру қажет.

Осындай жылқыларды жетектеу әдісін үйрену өзіңізге қауіп төндіруден сақтайды. Дұрыс жетектеу барысында жылқы ешқандай артық қылық істей алмайды, өйткені ол үнемі сіздің бақылауыңызда болады. Оң қолымен тізгінді жүгеннің тұсынан ұстап жетектеуге болады.

Сол қолдан тізгінді босатуға болмайды, оң қолға өткізбей жатып, сонымен қатар бір қолмен атты жетектеуге тыйым салынады. Мысалға, бір нәрседен үркіп ат бір қапталға секіреді, ал ат болса сіздің бақылауыңыздан шығып кетеді, сол кезде үріккен ат сізді артқы аяғымен тебуі мүмкін. Сонымен қатар аттың алдында жүруге тыйым салынады.

Егерде, ат тырысып жүрмей қойса, онда оның көзіне қарап тұрудың қажеті жоқ, оның орнына сөйлеп тұрып тізгінді қысқарақ ұстап бірге жүру керек. Не себептен аттың көзіне қарап тұруға болмайды? Жануарлар дүниесінде бір-бірінің көзіне қараса, онда төбелеске шақыру дегенді білдіреді. Жылқы малы сенімді және тату болып келеді, ал жоғарыдағыдай мәселе туындаса, ол ат сасып қалады, сонымен қатар алдында келе жатқан атты ұрып айдауға болмайды. Ондай жағдайда жылқы артқы аяғымен теуіп жіберуі мүмкін (13.21-13.25-суреттер).

Егер инструктор атты қарайтын болса, онда да тиісті көрсетілген жерге тоқтату керек.

Салт атқа дұрыс отырудың негізгі ережелері. Салт атпен жүре білудің негізгі 3 элементі бар:

1. Жылқыға міну әрекетін шыңдау;

2. Жылқы мен адам арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру;
3. Жылқыны басқару амал-тәсілдеріне ықпал етуді үйрену.

Бұлардың барлығын түсініп білу үшін терминнің мазмұнымен танысу керек. Жылқыға дұрыс отыра білу салт аттымен жылқы арасындағы толық үйлесімділікті білдіреді, яғни екі жақтың бірігіп қимыл ырғаққа келуі. Атқа дұрыс міне білетін салт атты жүріс кезінде аяқ асты жағдайда өз денесін қалай тепе-теңдік қалыпта ұстап қалуды мүлдем ойламайды, оның барлық іс-әрекеттері автоматты түрде түйсіксіз орындалады. Ол ер тоқымда табиғи теңдестік (баланс) қалыпта отырады және ат үстінде бұлшық еттерін босаңсытып, жылқы қимылының ырғағына ілесе алады.

Қалайда болмасын, адамдардың дене бітімі әртүрлі болып келеді, сондықтан оларға ерге отырудың қандайда бір мөлшерлі өлшеуін ұсынуға болмайды. Осыған орай жылқыға дұрыс міне білудің бірнеше әдісін атап өтейік.

Мініс кезінде мүмкіндігінше ер тоқымның ең терең бөлігіне отырып, ер тоқыммен бір тұтас болып кету керек. Онымен қоса ат үстінде отырғанда екі аяқты екі жаққа жіберіп жанбасты ер тоқымға тигізіп, содан кейін денені тік ұстап, шынтақтарды кеудеге жақын орналастыру қажет болып табылады.

Омыртқа бөлігіндегі сегіз көздің жұмысы тепе-теңдігін сақтауда және жылқы қимылының ырғағына енуіне ықпалын тигізеді. Сегіз көз бөлігі алға қарай иілген және әбден босаңсыған қалпында болуы тиіс. Бұл салт аттының негізгі тұлғасы, яғни оны тұла бой (кеуденің жоғарғы бөлігі), шлюсс (сан жанбастың ішкі беті), шен кел (тізеден төменгі бөлік) деп бөлуге болады. Бұл бөліктерді қарастыратын болсақ, онда шлюсс ер тоқымға жанасып тұруы керек, ол негізгі ось болып табылады, бұл біздің ары-бері қимылдауымызға мүмкіншілік береді. Шен кел – жылқыны басқару үшін қолданылады. Ал еркін тұла бой тепе-теңдік сақтаумен жылқыны басқаруды жүзеге асырады. Бұндай көрініс атқа дұрыс және икемді отыруға кепілдік береді.

Ал, керісінше аталған жайттарды қарама-қарсы қарастыратын болсақ, онда турист бұндай кезде әбден шаршап-шалдығады. Өкінішке орай отырыс ережесін бірден қадағалап отыру керек. Себебі аттар шорқақтап жүргенде мұндай отырыс мүлдем жарамсыз болып келеді.

13.26-13.27-суреттерде көрсетілген табаны кедір-бұдыр аяқ киім үзеңгіден аяқты шығарғанда кедергі жасайды және жұмсақ аяқ киімді киген дұрыс емес, өйткені аяқ үзеңгінің арғы жағынан шығып кетеді.

Дұрыс атқа отыру қалай шыңдалады? Ең алғаш салт атпен жүруді игеруде тепе-теңдікті сақтауды үйрену керек. Содан кейін жүріс үстінде дұрыс отыруды, біраз уақыт өте отырысты бағыттап және түзетіп отыруды үйренген қажет. Отырыс шыңдағанда үзеңгі қолданбаған жөн, сонымен қоса ат ерттелмеген жағдайда болуы тиіс. Үйрену кезінде, яғни ер тоқымда

отырғанда құлап қалам деп қорықпау керек, атқа жармаспау керек, және тізені қысып дірілдетпегені жөн, себебі бұл жағдайда тепе-теңдік тұрақсыз болады. Ат үстінде тек тепе-теңдікті ұстай білген жөн. Тепе-теңдікті жоғалтқан уақытта өзін-өзі сақтау ырықсыз сезімнің (инстинг) арқасында тізе өзінен өзі қысылады. Дер кезінде тепе-теңдік сақтап, теңсіздікті қалыптастырып өткен жайтты көңілге алмау қажет. Мұндай жағдайда ер тоқымда отырып жасалатын арнайы гимнастикалық дене шынықтырулардың пайдасы зор, яғни:

- қолды жоғары көтеріп созылып, жоғары қарап, шұғыл қолды түсіріп төмен қарау. Бұл жаттығулардағы реакция сезім мүшелерінің жұмыс істеу ерекшелігін көрсетеді;

- қолды белге қойып оны бұғу;

- қолды белге қойып тұла бойын жан-жаққа бұрып, алға, артқа шалқаю:

- қолды жан-жаққа созып жоғары және керілу арқылы саусақтарымен башпайдың ұштарына жету керек.

Алғашқы жаттығу ат шорқақтап келе жатқанда және жай жүріп келе жатқанда жүзеге асады.

Барлық гимнастикалық жаттығулар арнайы нұсқаушының қатысуымен жүргізілуі тиіс.

Тепе-теңдікті сақтау тез арада дағдыланып, барлық іс-әрекеттер пайымсыз бұлшық еттердің өздігінен басқару арқылы жүзеге асады. Бұл арқылы атқа отыру үзенгісі берік икемді болады.

Егер сіз атқа мінуді өздігінен немесе арнайы салт жүріс мектебінен үйренсеңіз, турбазаға барғанда міндеті түрде өз өзіңізді атқа дұрыс отырумен тепе-теңдікті сақтауды үзенгісіз шорқақ жүріспен жүріп көріңіз. Дұрыс отырыс кезінде қажет болмайды. Егерде үзенгісіз жүріс кезінде ыңғайсыздық танытып, үзенгі тапқыңыз келіп тұрса, онда сіздің атқа отыруыңыз толық шыңдалмаған деп саналады. Оны міндетті түрде алдын ала шыңдаған жөн. Тепе-теңдікті шорқақ жүріс үстінде сақтай білсеңіз, онда ары қарай жылқыны басқару мүмкіншіліктерін игеруіңізге болады.

**Жылқыны басқару принциптері.** Қорыта келгенде, жылқыны басқару аттының жылқыға ерік беруі, тұла бойдың бейімділігі, шен кел және қамшы арқылы жүзеге асады.

**Тұла бой бейімділігі.** Жылқыны горизонтальді ауданда тұрған ауырлық орталығы вертикальдардың қиылысқан нүктесінде орналасады. Ат үстіндегі дұрыс және тең отырған салт аттының ауырлық орталығы, жылқының ауырлық орталығы тұсында орналасады. Екі орталықтың осьтері жылқының 4 аяғы бірлестікте тұрғанда сәйкес болады. Егер жылқы мен салт атты бір тұтастықты ұстап, олардың ауырлық орталықтары бір вертикальда орналасса, онда жылқыға салт аттыны көтеруге, ал салт аттыға жылқыны басқаруға оңтайлы жағдай туындайды.

Жүріс кезінде салт атты жылқының қимыл ырғағына ену үшін өзінің ауырлық орталығын жылқымен бірге тұла бойдың алға шалқайту арқылы көмектесу керек.

Салт атпен далалы жағдайда жүру техникасы мен ережелері. Далада салт жүрістің өзгешеліктері. Далалы жағдайда салт жүру ат үйрететін жерден (манеж) елеулі түрде өзгеше келеді. Барлығынан бұрын салт аттыда дағдыланбаған деген жаңа сезім пайда болады, бұл түсінікті жайт. Жылқылар ішкі қоздырғыштарға күшті жауап қайтарып басқару мүмкіншіліктеріне аз әсер етеді де, жігерімен бірге қимылдайды дағдыланбаған жағдайға деген салт аттының толқуы тез арада басылып, жылқы да тынышталады.

Дала жағдайында салт аттының ер тоқымға отыруы біршама өзгеруі мүмкін. Үзеңгіні 1-2 қарысқа қысқарту керек. Бұл кезде, яғни жай жүріс және желіс кезінде тұла бойы сол қалпында қалады, шорқақ жүріс кезінде тірек күші тізеге және үзеңгіге түседі. Үзеңгіні алдына қарай жіберіп, ер тоқымнан құйымшаққа көтеріп, тұла бойды алдыға қарай еңкейту керек.

Далалы жерде жылқымен салт атты арнайы жолдарсыз жүреді және әр түрлі табиғи кедергілерден өтеді. Олар ағаш бұтақтарда айналып, еңкейуін және олар кенеттен (аяқ астынан) т.б. ситуацияларға тап болуы мүмкін. Дала жағдайында жүріс кезінде салт атты нұсқаушының байланысуынан күдер үзіп, оның өзіне барлық жауапкершілік жүктеледі.

**Қозғалыс тәртібі.** Далалық жерде серуендеуге шығу үшін құрылған туристтік топтар, яғни лектер (колонна) ара қашықтықтың екі немесе оданда көп корпустар құрады. Нұсқаушы тиімді жерлерде саптарды қайта құру жайында түсініктер береді. Екі лектен құрылған саптың, яғни салт аттылардың аралық интервалдары минимальды болуы тиіс. Себебі, алдыңғы жылқылардың артқы аяқтарынан соңғылары жаракаттанбауы керек. Жұп құрып келе жатқан салт аттылар үзеңгілесіп қатарласып жүруі керек. Далалық жерде жай жүріс, шорқақ және желіс жүріс кезеңді түрде қайталанып отырылуы тиіс. Жай жүрістің орташа жылдамдығы 1 км-ді 10 мин шорқақ жүріспен 5 мин желіспен 2,5-3 мин құрайды. Жүрістің ұзақтығы салт аттылардың дайындығының көрсеткішіне қарай нұсқаушының көзқарасымен анықталады.

Далалы жердегі жүріс, басқа жердегі жүрістерге қарағанда сенімді жай жүрістен басталуы қажет және оның ұзақтығы 10 мин құрап турбазаға 2 км қалғанда жай жүріспен 20 мин жүру керек. Ал соңғы километрде атты жетекпен жүргізуді естен шығармаған жөн.

Өрге қарай көтерілу жайпақ және тік, сонымен қоса қысқа және ұзақ болуы мүмкін. Барлық өрлерде жай жүріспен адымдап қимылдау қажет, қысқа қашықтықты өрлерге кейде желіспен шығу мүмкін болады, егер жылқы өзі бұл желісті таңдаса өрлеу кезінде жылқының ауырлық орталығы артқы бөлікке ауысады, сол себепті ол тепе-теңдік сақтау үшін мойнын созып, басын төмен түсіреді. Осыған сәйкес салт атты өзінің

ауырлық орталығын алдыға орналастырып, жылқыны басқару кезінде жылқыға кедергілер келтірмеуі тиіс. Бұнымен қоса салмақты үзуге түсіріп, алға шалқайып, жанбасты ер тоқымнан сәл көтеріп жылқыға максимальды түрде мойнын қозғауға мүмкіндік беру керек. Қандай жағдайда болмасын басқа толықтыруларды қолданбаған жөн. Бұл арқылы сіз атқа басқару кезінде кедергі келтіріп, тік өрде атпен бірге аударылып түсуіңіз мүмкін. Өр тік болған сайын жылқының қимылы жоғарылай түседі. Қарапайым жалпақ жерлерден бөлек тік өрлерде жылқының жалынан ұстау керек, ол салт аттының ауырлық орталығын өзгертеді. Үзеңгіге тірек арту арқылы ең күшті сауытының тізе мүмкіндігінше ер тоқымды қысып ұстайды. Басқару үрдісі тек сол қолмен және шен кел ауырлығы арқылы жүзеге асады. Өрлеген кезде, тек асулармен жылқы жолдарынан бөлек жерлерде тура жүру керек. Қарама-қайшы жағдай ұстансаңыз қисық жүру баурайынан жылқының сирақтары тайып, бүйіріне құлап қалуы ықтимал (13.28-3.29-суреттер).

Ылдилау немесе еңіс кезіндегі қимыл. Еңістер, өрлер сияқты жалпақ, тік, ұзақ және қысқа болады.

Ылдилау кезінде тек жай жүріспен адымдап жүру керек. Жайпақ жерлерден шорқақтап немесе желістеп өту жылқыны шалдықтырады, яғни оның бұлшық еттері зақымдалып, мініске жарамай қалады. Құлама еңістермен жүру кезінде өз жүрісімен аттың жүріп өтуі мүмкін емес.

Ылдилағанда жылқының ауырлық салмағы теңсіздікті сақтау үшін орталықтан алдыңғы жаққа ауысады. Мұндай жағдайдағы алдыңғы және артқы аяқтардың орын алмасуы тек аттың мойны созылғанында және оны төмен салған кезінде ғана мүмкін болады. Сондықтан салт атты жылқының мойнын созумен, басын түсіруге кедергі келтірмей, керісінше оған жеңіл жүруіне мүмкіндік беру керек. Жылқының артқы тірек нүктелері салт аттының ауырлық орталығының алдына орналасады. Сондықтан ылдилау кезінде салт атты жылқыға кедергі келтірмей, өзінің ауырлық орталығының жылқының ауырлық орталығына жақындатуы керек. Бұл әрекет кезінде тұла бойды азын-аулақ артқа ауыстырып және тізенің орнын ауыстырмай жылқының мойнына барынша жақын еңкею қажет. Бұл жағдайда салт атты өзін ыңғайсыз сезінеді. Сондықтан салт аттының денесі жылқы денесіне перпендикуляр болғаны жеткілікті деп санауға болады. Шоқырақтау жүрісі кезінде салт аттының тұла бойы аздап еңкейеді.

Еңіске түскенде қимылды үзеңгі мен тізеге баса артып, онымен қоса бір шама алдыға ауысып отыру қажет. Салт аттының тұла бойы адымдап жүру кезіндегі сияқты қалпында қалады, еңістік құламалығына байланыссыз, ауыздыққа күш түсірмей, босаң босатып ұстайды. Жылқыны басқару тізгінмен жүзеге асып, шен кел ат бүйірінен алшақтайды. Еңіспен жүру кезінде көптеген туристтер өздерін сенімді сезінеді. Еңіс жағдайындағы техникалық қауіпсіздіктермен танысып жылқының ылдилау

кезіндегі тепе-теңдігін сақтау мүмкіндігінің мол екендігіне және ат салт аттысыз өздігінен еш уақытта құламайтын (биіктігі 2,0-2,5 м тік құздардан) естен шығармаған жөн.

Ылдилау кезінде нұсқаушының берген нұсқаулығына сүйене отырып салт атты өзінің шеберлігіне сену керек.

Құламалы еңсіздіктер серуендеу маршруттарына енгізілмейді, ол тек жылқы белгісілі жолдан ауытқып кеткен кезде не істеу керектігін үйрену жаттығуларында қарастырылады. Ылдилау кезіндегі жаттығу жұмыстары тек түзу сызықтары, яғни бұрмалаң тау жолымен жүретін болсаң, тұяғы жерден таяды, жылқы бір жағына қарай құлауы мүмкін.

Сіздердердің ойларыңызға асулы жерлерде қалай болу керек, таулы жолдар қалай орналасқан, бұрмалаң тау жолында не істеу керек деген сұрақтар туындауы мүмкін. Таулы жерлерде соқпақтар бұрмалау орналасады, онда бүйірлік еңіс болмайды, жылқы жоғары горизонтальді таспа жолымен, яғни бұрандалы сатыға көтерілгендей қимылдап көтеріледі.

**Сулы тосқауылдарды шеру.** Сулы тосқауылдар тек басшы салт аттының ізімен адымдап жүру арқылы игеріледі. Бұл кезде ара қашықтық бір жылқы тұрқындай етіп қысқарады. Сулы тосқауылдардан кешіп өту туристтер үшін еш қандай қиындық тудырмайды. Бірақ аталған қимыл түрі салт аттыдан өзін ұстай білушілік пен жинақылықты талап етеді. Жылқылар қызуқандылықпен және сүйсінушілікпен суға енеді де, одан ынтасыздықпен шығады. Сондықтан салт атты жылқыны тоқтаусыз басын төмен еңкейткізбей, су ішкізбей, аяғымен суды тарпылатқызбай судан өткізу керек. Жылқының тағы бір жағымсыз қимылы, ол сулы жерге жата кетуі және т.б. қимылдар жасауы мүмкін. Келесі жағаға шығарда салт аттылар сап құрып, біраз бөлігі жылжығаннан кейін келесі бөлігі жылжып отырады. Бұл әрекет бір біріне кедергі келтірмеудің амалы ретінде қарастырылады.

Жабысқақ және тайғанақ жерлерден салт аттылардың жүруі. Тайғанақ, әрі жабысқақ жерлермен жүру жылқыға бір шама қиындық келтіреді. Саздау жерде жылқы судың тек беткейін ғана көреді, ал оның астыңғы бөлігіндегі тірек нүктесін жорамалдап анықтайды. Бұндай жерлерде тепе-теңдікті сақтау жылқыға ауыртпалық келтіреді. Салт аттының негізгі мақсаты – жылқыға кедергі келтірмей алдындағы салт аттының ізін кешіп жүріп отыру керек. Бұндай жерлерде күш ат пен тірек үзеңгіге түсу керек, жанбас ер тоқымнан сәл көтерілген болу керек. Жылқының жүрісін жеңілдету үшін тұла бойды алға шалқайтып тізгінді бос ұстаймыз. Бұнымен салт атты жылқының жалын оң қолымен ұстап отырса, жылқы тайып кеткен жағдайда көмегі тиеді.

Тұтқыр жермен жүргенде жылқының энергиясы көп жұмсалады және оның денесінің артқы бөлігінің жұмысы шапшаңдайды. Жылқының басқару мен оған отыра білу жұмыстары сазды жердегідей тайғанақ

жерлермен жылқы жүріп өткенде, оған тепе-теңдікті сақтау қиынға соғады. Сондықтан бұндай кезде салт атты аттан түсіп оны жетектеп жүру қажет.

**Біркелкі емес жерлерден салт жүру.** Біркелкі емес жерлермен, яғни ойлы-қырлы немесе бұтақ өскен және кесілген ағаштардың діңгектер бар жерлермен жүрген кезде, жылқының алдында салт атты жүру керек, бұл жылқының жарақаттануын алдын алады. Басқару қарапайым, тек салт аттыдан абайлап жүру ғана талап етіледі.

**Орманды жерлермен салт жүру.** Орманда келе жатқан жылқы өзіндік сезім арқылы өз жолын таба біледі. Бірақ жылқы жолды тек өзі ғана жүріп өтуді есепке алады, салт аттының тұрқы ескерілмейді. Сондықтан салт атты жылқыны дұрыс басқарып, байыпты және жинақы болуы қажет. Бұл өз кезегінде ағаштардың бұтақтарынан жарақатынудың алдын алады.

**Табиғи тосқауылдарды игеру.** Маршрут кезінде табиғи тосқауылдар кездеседі, яғни ор, шұңқырлар, жығылған ағаштар және т.б. Бұл тосқауылдарды айналып өту мүмкін болмайды, сондықтан оларды қалайда болса игеру керек. Бұндағы басты жағдай салт атты өзін тосқауылдың келесі бетінде екен деп сезінуі керек және жылқыға еркіндік бермеу қажет. Жол бойындағы барлық табиғи тосқауылдар жылқыға оңай игеріледі және салт аттыға да қауіп төндірмейді, сол себепті оларды байыппен игеру керек.

Тосқауылдарды игерудің қарапайым тәсілдерін жылқы өзі таңдай біледі. Осыған байланысты жылқыға басын еңкейтіп, тосқауылды көзбен және иіс арқылы сезінуіне мүмкіндік берген жөн.

Жылқыны шен келмен айдауға болады, бірақ қатты қайраттылық танытпау керек, себебі жылқы тосқауылдарды секіріп өтпеуі қажет. Далалы жерлерде салт атты ор шұңқырлардан секіріп өте алатын болса, маршруттық трассаларда бұны істеуге болмайды, өйткені үстіндегі теңдік (жүк) жылқыға қиындық келтіреді.

**Жылқыны басқару техникалары мен ережелері.** Жегілген жылқыны басқару қарапайым, техниканы игеру үшін 3-4 жаттығу ғана қажет.

Жегілген жылқыны дауыстап, сауырынан божымен қағу арқылы орнынан қозғалтуға болады. Божымен қағу, тек жылқы жүрген кезде ғана ақырын жүзеге асады.

Жылқыны тоқтату үшін, божыны өзіне жоғарыдан төмен тартқан жөн. Кейде божыны қатты және жігерлікпен тартады, бірақ жұлқымау керек. Арасында божыны арбаның алдыңғы бөлігіне аяқты тіреп тартуға болады.

Бұрылыс кезінде божыны бір жаққа тартып, келесі жақ божының бөлігінен мықтап ұстайды.

**Серуен кезіндегі туристтердің іс-шаралары.** Атқа мініп жіру адамдарды қызықтырып өзіне тартады. Ақылды жануармен серуенге



шығып, жақсы әсер алса, көркем табиғатпен таза ауа дем алуға керемет жағдай туындайды.

Жылқы туризмінің өзіне тән ерекшелігі – ол серуенді ұйымдастыру ісіне ғана емес, сонымен қатар сол серуенге мініп шығатын жол серігіңіз – арғымақтың жағдайына, сапасына да тығыз байланысты.

Атпен туристтік серуенге шығу кезінде жолаушы туристтің жылқы жағдайын жақсы түсінуі, басты зоогигиеналық, азықтандыру ретімен, ер салып міну ережелерін және техникалық қауіпсіздік шараларын білуі маңызды болып саналады.

Туристтік үйрету базасында болған барлық уақыт кезінде оған тек бір ғана ат беріледі. Берілетін ат туристтің бойы, салмағымен қатар атқа міну дайындығының бар-жоғына байланысты таңдалады. Аттың дені сау, мінезі бір қалыпты, тағаланған, әбзелдері (ер-тұрманы, үзеңгі, тартпа т.б) түгел болуы қажет.

Туристке атпен саяхаттау кезінде оған қажетті заттар (ат-әбзелдері мен шетке...) беріледі.

Атқа пәуеске, шана жегетін маршруттарды арнайы құрылғылары мен күтім жасау құралдарымен жабдықталуы керек.

Салт атпен серуендеуге шығатын туристтік топ 10 адам болса, оларға берілетін аттың саны 13 болады. Оның 10 әрбір туристтің жеке мініс аты болса, біреуі туристтік топтың инструкторы мінеді, біреуін азық-түлік және басқа да жабдықтарды артып алу жүруге қолданады және біреуін резерв үшін артық алып жүреді. Ол аттардың біреуінің жарақаттанып немесе ауырып қалған кезде ауыстыру үшін керек. Маршруттың ұзақтығымен жолдың ара қашықтығына байланысты жүк артылатын ат саны 2-3-ке дейін артық болуы мүмкін.

Атқа пәуеске, шана жегіп серуендеу кезінде жылқы саны маршруттық жолдың оңай немесе қиындығына, пәуеске, шананың сыйымдылығымен турист санына байланысты, негізінен екі туристке бір аттан бөлінеді. 20 адамдық туристтік топқа резерв ретінде бір ат ұсынылады.

Маршруттың жолында үнемі қонуға аялдайтын жерлерде қарапайым атқора болады. Ол жерде аттың ер-тұрманын алып, көпшіктерін жуып кептіреді, аттарды демалдырып алады. Аттарды жергілікті жердегі ауылдық аймақтың үйлерінің аулалары мен қораларына қою амалсыздан ғана жасалатын шара болып саналады. Сондай-ақ бұл кезде туристтік аттарға жергілікті жердің ит-құстары келе алмайтындай жағдайдың болуы қарастырылады.

Азықтандыру рационы әр аттың салмағы, атқаратын жұмыс түріне қарай беріледі. Алып келген азықтың қуат-құнарлығы жоғары болуы қажет. Бірақ, күніне 2 кг бидай мен 8-10 кг сұлыдан немесе 40-50 кг көк шөптен артық беруге болмайды. Егер, жем-шөпті маршрутқа жеткізу

мүмкін болмаған жағдайда, аттардың әр үш күнде бір рет толық бір тәулік бойы жайылып азықтануына жағдай жасалады.

**Туристтік серуен кезіндегі инструктордың жұмыстары мен міндеттері.** Инструктордың бағыт кезіндегі жұмыстары. Туристтік серуен барысында топтың инструкторы жол бастаушыдан, туристтердің саяхат барысында ақылшысы, бағыт-бағдар берушісі болып саналады. Ол – туристтердің қауіпсіздігі үшін құқықтық жауапкершілікті, жылқы басының амандығын, топтың ауызбіршілігін, қоршаған ортаны қорғау ережесін сақтауды, т.б істерді мойнына алады.

Инструктор көптеген денсаулық және мәдени шараларды ұйымдастырушы. Жол бойы маршруттың маңыздылығы туралы мәліметтер айтып туристтердің саяхат кезіндегі өзіне тиесілі рөлдік нормалардың тыс шектен шықпауын қадағалайды және табиғатты қорғау жөніндегі өзіндік тәрбие мен дұрыс бағдар беруші жұмысын атқарады.

Аттардың маршрут кезіндегі жағдайын, күтімін қадағаланып отырылады. Оларды күнделікті тексеріп, өсіп кеткен тұяқтарын кесіп, тағаларын түзеуді бақылайды. Бұндай істер үшін инструктор өзінде мынадай құрал-саймандарды алып жүреді: тұяқтарды кесу және тағаларды түзетіп қағу саймандары, артық таға мен таға қағатын шегелер, су құятын шелектер, жіп арқандар, ат әбзелдерін жөндеу құралдары, жем-шөп және басқа да керек-жарақтар салатын қапшықтар, азықтандыру кезінде пайдаланатын өлшегіш таразылары артық терліктер.

Қажет болған жағдайда инструкторға маршрут кезінде ветеринариялық көмекті де көрсете алуы міндеттеледі. Ол үшін инструктордың ветеринариялық қобдишасында белгілі медициналық жарақтар мен дәрмектер: 0,5 кг мақта, 5 қорап ұзын бинт, 10 мм-лік шприц, 2 құты йод, 10 ампула но-шпа, 2 құты септоннекс және 2 құты кубатон болады.

**Серуен кезіндегі туристтердің міндеті.** Салт атпен серуендеу туризмі көп жағдайларда туристтерді далада, түзде жүру мен қону кезінде өзін өзі қамтамасыз етуін заңдастырып анықтайды. Бұл дегеніміз маршрут кезінде туристтер лагерьлерді өздері белгілеп, палаткаларды (шатырлар) құрып, тамақтарын өздері жасап, отын жару, шөпшектерді, қонған, демалған орындарды жинау, қоймадан керек-жарақтарды алып-өткізу жұмыстарын, асханаға кезекшілік қою мен мініс аттарды және әбзелдерін күтіп қарау сияқты жұмыстарын бәрін өздері жасайды деген сөз.

Әрине, бұл жұмыстардың бәрін топ инструкторы ұйымдастырып, қадағалайды. Бұл жерде оған туристтердің белсенділігі мен түсіністігі қажет. Туристтердің барлық шараға белсене қатысуымен араласуы топ ішіндегі тиянақтылық пен жақсы көңіл күй орнатуға жағдай жасайды. Инструктор көмегімен туристтер өз іштерінен белсенділерді сайлап, асхана мен аттарды күтуге кесте құрып жұмыстарды, атқаратын қызметтерін

бөліп алады. Бұл кезде топ ішіндегі әрбір туристтің жеке кәсіпкерлігін, беделі мен жұмысқа деген құлшынысын ескеріледі.

Туристтер арасынан әр түрлі жұмысқа тағайындалған мамандар мыналар:

- топ старостасы – инструктордың бірінші көмекшісі, ол туристтердің тамақ дайындау мен жылқыларды күту кезекшілігін лагерьдің демалу-тынығу орындарында топтың қауіпсіздігін сақтауды ұйымдастырады;

- шаруашылық меңгерушісі – серуен кезінде туристтердің азық-түлік, басқа да керек-жарақтарының қорын бақылап, аспазшымен бірге ас мәзірін (меню) дайындайды;

- санитариялық жұмыстар инспекторы – туристтердің санитариялық-гигиеналық ережелерін сақтауын қадағалап, қобдишаның сақталуы мен алғашқы медициналық көмек көрсету ісін ұйымдастырады;

- мәдени шаралар меңгерушісі – топ инструкторына мәдени іс-шаралар ұйымдастыру кезінде көмектеседі;

- дене шынықтырушы – топ инструкторымен спорттық шараларды (дене шынықтыру, боулинг, волейбол, футбол, шахмат және т.б.) ұйымдастырушы;

- аттарды күтіп бағу ісінің кезекшісі – аттарды жайылу кезінде қадағалайды, олардың арқан жібінің өз аяғына, ағаш бұталарына оралып қалмауын бақылайды, кезекшінің жұмысының таңертеңнен кешке дейін созылады, ол таңертең ертемен барлық аттардың өз уақытында тазалануы жөніндегі жұмыстарды атқару жауапкершілігін мойнына алады. Кезекші аттарды жем-шөппен азықтандыру жұмысын туристтер ұйқыдан оянбай тұрып жасайды, бұл топтың жолға шығарда аттардың дайын тұру үшін қажет. Кезекшілердің өз жұмыстарының бұлжытпай орындауы, межелі жерге лагерьді құру мен жинау, маршруттың жүріс кестесінің уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді.

Лагерьді жинау жұмысын жылдам, дұрыс ұйымдастыру, маршруттың күндізгі уақытта ұтымды пайдаланып, жолға тез шығып кетуге мүмкіндік береді. Ал лагерьді жинау жұмысына көп уақыт жіберіп алғанда, маршруттардың жүріс уақытын қысқартып, жылдамдығын арттыру қажет болады, немесе келесі лагерьді құрғанша қараңғы түсіп кетеді. Ұйқыдан оянғаннан кейін таңғы асты қоса алғанда жолға шығуға дейінгі кезге лагерьді жинауға кететін белгіленген уақыт арасы 2 сағаттың көлемінде болуы тиіс. Бұл топты дұрыс ұйымдастыру мен өзара көмектесуі арқылы іске асатын жұмыс.

Атпен серуендеу кезінде туристтердің жалпы туристтік білімділігі артып, жақсы дайындықтан өтеді. Туристтердің саяхат кезінде үйренуге тиісті қарапайым жұмыстарына мыналар жатады: рюкзактардың дұрыс жиналуы және оларды алып жүру, шатырларды құру, от жағу, дала жағдайында тамақ даярлау, компас пен туристтік жол бағдарымен жұмыс

жасай білу және т.б. Мұнымен қоса туристтер туристік серуендеу қауіпсіздігін сақтау мен қоршаған ортаны қорғау ережелерін білуі керек.

**Маршрутта салт атпен жүру кезіндегі жүргізілетін жұмыстар.** Атты және ат әбзелдерін даярлау. Жолға шығар алдында аттардың тағалары жаңа тағаларға ауыстырылуы керек, егер қажет болмаған жағдайда бұрынғы тағалар тексеріліп, қатайтылуы керек. Жолда жүргенде пайдаланған жарақтарды мұқият қарап тексереді. Ауыздық, тартпа, айыл, үзенгі әбзелдері ерекше тексеріледі. Маршрут кезінде тартпа сөгіліп, үзіліп, саяхатшыларды жолда қалдыруы мүмкін. Кемістігі бар жарақтарды жөндеуге береді. Терліктерді уақытылы жуып, кептіріліп тұруы қажет. Жарақтар мен жүктерді ат үстіне арту кезінде теңдей бөліп орналастырады, жүк байланған жіп арқанның сау және ыңғайлы болуын қарап, алдын ала керек емес заттарды жинастырып салып қоюы керек. Өйткені серуен кезіндегі ең қарбалас сәт таңертеңдегі уақыт, сондықтан мүмкіндігінше ертерек жиналу керек. Жолға шығар алдында аттың екі жағындағы теңеу жүк артқышты затқа барынша толықтырады. Бұл жүрген кезде салынған заттар қозғалып, салдырамас үшін қажет. Жүкті арту жұмысының реті:

- аттың үстін шаң-тозаңнан тазартады;
- тартпасын тартып, ерттейді;
- ер үстінен жүк салып теңеп, оны байлайды;
- алдыңғы және артқы жүк арасын байлап бекітеді;
- алдыңғы жүк үстін палаткамен жауып, алдыңғы жіпке байлайды;
- жолға шығу туралы хабарды күтеді;
- тартпа айылды қайта тартып байлап, байлаудан атты босатып

алдыңғы сапқа тұрады.

**Атпен маршрутқа жүру.** Дала жағдайында салт атпен жүру, көріп отырғанымыздай манежде атқа мінуден айтарлықтай өзгеше: ал маршрутты салт атпен жүру манежде жүру мен дала жағдайында салт атпен жүруден тіптен өзгеше болады. Негізінен принциптік айырмашылықтары манежде және дала жағдайындағы атпен жүру оқу жағдайындағы жұмыс ретінде болса, маршрутқа жүру – бұл демалу, соның нәтижесінде демалудан жақсы әсер алу. Алдын ала айтар болсақ, техникалық жағынан маршруттық жүру үйрену мен жаттығу кезіндегі атпен жүруден оңайырақ болады.

Маршруттық жүріс кезіндегі негізгі мәселе ол аттарды бір-бірінің артынан арқан жіппен байлап бір тізбек болып жүруі. Бұл кезде әр ат жеке басқарылмайды, ол тек жолдың кейбір бөліктерінде мүмкін болады. Туристтің негізгі мақсаты аттың өзіне таныс жолмен жүруіне неғұрлым аз кедергі жасау. Атқа мініп жеке жүру, шабу мүмкіндігі тек арнайы тоқтап, демалу кезінде, яғни жүктер түсіріліп кезекшінің қарауында болған кезінде ғана мүмкін болады. Маршруттық жүрістің негізгі ерекшелігі ол туристтердің ат үстінде болатын жүктің аман жеткізілуі ісіне ден қоюына

байланысты әрекет етуінде. Тізбектеліп жолға шыққан аттардың біріне бірі жалғанған жібінің ұзындығы оның еркін жүруіне мүмкіндік беріп, бірақ жолдан шығып кетпейтіндей болуы қажет. Жолдың кейбір тұстарында жүк теңілген жылқыны жетектен алып, жүруге болады. Жетектегі аттың шылбырын алдыңғы жетекші аттың ерінің мойнына, немесе артқы басына байлауға болмайды. Ол өте қауіпті, жетектегі ат үріккен жағдайда жалт бұрылып артқа қашып, алдыңғы аттың ер тоқымын артқа немесе жанына аударып тастайды.

Серуен кезінде аттарды күтіп бағып қарау. Аттарды тазарту. Ат терісінің жағдайы мен тазалығы оның денінің саулығына әсер етеді. Сондықтан жануарлардың денесін тазалауды жүргізу керек, бұл бір жағынан денеге массаж ретінде де пайдалы. Жылқы денесін тазарту өзіндік ерекшеліктермен әдіс-тәсілдер бойынша жүргізіледі. Мысалы, нағыз жылқышы аттың сол жағын оң қолмен тазартпайды, міндетті түрде сол жақ қолмен жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ, оң аяғын оң қолмен емес, сол қолмен көтереді тазарту жүргізу құралдары әр жылқының тек өзіне ғана тиесілі болуы тиіс. Онда аттың есімі жазылады. Бұл құралдарды басқа жылқыны күту-тазалау кезінде пайдалануға тыйым салынады. Тазалау құралдарын әрқашан таза ұстау қажет, атты тазарту жұмыстарын ашық аспан астында жүргізеді. Тазалау, тазарту жұмысын жүргізгенде алдымен жылқыны шылбырын қысқа етіп, бағанға, қазыққа байлайды, тазалауды басының сол жағынан бастайды. Шөткені сол қолға алып, ат тарақтың тістерін жоғарғы қараған күйінде оң қолға алады. Содан соң оң қолдың ортаңғы саусағымен ноктаны аттың құлағынан жақ бөлігіне дейін тартып байлайды. Бас бөлігінің желке тұсынан, құлағымен көзінің айналасын жоғарыдан төмен қарай тазалайды. Шөткемен абайлап жұмыс істеу қажет, себебі жылқының көзіне зақым келтіріп алуымыз әбден мүмкін. Жылқының сол жағын тазалап болған соң, мойнынан бастап сосын тұла бойын бойлап артқы санымен аяқтайды.

**Қауіпсіздік техникасы.** Жылқыны күтуде, оған мінуде және де экипажда жүру кезінде белгілі бір қатерлер болуы тиіс. Жылқы табиғаты бойынша агрессивті үй жануарларымен салыстырып қарағанда үрейлі жануар болып табылады, табиғат жағдайында қауіп төнгенде, көбіне жүгіріп қашу арқылы аман қалады. Бұл тірі ағза, жылқыға жақсы көзбен қараумен қатар, оның үрейшең екенін де ескеру керек. Үрейлі жаңдай кезінде туристке жағатын (әсерлерді) қозғалыстарды орындамайды. Жағымсыз қозғалыстар олардың алдыңғы және артқы аяқтарының тұяғымен тебуі, тіспен тістеу арқылы, аяғынан тік тұру, жан-жаққа жылдам секіріп, лақтыру, алға қарқынды аллюламен жылдам жүгіру және т.б. Бұндай қимылдарды табиғатынана тыныш мінезді жақсы жүріс аттар да кездейсоқта жасауы мүмкін. Бұның бәрі жарақаттануға соқтырады.

Жылқының жағымсыз қозғалыстарының себептері, үрей, өзін сақтау инстинктік сезімінің нәтижесінде болады, әрі оған дұрыс қарау

кабілетсіздігінің және жылқыға мініп жүргенде басқару техникасының жеткіліксіздігінен болуы мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды мүлтіксіз біліп орындап қана қоймай, сонмен қатар жылқыға үйреншікті автоматты түрде орындалатын қозғалыстар, оны үрейліндіретіндей іске асырылмауы керек. Ең бастысы жылқымен саяхат кезінде қауіпсіздігі экипаждағы салт міну жылқыны бағуда оң әсерлер беруі қажет.

**Қауіпсіздікті материалды-техникалық қамтамасыздандыру талабы.** Жылқы туризмінде қолданылатын аттар мықты, салмақты, мейірімді, адамға сенімді де, қорқақ емес болу керек. Кортта салт мінуге үйренуде жылқы төрт аяғына нық басып жақсы тік жүруі тиіс.

Салт мінуді үйрету орны қоршалған, жұмсақ төсеніштің болуы керек және үйренушіні жарақаттайтын бөгде заттар болмауы тиіс. Ылғалды ауа райында мініп жүрген аттан құлаған кезде төсеніш тайғанақ болуы мүмкін.

Маршрут трассалары таңбаланған болуы керек. Таңбалар (қозғалыстың бағыттау көрсеткіші) жазғы маршруттарды шалғындық жерлерде қозғалыстың бағыттаушы көрсеткіші ретінде жол сілтеуі керек. Қысқы маршруттарда таңбаланған келесі жағдай кезінде қарастырылады. Бұл кенеттен қар көшудің салдарынан көрсеткішті орналастырудың шектелуі.

Қысқа маршрут кезінде тек жөнделген экипаждар (шана), салт мінуге керек-жарақтар ғана қолданылады.

Күнделікті ауыздықтың, айылдың, үзеңгінің, ер тұрманның, құйысқанның, пиреннің, ноқтаның дұрыстығын ерекше мұқият тексереді. Маршруттық трассада алдын ала сақтайтын аяқ киім қолданбау керек және жылқы аяқтарын тұсап байлауға болмайды. Аяқ киім мен бинттердің бүтіндігінің бұзылуы жылқының құлауына себеп болады. Әсіресе, су тосқауылдарынан және тапталған жерлерден өту кезінде бұндай жағдайлар туристке өте қауіпті болады.

Жылқыны басқарып отырған турист өзінің отырған орнын, жолды дұрыс көретіндей өте жоғарыға орналастырмай, қозғалысқа кедергі болмайтындай жабдықтау керек. Туристтің кимі өндірістік экипировка болуы тиіс, бірақ салт міну үшін ыңғайлы болуы керек. Салт міну кезінде тек арнайы етік кию керек. Етік үзеңгіге еркін кіріп және шығу керек (30-шы сурет). Рифлді табанды аяқ киімдер салт мінуге рұқсат етілмейді. Өйткені оның жылдам үзеңгіден алу жағдайында кедергі болады (31-ші сурет). Жұмсақ аяқ киімдерде салт мінуге рұқсат етілмейді, өйткені, сатыдан өткенде үзеңгіден алға қарай өтіп кетеді (32-ші сурет). Мүмкіндігінше туристтің қолының тырнағы алынған, қысқа болу керек.

Жылқыны күтіп-бағудағы қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып туристке жылқыны күтіп-бағудағы тапсырма бойынша оған мейірімді

қарау керек, жылдам, қолайсыз қозғалыстар жасамай, алақанын ашып саусақтарын иіп тәтті беру отыру қажет.

Жылқыға сол жағынан оны өзіне қаратып, дауыстап бару керек. Егер, жылқы сол жақта тұрса, оған «дұрыс тұр» деп айтып орнына тұрғызу қажет және жылқының артынан келмеу керек, қолыңды созып денесіне тигізу қажет. Егер, жатқан жылқыны тұрғызу үшін оны қорқытып-үркітіп тұрғызудың қажеті жоқ, оны дауыстап өзіңе қаратып, өзінің тұруына мүмкіншілік жасау қажет.

Жылқыны тазалау, оның тұяғын қарау және оған ер тоқым салған кезде келесі атты немесе жаяу адамды артқы аяғымен теппейтіндей жүзеге асырған жөн болады.

Азықтандыру кезінде жылқыға басқа күтіп-бағу жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмейді.

Тазалау кезінде қиғашынан жылқының жанынан тұрып, оның мінез-кұлқын қадағалап, жылқыны мазалайтын тазалау бойынша дөрекі қозғалыстарын жасамау керек.

Жылқының тұяқтарын тексеру үшін оны қысқа етіп байлап барып тек тексеруге арналған қозғалыстарды орындау қажет. Тек қысқа байланған жылқыларға ғана ер тоқым салады. Ер тоқым салған кезде жақсы мейірімді жылқының өзі жақтырмай тұрады және ер тоқымдап жатқан адамды немесе басқа жылқыны, оның жанында тұрған адамды тістеп алуы мүмкін.

Ережелер бойынша бір мезетте қысқа мерзімде турист тек екі жылқыны ғана ұстай алады, одан көп жылқыны ұстауға рұқсат етілмейді. Отыруға, жатуға және жібін қолына орауға тыйым салынады.

**Жылқыны салт міну кезінде туристтің қозғалыстарына қойылатын талаптар.** Мініс жылқыларына отыру кезінде оның жүгенін тартып тексеру керек. Дұрыс байланбаған жүгенмен жүруге тыйым салынады.

Салт мінуде турист кез келген аллюрада мықты отыру керек, жүгенді жіберіп қоймай, атты басқарудың кез келген қозғалыстарын орындауға дайын болу қажет.

### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Жылқы жайлы не білесіз?
2. Қазақы жылқыларды мөлшері қандай болады?
3. Қазақы жылқыларға сипаттама бер.
4. Қандай қазақы жылқылардың тұқымдарын белесіз?
5. Таза текті салт мініс жылқыларын атаңыз.
6. Атты туризм дегеніміз не?
7. Атты сапарға шығуға қандай дайындықтар керек?
8. Атпен мініп жүрудің қандай әдістерін білесіз?

9. Ат әбзелдерін ата.
10. Салт атқа дұрыс отыру ережелерін ата.
11. Жылқыны басқару техникасын және ережелерін ата.



## 14 ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚ ҮЙІ ІСІ

Туризм қонақжайлылығы мен инфрақұрылымы. Туризм қонақжайлылығы мен инфрақұрылымы дамуының маңызы. Туризм қонақжайлылығы мен инфрақұрылымы деп туристтік өнімді өндірудің ортақ жағдайларының жиынтығын айтады. «Туристтік өнімді өндірудің ортақ жағдайлары» деген түсініктің мазмұнын талдау барысында мамандардың пікірлері әрқилы болып келеді. Осы ұғымды бір мамандар негізгі технологиялық үрдісті қамтамасыз ететін қызмет немесе нысандардың түрлері десе, басқалары барлық технологиялық үрдістерді келтіреді, ал үшіншілері туристтік өнімді құрастыру үшін қажетті технологиялық үрдіспен басқару әрекетінің қосындысы деп түсінік береді. Соңғы көзқарас «туристтік өнім» түсінігіне күрделенген мағына береді. Туризм қонақжайлылығы мен инфрақұрылымымен қатар сәйкес келуші ұйымдардың ұйымдастырушылық-құқықтық түрлеріне де түсінік беріледі. Халықтың тұтынымын уақытылы, әрі толық қамтамасыз ету үшін туризмде жоғары деңгейлі соңғы нәтижелерге бағытталған үдемелі технологиялар мен инфрақұрылымды тиімді басқару тәсілдерін қолдану қажет.

Инфрақұрылымның элементтері әр түрлі болып жіктелуі мүмкін. Кеңістіктегі орналасуы критерийі бойынша халықаралық, аумақтық, қалалық инфрақұрылымдар болып ерекшеленеді. Қызмет көрсету саласы бойынша инфрақұрылымдар технологиялық, басқарушылық және әлеуметтік ретінде жіктеледі. Уақыт факторы критерийі бойынша (туристтік өнімді алумен салыстып қарағанда) синхрондық, алға шығушы (тізгінүзді) және артта қалушы (кенжелейтін) инфрақұрылымдарды ажыратады.

Қыдырып келген орындағы туристтік ресурстардың қол жетімділігі мен туристке арналған жайлылықты дамыған инфрақұрылым қамтамасыз етеді.

Туризм және қонақжайлылық индустриясының атқаратын функциялары мен дамуы.

Туристтерді орналастыру технологиялық инфрақұрылымы.

Келген туристтерді орналастыру үшін уақытша тұруға немесе қона жататын жатын орындар ретінде тұрақтар ұсынылады. Қосымша жағдайлар ретінде келесілер қабылданады:

- 1) қайсыбір минимумнан артық қонатын орынның жалпы саны;
- 2) орналастыру нысандарының жетекшілерде бар болуы;
- 3) нысандарды басқару коммерциялық негізде болады.

Бүкіләлемдік туристік ұйымның (БТҰ) ұсыныстарына сәйкес туристтерді орныластырудың барлық құралдарын келесі екі: ұжымдық және жекше деген санаттарға бөлуге болады.

Туристерді ұжымдық орналастыру құралдары құрамына қонақ үйлер мен басқа соларға ұқсас арнайы ғимараттар жатады.

Нөмірлердің болуы қонақ үйлерінің негізгі көрсеткіші болып саналады. Басқару ерекшеліктеріне байланысты қонақ үйлері кәсіпорындардың жиынтығы немесе қонақ жайларының тізбегін құрастыру керек. Ірі халықаралық қонақ үйлерінің тізбегіне 74, 61, 52, 47-ге сәйкес мемлекеттерді қабылдау саны бар «Accor-Pullman» (Франция), «Sheraton Congraton» (АҚШ), «Holiday Inn» (АҚШ), «Hilton International» (АҚШ) компаниялары иелік етеді. Осындай қонақ үйлерінде міндетті қызметтердің тізімін ұсынады: нөмірді тазалау, төсек-орынды күнделікті жинау және санитариялық тұйықтардың тазалығы, сонымен қатар қосымша қызметтердің кең номенклатурасы. Қонақ үйлері типтері мен атқаратын қызметтері бойынша әр түрлі болып келеді, әрі нақтыланған сипаттағы қонақтарға қызмет көрсетуге бетбұрыс жасаған болып келеді. Қазіргі кезде әлемде 249 млн. нөмірі бар 5 млн-нан астам қонақ үйлері жұмыс істейді, олардан алынатын жылдық түсім 880 млрд доллар қаржыны құрайды екен, Мәскеуде 164 қонай үйлері бар.

Қонақ үйлеріне ұқсас ғимараттар топтарында да нөмірлердің қоры бар және міндетті қызметтердің тізімін халыққа ұсынады. Осындай қызметтерді ұсынатын пансиондар, жиһаздармен жабдықталған бөлмелер, туристік жатақханалар мен арнайы ғимараттар (бірыңғай басқару жүйесі бар) туристерге өз қызметін ұсынады. Оларда жекеленген нөмірлер болмайды, бұларда бастапқы бірлік ретінде орын жайлар, ұжымға арналған жатын бөлмелер мен алаңдар ұсынылады. Туристердің түнеуіне арналған орын жайларды ұсынудан бөлек бұл ғимараттар қызметтің басқа түрлерін де көрсете алады. Осындай арнайы мамандандырылған кәсіпорындарға сауықтыру мекемелерін (шипажайлар, курорттар, санаторийлер, сауықтыру «фермалары» және т.б.), лагерьлерді, қоғамдық көліктер түріне (поездар, судналар) немесе конгресс-орталықтарында туристерді орналастыруды мысал ретінде келтіруге болады.

Сауықтыру мекемелерінде, шипажайларда және курорттарда түнеуге арналған орындардың ұсынылатын қызметтері басты болып саналмайды. Алдымен табиғи факторларды (климат, теңіз, минералдық су және т.б.) қолдану арқылы келуші қонақтарға емдік және алдын алу шараларын қарастыру қажет. Адам организміне материалдық және рухани көмек көрсету үйреншікті еңбек жағдайлары мен күйбің тірліктерін ұмыттыра отырып, қонақтарға жаңа әсерлер беру арқылы руханияттылық тұрғыдан алғанда өзін өзі байытуды қарастырады. Емдеу шараларымен қатар келушілерге дұрыс азықтану, демалыс, дене шынықтыру, мәдени шаралар және әрине қона жату шаралары ұйымдастырылады.

Пәтер типтес басқа да ұжымдық орналастыру орындарына мысал ретінде үйлер кешені немесе бунгалоларды айтуға болады.

Бұлардан басқа ұжымдық орналастыру орындарына құрамына кемпингке және кішірек су көліктеріне арналған алаңдар (бірыңғай басқармасы бар) нысандары жатады. Бұл орналасу орындары клиенттерге түнгі жатын жай мен ақпараттық, сауда және бос уақытты өткізу қызметтерін ұсынады.

Туристтік жатақханаларды, жастар қонақ үйлерін, мектеп және студенттер жатақханаларын, қарияларға арналған демалу үйлерін және осыларға ұқсас әлеуметтік маңызы бар нысандарды да қосымша ұжымдық орналастыру құралдары ретінде қарастыруға болады.

Қонақ үйлері туристтердің түнеуіне комфорттық, яғни жайлы жағдайлармен қамтамасыз етеді және тағы басқа да бірқатар қосымша қызметтерді ұсынады. Қонақ үйлердің ғимараттарында көп функциональды құрылыс ретінде күрделі технологиялық қондырғылары болуы керек.

Қолдану режиміне байланысты қонақ үйлері жыл бойы және маусымдық жұмыс істейтін болып бөлінеді. Орналасу орындары бойынша қала ішіндегі, қала сыртындағы, су үстіндегі, жолдың бойындағы деп жіктеледі.

Қонақ үйлерінің қабаттылығы да әр түрлі болады. Пичтри Плаза Отель (Сан-Франциско, АҚШ) жеті қабатты мұнарасы жақын орналасқан аудандардың арасындағы сәулеттік нышан ретінде ерекшеленеді. Мәскеудің бірқатар қонақ үйлерінің қабаттары мынадай: «Измайлово-5» кешенінің ғимараттарының әрқайсысының биіктігі 30 қабатты құрайды; «Украина» қонақ үйінде де – 30 қабат болса, ал «Ленинградская» үйінің жоғарғы деңгейі 28 қабаттан тұрады.

Қонақ үйлерінің қабаттары көп болған сайын төтенше жағдайлар кезінде адамдарды ғимараттан сыртқа шығару қиынға түседі және жоспарлау кезінде қондырғы жабдықтардың өзгерістері көп болады.

Тұрақты жатын орындарының (сыйымдылығының) саны бойынша қонақ үйлері әрқилы болады. Америкалық және отандық тәжірибеде сыйымдылығы бойынша келесі типологиядағы қонақ үйлеріне ұстаным жасайды: 100 орыннан төмен – кіші қонақ үйлер; 100-ден 500-ге дейін орынды – орташа қонақ үйлері және 500-ден жоғары орынды – ірі қонақ үйлер деп атайды. Мәскеудегі қонақ үйлерінің сыйымдылығы мынадай: «Россия» - 5534, «Космос» - 3354, «Интуристте» - 1000 орындар бар. Мәскеу қаласындағы жалпы санның ірі қонақ үйлерінің үлесі шамамен 66 %, орташалардың үлесі – 31 %-ды құрайды.

Жайлылық деңгейі бойынша халықаралық тәжірибеде қонақ үйлерді жұлдыздар бойынша бағалайды: төменгілері 1 жұлдыздыдан жоғарғы деңгейлі 5 жұлдыздыға дейін. Жайлылық (комфорттық) деңгейіне сипаттама қонақ үйлердің тек материалдық базасының жағдайына қарап қана емес, сонымен қатар қызметкерлердің жұмыстардың тиімділігіне баға беру арқылы да жүргізіледі. Қазіргі

кезде Мәскеудің бірнеше қонақ үйлері келесідегідей жайлылық деңгейлерін ұсынады: 4 жұлдызды «Президент-Отель», «Украина» қонақ үйлері мен 3 жұлдызды «Измайлово» қонақ үйлерінің кешені.

Қонақ үйдің ішкі құрылымының (интерьері) эстетикалық және көркемдік бейнелілігі және бөлмелер өзінің атқаратын функцияларына жауап беретіндей болуы керек. Жиһаздармен бірге төсек пен төсеніштерге, үстел жабындарына, кілемдер мен кілемшелерге де аса көңіл аударады. Ішкі кеңістіктегі көрнекілікті арттыру себептерінің бірі ретінде түрлі түстілік пен жеткілікті жарыққа қол жеткізу мақсатында қолданылатын материалдардың ерекшеліктері бойынша дұрыс шешім қабылдау қажет.

Көңіл көтеруге арналған бөлмелердің құрамы кең болу керек. Осындай шараларға киноконцерттік, банкеттік және би залдарын келтіруге болады. Спорттық ғимараттарға бассейндерді, спорттық залдарды, кегельбандарды жатқызады. Іскерлік кездесуге арналған бөлмелер ретінде әр түрлі мәжіліс, іскерлік және банк операцияларына арналған, сонымен қатар көрме залдарын қарастырады.

Орналастыру қызметінің орындайтын негізгі жұмыстары ретінде төмендегілерді жүргізеді. Келген қонақтың тұруын рәсімдейді, қабылдау қонақтың құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

Әкімшілік қызметкері қонақпен бірге оның тұратын жайы (нөмір санаты, оның орналасқан орны), ұсынылатын қызмет түрлері, тұратын мерзімі туралы келісім жасайды. Қонақ үйде тұру үшін қонақтан төлем алынады. Қонақтың тұрғын үйге тұрғызуды рәсімдегеннен кейін оған нөмірдің картасы мен кілті беріледі.

Тұрған кезеңінде қонаққа ары қарай қызмет көрсету оны бір нөмірден екіншісіне ауыстырумен (қажет болған жағдайда), клиенттің талабы бойынша қосымша қызметтерді көрсетуді ұйымдастыру үшін одан төлем алумен жалғасын табады.

Тұрғындармен есеп айрысу қолда бар нақты ақшамен немесе ақша аударылымы жолдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін

Бірыңғай есеп айрысу сағатын енгізу әкімшілік қызметкерінің клиенттермен техникалық есеп айрысуын жеңілдетеді. Клиентке кредиттік картасын қолдану мүмкіншілігін ұсыну арқылы қонақ үйі өзінің бостандық дәрежесінің аясын кеңейте алады. Сонымен қатар орналастыру қызметі қонақ үйге тапсырыс жинауды, орындарды брондауды, яғни потенциалдық клиенттерге қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Қабылдау қызметін жеңілдету мақсатында хабарлау-есептеу жүйесі құрастырылып енгізіледі. Жалпы алғанда, қонақ үйдің хабарлау-есептеу жүйесі төрт функциональдық бөлімнен тұрады: орындарға алдын ала тапсырыс берудің төменгі жүйесі (орындалу мерзімінен бірнеше жыл және одан аз уақыт бұрын); қызметтік хабарларды ұсынушы төменгі жүйесі;

кезекші администратордың төменгі жүйесі және қонақ үйінің әкімшілігінің төменгі жүйесі

Хабарлау-есептеу жүйесінің мүмкіншілігі кең болып есептеледі. Орындарға алдын ала тапсырыстарды қабылдау үрдісін автоматтандырумен қатар нөмір қорына есеп жүргізіледі және келушілермен есеп айрысу әзірленеді. Клиенттер тобының жалпы есебінен кейбір клиенттерге қызмет көрсету санатын арттыруға немесе қосымша қызметтерге қатысты шығындарды бөліп алады. Байланыс қызметіне төлемді келушілердің шотына тікелей аудару мүмкіншілігі қарастырылады. Аталған жүйе уақытымен расталмаған тапсырыстарды алып тастайды, турагенттердің қызметтерін жариялайды, қонақ үйдің тығыздығына болжам жасайды. Сонымен қатар жүйе қаржылық және әкімшілік баяндамалар кешенін әзірлеп береді. Брондаудың автоматтандырылған жүйесін қолдану кең көлемді қонақ үйінің нарығына қатысудың себебінен нөмір қорын жақсы пайдалануға мүмкіндік береді

Қонақ үйі қосымша ақылы қызметті кең көлемде көрсетеді. Солардың қатарында мыналар бар: қажетті ақпараттарды алу; төлқұжаттар мен туристтік құжаттарды рәсімдеу, экскурсияларға жазылу; валюталарды алмастыру; театрларға, мұражайларға, концерттік залдарға, стадиондарға билеттер алу; алып жүру көліктеріне жол жүру құжаттарына тапсырыс беру; автокөліктерді жалға алу және т.с.с.

Бірқатар қонақ үйлерінде іскерлік мақсатта келушілерге бизнес-орталықтардың жұмысы ұйымдастырылады. Орталықтар клиенттердің жұмысы мен кәсіби қарым-қатынас жасауы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді. Бизнес-орталықтарда құжаттарды бір тілден екінші тілге аудару, қайта теру, компьютерлік қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүзеге асырылады. Орталықтар телекс, факсимильдік байланыс құралдарымен және бейнемагнитофондық және проекциялық құрылғылармен жабдықталу тиіс.

Мысалы, «Президент-Отель» мәскеулік қонақ үйлері кешеніндегі бизнес-орталығы келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

- 1) жер серігі арқылы халықаралық, қала аралық телефон, факсимильді және телекстік байланыстарды пайдалану;
- 2) көшірме жұмыстарын орындау және жазатын машиналарды жалға беруді ұсыну;
- 3) қонақтарға пайдалану үшін компьютер ұсыну, оны нөмірге орнату, компьютерде жұмыстар орындау;
- 4) корреспонденцияны алу және оны қонақтың нөміріне жеткізу.

Қонақ үйдің тұрғын бөлімінде мыналар қарастырылады:

- 1) нөмірлер,
- 2) горизонтальдық коммуникациялар (дәліздер);
- 3) қонақ қабылдау бөлмесі;

- 4) баспалдық-лифтілі холлдар,
- 5) кезекші қызметкердің бөлмесі.

Көп қабатты қонақ үйінің бір тұрғын қабатында әр түрлі жоспарланып жасалған бір немесе бірнеше дәлізден тұрады. Қонақ үйлеріндегі нөмірлер мен басқа да бөлмелер арасындағы тұрғын жай көлемінің мөлшері әр түрлі болып келеді: нөмірлердің үлесі 54-70 %-ды құраса, ал дәліздердің ауданы жалпы тұрғын жайдың 13-22 %-н алады. Бірқатар шетелдік қонақ үйлерінің сыйымдылығы 25-ке дейінгі адамға арналған демалыс аймағының ауданы 16,7 кв. м-ге жетеді. Ірілеу қонақ үйлерінде әрбір демалушыға 5 кв. м. демалыс аймағы қарастырылған (қонақ күтетін бөлме, бар, жатын бөлме).

Келушілерге арналған нөмірдің көп функциональдық маңызы болуы керек. Онда түнеуге, демалуға, тамақ қабылдауға, жеке гигиенаға, жұмыс жасауға, келушімен сөйлесуге мүмкіншіліктер қарастырылады және қонақтың жеке заттары сақталынады.

Нөмірлер орындардың, бөлмелердің, ауданының және жиһаздардың саны мен көлемі бойынша жіктеледі. Әлемдік тәжірибеде бір және екі тұрғынға арналған бір-екі бөлмелі нөмірлері бар қонақ үйлер көптеп кездеседі. Кейбір қонақ үйлерінде бір тұрғынға арналған бір бөлмелік нөмірлердің үлесі жалпы нөмір қорының 60-100 %-ын құрайды. Мәскеулік «Ленинградская» қонақ үйіндегі бір бөлмелік нөмірлердің саны 53 %-ға жетеді.

Орналастыру қызметі нөмір қорын пайлану жағдайын тіркеп отырады. Әрбір нөмірді дайындау және оған қонақты жіберудің жыл сайынғы сипаттамаларына мыналар жатады:

- 1) нөмірге қонақты жіберуге дайындық кезеңі;
- 2) тұрғындардың келуі мен кетуінің кезеңі;
- 3) тұрғынның (тұрғындар) тегі, аты, әкесінің аты;
- 4) тәуліктік орын саны;
- 5) нөмірдің бос тұрып қалуының уақыты;
- 6) тұрған адам саны және тұрғаны үшін төлемнің шамасы;
- 7) қосымша қызметтердің бағасы мен төлемінің шамасы;
- 8) броньға қалдыру кезеңі;
- 9) нөмірдің жөндеуде және санитариялық өңдеуде болатын уақыты.

Алматы қаласындағы туристтік өнім сапасын басқару.

Туризмнің жоғары орын алуы мен тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуші тиімді құрал болуы үшін, әрі халықаралық және ішкі туристтік нарықта бәскелестікке қабылеттілігін анықтайтындай деңгейдегі Алматыда туристтік өнім сапасын арттыруға қажетті жағдайларды қарастыру қажет.

Алматыдағы туристтік өнімнің сапасын арттырудағы маңызды стратегиялық міндеттерге мыналар жатады:

- 1) қаланың экологиялық жағдайын жақсарту;
- 2) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін заманауи туристік инфрақұрылымдарды құру;
- 3) қонақ үйі сервисі жүйесін дамыту;
- 4) туристік және қонақ үйі бизнесі үшін мамандандырылған кадрларды дайындау.

Алматылықтар және оңтүстік астана қонақтарына заманауи қонақ үйі – туристік қызмет көрсету саласындағы шаралардың жағдайына кәсіптік байланыстардың деңгейі анағұрлым маңызды әсер етеді. Қазіргі күні туристік қызмет көрсетуге қатысушылардың келісім-шарттарының мазмұнын заңдастырып қана қоймай жұмыс беруші мен жұмыс атқарушының арасындағы қалыптасқан цивилизациялық негіздегі қарым-қатынасты құрастыратындай етіп қызметкерлерді жалдау келісімдеріндегі талаптарды да айқындау қажет.

Қонақ үйі бизнесін дамыту бойынша қарастырылатын негізгі шараларға мыналар жатады:

- 1) сырттан келетін инвесторлардың есебінен халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп орта сыныптағы отельдерді қайта жаңғырту және дамыту;
- 2) қаланың жеке меншігіне жататын арзан қонақ үйлері жүйесін дамыту (алдымен менджемт деңгейін жақсарту есебінен);
- 3) қаланың ескі бөлігіндегі ғимараттарды қайта жабдықтау және жаңа қонақ үйлерінің құрылысын іске қосу.

Сыйымдылығы әр түрлі (30-дан 400 нөмірге дейін және одан жоғары) қонақ үйі ретінде Алматы қаласындағы туристік-қонақ үйі индустриясының инфрақұрылымын, сонымен қатар қонақ үйінің жаңа құрылысына арналған қаладағы және қала маңындағы алаңдарды дамытудың адрестік бағдарламасының алар орны маңызды.

Адрестік бағдарламаны жүзеге асыру қалаға 10-15 мың қонақ үйлік орын береді, сонда қаланың 1000 тұрғынына шаққанда 12 орыннан келеді және осы көрсеткіш бойынша Прага, Берлин сияқты туризмнің орталықтары болып саналатын қалалардың деңгейіне жетеміз (қазіргі кезде Алматыда 100 адамға әр түрлі санаттағы 4 қонақ үйі орыны келеді).

Адрестік бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті инвестицияның мөлшері шамамен 1 млрд долларды құрайды, соның ішінде 350 млн. долл. қаржы қонақ үйлеріне ғимараттарды қайтадан құрастыруға шығындалса, қалған 650 млн. долл. қаржы жаңа құрылысқа бағытталады.

Алдыңғы кезектегі деп кіші қонақ үйлерін (15-тен 60 нөмірге дейін) салуға қайта құрастыру мақсатында нысандарды анықтау қажет. Бұл өз кезегінде мысалы, іскерлік туризмді дамытуға тиімді қолдану үшін қосымша қонақ үйлерінің орнын береді.

Жаңа қонақ үйі кешендерін дамыту және қолданыстағы қонақ үйлерінің мүмкіншіліктерін толығынан пайдалану саласындағы қаланың стратегиясын айқындау мына негізгі бағыттарда жүргізіледі:

- 1) инвестициялық байқауларға қатысу арқылы қонақ үйлерін қайта құрастыру және дамыту жобаларына жеке инвестицияларды тарту;
- 2) Алматыдағы қонақ үйлерін халықаралық туристтік нарыққа шығару;
- 3) қалалық туристтік ақпараттық және сервис орталығын дамытудың жобасын кезеңділік жүзеге асыру;
- 4) Алматыдағы қонақ үйлерін қонақ үйлерін басқару бойынша халықаралық туристтік қонақ үйлерінің тізбегіне енгізу;
- 5) жекешеленген (акционерленген) қонақ үйлерінің бөлшегін қаланың басқаруын жетілдіру;
- 6) төменгі тарифті қонақ үйлерін басқару бойынша қалалық менеджерлік компанияны құрау.

Еуропалық деңгейдегі комфортабельді көп функциональды курорттық-рекреациялық кешендерді құрастыруда да шешуге маңызды міндетемелер қойылған.

Алматы және Қазақстанның аймақтарындағы тұрғындарға және басқа мемлекеттер азаматтарына арналған әлеуметтік реабилитациялық заманауи курорттық кешендерін құру қарастырылып отыр. Алматыдағы курорттық-рекреациялық кешендерді модернизациялау мен қайта пайдалануға беру салынған қаржылардан жоғарғы көрсеткіштегі пайда алумен сипатталады.

Осы стратегиялық міндеттерді орындау қалаға келген қазақстандық және шетел азаматтарының мұқтаждығын толығымен қамтамасыз етілуін ескере отыра, әлемдік және ішкі туристтік нарықтағы жоғарғы тиімділік пен бәсекелестікке қабылетті Алматыдағы заманауи курорттық-туристтік қонақ үйлерін құрастыруға ықпалын тигізеді. Осының негізінде қалалық бюджетке қомақты түсім (соның ішінде шетелдік валюта қоры бар) түсу арттады, қосымша жұмыс орны табылады, сонымен қатар аймақтың мәдени және табиғи мұралары сақталу және оларды тиімді пайдалану мүмкіндіктеріне қол жеткізіледі.

### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

- 1 Қонақ үйлер қалай жіктеледі?
- 2 Қонақ үйлердің жайлылығы (комфортабельділігі) немен анықталады?
- 3 Қонақ үйлерде орналастыру қызметі қалай жүзеге асырылады?
- 4 Туристерді қандай нысандарға орналастыруға болады?



## **15 ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ, ӨСІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ**

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР-ның 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-ІІ Заңы (2010.19.03. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Осы Заң жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және қазіргі және келешек ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, адамның экологиялық, экономикалық, эстетикалық және өзге де қажеттерін қанағаттандыру мақсатында жануарлар дүниесін, оның биологиялық сан алуандығын сақтау, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

1. ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдары ҚР-ның Конституциясына негізделеді және осы Заң мен ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер ҚР бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Жануарлар дүниесі мақсатты пайдалану жағынан мынадай санаттарға бөлінеді:

1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері;

2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;

3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;

4) жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері;

5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;

6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері.

2. Жануарлардың түрлерін санаттарға бөлу және оларды бір санаттан басқасына ауыстыру жануарлар дүниесінің түрлік сан алуандығын сақтау, оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану мақсатында жүргізіледі.

Жануарлар дүниесіне және жануарлар дүниесі объектілеріне меншік.

1. Жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады.

2. Мекендейтін ортадан осы Заңда белгіленген тәртіппен алынған, сондай-ақ еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіріліп, ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілері оларды аулаған, өсіретін және ұстайтын жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынастар субъектілері.

Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынастар субъектілері болып табылады.

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқару.** Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері:

1) жануарлар дүниесінің қорғалуын, өсімін молайтуды және орнықты пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) жануарлар дүниесін ізгілік принциптеріне сәйкес жануарларға қатал қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдалану;

3) жануарлар дүниесінің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтің жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану жөніндегі қызметпен қоса атқарылуына жол бермеу;

4) жануарлар дүниесін пайдалану құқығын жерді, суларды, өсімдік дүниесін және басқа табиғи ресурстарды пайдалану құқығынан бөлу;

5) жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың ақылы болуы;

6) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен бұлтартпау;

7) азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жүйесіне:

1) ҚР-ның Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар;

4) жергілікті мемлекеттік басқару органдары;

5) жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер;

6) жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдар;

8) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілері кіреді.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдарына ҚР-ның Үкіметі, оның

аумақтық бөлімшелері бар ведомстволарын қоса алғанда, уәкілетті орган жатады.

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері.

Балық ресурстарының және басқа су жануарларының пайдаланылуын мемлекеттік есепке алу, кадастры, мониторингі және бақылау, сондай-ақ олардың зерттелуі, қорғалуы мен өсімін молайту мемлекеттік басқарудың біртұтас жүйесін құрайды және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде бассейндік принцип бойынша жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құзыреті. ҚР-ның Үкіметі:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) жануарлар дүниесін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады;

3) уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді;

5) уәкілетті органды белгілейді;

6) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция бойынша міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру үшін әкімшілік органды (бұдан әрі - әкімшілік орган) белгілейді;

6-1) тірі күйінде бекіре тұқымдас балықтарды, олардың ұрықтандырылған уылдырығын (будандастырылған түрлерін қоспағанда) ҚР-нан тысқары шығару туралы шешім қабылдайды;

6-2) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлардың түрлерін алып қою туралы шешім қабылдайды;

6-3) уәкілетті органның ұсынымы бойынша сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлардың түрлерін интродукциялау мен будандастыру туралы шешім қабылдайды;

7) жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға арналған лимиттерді бекітеді;

7-1) жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға арналған квотаны бөлу тәртібін белгілейді;

8) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекітеді;

8-1) су айдындарын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу тәртібін бекітеді;

9) аң аулау, балық аулау ережелерін бекітеді;

10) аңшылық шаруашылығын жүргізу ережелерін және балық шаруашылығын жүргізу ережелерін бекітеді;

11) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекітеді;

12) ҚР-ның Қызыл кітабы туралы ережені бекітеді;

13) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесін бекітеді және оларды басқа санаттарға ауыстырады;

14-1) табиғи мекендеу ортасынан алып қойылған бекіре тұқымдас балықтарды және олардың уылдырығын сатып алуға төлемақы белгілейді, оның мөлшері балық шаруашылығы субъектілерінің мүдделері ескеріле отырып анықталады;

14-2) табиғи мекендеу ортасынан алып қойылған бекіре тұқымдас балықтарды және олардың уылдырығын мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның өткізу тәртібін айқындайды;

15) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережелерін бекітеді;

15-1) жануарларды интродукциялау мен будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жаңадан жерсіндірілген жануарларды алып қоюға рұқсаттар беру тәртібін бекітеді;

15-2) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені бекітеді;

16) жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу ережелерін бекітеді;

17) еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда өсетін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін халықаралық саудалауға шектеулер енгізеді;

18) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның мемлекеттік кадастры мен мониторингін жүргізудің тәртібін белгілейді;

19) зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу ережелерін бекітеді;

20) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс өткізу ережелерін және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

21) аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесін бекітеді;

22) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді бекітеді;

23) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен

ұйымдардың айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киюге құқығы бар қызметкерлерінің тізбесін бекітеді;

24) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

25) ҚР-ның Конституциясында, заңдарында және ҚР Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің және ҚР-ның өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті

1. Уәкілетті орган:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлейді;

3) тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді;

4) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды толтыру мен берудің тәртібін бекітеді;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді әзірлейді;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

7) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын және ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін айқындаудың әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8) жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізеді;

9) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) жергілікті маңызы бар учаскелердегі балық шаруашылығы субъектілеріне арналған квоталарды қоспағанда, бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға арналған квоталарды бөледі;

10) аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру тәртібін айқындайды;

11) балық аулаудың кәсіпшілік және кәсіпшілік емес құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолдануға рұқсат етілген тізбеге енгізілмеген балық аулау құралдарының жаңа түрлері мен тәсілдерін (эксперименттік аулау тәртібімен) қолдануға арналған рұқсаттарды беру тәртібін белгілейді;

12) ішкі және сыртқы рыноктарда сату үшін бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын таңбалау тәртібін айқындайды;

13) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың арнайы құралдарды қолдану ережелерін бекітеді;

14) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ережені бекітеді;

15) жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен туынды түрлерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерін әкелуге және әкетуге рұқсаттар беру тәртібін айқындайды және рұқсаттар береді;

16) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың тәртібін айқындайды;

17) балық аулауға және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттардың үлгі нысанын белгілейді;

18) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын бекітеді;

19) жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін бекітеді;

20) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызуды қоспағанда, осы Заңның көрсетілген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерінің тізбелерін айқындайды және оларды бір санаттан екіншісіне ауыстырады;

21) қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін белгілейді;

22) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздірету жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

23) ҚР-ның Қызыл кітабын жүргізеді және басып шығаруды қамтамасыз етеді;

24) аңшылық шаруашылықтарының санаттарын айқындайды;

25) халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімдерін бекітеді;

26) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды және оның мониторингін жүргізеді;

27) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, сондай-ақ жасанды түрде өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

28) аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында жануарлар дүниесін

қорғауды, өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

29) су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды айқындайды және оларды орнатуды келіседі;

30) аңшылық алқаптарының, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын биологиялық-экономикалық тексеруді жүзеге асырады;

31) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттандыруды жүргізеді;

32) рекреациялық балық аулау аймағын белгілейді;

33) уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының тәртібін айқындайды;

34) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілейді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашып, жабады;

35) жануарларды интродукциялау, су айдындарына балық жіберу, балықтардың жаңа түрлерін жерсіндіру, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау бойынша жұмыстар жүргізу тәртібін айқындайды;

36) сыртқы нарықта сату үшін бекіре тұқымдас балықтар түрлерінің уылдырығы маркасының нысанын бекітеді және оны ішкі нарықта сату маркасын беруді жүзеге асырады;

37) балық аулаудың кәсіпшілік және кәсіпшілік емес құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолдануға рұқсат етілген тізбеге енгізілмеген балық аулау құралдарының жаңа түрлері мен тәсілдерін (эксперименттік аулау ретінде) қолдануға арналған рұқсаттар береді;

38) бақылау үшін аулауды, интродукциялау мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды жүзеге асырады;

39) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар береді;

40) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

41) ҚР-ның заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

42) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

43) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар енгізеді;

44) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің жағалаулық шекараларын білдіретін белгілер мен аншлагтардың үлгілерін, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су

жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын белгілейді;

45) жануарлар үйірімен мекендейтін жерлерді периметрі бойынша олардың індері орналасқан жерлерге жиырма метр жақындап немесе оларды алдын ала басқа жерге көшірмей жыртуға келісім беруді жүзеге асырады;

46) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен бір километрден төмен биіктікте ұшып өтуіне келісім беруді жүзеге асырады;

47) сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды интродукциялау мен будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жаңадан жерсіндірілген жануарларды алып қоюға рұқсат береді;

48) балықтарды жерсіндіруге және су айдындарына балық жіберуге рұқсаттар береді;

49) балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

50) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

51) «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

52) осы Заңда, өзге де заңдарда, ҚР-ның Президенті мен ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аумақтық бөлімшелер өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті ҚР-ның заңнамасында белгіленеді.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті.

1. ҚР-ның жергілікті өкілді органдары:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өңірлік бағдарламаларды бекітеді;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарайды.

2. ҚР-ның жергілікті атқарушы органдары:



1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өздеріне ведомстволық бағыныстағы органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады;

3) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарының тізбесін бекітеді;

4) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде шешімдер қабылдайды;

5) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) жергілікті маңызы бар учаскелердегі балық шаруашылығы субъектілерінің арасында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қою квоталарын ҚР-ның Үкіметі айқындайтын тәртіппен бөледі.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, оның мемлекеттік кадастры мен мониторингі.

Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және пайдалануды қамтамасыз ету үшін жануарлар дүниесі түрлерінің жай-күйі мен географиялық таралуы туралы, олардың саны, жүйелі байқау нәтижелері, оларды шаруашылықтағы пайдалану көлемдері туралы мәліметтер жиынтығын және басқа да қажетті деректерді құрайтын жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу, оның мемлекеттік кадастры мен мониторингі жүргізіледі.

**Жануарлар дүниесін қорғау.** Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі негізгі талаптар.

1. Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды және келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жануарлар дүниесінің жай-күйіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде мынадай негізгі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс:

1) жануарлар дүниесінің табиғи еркіндік жағдайындағы биологиялық сан алуандығы мен үйірлік тұтастығын сақтау;

2) жануарлар дүниесінің объектілері мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау;

3) жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми негізделген тұрғыдан ұтымды пайдалану және олардың өсімін молайту;

4) табиғаттағы биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу;

5) жануарларды, оның ішінде сирек кездесетіндері мен құрып кету қаупі төнгендерін жасанды өсіруді қоса алғанда, кейіннен оларды мекендеу ортасына шығара отырып, жануарлар дүниесінің өсімін молайту.

3. Жануарлар дүниесін қорғаудың, өсімін молайтудың және пайдаланудың мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларын, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде осы баптың 2-тармағында көрсетілген негізгі талаптар міндетті түрде ескерілуге тиіс.

Жануарлар дүниесін қорғау:

1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларды белгілеу және сақтау;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар белгілеу;

3) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;

4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзуды болдырмау;

5) жануарлар мекендейтін ортаны қорғауды, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;

6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жануарлар дүниесі объектілерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүктей отырып, аумақтарды, акваторияларды бекітіп беру;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру;

8) жануарларды жасанды түрде өсіру;

9) жануарлар ауырған жағдайда, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда оларға көмек көрсету;

10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;

11) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау және орнықты пайдалану идеяларын насихаттау;

12) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;

13) азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу жолымен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін сақтау және өсімін молайту мақсатында оны пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар белгілеу.

1. Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында:

- 1) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдерін шектеу;
- 2) аулау әдістеріне, тәсілдеріне және құрал түрлеріне тыйым салу;
- 3) алу нормаларын өзгерту;
- 4) жануарлар дүниесін пайдаланушылардың санын шектеу белгіленуі мүмкін.

2. Шектеулер мен тыйым салулар белгілеуге:

- 1) жануарлар популяциясының жыныс-жас құрылымының бұзылуы;
- 2) жануарлар санының азаюы;
- 3) мекендеу ортасының нашарлауы;
- 4) жануарлардың өріс аударуы мен көбеюі кезеңінде олар жаппай шоғырланатын жерлерде тыным алу аймақтарын құру қажеттігі негіз болып табылады.

3. Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында:

1) өсімдіктерді жоюға және жануарлар мекендейтін ортаның жағдайларын нашарлататын өзге де іс-әрекеттерге;

2) жануарлар үйірімен мекендейтін жерлерді периметр бойынша олардың індері орналасқан жерлерге жиырма метр жақындап немесе уәкілетті органның келісімі бойынша оларды алдын ала басқа жерге көшірмей жыртуға;

3) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарлардың паналау орындары мен ұяларын бұзуға және бүлдіруге, жұмыртқаларын жинауға;

4) суда жүзетін құстардың жаппай ұя салуы көрсетілген және балықтардың көбеюі кезеңінде олар уылдырық шашатын жерлерде катерлердің, моторлы қайықтардың және басқа да жүзу құралдарының двигательдерін іске қосып жүзуге;

5) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен уәкілетті органның келісімінсіз бір километрден төмен биіктікте ұшып өтуіне;

6) жануарлардың мекендеу ортасын жоюға, жемшөптік өсімдіктер егістіктерін, қорғау екпелерін, сортаң топырақтарды, жануарларға арналған астауларды, сілтеме белгілерді, аң аулау және балық аулау шаруашылығын жүргізуге арналған құрылыстарды бүлдіруге;

7) сирек кездесетін және құрып кетуі қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың жұмыртқаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінсіз алуға;

8) жануарлар дүниесі объектілерін белгіленген лимиттен асырып және жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатта көрсетілген мерзімнен тыс аулауға;

9) жануарлар дүниесі объектілерін аң аулау мен балық аулау ережелерінде көзделмеген жануарларды аулау құралдарының, әдістерінің және тәсілдерінің түрлерін қолдана отырып аулауға;

10) жарылғыш құрылғыларды, улы химикаттарды қолдана отырып (дала кеміргіштерін қыру кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыруы мен басқа да ауруларының індеті жағдайларында уәкілетті органның келісімі бойынша улы химикаттарды қолдануды қоспағанда) жануарлар дүниесі объектілерін аулауға;

11) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарларды интродукциялау мен будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жаңадан жерсіндірілген жануарларды алуға;

12) балық қыстайтын шұңқырлардың, уылдырық шашатын жерлердің, балық шаруашылығы учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекараларын белгілейтін бағандарды, жүзбелі таным белгілерін және аншлагтарды жоюға немесе бүлдіруге тыйым салынады.

4. Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында шектеулер мен тыйым салулар жануарлардың мекендеу ортасы ареалдарының (таралу облыстарының) географиялық, климаттық ерекшеліктері ескеріле отырып енгізіледі.

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау.

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен ҚР-ның Қызыл кітабына енгізіледі.

2. ҚР-ның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлерін қорғауды мемлекет жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар ҚР-ның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар түрлерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

3. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, оның ішінде олардың жұмыртқалары мен уылдырықтарын алуға ерекше жағдайларда ҚР Үкіметінің шешімі бойынша оларды арнайы жасалған жағдайларда өсіру және кейіннен мекендеу ортасына шығару үшін ҚР-ның Үкіметі айқындайтын ғылыми және өзге де мақсаттарда жол беріледі.

4. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің қырылуына, санының азаюына немесе мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соғатын іс-әрекеттерге жол берілмейді.

5. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін әкімшілік органының рұқсатынсыз қолда ұстауға, тасымалдауға, сатуға, сатуға шығаруға және сатып алуға, сондай-ақ оларды әкелу мен әкетуге тыйым салынады.

Пестицидтерді (улы химикаттарды), минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарды қолдану кезінде жануарларды қорғау.

Пестицидтерді (улы химикаттарды), минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды қолдану, сақтау және тасымалдау жануарлар дүниесі мен олар мекендейтін ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

Жануарлар дүниесін қорғау мақсатында пестицидтерді (улы химикаттарды), минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды қолданудың шектеулі рұқсат етілген нормалары белгіленеді.

Шаруашылық және өзге де қызметті жобалау мен жүзеге асыру кезінде жануарлар мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар.

1. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, қолданыстағы технологиялық процестерді жетілдіру және олардың жаңаларын енгізу, пайдаланылмаған, жағалау маңындағы, батпақты, бұта басқан аумақтарды шаруашылық айналымына енгізу, жерді мелиорациялау, орман ресурстарын және су объектілерін пайдалану, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, ауыл шаруашылығы жануарлары жайылатын және оларды айдап өтетін жерлерді белгілеу, туристік маршруттар әзірлеу мен халықтың жаппай демалатын орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлар дүниесі объектілері мекендейтін ортаны және олардың көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлар мекендейтін орта ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге ешкімнің қол сұқпауы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Темір жол, тас жол, құбыр тарту және басқа көлік магистральдарын, электр беру және байланыс желілерін, арналарды, бөгеттерді және өзге де су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану, орналастыру, жобалау және салу кезінде жануарлар мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылуға тиіс.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесін қорғау ҚР-ның ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесі объектілерін жасанды түрде өсіру:

- 1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау және көбейту;
- 2) ғылыми зерттеулер;
- 3) жануарларды интродукциялау;
- 4) жануарлар дүниесі объектілерін кәсіпкерлік қызметте пайдалану мақсатында жүзеге асырылады.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері санын оларды кейіннен мекендеу ортасына шығару арқылы сақтау және көбейту мақсатында жануарлар дүниесі объектілерін жасанды түрде өсіру бюджет қаражаты және ҚР-ның заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.

3. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I қосымшасына түрлері енгізілген жануарлар, олар еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілген және әкімшілік органында тіркелген жағдайларда ғана саудалау нысанасы бола алады.

3-1. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның II қосымшасына енгізілген, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілген жануарлар түрлері әкімшілік органында тіркелген жағдайларда ғана саудалау нысанасы бола алады.

4. Жануарлар дүниесі объектілерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында жасанды түрде өсіру жеке және заңды тұлғалардың қаражаты мен ҚР-ның заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.

5. ҚР-да ішкі және сыртқы рынокта сату үшін бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын бірыңғай таңбалау жүйесі белгіленеді.

Бекіре тұқымдас балықтардың таңбаланбаған уылдырығын өткізуге жол берілмейді.

6. Тірі күйінде бекіре тұқымдас балықтарды, олардың ұрықтандырылған уылдырығын (будандастырылған түрлерін қоспағанда) ҚР-нан тысқары шығару ҚР Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Жануарларды интродукциялау мен будандастыру, оларды ҚР-на әкелу және ҚР-нан әкету.

1. Сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды интродукциялау мен будандастыруға, оларды ҚР-на әкелуге және ҚР-нан әкетуге биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысына сәйкес уәкілетті органның рұқсаттары бойынша ғана жол беріледі.

2. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау мен будандастыруға биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысына сәйкес және уәкілетті органның ұсынымы негізінде ҚР Үкіметінің шешімі бойынша жол беріледі.

Балықтарды жерсіндіру және су айдындарына балықтар жіберу.

1. Балықтарды жерсіндіру және су айдындарына балықтар жіберу мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған

биологиялық негіздеменің негізінде берілген уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

2. ҚР-да жануарлар дүниесінің биологиялық сан алуандығын сақтау мақсатында Қазақстан су айдындарының ихтиофаунасы үшін бөтен балықтар түрлерімен жерсіндіру жүргізуге тыйым салынады.

Жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсету.

1. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жаппай ауыру, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарларға көмек көрсетуді аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілері, ал басқа алқаптар мен су айдындарында – ҚР-ның жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады. Аумақтың және оқиғаның маңыздылығына қарай аталған жағдайларда ҚР-ның Үкіметі мен халықаралық ұйымдар көмек көрсетуі мүмкін.

2. Қырылу қаупі бар су айдындарынан және (немесе) учаскелерінен балық аулауды қоспағанда, дүлей зілзала аудандарындағы, сондай-ақ қырылу қаупі төнген жануарларды аулауға жол берілмейді.

3. Балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе оның бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған жағдайларда уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Балықтың жаппай қырылуы анықталған кезде балық ресурстарын және басқа да су жануарларын құтқару жөніндегі барлық шаралар, оның ішінде балықтарды мелиорациялық аулау да қолданылуға тиіс.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер.

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер:

- 1) жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау;
- 2) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жай-күйін ұдайы зерделеу;
- 3) індетті жағдайды ұдайы зерделеу;
- 4) халықаралық ғылыми-зерттеу бағдарламаларына қатысу;
- 5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді және ғылыми ұсынымдар әзірлемелерін негіздеу;

6) биологиялық саналуандылықты сақтау жөніндегі шараларды және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі бағдарламаларды негіздеу;

7) жануарлар дүниесі объектілерін қорғаудың, өсімін молайтудың және пайдаланудың құқықтық және экономикалық тетіктерін әзірлеу;

8) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу және оның кадастры, балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бергенге дейін жүргізілетін балық шаруашылығын ұйымдастыру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы жергілікті маңызы бар су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау олар бекітіліп берілген жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін пайдалану.

1. Жануарлар дүниесін пайдалану жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесінің объектілері Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес пайдалануға беріледі.

3. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін мекендейтін ортасынан алу арқылы пайдалану жатады.

4. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттерін мекендейтін ортасынан алмай пайдалану жатады.

5. Жануарлар дүниесін мемлекеттік орман қорының аумағында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда пайдалану Қазақстан Республикасының орман заңдары мен Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

6. Жануарлар дүниесі объектілерін биологиялық қару ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Жануарлар дүниесін пайдаланудың түрлері.

ҚР-ның аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

1) аң аулау;

2) судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүтқоректілерін алып қоюды қоса алғанда, балық аулау;

3) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;

4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану;



5) жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану.

Жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдері.

1. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану үшін пайдалану мерзімдері белгіленбейді.

2. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану үшін:

1) аңшылық шаруашылығын жүргізу кезінде - он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі;

2) балық шаруашылығын жүргізу кезінде – бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі, ал қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде – бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімдер белгіленеді.

Көрсетілген мерзімдер биологиялық-экономикалық тексерудің, аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беруге арналған конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарының, аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарларының негізінде конкурстық комиссия айқындайтын аңшылық алқаптарды, балық шаруашылығы және қырылу қаупі бар су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру кезеңіне қарай белгіленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде тізбеленбеген жануарлар дүниесін пайдалану түрлеріне арналған жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдері бір жылдан аспайды.

Жануарлар дүниесін пайдалануға беру.

1. Жануарлар дүниесі арнайы пайдалануға ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар негізінде беріледі.

1-1. Әуесқойлық (спорттық аң аулау мен балық аулауды, ғылыми зерттеулерді қоспағанда, жануарлар дүниесін арнайы пайдалануды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық рұқсат алу қажет.

1-2. Рұқсат беруден:

1) өтінімде көрсетілген мәліметтерді толық көлемде бермеген;

2) өтінімде көрсетілген мәліметтер дұрыс болмаған;

3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы болған не ол болмаған жағдайларда бас тартылуы мүмкін.

2. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

1. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

1) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

2) жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

3) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге;

4) жолдама беруге;

5) жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға құқығы бар.

2. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ҚР заңдарының талаптарын сақтауға;

2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ҚР-ның салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақтылы төлемдер жасауға;

3) шаруашылық ішілік аңшылық ұйымдастыруды жүргізуге;

4) балық шаруашылығын ұйымдастыруды жүргізуге;

5) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

6) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатысты қатыгездікке жол берілмейтін тәсілдермен пайдалануға;

7) жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алуды жүргізуге және ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен есептілікті табыс етуге;

8) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнгендерін қорғау мен олардың өсімін молайтуды қамтамасыз етуге;

9) биологиялық-экономикалық тексерулердің нәтижелеріне сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге;

10) осы Заңға сәйкес жүргізілетін, ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау мақсатында тексеруді жүзеге асыруға кедергі жасамауға;

11) мыналарды жүзеге асыру үшін:

бақылау үшін аулауды - уәкілетті органға;

ғылыми-зерттеу үшін аулауды - жеке және заңды тұлғаларға;

әуесқойлық (спорттық) аулауды – жеке адамдарға сервитут беруге;

12) уәкілетті органмен келісім бойынша биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылық мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді жүргізуге;

13) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің жағалау шекараларын белгілермен және аншлагтармен белгілеуге;

14) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода балық ресурстарын және басқа да су

жануарларын аулауды есепке алу журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және уәкілетті органның лауазымды адамдарының талабы бойынша оны ұсынуға;

15) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін пайдалануға жасасқан барлық шарттарын уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде уәкілетті органда тіркеуге, оларды бұзу туралы ақпаратты табыс етуге;

16) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде, оған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес берілген жолқұжаттар туралы мәліметтер беруге міндетті.

3. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жалпы пайдалану кезінде жануарлар дүниесі объектілерін өздерінің мәдени және эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалануға құқығы бар.

4. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жалпы пайдалану кезінде:

1) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының талаптарын сақтауға;

2) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

3) ҚР-ның заң актілерінде көзделген жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өзге де талаптарды орындауға міндетті.

5. Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметіне мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен ұйымдар тарапынан заңсыз араласуға тыйым салынады.

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы.

1. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану ақысыз жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану ҚР-ның салық заңдарына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін пайдалану үшін лимиттер мен квоталар.

1. Жануарларды алу лимиті – жануарларды олардың табиғи өсімі мен саны сақталатын жағдайда алудың жол берілетін шекті көлемі.

Жануарларды алу лимиті олардың өткен жылдағы санының есеп материалдары, жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның мониторингі, ғылыми зерттеулер негізінде дайындалған биологиялық негіздемеге сәйкес белгіленеді және оны мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда ҚР-ның Үкіметі бекітеді.

Бірнеше мемлекеттердің аумақтары бойымен өріс аударатын немесе мемлекетаралық маңызы бар су тоғандарын мекендейтін жануарларды алу лимиті халықаралық шарттардың негізінде, ал олар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Жануарларды алып қою квотасы – аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілері үшін, сондай-ақ әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында ғылыми-зерттеу үшін аулауды, бақылау үшін, мелиорациялық, эксперименттік аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган белгілі бір мерзімге белгілеген жануарларды алып қою лимитінің бөлігі.

Балықтың жаппай қырылуына қарсы іс-шара ретінде жүзеге асырылатын мелиорациялық аулау жолымен алып қойылған балықтың көлемі балық аулап алудың жалпы лимитіне кірмейді.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығын тоқтатудың негіздері.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы:

- 1) жануарлар дүниесін пайдаланудан өз еркімен бас тартқан;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімі өтіп кеткен;
- 3) жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметі тоқтатылған;
- 4) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының талаптарын, сондай-ақ аңшылық шаруашылығын немесе балық шаруашылығын жүргізу шарттарының талаптарын жүйелі түрде бұзған;
- 5) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіліп берілген жер учаскелерін ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу;
- 6) жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға берілген рұқсаттар жойылған;
- 7) ҚР-ның заң актілерінде көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтер.

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтер жануарлар дүниесінің сақталуын, мекендеу ортасы мен оның орнықты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажетті жол берілетін шекті сандық және сапалық көрсеткіштердің мәнін айқындайды.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтер ғылыми зерттеулер негізінде белгіленеді, шаруашылық және өзге де қызметті жоспарлау мен жүргізу, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы іс-шараларды жүргізу кезінде міндетті болып табылады.

**Аң аулау.** Аң аулау ұғымы және түрлері.

1. Аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі.

Жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында іздеу, ізін кесу және ізіне түсу, аулауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда қабынан шығарылған аңшылық қаруы және басқа да аң аулау құралдары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттері мен қыран құстары бар адамдардың жүруі аң аулауға теңестіріледі.

2. Аң аулау:

1) кәсіпшілік аң аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау болып бөлінеді.

3. Кәсіпшілік аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау.

4. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну үшін аулау.

5. Егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аң аулау бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жүргізіледі.

Аң аулау құқығы.

1. Аң аулау құқығы жеке тұлғаларға:

1) егер аң аулау атыс қаруы қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;

2) егер аң аулау аңшылық ережелерінде рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, иттер мен қыран құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған;

3) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгісі бар аңшы куәлігі болған және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін ҚР-ның салық заңдарында белгіленген мемлекеттік бажды төлеген;

4) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған жағдайда беріледі.

2. Шетелдіктер үшін ҚР-ның аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының және оның аң аулау құқығын куәландыратын тұратын елінде берілген құжаттың және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуының негізінде туындайды.

**Балық аулау.** 1. Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік балық аулау;

2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

3) ғылыми-зерттеу үшін аулау;

4) бақылау үшін аулау;

5) мелиорациялық аулау;

6) өсімін молайту мақсатында аулау;

7) эксперименттік аулау.

2. Кәсіпшілік балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын бір мезгілде көп мөлшерде аулауға мүмкіндік беретін және (немесе) су айдынының (кәсіпшілік аулау құралдарымен) бір бөлігін

қамтитын, бөліп тұратын аулау құралдарымен мекендеу ортасынан балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қоюды қамтамасыз ететін кешенді процесс.

Кәсіпшілік балық аулау кәсіпкерлік қызмет мақсатында жүзеге асырылады.

Кәсіпшілік балық аулау жағалауда және теңізде аулау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жағалауда аулау – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Теңізде аулау – бекітіліп берілген учаскелер шегінен тыс су айдындарының (теңіздердің, көлдердің) ашық бөлігінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Уәкілетті орган белгілеген рекреациялық балық аулау аймақтарында кәсіпшілік балық аулауға жол берілмейді.

3. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау – бір-бірлеп аулауға ғана (кәсіпшілік емес аулау құралдары) мүмкіндік беретін аулау құралдарымен жүзеге асырылатын, спорттық және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру, спорттық жарыстарды өткізу мақсатында, сондай-ақ аулап алынған өнімді жеке тұтыну үшін балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Әуесқойлық (спорттық) балық аулау ауланған балықты кейіннен тірі күйінде табиғи мекендеу ортасына қайтадан жіберумен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ғылыми-зерттеу үшін аулау – жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Ғылыми-зерттеу үшін аулау кез-келген уақытта және жануарлар дүниесін пайдалануға уәкілетті орган берген рұқсаттар негізінде бүкіл су айдындарында кез-келген аулау құралдарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ғылыми-зерттеу үшін аулау көлемін уәкілетті орган, балық шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, тиісті ғылыми ұйымның әрбір ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша аулау квотасының шамасын негіздеуі негізінде белгілейді.

Жануарларды аулау лимитінен тыс ғылыми-зерттеу үшін аулауға бұрын жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жүргізілмеген су айдындарында жол беріледі.

5. Бақылау үшін аулау – ихтиофаунаның жай-күйін бақылау, балық ресурстарын және басқа да су жануарларының өсімін молайту тиімділігін, шабақтардың өнімділігін, су айдындарының балық өнімділігін айқындау мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

6. Мелиорациялық аулау – жаппай аулауды, арзан бағаланатын балықтар түрлерін аулауды, қырылу қаупі бар су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі аулауды қоса алғанда, су айдындарының балық өнімділігін арттыруға, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтауға және олардың мекендеу әрі көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Жаппай аулау - су айдынындағы балық ресурстарының және басқа да су жануарларының бүкіл кәсіпшілік қорын алып қою немесе балықтардың жеке түрлерінің кәсіпшілік қорын немесе экологиялық тобын алып қою. Жаппай аулау мелиорациялық аулау ретінде және ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін.

7. Өсімін молайту мақсатында аулау - балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мақсатында оларды аулау.

8. Эксперименттік аулау - балық аулау құралдары мен тәсілдерінің жаңа түрлерінің тиімділігін зерделеу мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

9. Балық аулауды жүзеге асыру тәртібі ҚР-ның Үкіметі бекіткен балық аулау ережелерінде айқындалады.

Балық аулау құқығы.

1. Кәсіпшілік балық аулау құқығы жеке және заңды тұлғаларға:

1) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты;

2) уәкілетті органмен балық аулауға жасасқан шарты болған кезде беріледі.

2. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау, ғылыми-зерттеу үшін аулау, мелиорациялық және эксперименттік аулау, сондай-ақ өсімін молайту мақсатындағы аулау құқығы жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты немесе жолдамасы болған кезде беріледі.

3. Бақылау үшін аулауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жасанды әдіспен жасалған су тоғандарында балық шаруашылығы қызметін реттеудің ерекшеліктері.

Өздері жасаған жасанды су тоғандарында балықтар мен басқа да су жануарларын өсірген жеке және заңды тұлғалар осы балықтар мен су жануарларының меншік иесі болып табылады және ҚР-ның заңдарына сәйкес оларға иелік етеді.

**Аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу.** Аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу құқығын беру.

1. Аңшылық шаруашылығын, сондай-ақ су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіп беріле отырып, балық шаруашылығын жүргізу құқығы ҚР-ның азаматтарына және ҚР-ның заңды тұлғаларына облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы уәкілетті органмен келісілген шешімінің, уәкілетті орган мен

жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу шартының негізінде беріледі.

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп берусіз балық шаруашылығын жүргізуді ҚР-ның азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, ҚР-ның заңды тұлғалары және шетелдік заңды тұлғалар ҚР-ның заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілері жануарлар дүниесі объектілерін квота шегінде алып қою құқығын жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған сәттен бастап, ал басқа жеке және заңды тұлғалар – аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінен жолдама алғаннан кейін немесе солармен аң аулау немесе балық аулау шартын жасасқаннан кейін алады.

3. Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілеріне бекітіп беру мерзімі өткен кезде олардың осы аумақтар мен акваторияларды қайта бекітіп алуына басымдығы болады.

1. Аңшылық алқаптар - аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу жүзеге асырылатын немесе асырылуы мүмкін, аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерінің мекендеу ортасы болатын аумақтар мен акваториялар.

Сулы-батпақты алқаптар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген белгілерге сәйкес келген жағдайда аңшылық алқаптар құрамына енгізілуі мүмкін.

2. Аумақтар мен акваторияларды аңшылық алқаптарға жатқызу, олардың шекараларын айқындау және тиісті сервитуттар белгілеу шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру мен биологиялық-экономикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға байланысты емес шаруашылық қызмет жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін әдістермен және тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

4. Аңшылық алқаптары бар жерлер мен акваторияларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалану құқығын бермейді.

5. Мына жағдайларда:

1) аңшы куәлігінсіз;

2) атыс қаруын сақтау мен пайдалану құқығын беретін ішкі істер органдары рұқсатынсыз атыс қаруын қолданып;

3) ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізілмеген иттерді және қыран құстарды қолданып;

4) аң аулау ережелерінде қолданылуы көзделмеген аулау құралдарын пайдаланып;



5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта;

6) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;

7) елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда аң аулау ережелеріне сәйкес аңшылық атыс қаруын қолдану қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейтін қашықтықта;

8) уәкілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;

9) күйзелісті және дәрменсіз жағдайдағы жануарларды (дауылдан, су тасқынынан, өрттен бас сауғалағандарды, су тоғандарынан өту кезінде, көктайғақ кезінде, аштықтан әлсірегендерді, жусанды паналаған суда жүзетін құстарды);

10) қозғағышын іске қосып, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы (қасқыр аулауды қоспағанда), шағын көлемді кемелерді, түнде көру құралдарын, лазерлік нысана көрсеткіштерін, жарық беру және дыбыс шығару құралдарын қолдана отырып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта;

11) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында аң аулауға тыйым салынады.

1. Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері - балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау, өсіру және көбейту үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін не олардың қорларының өсімін молайту үшін маңызы бар су айдындары не олардың бөліктері (өзендер және оларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), сондай-ақ теңіз сулары.

Сулы-батпақты алқаптар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген белгілерге олар сәйкес келген жағдайда балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің құрамына енгізілуі мүмкін.

2. Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері маңызы жағынан халықаралық, республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

3. Халықаралық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ҚР-ның және онымен шектес мемлекеттердің аумақтарында орналасқан су тоғандары жатады.

Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне екі және одан да көп облыстардың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері жатады.

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне облыстық атқарушы орган бекіткен тізбеге

енгізілген қалған барлық балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері жатады.

3-1. Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері биологиялық негіздемесі болған кезде акваөсіру мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

Балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесі балық шаруашылығын жүргізу ережелеріне сәйкес ихтиофаунаның толығымен немесе ішінара ауысуымен балық өсіру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

4. Балық шаруашылығы су тоғандарында:

1) елді мекендердің, балық қабылдау пункттерінің жанына бакендер орнату үшін, аялдауды және аса қажет жағдайды қоспағанда, балық аулауға тыйым салынған жерлерде су көлігінің тоқтауына;

2) балық аулайтын түрлі құралдарды бір балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінен басқаларына арнайы өңдеусіз апаруға;

3) уәкілетті органның рұқсатынсыз өзендерде жаңа балық шаруашылығы учаскелерін, ұйықтар (ұйықтық учаскелер) ашуға, салдар мен қалқымалар орнатуға;

4) су тоғандарында немесе оған тікелей жақын жерде балық аулау ережелерінде қолдану көзделмеген балық аулау құралдарымен болуға;

5) балықтарды ноқталарында сақтауға, жүзу құралдарынан және балық аулау құралдарынан шыққан өлі және ауру балықты суға және жағалау белдеуіне лақтырып тастауға;

6) балық аулау ережелерінде белгіленген кәсіпшілік шаралардан кем балық аулауға, қабылдауға, сатуға және сақтауға;

7) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде суда жүзетін құстар өсіруге және құндыз өсіру немесе басқа кәсіпшілік мақсатта мелиорациялық жұмыстар жүргізуге;

8) мұз қатқан кезеңде балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне уәкілетті органның келісімінсіз көлік және өзге де механикалық жылжымалы құралдармен баруға;

9) жеке және заңды тұлғаларға түрін көрсетпестен немесе «басқа» және «майда» деген атаумен тапсыруды және қабылдауды жүзеге асыруға;

10) екі және одан да көп аумақ (құлыптаудағы) сүзуді бір мезгілде жүргізуге, сондай-ақ алдыңғы аумақты жағалауға толық лақтырғанға дейін аумақты сүзуді бастауға;

11) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде уәкілетті органмен келісусіз двигательдері қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруіне тыйым салынады.

5. Мына жағдайларда:

1) бөгеттердің, шлюздердің және көпірлердің жанында, көлдерді өзара және негізгі өзенмен жалғастыратын тармақтарда, мелиорациялық жүйелердің жеткізу арналары мен бұрылыстарында, балық аулау ережелерінде белгіленген шекаралардан тыс өзендер мен арналардың сағалары алдында;

2) балық аулау ережелерінде көзделмеген балық аулау құралдарымен;

3) балықтардың қыстайтын шұңқырлары мен уылдырық шашатын жерлерінде; 4) ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген және тіркеу нөмірлері көрсетілмеген жүзу құралдарымен;

5) балық аулау құқығын беретін рұқсатқа сәйкес ұйымның атауы және балық аулау құралдарының параметрлері көрсетілген жапсырмалары жоқ балық аулау құралдарымен;

6) теңізде және өзендерде бекіре балықтарды аулауға арналған құрылған аулау құралдарымен;

7) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында;

8) балық аулау ережелерімен, шектеулермен және тыйымдармен жол берілмейтін тәсілдермен;

9) уәкілетті органның рұқсатынсыз балық аулаудың жаңа түрлері мен тәсілдерін қолданумен, сондай-ақ ұясы рұқсаттарда көзделгендерден кем мөлшердегі аулау құралдарымен;

10) аулау құралдары өзеннің немесе өзен тармағы енінің үштен екіден астамын қамтып;

11) құрмалы аулау құралдарын шахматтық тәртіппен, венгерлер мен секреттерді өзендер мен бастаулардың, құятын каналдардың сағасынан бес жүз метр радиуста орнатумен;

12) кәсіпшілік балық аулауды жүзеге асыру кезінде бөгеттерден, шлюздер мен көпірлерден бес жүз метрден жақын қашықтықта;

13) балық ресурстары және басқа да су жануарлары шоғырланған жерлерде және өрістеу жолдарында олардың көбейетін кезінде;

14) жарылғыш және уландыратын заттарды, сондай-ақ атыс қаруын пайдаланумен;

15) уәкілетті органның рұқсатынсыз кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолдануға рұқсат берілген тізбеге енгізілмеген балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолданумен балық аулауға тыйым салынады.

1. Сулы-батпақты алқаптар – табиғи (тереңдігі судың қайтуы кезінде алты метрден аспайтын теңіз суларын қоспағанда) және сирек кездесетіндерін әрі құрып кету қаупі төнгендерін қоса алғанда, су маңындағы жануарлар түрлерінің жаппай мекендейтін, ұя салатын, өсімін молайтатын орны болып табылатын жасанды акваторийлер.

2. Сулы-батпақты алқаптар маңызы бойынша халықаралық және республикалық болып бөлінеді.

3. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізіміне енгізілген алқаптар жатады.

4. Республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізіміне енгізілген барлық қалған алқаптар жатады.

5. Сулы-батпақты алқаптарда, сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоса алғанда, жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаралар көзделеді.

6. Сулы-батпақты алқаптарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган даму жоспарын бекітеді.

Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру тәртібі.

1. Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері конкурс қорытындысы бойынша облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен бассейндік принцип ескеріле отырып, бекітіп беріледі.

Конкурсты конкурс өткізу ережелеріне сәйкес құрылған, құрамына уәкілетті органның, облыстың жергілікті атқарушы органының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері енгізілетін комиссия өткізеді. ҚР-ның заңнамасында белгіленген жағдайларда конкурсты ҚР-ның Үкіметі құратын комиссия өткізеді.

Конкурсқа шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру мен паспорттандыру, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын биологиялық-экономикалық тексеру негізінде аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізуге перспективті деп танылатын резервтік қордың аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері қойылады.

Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде толығымен орналасқан аңшылық алқаптар, сондай-ақ жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері олар белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда олардың өтінімі бойынша облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен конкурс өткізілмей-ақ және уәкілетті органның ұсынымынсыз соларға бекітіп беріледі.

Бекітіп беру мерзімі өткен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда олар бұрын бекітіп берілген адамдардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмей-ақ және уәкілетті органның ұсынымынсыз қайта бекітіп беріледі.

Жергілікті маңызы бар, қырылу қаупі бар су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіп берілген адамдар қабылдаған шаралардың нәтижесінде байланысты қырылу қаупі белгілерін жоғалтса, олар біліктілік талаптарына

сәйкес келген жағдайда бекітіп берілу мерзімі өткен соң олардың өтінімі бойынша конкурс өткізілмей-ақ және уәкілетті органның ұсынымынсыз бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге қайта бекітіп беріледі.

Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері, ұйықтар (ұйықтық учаскелер) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде өсімін молайту мақсаттары үшін уәкілетті органның ұсынымы бойынша конкурстан тыс негізде қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге өсімін молайту кешенінің мемлекеттік кәсіпорындарына бекітіп берілуі мүмкін.

2. Бекітіп беру:

1) аңшылық алқаптар үшін аңшылық шаруашылығын жүргізу мақсатында – он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі;

2) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері үшін балық шаруашылығын жүргізу мақсатында – бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі;

3) жергілікті маңызы бар, қырылу қаупі бар су айдындары және (немесе) учаскелері үшін балық шаруашылығын жүргізу мақсатында – бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімді құрайды.

3. Бұрын ұйымдастырылған аңшылық және балық шаруашылықтары шекараларындағы аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері қосымша шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыруды және балық шаруашылығын ұйымдастыруды өткізбей-ақ - алдыңғы тексерулер материалдарының негізінде қайта бекітіп беріледі.

4. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы мүдделі жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері аумағына немесе акваториясына кіретін учаскелерде аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу және аң аулау мен балық аулауды жүзеге асыру мақсаттарында сервитут беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану.

Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін шаруашылық мақсаттарда пайдалану уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жинау үшін пайдалану.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгеннен басқа жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жинау үшін пайдалану уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар.

ҚР-ның Үкіметі жануарлар дүниесінің саны азаюға ұшыраған жекелеген түрлерінің популяциясын қорғауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемелерді және тектік қорды сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерін жасанды түрде өсіру үшін республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды құрады.

**Жануарлар санын реттеу.** Жануарлар санын реттеудің мақсаттары.

Жануарлардың санын реттеу:

- 1) халықтың денсаулығын сақтау;
- 2) ауыл шаруашылығы мен үй жануарлары ауруларын болдырмау;
- 3) экономикаға зиян келтіруді болдырмау;
- 4) биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеудің негіздері:

1) халықтың, ауыл шаруашылығы мен үй жануарларының жұқтырушылары жануарлар дүниесінің объектілері болып табылатын ауруларды жұқтыру немесе онымен ауыру қатерінің туындауы;

2) экономикаға елеулі зиян келтіру қатерінің туындауы;

3) жануарлардың жекелеген түрлері санының азаюына және басқа жағымсыз салдарларға әкеп соққан жануарлар дүниесі мекендейтін ортада қалыптасқан табиғи баланстың бұзылуы;

4) балықтардың жаппай қырылуына әкеп соғуы мүмкін су айдындарының және (немесе) учаскелерінің гидрохимиялық және өзге де режимдерінің бұзылу қаупінің туындауы болуы мүмкін.

Жануарлардың санын реттеудің тәртібін уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша айқындайды.

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және тұрақты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру және экономикалық ынталандыру.** Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және тұрақты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру.

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану іс-шараларын бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру ҚР-ның бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін ҚР-ның заңдарына сәйкес қоғамдық қорлар құрылуы, сондай-ақ ҚР-ның заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер тартылуы мүмкін.

Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды экономикалық ынталандыру.

Жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды экономикалық ынталандыру (жеңілдіктер, преференциялар беру және мемлекеттік қолдау) ҚР-ның заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау.**

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері:

1) тексерулердің жылдық жоспары бойынша жылына бір реттен көп емес;

2) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу фактілері туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша, олардың түсуіне қарай;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы келеңсіз салдарларды растайтын ғылыми зерттеулер мен жануарлар дүниесінің мониторингі нәтижелері бойынша, олардың айқындалуына қарай, оларды жою жөніндегі ұсынымдарды ескере отырып;

4) жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың нұсқамада көрсетілген мерзімде орындалуын бақылау мақсатында жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектілері:

1) жануарлар дүниесі және олар мекендейтін орта;

2) жануарлар дүниесі объектілерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстаудың шарттары;

3) жануарлар дүниесін аулау құралдары;

4) жануарлар дүниесінің ауланған өнімі;

5) жануарлар дүниесін пайдалану құқығын растайтын құжаттама (аңшы және (немесе) балықшы куәлігі, аңшылық және (немесе) балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт, аң аулауға және (немесе) балық аулауға арналған шарт, жануарлар дүниесін пайдалануға арналған шарт және рұқсат, жолдама, кәсіпшілік журналы);

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қызмет;

7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік құжаттама;

8) жануарлар дүниесіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін қызмет болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар.

1. Ведомстволардың басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

2. Ведомстволар басшыларының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

3. Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

4. Аумақтық бөлімше басшысының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

5. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын ведомстволардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары - лауазымы бойынша бір мезгілде ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал ведомстволардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын мамандары – ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

6. Ведомстволардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын аумақтық бөлімшелерінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары – лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу мен бақылау мәселелерін қадағалайтын мамандары – тиісті облыстың (бассейннің) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері.



1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың:

1) объектілерге жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ҚР-ның заңдары және ҚР Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау мақсатында баруға, ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметі туралы ақпарат алуға;

2) осы Заңда берілген өкілеттіктер шегінде актілер шығаруға;

3) тексеру материалдарын құқық қорғау органдарына іс жүргізу шешімін қабылдау үшін беруге;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ҚР заңдарының бұзылуы анықталған кезде ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тоқтата тұруға немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізуге;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ҚР заңдарының бұзылуы салдарынан келтірілген зиянның көлемін анықтауға және осының негізінде кінәлі тұлғаларға осы зиянды ерікті түрде өтеу туралы талап қоюға не сотқа талап-арыз беруге;

6) ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

7) аңшылық алқаптардың, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің аумақтарында және олардың жағалау белдеуінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және олардан шыққан кезде көлік және жүзу құралдарын тоқтатуға, оларды жете тексеруге;

7-1) су тарту құрылыстарын оларды тиісті балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау және су тұтыну шарттарын уәкілетті органмен келісу нысанына тексеруді жүзеге асыруға;

7-2) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде, жағалау белдеуінде болған және олардан шыққан кезде адамдардың жануарлар дүниесін пайдалану құқығына арналған құжаттарын тексеруге;

8) жануарлар дүниесі объектілерін аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін сот шешім қабылдағанға дейін сақтау үшін алып қоюға;

9) заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен алып қоюға;

10) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қоюға;

11) ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен қызметтік атыс қаруын сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу ережелерінің сақталуына;

2) аң аулау және балық аулау ережелерінің сақталуына;

3) жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарт талаптарының орындалуына;

4) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің, сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуына;

5) жануарлар дүниесін пайдалану үшін белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуына;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуына;

7) уәкілетті орган белгілеген жануарларды интродукциялауды, будандастыру мен жерсіндіруді жүзеге асыру тәртібінің сақталуына;

8) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтердің сақталуына;

9) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының өзге де талаптарының орындалуына бақылау жасауға міндетті.

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының актілері.

1. ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдары талаптарының бұзылуының белгілі болуына байланысты мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша ықпал етудің құқықтық шараларын қолдану мақсатында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары мынадай актілер:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

1-1) тексеру актісі;

2) мынадай:

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ҚР заңдарының талаптарын бұзуды жою туралы;

жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметіне сот шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге тыйым салу немесе көрсетілген мерзімде

сотқа міндетті түрде талап-арыз бере отырып, оны тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарады. Бұл ретте қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт анықталған бұзушылықтар жойылғанға немесе сот шешімі шығарылғанға дейін қолданыста болады;

3) мынадай:

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ҚР-ның заңдарын бұзған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;

ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, тыйым салынған аулау құралдарын және заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың өнімдерін сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алу туралы қаулы шығарады.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының актілері жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға тиіс.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау.

1. ҚР-ның жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау (бұдан әрі - жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерін қадағалайтын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен құралады.

2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғауға өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

1) жеке және заңды тұлғалардың аң және (немесе) балық аулау құқығын беретін құжаттарын тексеру;

2) ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстап, құқық қорғау органдарына жеткізу;

4) ҚР-ның заңдарына сәйкес көлік құралдарын, өзге де объектілер мен орындарды, ал қажет болған кезде ұсталған адамдардың жеке заттарын жете тексеру;

5) жеке және заңды тұлғалардан ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, заңсыз аң аулау мен балық аулаудан алынған өнімді, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін алып қою және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен олардың бұдан әрі тиесілі болуы туралы мәселені шешу;

6) ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) кию және атыс қаруын алып жүру құқығы беріледі.

3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмауға және олардың жолын кесуге;

2) ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұзу фактілері бойынша ақпаратты, талап қою мен өзге де материалдарды уәкілетті және құқық қорғау органдарына, сотқа жіберуге міндетті.

4. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды адамдарына ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға рұқсат беріледі.

5. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды адамдары ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) және қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

6. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметі ҚР-ның Үкіметі бекіткен Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережемен айқындалады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылау.

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылау - бекітіп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функциясын жүзеге асыратын аңшылық шаруашылығы мен балық шаруашылығы субъектілерінің қорықшылық қызметі.

2. Қорықшылардың:

1) ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес кейіннен оларды жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға, уәкілетті органға не сотқа міндетті түрде беру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға;

2) қорықшы қызметінің айырым белгілері бар арнаулы киімін киюге, атыс қаруын алып жүруге құқығы бар.

3. Қорықшылар бекітіп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауды ҚР-ның заңдарына сәйкес қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

**Қорытынды ережелер.** ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу ҚР-ның заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы дауларды шешу.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында туындайтын даулар ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық ҚР-ның заңдары мен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

- 1 Жануарлар әлемін қорғау заңы қандай негізгі баптардан тұрады?
- 2 Жануарлар әлемін мемлекеттік қорғау міндеттері.
- 3 Қорғау, қайта өңдеу және жануарлар әлемін қолдануға өндірістік бақылау.
- 4 Балық аулау түрлері және түсініктері.

## 16 ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР ТУРАЛЫ

Осы Заң ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар, сондай-ақ ұлттық, өңірлік және дүниежүзілік экологиялық желінің құрамдас бөлігі болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін құру, кеңейту, қорғау, қалпына келтіру, орнықты пайдалану және басқару жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жер қойнауын, суларын, ормандарын және өзге табиғи ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі қатынастар осы Заңмен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарымен реттеледі.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мүліктік қатынастар, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы негізгі принциптер:

1) биологиялық саналуандықты, бірегей және типтік ландшафтарды сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін экологиялық желінің базалық құрамдас бөлігі ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;

3) мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен табиғи экологиялық жүйелерді сақтау;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылымды, мәдениетті, оқу-ағартуды, білім беруді, туризмді дамыту мақсаттарында пайдалану;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудың ақылы болуы;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық;

7) жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы ақпараттың қолжетімділігі;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастардың объектілері.

Табиғи кешендер, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ осы жерлерде және басқа санаттардағы жерлерде орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастардың объектілері болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастардың субъектілері.

Жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өздерінің құзыретіне сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастардың субъектілері болып табылады.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аласындағы мемлекеттік басқару және бақылау.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзетін қамтамасыз ету жүйесіне:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар орталық атқарушы органдар;

4) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және заңға тәуелді актілерімен айқындалған өздерінің құзыреті шегінде облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың өкілді органдары;

5) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және заңға тәуелді актілерімен айқындалған өздерінің құзыреті шегінде облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың атқарушы органдары;

6) табиғат қорғау ұйымдары;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзетін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кіреді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқаруды:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган;

3) қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар орталық атқарушы органдар;

4) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және заңға тәуелді актілерімен айқындалған өздерінің құзыреті шегінде облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құзыретіне:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін иелену, пайдалану және иелік ету құқығы;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органды айқындау;

4) мыналарды:

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін;

республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін;

уәкілетті органның ұсынысы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларын;

реттелмелі туризм мен рекреацияны жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағындағы жер учаскелерін жалға беру ережелерін бекіту;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді салу конкурстарын өткізу тәртібін;

республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасын және оларды қорғау режимінің түрін;

биологиялық саналуандықты сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесін;

республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын қысқарту тәртібін бекіту;

5) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге байланысты жағдайларда барлық санаттағы жерлерден жер учаскелерін беру және алып қою, соның ішінде сатып алу арқылы беру және алып қою;

б) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту;

б-1) уәкілетті органның ұсынысы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру және оның тәртібін бекіту;



6-2) уәкілетті органның ұсынысы бойынша жаратылыстану-ғылыми негіздемесіне берілген мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын қысқарту;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

8) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу;

4) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4-1) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын қысқарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

б) мыналарды:

заңды тұлға мәртебесіндегі республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құрудың немесе кеңейтудің жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерінің жобаларын әзірлеу тәртібін;

мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді, сондай-ақ жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келісуді;

мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын;

республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін;

табиғат қорғау ұйымдарын басқару жоспарын әзірлеу ережелерін;

табиғат қорғау ұйымының рәміздерін (эмблемасы мен туын), сондай-ақ табиғат қорғау мекемесінің рәміздерін әзірлеу және пайдалану тәртібін;

жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу ережесін;

республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату мен олардың аумақтарын қысқартудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесінің жобаларын әзірлеу тәртібін;

осы Заңның 43-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда, жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау ережесін;

осы Заңның 43-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда, жүзеге асырылатын балықтың жаппай қырылуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін бекіту;

7) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарау;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу;

9) өзінің қарауындағы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің әзірленуін ұйымдастыру;

10) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастыру;

11) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға басшылық жасауды, оларда күзету, қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізілуін қамтамасыз ету;

12) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

13) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу;

14) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының ұсынуы бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін келісу;

15) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16) нысандық киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторларын онымен қамтамасыз ету нормаларын әзірлеу және бекіту;

17) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақтық дамудың аймақаралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамаларын келісу;

18) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

19) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;

20) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар орталық атқарушы органдар өздерінің құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламалары бойынша ұсыныстар әзірлейді және оларды уәкілетті органға табыс етеді;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және өздерінің қарауындағы осындай аумақтарды кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз етіп және осы негіздемелерді кейіннен уәкілетті органның бекітуіне енгізе отырып Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірлеуді ұйымдастырады;

3) уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын бекітеді, паспорттардың уәкілетті органда тіркелуін жүзеге асырады;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және оларды уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді;

5) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға басшылықты жүзеге асырады, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен өздерінің қарауындағы мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне,

қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

8) заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) өкілді органдары өз құзыреті шегінде:

1) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құруға және олардың жұмыс істеуіне жұмсалатын шығыстарды жергілікті бюджеттер құрамында бекітеді;

1-1) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын белгілейді;

2) өздерінің қарауындағы жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі мен олардың қызметі туралы, соның ішінде мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау мәселелері бойынша атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық желілер жүйесін дамыту бағдарламасы, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;

2) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді ұйымдастырады және оларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;

4) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде шешімдер қабылдайды;

5) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын бекітеді;

6) уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және

бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

7) заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекітеді;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

9) уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын бекітеді және паспорттарды уәкілетті органға тіркеуге береді;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерді резервте қалдыру жөнінде шешімдер қабылдайды;

11) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аймақтарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдайды;

12) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13) уәкілетті органның ұсынымы бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекітеді.

14) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарына жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын бекітуге ұсынады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

**Жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құқықтары мен міндеттері.**

1. Жеке тұлғалар:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен пайдалануға;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мәселелер бойынша уәкілетті органға ұсыныстар енгізуге;

3) табиғат қорғау ұйымдарымен бірлесіп, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі іс-шараларға қатысуға;

4) қызметі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға бағытталған қорлар құруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызметіне қатысуға;

5) тиісті мемлекеттік органдардан ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және экологиялық желілердің жай-күйі мен олардың жұмыс істеу мәселелеріне қатысты қажетті ақпарат сұратуға және алуға құқылы.

2. Жеке тұлғалар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

Заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері.

1. Заңды тұлғалар:

1) уәкілетті органға ұсыныстар енгізуге және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбелерін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту бағдарламаларын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындауға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық желілер саласындағы бағдарламалар мен жобаларға қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге;

3) табиғат қорғау ұйымдарымен жасалған шарт бойынша мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі іс-шараларға қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту үшін қызметі өтеусіз қаржылай көмек көрсетуге бағытталған қорлар құруға және олардың қызметі мен оларды басқаруға қатысуға;

5) тиісті мемлекеттік органдардан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық желілердің жұмыс істеуі, оларды күзету, қорғау және пайдалану мәселелеріне қатысты қажетті ақпарат сұратуға және алуға;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ғылыми-техникалық кеңестерінің жұмысына қатысуға құқылы.

2. Қызметі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға бағытталған, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту үшін гранттар, қаржылай және техникалық көмек беруге маманданған заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын гранттар беретін үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесіне енгізіледі.

3. Заңды тұлғалар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары мен түрлері.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің маңыздылығына байланысты республикалық немесе жергілікті маңызы бар санаттарға жатқызылады.

2. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылу мақсаттарына және қорғалу режимінің түрлеріне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік табиғи қорықтар;
- 2) мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;
- 3) мемлекеттік табиғи резерваттар;
- 4) мемлекеттік зоологиялық парктер;
- 5) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- 6) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
- 7) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
- 8) мемлекеттік табиғи қаумалдар;
- 9) мемлекеттік қорық аймақтары.

3. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылу мақсаттарына және қорғалу режимінің түрлеріне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік өңірлік табиғи парктер;
- 2) мемлекеттік зоологиялық парктер;
- 3) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- 4) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
- 5) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
- 6) мемлекеттік табиғи қаумалдар.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды республикалық маңызы бар санатқа жатқызуды - уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті маңызы бар санатқа жатқызуды - уәкілетті органмен келісе отырып, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары жүргізеді.

6. Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақты оның мәртебесін төмендетуге әкеп соғатын бір түрден басқа түрге ауыстыру, табиғи және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан оның ерекше құндылығы мен бірегейлігі сипатының ішінара немесе толық жоғалуына байланысты жүргізіледі.

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақты оның мәртебесін төмендетуге немесе арттыруға әкеп соғатын бір түрден басқа түрге ауыстыру туралы шешімді жаратылыстану-ғылыми негіздеме

жасалған мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде:

1) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша - уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша - уәкілетті органмен келісе отырып, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органы қабылдайды.

Табиғат қорғау мекемелерінің құқықтық жағдайы.

1. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер заңды тұлғалар болып табылады және мемлекеттік мекеме нысанында құрылады.

2. Табиғат қорғау мекемелеріне жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен беріледі.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан үй-жайлар (құрылыстар және ғимараттар), тарихи-мәдени және басқа да жылжымайтын мүлік объектілері табиғат қорғау мекемелеріне жедел басқару құқығымен беріледі.

4. Табиғат қорғау мекемесін қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарының құқықтық жағдайы.

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақтар және мемлекеттік дендрологиялық парктер заңды тұлғалар болып табылады және мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылады.

2. Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарына жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен беріледі.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан үй-жайлар (құрылыстар мен ғимараттар), тарихи-мәдени және басқа да жылжымайтын мүлік объектілері мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарына шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығымен беріледі.

4. Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдары өздерінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауаптылықта болады.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарының қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

5. Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарын қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық жағдайы.



1. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың және мемлекеттік қорық аймақтарының заңды тұлға ретінде мәртебесі болмайды және олар мемлекет қорғауында болады.

Заңды тұлға болып табылмайтын ерекше қорғалатын табиғи аумақта мемлекет меншігінде болатын жылжымайтын мүлік объектілерін жедел басқару құқығы өзінің қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақ болатын табиғат қорғау мекемесіне немесе мемлекеттік орман шаруашылығы мекемесіне беріледі.

2. Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдар олардың негізінде мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер құру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды және мемлекеттік қорық аймақтарын тарату кезінде республикалық немесе жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбелерінен алынып тасталуға тиіс.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың және мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің қорғау аймақтары.

1. Қолайсыз сыртқы әсерлерден ерекше күзету мен қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың және мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің айналасында, бұл аймақтар шегінде осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйелері мен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынады және (немесе) шектеу жасала отырып, қорғау аймақтары белгіленеді.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың және мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің қорғалу аймақтарының аумағында табиғат пайдаланудың мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі оларды құрудың жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерімен айқындалып, осы Заңға және Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен айқындалады.

Бұл орайда меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерінің шекарасы бойынша немесе табиғи географиялық шептер бойынша белгіленетін және жер бетінде арнайы белгілер қойылатын қорғау аймағының ені екі километрден кем болмауға тиіс.

Табиғат қорғау ұйымдарының рәміздері.

1. Табиғат қорғау ұйымдарының рәміздері (эмблемасы мен туы) болады.

2. Табиғат қорғау ұйымдары өздерінің рәміздерін пайдаланудың ерекше құқығына ие болады және оларды жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде пайдалануға рұқсат етуі мүмкін.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту туралы шешім экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің негізінде қабылданады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақты құрудың немесе кеңейтудің жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерінің жобаларын әзірлеуді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мамандандырылған ғылыми (ғылыми-зерттеу) және жобалау (жобалау-іздістіру) ұйымдары екі кезеңде жүргізеді.

2. Бірінші кезеңде ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми негіздемесі (бұдан әрі - жаратылыстану-ғылыми негіздеме) әзірленеді, онда:

1) зерттеліп отырған аумақтың табиғи кешендерінің және онда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің бірегейлігі, маңыздылығы және репрезентативтілігі;

2) зерттеліп отырған аумақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың жай-күйін бағалау;

3) зерттеліп отырған аумақтың мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелері мен объектілерінің жай-күйі, оларды сақтау жөніндегі тәуекелдер, қауіптер және оларды күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі шаралар;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың ұсынылатын санаты мен түрі;

5) ұсынылатын шекарасы, ауданы, сондай-ақ функционалдық аймақтары және олардың қорғалу режимінің түрлері және пайдалану айқындалады.

3. Екінші кезеңде уәкілетті орган бекіткен немесе онымен келісілген жаратылыстану-ғылыми негіздеменің негізінде ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту жөніндегі техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі - техникалық-экономикалық негіздеме) әзірленеді, ол:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың шекарасы, координаттары сипатталған жерлерді бөлудің жерге орналастыру жобасын, меншік иелері мен жер пайдаланушылардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтың құрамына алып қойылатын (сатып алынатын) жер учаскелерінің санаттары мен аудандарын, меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін алып қоймай олардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтың құрамына қосылатын санаттары мен аудандарын, сондай-ақ күзет аймағының шекарасы мен аудандарын;

2) меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін сатып алуға және (немесе) оларды алу жөніндегі залалдарды жабуға, қорғалу аймақтарында шаруашылық қызметті шектеуге байланысты, сондай-ақ жерді алып қоймай, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрған жағдайларда жұмсалатын шығындарды;

3) инфрақұрылым құруға және ерекше қорғалатын табиғи аумақты күтіп ұстауға, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін күзету, қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындауға жұмсалатын шығындарды;

4) аумақты белгіленген функционалдық аймақтарға бөлуді, қорғалу режимінің түрлері мен рекреациялық жүктемелер нормаларын айқындай отырып, осы аймақтар шегінде табиғи кешендерді реттелмелі туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалану шарттарын;

5) экологиялық туризмді дамытуды ескере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақты жоспарлау жобасын және оның инфрақұрылымын (инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарын), туристік соқпақтарды, қарап көру алаңдарын, демалу алаңқайларын, көлікке арналған тұрақтарды, кемпингтерді, шатырлы лагерьлерді, қонақ үйлерді, мотельдерді, туристік базаларды, қоғамдық тамақтандыру, сауда және басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді, құбырларды, электр және байланыс желілерін, жолдарды қамтиды.

3-1. Балық аулау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін не балық ресурстары және басқа да су жануарлары қорларының өсімін молайту үшін маңызы бар су объектілерін және (немесе) учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына енгізу жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша әрі осы су объектілері және (немесе) учаскелері бекітіп берілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін ескере отырып жүзеге асырылады.

4. Техникалық-экономикалық негіздеме жер учаскелерінің меншік иелерімен және жер пайдаланушылармен, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарымен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісіледі және осы Заңда белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламалары.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламалары экологиялық желілерді қалыптастыру және олардың жұмыс істеу принциптерінің негізінде әрбір табиғи аймақ шегінде олардың оңтайлы алқабы деңгейіне дейін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді қалыптастырудың

мемлекет жоспарлап отырған кезеңдерін айқындайтын негізгі құжаттар болып табылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларын мүдделі мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, оларды әзірлеуге мамандандырылған ғылыми (ғылыми-зерттеу) және жобалау (жобалау-ізвестіру) ұйымдарын тарта отырып, табиғат қорғау қызметі саласындағы бағдарламаларды ескеріп, уәкілетті орган әзірлейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің, мемлекеттік зоологиялық парктердің, мемлекеттік ботаникалық бақтардың, мемлекеттік дендрологиялық парктердің және мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жерлері жатады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи резерваттарды, мемлекеттік өңірлік табиғи парктерді, мемлекеттік зоологиялық парктерді, мемлекеттік ботаникалық бақтарды, мемлекеттік дендрологиялық парктер мен мемлекеттік табиғат ескерткіштерін құру кезінде жер учаскелері басқа санаттардағы жерлер құрамынан бөлініп, оларды осы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларынан алып қою жолымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына ауыстырылады.

3. Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар қорғалу аймақтарының жер учаскелері, оларды жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алмай және жер санатын өзгертпей, басқа жер санаттарының құрамында бөлінеді.

Мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және олардың экологиялық жүйелерін қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумағы шегінде шектеу жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне ауыртпалық болып енгізіледі және жерге орналастыру құжаттамасында ескеріледі.

4. Жер учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына жатқызу туралы шешімдерді:

1) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ үшін – уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ үшін - уәкілетті органмен келісе отырып, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары қабылдайды.

Мемлекеттік орман қоры жерінде мемлекеттік өңірлік табиғи парк құрылған жағдайда осы жердің учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің санатына жатқызу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік орман қорының жерін ауыстыру туралы шешімінің негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары қабылдайды.

5. Мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи резерваттарды, мемлекеттік өңірлік табиғи парктерді, мемлекеттік зоологиялық парктерді, мемлекеттік ботаникалық бақтарды, мемлекеттік дендрологиялық парктерді және мемлекеттік табиғат ескерткіштерін құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алып қою Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте жылжымайтын мүлік меншігіне құқық тоқтатылған жағдайда мүлікті меншік иесінен алып қою Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи кешендері толық немесе ішінара, мерзімсіз немесе белгілі бір мерзімге шаруашылық пайдаланудан алып қойылады және олардың ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы ескеріле отырып, осы Заңда белгіленген тәртіппен, мемлекеттік табиғи қамалдары мен мемлекеттік қорық аймақтарын қоспағанда, төлем шартымен пайдаланылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің құқықтық режимі.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері орналасқан өзге де санаттардағы жерлердің жер учаскелері мемлекеттік меншікте болады және жекешелендіруге жатпайды.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін алып қоюға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде, шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген учаскелерді ғана және ықтимал орналастырудың басқа жолдары болмаған кезде, мемлекеттік бағдарламаларда көзделген туризм объектілерінің құрылысына және жұмыс істеуіне арналған босалқы жерге ауыстыру жағдайларын қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін ауыстыруға жол берілмейді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерінде олардың нысаналы мақсатына сәйкес келмейтін кез келген қызметке тыйым салынады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жерді резервте қалдыру.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларына және бекітілген жаратылыстану-ғылыми негіздемелерге сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру туралы шешімдер қабылдайды.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін жерлерді резервте қалдыру жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жерді алып қоймай жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің құрамына бергенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен резервте қалдырылған жерлерді бұрынғы мемлекеттік немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің меншік иелері пайдаланады, сондай-ақ олар жеке және заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында резервте қалдырылатын аумақтағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметі ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту туралы шешім қабылданғанға дейін шектелуі мүмкін. Бұл ретте жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың резервте қалдырылатын жер учаскелеріндегі шаруашылық қызметін шектеуге байланысты орын алған ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірістерінің залалдарына өтем алуға құқығы бар.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға немесе кеңейтуге арналған резервте қалдырылатын учаскелердегі шаруашылық қызметті шектеуге байланысты орын алған залалдарды жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5. Қалалар шекараларының шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту кезінде жерлерді резервте қалдыру белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларды ескере отырып, не қолданыстағы бас жоспарларға, қала салу регламенттеріне және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала салу кадастрына қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты.

1. Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар мемлекеттік органдар әрбір осындай аумақ бойынша белгіленген үлгідегі паспортты толтырады және оны уәкілетті органда тіркейді.

Тіркелген паспорттың әрбір данасы түпнұсқа болып табылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортында:

1) түрі мен санаты көрсетілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту жөніндегі мемлекеттік орган актісінің атауы, нөмірі және қабылданған күні;

3) қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар мемлекеттік органның атауы;

4) заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау жүктелген ұйымның атауы;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың туристік инфрақұрылымы, географиялық координаттары, шекарасының сипаттамасы, аумағының көлемі және күзет аймағы көрсетілген карта-схемасымен бірге орналасқан жері;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақта орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сандық және сапалық сипаттамасымен бірге олардың тізбесі;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функционалдық аймақтары және олардың күзет режимі түрлері, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылар, олардың күзет аймағындағы табиғат пайдалану жөніндегі міндеттемелері мен ауыртпалықтары туралы мәліметтер;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметтің рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлеріне қойылған шектеулер;

9) келіп көру ережесі, жұмыс режимі, рекреациялық жүктеме көрсетіледі.

3. Табиғат қорғау ұйымының паспорты табиғат қорғау ұйымында, өзінің қарауында осы табиғат қорғау ұйымы болатын мемлекеттік органда және уәкілетті органда болады.

Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи қамалдардың, мемлекеттік қорық аймақтарының паспорты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аталған түрлерін қорғау бекітіліп берілген ұйымда, өзінің қарауында осы ұйым болатын мемлекеттік органда және уәкілетті органда сақталады.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың нысаналы мақсаты өзгерген, ол қайта ұйымдастырылған, кеңейтілген жағдайларда оның паспорты қайта тіркеуден өткізіледі.

Табиғат қорғау ұйымын басқару жоспары.

1. Табиғат қорғау ұйымдары өз қызметін мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, олар қарауында болатын мемлекеттік орган бекітетін басқару жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Табиғат қорғау ұйымын басқару жоспары уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес бесжылдық кезеңге жасалады.

2. Табиғат қорғау ұйымын басқару жоспары:

1) табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың осының алдындағы кезеңдегі өзгерістеріне жасалған талдауды;

2) табиғат қорғау ұйымының осының алдындағы кезеңдегі қызметіне берілген бағаны;

3) табиғат қорғау ұйымының осыдан кейінгі кезеңдегі табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызметінің әрбір түрі бойынша іс-шараларды;

4) мемлекеттік орман қоры жерлерінде құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін - өткен кезеңдегі орман шаруашылығын жүргізудің және орман пайдаланудың кешенді бағасы берілетін және алдағы кезеңге арналған осы орман учаскелерін күзету, қорғау, молықтыру және оларға күтім жасау жөніндегі іс-шаралар әзірленетін бөлімді;

5) басқару құрылымын, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, кадрлармен қамтамасыз ету және олардың біліктілігін арттыру, жергілікті халықпен және жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен бірлесіп іс-қимыл жасау арқылы басқару жоспарын іске асыру тетіктерін қамтиды.

3. Табиғат қорғау ұйымын басқару жоспарын әзірлеуді ол қарауында болатын мемлекеттік орган қамтамасыз етеді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры осындай аумақтардың құқықтық мәртебесі, олардың орналасқан жері, көлемі мен шекарасы, географиялық координаттары, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сандық және сапалық сипаттамасы, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени, рекреациялық құндылығы, күзет режимінің түрлері, нысаналы пайдаланылуы және рұқсат етілген қызмет түрлері туралы мәліметтер жүйесін қамтиды.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік кадастрының деректері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту, экологиялық желіні қалыптастыру бағдарламаларын әзірлеуге негіз болып табылады және биологиялық саналуандықты, бірегей табиғи ландшафтарды сақтауды ескере отырып, жерлерді ұтымды пайдалану мен өңірлердің өндіргіш күштерін орналастыруды жоспарлау кезінде пайдаланылады.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету және қорғау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет қызметі мемлекеттік инспекторларының құқықтық мәртебесі.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимінің түрлері.

Түріне және функционалдық аймақтарға бөлінуіне байланысты бүкіл ерекше қорғалатын табиғи аумақта немесе оның арнайы бөлінген аймақтары мен учаскелерінде мынадай күзет режимінің түрлері енгізіледі:



1) кез келген шаруашылық қызметке, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің табиғи жай-күйін бұзатын өзге де қызметке тыйым салуды көздейтін қорық режимі;

2) шаруашылық және өзге қызметтің жекелеген түрлеріне белгілі бір мерзімге немесе онсыз маусымдар бойынша толық тыйым салуды немесе шектеуді көздейтін қаумалдық режим;

3) табиғи кешендерді шектеулі пайдалануды, сондай-ақ жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметтің дәстүрлі түрлерін мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілеріне зиянды әсер етпейтін тәсілдермен және әдістермен жүргізуін көздейтін шаруашылық қызметтің реттелмелі режимі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету және қорғау.

1. Қоршаған ортаға зиянды әсерлердің алдын алу және оларды жою мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда күзету мен қорғау жүргізілуі мүмкін.

2. Күзету:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтың жолын кесу мақсатында аумақты қарауылдауды, оның ішінде жер және әуе көлігін қолданып қарауылдауды;

2) өрттердің алдын алуды, оларды байқауды және сөндіруді;

3) суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан күзетуді қамтиды.

3. Қорғау:

1) судың зиянды әсерінің алдын алуды және жоюды;

2) өсімдіктерді қорғауды, зиянды жәндіктер мен орман аурулары ошақтарын дер кезінде анықтауды және оларға қарсы күресуді, санитарлық және басқа мақсаттарда ағаш кесуді (жолдар салуға байланысты орман жолдарын тарту, өртке қарсы жыралар қазу кезінде орманды тазарту);

3) індеттер мен эпизоотиялардың алдын алу мақсатында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен ветеринариялық мониторингті қамтамасыз етуді, жануарлар санын реттеуді;

4) жерді эрозиядан қорғауды қамтиды.

4. Өрттердің алдын алу, оларды байқау және сөндіру Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5. Қорғау ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимінің түрлерін ескере отырып, ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде және қарауында осы аумақтар бар орталық атқарушы органдардың рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру мақсатында мынадай іс-шаралар:

- 1) бұдан бұрын бүлінген жерлерді рекультивациялау;
- 2) су айдындарының қолайлы режимін сақтау;
- 3) эрозиялық процестердің алдын алу және экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында ормандарды молықтыру және орман өсіру;
- 4) жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін табиғи ортада көбейту, өсіру және қалпына келтіру жүргізілуі мүмкін.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қалпына келтіру іс-шаралары күзету режимінің түрлерін ескере отырып, тиісті ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде уәкілетті органмен келісім бойынша жүргізіледі.

Табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін қорғау.

1. Табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін қорғауды олардың штатына кіретін күзет қызметінің мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

2. Табиғат қорғау мекемелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар және бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары болып табылады.

Табиғат қорғау мекемелерінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша аға мемлекеттік инспекторлар болып табылады, осы бөлімшелердің мамандары, ғылыми қызметкерлерді қоса алғанда, лауазымы бойынша табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Осы бапта көрсетілген лауазымды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың және мемлекеттік қорық аймақтарының мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін қорғау.

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың және мемлекеттік қорық аймақтарының мемлекеттік табиғи-қорық қорының мемлекеттік орман қорының жерлерінде және оларға іргелес жерлерде орналасқан табиғи кешендер мен объектілерін қорғауды мемлекеттік орман күзетінің қызметтері, басқа санаттағы жерлерде табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи қаумалдарды және мемлекеттік қорық аймақтарын қорғау мақсатында оларды мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелеріне, табиғат қорғау мекемелеріне бекітіп беру уәкілетті органның, өздерінің құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен жүргізіледі.

Табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары.

1. Табиғат қорғау мекемелері мемлекеттік инспекторларының өз аумағы мен күзет аймақтарының шекарасында:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жүрген адамдардан осында болу құқығына берілген рұқсатты тексеруге;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуын бақылау мақсатында табиғат қорғау мекемесінің және оның күзет аймағының аумағындағы жеке және заңды тұлғалардың объектілеріне баруға;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда жеке және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұруға;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке немесе заңды тұлғалардың қызметін тоқтату немесе оған тыйым салу туралы сотқа талап арыз беруге;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынның мөлшерін анықтауға және осының негізінде кінәлі тұлғаларға осы шығынды ерікті түрде өтеу туралы талап қоюға не сотқа талап арыз беруге;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайларда мемлекеттік инспекторлардың актілер жасауға және материалдарды шаралар қолдану үшін тиісті мемлекеттік органдарға жіберуге;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақта, оның күзет аймағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзған адамдарды ұстауға және оларды құқық қорғау органдарына жеткізуге;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың, оның күзет аймағында көлік және суда жүзу құралдарын тоқтатуға, оларға тексеру жүргізуге;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзған жеке

және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атыс қаруын, заңсыз олжалаған өнімді және оны олжалау құралын, көлік және суда жүзу құралдарын алып қоюға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы құралдар мен қызмет қаруын сақтауға, алып жүруге және қолдануға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар.

2. Табиғат қорғау мекемелері мемлекеттік инспекторларының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және олардың шешімдеріне жоғары тұрған мемлекеттік органдарға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

3. Табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысанды киіммен (погонсыз), арнайы құралдармен және қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

4. Табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары өз құзыретіне сәйкес мынадай актілер:

1) тексеру өткізу нәтижелері бойынша акт;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қазақстан Республикасының орман заңнамасы талаптарының бұзылуын жою туралы ұйғарым;

4) мынадай:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қазақстан Республикасының орман заңнамасы бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;

сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін атыс қаруын, олжалау құралдарын, заңсыз олжаланған өнімді, көлік және суда жүзу құралдарын алып қою туралы қаулылар жасайды.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру жүйесі.**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру көздері.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру:

1) бюджет қаражаты;

2) табиғат қорғау мекемелерінің қаражаты;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту қорларының гранттары, қаражаты, жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары және қайырмалдықтары есебінен жүргізіледі.

Табиғат қорғау мекемелерін дамыту және күтіп ұстау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру.

Іс-шараларды қаржыландыру табиғат қорғау мекемелерін дамыту мен күтіп-ұстауға олардың санатына байланысты бөлінетін бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және мыналарға:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларын, осы аумақтарды құру мен кеңейтудің жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту кезінде, сондай-ақ осы аумақтарды құру және кеңейту үшін жерлерді резервте қалдыру кезінде жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскелерінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген залалдарды жабуға және ысыраптарды өтеуге;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет аймақтарында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметін шектеу жөніндегі залалдарды жабуға және ысыраптарды өтеуге;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбелерін жүргізуге;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оның күзет аймағының шекарасын нақтылы жерінде бөлу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

6) әкімшілік-шаруашылық, ғылыми, ақпараттық-ағартушылық, туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілер мен құрылыстарды салуға және қайта жаңартуға;

7) штат санын ұстауға;

8) мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін күзетуге, қорғауға және қалпына келтіруге;

9) экологиялық-ағартушылық, ғылыми, оқу, туристік және рекреациялық қызмет жүргізуге жұмсалады.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарын дамыту және күтіп-ұстау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарын дамыту және күтіп-ұстау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін күзету, қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру.

Заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи-қорық қоры объектілерін күзету, қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды оларға бекітіп берілетін табиғат қорғау мекемелері, орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері өздеріне осы мақсаттарға бөлінетін бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Табиғат қорғау мекемелерінің қаражаты.

1. Табиғат қорғау мекемелерінің қаражаты олардың қызмет бағыты мен күзет режимінің түрлеріне байланысты олардың негізгі қызметіне жатпайтын мынадай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу:

1) жеке және заңды тұлғалар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи кешендерін туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануы кезінде оларға ақылы қызметтер көрсету, соның ішінде:

туристік соқпақтар, тамашалау алаңдарын, демалу алаңқайларын, көлік тұрақтарын, кемпингтер, шатырлы лагерьлер немесе оларды орналастыратын орындар; қонақ үйлер, мотельдер, туристік базалар, қоғамдық тамақтандыру, сауда және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басқаруындағы басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер немесе оларды орналастыратын орындар беру; ерекше қорғалатын табиғи аумақта құбырлар, электр қуатын беру және байланыс желілерін, жолдарды (ортақ пайдаланылатын жолдардан басқа) орналастыру жөнінде қызметтер көрсету; туристік құрал-жабдықтар беру;

әуесқойлық (спорттық) аң және балық аулауды өткізу;

мемлекеттік табиғи-қорық қоры, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерінде, табиғат мұражайларында және жанды табиғат мүйістерінде болу және оларды зерделеу кезінде жолсеріктер, экскурсия ұйымдастырушылар, жол нұсқаушылар мен аудармашылар қызметтерін көрсету, кино, бейне және фото таспаларына түсіру;

пайдалануға берілген аумақтар мен объектілерді санитарлық тазарту және абаттандыру жөнінде, сондай-ақ өзге де ұйымдардың аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізу жөнінде қызметтер;

қоғамдық тамақтандыру объектілері үшін өнім өндіру жөнінде қызметтер;

көлік қызметтерін көрсету;

2) шектеулі шаруашылық қызметінен, соның ішінде:

кәдесый өнімдерін өндіруден;

аралық мақсатта пайдалану және басқа да мақсаттарда кесілген ағаштан жасалған тауарларды, олардан алынған сүректі өңдеу өнімдерін өткізуден;

жанама орман пайдаланудың өнімдерін өткізу;

елді мекендерді көгалдандыру үшін көшет материалын өсіруден түсетін табыстар;

шектеулі шаруашылық қызметі тауарларын өткізуден, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс жерлерде қорғаныштық және көгалдандыру екпелерін отырғызудан;

балық шабақтарын өсіруден;

жеке және заңды тұлғалармен туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда жасалатын бірлескен қызмет туралы шарттар бойынша өнім өндіруден және қызмет көрсетуден алынған табыстар;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рәміздерін пайдаланғаны үшін төленетін ақы;

4) баспа, кәдесый және басқа да көбейтілген өнім өндіруден алынған табыстар;

5) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырымалдықтары есебінен құралады.

2. Табиғат қорғау мекемелерінің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өткізуінен алынған қаражаты Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

3. Табиғат қорғау мекемелері осы баптың 1-тармағында аталған қызмет түрлерінен табыс табу мақсатында мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстарға қатыса алады.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерін, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін және экологиялық желіге енетін қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастырудың, қорғаудың және олардың қызметінің ерекшеліктері.**

Мемлекеттік табиғи қорықтар.

Мемлекеттік табиғи қорықтар ұғымы және олардың негізгі қызметі.

1. Мемлекеттік табиғи қорық - табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтардың негізгі қызметіне:

1) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының биологиялық саналуандығын қорғау және қалпына келтіру режимін қамтамасыз ету;

2) Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелерін, объектілерін зерделеу және олардың мониторингі жөнінде ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

3) экологиялық-ағартушылық қызметті жүргізу;

4) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге объектілерді орналастыру жобалары мен схемалар мемлекеттік экологиялық сараптамасына қатысу;

5) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми және шектеулі туристік мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет режимі.

1. Мемлекеттік табиғи қорықтың бүкіл аумағында, осы Заңның 43-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, қорықтық күзет режимі белгіленеді, ол бойынша:

- 1) аумақтың гидрологиялық режимін өзгертетін іс-әрекеттерге;
- 2) мемлекеттік табиғи қорықтың жұмыс істеуімен байланысты емес үй-жайлар (құрылыстар және ғимараттар), жолдар, құбырлар, электр желілерін және басқа да коммуникациялар мен объектілер салуға;
- 3) геологиялық-барлау жұмыстарына және пайдалы қазбалар өндіруге;
- 4) топырақ қабатын бүлдіруге, минералдар шығымын бұзуға және тау жыныстарын жалаңаштауға;
- 5) санитарлық мақсатта ағаш кесуді және күтім жасау мақсатында ағаш кесуді қоса алғанда, орман пайдаланудың барлық түрлеріне, тағамдық, дәрі-дәрмектік және техникалық өсімдіктер, гүлдер, тұқымдар дайындауға, шөп шабуға, мал жаюға және өсімдіктер қабатының бұзылуына әкеп соғатын өсімдіктер дүниесін пайдаланудың басқа да түрлеріне;
- 6) аң аулау мен балық аулауға;
- 7) жануарларды аулауға және жойып жіберуге, олардың мекендеу ортасы мен жағдайларын бұзуға;
- 8) жануарлар мен өсімдіктердің жаңа түрлерін жерсіндіруге, жануарлардың жекелеген түрлері санын жерлердің табиғи сыйымдылығы бойынша жол берілетін мөлшерден артық көбейтуге;
- 9) мемлекеттік табиғи қорықтың коллекцияларын қалыптастыруды қоспағанда, коллекциялық материалдар жинауға;
- 10) зиянкестерге, өсімдіктер мен жануарлардың ауруларына қарсы, сондай-ақ жануарлар санын реттеу үшін химиялық және биологиялық күрес әдістерін қолдануға;
- 11) үй жануарларын айдап өтуге;
- 12) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген нормадан асып түсетін жасанды жолмен жасалатын у-шуға және өзге де дыбыстық әсерлерге;
- 13) егер қызмет қорғалатын ландшафтардың табиғи көрінісін өзгертуге немесе экологиялық жүйелердің орнықтылығын бұзуға әкеп соғуы мүмкін болса, не ерекше құнды табиғи ресурстарды сақтауға және молықтыруға қатер төндірсе, оған тыйым салынады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтардың аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізуге жол беріледі.

3. Қарауында мемлекеттік табиғи қорықтар бар мемлекеттік табиғи қорықтардың қызметкерлерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың



лауазымды тұлғаларын қоспағанда, жеке тұлғалар мемлекеттік табиғи қорықтар аумағына рұқсат беретін құжаттар болған кезде ғана жіберіледі.

4. Қорықтың аумағында немесе оның аумағынан тысқары жерлерде тұратын белгілі бір дінге сенушілердің құрмет тұтатын жерлерге (құлшылық ету орындары) қорық аумағы арқылы өтетін жолдармен баруын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік табиғи қорықтың әкімшілігі тиісті діни бірлестікпен келісім бойынша мемлекеттік табиғи қорық инспекторларының ілесіп жүруімен осы орындарға топталып баруға немесе осы орындарға топталып жақын келуге тегін рұқсат етуі мүмкін.

Мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми қызметті ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі.

1. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми қызмет мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін зерттеу жөнінде тұрақты жүйелі түрдегі байқаулар, Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, табиғи процестердің мониторингін ұйымдастыру, сондай-ақ биологиялық саналуандықты сақтаудың және мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелері мен объектілерін қалпына келтірудің ғылыми негіздері мен әдістерін әзірлеу жолымен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті үй-жайлармен және жабдықтармен қамтамасыз етілетін ғылыми қызметкерлердің тиісті штаты бар ғылыми құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді.

3. Мемлекеттік табиғи қорықтардың ғылыми бөлімшелері осы баптың 1-тармағында көзделген ғылыми зерттеулерден басқа, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес ғылыми зерттеулер де жүргізеді.

4. Өзге де ғылыми ұйымдар мен жекелеген ғалымдар мемлекеттік табиғи қорықтардың аумақтарында уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік табиғи қорықтың әкімшілігімен шарттық негізде ғылыми зерттеулер жүргізе алады.

5. Ғылыми зерттеулердің жоспарларын, ғылыми қызметкерлердің есептерін қарау және бекіту үшін мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми-техникалық кеңестер құрылады, олардың құрамына басқа ұйымдардың ғылыми қызметкерлері мен мамандары кіре алады.

6. Мемлекеттік табиғи қорықтардың ғылыми қорлары мерзімсіз сақталуға жатады.

7. Мемлекеттік табиғи қорықтардың өздерінің ғылыми еңбектерін басып шығаруға құқығы бар.

8. Мемлекеттік табиғи қорықтардың аумағында ғылыми жұмыстарды жоспарлау мен жүргізу жануарларды мазасыздануға, зардапқа, өлім-жітімге ұшырататын және өсімдіктерді, соның ішінде сирек және жоғалып

бара жатқан түрлерін жойып жіберетін зерттеулердің қатыгез әдістері қолданылмай жүзеге асырылуға тиіс.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың экологиялық-ағартушылық қызметі.

1. Мемлекеттік табиғи қорықтардың экологиялық-ағартушылық қызметі:

1) қорықтардың биологиялық саналуандықты сақтау функцияларын орындауының қажетті шарты ретінде қорық ісі идеяларын халықтың қалың топтарының қолдауын қамтамасыз ету;

2) экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен дамыту мақсаттарында жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтарда экологиялық-ағартушылық шараларын жүргізу үшін мұражайлар, экспозициялар, көрсетілім жасау учаскелері және басқа да объектілер құрылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ерекше құнды экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен реттелмелі экологиялық туризм өткізу үшін экскурсиялық соқпақтар мен маршруттар құруға жол беріледі.

4. Мемлекеттік табиғи қорықтар экологиялық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру кезінде мамандарды және қоғамдық ұйымдарды тарта алады.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет аймақтарының режимі.

1. Мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет аймақтарында:

1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;

2) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;

3) жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;

4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

5) пайдалы қазбалар өндіруге;

6) әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;

7) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

8) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);

9) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;

10) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметке тыйым салынады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет аймақтарының аумағында қорықтың экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін

шаруашылық қызметтің мынадай әртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) орман шаруашылығы қызметі;
- 2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;
- 5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;
- 6) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;
- 7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;
- 8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;
- 9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;
- 10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, мемлекеттік табиғи қорық қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

3. Мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет аймақтарында осы баптың 2-тармағында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорық қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.

4. Мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет аймақтарында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметін шектеу облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді.

Жекелеген мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет режимінің ерекшеліктері.

1. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзет аймағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде биологиялық негіздеме негізінде арнайы бөлінген учаскелерде жергілікті тұрғындардың мұқтажы үшін әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жол беріледі.

2. Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының су айдындарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық

сараптаманың оң қорытындысы болған кезде биологиялық негіздеме негізінде балықтың қырылуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жол беріледі.

**Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер және мемлекеттік өмірлік табиғи парктер.** Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ұғымы және олардың негізгі қызметі.

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафттық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің негізгі қызметіне:

1) мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендерін, бірегей және эталондық табиғи учаскелерін, объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұраны сақтау;

2) мемлекеттік ұлттық табиғи парк пен оның күзет аймағының күзет режимін қамтамасыз ету;

3) экологиялық ағартушылық;

4) биологиялық саналуандықты сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу;

5) Табиғат жылнамасы бағдарламасы бойынша экологиялық жүйелер мен жекелеген табиғи объектілердің мониторингін жүргізу;

6) мемлекеттік табиғи-қорық қорының бүлінген табиғи кешендерін, объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру;

7) мемлекеттік ұлттық табиғи парк пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми, рекреациялық, туристік және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағын аймақтарға бөлу, оны күзету және пайдалану режимі.

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағы:

1) қорық режимі;

2) экологиялық тұрақтандыру;

3) туристік және рекреациялық қызмет;

4) шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарына бөлінеді.

2. Қорық режимі аймағында кез келген шаруашылық қызметке және мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағын рекреациялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады және осы Заңның 40-бабының 1-тармағында аталған мемлекеттік табиғи қорық режимінің түрлеріне сәйкес келетін қорықтық күзет режимі белгіленеді.

3. Реттелмелі экологиялық туризмді және мемлекеттік табиғи-қорық қорының бүлінген табиғи кешендері мен объектілерін қалпына келтіру

жөнінде іс-шаралар жүргізуді қоспағанда, экологиялық тұрақтандыру аймағында шаруашылық және рекреациялық қызметке тыйым салынып, қорықтық күзет режимі белгіленеді.

4. Туристік және рекреациялық қызмет аймағы мемлекеттік ұлттық табиғи паркке келушілердің реттелмелі қысқа мерзімді демалысы мен ұзақ мерзімді демалысы учаскелеріне бөлінеді.

Туристік және рекреациялық қызмет аймағында мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін сақтауды қамтамасыз ететін тапсырыстық күзет режимі белгіленеді, оның аумағында реттелмелі туристік және рекреациялық пайдалануға (аң аулаудан басқа), соның ішінде рекреациялық жүктемелер нормаларын ескере отырып туристік маршруттар, соқпақтар, демалу алаңқайлары мен тамашалау алаңдарын құруды ұйымдастыруға жол беріледі.

5. Шектеулі шаруашылық қызмет аймағында әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілер орналастырылады, әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулауды ұйымдастыруды қоса алғанда, мемлекеттік ұлттық табиғи паркті күзету және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оған келушілерге қызмет көрсету үшін қажетті шаруашылық қызмет жүргізіледі, рекреациялық орталықтар, қонақ үйлер, кемпингтер, мұражайлар және туристерге қызмет көрсетудің басқа да объектілерін салу және оларды пайдалану жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктің барлық аймақтарында оны басқару жоспарында көзделген күзету, қорғау және қалпына келтіру іс-шаралары жүргізіледі.

7. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде ғылыми және экологиялық-ағартушылық қызмет осы Заңның 41 және 42-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің туристік және рекреациялық қызметінің ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің аумақтарында реттелмелі туризм мен рекреацияны туристік операторлық қызметке лицензиясы болған жағдайда уәкілетті орган бекітетін ережелерге сәйкес:

1) тікелей мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;

2) заңды тұлғалар табиғат қорғау мекемесі беретін рұқсаттың және (немесе) реттелмелі туризм мен рекреацияны қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік ұлттық табиғи парктермен жасалатын шарттардың негізінде жүзеге асырады. Аталған рұқсаттар және (немесе) шарттар қарауында мемлекеттік ұлттық табиғи парктер бар мемлекеттік органдармен келісілуге тиіс.

2. Реттелмелі туризм мен рекреацияны қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктер инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарына сәйкес жалға алу шартының негізінде туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарында жеке және заңды

тұлғаларға қазіргі инфрақұрылымымен де, сондай-ақ жаңасының құрылысын салу үшін де жер учаскелерін бере алады.

Жер учаскесін жалға алу шарты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады.

3. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында реттелмелі туризм мен рекреацияны жүзеге асыру үшін жер учаскелерін жалға беру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелермен айқындалады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің шектеулі шаруашылық қызметінің ерекшеліктері.

1. Шектеулі шаруашылық қызметі аймағында мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мынадай қызмет түрлеріне рұқсат етеді:

1) жанама орман пайдалану (шектеулі мал жаю, марал өсіру, шөп шабу, саңырауқұлақтарды, жемістер мен жидектерді әуесқойлық мақсатта жинау);

2) шектеулі дәстүрлі пайдалану алаңдарында ағаш және бұта тұқымдарының екпе материалдарын, дәрі-дәрмектік шөптер және басқа да өсімдіктер өсіру;

3) өтпелі ағаш кесуді қоспағанда, санитарлық мақсатта ағаш кесуді, күтім жасау мақсатында ағаш кесуді жүргізу және бұл ретте алынған сүректі өңдеу;

4) кәдесыйлар, шағын және халықтық кәсіпшіліктер өнімдерін өндіру;

5) балық шабақтарын және тауарлы балықтың байырғы түрлерін өсіру;

6) жылжымалы бал ара павильондарын пайдалана отырып, көшпелі бал ара шаруашылығы;

7) әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулау.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің шектеулі шаруашылық қызметі мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау мен қалпына келтіруді ескере отырып және өздерінің қарауындағы мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің күзет аймақтарының режимі.

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктің күзет аймағында:

1) жер пайдаланушылардың табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ететін дәстүрлі шаруашылық қызметінің негізгі түрлеріне рұқсат етіледі;

2) осы Заңның 43-бабының 1-3-тармақтарында белгіленген мемлекеттік ұлттық табиғи парктің экологиялық жүйелеріне теріс әсер ететін табиғат пайдалану мен шаруашылық қызметтің түрлеріне тыйым салынады немесе шектеу қойылады.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктің күзет аймағындағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеу қою осы Заңға сәйкес облыстардың (республикалық

маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді.

Мемлекеттік өңірлік табиғи парктар.

Мемлекеттік өңірлік табиғи парк мемлекеттік ұлттық табиғи парк үшін белгіленген режимі бар, сондай мақсаттарды алға қоятын және сондай міндеттерді орындайтын, бірақ табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесіне ие жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумаққа жататын мемлекеттік ұлттық табиғи парктің нұсқасы болып табылады.

**Мемлекеттік табиғи резерваттар.** Мемлекеттік табиғи резерваттар ұғымы, негізгі қызметі және оларды аймақтарға бөлу.

1. Мемлекеттік табиғи резерват – табиғи кешендердің биологиялық саналуандығын және олармен байланысты табиғи және тарихи-мәдени объектілерді күзетуге, қорғауға, қалпына келтіруге және сақтауға арналған жердегі және судағы экологиялық жүйелерді қамтитын табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғи резерваттардың негізгі қызметіне:

1) биологиялық және ландшафтық саналуандықты, табиғи экологиялық жүйелерді сақтау және қалпына келтіру;

2) мемлекеттік табиғи резерваттың күзет режимін қамтамасыз ету;

3) табиғи ресурстарды пайдаланудың экологиялық-экономикалық принципі негізінде аумақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау;

4) аумақты қорғау және тұрақты дамыту, сондай-ақ экологиялық ағартушылық және тәрбие беру мақсаттарында зерттеулер мен мониторинг жүргізу;

5) мемлекеттік табиғи резерват аумағын және оның күзет аймағын экологиялық-ағарту, ғылыми, рекреациялық, туристік және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

3. Мемлекеттік табиғи резерваттың аумағы мынадай пайдалану мен күзет режимінің түрлері әртүрлі аймақтарға бөлінеді:

1) қорық режимі аймағы (бұдан әрі – ұйытқы аймақ) – генетикалық ресурстарды, биологиялық саналуандықты, экологиялық жүйелер мен ландшафтарды ұзақ мерзім сақтауға арналған осы мақсаттарға қол жеткізу үшін жеткілікті көлемі бар ұйытқы аймақ;

2) аралық аймақ – экологиялық бағдар ұстанған шаруашылық қызметті жүргізу және биологиялық ресурстарды тұрақты молықтыру үшін пайдаланылатын аумақ учаскесі.

Мемлекеттік табиғи резерваттың қорық режимі аймағының режимі.

1. Мемлекеттік табиғи резерваттың қорық режимі аймағында, Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, табиғи ортаның жай-күйіне ғылыми зерттеулер мен мониторинг жүргізіледі, экологиялық-ағартушылық мақсатында іс-шаралар жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік табиғи резерваттың қорық режимі аймағында кез келген шаруашылық қызметке және аумақты рекреациялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады және осы Заңның 40-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік табиғи қорық режимінің түріне сәйкес келетін қорықтық күзет режимі белгіленеді.

Мемлекеттік табиғи резерваттың аралық аймақ режимі.

1. Мемлекеттік табиғи резерваттың аралық аймағында шектелетін, реттелетін және ұйытқы аймағының экологиялық жүйелеріне теріс әсер етпейтін мынадай әртүрлі қызмет нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

1) ғылыми зерттеулер және мамандар оқыту және даярлау орталықтарын ұйымдастыру;

2) қоршаған орта мониторингі және экологиялық жүйелердің өзгеруін бақылау;

3) орман шаруашылығы қызметі, өртке қарсы іс-шаралар және орман алаптарын қорғау;

4) ұйытқы аймағының биологиялық саналуандығын ұзақ мерзім сақтауды және оның зақымданбауын және тұтастай алғанда мемлекеттік табиғи резерваттың экологиялық жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету шеңберінде дәстүрлі жер пайдалану;

5) биологиялық және ландшафтық саналуандықты, табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды кеңінен жүргізу;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жеке тұлғалардың кіру тәртібімен белгіленген, рекреациялық жүктемеге сәйкес бақыланатын және реттелетін туризм, рекреациялық пайдалану;

7) минералды сулар мен шипалы ресурстарды пайдалану;

8) экологиялық ағартушылық, оқыту бағдарламаларын жүргізу, көрсету учаскелерін және экологиялық тұрғыдан алғанда жанашырлықпен табиғат пайдалану менеджментін ұйымдастыру.

2. Мемлекеттік табиғи резерваттың аралық аймағында ұйытқы аймағының экологиялық жүйесінің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін қызметке, атап айтқанда:

1) жаңа елді мекендер құруға;

2) өнеркәсіп объектілерін орналастыруға және пайдалануға;

3) өндірістік объектілер салуға және пайдалануға;

4) геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге және пайдалы қазбаларды игеруге;

5) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге;

6) өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін жерсіндіруге;

7) ұйытқы аймақ пен аралық аймақ аумағының гидрологиялық режимін өзгертетін іс-әрекеттерге;

8) ұйытқы аймақтың экологиялық жүйесіне әсер етуі мүмкін өзге де қызметке тыйым салынады.



3. Мемлекеттік табиғи резерваттарда осы Заңның 41, 42 және 46-баптарында белгіленген тәртіппен экологиялық-ағарту, ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер жүзеге асырылады.

Мемлекеттік табиғи резерваттардың күзет аймақтарының режимі.

1. Мемлекеттік табиғи резерваттың күзет аймағында:

1) жер пайдаланушылардың табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ететін дәстүрлі шаруашылық қызметінің негізгі түрлеріне рұқсат етіледі;

2) осы Заңның 43-бабының 1-3-тармақтарында белгіленген мемлекеттік табиғи резерваттың экологиялық жүйелеріне теріс әсер ететін табиғат пайдалану мен шаруашылық қызметтің түрлеріне тыйым салынады немесе шектеу қойылады.

2. Мемлекеттік табиғи резерваттың күзет аймағындағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеу қою осы Заңға сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді.

**Мемлекеттік зоологиялық парктер.** Мемлекеттік зоологиялық парктер ұғымы және оның негізгі қызметі.

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер - мәдени-ағартушылық, ғылыми, оқу және табиғат қорғау қызметіне, тектік қорды сақтауға және әдеттегі, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін жасанды орта жағдайында өсіруге арналған табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктердің негізгі қызметіне Қазақстанның жануарлар дүниесін сақтаудың, молықтыру мен пайдаланудың, дүниежүзілік маңызы бар Қазақстан фаунасының ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлеу жатады.

Мемлекеттік зоологиялық парктерді аймақтарға бөлу және оларды күзету ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер:

1) экспозициялық - жануарларды ұстау және өсіру, сондай-ақ келушілердің көруі үшін;

2) ғылыми - ғылыми зерттеулер жүргізу үшін;

3) қоғамдық - келушілерге қызмет көрсету үшін;

4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық аймақтарға бөлінеді.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктерде олардың міндеттерін орындауға байланысты емес және оларда күтіп-бағылатын жануарлардың өлім-жітіміне әкеп соғатын кез келген әрекетке тыйым салынады.

Мемлекеттік зоологиялық парктерде жануарлар өсіру.

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер отандық және дүниежүзілік фаунадан жануарлар коллекцияларын қалыптастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, белгіленген тәртіппен жануарлармен жасалатын импорттық және экспорттық операцияларды, оларды зоологиялық бағыттағы басқа ұйымдармен айырбастауды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік зоологиялық парктерде ветеринариялық және зоотехникалық қызметтер, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін өсіруге арналған питомниктер құрылады.

Мемлекеттік зоологиялық парктерді пайдалану ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер ғылыми, мәдени-ағартушылық және оқу мақсаттарында пайдаланылады.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктерде жануарларды, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарларды қамауда немесе жартылай қамау жағдайларында ұстау және өсіру саласында ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

3. Мемлекеттік зоологиялық парктер ғылыми деректер банктерін, қорлар, мұражайлар, лекторийлер, кітапханалар мен мұрағаттар құруға, осы ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша ғылыми, ғылыми-көпшілік және басқа да әдебиет шығаруға құқылы.

4. Мемлекеттік зоологиялық парктердің қосалқы шаруашылықтары, шеберханалары, зоологиялық дүкендері мен осы ұйымдардың бейініне сәйкес келетін, бірақ олардың негізгі қызметіне жатпайтын шаруашылық қызметі үшін қажетті басқа да объектілері болуына құқылы.

**Мемлекеттік ботаникалық бақтар.** Мемлекеттік ботаникалық бақ ұғымы және оның негізгі қызметі.

1. Мемлекеттік ботаникалық бақ – өсімдіктер дүниесін, соның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғау, молықтыру және пайдалану жөнінде зерттеулер мен ғылыми талдамалар өткізуге арналған табиғат қорғау және ғылыми ұйымдар мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтардың негізгі қызметіне Қазақстанның өсімдіктер дүниесін сақтаудың, молықтыру мен пайдаланудың, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флора ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлеу жатады.

Мемлекеттік ботаникалық бақтарды аймақтарға бөлу және оларды қорғаудың ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтар:

- 1) экспозициялық – өсімдіктерді өсіру және келушілердің көруі үшін;
- 2) ғылыми – өсімдіктердің тектік қорының коллекцияларына ғылыми зерттеулер жүргізу және оларды сақтау үшін;
- 3) қоғамдық – келушілерге қызмет көрсету үшін;
- 4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық аймақтарға бөлінеді.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда олардың алдына қойылған міндеттерін орындауға байланысты емес және оларда өсірілетін өсімдіктердің жойылып кетуіне әкеп соғатын кез келген іс-әрекеттерге тыйым салынады.

Мемлекеттік ботаникалық бақтарда өсімдіктер өсіру.

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтар табиғи, мәдени, отандық және дүниежүзілік флора өсімдіктерінің коллекцияларын қалыптастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, өсімдіктермен жасалатын импорттық және экспорттық операцияларды, оларды ботаникалық бейіндегі басқа ұйымдармен айырбастауды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда коллекциялық және эксперименттік учаскелер, гербарийлер, питомниктер және тұқым қорлары құрылады.

Мемлекеттік ботаникалық бақтарды пайдаланудың ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтар белгіленген тәртіппен ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылады.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда табиғи, мәдени, отандық және дүниежүзілік флораны жерсіндіру және оның селекциясы бойынша, сондай-ақ Қазақстанның өсімдіктер әлемін зерттеу, сақтау және тиімді пайдалану жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Өсімдіктердің коллекциялық қорларын қалыптастыру, сақтау, пайдалану жөніндегі ғылыми зерттеулер коллекциялық қорлар өсіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік тапсырыстар негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік ботаникалық бақтар ғылыми деректер банктерін, қорлар, мұражайлар, лекторийлер, кітапханалар мен мұрағаттар құруға, осы ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет шығаруға құқылы.

4. Мемлекеттік ботаникалық бақтар орман, бақ-парк, ауыл шаруашылығына және басқа салаларға енгізу мақсатында ұсынылған жерсіндірілген өсімдіктер мен олардың репродукцияларын өндірістік сынақтан өткізу үшін шаруашылық эксперименттік базалар құруға құқылы.

5. Мемлекеттік ботаникалық бақтардың қосалқы шаруашылықтары, шеберханалары, өсімдіктер сататын мамандандырылған дүкендері және осы ұйымдардың бейініне сәйкес келетін, бірақ олардың негізгі қызметіне жатпайтын шаруашылық қызмет үшін қажетті басқа да объектілері болуына құқылы.

**Мемлекеттік дендрологиялық парктер.** Мемлекеттік дендрологиялық парк ұғымы және оның негізгі қызметі.

1. Мемлекеттік дендрологиялық парк - ағаш және бұта тұқымдарын қорғауға, молықтыру мен пайдалануға арналған аймақтар бойынша

белгіленген күзет режимдері бар табиғат қорғау және ғылыми ұйымдар мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік дендрологиялық парктердің негізгі қызметіне Қазақстанның ағаш өсімдіктерін сақтаудың, молықтырудың және пайдаланудың ғылыми негізін әзірлеу, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флорасының ресурстарын игеру жатады.

Мемлекеттік дендрологиялық парктерді аймақтарға бөлу, оларды күзету мен пайдаланудың ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік дендрологиялық парктерде аймақтар осы Заңның 59-бабында көзделген мемлекеттік ботаникалық бақтардағы күзет режимінің мақсаты мен түрі ескеріле отырып бөлінеді.

2. Мемлекеттік дендрологиялық парктер мемлекеттік ботаникалық бақтарға осы Заңның 61-бабында белгіленген тәртіппен және шарттармен ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылады.

**Мемлекеттік табиғат ескерткіштері.** Мемлекеттік табиғат ескерткіші – экологиялық, ғылыми, мәдени және эстетикалық тұрғыдан алғанда жекелеген бірегей, орны толмайтын, құнды табиғи кешендерді, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне жатқызылған шығу тегі табиғи және жасанды объектілерді қамтитын ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Мемлекеттік табиғат ескерткіштерін құру тәртібі.

1. Маңыздылығына байланысты мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жекелеген түрлері және табиғи кешендер республикалық немесе жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері болып жарияланады.

2. Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасы мен күзет режимінің түрін Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасы мен күзет режимінің түрлерін – уәкілетті органның ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары бекітеді.

3. Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері мен олардың аумақтарын олар қарауына тапсырылған тұлғалардың күзетуіне беруді уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштерін – оларды ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басқа түрлерінің аумағында орналасқан мемлекеттік табиғат ескерткіштері солардың құрамында ескеріледі.

Мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының күзет режимі.

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің аумақтарында мемлекеттік табиғат ескерткіштері сақталуының бұзылуына әкеп соғатын кез келген қызметке тыйым салынып, мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет режимінің түріне сәйкес келетін қорықтық күзет режимі белгіленеді.

2. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерін күзету осы Заңның 32-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік табиғи қаумалдар.** Мемлекеттік табиғи қаумалдар ұғымы және олардың түрлері.

1. Мемлекеттік табиғи қаумал – мемлекеттік табиғи-қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға және молықтыруға арналған шаруашылық қызметтің тапсырыстық режимі немесе реттелмелі режимі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Өздерінің функционалдық мақсаты бойынша мемлекеттік табиғи қаумалдар мынадай түрлерге бөлінуі мүмкін:

1) кешендік – ерекше құнды табиғи кешендерді сақтау және қалпына келтіру үшін;

2) биологиялық (ботаникалық, зоологиялық) – өсімдіктер мен жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін сақтау және қалпына келтіру үшін;

3) палеонтологиялық – жануарлардың, өсімдіктердің және олардың кешендерінің қазып алынатын қалдықтарын сақтау үшін;

4) гидрологиялық (батпақты, көлді, өзенді) – сулы-батпақты жерлердің құнды объектілері мен кешендерін сақтау үшін;

5) геоморфологиялық – сирек кездесетін және бірегей табиғи рельеф нысандарын сақтау үшін;

6) геологиялық және минералогиялық – сирек кездесетін геологиялық және минералогиялық түзілімдерді сақтау үшін;

7) топырақтық – топырақтың әдеттегі және сирек кездесетін түрлерін сақтау үшін.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар құрудың ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік табиғи қаумалдар жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан оларды алып қоймай-ақ, барлық санаттағы жер учаскелерінде құрылады.

Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы мемлекеттік табиғи қаумал орналасқан жер учаскесін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың мемлекеттік табиғи қаумал аумағындағы шаруашылық қызметін шектеу Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген тәртіппен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді.

2. Мемлекеттік табиғи қаумалдар:

1) мерзімсіз – жұмыс істеу мерзімі көрсетілмей;

- 2) ұзақ мерзімді – 10 жылдан астам мерзімге;
- 3) қысқа мерзімді – 10 жылдан кем мерзімге құрылады.

3. Мемлекеттік табиғи қаумалдар бекітіп берілетін табиғат қорғау мекемелері, мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелері осы Заңның 32-бабына сәйкес арнайы күзет қызметтерінің күшімен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін күзету мен қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады.

Мемлекеттік табиғи қаумалдарды күзету режимі мен оларды пайдаланудың ерекшеліктері.

1. Егер кез келген қызмет мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндірсе немесе оларды молықтыруды нашарлатып жіберсе, мемлекеттік табиғи қаумалдарда мұндай қызметке, оның ішінде:

1) кешенді мемлекеттік табиғи қаумалдарда – табиғи кешендерді сақтауға қатер төндіретін шаруашылық қызметке, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге;

2) зоологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда – уәкілетті органның келісімімен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу, өсімін молайту және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жағдайларын қоспағанда, жануарлардың қырылуын туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулауға, кез келген тәсілдермен және құралдармен, балықтарды қоспағанда, жануарларды аулауға, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін интродукциялауға, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіруге, жұмыртқа жинауға;

3) ботаникалық мемлекеттік табиғи қаумалдарда – мал жаюға, шөп шабуға, ағаш кесудің барлық түрлеріне, гүлдер теруге, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алуға, от жағуға, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруіне және жүруіне, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттерге;

4) гидрогеологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда – тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіруге, үңгірлерді бүлдіруге, жер қазу жұмыстарын жүргізуге, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттерге, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіруге немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулерге тыйым салынады.

1-1. Кешенді зоологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда аң аулауға және балық аулауға мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуына қауіп төндірмейтін, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың мөлшерлі көлемінің биологиялық негіздемесіне мемлекеттік

экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат етеді.

2. Мемлекеттік табиғи қаумалдар режимінің ерекшеліктері паспортпен айқындалады.

3. Мемлекеттік табиғи қаумалдар ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар белгіленген шектеулерді сақтай отырып, мемлекеттік табиғи қаумалдарда шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

**Мемлекеттік қорық аймақтары.** Мемлекеттік қорық аймағының ұғымы, мақсаттары мен міндеттері.

Мемлекеттік қорық аймағы – мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар үшін резервке қойылған жер учаскелері мен су айдындарында мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілерін және биологиялық саналуандықты сақтауға және қалпына келтіруге арналған теңдестірілген күзет режимінің түрлері бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Мемлекеттік қорық аймақтарын құру тәртібі.

1. Мемлекеттік қорық аймақтары жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан оларды алып қоймай-ақ, барлық санаттағы жер учаскелерінде жарияланады.

2. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы мемлекеттік қорық аймағы орналасқан жер учаскесін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қорық аймақтарын күзету мен пайдаланудың ерекшеліктері.

1. Егер кез келген қызмет күзетілетін ландшафтардың табиғи келбетін өзгертуі немесе экологиялық жүйелердің тұрақтылығын бұзуы мүмкін болған не ерекше құнды табиғи ресурстарды сақтауға және молықтыруға қатер төндірген жағдайда, мемлекеттік қорық аймақтарында мұндай қызметке тыйым салынады.

2. Мемлекеттік қорық аймақтарында учаскелер қорықтық және қаумалдық режимді, сондай-ақ шаруашылық қызметтің реттелмелі режимді учаскелері болып бөлінеді.

3. Мемлекеттік қорық аймақтары оларды күзету режимі түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін көзделген барлық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік қорық аймақтарында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

5. Мемлекеттік қорық аймақтары бекітіп берілетін табиғат қорғау мекемелері, мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелері осы Заңның 32-бабына сәйкес арнайы күзет қызметінің күшімен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілерін қорғау мен қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады.

6. Мемлекеттік қорық аймақтарының аумақтарында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген арнайы экологиялық талаптарды ескере отырып, уәкілетті органның келісімі бойынша геологиялық зерттеулерге, пайдалы қазбаларды барлауға рұқсат беріледі.

Пайдалы қазбаларды қазуға қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы экологиялық талаптарды ескере отырып, уәкілетті органның келісімімен, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы.

1. Еділ (Қазақстан Республикасының шегінде) мен Жайық өзендерінің атыраптарын қоса Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігінің су айдыны Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі балық қорын сақтау мен бекіре тұқымдас және балықтың басқа да бағалы түрлерінің мекендеуі мен табиғи молығуына оңтайлы жағдай жасауға арналған мемлекеттік қорық аймағына кіреді.

2. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген арнайы экологиялық талаптарды ескере отырып, балық шаруашылығын, су көлігін дамыту, мемлекеттік геологиялық зерттеу, көмірсутекті шикізатты барлау және өндіру үшін мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі.

**Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері.** Мемлекеттік орман қорының ерекше құнды екпелері.

1. Мемлекеттік орман қорының ерекше құнды екпелеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына енгізілуі не ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мына санаттарына енуі мүмкін ерекше құнды орман алқаптары, орман жемісі екпелері, тоғайлы және субальпілік орман алқаптары жатады:

1) генетикалық орман резерваттарын қоса алғанда, ғылыми маңызы бар орман учаскелері;

2) жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары;

3) субальпілік ормандар.

2. Мемлекеттік орман қорының ерекше құнды екпелер учаскелерінде осы Заңға және Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес



оларды күзету мен пайдаланудың қорықтық немесе қаумалдық режимі белгіленеді.

Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар.

1. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін, нәзік немесе жойылып бара жатқан түрлерінің немесе қосымша түрлерінің, ең алдымен халықаралық ресурс болып табылатын қоныс аударатын суда жүзетін құстардың едәуір дәрежеде жиынтық мөлшерінің резерваттары қызметін атқаратын теңіз су айдындарын қоса алғанда, табиғи және жасанды су бөгендері халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар болып табылады.

2. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына енгізіледі.

3. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарда суда жүзетін құстар мекендейтін жерлерді күзету мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметтің қорықтық және қаумалдық түрлерінің режимдері немесе реттелмелі режимі белгіленеді.

Бірегей табиғи су объектілері немесе олардың учаскелері.

1. Бірегей табиғи су объектілеріне немесе олардың учаскелеріне теңіздер, өзендер, көлдер, мұздақтар және басқа да жер бетіндегі су объектілері немесе олардың ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар бөліктері жатады.

2. Бірегей табиғи су объектілері немесе олардың учаскелері олардың маңыздылығына байланысты республикалық немесе жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің құрамына енгізіледі, сондай-ақ олардың шекарасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлері құрылуы мүмкін.

3. Бірегей табиғи су объектілерінде немесе олардың учаскелерінде осы Заңға және Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес олардың қорғалуын қамтамасыз ететін су пайдаланудың қорықтық, қаумалдық немесе реттелмелі режимдері белгіленеді.

Ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар жер қойнауы учаскелері.

1. Ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар жер қойнауы учаскелеріне мыналар жатады:

1) геологиялық объектілер – тіреуіш немесе айрықша тіліктер, айрықша тектоникалық құрылымдар, сирек кездесетін тау жыныстары мен минералдары, метеориттер, фауна мен флораның сақталып қалған қазба қалдықтары кездесетін табиғи және жасанды жалаңаштанған жерлер;

2) геоморфологиялық объектілер – рельефтің пайда болу процестерін айқын көрсететін және туризм мен рекреация үшін ерекше құндылық сипаты бар сатылы жерлер, су жайылмалары, үңгірлер, сай-салалар, шатқалдар, сарқырамалар және рельефтің басқа да нысандары;

3) гидрогеологиялық объектілер – бірегей және сирек қасиеттерімен ерекшеленетін жер астындағы сулар және олардың жер бетіне шығатын жолдары;

4) жартастағы суреттері, ертеде кен өндірілген жерлері және тарихи, археологиялық және этнографиялық маңызы бар жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да объектілері бар жер қойнауы учаскелері.

2. Ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар жер қойнауы учаскелерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің сақталуына қатер төндіретін кез келген қызметке тыйым салынады.

Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлері

1. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Мемлекет жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғауды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар оларды қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

3. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің өлім-жітіміне, санының азаюына немесе олар мекендейтін ортаның бұзылуына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол берілмейді.

4. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің таралымын қалпына келтіру мақсаттары үшін оларды олжалауға (аулауға, жинауға) арнаулы питомниктерде өсіріп, кейіннен мекендейтін ортасына шығару (ауыстыру) үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілері.

1. Ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілеріне ғылыми ынта туғызатын және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар бірегей қасиеттерімен (шығу тегінің тарихымен, тіршілік ұзақтығымен, діңінің, ұшарбасының пішімімен және көлемімен, гүлдерінің, жемістерінің және тұқымдарының мөлшерімен, басқа қасиеттерімен) сипатталатын ағаштардың, бұталардың және шөп тектес өсімдіктердің табиғи ортада немесе жасанды жағдайларда кездесетін дара даналары және (немесе) жекелеген топтары жатады.

2. Ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілерін мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері ретінде бөлу, жерге орналастыру, орман орналастыру, қала құрылысы жұмыстары кезінде жүргізіледі.

3. Мемлекет ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілерін қорғауды жүзеге

асырады. Жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері болып жарияланған ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесімен байланысты экологиялық желінің элементтері.** Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесімен байланысты экологиялық желінің элементтері ұғымы.

1. Өздерінің экологиялық жүйелерінің жай-күйі және өздерінің орналасуы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесімен байланысты және ел аумағының табиғи және мәдени ландшафтардың орнықтылығын, биологиялық саналуандығын сақтауды қамтамасыз ететін кеңістік тұрғысынан алғанда өзара байланысып тұратын жер, су беті және олардың үстіндегі әуе кеңістігі учаскелерінің жиынтығын білдіретін табиғи кешендер экологиялық желінің элементтері болып табылады.

2. Экологиялық желінің элементтеріне сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы жер учаскелері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзетілетін аймақтары, экологиялық дәліздер, мемлекеттік орман қоры, су қорғау аймақтары, су объектілерінің алаптары және басқа да табиғи объектілердің қорғалатын учаскелері, соның ішінде аң аулау алқаптары жатады.

3. Сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы мемлекеттік орман қорының жер учаскелерін, су қорғау аймақтары мен су объектілерінің алаптарын, аң аулау алқаптарын, балық шаруашылығының су айдындарын белгілеу мен пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының арнайы заңнамасымен реттеледі.

Экологиялық дәліздер.

1. Экологиялық дәліздер мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, биологиялық саналуандықты сақтау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мекендейтін жануарлардың табиғи қоныс аудару және өсетін өсімдіктердің таралу жолдарын қорғау мақсаттарында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық желінің басқа да элементтері арасындағы кеңістік байланысты қамтамасыз ету үшін құрылады.

2. Экологиялық дәліздер учаскелерінде жабайы жануарлардың уақытша мекендейтін жерлерінде олардың сақталуын, қоныс аудару кезеңдерінде олардың жүріп өтетін жолдарының сақталуын, жабайы өсімдіктер өсетін жерлердің сақталуын қамтамасыз ететін осы жерлерді пайдаланудың реттелмелі режимі белгіленеді.

3. Экологиялық дәліздердің шекаралары мен алаңдарын, оларды күзету режимінің түрін уәкілетті органның ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары айқындайды.

4. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы, аумақтық дамудың өңіраралық схемалары, қала құрылысын

жоспарлаудың кешенді схемалары мен экологиялық дәліздер аумағын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамасы уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

**Қорытынды ережелер.** Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасын бұзушылықтан келтірілген залалды өтеу.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне залал келтірген жеке және заңды тұлғалар келтірілген шығындарды ескере отырып, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қалпына келтіруге жұмсалған шығындар мөлшерінде табиғат қорғау ұйымдарына толық көлемде өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Ерекше қорғалатын объектілерді атаңыз?
2. Заңдағы негізгі ұғымдарға анықтама беріңіз.
3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік.
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру көздері.
5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ақы төлеп пайдалану

## **17 ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРУ ТҮРЛЕРІНІҢ АЙНАЛЫМЫНА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАДАҒАЛАУ ЖАСАУ ТУРАЛЫ**

Осы Заңның аумағында азаматтық, қызметтік, жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қарудың айналымы кезінде туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді және азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншікті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған орта объектілерін, ресурстарды күзетуге, қылмысқа және қарудың заңсыз таратылуына қарсы күресте халықаралық ықпалдастықты дамытуға бағытталған.

Осы Заңның ережелері оқ-дәрінің (патрондардың) айналымына да қолданылады.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) атыс қаруы – оқ дәрі немесе өзге де заряд қуатының әсері нәтижесінде ұнғы оқпанынан оқты, снарядты, гранатаны ұшырып шығаратын қару;

2) белгі беру қаруы – дыбыс, жарық және түтін белгілерін беру үшін пайдаланылатын қару;

3) газды қару – қолданылуы көз жасын ағызатын немесе тітіркендіргіш заттарды пайдалануға негізделетін қару;

4) криминалистік талаптар – азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына, оларды сәйкестендіру және заңсыз қолдан жасау мүмкіндігін болғызбау мақсатында қойылатын арнайы техникалық талаптар;

5) қару – конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттар;

6) қару айналымы – қаруды өндіру, құрастыру, қайта жасау, өткізу (сауда жасау), беру, сыйға тарту, марапаттап беру, мұраға қалдыру, иемденіп алу, коллекциялау, экспонаттау, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасу, пайдалану, алып қою, жою, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және оны Қазақстан Республикасының аумағынан әкету;

7) қару жасап шығарушы – қаруды әзірлеуге, өндіруге, өткізуге, жөндеуге, сатып алуға лицензиясы бар ұйым;

8) қаруды пайдаланушы – қару иесінен қаруды уақытша пайдалануға алған жеке немесе заңды тұлға;

9) қаруды иемденіп алу – сатып алу, қаруды сыйлық, марапат ретінде алу;

10) қару иесі – лицензияның немесе қару иемденіп алуға, алып жүруге және сақтауға рұқсаттың негізінде қаруды иеленген жеке немесе заңды тұлға;

11) қару өндірісі – қаруды зерттеу, әзірлеу, жасап шығару, сынақтан өткізу, құрастыру, көркемдеп әрлеу, жөндеу, қайта жасау және жою, патрондар және олардың құрамдас бөліктерін жасап шығару;

12) лақтырылатын қару – нысананы тікелей зақымдайтын, құралы адамның бұлшық еті күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағыттталып, қозғалысқа түсетін қару;

13) оқ-дәрі (патрондар) – конструкциялық жағынан қарудың тиісті түрінен ату үшін және нысананы зақымдауға арналған құрылғылар немесе заттар (бұдан әрі - патрондар);

14) пневматикалық қару – нысананы зақымдайтын құралы сығылған, сұйытылған немесе қатайтылған газдың қуаты есебінен бағытты қозғалыс алатын қару;

15) суық қару – нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілетін қару;

16) электрлі қару – қолданылуы электр разрядының күшіне негізделіп арнайы бейімделген тетік.

Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары.

Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзгеше нормалар белгіленсе, онда халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

Қару түрлері.

Өзінің бағытталған мақсаты мен негізгі өлшемдері, сипаттамалары бойынша қару:

1) жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қару;

2) азаматтық қару;

3) қызметтік қару болып бөлінеді.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қару .

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қаруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары мен олардың бөлімшелерінің (бұдан әрі Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар, арнаулы органдар) қарулануына қабылданған жауынгерлік және жедел-қызмет міндеттерін шешуге арналған, сондай-ақ басқа мемлекеттерге беру үшін жасап шығарылатын қару жатады.

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарының, сондай-ақ суық қарудың айналымы тәртібін заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Азаматтық қару .

Азаматтық қаруға Қазақстан Республикасының азаматтары өзін-өзі қорғау, спортпен шұғылдану және аң аулау мақсатында пайдаланатын қару жатады. Азаматтық атыс қаруы оқты түйдектете атуды болғызбауға тиіс.

Азаматтық қару былайша бөлінеді:

1) өзін-өзі қорғау қаруы:

тегіс ұзын ұңғылы, оның ішінде, жарақат салып әсер ететін патрондары бар атыс қаруы;

жарақат салатын, газбен және сәулелі дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұңғысыз атыс қаруы;

газды қару – газ пистолеттері, револьверлер және олардың патрондары, оның ішінде жарақат салып әсер ететіндері, механикалық тозаңдатқыштар, аэрозолды және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат еткен көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған басқа да құрылғылар;

электрлі қару – зақымдағыш әсері электр энергиясын пайдалануға негізделген, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат берген қару және өзге де заттар;

2) спорттық қару:

ойық ұңғылы атыс қаруы;

тегіс ұңғылы атыс қаруы;

сұқпа суық қару;

лақтырылатын қару;

үрлемелі қуаты 3 Дж-дан жоғары пневматикалық қару;

3) аңшылық қару:

ойық ұңғылы атыс қаруы;

тегіс ұңғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 миллиметрден аспайтын атыс қаруы;

аралас (ойық және тегіс ұңғылы), оның ішінде алмалы-салмалы және жиналмалы ойық ұңғылы атыс қаруы;

үрлемелі қуаты 25 Дж-дан аспайтын пневматикалық қару;

сұқпа суық қару;

4) белгі беретін қару.

Қызметтік қару.

Қызметтік қаруға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтік қару иемденіп алуға (алуға) құқығы бар мемлекеттік саяси қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, прокурорлардың жеке басының, сондай-ақ жеке күзетшілердің, дара кәсіпкерлердің күзет бөлімшелері қызметкерлерінің, ұйымдардың оларға заңмен жүктелген немесе өз жарғыларында (ережелерінде) көзделген, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншікті қорғау, қоршаған орта объектілерін және табиғи ресурстарды, бағалы және қауіпті жүктерді, арнаулы корреспонденциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануға арналған қару жатады.

Қызметтік қаруды пайдалану мен қолдануға байланысты функциялар жүктелген ұйымдар ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар болып табылады (бұдан әрі – ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар).

Қызметтік қаруға қысқа ұңғылы тегіс және ойық ұңғылы атыс қаруы, сондай-ақ ұзын ұңғылы тегіс және ойық ұңғылы қару жатады.

Қызметтік қару түйдектете оқ атуды болғызбауы тиіс.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына белгіленетін тыйым салулар.

1. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары ретіндегі айналымға тыйым салынады, олар:

1) ұңғысының немесе ұңғылы қорапшасымен қоса ұңғысының ұзындығы 500 миллиметрге жетпейтін және қарудың жалпы ұзындығы 800 миллиметрге жетпейтін, сондай-ақ конструкциясы оның ұзындығын 800 миллиметрге жетпейтін етіп жасауға мүмкіндік беретін және сонымен бірге бұл ретте ату мүмкіндігі жойылмайтын ұзын ұңғылы атыс қаруы;

2) оқты түйдектете атуға мүмкіндік беретін азаматтық атыс қаруы;

3) түрі басқа заттарға ұқсайтын атыс қаруы;

4) қол шоқпарлар, кастеттер үлгісіндегі суық қару, түймешікті немесе тұтқаны басқан кезде сабынан ұшы мен жүзі өздігінен шығып бекітілетін не салмақтың әсерінен немесе шапшаң қимылдан іске қосылатын және өздігінен бекітілетін ұшы мен жүзінің ұзындығы 90 миллиметрден астам суық сұқпа қару мен пышақ және ұрып-уататын және шаншып-кесетін басқа да заттар;

5) бронь бұзғыш, тұтандырғыш немесе жарғыш күші бар, салмақ түсу нүктесі өзгеретін оқты патрондар;

6) зақымдағыш әсері радиоактивті сәулелерді және биологиялық факторларды пайдалануға негізделген қару және өзге де заттар;

7) жүйкеге әсер ететін, уландыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органы қолдануға рұқсат етпеген басқа да заттармен оқталған газды қару, бір метрден астам қашықтықта тұрған адамның денсаулығына орташа дәрежеде зиян келтіре алатын газды қару.

8) криминалистік талаптарға сәйкес келмейтін техникалық сипаттамалары бар қару мен оның патрондары;

9) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін қару және оның патрондары.

2. Мыналарға:

1) ойық ұңғылы спорттық атыс қаруын не үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан жоғары және калибрі 4,5 миллиметрден астам спорттық пневматикалық қаруды, сондай-ақ спорттық сұқпа суық қаруды спорт объектілерінен басқа



жерде сақтауға немесе пайдалануға; жануарлар дүниесі объектілерін жинап, дәрі егуге байланысты ғылыми-зерттеу және алдын алу жұмыстарын жүргізуге арналған садақтар мен арбалеттерді сақтауды және пайдалануды қоспағанда, садақ кермесінің тартылу күші 14 килограмнан астам лақтырылатын қаруды сақтау және пайдалану рұқсатынсыз спорт объектілерінен басқа жерде сақтауға немесе пайдалануға;

2) калибрлі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды азаматтардың иемденіп алуына;

3) қызметтік және азаматтық қаруға дыбыссыз атуға және түнде көздеуге арналған тетіктер орнатуға;

4) қаруды жөнелтуге;

5) азаматтардың - митингілерге, көше шерулеріне, демонстрацияларға, пикеттерге және басқа да көпшілік-бұқаралық іс-шараларға қатысушылардың қару алып жүруіне;

6) қаруды қоғамдық орындарда ашық (қабына салынбаған күйде) алып жүруге;

7) қаруды ұлттық киімге жабдық ретінде рұқсатсыз тағынуға тыйым салынады.

**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласында техникалық реттеу аясында қауіпсіздіктің жалпы талаптары.** Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық реттеу объектілері.

Техникалық реттеу объектілеріне: азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, сондай-ақ оны өндіру, жинау, қайта жасау, жөндеу, өткізу (сату), сатып алу, коллекция жинау, экспонаттау, сақтау, алып жүру, тасымалдау, пайдалану, жою жатады.

Азаматтық және қызметтік қаруға қойылатын қауіпсіздік талаптары.

1. Азаматтық және қызметтік қару тікелей оқтау, ату, қайта оқтау, сондай-ақ техникалық күтім жасау кезінде қарудың осы түрі (типі) үшін белгіленген арнайы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Жарақат салатын, сәулелі дыбыспен және газбен әсер ететін тиісті патрондары бар тегіс ұзын ұңғылы, ұңғысыз қару, газ пистолеттері мен револьверлер денсаулық сақтау саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

3. Механикалық, аэрозолды тозаңдатқыштар және көзден жас ағызатын, тітіркендіргіш заттармен, сондай-ақ басқа да заттармен жарақталған басқа да құрылғылар денсаулық сақтау саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Патрондарға қойылатын қауіпсіздік талаптары.

Азаматтық және қызметтік қарудың патрондары өзінің өлшемі, пішіні, конструкциясы, салмағы, таңбаланған белгісі, жұмыс істеу қауіпсіздігі, сондай-ақ оқ-дәрі газдарының және кинетикалық энергияның қысым

көрсеткіштері бойынша техникалық реттеу саласындағы арнайы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы қауіпсіздік талаптары.

1. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіру, жинау және қайта жасау кезінде жобалық құжаттамада белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың бүкіл кешенін сақтау және қауіпсіздіктің сақталуына қатысты барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету талап етіледі.

Егер азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жасау, жинау, қайта жасау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптарының орындалуы арқылы толық көлемде жүргізілуге тиіс.

2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын бұза отырып өткізуге (сатуға), сатып алуға, жөндеуге, коллекция жинауға, экспонаттауға, сақтауға, алып жүруге, тасымалдауға, пайдалануға, жоюға тыйым салынады.

**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастры және оларды сертификаттау.** Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастры.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастры (бұдан әрі - Кадастр) Қазақстан Республикасының аумағында айналымға рұқсат етілген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары туралы жүйеге түсірілген мәліметтер бар ресми жинақ болып табылады.

Кадастр азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының үлгілер тізбесі негізінде басып шығарылады, олар туралы мәліметтер Кадастрға енгізіліп және одан алып тасталып отырады. Қарудың айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган кадастр әзірлейді, оны бекітеді және шығарады. Кадастрға сұқпа суық қару мен лақтырылатын қару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және шет елге әкелінетін бірен-саран дана азаматтық қару туралы мәліметтер енгізілмейді.

Кадастрға өзгерістер азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары үлгілерінің тізбесі бекітілгеннен кейін үш айдан аспайтын мерзім өткенде енгізіледі.

Кадастрды әзірлеу, басып шығару және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының сәйкестігін растау.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан әкетілетін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары үлгілерінің сәйкестігі міндетті расталуға жатады.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сәйкестікті растау саласындағы құжат Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы үшін негіз болып табылады.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынауға қойылатын техникалық талаптар мен әдістер азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттермен белгіленеді.

**Қару мен оның патрондарын әзірлеуді, өндіруді, жөндеуді, сатуды, иемденіп алуды, коллекциялауды, экспонаттауды лицензиялау.** Қару мен оның патрондарын әзірлеуді, өндіруді, жөндеуді, сатуды, иемденіп алуды, коллекциялауды, экспонаттауды лицензиялау .

1. Қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, иемденіп алу, коллекциялау, экспонаттау лицензиялануға тиіс.

2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, иемденіп алуға, коллекциялауға, экспонаттауға лицензияны - ішкі істер органдары, ал жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, иемденіп алуға және экспонаттауға лицензияны Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органы береді.

3. Қару мен оның патрондарын жасауға, өндіруге, жөндеуге, сатуға, коллекциялауға, экспонаттауға берілген лицензиялар мерзімі шектелмей берілетін бас лицензиялар болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Лицензиялар бірыңғай технологиялық кешенді ескере отырып, бірнеше қызмет түрлеріне де, сол сияқты жекелеген қызмет түрлеріне де беріледі.

Қару мен оның патрондарын иемденіп алуға лицензия біржолғы болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

4. Лицензия лицензиялау туралы заңдарда тізбесі белгіленген құжаттар негізінде беріледі. Сонымен бірге қаруды өндіру, есепке алу және сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылған шаралар туралы құжаттар тапсыру қажет.

5. Лицензия беруден немесе оның қолданылу мерзімін ұзартудан бас тарту негіздері:

1) өтініш берушінің қажетті мәліметтерді бермеуі не оның теріс мәліметтер беруі;

2) қару өндірудің қауіпсіздігі жағдайларын, қаруды есепке алу мен оның сақталуын қамтамасыз етудің мүмкін еместігі не осы жағдайлардың қамтамасыз етілмеуі;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа да негіздер болып табылады.

Лицензия беруден бас тартқан жағдайда аталған органдар бұл туралы өтініш берушіге бас тартудың себептерін түсіндіре отырып, жазбаша хабарлауға міндетті. Лицензия беруден бас тартылғанда не өтініштің қаралу мерзімі бұзылғанда өтініш беруші сотқа шағымдана алады.

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру.

Осы Заңда және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген талаптарды орындамау лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады. Лицензиядан айыру сот тәртібімен жүзеге асырылады.

**Қаруды иелену және пайдалану құқығы.** Қаруды иемденіп алуға құқығы бар субъектілер.

Қазақстан Республикасының аумағында қаруды иемденіп алуға:

1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың, арнаулы органдардың;

2) лауазымды адамдарына атыс қаруын сақтауға және алып жүруге құқық берілген мемлекеттік органдардың;

3) ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың;

4) қару өндірумен немесе оны сатумен айналысатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі - қару берушілер-заңды тұлғалар);

5) қаруды коллекциялаумен немесе экспонаттаумен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың;

6) аңшылық шаруашылығы ұйымдарының;

7) спорттық ұйымдардың;

8) білім беру ұйымдарының;

9) Қазақстан Республикасы азаматтарының;

10) шетелдіктердің;

11) қаруды, оның ішінде жарақат салатын және газбен әсер ететін патрондары бар қаруды қолдану саласында ғылыми медициналық зерттеулер жүргізуге уәкілеттік берілген заңды тұлғалардың құқығы бар.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың, арнаулы органдардың қару иемденіп алуға құқылы.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың, арнаулы органдардың жауынгерлік қол атыс қаруы мен өзге де қаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен иемденіп алуға

құқығы бар. Ұзақ сақтауда тұрған қаруды қоспағанда, қарулануға қабылданған ойық ұңғылы қарудан Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын қалыптастыру үшін бақылау ретінде оқ атылады.

Ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың, жеке күзетшілердің, күзет бөлімшелерін құрған дара кәсіпкерлердің қару иемденіп алуға құқығы.

1. Ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалардың, жеке күзетшілердің, күзет бөлімшелерін құрған дара кәсіпкерлердің ішкі істер органдарынан тиісті лицензия алғаннан кейін қару беруші заңды тұлғалардан азаматтық немесе қызметтік қару иемденіп алуға құқығы бар. Ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғалар қызметкерлерінің пайдалануына арналған қарудың түрлерін, үлгілерін, модельдерін және санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Иемденіп алынған қару оны иемденіп алған күннен бастап бір апта мерзімде тиісті ішкі істер органында тіркелуге тиіс. Қару тіркелген кезде қаруды иемденіп алудың заңдылығын растайтын құжаттардың негізінде осы қаруды сақтау мен пайдалануға бес жыл мерзімге рұқсат беріледі.

Рұқсаттың нысаны мен оның қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Күзет бөлімшесін құрған дара кәсіпкер, ұйымның (ерекше жарғылық міндеттері бар заңды тұлғаның) басшысы қаруды штаттағы қызметкерлерге олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңіне береді. Қару қызметкерлер тиісті даярлықтан өткен соң беріледі. Бұл қызметкерлер атыс қаруын қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-қимылға жарамдылығы жөнінен мезгіл-мезгіл тексеруден өтіп отыруға міндетті және оларда қызметтік қаруды сақтау мен алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсаты болуға тиіс.

4. Даярлық бағдарламасының мазмұны мен тексеру өткізу тәртібін қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Қазақстан Республикасы азаматтарының қару иемденіп алуға құқығы.

1. 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан нақты қару түрін иемденіп алуға рұқсат алғаннан кейін азаматтық қару иемденіп алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының 16 жасқа толған азаматтарының лақтырылатын қаруды (садақтар мен арбалеттерді) спорттық мақсатта иемденіп алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға құқығы бар.

Белгі беру қаруы, электрлі қару, механикалық тозаңдатқыштар, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғылар, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтындарын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгілерін қоса алғанда, пневматикалық қару тіркеуге жатпайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының

рұқсат алмай-ақ оларды қару жеткізіп берушілерден – заңды тұлғалардан иемденіп алуға құқығы бар.

Осы Заңның 5-бабының 1) тармақшасында аталған тегіс те ұзын ұңғылы атыс қаруын Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары аңшы куәлігі болмаса да беретін рұқсаттар бойынша алып жүру құқығынсыз өзін-өзі қорғау мақсатында иемденіп алуға құқығы бар.

Тегіс те ұзын ұңғылы атыс қаруы мен аңшылық пневматикалық қаруды сақтау және алып жүру құқығымен иемденіп алуға аңшы куәлігі бар Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы бар.

Тегіс те ұзын ұңғылы аңшылық атыс қаруын меншігінде кемінде үш жыл ұстаған, белгіленген тәртіппен аң аулау құқығы берілген Қазақстан Республикасы азаматтарының ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын иемденіп алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының азаматы иемденіп алған ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруының жалпы саны - бес өлшемнен, тегіс те ұзын ұңғылы атыс қаруының жалпы саны бес өлшемнен аспауға тиіс, бұған аталған қару түрлері коллекциялау объектілері болып табылатын жағдайлар қосылмайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының газ пистолеттері мен револьверлерін, ұңғысыз атыс қаруын ішкі істер органдары беретін рұқсаттар бойынша сақтау және алып жүру құқығымен өзін-өзі қорғау мақсатында иемденіп алуға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматы иемденіп алған ұзын ұңғылы және ұңғысыз атыс қаруы, аңшылық пневматикалық қару, лақтырылатын қаруды (садақтар мен арбалеттерді), сондай-ақ газ пистолеттері мен револьверлері иемденіп алынған күннен бастап бір апта мерзімде тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарында тіркелуге тиіс.

Қорғануға арналған тегіс те ұзын ұңғылы атыс қаруын тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының азаматына тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органы осындай қаруды сақтауға бес жыл мерзімге рұқсат береді, ал аңшылық және спорт қаруын, газ пистолеттері мен револьверлерін, ұңғысыз атыс қаруын, лақтырылатын қаруды (садақтар мен арбалеттерді) тіркеу кезінде - оны сақтау мен алып жүруге рұқсат береді. Рұқсаттың нысанын және оның қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Қару иемденіп алуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының азаматы тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына белгіленген нысанда өтініш, көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, маскүнемдікке, нашакорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты қару ұстауға кедергі жоқ екені туралы медициналық қорытынды және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат тапсыруға міндетті.

4. Қару сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсаты бар адамдарды қоспағанда, қорғануға арналған тегіс ұңғылы атыс қаруын, газ пистолеттері мен револьверлерді, ұңғысыз атыс қаруын, лақтырылатын қаруды (садақтар мен арбалеттерді) бірінші рет иемденіп алатын адамдар тұрғылықты жерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі осындай құқық берген ұйымдарда қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган әзірлеген бағдарлама бойынша қаруды ұстау қауіпсіздігі ережелерін білетіні жөнінде тексеруден өтуге міндетті.

5. Қаруды және оның патрондарын сақтауға рұқсат беру немесе сақтау мен алып жүру, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

6. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілері, арнаулы органдардың арнаулы атақтары бар қызметкерлері азаматтық қару иемденіп алуға рұқсатты көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, маскүнемдікке, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты қару ұстауға кедергі жоқ екені туралы медициналық қорытындыны тапсырмай-ақ алады.

Қару иелерінің құқықтары мен міндеттері.

1. Қару иелерінің:

1) белгіленген тәртіппен сатып алынған қару мен оның патрондарын меншіктенуге;

2) қару алып қойылған немесе ол ерікті түрде тапсырылған жағдайда заңдарда белгіленген тәртіппен оның құнының өтемақасын алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қаруды сатуға, сыйға тартуға мұраға қалдыруға не уақытша пайдалануға беруге;

4) атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына рұқсаты болған жағдайда суық қаруды сақтауға және алып жүруге құқығы бар.

2. Қару иелері:

1) 15-баптың 1-тармағының 2-азатжолында келтірілгендерді қоспағанда, меншігіндегі қаруды ішкі істер органдарында тіркеуге және қайта тіркеуге;

2) қару мен оның патрондарын тасымалдаудың белгіленген тәртібін сақтауға;

3) қару мен оның патрондарының сақталуын қамтамасыз етуге;

4) заңдарға сәйкес бақылауындағы объектілердің аумағында және қару сақталатын орындарға ішкі істер органдары қызметкерлерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге, танысу үшін оларға қажетті құжаттама беруге;

5) азаматтық қару иесі қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелері осы қаруды бір ай мерзімде қайта тіркеуге немесе комиссиялық саудаға өткізуге міндетті.

Қару пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

1. Қару пайдаланушылардың:

1) өздеріне берілген құқыққа сәйкес қару сақтауға, сақтау мен алып жүруге;

2) қаруды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша пайдалануға құқығы бар.

2. Қару пайдаланушылар:

1) қаруды арналған мақсатына сәйкес пайдалануға;

2) қару мен оның патрондарын тасымалдаудың белгіленген тәртібін сақтауға;

3) пайдаланылып жүрген қару мен оның патрондарының сақталуын қамтамасыз етуге ;

4) қару мен оның патрондарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті.

3. Қару пайдаланушылар - заңды тұлғалар заңдарға сәйкес бақылауындағы объектілердің аумағына және қару сақталатын орындарға ішкі істер органдары қызметкерлерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге, танысу үшін оларға қажетті құжаттама беруге міндетті.

4. Қару пайдаланушылар - жеке тұлғалар заңдарға сәйкес ішкі істер органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша тексеру үшін қолда бар қаруды, оның патрондарын және олар сақталатын орындарды, сондай-ақ оларды ұстау ережелерінің сақталуын бақылау мақсатында қажетті құжаттаманы көрсетуге міндетті.

Қаруды қолдану құқығы

1. Өмірін, денсаулығын және меншікті қорғау үшін нақты қару түрін сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаты бар адамдардың қажетті қорғаныс, аса қажеттілік жағдайында және қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде оны қолдануға құқығы болады.

2. Ерекше жарғылық міндеттері бар ұйымдардың қызметкерлері қаруды табиғатты, табиғи ресурстарды, меншікті күзету, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде өздеріне заңдарда жүктелген міндеттерді орындау кезінде және өзін қорғау үшін қолдана алады.

3. Қару қолданбас бұрын ол қарсы қолданылатын адамға бұл жайында нақты ескерту жасалуға тиіс.

4. Әйелдерге, мүгедектік нышандары айқын адамдарға, жас шамасы айқын немесе белгілі кәмелетке толмағандар қарулы немесе топтасып шабуыл (зорлықзомбылық) жасаған жағдайлардан басқа кезде оларға қарсы қару қолдануға тыйым салынады.

5. Қару қолданудың барлық жағдайларында маңайдағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық жәрдем көрсету үшін шаралар қолдану, ішкі істер және прокуратура органдарына хабарлау қажет.



6. Атыс қаруын қолданып аң аулау ережелерін, сондай-ақ спортпен шұғылдану кезінде және жаттығу мақсаттарында қару қолдану ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Рұқсаттар беруден бас тарту және олардың күшін жою.

Ішкі істер органдары қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсатты мынадай жағдайларда бермейді, ал берілгендері мына жағдайларда:

1) рұқсаттардан ерікті түрде бас тартылғанда, не қару иесі қайтыс болғанда;

2) бір жыл ішінде қоғамдық тәртіпке немесе басқарудың белгіленген тәртібіне қауіп төндіретін әкімшілік құқық бұзушылық қайталап жасалғанда;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жайлар туындағанда;

4) азаматтық немесе қызметтік қару иесі аталған қарудың конструкциясын қайта жасап, бұл оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соққанда;

5) егер адам:

көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруларға, маскүнемдікке, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты қару иеленуге кедергі жоқтығы туралы медициналық қорытындыны табыс етпесе;

қасақана қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы болса;

тұрақты тұрғылықты жері болмаса;

қару сақтау үшін тиісті жағдайлар болмаса (сейф немесе темір шкаф немесе қаруға бөгде адамдар қол жеткізе алмайтын өзге де құрылғы болмаса);

ішкі істер органдарына қаруды қауіпсіз ұстау ережелерін білетіні жөнінде тексеруден өткенін растайтын құжаттарды тапсырмаса ;

б) азаматтық және қызметтік қару азаматтық және қызметтік қарулар мен олардың патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистік талаптарға сәйкес келмесе жойылады.

Адам қылмыстық жауапқа тартылған жағдайда рұқсат сот шешім қабылданғанға дейін уақытша алып қойылады. Осы Заңда көзделген негіздер бойынша рұқсаттың күшін жою туралы шешім қабылданардан бұрын осы рұқсатты берген ішкі істер органы рұқсат иесіне алдын-ала жазбаша ескерту жасауға тиіс. Ескертуде нақты қандай құқықтық нормалар мен ережелердің бұзылғаны немесе орындалмағаны көрсетіледі және жол берілген тәртіп бұзушылықтарды жоюдың мерзімі тағайындалады.

Рұқсаттың күшін жою туралы шешімге сотқа шағым жасауға болады.

Рұқсаттың күші жойылған жағдайда оны алу үшін, олардың күші жойылған күннен бастап үш жыл өткен соң қайталап өтініш жасауға болады. Рұқсаттан өз еркімен бас тартқан жағдайда оны алуға қайталап өтініш жасау мерзімі белгіленбейді.

Қару мен оның патрондарын алып қою.

Қару мен оның патрондарын:

1) ішкі істер органдары мынадай жағдайларда:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеуге, өндіруге және жөндеуге, олармен сауда жасауға, қаруды иемденіп алуға, коллекциялауға немесе экспонаттауға лицензия, сондай-ақ қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат болмағанда;

аталған лицензиялар мен рұқсаттардан белгіленген тәртіппен айырылғанда;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен түпкілікті шешім қабылданғанға дейін заңды немесе жеке тұлғалар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген қауіпсіздік талаптарын, қаруды беру, иемденіп алу, коллекциялау, экспонаттау, тіркеу, есепке алу, сақтау, алып жүру, тасу, тасымалдау және қолдану ережелерін бұзғанда;

мүлікті мұраға қалдыру мәселесі шешілгенге дейін қару иесі қайтыс болғанда;

2) аң, балық аулау, табиғат және табиғи ресурстарды қорғау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалау жасайтын органдар өздерінің құзыреті шегінде азаматтардың Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарын бұзуын тыйған жағдайларда, қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып;

3) кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа жағдайларда қаруды кейіннен ішкі істер органдарына тапсыра отырып алып қоюды жүргізеді.

Марапаттау қаруын азаматтардан сақтау, тасу және пайдалану ережелерін бұзуға жол бергені үшін ішкі істер органдары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес алып қоюы мүмкін.

Қару мен оның патрондарын алып қою тәртібін қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Техникалық жағынан пайдалануға жарамды алып қойылған, сондай-ақ тәркіленген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық және қызметтік қарумен сауда жасауға лицензиясы бар заңды тұлғалар арқылы сатылуға тиіс.

**Жекелеген қару түрлерінің айналымы.** Қару мен оның патрондарын өндіру.

Қаруды, оның негізгі бөліктерін өндіру, қарудың жойылған зақымдаушы қасиеттерін қалпына келтіру мақсатымен оны құрастыру, қайта жасау немесе жөндеу, сондай-ақ оның патрондарын жасау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялануға тиіс.

Қару мен оның патрондарын өндіретін заңды тұлғалар өндіру қауіпсіздігін, оған бақылау жасауды, шығарылатын өнімнің тиісті сапасын, оның есебі мен сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақтандырылған механикалық бүркігіштерді, аэрозольдық және өзге де құрылғыларды қоспағанда, жасаған әрбір қарудың жеке нөмірі болуы тиіс.

Тәжірибелік үлгілерін қоспағанда, жауынгерлік қол атыс қаруы және оның патрондары Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға, арнаулы органдарға ғана беру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен басқа мемлекеттерге беру үшін жасалады.

Азаматтық және қызметтік қарумен, оның патрондарымен сауда жасау.

1. Азаматтық және қызметтік қарумен, оның патрондарымен сауда жасауды заңдарда белгіленген тәртіппен осы қызмет түріне лицензия алған ұйымдар жүзеге асырады. Азаматтық және қызметтік қарумен, оның патрондарымен сауда жасауға лицензияны қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган осы мақсаттар үшін арнайы құрылған ұйымдарға ғана береді.

2. Қарумен және оның патрондарымен сауда жасауды жүзеге асыратын ұйымдар:

- 1) сатылатын қаруға сәйкестілік сертификатына ие болуға;
- 2) иемденіп алынатын және сатылатын қарудың есебін, сондай-ақ 10 жыл бойы есептік құжаттаманың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) иемденіп алуға лицензия талап етілмейтін қаруды қоспағанда, сатып алушыдан (заңды тұлғадан) қарудың сол түрін сатып алуға лицензиясын көрсетуді талап етуге;
- 4) сатып алушының лицензиясында немесе рұқсатында тіркелуге тиіс, сатылатын азаматтық және қызметтік қаруды тіркеуге, сондай-ақ аңшы куәлігінде аңшылық суық қаруды тіркеуге;
- 5) қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарына сатылған қызметтік және азаматтық қару мен оның сатып алушылары туралы ай сайын мәлімет беріп отыруға;
- 6) олардың сақталуын және сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7) сатылған қызметтік және азаматтық қарудан атылған оқтар мен гильзаларды мемлекеттік оқ-гильза қоймасына табыс етуге;

8) қызметкерлердің қару айналымы туралы заңдарды білуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Қарудың белгілі бір түрін сатып алуға рұқсатын көрсетпеген заңды және жеке тұлғаларға қарумен сауда жасауға, сондай-ақ нөмірсіз және таңбасыз қару не азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестік белгісі жоқ патрондар сатуға тыйым салынады.

4. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатумен айналысатын заңды тұлғаның осы қару түрлерін әзірлеу, өндіру, жөндеу, иемденіп алу, экспонаттау, әкелу және әкету, оның қосалқы бөлшектерін, спорт тауарларын, аң және балық аулау құрал-жабдықтарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған тұрмыстық мақсаттағы бұйымдарды иемденіп алу, әкелу, әкету және сату жөніндегі, сондай-ақ атыс тирлерін, стендтер мен атыс орындарын ашу және олардың жұмыс істеуі жөніндегі қызметті қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға лицензиялары бар заңды тұлғалардың спорттық, аң және балық аулау құрал-жабдықтары мен осы қарудың қосалқы бөлшектерін қоспағанда, бір сауда залында қаруды және өзге де тауар түрлерін қатар сатуына тыйым салынады.

5. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға берілген лицензия азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату үшін құрылған заңды тұлғалардың филиалдарын ашуға құқық бермейді.

6. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға лицензиялары бар заңды тұлғалардың оларды осы Заңның 12-бабында көрсетілген субъектілерден иемденіп алуға құқығы бар.

Қаруды сату немесе беру.

1. Осы Заңға сәйкес қару иемденіп алуға құқығы бар субъектілер өздері заңды негізде иеленіп отырған азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын қару есепке алынған жердегі ішкі істер органдарына алдын ала хабарлай отырып, азаматтық және қызметтік қару сатуға лицензиясы бар заңды тұлғаларға сата алады.

2. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың, арнаулы органдардың өздері қаруланған жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен сатуға, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қарумен және оның патрондарымен сауда жасауға лицензиясы бар заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының өздері заңды негізде жеке меншік құқығында иеленіп отырған қаруды азаматтық және қызметтік қаруды сатуға немесе коллекциялауға немесе оны экспонаттауға лицензиясы бар заңды тұлғаларға не қаруды есепке алған жердегі ішкі істер органдарында қару қайта тіркелгеннен кейін қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат берген ішкі істер органдарына алдын ала хабарлай отырып, Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға, арнаулы органдарға, сондай-ақ қаруды иемденіп алуға рұқсаты бар азаматтарға сатуға құқығы бар.

4. Осы Заңның 12-бабының 2) - 8) тармақшаларында көрсетілген субъектілер қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы кезінде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын соларды иемденуге лицензиялары бар субъектілерге бере алады.

Қаруды марапаттап беру.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының азаматтары алған қару марапаттық қару болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары шет мемлекеттер басшыларының, шет мемлекеттер үкіметтерінің басшылары мен мүшелерінің марапаттау құжаттары негізінде марапаттық қару алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтарына марапаттық қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсатты қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган береді.

Түйдектете атуға мүмкіндік беретін, сыйымдылығы 10 патроннан асатын оқжатары (барабаны) бар, сондай-ақ осы Заңмен Қазақстан Республикасы аумағында айналымға тыйым салынған қару марапаттық қаруға жатпайды.

2. Марапаттық қарудың иесі қайтыс болған жағдайда аталған қару ішкі істер органына өткізіледі.

3. Марапаттық қару ішкі істер органдары қаруды тиісінше қайта тіркеп, қайта жасағаннан кейін сақтау үшін мұражайларға берілуі мүмкін.

Қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету.

1. Жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

3. Азаматтық және қызметтік қарудың жеке даналарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету осы Заңның талаптары ескеріле отырып, ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Шетелдіктердің азаматтық қару мен оның патрондарын, жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағында иемденіп алуы, Қазақстан Республикасына әкелуі және Қазақстан Республикасынан әкетуі.

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен кемінде бір жыл мерзімге тіркелген шетелдіктердің Қазақстан Республикасында газ пистолеттері мен револьверлерін, ұңғысыз атыс қаруын өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініші бойынша жалпы негіздерде иемденіп алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген шетелдіктер қару жеткізіп беруші заңды тұлғалардан механикалық тозаңдатқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозолды және басқа да құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 миллиметрге дейінгі пневматикалық қаруды рұқсат алмай-ақ иемденеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында туристік жолдамалармен, жеке және қызметтік істермен келген, Қазақстан Республикасы аумағында тұру үшін белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктердің азаматтық қаруды өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасынан оны иемденіп алған күннен бастап жеті күн ішінде әкететін жағдайда жалпы негіздерде иемденіп алуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында тіркелген елшіліктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне азаматтық қаруды мемлекетаралық шарттарда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша әкелуге, иемденіп алуға және әкетуге рұқсат етіледі. Бұл орайда қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті органда аталған қару міндетті түрде тіркелуге тиіс.

4. Шетелдіктер азаматтық қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына аңшылыққа келісім-шарт жасасқан немесе спорттық шараларға қатысуға шақырылған және қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған жағдайда әкеле алады. Әкелінген қару келісім-шартта немесе шақыруда белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасынан әкетілуге тиіс.

5. Қазақстан Республикасына шақыру бойынша немесе өздерінің қызметтік тапсырмаларын орындауға байланысты келетін шетелдік құқық қорғау органдарының, арнаулы қызметтер мен әскерилендірілген ұйымдар

қызметкерлерінің жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуі және Қазақстан Республикасынан әкетуі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тиісті органдар басшыларының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген қару Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылады.

7. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасынан қару мен оның патрондарын әкету мерзімдерін бұзуы мәселе заңда белгіленген тәртіппен шешілгенге дейін оны алып қоюға әкеп соғады.

8. Қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шетелдіктердің өздері әкелген азаматтық қаруды сыйға тарту немесе сату құқығы сақталады.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау, алып жүру, тасу, тасымалдау, коллекциялау, экспонаттау және жою.

1. Қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсатын алған заңды және жеке тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға рұқсат етіледі.

2. Заңды және жеке тұлғаларға өздері тауып алған немесе оларға Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып, иесі болып табылмайтын адамдар берген атыс қаруын сақтауға және пайдалануға тыйым салынады. Мұндай қару дереу ішкі істер органдарына тапсырылуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қаруды коллекциялауға және экспонаттауға ішкі істер органдарынан тиісті лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалардың құқығы бар.

4. Азаматтық және қызметтік қаруды, олардың патрондарын есепке алу, сақтау, алып жүру, тасу, тасымалдау, коллекциялау, экспонаттау және жою тәртібін қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ішкі істер органдарының қару айналымы саласындағы өкілеттігі.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің қару айналымы саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі қару айналымы саласында:

1) қару мен оның патрондарының айналым тәртібін белгілейді;

2) 2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен алып тасталды

3) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қару айналымына мемлекеттік бақылау жасау тәртібін белгілейді;

4) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының Мемлекеттік кадастрын әзірлеу, басып шығару және жүргізу тәртібін белгілейді;

5) Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құру тәртібін белгілейді;

6) қаруды иеленушілер мен пайдаланушыларды бастапқы даярлау ісін ұйымдастыру тәртібін белгілейді;

7) 2007.12.01 № 222-III ҚР Заңымен алып тасталды

8) 2004.20.12 N 13-III ҚР Заңымен алып тасталды

9) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

10) криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістерін бекітеді.

11) заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтемді тапсыру тәртібін белгілейді.

Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы өкілеттігі .

1. Қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылау жасаудың бірыңғай ережелерін әзірлейді, қаруды абайлап ұстау ережелерін білетіндігіне тексеру жүргізетін ұйымдар үшін бағдарламалар дайындайды;

2) азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылау жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) мыналарға:

азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, суық қаруды, сондай-ақ газды қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, иемденіп алу, коллекциялау, экспонаттау құқығына;

азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, иемденіп алу құқығына;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтік қару иемденіп алуға (алуға) құқығы бар мемлекеттік саяси қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, Бас Прокуратура қызметкерлерінің, қызметтік қару иемденіп алу (алу) құқығына, сондай-ақ аталған адамдардың қаруды сақтау құқығына, сақтау мен алып жүруіне рұқсат береді;

4) ұйымдарға - азаматтық және қызметтік қаруды, ал шетелдіктерге азаматтық қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат береді;

5) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының Мемлекеттік кадастрын әзірлейді және бекітеді;

6) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;



7) криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістерін әзірлейді.

2. Азаматтық және қызметтік қару айналымына бақылау жасауды жүзеге асыратын аумақтық және көліктегі ішкі істер органдарының өкілеттігі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының қару айналымын регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

**Қорытынды ережелер.** Қару айналымына мемлекеттік бақылау жасау.

Қазақстан Республикасы аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылау жасауды ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың, арнаулы органдардың қару-жарағындағы қару айналымына мемлекеттік бақылау жасауды аталған органдардың басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырады.

Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыруға уәкілетті органдардың лауазымды адамдарының:

1) қаруды ол әзірленген, өндірілген, жөнделген, сатылған, коллекцияланған, экспонатталған, сақталған, пайдаланылған және жойылған жерде тексеруді жүргізуге;

2) осы Заң күшіне енгізілгенге дейін иемденіп алынған және заңды негіздерде иеленушілердің қолындағы қаруды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында айналымына тыйым салынған қаруды белгіленген тәртіппен тегін алып қоюға және жоюға;

3) заңды және жеке тұлғалардан азаматтық және қызметтік қарудың және оның патрондарының айналымымен байланысты құжаттар табыс етуді талап етуге;

4) белгіленген ережелердің бұзылуы анықталған жағдайда осы тәртіп бұзушылықты жою туралы заңды және жеке тұлғалар орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды қолдануға құқығы бар.

Қару айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын қадағалау.

Қару айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі осы Заңның және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын жоғары деңгейде қадағалауды Қазақстан Республикасы прокуратурасының органдары жүзеге асырады.

Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау саласындағы заңдардың бұзылғаны үшін жауапкершілік.

Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы заңдардың бұзылғаны үшін заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Нормативтік құқықтық актілерді осы Заңға сәйкес келтіру.

Осы Заң күшіне енгізілген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және ол күшіне енгізілген күннен бастап үш ай ішінде соған сәйкес келтірілуге тиіс.

**Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Заңда қолданылатын негізгі ұғымдарды атаңыз.
2. Қаруды пайдалану және қолдану құқығы.
3. Иемденуге арналған құқықтық субъектілер.
4. Қаруды пайдаланушының құқықтары мен міндеттері.

## 18 ОЛЖАНЫ АЛҒАШҚЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

1. Теріні сыпыру. Өлген аңның терісін сыпыру өте маңызды. Теріні сыпыру нәтижесі трофейдің (олжаның) сыртқы пішініне бағалануына әсер етеді. Теріні сыпыру барысында өлген аңды жотасымен жатқызады, қарын жағынан өткір пышақпен тілуді бастайды. Тілікті қарынының ортасынан иегінің бұрышына дейін және аналь тесігінен құйрығының ұшына дейін өткіземіз. Пышақтың жүзін жоғары қаратамыз, осылай бұлшық еттерді бұзбай кесеміз. Алдыңғы аяғының ішкі жағынан төсіне дейін тілеміз, ал артқы аяқтарын ішкі жағынан аналь тесігіне дейін тілеміз.

Кейін артқы аяғын тырнағына дейін сыпырамыз. Содан кейін саусақтары терісінде қалатындай етіп кесеміз. Тері сыпыру ыңғайлы бөлу үшін ұсақ аңдарды (мысық, сілеусін, қасқыр және т.б.) артқы аяқтарынан жоғары қаратып ілеміз. Терінің артқы бөлігін сыпырғандай алдыңғысын да сыпырамыз. Бас сүйектен теріні сыпырғанда өте абай болу керек, көз бен құлақ маңының терісін тіліп алмау үшін. Сыпыру құлаққа жеткен де құлақ шеміршегін кесіп теріде қалдырады. Көз маңын тілгенде бас сүйекке және көзге жақын етіп қабақты бүлдірмей тіледі. Теріні сыпырғанда аузын ашып ерінін теріге қалдырып тісіне жақын етіп тіледі. Тері денесінен сыпырылған соң құлақ шеміршегін алып тастайды, тері кепкенде құлақтары өз формасын жоғалтпау үшін. Шеміршекті құлақты терісінен ажырату өте күрделі. өйткені шеміршек құлақтың іш жағына жабысып өседі. Бұл жерде теріні бүлдіріп алмау үшін ептілік қажет.

Сыпырылған тері бүлінбеу үшін оны етпен майдан тазалап қалың етіп тұз себеміз. Сілеусін, қасқыр терісіне 2-2,5 кг тұз кетеді, ал аю терісіне 5-6 кг. Тұзды жақсылап теріге ысқылайды кейін оралған күйі бірнеше сағат қояды. Одан кейін терінің жүнін ішіне қаратып аударады да жіппен байлап 2-3 күн сақтайды. Одан соң тұзды қағып 2-3 сағат көлеңкеде кептіреді.

Теріні ұзақ сақтау үшін кептіргеннен соң оны қайта етпен теріден тазалап екінші рет тұздап кептіреді. Егер терінің кейбір бөлігі көгеріп жатса, сірке қышқылымен сүртеді.

Аңшылық трофей көрмелеріне тек иленген терілерді қояды. Тері илеудің көптеген әдістері бар, біз бұл жерде оларды атамаймыз, өйткені үй жағдайында тері илеуге тек білім ғана емес, оған практикалық дағдылану да қажет.

Егер аюдың, қасқырдың, сілеусіннің немесе басқа да жыртқыш аңдардың терілері жоғары баллмен есептелетін болса, онда жергілікті аңшылар мен балықшылар қоғамы сәйкес келетін комбинаттарда теріні өңдеуге практикалық көмек көрсетеді.

Егер өңделіп кепкен соң теріде тегіс емес жерлер болса, немесе ол тым кеуіп кетсе барлық қисық жерлерді наждақ қағазымен ысып түзетеді, кейін қысқа бір уақытқа теріні ылғалды ағаш ұнтағына салады. Терінің

жүнін төмен қаратып тақта ағашқа көлемімен ұзындығын біраз созып жаямыз, аяқ қолдарын, басын дұрыстап шеттеріне шеге қағамыз; кейін теріні кептіреміз де шеге тескен шеттерін теріні бүлдіріп алмай кесеміз. Терінің жүнін шөткемен тараймыз. Аю терісін кептіру үшін теріден жасалған рамаға немесе жуан рейка жасалған қалыпқа кереміз.

Дайын теріні толық немесе шет жақтарын шұғамен тігеді (жасыл түс болса, тіптен жақсы). Шұғаның шеттерін тіс қылып немесе басқа сурет ойып кеседі. Кейін формасына қарай зығыр немесе басқа матадан астар ойып теріге тігеді. Терімен астар арасына тері формасына қарай мақта салуға болады. Ал кілемге ілу үшін басына, құйрығына, аяқтарына арасын 30-50 см етіп сақина тігеді. Теріден басы бар және аузы ашық кілем жасауға болады. Бірақ бұл жұмысқа өте үлкен білім мен әдіс керек. Бұндай кілемді алу үшін таксидермиялық біліктілігіне тапсырыс беру керек.

Трофей иесінің келесі негізгі міндеті – оны қара күйеге немесе тері жегішке бүлдіртпей сақтау. Ол үшін теріні кептіріп, қағып-сілкіп күту керек.

Трофей сапасы, сақталуы, жақсы экспозициялық түрі көп жағдайды оны өңдеу мен көркемдеуіне байланысты. Халықаралық және Ұлт аралық көрмелермен конкурстарда аңшылық трофейдің өңделуіне және сәндігіне көңіл бөлінеді. Аңшылық трофейді өңдеместен бұрын аңшы алдын ала ауланатын аңның ауланатын алаңында ойлау керек, яғни көбінесе ауланған аңның трофейлік бұйымы тасымалдау кезінде бүлінеді. Егерде ұшаны трофеймен бірге жеткізуге мүмкіндік болмаса, бүлдіріп алмай, ондай жағдайда трофейді ұшадан бөліп алған дұрыс. Негізінде бас сүйекті мойын жағынан бөліп алады, терісі сыпырылып болғаннан кейін. Сонымен қатар шүйде жағына көңіл бөлінуі керек, яғни бұзылмауына. Бұлан, бұғы, еліктің бастарын сызық бойынша кеседі, жақ сүйегінің бұрышына ыңғайластыра отырып. Ол үшін басын артқа қарай тартыңқырап тарту керек, сосын мойын етін кеседі, яғни мойын омыртқасының бірінші буынынан, кесіліп алынуы керек. Қабанды тасымалдау кезінде бас сүйегін ұшадан бөліп алмай-ақ қоюға болады, бірақ азулары бұзылмау үшін азу тістерін қағазбен орап және жақтарының арасына шөптерді тығындап қою керек.

2. Аң аулау түрлері :

- 1) Кәсіпшілік (промысловая);
- 2) Спорттық (эуескойлық).

Аңшылық туризмде – спорттық аң аулау түрін қолданады. Бұның ішінде трофейлік немесе олжалық аң аулау бар..

Сәуір айында 2003 жылы біздің мемлекетімізде алғашқы клуб сафари «Қазақстан» құрылды. Ол клубтың төрағасы Водневский Андрей Андреевич. Осындай клубтар Мәскеуде де бар. Бүкіл аңшыларға танымалы Халықаралық Сафари клубы бар. Ең ірі трофейлер көрсеткіштері және басқа да мәліметтер «Трофей кітабына» енгізіледі және

ең әдемі, ірі сирек кездесетін трофейлер – Трофей жәрменкесінде көрсетіледі.

Олжаның (трофейдің) сапасы мен жағдайы аулау мезгіліне байланысты болады, сондықтан олжалауды аң аулау үрдісінде жүргізеді. Ол өз кезегінде ҚР аумағындағы аң аулау ережелері мен мерзімдерін ескерілуімен нормативтік-құқықтық негідерге сай жүргізіледі.

Аңшылықпен айналысатын ондаған фирмалар аң аулауды және қалаған олжасына қол жеткізуді ұйымдастырып қамтамасыз етеді. Қажетті бағалаудан өткізілгеннен кейін иеленген олжаға сәйкестелінген құжат ретінде олжалық құжат қағазы беріледі.

Комиссиямен және аңшылық шаруашылықтың әкімшілігімен қол қойылған олжалық қағаз иесіне осы олжаға меншіктік құқық береді және оны мемлекеттен алып шығуына рұқсат құжаты ретінде қызмет етеді.

Олжаға бағалау Еуропа мемлекетерінде қабылданған бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі, осы жүйені ҚР да олжаны бағалау үрдісінде жетекшілікке алады

### **Бақылау сұрақтары және тапсырмалар:**

1. Аң аулау түрлерін атаңыз.
2. Аңшылық трофейді алғашқы өндеуден қалай өткізеді?
3. Аң аулау ережелерінде көрсетілген аң аулау мерзімдерін атаңыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Перечень законодательных актов РК в области окружающей среды и природопользования. - Алматы, 1993-2001 г.
2. О рыболовстве: Сборник нормативных правовых актов. - Алматы: Юрист, 2005.
3. Қоршаған ортаны қорғау: Нормативтік-құқықтық актілер. - Алматы: Юрист, 2005.
4. Биологическое разнообразие Национального парка «Алтын-Эмель». - Алматы, 2006.
5. Туризм и гостиничное хозяйство. - М.: Тандем, 2000.
6. Международный туризм. – М.:Тандем, 2006.
7. Введение в туризм. - М.: Тандем, 2006.
8. Экологический туризм. - Бишкек, 2006.
9. Туристік қызмет туралы ҚР заңы. - Алматы: Юрист, 2005.
10. Турист. - М.: Физкультура и спорт, 1974.
11. Перспективы развития экологического туризма в Казахстане. – Алматы: ТОО экопроект, 2001.
12. Введение в туризм. - М.:Тандем, 2006.
13. Экологический туризм. - Бишкек, 2006.
14. Орынтаев С.Ш. Путешествие на лошади // Пособие для организаторов и инструкторов конного туризма. – Алматы, 2006.
15. Мазбаев О.Б., Атейбеков Б.Н., Асубаев Б.К.. Туризм және өлкетану негіздері / Оқу құралы. -Алматы: КазҰПУ, 2006.
16. Саяхат жорықтарын ұйымдастыру мен өткізудің жалпы негіздері / Оқу құралы. - Алматы, 1996. – 7 б.

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ»

ОҚУЛЫҒЫНА  
ҰСЫНҒАН КӨРНЕКІ  
СУРЕТТЕР



5.1-сурет. Алтын Емел мемлекеттік ұлттық табиғи бағы. Ақтау тауы.



5.2-сурет. Іле өзені



5.3-сурет. Әнші құм.



5.4-сурет. Бешатыр қорғандары.



7.1-сурет. Байқоңыр айлағы.



7.2-сурет. Хан тәңірі шыңы.



7.3-сурет. Түйемен саяхат жасау.



7.4-сурет. Бүркітпен аң аулау.





7.5-сурет. Тікұшақпен саяхат жасау.



7.6-сурет. Іле өзені ағысымен жүзіп саяхаттау.



7.7-сурет. Қызғалдақтардың көптеп өсетін жерлері



9.1-сурет. Әлемге аты шулы тау шатқалындағы «Медеу» мұз айдыны.



9.2-сурет. Табиғатына көз тоймайтын Көлсай көлдері



10.1 - сурет. Қызылжемсаулы маймаққаз



10.2 - сурет. Қаражемсаулы маймаққаз



10.3 - сурет. Қарашақаз



10.4 - сурет. Сұр қаз



10.5 - сурет. Ақмаңдайлы қаз



10.6 - сурет. Шиқылдақ қаз



10.7 - сурет. Қырманқаз



10.8 - сурет. Ақ қаз



10.9 - сурет. Ақбас қаз



10.10 - сурет. Қытай қазы





10.11 - сурет. Сыбырлақ аққу



10.13 - сурет. Кіші аққу



10.15 - сурет. Италақаз



10.17 - сурет. Ысылдақ шүрегей



10.19 - сурет. Қоңыр үйрек



10.21 - сурет. Бізқұйрық

10.12 - сурет. Сұңқылдақ аққу



10.14 - сурет. Сарыалақаз



10.16 - сурет. Барылдауық үйрек



10.18 - сурет. Қырылдақ шүрегей



10.20 - сурет. Сарыайдар үйрек



10.22 - сурет. Даурықна шүрегей



10.23 - сурет. Жалпақтұмсықты үйрек



10.24 - сурет. Мәрмәр шүрегей



10.25 - сурет. Қызылтұмсық сүңгуір



10.26 - сурет. Көк сүңгуір



10.27 - сурет. Алакөз сүңгуір



10.28 - сурет. Айдарлы сүңгуір



10.29 - сурет. Теңіз сүңгуірі



10.30 - сурет. Ұшқыр үйрек



10.31 - сурет. Шақшақайша



10.32 - сурет. Сусылдақ



10.33 - сурет. Мамыққаз



10.34 - сурет. Қара тұрпан





10.35 - сурет. Дөңтұмсық тұрпан



10.36 - сурет. Кәдімгі тұрпан



10.37 - сурет. Ақбас үйрек



10.38 - сурет. Кіші бейнарық



10.39 - сурет. Секпілтөс бейнарық



10.40 - сурет. Үлкен бейнарық



10.41 - сурет. Аққұр



10.42 - сурет. Тундра аққұры



10.43 - сурет. Құр



10.44 - сурет. Меңіреу құр



10.45 - сурет. Сұр құр



10.46 - сурет. Гималай ұлары



10.47 - сурет. Алтай ұлары



10.48 - сурет. Кекілік



10.49 - сурет. Дала шілі



10.50 - сурет. Сұр шіл



10.51 - сурет. Сақалды шіл



10.52 - сурет. Бөдене



10.53 - сурет. Жетісу қырғауылы



10.54 - сурет. Сырдарья қырғауылы



10.55 - сурет. Қасқалдақ



10.56 - сурет. Қызғыш



10.57 - сурет. Күжіркей



10.58 - сурет. Тауқұдірет





10.59 - сурет. Орман маңқысы



10.60 - сурет. Азиялық тауқұдірет



10.61 - сурет. Тау маңқысы



10.62 - сурет. Маңқы



10.63 - сурет. Жылқышы



10.64-сурет. Үлкен шалшықшы



10.65 - сурет. Қасқа шалшықшы



10.66 - сурет. Үлкен шырғалақ



10.67 - сурет. Кіші шырғалақ



10.68 - сурет. Дыркептер



10.69 - сурет. Тұз кептері



10.70 - сурет. Қоңыр кептер



10.71 - сурет. Көк кептер



10.72 - сурет. Құз кептері



10.73 - сурет. Ақтөс кептер



10.74 - сурет. Сақиналы түркептер



10.75 - сурет. Кәдімгі түркептері



10.76 - сурет. Үлкен түркептер



10.77 - сурет. Кіші түркептер



10.78 - сурет. Жанат тәрізді ит



10.79 - сурет. Шүйебөрі



10.80 - сурет. Қасқыр



10.81 - сурет. Қарсақ



10.82 - сурет. Түлкі



10.83 - сурет. Қызыл қасқыр





10.84 - сурет. Тянь-Шань аюы



10.85 - сурет. Жанат



10.86 - сурет. Тас сусары



10.87 - сурет. Орман сусары



10.88 - сурет. Бұлғын



10.89 - сурет. Құну



10.90 - сурет. Сарғыш күзен



10.91 - сурет. Аққалақ



10.92 - сурет. Ақкіс



10.93 - сурет. Сары күзен



10.94 - сурет. Еуропа қара күзені



10.95 - сурет. Сасық күзен



10.96 - сурет. Америка күзені



10.97 - сурет. Шұбар күзен



10.98 - сурет. Итая



10.99 - сурет. Борсық



10.100 - сурет. Қамшат



10.101 - сурет. Каспий итбалығы



10.102 - сурет. Қабылан



10.103 - сурет. Шұбар мысық



10.104 - сурет. Қамыс мысығы



10.105 - сурет. Шағыл мысығы



10.106 - сурет. Сабаны



10.107 - сурет. Қарақұлақ





10.108- сурет. Сілеусін



10.109- сурет. Сілеусін



10.110-сурет. Құлан




10.111 - сурет. Тұзат



10.112 - сурет. Жабайы шошқалар



10.113 - сурет. Құдыр



10.114 - сурет. Марал



10.115 - сурет. Теңбіл бұғы



10.116 - сурет. Тоғай бұғысы



10.117 - сурет. Елік



10.118 - сурет. Бұлан



10.119 - сурет. Қарақұйрықтар



10.120 - сурет. Куік



10.121 - сурет. Тау теке



10.122 - сурет. Үстірт арқары



10.123 - сурет. Арқар



10.124 - сурет. Кәдімгі ұшар



10.125-сурет. Кәдімгі тиін



10.126 - сурет. Тарақұйрық сарышұнақ



10.127 - сурет. Борша тышқан



10.128 - сурет. Ұзынқұйрық сарышұнақ



10.129-сурет. Зорман



10.130 - сурет. Балнақ



10.131 - сурет. Қызылұрт сарышұнақ





10.132 - сурет. Реликті сарышұнақ



10.133 - сурет. Кіші сарышұнақ



10.134 - сурет. Дала суыры



10.135 - сурет. Сұр суыр



10.136 - сурет. Көк суыр



10.137 - сурет. Қызыл суыр



10.138 - сурет. Құндыз



10.139 - сурет. Саз құндызы



10.140 - сурет. Жоңғар атжалманы



10.141 - сурет. Күмістісті тоқалтіс



10.142-сурет. Жалпақбасты тоқалтіс



10.143 - сурет. Ондатр



10.144 - сурет. Алтай бұраубасы




10.145 - сурет. Құм қояны



10.146 - сурет. Ор қоян



10.147 - сурет. Ақ қоян



11.1- сурет. Каспий миногасы



11.2- сурет. Тынық мұхит миногасы



11.3 - сурет. Сібір миногасы



11.4 - сурет. Қортпа, құртпа



11.5 - сурет. Орыс бекіресі



11.6 - сурет. Сібір бекіресі



11.7 - сурет. Шоқыр



11.8 - сурет. Пілмай





11.9 - сурет. Сүйрік



11.11 - сурет. Каспий тюлькасы



11.13 - сурет. Қаражон



11.15 - сурет. Жұмырбасты қарынсау



11.17 - сурет. Албырт



11.19- сурет. Таймен



11.21 - сурет. Ақбалық



11.23 - сурет. Шортан



11.10 - сурет. Сырдарья тасбекіресі



11.12 - сурет. Қарынсау



11.14 - сурет. Бадырақкөзді қарынсау




11.16 - сурет. Бражников майшабағы



11.18 - сурет. Бахташ



11.20 - сурет. Майқан




11.22 - сурет. Сібір хариусы



11.24 - сурет. Торта



11.25 - сурет. Күтім



11.27 - сурет. Талас тарақ-балығы




11.29 - сурет. Аққайран, қарабалық



11.31 - сурет. Кәдімгі гольян



11.33 - сурет. Ақ амур



11.35 - сурет. Ақмарқа



11.37 - сурет. Қызылкөз



11.26 - сурет. Кәдімгі тарақ-балық



11.28 - сурет. Тұрпан



11.30 - сурет. Көл гольяны



11.32 - сурет. Қызылқанат



11.34 - сурет. Шортантәрізді ақмарқа




11.36 - сурет. Оңзақ



11.38 - сурет. Амур шабағы






11.38 - сурет. Теңге балық



11.40 - сурет. Қытай жалғантеңге балығы



11.41 - сурет. Қаяз




11.43 - сурет. Кәдімгі қара балық




11.42 - сурет. Болат май қаязы



11.44 - сурет. Балқаш қара балығы



11.45 - сурет. Қабыршақты көкбас



11.46 - сурет. Қабыршақсыз көкбас




11.47 - сурет. Шемей




11.48 - сурет. Үкі шабақ



11.49 - сурет. Жолақ үкішабақтектес




11.52 - сурет. Ақкөз балық



11.50 - сурет. Балпан



11.51 - сурет. Тыран



11.53 - сурет. Көк тыран



11.55 - сурет. Қырлықұрсақ



11.57 - сурет. Меңке



11.59 - сурет. Қалынтыр



11.61 - сурет. Сібір шырма балығы




11.63 - сурет. Каспий шырма балығы



11.65 - сурет. Тибет талма балығы



11.67 - сурет. Кушакевич талма балығы



11.54 - сурет. Сүйрікқанат



11.56 - сурет. Қылыш балық



11.58 - сурет. Бозша мөңке



11.60 - сурет. Дөңмаңдай



11.62 - сурет. Алдыңғазиялық шырма балық



11.64 - сурет. Талма балық



11.66 - сурет. Сұр талма балық



11.68 - сурет. Северцев талма балығы






11.69 - сурет. Теріс талма балығы



11.71 - сурет. Біртүсті салпыерін




11.73 - сурет. Гамбузия



11.75 - сурет. Каспий атеринасы




11.77 - сурет. Тебен балық



11.79 - сурет. Балқаш алабұғасы




11.81 - сурет. Көксерке



11.70 - сурет. Теңбіл салпыерін



11.72 - сурет. Жайын



11.74 - сурет. Медака




11.76 - сурет. Нәлім




11.80 - сурет. Таутан



11.78 - сурет. Алабұға




11.82 - сурет. Берш



11.83 - сурет. Элеотрис




11.85 - сурет. Бұзаубас балық



11.87 - сурет. Ильин бұзаубас балығы



11.89 - сурет. Жұмыр бұзаубас




11.91 - сурет. Горлап



11.93 - сурет. Хвалын бұзаубас балығы



11.95 - сурет. Хабаршы бұзаубас балық



11.97 - сурет. Каспий каспиосомасы



11.99 - сурет. Үлкенбасты қарақшы

11.84 - сурет. Жыланбас балық



11.86 - сурет. Ұзынқұйрықты бұзаубас




11.88 - сурет. Амур бұзаубасы




11.90 - сурет. Шырман



11.92 - сурет. Құмдауыт бұзаубас балығы




11.94 - сурет. Тереңнің бұзаубасбалығы



11.96 - сурет. Мыжырайған бұзаубас балық




11.98 - сурет. Каспий жұлдызша қарақшасы



11.100 - сурет. Тікенекті қарақшы





11.101 - сурет. Түйіршікті қарақышы



11.102 - сурет. Кәдімгі тастасалағышы



11.103 - сурет. Сібір тастасалағышы



11.104 – сурет. Шатқал тастасалағышы



12.1-сурет. Хиллегом маңындағы канал



12.2-сурет. Су туристері



12.3-сурет. Дайвинг



12.4-сурет. Іле өзені



12.5-сурет. Түрген сарқырамасы



12.6-сурет. Көлсай көлдері



12.7-сурет. Шарын көріністері



13.1-сурет. Жабы жылқысының биесі.



13.1-сурет. Алтай жылқысының айғыры



13.3-сурет. Плотли ахалтеке жылқысының бірнеше дүркін чемпионы



13.4-сурет. Араб жылқысының айғыры






13.5-сурет. Таза текті салт мініс жылқысы (сол жақта-айғыры, оң жақта-бие құлынымен)



13.6-сурет. Черномор - дон жылқы тұқымының айғыры



13.7-сурет. Стимул - буденный жылқы тұқымының айғыры



11.8-сурет. Залок - қостанай жылқысының айғыры (Закон-Граната)



13.9-сурет. Көшім жылқылары



13.10-сурет. Бубенчик - орлов жылқысының айғыры




13.11-сурет. Атты туризм.




13.12-сурет. Саяхат алдындағы дайындық




13.13- сурет. Жүген: 1 – желкелік, 2 – маңдайша, 3 – жақ белдігі, 4 – кеңсірік, 5 – сагалдырық, 6 – қосатын белдік, 7 – шылбыр, 8 – ауыздық, 9 – тізгіннен тұрады



13.14-сурет. Кавалерлік ер тоқым үлгісі: 1 – артқы және алдыңғы ердің қасы; 2 – қаптал, 3 – отырғыш; 4 – қанат; 5 – үзенгі; 6 – тартпалар; 7 – өмілдірік; 8 – тоқым және ішкілік; 9 – қоржын; 10 – белдік.



13.15-сурет. Казак типті ертоқым: 1 – тебінгі; 2 – ат көрпе; 3 – өмілдірік; 4 – құйысқан; 5 – үзеңгі бауымен; 6 – тартпалар; 7 – отырғыш; 8 – тоқым.



13.16-сурет. Атқа жүгенді кигізудің дұрыс тәсілі





13.17--сурет. Ауыздық салдырмай тұрған атқа ауыздық салудың дұрыс тәсілі



13.18-сурет. Егер тартпа осал тартылса онда атқа мінерде ер тоқым ауып кетуі мүмкін.



13.19-сурет. Алдын ала үзеңгіні қолдың ұзындығына қарай жөндеп қою.



13.20-сурет. Дұрыс жетектеу, яғни тізгін екі қолда ұсталынған.



13.21-сурет. Дұрыс жетектеу, яғни тізгін бір қолда ұсталынып тұрғанда.



13.22-сурет. Тізгінді ұшынан жіберу қиын жағдайға әкеліп соғуы мүмкін.



13.23-сурет. Тізгінді еркімен жіберу қиын жағдайға әкеліп соғуы мүмкін.



13.24-сурет. Жылқы тізгінінің ұшынан ұстап жетектеуге тыйым салынады.



13.25-сурет. Жылқыны жетектеп бара жатқанда арт жағынан жылқыны қууға тыйым салынады.



13.26-сурет. Аяқты үзеңгіге дұрыс салу, атқа отырғандағы ең ыңғайлы аяқ киім – етіктер.



*13.27-сурет. Атқа мінге кюге тыйым салынатын аяқ киімдер*



*13.28-сурет. Өрге көтерілгендегі атбегінің дұрыс отырысы.*



*13.29-сурет. Өрге көтерілгендегі атбегінің дұрыс емес отырысы, себебі тізгінді артқа тартқанда ат тепе-теңдігін жоғалтуы мүмкін.*

## МАЗМҰНЫ

	Бет
АЛҒЫСӨЗ	4
КІРІСПЕ	6
1 ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР	8
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАЙ- КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	16
3 ТУРИЗМНІҢ ЖӘНЕ ТУРИСТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ	19
4 ТУРИСТТІК ӨНІМНІҢ ЖАРНАМАСЫ МЕН МАРКЕТИНГІ	36
5 АҢШЫЛЫҚ ТУРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	59
6 ІЛЕ-АЛАТАУ ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІ	92
7 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ	97
8 АҢШЫЛЫҚ ТУРИЗМДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ	101
9 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ	103
10 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ ТУРИЗМ	105
11 ӘУЕСҚОЙ БАЛЫҚШЫЛЫҚ	155
12 СУ ТУРИЗМІ	190
13 АТТЫ ТУРИЗМ	200
14 ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚ ҮЙІ ІСІ	233
15 ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ, ӨСІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ	241
16 ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР ТУРАЛЫ	278
17 ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРУ ТҮРЛЕРІНІҢ АЙНАЛЫМЫНА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАДАҒАЛАУ ТУРАЛЫ	325
18 ОЛЖАНЫ АЛҒАШҚЫ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ	347
ӘДЕБИЕТТЕР	350
«Экологиялық туризм» оқулығына ұсынған көрнекі суреттер	351

**Құлманова Г.Ә., Беркінбай О., Әбеуов Х.Б., Ақоев М.**

Экологиялық туризм // Оқулық.

Редациясын басқарған академик О.Беркінбай.

– Алматы:Нур-Принт, 2013. – 380 бет.

Үшінші басылым, түзетілген, толықтырылған.